

Әнес Сарай

ИСАТАЙ
мен
МАХАМБЕТ



Әнес САРАЙ

**ИСАТАЙ-
МАХАМБЕТ**

тарихы


(зерттеу)

АЛМАТЫ

«ӨЛКЕ»

1997

63.3(57к) / С 20



Республикалық Махамбет қоры, «Қазақстанкаспийшельф» акционерлік қоғамы.




Әнес Сарай. Исатай-Махамбет тарихы, зерттеу. Алматы, «Өлке» баспасы, 1997 — 408 бет

Республикалық Махамбет қорының және «Қазақстанкаспий-шельф» акционерлік қоғамының тапсырысымен жазылған көрнекті жазушы Әнес Сарайдың «Исатай-Махамбет тарихы» зерттеу кітабы 1836-1837 жылғы патша өкіметіне қарсы қазақтар бас көтеруінің арғы-бергі тарихы мен кейінгі ұрпаққа тәлім-тәрбиесі жөнінде тереңнен толғам, жүйелі әңгімеленген бірден-бір туынды. Кітаптың оқигасы қою, тілі жеңіл, оқырманын жайбарақат қалдырмайды.

ISBN 5-7667-2134-x

© «Өлке»



Балтабек ҚУЛМАНЖОЕВ,
«Қазақстан Каспий шельф»
акционерлік қоғамының президенті

Ең қымбат қазына — халық тарихы

Қадірлі оқырман! Сіздердің қолдарыңыздағы бұл кітап «Мұнайлы өлке» айдарымен «Қазақстан Каспий шельф» акционерлік қоғамы «Өлке» баспасынан шығара бастаған мақсатты кітаптар сериясының үшінші томы. Біздің ірі — ірі шетелдік компаниялармен күш біріктіре отырып, Каспий теңізінің Қазақстан меншігіндегі бөлігін зерттеуді аяқтағанмыз, енді теңіз қайраңының астына бүккен мол байлықты елімізге барынша тиімді де зиянсыз жолмен игере бастауға кіріскеніміз жұртшылыққа белгілі шығар. Сегін салса, бірер жылдан кейін бәріміз бірге табалдырығышан аттайтып жиырма бірінші ғасыр Қазақстан мұнайы мен газының ғасыры болмақ, сөйтіп үш жүз жылдан кейін тоуелсіз мемлекеттігіш қайта орнатқан Қазақ елі бүкіләлемдік қауымдастықтан өзіне лайықты орнын алмақ.

Ал әзірге сіз бен біз ата — бабаларымыз ғасырлар бойы армандап өткен сол ұлы мұратты жүзеге асыру жолында тер төгіп, қиындыққа төзіп, жан — жағымыздағы оқ бойы озып кеткен жұрттың жақсысын жапталаса үйреніп, мүмкіндігі барларын бірге байлық жасауға шақырып, қым — қуыт мазасыз тірлік кешкен жандармыз.

Қазақстан — шикізат қорына бай өлке. Бұл жұрттың бөріне белгілі ақиқат. Бірақ жеті қат жердің астында жатқан шикізат әлі байлық емес. Оны зерттеп, игеріп, өңдеп, әлемдік базарға жеткізіп, сату қажет. Өнс, сонда ғана жер байлығы елдің байлығына, халықтың игілігіне айналады. Біздің тәжірибелі шетелдік компанияларды қатыстыра отырып құрған халықаралық Консорциумымыздың Каспий теңізі қайраңын зерттеуді мерзімінен бұрын аяқтап, бұрғылау жұмыстарына да жедел кіріскелі отырғанымыздың басты себебі осында.

Қазір әлемде айналасындағы жұрттан бірденесін алдап алып қоярдай үрейленіп, өзінен өзі оқшауланып, томаға тұйық күн кешетін ел жоқ. Алда — жалда қайсыбір мемлекет осындай пиғылдың ықпалында кетсе, ол ел бірте — бірте әлемдік дамудың ұлы көшіне ілесе алмай шаң қауып қалатынын, арты ащы өкінішке ұласатынын тарих дәлелдеп отыр. Мұның мысалын алыстан іздемей — ақ, кешегі бәрімізге ортақ Отан болған КСРО империясының кейінгі тағдырын еске алсақ та жеткілікті. Ал, бұған керісінше, ең қарқынды даму, таңғажайып өркендеу әлемдік

капиталдың қомақты бөлігі шоғырланған жерлерде жүзеге асады. Барып — келген кісінің бәрі қазір тамсана айтып жүрген Парсы шығанағы аймағындағы «жұмақ мемлекеттерді» орнатқан да, Тынық мұхит аймағындағы «Азияның жас жолбарыстарын» өмірге әкелген де әлемдік капитал. Бүгінгі таңда сол «сиқырлы таяқшаның» аз — мұз шаралаты біздің елімізге де тиетін түрі бар. Нақтылап айтсақ, Қазақстанның батыс өңіріндегі мұнай мен газ кеніштеріне қазірдің өзінде біраз шетелдік компаниялар қаржысы шотырлана бастады. Шетелдік компаниялар әсіресе, Каспий теңізі қайраңының түбіндегі мол шикізат қорын игеруге қатты құлшынып-ақ отыр.

Шетелдіктердің көмегімен игерілген жеріміздің қазынасын олар ешқайда арқалап алып кетпейді. Керісінше, олар алып келген қаржы да, игерілген қазына да негізінен өз еліміздің болашағына, өз халқымыздың игілігіне қызмет етеді. Әрине, әріптестеріміздің де пайдадан құр алақан қалмасы белгілі. Мысалға, біздің «Қазақстанкаспийшельф» акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен Каспий теңізінің қазақстандық бөлігін зерттеу мақсатында құрылған Халықаралық Консорциум үш жылға жуық уақыт жұмыс жасады. Осы қысқа мерзім ішінде біз үкіметтің онсыз да тапшы қаржысына иек артпай, шетелдік әріптестеріміздің күшін жұмылдырып, теңіз қайраңының нақтылаған геологиялық картасын жасап, бітік шикізат қорының мөлшерін анықтадық, оны қоршаған ортаға зиянын тигізбей игерудің әдіс-тәсілдерін зерделедік т.б. Мұның бәрі ғылыми — өндірістік жұмыстар. Ал, осы шаруалардың сыртында қаншама әлеуметтік мәселелердің шешімі табылды. Үш жыл бойы мыңдаған адамның жұмыспен қамтылғанын, жүздеген мамандардың шетелдерде қайта дайындықтан өткенін есепке алмағанның өзінде біз Маңғыстау облысындағы Ералиев ауданының орталығынан минералды су шығаратын зауыт салдық, Ақтау әуежайын қайта жөндеуден өткіздік, Атырау қаласының маңынан шабақ өсіретін зауыт құрылысын аяқтадық, «Шағала» қонақүйін салып біттік, Каспий теңізінің қазіргі экологиялық жағдайын білікті мамандарды қатыстыра отырып, ғылыми сараптаудан өткіздік т.б. Тіпті, теңіз қайраңын зерттеу үшін әкелінген катерлер мен құрал-жабдықтардың бәрі өз елімізде қалды емес пе?!

Әрине, мұның бәрі жайдан жай жасала салмайды. Шетелдік әріптестеріңмен іскерлік жұмыстар жүргізу барысында ел үшін, жергілікті халық үшін ең қажет жұмыстардың, ең пайдалы шаруалардың көбірек бітіп қалғанына не жетсін! Өз басым, әсіресе, халықтың келешегіне іргетас болып қаланатын ғылым мен білімді насихаттау, өнер мен мәдениетті дамыту саласына көбірек назар аударуға тырысамын. Соның бір куәсі — қолдарыңыздағы

«Мұнайлы өлке» сериясымен жарық көріп отырған осынау қасиетті кітап — «Исатай — Махамбет тарихы».

Мен тарихшы да, әдебиетші де емеспін, қарапайым геологпын. Бірақ осыдан бірнеше жыл бұрын қашан да адамның көңіліндегісін тап басатын ойшыл ақын Қадыр Мырзалиевтың бір өлеңінен алған әсерім есімнен кетпейді. Өлең «Қазына» деп аталады, мазмұны да бізге — геологтарға қатысты болатын.

*Америка ашқандай,
Аштық талай өңірді.
Кедергісіз ешқандай,
Қаздық қанша көмірді.*

*Қара жерді қопардық,
Астары — алтын
Тысы — шым,
Кенгі сугай қотардық,
Мырышы үшін,
Мыс үшін.*

*Тұнып тұрған бір құнар,
Түзім менің керең бе
Жер май үшін бұрғылар,
Жетті қанша тереңге!..*

*Бүгін қалма!
Бұлдама!
Болса елдің керегі.
Басқа түгел
Бұл гала
Бізге уран да береді!*

*Келешекке базына
Көп сыр жатыр жазылмай.
Тарих деген қазына
Қала ма тек қазылмай?!*

Қадыр ақынды толғантқан бұл мәселе кезінде осы өлеңде айтылғандай, «Жер май үшін мыңдаған тереңдікке дейін бұрғы салып» жүрген бізді — геологтарды да ойландыратын. Ал еліміз дербес мемлекетке айналып, шетелдік әріптестерімізбен араласуымыз көбейгелі халқымыздың тарихына деген сұраныс, тіпті күшейіп кетті. Қазір шетелдіктердің ең алдымен сұрайтыны

не дейсің ғой? — Карта, Қазақстанның картасы. Содан соң, қазақ халқының тарихына, этнографиясына қатысты кітаптар. Ал, қазақ тарихына келгенде, жасыратыны жоқ, маманымыз бар, маман емесіміз бар, көпшілігіміз шорқақпыз. Аргы Еділ батыр, Хазар империясы заманын айтпай — ақ қояйық, бергі Қазақ хандығын құрған ардақтыларымыздың еңбегін бағалап, ғұмырнамасын жазып, қабірін түгелдей алмай жатқан жайымыз бар тәрізді. Қазақ халқы ғарыштан түскен жоқ, өзінің байырғы ата мекенінде дербес мемлекетін орнатты. Мұны бәріміз білеміз. Ал осы ақиқатты жат жұрттыққа ұғындыру үшін бос мылжың ертегі емес, нақтылы дерек қажет, ұланғайыр даламызда сақталған, архивтерде шаң басқан азын-аулақ тарихи жәдігерлеріміздің қадір — қасиетін өспеттеп тануымыз, танытуымыз қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, тылыми дәлдік пен қатал реттілікті ғана мойындайтын жаратылыстану маманының көзқарасын бағалағанда, маған көрнекті қаламгер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әнес Сарайдың біздің ұсынысымызға жедел үй қатып, жазып шыққан «Исатай-Махамбет тарихы» кітабы қатты ұнады.

Қазіргі қазақ мұнайшыларының көпшілігі тәрізді мен де сол қазыналы да шежірелі өлкенің перзентімін. Махамбет ақын өлеңдерін жаттап өстік, Исатай батыр рухын жаң-жүрегімізбен сезініп ер жеттік. Ұлан даланы дүбірлетіп өткен бұл бабаларымыздың азаттық, теңдік ансаған арманы, міне, бүгін орындалып отыр. Құлдық бұғауына мойын ұсынбай бұлқынған қазақ халқының өшпес рухының белгісі сыңды Исатай-Махамбет көтерілісінің мән-жайын біз бұрын Махамбеттің өз өлеңдерінен, Ығылман Шөрековтің тарихи дастанынан, Қажым Жұмалиев пен Берқайыр Аманшиннің кітаптары мен көркем шығармаларынан білетінбіз. Әйтсе де алған мағлұматымыз үзік-үзік оқиғалар жиынтығы тәрізді әсер беретін — ді. Ал, мынау қолдарыңыздағы кітапта Исатай-Махамбет тарихын автор нағыз геологтарша тереңнен қопарып зерттеп, нақтылы деректерге сүйеніп, жүйе-жүйесімен өте әсерлі баяндаған.

Бұл — кітаптың алғашқы оқырманы ретіндегі менің жеке көзқарасым. Ал, жазушы еңбегінің шынайы бағасын әдебиетшілер мен тарихшылар айтар. Егер бұл дүние тәуелсіз еліміздің толыққанды жаңа тарихын жасауға тамшыдай үлес қосып жатса, біздің де ақ ниетіміздің, перзенттік борышымыздың орындалғаны. Лайым, бәрінізді аруақты бабаларымыздың рухы қолдай жүрсін!

Сөз басы

Тағдыр жазып, Ағатай Беріштердің арасында өстім. Олар көтеріліс тарихынан белгілі 1836 жылы коктемде Ордаға «Сес көрсету жорығына» және сол жылы қазан айында Исатай Қаракөбен Өтепұлын шапқанда батырдың жеке жасағында болып, ханжақтаушыларды ондырмай күйреткен Әбдікәрімұлдары дегеннен тарайтын тұқым еді. Көтерілістен кейін қуғын көріп ауып кеткен бұл ауыл Еділдің жан баспайтын қалың түлей бір ауылында — Кірмалай деген жерде қырық үй боп отырды. Көршілер оларды «40 үйлі Ағатай Беріш» атайтын. Ал олар болса өздерін «Ұранға шыққандармыз», яки Исатай көтерілісіне ат қосқандармыз деп мақтанатын.

Қысқы ұзақ түндерде, ой-дөйт, Исатай көтерілісі туралы әңгіме шертілетін. Қанша әңгімелессе де тауыса алмай тарқасушы еді қариялар. Ол маған бас-аяғы жоқ, мәңгі бітпейтін «мың бір түн» көрінетін. Кейде шалдар ара-арасында бір-бірінің аталарының ұлы дүрбелеңде қорқақтық не шалалық істегендерін де айтып, шаң-шұң боп қағысып қалысатын. Бірақ зілсіз күлкімен жуылып-шайылып кете беруші еді бәрі де.

Мен өзімді ұлы дүрбелең туралы көп білетіндердің қатарына жатқыздым. Оным жас көңілдің буы екеніне Алматыға келгенде ғана көзім жетті. Мұнда Исатай-Махамбет көтерілісін зерттеуге өмірлерін сарп еткен небір білімпаз, сары тіс сұңғылалар баршылық екен. Исатай-Махамбет туралы беттен қалқып жүргеніме алғаш көзімді жеткізген Берқайыр Аманшин ағамыз. Жазушылар одағында, «Қаламгер» барында, Москва сапарында талай сыр шертісіп, әңгіменің түбіне жете алмай тарасқанбыз.

Берағанның Исатай-Махамбет қозғалысы тарихына өмірін арнаған адам екенін білген соң, мен бұл тақырыпты жылы жауып қойдым да, арқалы батыр, аруақты ақын туралы әңгіме айтудан біржола тыйылдым. Бірақ сүйекке сіңген әдет қалмайды екен. Исатай-Махамбет туралы бір нәрсе айтылса елендеп, емсеуді қоя алмадым. Естігенімді, оқығанымды қойын дәптеріме түрте беремін. Бір айналғанда парактап көрсем, жиған, тергендерім үш кітапша болыпты. Қолым қалт еткенде әлгілерімді бір ізге түсіріп, тәртіпке келтірдім. Ондағы мақсатым — Исатай-Махамбет көтерілісінің мән-мағына, себеп-салдарын терең түсіну еді. Имандай шыным: кітап болсын, жарық көрсін деп жазғам жоқ, өзім үшін, өзім түсіну үшін жаздым.

Аталмыш оқиға туралы дерек, мәліметтерді өзге білмейтін құпия қоймадан тауып алмағаным түсінікті, оның бір парасы бала

кезден құлаққа сіңген әңгімелер, ел аузынан, батырдың ұрпақтарынан жазып алғандарым, көрі құлақ, көне көз шежіре қарттардың сөздерінен сүзіп тергендерім болса, екінші парасы — көне кітап, ескі жазба, архив материалдары мен байырғы зерттеулер. Әсіресе Исатай батырдың өз айтуымен жазылған хаттардың бұл еңбекке тигізген әсері мен ықпалы алабөтен. Зерделеп көз салсақ: батыр өз қайғы-мұнын, шерлі өмірбаянын өзі жазып кеткен ғой. «Исатай бабамыздан қалған белгі» деп ол хаттарды бойтұмардай бөтенше бағалаймын. Бұған дейін жазылған еңбектердің екеуін айрықша атауды жөн көрдім: бірі — Берқайыр Аманшиннің Махамбет туралы жинағандары да, екіншісі — И.Кенжеәліұлының «Тайманұлы Исатай кітабы». Әділдік үшін, аруағы бір аунап жатсын де, Н. Савичевті де ауызға алакеткен артықтық етпес.

Еңбекте Исатай, Махамбет өмірбаяны мен көтеріліс тарихын тақырып қойып, кезең-кезеңдерге бөліп жазғаныммен, жылнамалық тәсілді қатан сақтай отырып, өріден бері қарай тіздім. Міне ғажап! Сөйткенімде, көтеріліс тарихының кей тұстардағы әр күн, әр апта сайынғы шындықтары қаз-қатар тізіле келіп, Исатай, Махамбет оқиғасының толық суретін қалыптасыруға мүмкіндік берді. Кітапта көтерілістің туын көтерген қолбасшылар мен батырлардың істері мен өмір тарихтары біршама толық та дұрыс әліптелді деп кәміл сендіре аламын.

Алайда Исатай, Махамбет туралы ізденістердің баршасына ортақ бір олқылық бар екен: негізгі талпыныстар қос батырға тікелей қатысты деректерді тірнектеу төңірегінде болыпты да, көтерілістің өзге сарбаздары назардан тыс қалыпты. Біздің жұмысымыз да ол олқылықтан ада емес. Бұдан былайғы ізденістерді «Батырдың жауынгер сарбаздарының» өмір тарихына, олардың ұрпақтарының тағдырына қарай бұрған жөн.

Исатай, Махамбет көтерілісі — шет-шегі жоқ мұхит сияқты мол дүние. Оның түбіне жету бір адамның қолынан келмейді. Ол бүкіл халық боп жұмылып жазатын қастерлі тарихымыз. Сол себепті қазір қалыпқа келіп, бір ізге түсіп қалған еңбектің үстірт тұстарын толықтыру үшін, Исатай, Махамбет, көтеріліс сарбаздары, дүрбеленге тікелей не жанамалай қатысқандар, халық қозғалысына қарсы болып хан жақтағандар, қала берді осы бір тарихи кезең туралы естіп-білгендеріңізді осы жолдардың авторына /480072. Алматы қаласы. С.Мәуленов көшесі. 120 үй. пәтер 3/жолдауларыңызды өтінер едім.

I. БӨКЕЙ СҰЛТАН

Бөкей өмірінің соңғы жылдары Ішкі Ордада хан болғанмен, ел іші шежіре, ел аузы әңгімелерде «Бөкей сұлтан» атанғандықтан, қалыпты үрдісті бұзбадық. Көне жыр, ескі жазбаларда: Әбілхайыр ұлы Нұралының өз белінен 30 ұл, 40 қыз өрді делінеді. Ал 1771 жылы Нұралы ауылында болған тарихшы И.Г.Георги ханның 4 әйелі, 8 күңі барын, өз кіндігінен жаралған 75 перзентінің 40-ы ұл екенін тәптіштеп жазған/Материалы по истории КазССР. Т. 4.66 б./ Бөкей — осы Нұралының тұңғышы. Бөкей, оның тегелес інісі Сығай, кенже інісі Шөке Нұралы — хан ұлдарының Исатай-Махамбет оқиғасында жақсы-жаман болса да анық-қанық орындары бар. Сондай-ақ 1818, 1827, 1829 дүрбелендер тұсында Қаратай Нұралыұлы есімі де ауызға жиі алынады. Қаратай хандыққа таласып, Жайықтың Бұхар бетін талай қиқуға толтырды. Нұралының Ырыс атты қалмақ әйелінен туған Қаратай, Елтай, Шотқара, Өзбекқали /Ақсарт/, Орман — ел аузында «Нұралының бес қалмағы» атанды. Шетінен «мен атайын — сен тұр», тұшы ұйқыны білмейтін жортуылшыл өжеттер еді. Исатай-Махамбет оқиғасының бел ортасында «бес қалмақ» ұрпағынан Орманның Шыңғали — Шыман төре болды.

Бөкей ұзақ жылдар Кіші Жүз хандығы жанындағы Кеңестің төрағасы болды. ХҮІІІ ғасырдың басында екіге бөлінген Кіші Жүздің оңтүстігін — Жем, Сағыз, Жайықтың ортаңғы және төменгі бөлігін билеген Бөкей сол тарапты

өзінің ата қонысы санады. Ал Кіші Жүздің қалған бөлігі Жантөре сұлтанның қарамағында болды.

1771 жылы патша үкіметінің қараулығына шыдамай, Еділ-Жайық аралығын жайлаған қалмақтар Жоңғарияға жөнкіле көшті. Олар Жайықтың қазіргі Индер қалашығы іргесіндегі Таскешуден тас төсеп кешіп өтті. Қалмақтар «қашқан жауға қатын ердің» кебін сонда көрді.

Әрине, олар түгел көтеріліп кете алмады. Бір бөлігі ғана амалдап қашып құтылды. Қазақтың жойқын қимылынан қаймыққан олардың қайсыбір көштері Нарынға қайтып оралды. Алайда, қалай дегенмен де, Еділ-Жайық арасында қалмақтар сиреп, ел азайып қалды.

Осы қолайлы жағдайды пайдаланып Бөкей бос жатқан жерді басып қалуды ойлады. Ебепке себеп дегендей, Бөкейдің көздегеніне Астрахан генерал-губернаторының да мақсаты дөп келді. Олар қалмақтар кеткеннен кейін тегін күйілып жатқан қыруар пайдадан қағылған еді. Бұл орайда мемлекеттік мүддеден гөрі жекелетен адамдардың мүддесі көбірек роль атқарған сыңайлы. Бөкей 1799 жылы Астрахан казак-орыс полкінің команирі Попов арқылы Астрахан губернаторы Кноррингпен байланысқа шығады. «Мәңгі тұрақтауға» жер сұрайды. Астрахан губернаторы Бөкей сұлтанның өтінішін Орынбор әскери губернаторына білгізбей аса құпия түрде І Павел патшаның қолына жеткізеді. Патша 1801 жылғы 11 наурыздағы шешімімен Бөкейге Самар даласын иеленуге ресми рұқсат береді. І Павел патша жарлығында былай делінген: «Кіші Орданың хан кеңесінде төрағалық етуші Бөкей сұлтан Нұралыханұлын өз дәрегейіме ризалықпен қабылдаймын, қай жерді қаласа, сонда көшіп-қонуына рұқсат етемін, сол себепті менің ізгі еркімнің белгісі деп оған өзімнің кескінім бейнеленген алтын медаль тағайындаймын» /Крафт И.Сбор. узаконении о киргизах степ. областей. Оренбург, 1898. 141 б./

Ол құжатта Бөкей сұлтанға тиесілі жерлер: солтүстікте Қара, Сары өзендері, оңтүстікте Каспий теңізінің жағалауы деп көрсетілген. Хандықты «Кіші қайсақ ордасы» деп атаған. Жер көлемі шығыстан батысқа — 350 шақырым, терістіктен түскейге — 200 шақырым деп белгіленген. Демек, алғашқы жылдары бөкейліктердің қонысы шақтаулы болған.

1806 жылы 19 мамырда «Көшпелі халықтарға жер кесіп беру тәртібі» деген ереже қабылданды. Сол тұста Ішкі Орда жер жағдайын тағы да біршама жақсартып алды. Қара, Сары өзендері мен Боғда тауы және Еділ сыртындағы далалық аймақтар хандықтың меншігіне айналды. Жанұзақ ақынның толғауы Бөкей кезіндегі Ішкі Орданың шекара аймақтары мен шет пұшпақтарын барынша нақтылап жырлауымен құнды:

*Құтанбие, Торғай — екі көл,
Ежелгі әкең, Бөкей барында
Толықсып жайлап еді біздің ел.*

*Еділ, Жайық — екі су,
Еңсесіне ел қонып,
Ендеп жылқы жайылды
Ақтөбе деген суына.*

*Ұлы Сұлтан мен Қараман,
Үш Қоба мен Жанарыстан,
Ат оралып жүре алмас
Беткейге біткен ағаштан.*

*Кешегі әкең, Бөкей барында,
Борсыдан безек ноғай
Өтіп еді күпенен.
Осылайғы Қараөзеннің аузынан,
Төрткөл, Төртшежінен....*

Ал Салық Бабажанұлы болса; 1860 жылдары: Ішкі Орданың жер көлемінің ұзындығы 600, ені 500 шақырым деп көрсеткен. 1813 жылы Жайық казак-орысының атамандығын Қара, Сары өзендерден Қамыс-Самар көлі арқылы Жайыққа дейін жаңадан әскери шеп саламыз деп, бөкейлікке қарасты біраз өңірлерді қайтарып алып, хандыққа жайылымнан біраз таршылық көрсеткенмен, Ішкі Орданың шекарасы үнемі кеңеюмен болғанын аңғарамыз.

Сонымен қазақтардың Нарын жайлауы 1801 жылдан басталған. Алғашқы қоныс аударушылар аз мал, жеңіл күркелермен көшкен. Бастапқыда 5 мыңға жуық отбасы өтті. 1828 жылы Ішкі Ордаға қоныстанушылардың саны 10235

үйге жетіп, 1845 жылы 30 мың шаңырақтан асып жығылды. Бөкей Жайықтың оң жағалауындағы жаңа қонысқа ел көшірерде Сырымның беделіне сүйенген. Сырымның төл жұрты Байбақтылардың Нарынға алғашқылардың бірі боп өтіп, 15 мың шаңыраққа жетіп, хандықтың халқының тең жарымын құрауы сондықтан. Алайда кейінгі толқуларға мұрындық болған да солар. Байбақтылардың кері лықсып, Ішкі Ордада қалғанынан Жайықтың сыртына қайта көшкендері көп болды.

Біраз жылдар халық Нарынға жайлауға ғана шығып, қыста ата қоныстарына оралып отырған. Бұл 1818 жылы Жайықтан кері өтуге тыйым салынған жарлыққа дейін тоқтаусыз жүзеге асты. 1818 жылдан бастап билет жүйесі өмірге енгізілді. Осы жылдан бастап Ішкі Орда Жылой, Төменгі Жайық бойындағы қыс қыстауларынан біржола айырылды.

Ел аузында Бөкей сауатты, ақылды, ұстамды адам кейпінде әліптенеді. Ақ сары, шоқша сақал, тақуалау жан болған. Ел ішінің ақылмандары Бөкей және оның мұрагері Жәңгір заманына екі ауыз сөзбен бұлтартпастай нақты баға берген:

*Хан Бөкейдің тұсында
Секер шайнап, бал іштік.
Хан Жәңгірдің тұсында
Қасықтап қара қан іштік.*

Қалай дегенмен де, Бөкей сұлтан туралы ел ұғымында жайсыз қауесет жоқ. Ол өз қарамағында жұрттың қыбын тауып, мақұлын марапаттап, тентегін тыйып, ақылмен ұстай білген.

Бөкей Сарайшық қаласында тұрып ел басқарған. Берқайыр Аманшин бір жазбаларында Бөкей Ішкі Ордаға сұлтан болып, мал-мүлкімен Жайықтан өткенде бар-жоғы 5 түйесі, 20 қойы, 17 жылқысы болды деп көрсетеді. Бұл ол кездің өлшемі бойынша тақыр келейшілікпен барабар түмыс еді. Шамасы, сұлтанның өзі де алғашқы жылдары дүние-мүліктерін байырғы жұртта қалдырып, Еділ-Жайық арасына абайлап көшкен сыңайлы. Дей тұрғанмен, ел арасының

шежіресі Бөкейдің байлыққа малшынғанын емес, кедейлікке жетеқабыл қоныл төбел тұрмыс кешкенін көбірек мақұлдайды. Сұлтан қанағатшыл мінезімен де елге жаққан сияқты. Қыс мезгілін Сарайшықта өткізген Бөкейдің Атырау-Астрахан арасында жаз жайлайтын екі шұрайлы жайлау болған: бірі-Жалтыр көл де, екіншісі — Астрахан іргесіндегі Бабашағыл. Өмірінің соңғы жылдарында Бөкей Бабашағылды тұрақты жайлаған. Бабашағыл Исатай батырдың әкесі Тайман қонысымен жапсарлас еді. Сұлтанның Қиғашқа сұғына кіріп, Астраханның өкпе тұсындағы Бабашағылды алты ай жаз қоныстанып сары кідір етуі — Астрахандағы Жәңгірдің оқуымен тікелей байланысты еді. Бөкей 1815 жылы 21 мамырда Бабашағылда отырғанда шикі судан жұғатын бөсір дертіне шалдығып, санаулы күн ғана ауырып дүниеден озды. Бейіті сол Бабашағылда.

Бөкейден кейін, Жәңгір кәмелет жасқа толғанша, ағасының орнын Сығай басты. Дүниеге жақын жемқор, паракор ол елді атыстырып-шабыстырудың сұңғыла шебері еді. Сығай шамамен 1815-23 жылдар аралығында билік құрды. Бұл Исатайға ең жайсыз кезеңнің бірі болды. Сығай — дәулескер күйші Дәулеткерейдің әкесі.

Бөкейді патша үкіметі 1812 жылы ресми түрде хан деп бекітті. Оны Орынбор әскери губернаторы Волконский «сұлтандардың үлкені, ізгі, парасатты, тәжірибелі және жоғары мәртебелі монарх тағына берілген адам» деп сыпаттаған. Бөкей 1812 жылы 7 шілдеде салтанатты жағдайда Орынбор әкімшілігінің жоғары шендерінің және дала шонжарларының қатысуымен Орал қаласы маңындағы тоғайда хан көтерілді. Ол жер әлі күнге дейін «Хан тоғайы» аталады.

Бөкейдің соңында ертерек өлген бәйбішесінен Тәуке, Әділ деген ұлдары болды. Ал кейінгі әйелі Атаннан Жәңгір мен Меңдігерей туды. Жәңгір 1801 жылы өмірге келген. Бөкейдің балаларының бәрі Исатай; Махамбет көтерілісіне қатысты қанды оқиғалардың бел ортасында болды.

Бөкей мен Тайманның достығы туралы ел аузында аңыз сақталған. Сұлтан қазіргі Новобогат төңірегіндегі жаз жайлауы Жалтыр көлде отырғанда шешесі қайтыс болған.

Сол жерде «Бөкей шешесі» деген мола қазірде де бар. Шешесінің жылын берген жиында Бөкей алқа топтың көзінше Тайманға: «Қол алысып, төс түйістіріп, мәңгілікке дос болайық. Достығымыз үрім-бұтағымызға кетсін» дейді. Тайман құп алады. Балаларын шақырып, ағайынның төрт көзі түгел ортасында Бөкей мен Тайман Құран ұстап, тілек тілеп ант-су ішіседі. Кейін Исатай хан орданы қамап тұрғанда соны есіне түсіріп: «Аталарымыз Алланың мөрін ұстап ант етісіп еді. Мына шоқыншық сыбан қалмақ оны ұмытты ғой» деген толғанып. Қария әңгімелер батырдың хан орданы қоршап тұрып шаппауын — аталарының антын бұзудан именгені деп те қисындайды.

II. ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ

АТА-БАБАЛАР ШЕЖІРЕСІ

Исатай 1791 жылы туды. Туған жері Тайсойған құмы, қазіргі Жанкелдин атындағы совхозға қарасты Тайман жалы бұйраты. Әкесі — Тайман, шешесінің есімі — Нагибала/қысқартып Нағима деп те атайды руы — Есентемір/. Жаз жайлауы — Оленті, Шідерті, Үшаңқаты, Борбастау, күзеуі — Бұлдырты, Жымпиты, Қалдығайты, қыс қыстауы — Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз, соның ішінде табан тірер негізгі ата қонысы — Қарабау, Қаракөл, Тайсойған, Бүйрек құмдары.

Беріш тайпасының Жайық руына жататын бұл өудет Ағатай батырдан бастап өздерін Жайықтың бетке ұстар бір атасы санайды. Қазақта тайпадан руға, рудан атаға, атадан тармақ, бунақ, ауылдарға бөліну қазіргі шежірешілер айтып, жазып жүргендей кімнен кімнің туғанының ұзын ырға тізбегі емес, құқығы мен жауапкершілігі бірдей заңдас-тырылған жүйелер. Қауымдар мен топтарға ру не ата атын беру мәлесі билердің талқысына беріліп, ел жиылған үлкен жиындарда ғана шешіліп, ел басқарушы атынан арнайы жарлықпен жарланған. Ру, ата атына талапкер қауымдардың мал, жан саны сарапқа салынып, нәсіл тазалығы, шығу тектері қатаң тәптіштен өткізілген. Жеке ата болған соң, ру басы, би сайлануы керек, тамғалары белгіленеді, мөр беріледі және билеуші хандық не сұлтандық оларды жаз жайлау, қыс қыстауымен қамтамасыз етуге міндетті. Ру, ата атын иемдену өсте оңай шаруа болмаған.

Ағатай батыр заманында ел алып, іргеленген Жайық

Беріш руы жеке-жеке ата-арға жіктеле бастаған. Өлке-танушы ақсақал М.Намезтіліевтің әңгімелеуінше /«Нарын таңы» газеті. 16 қаңтар. 1990 ж./: Ағатай жас кезінде салқам, тентек, ұрыншақ болған. Жеңгелері «Тентек сал» деп атаған. Бірде әке-шешесі қонаққа кеткенде қой союды үйренем деп, бір көген қозыны бауыздап тастаған. Содан «Қозы-қырған» әжуә лақабына ие болғаны тағы бар.

Ағатайдың бала болса да меншікті айбалтасы, садағы, екі жебе оғы бар екен. Қалмаққа аттанғанда оны бала көріп, ілестірмей тастап кеткен. Ағатай бір тайды ерттеп, олардың соңынан көрінім жерде ілесіп отырған.

Бір төбенің баурайында қалмақтар кезекті соғыстан кейін қос тігіп демалып жатады. Жаумен оқыс ұшырасқан қазақ қосыны ошарылып қалады. Ағатай оларды орағытып өтіп, шоқы басына шығады. Тайын қоя беріп, от жағып, оғын отқа қақтап отырады. Мұны байқаған қалмақ батыры жекпе-жекке шақырып отыр екен деп, жанына жетіп келеді. Ағатай оны қызыл жалын боп шоқтанған оқпен атып жібереді. Оқ қалмақтың кеңірдегін тесіп өтеді. Қалмақтар жауға шапқанда атының шылбырын беліне байлап шабатын әдеті. Оның мәнісі — жазатайым жазым болса, сүйегін жауда қалдырмай, соғыс даласынан сүйреп шықсын дегендік. Бірақ тасқа кептелген дәу қалмақты аты сүйреп кете алмайды. Ағатай өлген қалмақтың сауытын киіп, қаруын тағынып, атын тақымға басып алып, тұтқиылдан жауға тиіседі. Жәй шаппай, «Ағатайлап!» шабады. Мұнымен де қоймай, бала батыр сол жолы қалмақтың ханының да көлләсін қағады. Қалмақ қашып, қазақ жеңген соң, оны аяғын жерге тигізбей ақ киізге түсіреді. Есет батыр: «Бұдан былай Ағатай аты бүкіл Берішке ұран болсын!» деп батасын береді. Бұл Есет — ел аузында «Қарт Есет» деп аталады. Руы-Беріш. ХҮІІІ ғасырдың бірінші ширегінде қалмақтармен алғашқы қақтығыстарда қазақ қосынын бастаған санаулы аға батырлардың бірі. Бейіті Мұғаджарда. Соған қарағанда 1700 жылдардың о жақ бұ жағында өмір сүрген тарихи тұлға. Исатайдың өзі айтқан толғау деп жырланатын жырда:

*Ер Тайман әкем аты, ағам Жабал
Ағатай бабам бұзған алпыс қамал, —*

делінетін жолдар бар. Беріште шыққан, тегісіз жол қалмағанын сөз зергері Мұрат Мөңкеұлы

*Ұранға шыққан Ағатай,
Жауға шапқан жанаса-ай.
Ағатай ердің тұсында
Кұрыды жаудың шарасы-ай.
Ерлікпен тартып алынды
Алтыс судың саласы-ай! —*

деп Ағатай батыр ерлігін айрықша дәріптеген. Ағатайдың күллі Беріштің аруақты бабасы екені даусыз. Ағатайдан ұрпақтарына мирас боп ала шұбар ту қалған. Ол Исатайдың сандығына сақталған.

Ағатаймен бірге туған Есіркеп ұлдары «ағайын бір өліде, бір тіріде» дегендейін, Исатай Тайманұлы сабылысына қолдап көмек беріп, үлкен қайрат көрсетті. Ал Шағатай ұрпақтары «Ақтабан шұбырындыда» Үргеніш ауып, сол жақта қалып қойды. Ығылман Шөрекұлы дастанындағы:

*Ағатайдың Боқайын
Түрікпеннен бұ да өлді деп,
Қалыңдық ойнап жүргенде.
Бекәлідей батырды
«Некеден бұрын болды» деп,
Жабылған жұрттың жаласы,*

— деген жолдарға түсінік бере кеткен жөн. Боқай /көне түркіше «Бөлтірік» деген ұғым/қалыңдық ойнап жүріп, Маңғыстауды жайлаған түрікпендердің қолынан қаза тапқан. Оны өлтірген Жәуміт тайпасының Қалипа деген би әйелінің ұлы екен. Ағатай іздеп барып оны садақпен атып кетеді. Әдетте садақты жиып алады екен, бұ жолы қараңғыда таба алмаған. Ол кезде батырлардың жебесінде ентаңба болған. Сол бойынша үлкен қақтығыстарда кімнің қанша жау түсіргенінің есебі шығарылған. Белгі болмаған күнде де ұстаның қолтаңбасы арқылы жебенің қай тайпаға жататыны оңай ажыратылған. Ағатай Қалипа қатынның ұлын ентаңбасыз «қслте жебемен» атқанмен, түрікпен батырлары оның Беріш ұсталарының қолынан шыққанын жазбай таныған. Түрікпен жансыздары қапысын тауып жебені тоқсанға келіп, көзден өз болған Тілеукеге ұстатып: «Бұл

кімнің жебесі?» дегенде, қарт батыр сипалап көріп: «Бұл Ағатайымның келте жебесі ғой» деген.

Бұл даудың соңы немен тынғаны белгісіз. Асылы, түрікпендер аңдып жүріп есе қайырған болса керек. «Ағатайдың сүйегінің Шағаламда» /Красноводск/ калуы тегін емес. Сонымен Боқай қалыңдық ойнап жүріп өліп кеткенмен, Беріштер жесірін алған, Бегәлі іште келген. Қайсыбір шежірелер Бегәліден бес ұл деп көрсетеді: Тайман, Тоғай, Жабал, Сайын, Байсерке. Бірақ Исатай тұсындағы құжаттар мен ауызекі аңыз-әңгімелерде соңғы екеуі ұшыраспайды.

Өзге ру шежірелері сияқты Беріш шежіресінде де ауа жайылып ауытқушылық аз емес. Қазіргі кезде әр ауыздан айтылып, жазылып, хатқа түскен үш нұсқасы бар. Соның көбірек мақұлданатыны төмендегі нұсқа:

Беріш — одан Қитас. Қитастан — Байбақты, Байсейіт, Жанай.

Байбақтыдан — Шақай, Асылбас.

Байсейіттен — Есенқұл, Қаратоқай, Жайық.

Жанайдан — Таңқожа, Мендібай.

Шақайдан — Себек, Жаңбыршы.

Асылбастан — Есен, Есеннен — Рсай, Самай, Елтүзер, Жолаг.

Есенғұлдан — Отар, Қараша, Байғана, Жары.

Қаратоқайдан — Аққұл, Айболат, Шенке, Арынқожа.

Жайықтан — Наурыз, Бақалай. Наурыздан — Тілеуке. Тілеукеден — Ағатай, Шағатай, Есіркеп. Ағатайдан — Айболат, Қауат, Жәнібек, Боқай, Атабай. Боқайдан — Бегәлі. Бегәліден — Тайман, Тоғай, Жабал. Тайманнан — Исатай.

Исатайдан — Жақия, Ақай, Оспан, Досмағанбет, Дінбаян, Дұлзада, Әлпияр.

Жақия — одан Шахмет. Шахметтен — Шамақ, Таңқаш, Акон, Әмет, Сары.

Шамақтан — Қадіреш, Мағия, Оңғарсын, Әйбөпе, Жұмаш, Оразбек, Құрмет.

Қадірештен — Махмут, Минаш, Ниғмет, Камал, Бисенбі, Мүзе, Тарих.

Минаштан — Света, Қайрош, Болат, Күләш, Самат.

Камалдан — Гүбаршын, Гүлнәр, Ғалия, Мәдина.

Бисенбіден — Шайзада, Нәсидолла, Гүлзада, Марат.

Шайзададан — Әлпия, Зухра, Айнұр, Мейрамгүл, Азамат.
Нәсидолладан — Батыр, Сырым, Жақсылық.
Мүседен — Нариман, Жоламан, Жанбике, Сара,
Жұмабике, Маржан, Еламан, Нұрлыбек.
Тарихтан — Ғалия, Қанат.
Мағиядан — Рәзия.
Оңғарсыннан — Динаш, Смағила, Мәнза, Зәпен.
Динаштан — Бауыржан, Алма, Амантай, Әлібек.
Смағиладан — Мәдина, Ләйла, Мұрат, Болат, Әділбек,
Әлия, Ренат.
Мәдинадан — Ғалымжан, Руслан, Нұрлан.
Ләйладан — Мерхат, Мира.
Мәнзадан — Талғат.
Зәпеннен — Құрманғали, Бибігүл, Айгүл.
Әйбөпеден — Мәрзия, Ғапур, Ғайни, Аманкелді.
Жұмаштан — Ғазиз, Рақым, Қасиет, Рамазан, Жәннат,
Октябрь, Екпінді.
Ғазизден — Төлеген, Ира, Талғат.
Төлгеннен — Гүлден.
Талғаттан — Айнұр.
Рақымнан — Бекежан, Өтежан, Рая, Біржан.
Бекежаннан — Тимур, Лаура.
Рамазаннан — Карим, Асқар, Райхан, Лора, Еркін.
Каримнен — Ерден.
Жәннаттан — Нәзира.
Екпіндіден — Каким, Мүнира.
Оразбектен — Аманкелді.
Аманкелдіден — Қайрат, Талғат, Қуат, Салауат, Нұртас.
Қайраттан — Оразбек, Нұрбек.
Құрметтен — Роза, Уалихан, Меделхан, Нұрлан,
Нұржан, Ләззат, Гүлшат.
Розадан — Гүлжан, Еламан, Ерлан, Гүлнәр, Бақтыгүл.
Меделханнан — Гүлнәр, Анар, Айнұр, Райымбек.
Нұрланнан — Әскер, Данияр, Салтанат.
Ләззаттан — Нәзікен, Айбек, Инкәр, Ақылбек.
Гүлшаттан — Жанболат, Нұрболат, Нұрғиса, Шынар,
Назерке.
Танқаштан — Қатыш, Құрман, Бимаш.
Қатыштан — Әриполла, Ләтиполла, Зүлпәт, Ғапар.

Қанымзиядан — Карим, Ислам, Ғалия.
Уақиттан — Шапқат, Нұрыш, Тұқпат, Шоқан, Охиза,
Маруся, Ақкенже, Қуантай.
Шапқаттан — Ардақ, Асхат, Гүлдана, Аслан, Динара,
Эльмира, Айдана.
Нұрыштан — Қайрат, Баян, Гүлнәр, Самат, Есет, Әсет,
Рашид, Фарид.
Тұқпаттан — Амантай, Айнұр, Римма, Нұрлыбек, Ақжан,
Рита, Зита.
Шоқаннан — Асылбек, Алтынай, Нұрлыбек, Айгерім,
Мұхамеджан.
Охизадан — Зәмира, Еркебұлан, Роллан, Дастан, Гүлден.
Марусядан — Өзидолла, Салтанат, Марта.
Ақкенжеден — Тұрарбек.
Қуантайдан — Ақкүн, Арманбек, Айбек.
Зүміреттен — Ғайнеш, (Ғайнижамал), Мұқарам, Жамсап,
Төлеген, Шолпан, Жанар.
Нәйден — Жолдас.
Тайрадан — Ибатолла.
Сайдолдан — Какима, Валя, Ұлбосын, Жаңылсын,
Аймангүл, Берік, Серік, Жұмагүл.
Валядан — Әйгерім, Арайлым, Жұлдыз.
Жаңылсыннан — Ақбөбек, Жадыра.
Аймангүлден — Әнуарбек.
Зинордан — Раиса, Талғат, Қайрат, Ильяс, Кенжебек,
Бауыржан.
Талғаттан — Фатима, Әмина, Мұхаммат.
Қишекеннен — Қабес, Мәриям, Сәуле.
Қабестен — Жанат.
Сәуледен — Айгүл, Гүлжан, Бауыржан.
Бануден — Хүсни, Бәдел, Мақуа, Асылбек, Жәніс.
Түсіпәліден — Қаражан, Әсімхан.
Сыралыдан — Мәжит, Жамиға, Қамеш.
Қамештен — Жұмағыз, Мендібай, Нәбидолла.
Қарестен — Жағиша.
Нәшіннен — Мұхит, Батима.
Әлпияр — одан Жұмазия, Дина.
Жұмазиядан — Қайрекен.
Динадан — Қабдол.

Тарихта Беріш есімі ҮІ ғасырдан белгілі. Көне деректер олардың Алтайдан Жетісу оңіріне құлағанын мәлімдейді. Алтай — Жетісу аралығы ҮІ-ІХ ғасырларда қарлықтарға ата қоныс болғаны белгілі. Олар «Үш қарлық» елі атанған. Біздің ғалымдар қазірге дейін Қарлық хандығы үш тайпадан құралғанын айтып, жазып келеді. Ал шет ел зерттеушісі И. Эчеди/ Еседу, 1980, р. 23-27/ осы Қарлық хандығын тереңдете зерттей келіп, олардың төрт тайпадан тұрғанын, ол төртінші тайпаның есімі Себек екенін дәлелдеген. Қарлықтардың құрамында болған Себек руының одақтастарымен қарым-қатысы, саяси күрестері мен жаугершілік іс-әрекеттері Қытай тарихында біршама таратылып жақсы жазылған. Ал ең бір ғажап қызықтысы — екінші Түркі Қағанатының іргетасын қалаған әйгілі Білге қағанның сұңғыла әскери маманы әрі қолбасшысы, екінші жағынан қағанның қайын атасы Тонукөк /дұрысы Түниұқық/ осы Себек тайпасының түлегі. Он үш жыл Қытайдың астанасында оқып, білім алған Түниұқық 716 жылы олгенде өз басына қоятын сағана құлпытасты өз қолымен жазып қалдырған. Ол бүгінгі көне жәдігерліктеріміздің ең құндыларының бірі. Қытай тарихшысы Ма Шаңшу: «Түниұқық — Алтайдағы Қара Ертісті мекен еткен Қарлық елінің Себек тайпасынан шыққан адам» деп анық-қанық жазған/ Қазақтың көне тарихы. Алматы, 1993. 116 б./.

Түркі қағанаты дәуіріндегі жазбаларда айбас тайпасының аты да жиі ұшырасады. Бұл этнонимді Қытай Жылнамашылары Абусы деп жазған. Осы орайда зерттеулер жүргізген еуропа ғалымы Г.И.Рамстедт пен қытайдың атақты ғалымы Чэнь Чжунмянь аталмыш иероглифтің түрікше оқылуы Айбас екенін мақұлдаған. Ал Айбас тайпасы туралы алғашқы дерек қытай жылнамасына 647 жылы түскен. Олардың Ашина түркілерінің құрамдас тармағы екенін айта келіп, тұрақтары Гоби шөлінің терістігі екенін көрсеткен. Ал екінші Түркі қағанаты тұсында аталмыш тайпадан түркілер мен қытайларды бірдей шулатқан Айбас атты атақты батыр шығады. Ол адам саны бірнеше есе көп қытай әскерімен ұзақ соғысып, 742 жылы 19 қазанда қолға түседі. Онымен бірге Қапаған қағанның немересі және қағанның

сүйікті қызы Төнірі қытайларға тұтқын болады. Батырды ұзақ уақыт зынданда ұстап, ақыры қытайлар өздеріне қызмет қылуға көндіреді. Айбас 749 жылы Тибетке жасалған жорыққа қатысып, жойқын ерлігімен көзге түседі. Іле-шала оны қара қытайларға қарсы жорыққа аттандырады Империяның жауын күйретіп қайтқан оған бірден-ақ «ван» / князь / атағы беріліп, Шофан уезінің генерал-губернаторының көмекшісі қызметіне тағайындайды. Бірақ жауына амалсыз кіріптар болған батыр қытайлардың қырағы көзі қалт еткенде, 762 жылы елін ілестіріп Гоби шөлінің сыртына қашып кетеді. Түркі қағанатын құлатуға қатысып, енді-енді жеке отау тігіп, хандық құрып жатқан ұйғырлар Айбасқа тұтқиылдан тап беріп, ел малының бір бөлігін тартып алып қалады. Айбас қалған жұртын ілестіріп қарлықтарға келсе, олар батырды Бәйтиндегі империя өкілі Чэн Чжуцюэға 754 жылдың 23 сәуір күні ұстап береді. Айбасты жөпелдем астанаға жөнелтіп, қала ішіндегі император бекінісіне апаратын бас көше Чжуцюэ қақпасы алдында дарға асып өлтіреді.

Сүйтіп, Айбас тайпасы үшке бөлініп кетеді: бірі — көсемдері Гоби шөліне қашқанда ілесе алмай Қытай жерінде қалса, екінші бөлігі ұйғырларға кіріптар болады, үшіншісі — қарлықтар құрамындағы Себектерге сіңіседі. Біртіндеп батысқа жылыстай отырып Себектермен бірге Жайық бойынан кеп шыққан осы соңғылары.

Ал Жайық есімінің мәлім болу тарихы тіпті әріде жатыр. Жайық — көне түркіше мейірімді, қамқоршы аруақ деген сөз. Ол — Ұмай анадан бұрынғы алтайлық жергілікті түркілердің Көк төңірінен кейінгі екінші орындағы әйел құдайының аты. Оны байырғы бағзы замандарда Дайық деп атаған. Археологиялық қазбалардан Дайық-Жайық Ананың сырға кейпінде құйылған суреті де табылды. 460 жылы күйрей жеңілген кіші Жүз /Кіші Иозы/ тайпасының қалдықтарын жужандар Алтайға көшіріп әкеліп, темір қаздырғаны тарихтан мәлім. Кейін олар өздерінің басын біріктірген алғашқы көсемдерінің атымен Ашина түркілері атанды. Хандықтың іргетасын көтерумен бірге діни идеологиясын да қалыптай отырып, өздері баяғыдан дәріптеп келген Ұмай ананы әйел құдай дәрежесіне шығарды. Ал Жайық Ана болса, осы саяси оқиғаларға дейінгі жергілікті алтайлық

түркілердің әйел тәңірі болған. Жайық атауы Түркі қағандығы кезінен әрде жатыр дейтініміз сондықтан. Осыған қарағанда қағандыққа дейінгі Алтайда Жайықтар елеулі саяси күш болып, өздерінің тайпасының атын тәңір дәрежесіне дейін биіктеткен сыңайлы. Жайықтардың Алтайдан қай уақытта кеткені белгісіз. Қалай дегенмен де, IX ғасырдың аяғында олардың Жайық өзеніне жеткені күмәнсіз. Себебі, X ғасырдың бірінші ширегінде Византия патшасы Богрянародный өзінің «Об управлении государством» еңбегінде бұған дейін әр тарихшы өзінше құбылтып жазып келген Жайық өзенін алғаш рет «Гейх» деп хатқа түсірген. Алтайдан жылыстап келген Жайық тайпасы екі құрлық арасындағы өзенге оз атын берген.

Әлкей Марғұлан X ғасырда астанасы Этиль қаласы болған Хазар хандығының басты екі тайпасының бірі — Хазарұғлы, екіншісі — Берішұғлы еді дейді. Демек, Беріштер Еділдің төменгі құйылысындағы көк түріктердің соңғы қағандығына да елеулі саяси күш болған. Ал XI-XII ғасырларда орыс жылнамашылары половецтердің /қыпшақтардың/ қатарында Буршевич ұрпақтары болғанын хабарлайды. Араб саяхатшылары оларды Бұржоғлы деп әліптесен. Бұлар да Беріш ұрпақтары екенінде дау жоқ. Египет мамлюгі, атақты Бейбарыс патша XII ғасырда: «Мен түркі нәсілінің Беріш руының ұрпағымын!» деген.

БАТЫРДЫҢ ЖАСТЫҚ ШАҒЫ

Тарихи деректерге қарағанда Исатайлар Жайықтың Самар бетіне 1808 жылы Жаманқала /қазіргі Махамбет ауданының орталығы/ бекінісінен 13 шақырым жоғары Шой /Баксай/ тұсындағы Қаражар өткелінен өтеді. Ол кезде Тайманға қарасты жұрт «Бегәлі аулы» атанған. Олардың Жайықтың оң жағалауына қоныс аударуына Нұржау жазау мектебінде тілмәш боп істеген, орысша, казакша сауатты, Исатайдың немере ағасы Жабал Бегәліұлының әсері болған сияқты.

Бегәлі ауылы Кульпинск — Кокаръев батағаларының арасын жайлады. Халық жаңа қоныстың баяндылығына сен-

бей, шақтаулы мал-мүлікпен, жеңіл қостармен көшіп жүрді. Қандай күн болады деп, Жайықтың Бұхар бетінде мал-мүліктерінің бір бөлігін, бала-шаға, үлкен адамдарын қалдырып кетіп отырды. Жайықтың Самар бетіне алғашқыда жер-судан тапшылық көргендер, жайылым, қоныстары қораштау аз аталар өткен. Жем-Сағыз, Ойыл-Қиылды жалпағынан басып жатқан іргелі қауымдар пәлен жерде түген бар дегенге елп етіп елендей қоймаған. Бегәлі ауылының 1808 жылы кешеулеп барып көшугінің сыры осында.

Самар беттегі ел 1818 жылғы Жайықтан кері өтуге тыйым салынған жарлыққа дейін қыстау үшін күз аяғы, қыс басында ата қоныс қара жұрттарына қайтып оралып отырған. Каспий теңізінің жағалауының қалың камысы, малға жайлы шүйгін Нарын құмы қыстауға аса қолайлы еді. Қыс басы біліне Нарынды жайлаушылар түгелдей Жайықтан кері өтіп, қыстауларына жөңкілді деп бірбеткей тұжырым жасау қиын. Әп дегеннен-ақ алаңдамай Нарынды қыстап қалушылар да болған. Сөйтіп, біртіндеп Ішкі тарапты жерсіне бастаған. Ал Бегәлі ауылының тірлігі қалай болды? Өлен, пәлен деуге нақты дерек болмағандықтан, шамамен жобалауға тура келеді.

Малды, жанды үлкен ауылдың Жайықтан әрі өтіп, бері өтіп жүруі оңай шаруа емес. Оның үстіне Бегәлі ауылының қонысы ең шетте — Астраханмен іргелес. Олар Бөкейдің Бабашағылдағы жайлауымен қоян қолтық жапсарлас отырған. Бөкей де жауынгер ерқара жігіттері мол Бегәлі ауылын өзіне жақын ұстаған сияқты. Ал Бөкей болса, ішкі тарапқа бір өткен соң, бергі бетке мүлде алаңдамады. Ел басы Жайықтан әрі өтіп, бері өтіп тиянақ таппаса, жаңа қонысқа елдің орнығуы да екі талай еді. Ол Сарайшық қаласына келіп қыстауды әдетке айналдырды.

Жапсарлас отырған хан ауылының бергі бетке өтпеуі — Бегәлі ауылына ықпалын тигізбей қоймады. Олар өзге жұрттай онша жүгірінді болмай, жаңа қонысқа тез бауыр басты.

Мұны тәптіштеп айтып отырған себебіміз: Исатай бағырдың бозбалалық шағы Қарабау, Қаракөл, Тайсойған, Бүйректе өткендігі. Ол да өз қатары сияқты бозбалалықтың әуре-сарсаңын басынан өткізбеді деймісіз. Айтқандайын, Исатайдың тууы, балалық, жастық шағы туралы аңыз-

әңгіме өз алдына бір төбе. Нағибала анамыз Исатай құрсағына біткенде жыланға жерік болыпты. Қайнысы Тоғайды жұмсаса, ол жылан таппадым деп өтірік айтып келеді. Тезек теруге шыққан Нағибала далада ұстап, жылан жұтқан деседі. Бірақ түгел жұта алмай, жүрегі айнып, кері құсып тастаған. Бұл оқиғаны естіген ақсақалдар: «Келіннің құрсағына жүректі, батыр ұл біткен екен. Жыланды түгел жұтпағаны бекер болыпты. Батыр болғанымен, ісін аяғына жеткізе алмайды екен» деп жорыпты-мыс. Қазақ халқы өзінің сүйікті ұлдары туралы қиыннан қиыстырып аңыз шығаруға шебер, ал тарихшыларымыздың аңыз десе ат-тонын ала қашатын ежел-ден әдеті бар. Ол қисынға емес, тілдей қағазға табынған орыс истографиясынан жұққан дерт. Дана қариялар кейінгі ұрпақтың жадында сақталсын деп тарихи оқиғаларды қызғылықты аңыз, ғибратты әңгімелерге айналдырып отырған. Бұл үрдіс шығыста, әсіресе араб әлемінде кең тараған. Ерте орта ғасырда ғұламалар мұсылман дінін халыққа терең сіңіру үшін Құран сүрелерінің мәніне ыңғайлап арнайы ғибраттар шығарғаны белгілі.

Исатайдың жастық шағы туралы әңгіме болған соң, батырдың Жақиядан тарайтын шеберелері Құрмет, Құрман ақсақалдардың аузынан естіген хикаяларды айтпай кетуге болмас.

Бірде атақты Саржала батыр сарбаздарымен жол жүріп келе жатып Тайман ауылының үстінен түседі. Ойнап жатқан өзге балалар тұра қашқанда, 5-6 жасар Исатай бұқа боп өкіріп, әлгілердің өзіне топырақ боратады. Саржала Тайманға: «Мына балаңнан үміт күтуге болар. Құмырым жетіп ерлігін көре қалсам, үстімдегі сауыт-сайманымды сыйлармын» — дейді. Бірақ Саржала Исатайдың ерлігін көре алған жоқ.

Камыс Самар қабаны көп, айтулы ну. Бірде ауыл адамдары қабанды қуып қалжыратқанмен, жақындауға батпай тұрады. Мезгіл қас қарайған кез болса керек. 12-13 жасар Исатай қабанның арқасына топ етіп, қос құлактан тұқыртып ала кеткен. Әлгі байғұс қашайын десе, аяғымен сирағын орап адым аттатпайды. Сүйтіп, ауыл адамдары қабанды соғып алады. Арада біршама күн өткенде үйге келген бейтаныс біреу шәй ішіп отырып: «Ат жетпегендей шошқаға мініп жүрген бала осы ма?» — деп әзілдепті.

Ызаланған Исатай әлгіні аяғынан сүйреп апарып, желіге көгендеп тастаған.

Батырдың тұңғыш ұлы Жақия 1811 жылы туғанынан шығарып, Исатай кем дегенде 1810 жылы 19 жасында отау күрды деп топшылаймыз. Қыздай алған бәйбішесінің аты Мылқым. Асылы, бұл ел аузындағы лақап аты болса керек. Мылқым — Нарындағы атақты Толыбай көлін жайлаған Ысықтардың қызы. Толыбай Ысықтың Қараораз атасынан, олардың ақылман қариясы Қосаяқ 90 жасқа келіп дүние салды. Қосаяқтың баласы Қалдыбай атақты батыр ұлдары Иманбай, Ысмайыл, Қабыланбай, Қали, Жапалақтармен өп дегеннен Исатай қозғалысын қолдап, оның қасірет тауқыметін бастан-аяқ түгел көтерді.

* * *

Исатайдың немере ағасы Жабал Бегәліұлы-орысша-қазақша сауатты, өз заманының озық ойлы адамы. XIX ғасырдың басында Нұржау жазалау мектебінде әрі тілмәш, әрі кеңесші болып қызмет атқарған. Ұрпағы Шәмшеден Шәріповтың айтуынша: кісі қолынан қаза тапқан. Бір әңгімеде Орынборға барғанда патша әкімшілігі улап өлтірген делінсе, екіншісінде — Үйшікте бір тамыр орысының үйіне түнегенде біреулер үзеңгісіне у жаққан, содан Қарабауға бара жатып Мөңке Сара деген жерде жантөсәлім еткен. Тарихтан мәлім: 1786 жылы Орынбор әскери губернаторы патша үкіметінің нұсқауымен Кіші Жүзде жергілікті жазалаушы мекемелер орнатпақ болды. Бірақ халық бұл мекемелерді мойындамады. Тек кейбір жерлерде күшпен құрылды. Жабал Нұржау жазалау мектебінде өте беделді болған. Елдің айтуынша қырға шыққан талай жазалаушы отрядты тоқтатқан. Ағайындары түгелдей Ішкі Ордаға көшкен соң, ол жазалаушы мектептегі қызметін тастап, Жайық Беріш руына старшын болды. Ал жазалаушы мектептер заң жоралғыларын қадағалайтын мекеме деп есептелгенмен, патша әкімшілігінің астыртын істерін жүзеге асыратын. Сыртқа сыр шықпасын деп Жабалды сол Нұржау мектебінің қызметкерлері улап өлтірді деген қисын да бар.

Ішкі Орда жұртының жаңа қонысқа бауыр басып, іргелі ел болуына Жабыл айрықша еңбек сіңірген. Сол үшін ол

Бөкей сұлтаннан бес түрлі сыйлық алған: ит терісіне жазылған жарлық, құндыз ішік, күміс ер-тұрман, жез табақ, саптыаяқ. Одан тараған ұрпақ мұрты сынбай бүгінге дейін жетті: Жабал — Орманбет — Рақ. Рақтан — Мардан, Шәріп, Жәрдем. Марданнан — Қамма, Нәжімеден, Нәби. Нәжімеденнен — Парух, Зәки. Нәбиден — Елмат, Лепес. Шәріптен — Дәулет, одан Шәмшеден. Парух өз әкесі Нәжімеденнің 1946-47 жылдары Қызылқоға ауданында үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болып жүргенінде Исатайдың моласын сұрастырып іздеп тауып, Шолақмола — Ұйтас деген жерде деп Қазақ ССР Қылым Академиясына хабарлағанын әңгімелейді.

Қысқасы, 1812 жылдың бас кезінде Жабал жазым болды да, оның орнына 21 жасар Исатай старшын тағайындалды. Исатай Жайық Беріш руының старшындығына 1812 жылдың 12 наурызында белгіленді де, сол жолы Бөкей олардың қонысын қағазға түсіріп, хаттап берді. «Кокарьев пен Кульпин кордондарының арасындағы, кордон жолдарынан былайғы жазықты, жайлауды Тайманұлының иелігіне беремін»/Қаз ССР. ОМА,4 қор, 1 тізім, 1974 іс, 247 парақ/ Бұл қазіргі Ганюшкиннің сыртындағы Колбин /Кульпин/ селосы мен Қиғаш жағалауындағы Котяев / Кокарьевский кордоны/ аралығындағы сулы-нулы айрықша шұрайлы өңір. Сондай-ақ теңіз жағалауындағы Аралшық, Күйген, Түйеарал сияқты бес аралды және жайлаған. Бөкейдің ұсынысына орай Орынбор Шекара комиссиясы 1813 жылдың қыр-күйегінде Орынбор әскери губернаторына Исатай Тайман-ұлын старшындыққа бекітуді сұрап, хат жолдаған. Губернатор Г.С.Волконский 1814 жылдың 12 қарашасында ол ұсынысты бекіткен.

ТАЙМАННЫҢ ТӨРТ ҰЛЫ

Исатай төрт ағайынды болған: Исатай, Төлебай, Нысанбай, Әлібай. Әлібай көтеріліске қатысып, 1837 жылы Жасқұста хан жасағаның қолына түскен. Әлібайдың қайыны қазақ-ноғайлар екен. Солар ара түсіп алып қалып Сарыөзен маңындағы бір ауылға орналастырған. Әлібай сол тарапта орын теуіп қалып қойған. Қазақ Энциклопедиясында

аты аталатын ақын апамыз Қалима Өтеғалиева / белгілі композитор Қапан Мусиннің анасы / осы Әлібайдың тікелей ұрпағы. Ал Төлебайдың аты ресми құжаттарда 1816 Құлмәлі Өтеміс ауылының шабындыға ұшырауына байланысты оқиғада айтылады. Өтеміс балаларының арызында: Беріш руының билеуші сұлтандары Сүйіншіғали, Бабағали Жөнәліұлдары 1816 жылы тамыз айы ішінде Исатай, Төлебай Тайманұлдарын ілестіріп 45 кісі боп келді делінген. Бұдан кейін Төлебай туралы ұшты-күйлі хабар жоқ, ұрпағы туралы да дерек ұшыраспайды. Ал Нысанбай есімі ауызекі әңгімеде де, зерттеу еңбектерінде де аракідік аталғанмен, көтеріліс оқиғаларында айырықша белсенділігімен көзге түсе қоймаған. Тайманның бұл баласынан әжептәуір ұрпақ бар. Нысанбайдан — Меңдіғали, Аймағамбет, Нұртаза, Сейтекен — барлығы 15 бала. Олардың дені Астрахан облысында. Сейтекеннен — Мұхамедия, Мұхамедиядан — Таурат.

ИСАТАЙДЫҢ КЕСКІНІ

Ауызша әңгіме, жазба әдебиеттер Исатайды орта бойлыдан жоғары, аялы қой көзді, дөңгелек қою сақалды адам кейпінде суреттейді. Жалпы, мен білетін Жайық Беріш, оның Ағатай аталарының ішінде шағыр көз, сарылары жиі ұшырасады. Исатайды күрең қою сақалды, ақ сары адам деп әліптеу де бар. Батырдың рулас ағайыны Ығылман Шөрекұлының суреттеуінде: 1838 жылдың көктемінде көтерілісшілердің Жем бойындағы Кетелерге келуін баяндағанда, сапар шеккен айғыр топтың арасында Исатай өзгелерден бір мойын ұзын боп келе жатқанын айтады. Дәл тексі былай:

*Көрем деп келді кей шалдар
Көкірегі күркілдеп, буындары дірілдеп,
Сексеннен асқан жастары,
Қалтылдаған бастары
Көзінің алды іріңдеп...
...Жиылған халық таңырқап
Ер кейпіне қарады,*

*Көрмек үшін анықтап
Алды мен арттын орады.
Керек десе батырға
Мал менен жанын бергендей.
Құмарын көздің тарқатты
Пайғамбарды көргендей.
Ортаға алып барады.
Естігенге муафих
Сипаты ердің жарады.
Ту сыртынан қараса
Тұтас екен денесі.
Тоты құстай тұрпаты,
Табылмаған кемісті.
Ат үстіне мінгенде
Аруағы көтеріп,
Көптен озған төбесі.
Орта бойлы ер екен,
Жауырыны жазық, мойны ұзын,
Сәукеле сақал, үлкен көз,
Жазық маңдай, кең бетті,
Қырмызы қызыл келбетті.
Ойы менен ақыл, білікті,
Сыпайылық, көркемдік,
Салмақ пен сабыр қылықты,
Бір денеге сыйғызып... ~*

Халел Досмұхамедов Ығылманмен жолығып, «Исатай-Махамбет» дастанын бастыруға алғанда, Ығылманда Исатайдың қайсыбір архивтік қағаздары да болған. Кейін берермін деп, сол жолы бермеген. Колхоздастыру алдындағы аласапыранда бір молаға жасырып көмуге мәжбүр болған. Б. Аманшин Ы. Шөрекұлының «Исатай-Махамбет» дастанын тарихи дәлдігі жөнінен жоғары бағалаған. Ақын Жайықтың Самар бетіндегі оқиғалар туралы азды-кемді жаңсақтық жібергенмен, Исатай-Махамбет тобының Бұхар беттегі жай-жапсарын барынша дәл түсірген. Ал Исатай-Махамбеттің Ішкі Ордадағы іс-әрекеттері біршама жақсы хатталып, кейін ғалымдар тарапынан да әжептәуір таратылды. Батырлардың Бұхар беттегі тірлігі, керісінше, патшалық іс-қағаздарда мардымсыз. Олардың өзі — жасырын жансыздардың хабары. Міне, осы реттен келгенде «Исатай-Махамбет» дастанының зер салып зерделеген оқырманға

берері көп. Махамбет Исатайды «аз сөйлеп, көп тыңдайтын» ұстамды адам ретінде бейнелейді. Ақын «Тарланым» атты толғауында батырдың поэтикалық толық портретін берген ғой. Ығылман «қырмызы қызыл келбетті» десе, Махамбет «қырмызыдай ажарлым» дейді. Соған қарағанда Исатай қызыл шырайлы адам болған. Одан кейін:

*Еңселігі екі елі,
Егіз қоян шекелі,
Жараған теке мүшелі,
Жауырыны жазық, мойны ұзын,
Оқ атарға қолы ұзын, —*

деп кескіндейді. Бұл жерде Ығылман әліптеуінен жалғыз ғана айырмашылық — «еңселігі екі елі» — қысқа маңдай деген сөз. Антропология ғылымы маңдайдың шолақтығын қажыр-қайрат, өжеттіктің белгісі деп біледі. Исатайдың кескінін әліптеуде басқа-басқа, Махамбет қателеспесе керек. Көтерілістің сарбаздарының бірі шерлі Шернияз ақын батырдың болмысын өзінше мінездеген:

*Сағынам аузыма алсам Исатайды,
Ер тумас енді анадан мұндай жәйлі.
Қарадан халық сүйіп, ханым деген
Жігіт еді төрт тұрманы түгел сайлы.
Исатай ділмөр еді топтан озған,
Нар еді бәйтерекке басын созған.
Ер тумас ел бағына Исатайдай
Мінезі тура еді туған айдан.*

Мұндағы айрықша назар аударатын «Исатай ділмөр еді топтан озған», «Мінезі тура еді туған айдан» деген жолдар. Исатай, шынында да, аузы дуалы шешен болған. Исатайды найза өңгерген, жаудан беті қайтпаған көкжал батыр деп түсіну біржақты, оның батырлығы қандай болса, көсемдігі де сондай. Исатай айғай шабыс, шаң боратып дүрліккен көтерілістің басшысы ғана емес, саяси күрестің, қоғамдық-әлеуметтік шиеленістің ішкі-тысқы әдістерін жетік меңгерген кемеңгер халық қайраткері. Ол терең ойлы, «аз сөйлеп, көп тыңдайтын» сабырлы, қажет кезінде тіліп түсер от ауыз шешен болмаса, саяси күрестің қолбасшы көсемі дәреже-

сіне көтеріле алмас та еді. Ер арасында Исатай шешті деген даулар, Исатай айтты деген тапқыр сөздер көп. Мәселен, 1834 жылы Жәңгір ақ патша сарайының үрдісімен өзінің хандық құрғанының он жылдығына орай улы-шулы салта-натты той жасады. Сонда бәйгеден Тәжі деген кедейдің Қарақасқасы бірінші боп келгенде, Жәңгірдің Шыбық қарасы екінші боп келеді. Дау шығып, Тәжі байрағын ала алмай Жәңгірге жүгінгенде, Жәңгір әділ төрелік бермейді. Сонда Исатай «Уа, хан ием, халық сенен сыйлық дөметпейді, әділдік дөметеді» деген. Болмаса, он екі биімен ел ішіне салық жинауға шыққан Жәңгір аң аулап, құс салып жүргенде, сөз орайына қарай, Исатай былай деген: «Алдында қарғылы тазың сылаңдап мен келе жатқанда, артыңда қарғыбаулы он екі төбетің келе жатқанда, сені көктен Құдай, жерден Шонай алар деймісің». Ол кезде ел ішіне шыққан билер мойындарына алақандай қаңылтыр белгілерін тағып жүреді екен. Сол билік белгілерін қарғыбауға, өздерін тобетке теңеген ғой. Ал Шонайы — Сайқынның сыртындағы қалмақ кордонының төресі екен. Кордон орны әлі күнге дейін Шонай аулы атанады. Ал батырдың Жайықтың Бұхар бетінде жеті жылға созылған Әлім, Кете, Адай араларындағы дауасыз дауды бітіруі өз алдына бір тарих. Исатайдың өз жанынан сөз шығаратын ақындығы да болған. «Ер Тайман әкем аты, ағам Жабал» деген көлемді толғауы әлі күнге дейін ел аузында ұмытылмай айтылып, жырланып келеді.

Тарих ғылымының кандидаты, доцент Нәубет Көшекбайұлы жинаған деректемелерде Исатайдың суреті делінетін көне сурет бар. Сарайшыққа келіп-кетіп жүрген саяхатшылар түсірген деп болжайды ғалым. Оны Көшекбайұлы 1910 жылы туған, Атырау облысы, Балықшы ауданы, Алға ауылында тұратын батырдың шөбересі Әнеш Құламақызының сандығынан алған. Әнештің айтуынша ағайындардың қолында тап осындай төрт сурет болған. Көшекбайұлы осы суретті негізге ала отырып, Атырау облысы, Балықшы ауданы, Дамбы ауылында тұратын Исатайдың немересі / Әлфиярдың қызы/ Дина, Жақиядан тарайтын Құрмет, Құрман, Ганюшкинде тұратын Ахметтің бет бейнелеріне сүйене отырып Исатайдың суретін салғызған. Суретті сал-

ған заң қызметкері Қанай Ордабайұлы. Кейін Исатайдың суретін маман суретшілер жарыса салды ғой. Ал жоғарыдағы аты аталған адамдардың еңбегі — өз жүрек қалауларымен батырдың бейнесін тірілтпек болғанымен күнды.

Ал аталмыш фотографиядағы сурет Исатайдікі ме, әлде басқанікі ме — басын ашып, бұлтартпай айту қиын. Әйтеуір осы өулетке қарасты біреудің бейнесі екені даусыз. Батырдың суреті батырдың немересі, Дінбаянның бел баласы Өтепқали батырда болды деген анық куәлі әңгіме бар. Исатайдың кескіні салынған мөр сияқты дөңгелек алтын түйме 1932-33 жылдарға дейін сақталған. Кәмпескелеуге келген белсендіге Өтепқали баласы Ыбырайым жаны қысылғанда әлгі суретті көрсетуге мәжбүр болған. «Бұл сурет тұрғанда бастарыңнан шаш түспейді» деп ауданнан келген белсенді оларды кәмпескелемей, алтын бедерді қалтасына салып әкетеді. Содан Исатай бедері ұшты-күйлі жоғалған. Әңгімелеушілер: Исатайдың алтын бедерін әрі батыр, әрі дәулетті старшын Өтепқали салғызған шығар деп жобалайды. Өтепқали Исатай атасын көрген жоқ. Ойлауымызша: ол жобалап, ойдан салған долбар бейне емес, батырдың не бояумен салынған, не фотоға түсірілген суретінің көшірмесі.

Фотоаппарат 1830 жылы Францияда ойланып табылды. Ол Ресейге 40-шы жылдары келді. Оны Орынбор губернаторлығында алғаш пайдаланған өлкетанушы Г.С. Карелин. Бұған дейінгі барлық экспедицияларда арнайы суретші болған. Исатай Еділ-Жайық арасын шарлаған саяхатшы, топографтардың талайымен кездескен, адасқандарына жол сілтеп, қол ұшын берген кездері де аз емес, ата-бабамыздың жерін қағазға түсіріп, өлшеп, сызуға қақың жоқ деп, өлгілерді қуып тастаған кездері де болған. Солардың біреуі Исатайдың суретін салуы әбден мүмкін. Ал 1834 жылы 23 сәуірде Дерпт /Тарту/ университетінің профессорлар Фриддемен Гебель, Карл Клаус, Александр Бергман экспедицияның Ішкі Ордаға келгені белгілі. Оларда фотоаппарат болған. Кезінде Тафаев сызған картаға түзетулер енгізіп, техникалық тездеу өдісімен қайта шығарып берген. Камышин, Эльтон арқылы Ордаға келген экспедицияны Жәңгірдің өзі қарсы алып, сый-құрмет көрсетіп, белгі болсын деп

Гебельдің беліне қанжар іледі. «Біз сапарымызды Жөңгір сыздырған карта бойынша жасадық. Қамыс-Самар көлі мен Сары және Қара өзендер бойында, Индер тауы мен тұзды көлде, Каспий теңізі мен Пешной аралында Ямайка бекінісінде жүргізген зерттеулер жұмысымызға өлшеусіз пайдасын тигізді.» деп жазады Гебель 1837 жылы Тартуда жарық көрген «Оңтүстік Россия далаларына саяхат» атты еңбегінің бірінші томында. Бұдан байқайтынымыз — экспедицияның Ішкі Орданы бастан-аяқ аралағаны. Исатайды фотосуретке бір түсірсе, осы экспедицияның фотографы түсірді. Сондықтан Исатайдың фотосуреті болу мүмкіндігін жоққа шығармаған абзал. Екіншіден, ол алтын бедер Исатайдың көзі тірісінде жасалуы, Нарында әскерден қашып бой тасалап жүрген орыс, башқұрт, татарлардың қолы ұснақты біреуі, тіпті болмаса әйгілі зергер Тінғали Тайсойғанұлы жасауы, кейін ол Несібелі — Дінбаян арқылы Өтепқалиға жетуі ғажап емес. Ғылым тұрғысынан келгенде Исатайдың «алтын бедерін» жәй сурет деп тар шеңберде қарауға болмайды, ол жеке билеушілік дәрежесіне жеткендіктің де белгісі. Шығыста, Орта Азияда ғана емес, қазақ топырағында да хандыққа не көсемдік дәрежеге жеткендер, мәселен әмірлер, бедерлері басылып, аты-жөндері жазылған алтын, күміс теңгелер шығару дәстүрі болған. «Исатайдың бедері» сол көне үрдістің нышаны болуы ғажап емес.

Ал Жайық Беріштердің өз арасындағы ұғымша: Исатай ештеңеден тайсалмайтын ержүрек батыр, тұрғыластары арасында қара күштен оған қарсы келер жан баласы болмаған. Исатай шешендіктен де құралақан емес. Бойындағы ең басты қасиет — аққа жығылу. Әділет аттап өте алмаған. Содан да дәулеттілер арасында ол қыңыр-қисық атанған. Исатайдың айтқанынан қайтпайтын бір бет қыңыр болғаны да, батырға тән аңғал болғаны да рас. Бірақ ұстамды, ақылды, сөз тыңдайтын есті, қысылшанда жалтақты білмейтін тәуекелшіл де еді. Айналасына жәйлі, жолдастыққа жомарт, кешірімшіл, көп жағдайда «өзінің білесің» деп тізгінді бос ұстағанмен, қастасқан ата жауы алдында басынан сөз асырмайтын, тіліп түсетін өткір де тілді болған.

Ел аузындағы әңгімеге қарағанда: 1814-15 жылдар шамасында Бөкей баласы Жөңгірді Астраханға оқуға апара

жатып Исатай ауылына түскен, қонып отырып: «Мына балам менен кейін хан болады» депті. Сонда Исатай: «Жәңгір хан болғанда, қара қазақтың хәлі нешік болады?» дейді. Бөкей сасып қалып, неге бұлай дедің дегенде, «Балаңның алды қан, арты шаң ғой» — бопты Исатайдың жауабы.

АЛҒАШҚЫ ШАБЫНДЫ

Ел арасы қашанда барымта-сарымтасыз болмаған. Сырттан жау шаппағанда, рулар бір-бірін шапқан. Нарында аламандық әсіресе 1815 жылы Бөкей өліп, ел билеуші болып оның інісі Сығай Нұралыұлы атқа мінгенде етек алды. Сығай билеуші атанғанмен, хан атанбады. Исатай ауылына бұдан бұрын да ауыз салып, тізе батырушылар болды ма, болмады ма — беймәлім, хатқа түскен деректерден білетініміз — 1815 жылдың қысындағы шабынды.

1815 жылдың қысында хорунжий Бармақ Мұратұлы, Балқы Құдайбергенұлы т.б. келіп, елді шауып, Исатайлардың мың қаралы малын айдап кеткен/ Каз ССР. ОМА. 4 қор, 1 тізім, 1776 іс, 1 парак. // И.Кенжалиев. Тайманұлы Исатай. Қазақстан, 1977. 12 б/. Бұл туралы Исатай Орынбор әскери губернаторына шағым береді. Ол шағымды тексеруді Орал қазақ әскерінің атаманы, генерал Д. Бородинге жүктейді. Бородин Сығай сұлтанға тапсырады. Беріш руының басқарушысы Бабағали Жәнәліұлы сұлтан бұл шағымды Сығайға тапсыруға болмайтынын, себебі ел талау-ға оның озі де қатысты деп әскери губернаторға арыз түсіреді. Ақыры бұл даулы істі сұлтан Қаратай Нұралыұлы тексеретін болады.

Өстіп жүргенде уақыт өте береді де, 1818 жыл болады. Исатайлардың шағымы Калмыков бекінісінде тексерілетін боп ұйғарылады. Сығай жауапкер адамдарды жауап беруге жібермей қояды. Содан іс басқа адамдарға жүктеледі. Сығай мен генерал Д.Бородин бұлтаққа салып, тексерудің соңын қой болдыға айналдыруды көздейді.

1817 жылы Балқы бұл талауда өз үлесіне тиген 155 қой, 1 жылқы, 2 сиыр және шапанды Исатай ауылының адамдарына қайтарып береді. Тексеру комиссиясының осындай жолмен таланды, мал қайтарылсын деген шешіміне Сығай құлақ аспайды.

Бармақ Мұратұлы, Балқы Құдайберген ұлы Исатай ауылын неге шапты — тарихта анық-қанық хабар жоқ. Ел арасы барымта-сарымтасы ма, партиялық тартыстардың көрінісі ме? Әйтеуір Бөкей Бабашағылда ауырып өлгеннен кейін көп ұзамай болды бұл оқиға. Ал Бөкейдің Исатайға ықыласты болғанын жоғарыда айтқанбыз. Жеке бастың араздығы болсын, басқалай себеп болсын, әйтеуір осы оқиғадан кейін Исатай мен Сығайдың арасы шиеленісе түсті. Сығай ел билеген 9 жыл бойы Исатайдың ізінен қалмай, ұстасып бақты.

1815 жылы қыс айында Бармақ Мұратұлы, Балқы Құдайбергенұлының Исатай ауылын шабуы келесі жылдың, яғни 1816 жылдың тамыз айындағы екінші бір күрделі оқиғамен ұласты.

1816 жылы Беріш руының басқарушысы сұлтан Сүйіншіғали Жанәліұлы Исатай ауылына келіп, қашқын адамдарды / ол кезде қазақ арасында әскерден қашқан татар көп болатын/ ұстаймыз деген желеумен қол жиғызды. Олар Ақжонаста отырған Өтеміс ауылына барды. Бірақ қашқын адамдарды таба алмады, ол тіпті жәй ғана сырт желеу болуы да ғажап емес, Өтеміс ауылына қиянат келтірді. Өтеміс сол жылы, яғни тамыздағы оқиғаның ізін ала іле-шала қыркүйекте Сығай сұлтанға, Астрахан әкімдеріне шағым берді. Бірақ тергеу болмады. Келесі жылы жазда Өтеміс Орынборға барып, Шекара комиссиясына еселеп шағым етеді. 1817 жылы 21 тамызда тергеушілерге берген жауабында: 1816 жылы тамыз айында Беріш руының басқарушысы Сүйіншіғали, Бабағали сұлтан, Исатай, Төлебай Тайманұлы бастауымен 45 адам боп келіп, ауылын шапқанын мәлімдеген.

1818 жылдың күзінде Бабағали, Исатай, тағы басқаларды Сарайшыққа шақырып алып, түрмеге қамап тастаған. Таланған малды түгел қайтармайынша түрмеден шықпайтындарын мәлімдеген. Елдің айтуынша Исатай Беріштің атақты батыры Жүзбатырға хат жазып, шығарып алуын өтінеді. Жүзбатыр Сығайға, Текеге ат сабылтып жүріп, 20 мыңдай ақша жиып беріп, ақыры Исатай бауырын Сарайшық түрмесінен босатады. Сығай кеңсесінің архивтік құжаттарында осы оқиғаға байланысты қатынас қағаздар 1818 жылдың күзінен 1819 жылдың күзіне дейін созылған.

Исатайдың Сарайшық абақтысында отырғаны белгілі болғанмен, қанша отырғаны белгісіз. Қалай дегенмен де ол 1819 жылдың қазанында бостандықта болды.

Бұл мәселені ай, жылына дейін саралауда мән бар. 1818 жылы патша үкіметі Жайықтан кері өтуге тыйым салды. Осы жарлықпен бірге Ішкі Орда Бұхар беттегі жерлерінен айырылды. Бөкей оны алдырмай келіп еді. Кейін Жәңгір де Бұхар беттегі жерлерді қайтарып алуға жан салды. Бірақ қолынан келмеді. Жайықтың жабылуы Ішкі Орда жұртының толқуына әкеп соқты. Қайыпқали Есімұлы, Қаратай Нұралыұлы елді Жайықтан өткізіп әкетуге жан салды. Жайықтың откелдерін бітеуге әскер шықты... Толқу 1819 жылы да басылмады.

Бұл оқиға тұсында Исатайдың ұстанған бағыты анық емес. Түрмеде отырып араласа алмады ма, әлде дүрмекке қосылуға ықыласты болмады ма — әйтеуір бұл кезде Исатай ауылы дүрлікпеген. Осыған арқа таңып Орал казак әскері атаманы, генерал Д.Бородин 1819 жылы 14 қазанда Исатайға хат жолдап, елді тыныштандыруды өтінген: «Патша ағзам Астрахан губерниясындағы жерді Бөкейге сыйға тартты. Ондағы халықты күшпен қамап ұстап отыру ойында жоқ. Егер халық кері көшуді қаласа, патша ағзам оған құлақ қойып, ықылас танытуға бар. Бірақ мұның бәрі үкіметтің нұсқауларын тыңдамай, өзім білемдікпен жүргізілмей, зан жолымен асырылуы тиіс. Осы жайларды орда жұртшылығына ұғындыруыңызды өтінемін». «Хат сол кездегі Орынбор әскери губернаторы Эссеннің атынан жазылған.

СЫҒАЙМЕН БЕТПЕ-БЕТ

1820-1821 жылдары Исатай өмірі тыныштықта өткен сияқты. Архив қоймаларында оған байланысты дау-шарлы іс жоқ.

Ал 1822 жылы Исатайдың басы қайтадан істі болды. Бір шаруаның шағымымен жоғалған малды іздеп, Исатай бір топ адамымен Нарын құмының жиегінде отырған Тана руының Бессары ауылына келеді. Ұрланған малды шығарып беруді талап етеді. Ауыл адамдары жанжалдасып бет бақтырмайды. Исатайлар шатаққа бармай, бетгеріне жөней береді

де, ауыл сыртында жайылып жүрген 4 ат, 3 түйені танып, айдап кетеді.

Оның аяқ басқанын сырттан аңдып отырған Сығай: «Ел талады, кісі өлтірді» деп, іле-шала Шекара комиссиясына шағым жөнелтеді. 1822 жылдың желтоқсанында Орынбордан: Исатайды ұстап, конвоймен жөнелт деген нұсқау түседі.

Сол жылы Сығай шаруалы болды ма, әлде қыс көзі қырауда шақырғанмен, Исатайды кеңсесіне келтіре алмайтынын іші сезді ме, әйтеуір Сығай бұл істі көктемге дейін қолға алуға асықпады. Тек көктем шығып, жер құрғаған кезде, яғни 10 сәуір 1823 жылы: «Кейбір жағдайды анықтау үшін маған келіп кетіңіз» — деп жұқалап хат жолдайды. Исатай барады. Сол жылдың 8 мамырында Сығайдың Орынбор Шекара комиссиясына жолдаған хатында: «Тапсырмаңыз бойынша Исатай Тайманұлын сізге жөнелттім» дегеніне қарағанда, Исатайды тұтқындаған сыңайы бар. Алайда жолда бір көлденең болды ма, әлде күзетті ұрып, соғып қашып кетті ме — сол жолы Исатай Орынборға бармай қалған. Олай дейтін себебіміз сол жылдың 1 қарашасында Сығай әскери губернаторы Эссенге: «Сіздің 21 маусымдағы тапсырмаңызға орай Тана руының екі адамын өлтірген старшын Исатай Тайманұлын, Жұмағазы Боярұлын күзетпен жібердім» деп хабарлаған.

Сонымен, Таналармен жанжалға байланысты Исатайға, немере ағасы Тоғай Бегеліұлына/Тайманның туған інісі/, Тоғайдың баласы Әлмен Тоғайұлына және 2-3 кісіге Тана руының Нысан Өтетілеуұлы, Төреғұл Нұрманұлы деген адамдарын өлтіріп, 8 кісіні сабап, 7-8 малды айдап кетті деген айып тағылды. 1823 жылдың қарашасында Сығай Исатайды 9 қазақ-орыс конвойымен Сарайшыққа айдағадy. Исатайды аяғын үзеңгіге темірмен бекітіп алып жүрген. Соған қарамастан Сарайшық қаласына айдалып бара жатып, ебін тауып қашып кетеді.

Сығай ойбайын салып, Исатайды ұстауға іле-шала кіріседі. 1823 жылдың 15 қарашасында Беріш руының басқарушысы Сүйіншіғали Жанәліұлына Исатайдың қашып кеткенін хабарлап хат жазып, ұстап өкелуді бұйырады. Мұндай бұйрық Қарауыл қожаға да жіберіледі.

Бұл Исатай мен Қарауыл қожа жұлдыздарының алғаш қарсы келуі еді.

1824 жылы қаңтарда Исатай үйінде болған. Оған 13 қаңтарда Астрахан казак-орыс әскерінің жүзбасы берген куәлік дәлел. Исатай үйде жоқта, ауылда Нысанбай мен жеңгесі Несібелі қалғанда, әлде көршілермен, әлде кордон қазақтарымен бір төбе үшін талас болады. Аталмыш жүзбасы: бұл төбені Исатай 16 жыл бойы жайлап келеді деп куәландырған

Тарихи деректердің мәлімдеуінше Исатайды: Текеден келген Левкин, Овчихин деген есаулдар үйінен ұстаған. 1824 жылы жазғытұрым оны Текеге алып барып тергеген. Істі тергеуші подполковник У.Тюняев жүргізген.

Тергеу барысында іс анықтау орынына бұрынғыдан бетер бытысады.

Бұған дейін істі Бородин деген есаул жүргізген екен. Ол істе екі казак-орыстың Тана ауылынан өліктерді көрдік деген куәлігі барды. Ал жаңа тергеуші У.Тюняев аныққанығына көз жеткізе алмайды. Оның үстіне қуынып жүрген талапкер сөзден жаңылып, әбден шатысады. Ол бұрынғы жауабында Ысқақ Өтетілеуұлы, Торқа Нұрманұлы өлді десе, екінші тәптіште Нысан мен Белсары деп жауап береді, ал үшіншіде Айсары деген қыз деп сандырақтайды. Бұл тергуге Сығай сұлтан «ауырып жатырмын», «ақылыманан адастым» деген желеумен келмей қалады. Бұл кезде Жәңгір әкесінің еншілеп кеткен тағына отыруға дайындалып жатыр еді. Сығайдың науқасының сыры осында болса керек. Алайда ол асап қалуды көздеп, тексеруде депутат болып отырған молла Мүсірәлі Мұртазаұлы арқылы Исатайдан мал сұрауды ұмытпайды.

Орал қаласы тергеушілерінің іс-қағаздарын алдырып танысқан Орынбор Шекара комиссиясы айтақтардың сөзіндегі қайшылықтарды көріп, риза болмайды. 1824 жылы мамырда істі мұқият қайта тексеру керек деп шешім қабылдайды. Істі енді Шекара комиссиясы өз қолына алады да, тамыз айында Исатайды, Есенаман Боранбайұлы мен Жұмағазы Боярұлын Оралдан Орынборға алдырып, Орднос-Гауз түрмесіне қамап тастайды.

Тексеру іс-қағаздарында есаул Левкиннің Исатайдан

алған жауабы сақталған. Жауап Исатай ұсталған алғашқы бетте, іс Теке қаласында жүргізіліп жатқанда, яғни 1824 жылдың жазында алынған. Левкин: 1823 жылы қарашада аяғыңды бекітіп, конвоймен Сарайшыққа әкеле жатқанда неге қашып кетгің деп сұрағанда, Исатай «конвойдың өздері қоя берді» деп шындықты мойындамаған. Таналардың айыптауын жала дей келіп: «Мен Тана ауылына 12 адаммен бардым. Сол ауылдың биі Байдәулет Көсенұлы талабымызды тыңдамай, балағаттай бастаған соң, одан кетіп, ауыл сыртында жайылып жүрген өзіміздің 4 ат, 3 түйені танып, айдап кеттік. Билердің талабымен ол малдардың қобін қайтаруға мәжбүр болдық» деген.

Талапкер Бегіс Түркебайұлымен жүздескенде Исатайлар өз айыптарын мойындарына алмаған.

Сүйтіп, бұл қайшылық, көрнеу шалалық көп болған соң, Исатайлардың мойнына кінә арта алмай, істі хан болып тағайындалған Жәңгірге қайтаруға мәжбүр болған.

Исатайдың Сығай сұлтанмен ұзақ жылдар араздығы осылай нәтижесіз тәмамдалды. Ішкі Жәңгірдің таққа отыруымен қоғамдық қатынастардың жаңа арнасына бет түзеді. Оның нәтижесі қандай болғанын кейінгі беттерден көреміз.

ЖӘҢГІР ХАН

[XIX ғасырдың дөп басы, яки 1801 жыл Бөкей сұлтан отбасы үшін айрықша қуанышты жыл болды. Ақ патша / Павел I / Нарынды «тұрақты қоныстануға» ресми түрде рұқсат берді. Сол жылы Жәңгір де дүниеге келді. Осыдан бір-жер жыл бұрын бәйбішесі өлген Бөкей Атанға үйленген еді. Бұрынғы әйелінен Тәуке, Әділ деген ұлдары болды да, Атаннан Жәңгір мен Мендігерей туды.

Жәңгірдің жастық шағы Сарайшық қаласында өтті. Бұл өзі Алтын орда заманынан аты белгілі, талай саяси күрестің орталығы болған шаһар. ХІҮ ғасыр жиһанкесі Ибн Батута Сарайшықта болып, жолжазбаларын қалдырған. Сол сапарда ол Сыпыра жыраудың атына қанығып, жырларын тыңдаған. Одан кейінгі заманда Сарайшық Ноғайлы ұлысының астанасы болды. Мұнда отырып билік құрған Едіге, оның

урпақтары Нұраддин, Мұса, Уақас, Жаңбыршы т.б. Орақ-Мамай, Қарасай-Қази, Ер Тарғынның талай жорыққа аттанып, ат ойнатқан жерлері. Тарихи деректерде Едіге осы Сарайшық маңында жекпе-жекте Тоқтамысұлы Қыдырбердіден өлімші боп жараланып, Ұлытау барып дүние салған. Қадырғали Жалайырдың айтуынша: қазақтың игі жақсылары жерленетін пантсон осы Сарайшық болған да, Қасым хан қартайғанда Сарайшыққа келіп өлген. Ноғайлының атақты билері мен аты шулы батырларының көбінің бейіті осында болса керек. Іргені жау алып, Ноғайлы ыдыраған кезде, Қази жұрты Қырымға кетті, Қарасай жұрты Жемнің сыртына ойысты. Еділ-Жайық арасында ел азайды. Сарайшық сонда да «Ноғайлының кіші Көк ордасы» деген атпен түтін түтетіп отырды. Ол айналасы бес шақырым, биік жалмен қоршалған бекініс еді. Қалада би сарайы, қызыл кірпіштен қаланған мырзалардың үйлері, мешіт, медіресе, теңге сарайы, т.б. болды. Сарайлар мен үйлерінің дені оюмен өрнектелген, мәрмәр таспен қапталған әдемі тамаша құрылыстар еді. Сарайшықты 1581 жылы теңіз жолымен бұқпалап келген Еділ казактары талқандады. Қаланы айуандықпен қиратып, алтын іздеп кабірлерді қопарып тастады. Ол кездегі Ноғайлы ұлысының биі Орыс тұтқиылдан тиіскен қаракшы казактарға айтарлықтай қарсылық көрсете алмады. Сүйтіп, күллі қазақтың киелі кіндігі Сарайшық құлдырау сатысына енді. Оның үстіне Жайық өзенінің екі рет арнасын өзгертуі нағыз апатқа айналды — қала жайылған Жайық суының астында қалды.

Ал Жәңгірдің балалық шағы өткен жылдарда Сарайшық Жайық казак-орыс әскерінің бекінісі еді. Қалада ескі ғимараттармен бірге орыс тәртібімен салынған жаңа құрылыстар да болды. Көбіне-көп казак-орыстар бұрынғы мекен-жайларды өз қажеттеріне бейімдеу жағын құнттады. Қала шетіндегі зират ол кезде адам айтқысыз ғажап еді.

Сарайшық бұрыннан қалған жөндем зынданы бар әскери бекініс атанғанмен, онда тұрғын қазақтар да аз емес-ті. ХІХ ғасырдың басындағы бір дерек — 102 үй казак болғанын куәландырады. Кошпенді дала жұрты оларды «сарытымак» деп атаған. Сарытымактар, яки орыс жазбаларындағы «баұғұсар» Төменгі Жайық шебінде 1423 шаңырақ шамасында болған. Дәлірегі Бақсайда — 75 үй, Калмыковта

— 58, Бударинде — 67, Шағанда — 33, Рассыпнойда — 25. Демек, Жайық бойындағы елді мекендерде қазақтар мен казак-орыстар аралас тұрды деуге негіз бар.

Бөкей Ішкі Ордаға өткеннен кейін осы Сарайшықта тұрды. Қаланы өз жұртының астанасына айналдыру ойында болған сияқты. Бірақ патша әкімшілігімен аралас отыру — хандығын еркін билеуіне қолбайлау болды ма — қыс басында Сарайшыққа оралмай, Бабашағылда қыстап калуды жиілетті. Бұл кезде Жәңгір Астраханда оқып жатқан. Бір жағынан соның жағдайын ойлағаны да шығар.

Жәңгір Астраханда кіші губернатор, яки азаматтық істер жөніндегі губернатор Станислав Иванович Андреевскийдің үйінде жатып оқыды. Астраханға оқуға кіргенде ол 14 жаста еді деген дерек бар. Демек, Жәңгір әкесі өлердің аз-ақ алдында оқи бастаған. Шамасы, Бөкей бөсір науқасына шалдыққан соң, өлетінін біліп, патша әкімдерінің қатысуымен өзіне мұрагер белгілеген. Ол Жәңгірді атаған. Содан патша әкімшілігі Жәңгірді айрықша қамқорлыққа алып, оқытып тәрбиелей бастаған. Бұл жерде патша үкіметінің үлкен саясаты жатты. Бұған дейін қазақ даласында қанша хан, қанша сұлтан алмасты. Патша үкіметі оларды қолтыққа тартып, шапан да жапты, шен де тақты. Алайда ел басқарушылар қазақ өміріне жаңалық енгізе алмады. Қазақ даласы баяғы ата-баба жолынан айнымады. Рулық, ру аралық қатынастар мықты болды да, халықтың іргесі сөгілмеді. Жәңгір отарлау саясатын жүргізіп отырған патша әкімшілігі идеологтарының тәжірибе құралына айналды. Орысша оқытып, еуропаша тәрбиелеп көрелік — одан не шығар екен деген ойда болған сыңайлы. Әйтпесе Жәңгір оқуын бітірсін деп, 9 жыл бойы хан тағайындамауды қалай түсінуге болады. Патша әкімшілігі Жәңгірден қалай да жаңа сапалы басшы шығаруды көздеген.

Астраханның кіші губернаторы Станислав Иванович Андреевскийдің әйелі неміс еді. Жәңгір сол үйде тұрып, мұғалім жалдап оқыды. Жан-жақты білім алуына толық жағдай жасалды. Жәңгір зеректілігімен көзге түсті. Ол Астраханда оқыған 7 жылдың ішінде орысша, немісше, французша таза сойлеп, сауатты жаза алатын дәрежеге жетті. Сонымен қатар араб, парсы, түркі тілдерін де меңгерді. Қысқасы, сол кездегі зиялы қауым ұрпақтарына тән жоғары

білім алды. Жәңгірді заң, экономика, дипломатия, ел басқару ісіне де үйретті.

Жәңгірдің әйелдері, бала-шағалары туралы пікір алақұла. Ел ішінің білетіні оның екі әйелі: бірі — Қарауыл қожаның қызы Жүзім де, екіншісі — Уфа мұфтиі Мұхамеджан Хүсейновтың қызы Фатима. Ал Берхайыр Аманшин Жәңгірдің бірінші әйелі Шеркеш Мүсірептің қызы, екіншісі Фатима, үшіншісі Қарауыл қожаның қызы Жүзім дейді. 1845 жылы 5 қыркүйек шамасында Жәңгірдің өліміне байланысты жасалған ресми құжатта оның үш әйелінің аты аталған: біріншісі — Қарауыл қожаның қызы Жүзім, екіншісі — Фатима, үшіншісі — Зылиха. «Жәңгір Зылихаға өткен жазда үйленген» деп көрсетілген құжатта. Аталмыш ақпарда әлгі әйелдерден туған балалардың да аты аталған. Бірақ іс-қағазда Жәңгірдің тұңғышы Зұлқарнайынның ғана есімі жоқ. Жәңгір бұл ұлын еркелетіп «Ескендір-Зұлқарнайын» атағаны, Орынборда оқытқаны, оның ұстазы Махамбет болғаны белгілі. 1836 жылы Каспий теңізінің солтүстік жағалауы, Исатай-Махамбет ата қоныстарында қайшылық күшейгенде, қарлығаш қанатымен су септім жәрдем беру үшін оларға Зұлқарнайынның келіп кеткені бар. Зұлқарнайын Исатай, Махамбеттерге ара түсуге, әкесіне ықпал етіп Қарауыл қожаны билік басынан кетіруге сөз берген. Бұл жайлар сол тұстағы қатынас қағаздарының бетіне түскен. Жәңгірдің балаларының жас мөлшерін есепке ала отырып, төмендегідей қорытындыға келдік.

Жәңгірдің үш әйелі емес, төрт әйелі болған. Біріншісі — Шеркеш Мүсірептің қызы. Аты белгісіз. Ол демікпе дертінен ерте өлген де, жас нәресте Зұлқарнайын әжесі Атанның бауырында тәрбиеленген. «Әжесінің кенжесі» болғандықтан Жәңгір ұлдарының тізіміне енбей қалған. Екінші әйелі — Қарауыл қожаның қызы Жүзім. Оған Жәңгір 1822 -23 жылдар шамасында үйленген. Қарауыл қожаның күш алып, алғаш ауызға ілігуі де осы кез. Ығылман Шөрекұлының өз дастанында «Жем бойында арбанды жаяу сүйреп, сауда жасап жүретін сарт едің. Жәңгірге қызыңды салып беріп, жетілдің» деуі осыдан. Жүзім 1833-34 жылдары дүниеден озған. Алғашқыда бала көтермеді ме, баласы тұрмады ма — тек 1829 жылы Сейіткерейді, 1831 жылы Ысмайылды дүниеге келтірген. Әкесі өлгенде

Сейіткерей әйел алып, інісімен бір шаңырақ астында хан ордамен бірге көшіп-қонып жүрген.

Ал Фатимаға Жәңгір 1824 жылдың күзінде Бозанның жағасы, Қарабайлының түсында отырғанда үйленді. Жәңгір таққа отырардың алдында Орынбор Шекара комиссиясының төрағасы Г.Ф.Генстің ақылымен қазақ даласына ықпалды мүфти, кезінде Нұралы хан мен Сырым аяқасында екі араға патша тарапынан дәнскер болған, сол еңбегі үшін патша сарайынан «почетный потомственный дворянин» атағын алған, мың-мың десятина жері, бірнеше деревнясы, Уфада, Қазанда қарағай үйлері, тері илейтін, сабын қайнататын заводтары бар Мұқамеджан Хұсайыновқа қол беріп қайтқан. Фатиманы сонда көрді. Таққа отырысымен Орынбор Керуенсарайы мешітінің имамы Дүйсәліні бас етіп, ағасы Әділ мен інісі Мендікерейді құда түсуге жіберді. Сол жылдың күзінде Фатима хан ордаға келін боп түсті. Орайы келген соң айта кеткеннің артықтығы жоқ: ұзақ жылдар Орынбор Шекара комиссиясының төрағасы болған Г.Ф. Генс орыс-қазақ қатынасына, сақарадағы саяси өмір бағдарына елеулі ықпал еткен адамдардың бірі. Мамандығы әскери инженер болған ол сол кездегі етек алған дәстүр бойынша, оған қоса қазаққа жанашыр боп көріну үшін, даланың аңыз-әңгімелерін жинастырған. Ол жаздырып алған ауыз әдебиеті нұсқалары 12 дәптер болған. Оны патша сарайына тарту еткен. Кейінгі ұрпақ бұл жазбалардың ізіне түссе, мол олжаға кенелер еді. Әйткенмен, Шекара комиссиясының төрағасы орыстың отарлау саясатын жоспарлы түрде жүргізгендердің бірі еді. Сонымен, 1824 жылдың күзінде келін боп түскен Фатима 1825 жылы Сейіткерейді дүниеге келтірді. Ол есейген соң патша сарайы жанындағы паж корпусында оқыды. 1832 жылы Зылиха туды. Одан кейінгі балалары Ыбырайым, Ахметкерей, Қайша, Хадиша алды он бірде, соңы бесте.

1844 жылы, өлерінен бір жыл бұрын, Жәңгір сұлулығына бола аты-заты жоқ кедейдің Зылиха деген қызына үйленді. Одан ұрпақ жоқ.

Жәңгір Астрахандағы оқуын 1822 жылы тәмамдады. Содан әкесі мұра еткен хан тағына отыруға дайындалды. Осы кезде ол Орынбор Шекара комиссиясында, Орынбор генерал-губернаторлығы кеңсесінде талай сыннан өткен

сияқты. Болашақ хан білімі, пиғылы жөнінен тексерілген. Қайсыбір тарихшылар, әсіресе аталмыш дәуірге бізден гөрі біртабан жақын Н.Савичев, Жәңгір таққа 1825 жылы отырды дейді. И. Кенжалиев 1823 жылдың 20. қарашасы деп көрсетеді. Біздіңше, дұрысы — Жәңгірді хан тағайындау туралы грамотаға ақ патша 1823 жылы 22 маусымда қол қойған. Ал қазақ рәсімімен ақ киізге отырғызып, хан көтеру жорасы 1824 жылы 26 маусым күні болған. Олай дейтін себебіміз: 1824 жылдың көктемінде Исатай Оралда істі боп жатқанда, Шекара комиссиясының қатынас қағаздары тек Сығай сұлтанның атына ғана жолданған. Демек, ол әлі орнында отырған. Жәңгірді хан көтеру Орал қаласының іргесіндегі «Хан тоғайы» деген жерде өтті.

Жәңгірді хан көтеру рәсіміне түрмеде отырған Исатай қатыса алмады.

ЖАҢА БАСШЫЛЫҚ

Бөкейдің тірі кезінде сыбай көрші болғандықтан, Жәңгір бала кезінен-ақ Исатайды жақсы білген. Оны ел ағасы тұтып, батыр деп сыйлаған. Исатайлар Қиғаштан өтіп, іргедегі Астраханға жиі барып тұрды. Оқудағы Жәңгірді сыбаға, сәлем-сауқаттан құр қалдырмаса керек.

1823 жылы Тана ауылына байланысты оқиға боп, басына іс түскен батырдың тексеруге бармай, ұсталған кезде қашып кетіп бұлғаққа салуы — Жәңгірдің таққа отыруын күткендегісі, сірә. Бұл кезде Жәңгір хан тағына бекітіліп, енді ресми түрде отырып, ел тізгінін қолына алуы қалып еді. Алайда ізіне шам алып түскен Сығай оны дегеніне жеткізбей, түрмеге қаматып тынды. Жәңгір таққа отырысымен-ақ Исатайдың ісі жөнделіп жүре береді. Шекара комиссиясының төрағасы істі Оралдан Орынборға алғызды да, айғақтардың жауабындағы қайшылықтарды тілге тиек етіп, Жәңгірдің тексеріп, шешуіне жіберді. Ал Жәңгір болса ол істі қозғаған да жоқ. Исатай бостандыққа шықты.

Исатайдың ақталуына Жәңгірдің септігі тигені сөзсіз. Себебі Шекара комиссиясының төрағасы полковник Генс Жәңгірдің досы әрі ішкі- сыртқы істердегі кеңесшісі, қамқоршысы болған адам.

Жәңгір таққа отырған соң, Исатайдың жағдайы жақсарды. 1826 жылы Жәңгір Исатайдың бұрынғы қонысында қала беретінін мақұлдап, қуаттау қағаз берді. «Исатай Тайманұлына Каспий теңізі жағалауындағы Күйген, Арал, Қаракамысты жайлауына рұқсат етемін». Осы тұстарда Жәңгір оған үлкен мәні бар саяси істі де сеніп тапсырды. Петербургқа баратын Бұхар елшілері Бөкей ордасының үстімен өтетін болды. 1826 жылдың 29 қарашасындағы ханның үкіміне сәйкес Бұхар елшілерін хандық атынан ресми түрде Сарайшықта қарсы алып, ешқандай көлденеңге соқтырмай, Астраханға жеткізіп салу Исатайға жүктелді. Исатай бұл тапсырманы мүлтіксіз атқарды.

Бұхар елшілері Николай I патшаның таққа отыру салтанатына бара жатқан. Қазақ елінен де бір топ адам шақырылды. Солардың арасында Сартай Шыңғысұлы, Абайділдә Уәлиханұлы /Уәлидің балалары/ болды. Бұлардың жол шығынына патша үкіметі 8000 сом күміс ақша бөлген. /Қызылжар базарында сол кезде қойдың тоң майының пұты 80 тиын еді./ Салтанатқа Жәңгір де шақырылды. Оған патша әкімшілігі айрықша ілтипат көрсетті. Ол патшаның таққа отыру тойына әйелі Фатиманы, қайын енесін, үш туысын, екі старшынды, молласын, бес күтушісін ілестіріп барды. Жәңгірдің жол шығынына үкімет 43224 сом 20 тиын күміс берді. Сонымен қатар ханға алтындатқан кемер белбеу, шекпендік асыл шұға, жағаға тұтатын күндыз, медаль салатын күміс қобди сыйланды. Олардың жалпы бағасы 4000 сом. Ханның әйелі Фатимаға 3000 сомдық сыйлық тартылды. Жәңгірге полковник шені берілді. Ал Сартай Шыңғысұлы хорунжий шенін алып қайтты./С.Мұқанов. Таңдамалы шығар. 16 том.33 б/

1824-27 жылдар аралығында Исатай туралы архивтік деректер мейілінше сирек. Ол кезде белгілі адамдардың есімі қобіне-көп даушарлы істерге қатысты ғана хатқа ілігіп отырған. Бұл жылдары Исатай ондай істерден аулақ болған сыңайлы. Бірақ ол Исатай бұғып қана отырды, бейбіт тыныш өмір кешті деген сөз емес. Керісінше батырдың Ішкі Орда өмірінде айрықша белсенділік көрсеткені осы тұс. Ол Жәңгірдің беделін асырып, билігін нығайтуға көп күш салды. Албырт, аңғал батыр дау-шарлы істерге соқтық-

қандай болса, оны Шекара комиссиясына жеткізбей, Жәңгір бер жағынан жуып-шайып жіберіп отырды.

Батыр өмірінің осы кезеңі туралы ел аузында әңгіме көп. Берқайыр Аманшин Мамытұлы Ахмет дегеннің естелігін келтіреді:

«... Хан Жәңгірдің есігі Исатайға ашық болған. Күн демей, түн демей сұраусыз келіп-кете береді екен. Келген сайын тапқыр, өткір, шыншыл сөздерімен хан жанындағы билердің сағын сындырып кететін көрінеді. «Хан — елімен кісі, қатын — ерімен кісі, билермен бар кімнің ісі. Былай тұрындар, әкелеріңнің салған үйі емес, халықтың салған үйі» — деп, хан сарайдың төріне шығады екен.

Хан Жәңгір оқтын-оқтын 12 би, 32 сұлтанымен аңға шығып, түскен үйлерінің тәуір қыз-келіншектерін жағалайды екен. Ел назалы боп: «Басына балта жастанған ер еді ғой, Исатайға барып жылайық» десіп жүреді.

Бір күні хан Исатаймен бірге аңға шығып, Исатай түс деген үйге түсіп, Исатай түне деген үйге түнеп отырады. Исатай ханды сұлтандар мен билерге тамыр-таныс үйлерге әдейі түсіріп, әлгілерді қатты шығындайды. Ыза болған билер Исатайға айта алмай, ханға күңкілдейді. «Тақсыр, мынау Исатайды батыр-батыр деп, бөркін қазандай ғып жібердік, біздің тілімізді алмайды. Өз еркімен түсіреді, өз еркімен қондырады. Сөзін сіз де қайырмайсыз. Бұлай болғанда, ел билемек түгіл, қара басымыздан да билігіміз кетер» дейді. Хан билердің сөзіне еріп, Исатайды тоқтатпақ болады.» Ай, Исатай, қарғылы қара тазыдай ылғи алдымызды бермей жүргенше, қатар жүрсең болмай ма?» дейді. Исатай: «Алдында қарғылы тазыдай сылаңдап мен жүрсем, артында шұбалып 12 төбетің жүрсе, сені көктен Құдай, жерден Шонай алар дейсің бе?» деген. Билер де, хан да томсарып, жерге қарап қалысады.

РЕФОРМА ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫЛЫҚ

1824-27 жылдарда Бөкей ордасы саяси-әлеуметтік өмірінің қалың ортасында болған Исатай тірлігі біршама тыныш жағдайда өтті дегенмен, орданың өмірі тыныш болмады. Ел дүрлігіп, ат сабылған елеулі оқиғалар да шаң берді.

Такқа отырған жас ханның ел тірлігін өзгертуге бағытталған әрекеті біреуге ұнаса, біреуге ұнамады. Ал Жәңгір болса оқып-тоқығанын жүзеге асыруға құлшынды. Ол тілеуқор қамқоршысы Орынбор Шекара комиссиясы төрағасы Г.Ф.Генспен бірлесе отырып Ішкі Орданың қалыпты тірлігін өзгертудің, оны орыстың ел басқару жүйесіне жақындатудың жоспарын жасады. Бірақ оны бірден ашып, жария етпей, ел тұрмысына біртіндеп сіңірудің амалын ойластырды.

Оның ең бастысы — сауда-саттықты күшейтіп, товарлық ақша қарым қатынасын өркендету еді. 1824 жылдың өзінде-ақ ордада екі жерден жәрмеңке ашылды. Глинянск форпостысы, Кулагин қамалы маңында, Каспий теңізі жағалауында, Эльтон көлі тоңірегінде алым-берім сауда күшейді. Тіпті кейбір саудагерлер хандықтың шет аймақтарымен қанағаттанбай, ел ішіне тереңдеп еніп кетті. Мәселен Ұялы мекенінде 75 мың, Шапшағы мекенінде 50 мыңдай қой сатылатын болды. Жәңгір сауданы жандандыру үшін баж салығын мейілінше азайтып, сауда пункттерін тұрғызу үшін мол қаражат жұмсап, саудагерлерге үлкен қамқорлық жасады. Ол өз қолымен жасаған сауда срезесінде былай деп көрсетті: «... Сауда жүргізушілердің капиталын қамтамасыз ету үшін ол /хан/ мынаған міндеттенеді көпестің ханға бағынышты ордалықпен алдын ала келісімі бойынша, егер ордалықтың қолма-қол беретін малы не ақшасы болмаса, көпеске өз кепілдігімен қолхат береді. Егер қырғыз берешегін төлеуге мерзімді уақытында келмей қалса, сөзбұйдаға салмай ханның өзі төлейді».

Бұл кепілдік ереже сауда-саттықтың шұғыл өркендеуіне мұрындық болды. Орыс саудагерлері орда жолдарында өріп жүрді. Бұл жағдай елдің әл-ауқатын жақсартуға бір жағынан септігін тигізсе, екінші жағынан орыс кеулеп кетіп жаулап ала ма деген қорқынышты күшейтті.

Мұнымен қоймай, халқыма көмектесем деген игі ниетте болған оқыған, албырт жан хан келесі жылдары қателік үстіне қателік жіберді. Ол көшпелілерді отырықшылыққа айналдыруды, күтірлер, қыстаулар салуды, қырда пішен шабу мен ағаш отырғызуды, малды асылдандыруды, ауыл шаруашылығы құрал-саймандарын алдыруды, училище,

мектеп, медіреселер салуды ашықтан ашық айта бастады. Бұл отарлаушы үкіметтің бұған дейін ұстанып келген саясатына қарама қайшы еді. Олар, әсіресе жергілікті казак-орыс өкімшілігі, қазақтар Еділ-Жайық арасына бауыр басып қала ма деп қорқып, түптің түбінде олар Жайықтың Бұхар бетіне қайтып кететін шығар деген дәмемен қазақтарға үй салуға, егіншілікпен шұғылдануға тыйым салған. Үй, қора тұрғызған адамдарға ағашты қайдан алдың, соқаны қайдан кестің деп пәле салып, штраф төлетіп, үй-жайларын бұзып кететін. Құмдақ жерге тары өсірудің тәсілін білетін оларға тары ектірмеді. Көшпелілер мал бақсын, Ресейге астық емес, мал өнімдері керек деген саясат төменнен жоғарыға дейін қатаң ыждағатталды. Жылдар бойы қалыптасқан бұл үрдіске тойтарыс беру Жәңгірге оңай болған жоқ. Таласып жүріп отарлау өкімшілігінің көзін жеткізгенмен, бұл ниетін өз адамдары түсіне ме, түсінбей ме — оны ойламады. Халық ханның мына сөзінен шошынып қалды. Жаңаға жаны қарсы, ескіні көксеуші қарсы күштер мұны ата жолын мансұқ ету, орыстанудың басы деп ғайбатты гулетті.

1827 жылы Жәңгір Жасқұсқа Орда қаласын тұрғызатынын мәлімдеді. 1826 жылы Николай I патшаның таққа отыру салтанатына қатысқанда, ақ патшаның қабылдауында болып, Орынбор Шекара комиссиясының торағасы Г.Ф.Генспен бірлесе отырып жасаған Ішкі Орданы «ақсүйектік — зиялы хандыққа» айналдыру бағдарламасымен таныстырған еді. Патша ол жоспарды мақұлдап құп алып, Ішкі Орданың отырықшылыққа бет түзеуінің басты белгісі ретінде астаналық Орда қаласын салуға рұқсат еткен-ді. Тіпті қазынадан қолма-қол 36 мың 102 сом 70 тиын қаражат бөліп, басқа шығынды Орынбор губернаторлығына жүктеген. 1828 жылдың аяғында архитектор Тафаев Орданың орнын белгілеп, алғашқы қазығын қаға бастаған. Бұл отқа май құйғанмен бірдей еді.

Жәңгір таққа отырысымен, баяғы баба жолы, ата салты деп еңірейтін керігартпа кәрі сұлтандарды ығыстырып, олардың орындарына жастарды қоя бастады. Осы кезде орданың саяси өмірі сахнасына есаул Қарауыл қожа Бабажанұлы, Шөке Нұралыханұлы, Шынғали Орманұлдары шықты. Қарауыл қожа Ішкі Орданың сауда-саттық жәрмеңкелерін

қолына алды. Шөке Нұралыханұлы баласымен ордның ең шұрайлы өңірі Қамыссамардың ел билеушісі болып тағайындалды. Ал екі атадан туысатын Шынғали Орманұлы болса, хан төңірегіндегі ықпалды адамға айналды. Бұл Шынғали Орманұлының Уфіден айдаудан келген беті еді. Жәңгірдің қарамағына бақылауға жіберілген. 1820 жылдары Кіші Жүздің батыс бөлімінің билеушісі Шынғали Орманұлы мен патша әкімшілігі арасында бір түсініспеушілік болды. Шынғали жер суару құралдарын сатып алып, бау-бақша егіп, егіншілікпен шұғылданған. Ол кезде көшпенділерге отырықшылануға тыйым салынған еді. Орал казак-орыс әскерінің атаманы қарулы сөлдат жіберіп, оның бау-бақша, егіндігін отап, арықтары мен шығырларын қиратып бұзып кетті. Сол даудың қырсығы ма, әлде басқа себептер де болды ма — Шынғали іле-шала жер аударылды.

Ішкі Ордада хан тағына өу бастан-ақ қарсы күштер болды. Бөкей күш салып, Ішкі Орданы казактарға заңды түрде алып беріп, жаңа қонысты түбегейлі басып қалу үшін жатпай-тұрмай елді көшуге үгіттеп, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүргенде, 1803 жылы «бес қалмақтың» бірі Қаратай Нұралыұлы казактарды Жайықтың сыртына қайта көшіріп әкетті. Оған ел санағын аламыз деп Астраханнан шыққан комиссия тұрткі болды.

1818 жылы Жайықтан кері өтуге болмайтыны туралы жарлық шыққанда елді дүрліктірген Қайыпқали Есімұлы еді. Әйтеуір әскер шығып, өлім-жітім болып, көшкен елді шаққа бөгеген. Ол ордадағы хан тағына қарсы оппозицияның басы болды. Оны көптеген көне көз кәрі сұлтандар қолдады. Онымен жең ұшынан жалғасқандар қатарында ханның әкесі бір, шешесі бөлек ағасы Әділ Нұралыұлы, әкесімен бірге туысқан немере ағасы Шөке Нұралыханұлы да болды. Жәңгірден бақ тайса Бөкейдің інісі ретінде Шөкенің, бәйбішенің ұлы ретінде Әділдің хан тағынан дәмесі бар еді. Қайыпқалидың да көкей құрты билік еді, алайда Ішкі Ордада қолына билік тимейтініне көзі жетті. Патша үкіметі Бөкей тұқымына айырықша ықылас танытты. Сондықтан ол өзіне төменгідей саяси платформа құрды: патша өкімдері казакты Еділ-Жайық арасына алдап әкелді, жан-жағы әскермен қоршаулы Ішкі Орда ел болмайды,

түптің түбінде орыс алады. Шоқындырады. Одан да есен-сауда, у ішсең — руыңмен бірге — қалың қазақтың арасына кетейік! Осы идеологияның ұшқыны елдің ойынан бір шықпай, жұртты айнытып-толқытып, үнемі елендетумен болды.

Оның үстіне ел басқару ісіндегі Жәңгір енгізген жаңалықтар да халықтың көңілін күпті қылды. Әсіресе барлық билікті өз қолына алып, ру басылары мен старшындардың құқын шектеуі наразылықты күшейтті. Олар хан кеңсесінің алдында ауық-ауық есеп берді. Рулық сұлтандар мен старшындардың жанында іс-қағаз жүргізетін әрі дін жолын қадағалау міндетін қоса атқаратын молла болды. Қайсыбір старшындар хан кеңсесіне барып-келіп тұратын шабармандар ұстады. Ру билеушілері мен старшындар өз ішіндегі істерді өздері шеше алмай қалды.

Ордадағы осынау ауқымды істерді жүзеге асыру үшін қыруар қаражат керек еді. Жәңгір ел басқарудың финанс-салық жүйесі дегенді шығарып, жиын-терінді тым көбейтіп жіберді: соғым, зекет, пітір, ұшыр т.б бар, әйтеуір салықтың түр-түрі 20-ға жетті. Соғым мына мөлшерде болды: 15 үйден бір сиыр немесе 40 сом ақша. Салықтың бұл түрінен жылына 10 000 сом жиналды. Ал зекет 40 қойдан 1 қой, 5 түйеден 1 қой, 30 сиырдан 1 өгіз немесе қашар, 60 сиырдан екеу. Сөйтіп, хан, мәселен, 1836 жылы зекетке 18 000 қой, 800 өгіз, 1000 жылқы, 700 түйе жиып алған. Зекеттің ақшалай жылдық мөлшері 115 мың сом, соғым — 9142 сомнан 11400 сом аралығында болды. Киіз, жабағы жүн жиналды. Жәңгір орда ішінде почта қатынасын орнатты. Оның да салмағы халық мойнына түсті. Ел тұрмысына енген тағы бір жаңалық — бұрынғыдай беталбаты жүре алмайсың, бір жаққа баратын болсаң, 15 тиын төлеп билет кестіресің. Мұның бәрі жәй халықтың ызасына май құя түсті.

1827 жылы Ішкі Ордада жүт болды. Қыс бойы Жайықтың сыртына мойын созып елендесіп шыққан ел 1827 жылдың наурызында Жайыққа қарай жөңкілді. Шеп күзеті жолды бөгеп баққанмен, бұзып-жарып не төлем ақыға мал беріп өзеннен өтіп кетушілер аз болмады. Біразы теңіз үстімен күзетті айналып өтті. Сол жылы 1887 шаңырақ Жайықтың сыртына кетті.

Кетем деген ел мен жібермеймін деп жанталасқан сұлтандар арасында жаман қан төгіс қақтығыстар да орын алды. 1827 жылдың 25 наурызында Жәңгір Астрахан губернаторына: Орданың бей-берекеті кетті, мені өлтіру ойында бар адамдар тобы 3 шақырым жерде жур деп шағынды. Онымен де шектелмей, жағдайды айтып Орынборға шабарман шаптырды. Ханның іс-әрекетін сырттай бақылап отырған Орынбор әкімшілігі көшкен елді тоқтатып, сабасына түсіру үшін, халық наразылығын тексереміз, түзейміз деп жөпелдем Ордаға сабылды. Орынбор генерал-губернаторынан Энгель бастаған комиссия, Шекара комиссиясынан Г.Ф.Генстің өзі, Орал казак-орыс әскерінен атаман Д.Бородин келді. Бұл кезде Орынбор әскери губернаторы Петр Кириллович Эссен еді. / 1817 жылдан осы қызметте болған ол қыпшақ руының 4 жасар қызын асырап алып, шоқындырып, ата-анасына қайтармай, Орынбордан кеткенде өзімен бірге ала кеткен. /Ол Жәңгірге өз қолымен хат жазып: жағдайды тым асқын-дыра бермей, халықтың талабымен санасуды ескертті.

1827 жылғы наразылық туралы комиссия қорытынды шығарды. Әскери губернатор өкілі Энгель: Жәңгірдің Орда тірлігін жақсартпақ болған саясаты дұрыс, оны қолдау керек деп тапты да, барлық пәле Қайыпқали Есімұлы мен Шөке Нұралыханұлында, елді арандатқан солар деп бағалады. Ал Орал казак-орыс әскери атаманы Д.Бородин болса, ханның халыққа тізе батырған шектен шыққан астамшыл саясатын кінәлады. Сүйтіп, комиссия пікірі екіге жарылды. Шекара комиссиясының төрағасы Г.Ф.Генс пен Жәңгір бір жақ та, Бородин жалғыз өзі бір жақ. Байланысы мықты, алымды Генс осы оқиға тұсында өзіне қарсы келген Д.Бородинді тексеруге кірісті. Ол ордалықтар мен Орал казактарының ара қатынасы деген мәселе көтеріп, Орал казактарының Кіші Өзен шебі жанынан заңсыз жер алу мәселесін қозғады. Жәңгір де казак-орыстардың заңсыз істері туралы материал жинап, Бородинге қарсы кесегін атып бақты. Ақыры ол екеуі Д.Бородинді отставкаға кетіріп тынды.

ҰЯЛЫ СЫЯЗЫ

1827 жылғы дүрбелең, Ордада болған комиссия қорытындысы 1828 жылғы Ұялы сыязына ұласты. Наразылық негізінен жоғарғы Нарынды қамтығандықтан жалпыхалықтық мәслихат сол тарапта, Глинянск қамалына жақын Ұялы мекенінде өтті. Сыязға Г.Ф. Генстің өзі қатысты. Оны Жәңгір Глинянск қамалында қарсы алды. Хан мен Шекара комиссиясының төрағасын халық жиынына шағын казак-орыс отряды мен Исатай батыр жасағы алып келді.

Айғай шулы, даулы сыяз бір аптаға созылды. Жәңгір жаңалықтарына қарсы, оған қоса 27-ші жылдың жұтынан жүдеген халық ханға ауыр-ауыр айыптар тақты: ата-баба жолын тәрік еттің, орысшылсың, халықты орыстың аяғына жығып бердің деді. Алым-салықтың шектен тыс көбейгені, қара казакқа сұлтанардың өктемдігі өтіп, тізесі батқандығы, басқаны қойғанда, енді өздерін жалшы орнына жұмсап, саз илетіп, кірпіш соқтырып үйлерін салдыра бастағаны да жіпке тізілмей қалмады. Мейманасы тасыған хан төңірегіндегілердің беті жылтыраған әйелдеріне тыным бермей, тәуір қыздарын тартып ала бастаған өрескелдіктерінің де беті ашылды. 1827 жылдың көктемінде Жәңгірдің аумағы 34 аршын, биіктігі 5 аршын, кереге-уықтары сүйек, қымбат асыл тас, ақ қаңылтырмен қаптаған киіз үйді ақ патшаға сыйға тартып, орынсыз жалпақтағаны да бетке басылды. Ұялы сыязында қарсы дауыс көтеріп ашына сөйлегендер — Серкеш Жақсыбайұлы, Жаналы Саңғырықұлы, Науша Қаржауұлы старшындар еді. Олардың ашық дем берушісі Қайыпқали Есімұлы түрмеде, Орынбордың Ордоностауында отырған. Ол сыязға қатыса алмағанмен, Жәңгірді сүріндіруге мүдделі астыртын көмекшілері Шөке Нұралыханұлы, Шынғали Орманұлдары «шоқ-шоқ» деп, сөйлеушілердің қолтығына дым бүркіп бақты. Оны анық аңғарған қырағы Г.Ф.Генс кейін өз қатынас ақпарларында бұл екеуін «нағыз опасыз» адамдар деп көрсетті. Сондай-ақ сыязда Жайық, Ішкі шеп казак-орыстарының казактарға тартырған жөбір-жапалары да сөз болды.

Орынбор Шекара комиссиясы төрағасының түпкі мақсаты — арыз-шағымды тыңдап, белгілі бір қорытынды

шығару емес, бүлікшіл старшындарды басып, ханға мойынсұндыру еді. Сызға шар салатын құқы бар 400 адам қатысып, олардың арасында ханның сөзін сөйлейтіндер аз болмағанмен, қарсы жақтың тегеуірінді дүмпуі одан кем түспеді.

Ақыры әкімшілік мәмілегерлік саясат ұстануға мәжбүр болды. Ханды шектеу мақсатымен «Хан кеңесі» құрылып, оған он екі ата Байұлының әр руынан 12 би сайланды. «Хан кеңесі» сұлтандармен толықтырылды. «Хан кеңесінің» төрағасы болып Шөке Нұралыханұлы, кеңестің бас серкәтері / бас хатшы/ боп Шыман /Шынғали/ Орманұлының інісі Мүшеғали бекітілді. Сондай-ақ Орданың казак-орыс шептерімен даулы істерін шешу үшін «Хан депутаттығы» құрылды. Осы сызда «Хан кеңесі» жанында ханның жарлығымен бекітілетін 12 старшын қызмет атқаратын болып келісілді. Сөйтіп, билік бөлісілді. Ел тізгінінен шеттеп қалған рубасыларының біразының лауазымды қызметке қолдары жетті. Әсіресе Орынбор Шекара комиссиясы төрағасының Астрахан губерниясы Чернояр ауданынан 670 000 десятина жер беретіні туралы жарлығы — даудың түтінін сейілтті.

Хан аяқты кері тартып, мәмілеге иілген соң, старшындар да орынсыз шалқая бермей, Жәңгірге адалдыққа ант етті. Бұл сызда Исатай толықтай хан жағында болды. Г.Ф.Генс оған Ішкі Ордаға сіңірген адал еңбегі үшін деп, Шекара комиссиясының Мадақ грамотасын табыс етті. Бүлікшіл старшындардың Шекара комиссиясы төрағасының алдына қойған соңғы талаптарының бірі — жазықсыз түрмеде отырған Қайыпқалиды босату болды. Г.Ф.Генс ол талапты орындауға уәде етті және уәдесінде тұрды да.

1829 жыл келді. Жәңгірдің өтінуімен патша ағзам Ордаға асыл тұқымды 20 айғыр жіберген-ді. Солар келіп жетті. Ылғи бір көздің жауын алғандай жылмиған көкалалар. Жәңгір Кавказдан асыл тұқымды бие алғызып, көкаланы жалпақ Нарынның түкпір-түкпіріне тарататынын мәлім етті/Кейін көкаланың тұқымы 30 мыңға жетті/.

Шекара комиссиясы төрағасы Г.Ф.Генстің казак-орыстарды тексеруге алып, шектеуге кірісуі, оған жамау казак-орыс атаманы Д.Бородинмен қырғи қабақ болуы — олардың арасында белгілі бір дәрежеде абыржулық туғызды. Үкімет ордалықтардың жыртысын жырта бастағандай әсер

қалдырды. Еділ-Жайық арасынан оздерінің басыбайлы меншігі санаған казак-орыстар қос өзен аралығының көшпенділерге берілуіне наразы еді. Іштей олардың қара жұрттарына кошкендерін қалайтын. Бұл кезде терістік Кавказда черкестермен қиян кескі ұрыс жүріп жатыр еді. Черкестерді жуасыту үшін қазақтан 1000 жігіт әскерге алынады-мыс деген қауесет дүңк ете қалды. Бұл казак-орыстардың әдейі таратқан лақабы еді. Ел тағы да үрке көтерілді. 1827 жылдағыдай емес, бұл жолы Ішкі Орда қазағын Жайық сыртына алып кетудің оңтайы келгенін анық аңғарған бостандықтағы Қайыпқали ел көшіруге білекті сыбанып белсене кірісті. Алдын ала дайындап жүрген жәрдемшілерінен жан-жаққа қиқулатып шабарман жөнелтті. Өзі елді бастап Жайыққа беттеді. Оның шашбауын көтергендер — Нұралының «бес қалмағы», Орманның Шынғалиі, Мүшеғалиі болса, шылауына ергендер — Адай, Таз, Есен-темір рулары. Олар бұл кезде ел ішінде «қарашұнақ» атанған көк көз Қайыпқалимен бірге Қамыс Самар төңірегін жайлап отырған.

Елдің Жайық сыртына қашу қаупі барын алдын ала болжаған Орынбор әкімдері шекаралық кордондарды нығайтып, оған көмекке тағы да үш отряд шығарған еді. Ордадағы болып жатқан оқиғадан егжей-тегжей хабардар Орал казак-орыс әскерінің атаманы Д.Бородин Жайыққа беттеген Қайыпқалидың қарсы алдынан шықты. Қайыпқали көшті тастай беріп, Жайыққа ентелегенде жасырын тосқауылдың қақпанына түсті. Жанындағы Байбақты Науша батыр казак-орыс қамауын жарып өтіп, Жайықтың биік шаппа жарынан атын қарғытып, өзеннен жүзіп өтіп, Бұхар бетке кетті. Дүрбелең жетекшілерінің көпшілігі тұтылып, 10 адамды Финляндияға жер аударды. Қайыпқали әуелі Калмыков, кейін Орынбор түрмесінде отырды. 1830 жылы ебін тауып қашып шығып, Хиуа асып кетті.

1829 жылғы толқуға Исатай қатысқан жоқ. Ұялы сызында ханға адалдыққа берген сертінен айнымады. Ал Махамбет бұл оқиғаның бел ортасында болды. Насихат таратып, елді көшіруге күш салды. Дүрбелеңде қолға түспей Жайықтың сыртына өтіп кетіп, Ішкі Ордаға қайтып оралғанда тұтқындалған.

1829 жылғы оқиға Жәңгірге жаман әсер етті. Ол жалғыз қалды. Орыс әскери отряды ғана қорғап тұрды. Тіпті сенген адамының бірі «Хан кеңесінің» төрағасы Шөке Нұралыханұлы да аунап толқыған екі ұдай халде болды.

ҚАЙЫС НОҚТА

Жауған күндей 1829 жыл күркіреп басылды. Біршама елбасы азаматтар Жайықтың Бұхар бетіне өтіп кетті. Толқуға қатысқандар қуғын сүргіннен қорқып, түн жамылып Жайықтан там-тұмдап әлі де өтіп жатты. Шекара комиссиясының төрағасы Г.Ф.Генс зор, үлкен аппаратымен 1827, 1829 жылғы оқиғаларды түбегейлі зерттеп, ресми қорытынды шығаруға кірісті. Ол Ішкі Орданың жағдайын зерттей келіп, Жәңгірдің ел басқару ісіндегі прогрессивтік саясатына қарсы оппозиция өзегі рулық, аталық құрылымда жатыр деп тапты. Онысы рас та еді. Бұқара халық басқару жүйесінің орыстануын қолдамады. Ол баяғы «Қасымның қасқа жолы, Есімнің ескі жолымен» жүргісі келді. Бой үйренген көз қанық ата салт, жол жоралғыдан ажырау үлкенді де, кішіні де шошытты. Жәңгірдің саясатын «орыстану» деп білді.

Алайда Жәңгірді ақ патша әкімшілігі өбектеп босқа оқытқан жоқ еді. Жәңгір олардың сенімін ақтай білді. Жоқ, Жәңгірді ата жолын көз жұмып тәрік еткен патшашыл, орысшыл болды деп айыптамақ емеспіз. Ол прогресске ұмтылды. Халқының қамын жемеді емес, жеді. Оларды оқытып сауаттандырсам, іргелі ел етсем деп армандады. Біздің қайсыбір тарихшылар Жәңгірдің малын, жанын, елге салған ауыр салықтарын жіпке тізіп, осынау қыруар байлықтың бәрін жеке басының қамына жұмсаған сияқты ғып өліптеуге әуес. Әрине, ол өзін ұмытқан жоқ. Байыды, дәулеттенді. Бірақ осынау қыруар жиын-теріннің басым көпшілігі қала салуға, мешіт, медресе, мектеп тұрғызуға, бала оқытуға, дәрігер ұстауға жұмсалғанын да ескергеніміз жөн. Жәңгірдің прогрессивтік нышандарына көз жұмып, бір ыңғай қара күйе жаға беру жараспайды. Жәңгірдің ізгі ниеттерін елі ұқпады деу де артық. Оның қала салғызуы,

жұртты отырықшылыққа айналдырам деуі алғашында азды-кемді тосырқау туғыз-ғанмен, оның көздегендері біртіндеп ел тұрмысына сіңе бастады. Қыс көзі қырауда зілмәнкелерде отырудың артық-шылығына жұрттың тез-ақ көзі жетті. Ал мешіт, медресе, мектеп, училищелерде бала оқытуға кім қарсы болушы еді. Ол да қолдау тапты. Бірақ Жәңгірдің қателіктері де аз болмады. Оның ең бастысы — жастық, албырттықтан туған асығыстық еді. Мал баққан халық бірден отырықшылыққа көндіге алмайтын. Оның үстіне Нарында бірден әрі отырық-шы болып, әрі мал бағуға жер ыңғайы келмеді. Жәңгір алды-мен осыны ескермеді. Екіншіден, ел басқару әдісін орыс әкімшілік жүйесіне шұғыл бейімдеу — наразылық өртің оқыс өршітті. Үшінші, ең басты қателігі — рулық бірлес-тік-терді жойып, елді территориялық-әкімшілік әдіспен басқарам деуі.

Үшінші, аса қатерлі параны, Жәңгір мен Г.Ф.Генс тізе қосыса отырып, 1830 жылдан бастап өмірге енгізуге кірісті. Ордада орыстың жер өлшеушілері қаптап кетті. Жер-жерге қазық қағылып, белгі соғыла бастады. Бұл халықтың наразылығын күшейтті. Жәңгір мен Генс мұның бәрі кері тартпа сұлтандар мен старшындардың лаңы деп, ел билеушілері арасында екінші рет тазалау жүргізді. Бұл әрекеттің астарында 1829 жылғы оқиғада солқылдақтық танытып, өзін сатып кеткен ру басыларынан есе қайыру да бар еді. Әкімшілікке ылғи жастар келді.

Жәңгір жерді пландатып, бұрынғы кең жайылымдарды шағын-шағын учаскелерге бөлді. Олардың бәрі енді белгілі бір төлемге арендаға берілетін болды. Жер таласы күшейді. Сауда-саттық, алым-берім, пара қоздады. Малдылар, дәулеттілер жер иеленушіге айнала бастады. Кедейлер жерсіз қалды. Бұл саясат қайсыбір руларды орнынан қозғап, басқа жерге көшіріп, елді араластыруға, сүйтіп, рулық бірлікті әлсіретуге әкеп соқтырды.

Елім, халқым деген ханның шын бет бейнесі осы тұста ашылды. Оның кімнің қамын күйттейтіні анық жария болды. Жәңгір өзіне және туған інісі Мендігерейге 400 мың десятинадан ең шұрайлы деген жайылымдарды заңдастырып бекітіп алды. Қайын атасы Қарауыл қожа да 400 мың десятинаға иелік етті. Шынғали Орманұлы 700 мың,

Балқы Құдайбергенұлы 300 мың десятина жерді меншіктеді. Қысқасы, ішкі Ордадағы барлық жердің 85 проценті 25-30 аukatты шаңырақтың иелігіне айналды. Кейінгі жылдары жер тапшылығы туралы сөз қозғап шағынғанда, Жәңгірдің өзі айтқанындай: 6-7 мың шаңырақ, яғни халықтың үштен бірінің жері болмады, сондықтан олар жерді көршілес орыс губернияларынан, Каспий теңізі жағалауындағы балық кәсіпшілігі иелерінен жалға алуға мәжбүр болды.

Тарихшыларымыздың еңбегінде Исатай көтерілісінің таптық-әлеуметтік бағытын бадырайтып көрсету үшін, орданың ішкі жағдайын сүмірейтіп суреттеу басым. Адам төзгісіз қанқұйлы езгі, әділетсіздік жайлаған қоғам, аштық-жалаңаштық. Әрине, ондай атымен болмады деуден аулақпыз. Алайда Ішкі Орданың тұрмыстық әл-ауқатында ілге-рілеу-шілік болғанын да ұмытпаған жөн. Жәрмеңке, базар, сауда-саттықтың дамуы — тұрмыстың түзелуіне әжептәуір септігін тигізді. 1827, 1829 жылдары елдің Жайық сыртына кері лықсығанына қарамай, орданың тұрғыны жылдан жылға қобейе түсті. 1801 жылы Жайықтан Ішкі Ордаға өткен 5000 шаңырақ 1812 жылы — 7500, 1814 жылы — 8500, 1828 жылы — 103000 шаңырақ болса, Исатай-Махамбет дүрбелені қарсаңындағы 1834 — 16700 шаңырақ боп, халқының саны — 99.420 адамға жетті. Ал ХІХ ғасырдағы бөкейліктің тұрғын санының шарықтау шегін 1885 жылғы мәлімет бойынша алсақ — 42948 шаңырақ, 236.937 адам.

Ішкі Ордаға көшудің тоқталмауы жайылым тапшылығын бұрынғыдан да шиеленістірді.

КАЗАК-ОРЫСТАРМЕН АРА ҚАТЫНАС

Жайық казак-орыс атамандығының ұстанған саясаты да Орда тұрғындарының жағдайын ширықтыра түсті. Еділ-Жайық арасына таласты бұл екі халық арасында ұрпаққа ұлы болар достық та, жатыңа тілемейтін қанқұйлы араздық та орын алған. Пугачев көтерілісі тұсында олар бір жеңнен қол шығарып, ат тізесін қосысып, жұмыла білді. Кейін Пугачевтің қайсыбір серіктері казак даласында жасырынып

өмір сүрді. Кейбіреулері өз қауымын тастап, қазақ боп кетті. Жайық шебіндегі форпост, қалашықтарда тұрып казак-орыстанған түздіктер де жоқ емес.

Кейінгі зерттеулер казак-орыстардың арғы тегі, әсіресе Дон аймағы казактарының арғы тегі тілін ұмытып, шокынған қыпшақтар мен хазарлар екеніне сенімді деректер келтіре бастады. Жайық казак-орыстарының да бастапқы толқыны осы Дон казактарымен сабақтас. Аалайда XVII ғасырда олардың қатары великоросстармен толығып, орыс этникалық құрамы басым бола бастаған. 1632 жылғы ең көне тізім бойынша 950 казактың төртеуінен басқасы өзін великоросспыз деген.

Казак-орыстардың Жайыққа алғаш аяқ басуы 1581 жыл деп есептелінеді. Еділ өзенінде кеме тонаумен аты шыққан атамандар Митя Бритоус, Иван Юрьев, Иван Кольцо, Барбошалар Каспий теңізінде қаңғуылдап жүріп, қанжығалары қанданбаған соң, Жайық еніп, ноғайлының астанасы Сарайшыққа тұтқиылдан бас салған.

Ол кезде Сарайшықтың айналасында әрі өр суынан қорғайтын, әрі қорған міндетін атқаратын ұзындығы 5 шақырым биік жал бар екен. Қаланың ортасында көк күмбезді «би сарайы». Тарихи жазбаларда ол «Көк сарай» атанған. Сарай төңірегінде мәрмөрмен қапталған, түрлі-түсті оюлармен әшекейленген дәулеттілердің үй жайлары қатар түзеген. Қалада ақша сарайы да болған. Сарайшық Үргеніш — Азов керуен жолындағы ең басты аялдамалардың бірі. Демек, онда керуенсарай, базар болғаны дау туғызбайды. XIV ғасырда өйгілі араб саяхатшысы Ибн Батутаның жазбаларына аты іліккен қала Алтынорда хандарының саяжайы ретінде дүниеге келіп, кейін ресми орталықтардың бірі болған сыңайы бар. Себебі, Алтынорданың атақты ханы Жөнібек пен Бердібек осы Сарайшықта хан көтерілген. Кейін Алтынорда әлсіреп, ноғайлы ұлысы дәуірлеген шақта ол соңғысының бас шаһар-астанасына айналған. Шамамен осы кезден бастап қаланың іргесінде ұлыстың игі жақсылары жерленетін киелі орын — пантеон пайда бола бастады. Әзірше тарихи жазбалар куәлік етпегенмен, ноғайлының атақты ұлдарының басым көпшілігі осы киелі орыннан мәңгіге жай тапты деп сеніммен айта аламыз.

Шынияз ақынның «Сарайшықта бар екен, тоғыз ханның моласы» деп жырлауы тегін болмаса керек, сірә. Ендеше, Нұрадин, Қазі, Мамай, Орақ батыр, Ер Сидак, Алшағыр, Көкше батыр және басқа да халқымыздың адал перзенттерінің мүрдесі осында жатса керек. Қадырғали Жалайыри атақты Қасым ханның Сарай-шықта жерленгеніне куәлік етеді. Әрі Сарайшықты иісі қазақтың ұлы аруақтары жатқан жер деп біледі. Ендеше, ізі таптырмай жүрген алғашқы хандарымыздың моласын осыдан іздеген жөн.

Әңгіме боп отырған тұстағы Ноғайлының басшысы Орыс би Сарайшықты казак-орыстардан қорғай алмаған. Казак-орыстар қаланы талан-таражға салып, өртеп-бүлдіріп, алтын іздеп молаларды қопарып тастаған. Казактардың бұл айуандығын орыс тарихшылары жасырмай, ашып жазды. Орыс би орыс елшісі В.И.Лобанов-Пелепелицынге казак-орыстардың шектен шыққан бассыздығын айыптап, шағым хат табыстаған. Еділ бойына қайтып барған Митя Бригоус пен Иван Юрьев қолға түсіп, ноғайлы елшілерінің көзінше Москвада дарға асылған. Ал Жайықта қалған Кольцо мен Барбоша жандарынан қорқып Сібірдегі Ермакқа қашып кеткен.

1584 жылы атамандар Матюшко Мещеряков, Нечай Шадский, Янбулат Ченбулатов /Мешер, Шад, Шынболат сияқты фамилиялар олардың түркі нәсілдістігіне айғақ/ 600-700 Еділ казак-орыстарымен Самар өзенімен жүзіп отырып, Переволоки деген жерден қайықтарын құрлықпен сүйреп Камыс-Самарға жетеді де, Жайыққа шығады. Олар Елек пен Жайықтың тоғысындағы Қосжайық аралын пана етіп, сол жерден Қосжайық қалашығын салады.

Орыс би олармен ұдайы шайқасқанмен Жайықтан қуып шыға алмайды. 1620 жылы/екінші бір деректе 1613 ж/ олар Шаған мен Жайықтың қиылысынан қазіргі Орал қаласының іргесін қалайды. Қарулы жасақтары 600-700 адам шамасынан аспаған казак-орыстар көктемде Пешной аралына келіп, атаман, есаул, ту ұстаушыларын сайлап алып, Каспий теңізінде қарақшылық жортуылға шығуды әдет еткен.

Ноғайлы билері Жайық казак-орыстарының бассыздығына қанша рет шағым жасағанмен, орыс патшасы «олар біздің адамдарымыз емес, қашқын қарақшы» деп жауап қайтарғаны тарихи құжаттардан белгілі. Сүйте тұрып, 1586 жылдан бастап

әскери жорықтарға қатыстырып отырған. Ал Михаил Федорович /1613-1645/ кезінен бастап, олар патша сарайына тікелей бағынып, ақшалай жалақы, тегін оқ-дәрі, киім-кешек, азық-түлік ала бастаған. Патша казак-орыстарға «бастан-аяқ» иелік етуге «меншік грамотасын» берген.

Осы кездерде Жайықта орыстар тұрақтай бастаған екінші елді мекен — Гурьев қалашығы. 1640 жылы Ярославль көпесі Гурий Назарьев Михаил, Андрей, Иван деген ұлдарын ертіп, Еділ мен Каспийді құлдап, Жайықтың сағасына жетеді. Сүйтіп, мұнда балық кәсіпшілігінің негізін қалап, байырғы Балаөзен елді мекенінің іргесінен Гурьев қалашығын тұрғызады. Михаил Федорович патша қалашықтың стратегиялық маңызын жоғары бағалап, оны тас қамалға айналдыруға тәртіп береді. 1645 жылдан бастап бұл іс қолға алынады. Жайықтың балық жүретін қылқа тамағын учугтермен бітеп тастаған кәсіпкерлерге шамданған атаман Кондырев 1649 жылы Гурьевті тас-талқан қылады. Қашуға мәжбүр болған көпес Гурьев 7 жыл Жайықты маңайлай алмайды. Қайтып келіп, қала құрылысын қайтадан қолға алғанда, 1660 жылы казак-орыстар тас қамалды тағы киратады. Дегенмен, қалашықты қоршаған қамал құрылысы 1662 жылы тамамдалады. Алайда тыныштық ұзақ болмайды. 1668 жылы қаланы Степан Разин көтерілісшілері алады. Олар кеткен соң, Астраханнан стрелецтер келіп, бұзылған қамалды қалпына келтіреді. Сүйтіп, Гурьев орыс әскерінің тұрағына айналады. Алайда олар Жоғарғы Жайық казак-орысының тегеуіріне төтеп бере алмайды. 1677 жылы ерте көктемде Васька Касимов 300 жасағымен қаланы тағы да астан-кестен қылады. Гурьевті талан-таражға салып, қамбаның оқ-дәрісін түгел қотарып алып, учугтерді бұзып, ашық теңізге тайып тұрады. Астраханнан воеводалар бастаған әскер шығып, Каспий теңізінің үстінде ұрыс болады. Казактар Маңғыстау жағалауына кетіп, одан Баку асып, Донға өтеді.

1698 жылы атаман Иван Шаменок 150 казак-орысымен қаланы тағы да талан-таражға салып, қазынаны тонап теңізге қашады. Бірақ та кешікпей қолға түсіп, дарға асылады. Жайық казак-орысының теңізге қаракшылық жорықтары осымен тамамдалады.

Жайық бойын сүргінге салып, қан сасытқан казак-орыстардың бетін қайырған Әбілхайыр хан мен Сырым Датұлы. Шындығында Әбілхайыр алдымен казак-орыстарға қарсы соғыста көзге түсті. 1709, 1711, 1713, 1714, 1715, 1716 жылдардағы қақтығыстарда қазақтардың мерейі үстем боп, казак-орыстардың Ойыл, Жемдегі жатақтарын түп орнымен жойып, Жайыққа қоян-қолтық таянды. 1718, 1719 жылдары Әбіл-хайыр 20 мың қолмен Жайық қалашығын /қазіргі Уральск/ екі рет қоршады. Қала іргесінде қатты ұрыстар болып, екі жақ та әжептәуір адам шығынына ұшырады. Қалмақтардың казак-орыстарға көмекке келуі ғана қаланы талқандаудан сақтап қалды. 1820 жылы Самар бойындағы соғыста казак-орыстарға тұтқын болған 50 қазақты атаман Никита Бородин найзамен шаншып өлтірткізді. Оған жауап ретінде 1722 жылдың қысында Шаған түбінде қазақтар казак-орыстардан 70 тұтқын алды.

1723-1724 жылдары Әбілхайыр Жайық қалашығын тағы да қоршады. 1719 жылы Еділ-Жайық арасындағы қалмақтарға ойсы-рата соққы берген ол бұл жолы казак-орыстарды камалдан шығару үшін олардың одақтасы қалмақтарға тиісті. Утва, Самара Шаған өзендерінің аңғарында қазақтар қалмақ және казак-орыс әскерінің біріккен күштерімен ашық май-данға шықты. Үш күнге созылған соғыста казак-орыстар 170 адамынан өлілей айырылды. Қолға түскен тұтқын да аз болмады.

Қазақ қауымының оздерінің бір кездегі байырғы отаны Еділ-Жайық арасына аяқ басуын 1723-1724 жылдар оқиғасымен байланыстырған жөн. Қазақтардың Еділ-Жайық арасына таласты екені анық болды. Патша үкіметі бұдан қатты шошынып, Жайықтың сол жақ жағалауын шұғыл түрде форпостыларымен бекітуге кірісті. Жайық өзенінің бойын жоғарғы Жайық шебі, төменгі Жайық шебі деп екіге бөліп, жоғарғысының өкімшілік орталығын — Жайық қалашығы /Уральск/ деп, төменгісінің өкімшілік орталығын — Кулагинск деп белгіледі. Кулагиннің ірге тасы осы жарлыққа орай қаланды. Орыс үкіметінің Жайық шебін бекітуді мықтап қолға алғаны соншалық — 1734 жылы, 5 камал-қалашық, 18 форпосты салып бітірді.

Осы 1734 жылы қазақтарға Жайықтың сол жақ бетіне өтуге тыйым салған жарлық та шықты. Сүйтіп, патша үкі-

меті Қазақстан мен Россияның шекарасын Жайық өзені деп белгілеген сыңай танытты.

1742 жылы 19 қазанда қазақтарды Жайық қалашығы мен Жайық өзеніне маңайлатпау, Нарын құмында баяғыдан там-тұмдап көшіп жүрген қазақтарды Жайықтың Бұхар бетіне қуып тастап, Еділ-Жайықтың арасын тазарту туралы Орынбор генерал-губернаторы И.Неплюевтің жарлығы шықты. Бірақ қазақтар оған құлақ асқан жоқ. 1748 жылы 3000 үй Гурьев түбінен Жайықтан өтті. Жайықтан су ішу, өзен қапталын жайлау, Жайықтан өту заңдары бірде қатайып, бірде жұмсарды. Сүйтіп, Жайық үшін 200 жылға созылған дамылсыз айқас басталды.

Қазақ далаларына жазалаушы отрядтар жиі шығып тұрды. Қазақтар да есесін жібермейді. 1772 жылы Жайық қалашығы /Уральск/ казак-орыстары көтеріліс жасағанда, хат жазып, адам жіберіп, қазақтардан көмек сұрады. Ақыры осы ұзақ жылдарға созылған арпалыс қазақтардың Еділ-Жайық арасын жерленумен тынды.

Қазақтардың Ішкі Ордаға өтуі Орал казак-орыс әскерінің мазасын кетірді. Олар да тәуір жерлерді алып қалуға жанталаса кірісті. 1813 жылы олар Ішкі линия деп аталатын шептерін жөпелдем Қара озеннен Сарыөзенге көшіріп, Қамыс-Самар көлдерін иемденіп алды. Сарыөзеннің тармағына Таловая форпостын салды. Одан Жайыққа жетуге күлшынып Глинянск /Ескі қала/ бекінісінің іргесін қалады. Еділ-Жайық арасындағы шұрайлы жердің дені казак-орыс әскерінің иелігіне көшті.

Қазақтар мен казак-орыстар арасында жер дауы болмаған жыл жоқ. «Шабындыққа түсті», «шобімді таптады» деген арыз-шағымнан құлақ тұнғандай. Қазақтар мал-жанына қауіп төнген қиын жылдары козді тарс жұмып, межелерден өтіп кетіп отырды. Алысса алысудан, жұлысса жұлысудан тайынбады. Мысалы, 1834 жылы январьда Байбақты руының Жүніс Жантеліұлы, Еділбай, Жайылған ауылдары өздерінің Еділбай тұқымды көйларымен Қараөзеннің сол жағына ұрықсатсыз басып енген. Өзен шебі командирі Сумкин әскер командасын жіберсе, Жүніс қарсылық көрсетіп бағынбаған.

Осы Өзен әскери шебі «жерімізге мал жайды» деп 1832 жылы қазақтардан 2793 сом өндіріп беруді талап еткен.

Мұндай мысалдар шаш етектен. Шүйгін жерлерді, қысты күнде малға ықтасын орманды-тоғайлы алқаптарды, камысты-қоғалы қопаларды меншіктеп алған казак-орыстар қазақтардың жем-шөпке тапшылығын тамаша пайдалана білді. Әсіресе камал басшылары, офицерлер ықтасын бергені үшін, тебінге жібергені үшін қазақтарға малдарын қосып бактырды. Бос жерлерді, мал суаттарын жалға берді. Қыста шөп тұрғындары артық пішендерін сатып, пайдаға шаш етектен кенелді. Қайсыбір жылдары казак-орыстар әр шана шөпті 6 сомнан 20 сомға дейін қымбаттатты. Казак-орыстар егін екпеді, балық аулады, мал ұстады. Мал азығы үшін деп қыруар шабындықты шауып тастап, мая-мая шөп үйді ол шөптерді тасып алмай, қазақтың көші-қоны жолдарында әдейі қалдырды. Кейін шөбімді мал жеді деп дау шығарып, штраф тарттырып отырды.

Патша үкіметінің заңы бойынша, қазақтарға сорлардан түз өндіруге тыйым салынды. Ол жер байлығы деп саналды. Ал казак-орыстардың өздері қалтадан шығарған заң бойынша ағаш кесуге, Жайықтан не Атыраудан балық аулауға үзілді-кесілді рұқсат етілмеді. Мәселен, 1836 жылы Досан Жамин дегенге Жайықтан бір бекіре ұстағаны үшін Шескара комиссиясының шешімімен 30 рет дүре соғуға кесілді. Орталықтарға казак-орыс селендеріне беталбаты келе беруге де шек қойылды. Қазақтар мен казак-орыстар арасында жер дауын, мал дауын құн дауын реттеу үшін 12 адамнан «Хан депутациясы» құрылды. Олар ордалықтарға байланысты тергеу, тексеру істері жүргізілгенде хан тарапынан бақылаушы ретінде қатысып отырды.

Қазақтарды Жайықтан әрлі-берлі өткізу де казак-орыстың дәулетін молайтты. Ерте кездерде, яғни XVIII ғ. Жайықтан өткені үшін алынатын алым төбе шашың тік тұрарлық. Бір ғана мысал: 1748 жылы Мергенев форпостысының түбінен Жайықтан өткен қазақтар әр 100 қойдан 5 қой, әр түйеге бір қой төлеген. Сол жолы казак-орыстардың жиып алғаны: 800 қой, 30 жылқы, 400 қоян терісі, 100 қарсақ терісі, 1000 елтірі. Ал 1801 жылы Жайықтан өтуге патшаның ресми рұқсаты болған себепті бұл көзсіз баға көп төмендеді. Оңша жанға батпайтын шақтаулы ғана мемлекеттік тариф болды. Бірақ соның өзінде де қыр қазағына өзеннен сал арқылы мал өткізу оңай емес-ті.

Казак-орыстар осыны пайдаланып, пара алып бақты. Мәселен, 1827 жылы Сарай-шық қаласының командирі мал өткізгені үшін 25 шаңырақ-тан 100 қой, 31 шаңырақтың әрқайсысынан 7 қойдан, сөйтіп 199 шаңырақтан пара алған. Алайда келе тұра қазақтар да қуланды, қыста Жайықтан күл, топырақ төгіп, мұз үстімен өтетін болды. Не күзде су азайып, арна кеміген кезде сиыр, жылқы малдарын жүздіріп өткізуге өдеттенді. Дегенмен, бұл жылдары Жайықтан үзбей өтіп тұру — казак-орыстардың қорын әжептәуір молайтты.

Жайықтың 1818 жылы жабылып қалғанын айтқанбыз. Жайықтан Ішкі Ордаға өтуге болғанмен: кері Бұхар бетке өтуге рұқсат етілмеді. Рулар, аталар, ағайындар бөлініп, бірі Жайықтың оң бетінде, екіншісі сол бетінде қалды. Ал қазақтың өлім-жетім, бата оқу, қыз ұзату, келін түсіру дегендері болмай тұрмайды. Ал тағдыр тәлкегімен ғашығынан көз жазып қалған, жүрегін махаббат оты қарыған тас қабырғаны тесіп өтетін албырт жастарды бөгеу мүмкін бе? Ел ебін тауып, Жайықтан жасырын өтіп жатты. Осы істі заңдастырып, жария түрде реттеу үшін билет деген шықты. Бұл билетті Жәңгірдің өзі кесіп, рұқсат қағазды өзі берді. Ол әжептәуір ақша еді. 1836 жылы жалғыз билет пұлдан 50.000 сом қаражат жиналып, Орынбордағы Неплюев атындағы әскери офицерлік училищеге табыс етілді.

Міне, дауылды оқиғалар қарсаңындағы Орданың жай-жапсары осындай еді.

1832 жылғы Хан ордасындағы күлақ елеңдеткен елеулі оқиға деп алғаш рет жәрмеңкенің ашылуын айтамыз. Жәрмеңке Жаскұста алғашқы үйлері енді-енді ірге көтере бастаған Орда қаласының Саратов бетіндегі көгалды жазыққа орын тешті. Ол жер тақтайдан тұрғызылған өз алдына бір қалашыққа айналды. Дүкендер, бекеттер, қымызхана, шайханалар қатар түзеді. Алғашқы жылдың өзінде-ақ 316 ләпке жұмыс істеді. Жәрмеңке жылына екі рет: 1/15 сәуір — 15 мамыр, 2/15 қазан — 15 қараша аралығында өтетін болды. Ішкі Орда қазағының улы-шулы, думанды жәрмеңкені алғаш көргені осы жыл. Жәрмеңкеге Еділ бойындағы губерниялар, терістік Кавказ, Бұхар, Үргеніш көпестері қатысты.

КӨҢІЛ КҮРСІНІСТЕРІ

1833 жыл болды. 1828 жылғы Жәңгірге адалдыққа ант берген Ұялы сызынан бері Исатай көзге түскен жоқ. Екі сөйлемейтін, сертке берік батыр уәдесінде тұрып, Қайыпқали бастаған дүрбелеңге қосылмады. Ал Махамбет болса, сол сабылыстың бел ортасында айтақшы болып жүріп, ақыры Калмыковта екі жыл түрмеде отырып, 1831 жылдың күзінде босанып шықты.

Ел ішінде, ел басқару ісінде елеулі өзгерістер болып жатты. Жер, жайылым, шабындық, күзеу, қыстау дегендер қайтадан бөлінді. Жұрт ақ езу боп сабылып жүрді. Исатай былқ еткен жоқ. Әлеуметтік істерге араласпай, Каспий теңізі жағалауында ойларын ойлап жата берді. Батырды ойландырған не ой еді! Әрине, ол жерімнен айырылып қалам деп қорықпады. Оны қара жұрт, ата қоныстан ығыстыру қиын еді. Батыр өз қуат, беделіне сенді. Оның үстіне Жәңгірмен аңдысқан кездері жоқ, аралары баяғыша сыйластық қал-пында. Ол бұ күнде баяғыдай ат сабылтып Ордаға бара бермейді, желігі басылмаған жас ханмен ит жүгіртпін, құс салып қиқулап саятшылық құрмайды. Бұйығыланып үйінен көп шықпайды. Батыр аяқ астынан неге үйкүшік болды, теңіз жағалауында ақ бас толқыны жөңкілген Атырауға қарап күрсініп қойып, неліктен көңілсіз ойлар ойлады, не себепті Ордадан іргені аулақ сала бастады?

Жәңгірдің істері ұнамады. Орданың әр тарапынан қыстау, жайлау алған рулар бөлініп, бытырап кетіп жатты. Араға бір-жар ұрпақ түскен соң, олар бір-бірін танымайтын жат, бөтен боп кететін. Ағайындық жібі үзіліп, ата жолы тәрік етіле бастады. Батыр мұның әдейі істеліп жатқанын ұқты: ұсақтап, бет-бетіне бытырап кеткен рулар енді бас біріктіре алмайтын, ұйымдасқан күш болудан қалатын, сүйтіп хан әкімшілігіне ыдыраған шағын аталарды жеке-жеке бөксеруге жағдай туатын. Бұл бір десек, екінші жағынан ханның ел тірлігіне енгізіп жатқан жаңалықтары да батырдың көңіліне қонбады. Бәрі орыстануға бет ала бастаған сыңайлы. Хан елге басшы ғана емес, үлгі өнеге де, халық ойында, бойын да соған қарап түзейді. Ал Жәңгірдің сөйлеген сөзінде, ниет пен лиғылында ғана емес, күнделікті тұрмы-

сында да орысшылдық иісі аңқи бастады. Халық жиналған мәжілістерге басына қоқырайған папах киіп, полковниктік формасымен келеді. Хан сарайының тең жартысы орысша жиһазданған. Тамақты үстелде отырып ішеді. Қазақ тамағын менсінбейді, орыс тамағына әуес. Орыстан төрт аспаз ұстайды. Ол аздай арақ-шарап ішіп, кәйіп болатын бәлесі тағы бар. Күн еңкейді-ақ, хан сарайындағылар музыкалатып, қолтықтасып билеп жатқандары. Батырдың қауіптерінде негіз жоқ емес-ті. Ішкі Орда, отарлау саясатының идеологтарының ойынша, әуелі қазақ қауымы, қала берді Орта Азия үшін орыс мәдениетіне жуықтасудың өнегесі болуға тиіс еді. Бұл жай «Ішкі Бөкей Ордасын басқарудың тәртібінде» анық-қанық көрсетілген-ді:

«Хан басшылығынан басқа басшылықты білмейтін қазақтар біз ойлаған шұғыл, тосын өзгерістерге дайын емес, асығыстық — жартылай жабайы халық арасында орталық әкімшіліктен жырақ шекаралық далаларда соңы неге апарып соғары белгісіз жайсыздықтар туғызуы мүмкін. Сол себепті Ішкі Орда жағдайындағы дайындық яки өтпелі кезеңнің ерекшеліктерін ажырата білген жөн. Сондықтан төмендегідей іс-шара ұсынылады:

1/ Хан басшылығы Астрахандағы бөтен ұлттарға қамқорлық басқармасына тәуелді болуға тиісті, оны ханға көмек, халық тұрмысына қамқорлық деген бүркемемен хан мен Ордаға қолайлы қалыпқа түсірген жөн: ханның іс-қағазын жүргізу үшін орыс кеңсесі құрылсын.

2/ Қазақтардың орысқа бойын үйрету үшін мерзімдік Жәрмеңкелермен бірге хан ордасында үзбей сауда жасайтын мекеме болғаны жөн. Онда біртіндеп орыс халқының көбеюі — біздің уездік әкімшілік пен гильдиялық саудаға тірек боларлық уездік қалаға айналдыруға жағдай туғызары сөзсіз.

3/ Жерді ру-руларға бөліп беріп, қазірден отырықшылықты күнттаған жөн, келешекте оларды болыстарға, ауылдарға бөлшектеуге болады.

4/ Ордада орыс тілін орнықтыру үшін училище ашу керек.

5/ Ордада дәрігер, малдәрігер, ақушер ұстау керек.

Жоғарыда айтылғандарды біртіндеп жүзеге асыру — Ордада орыс әкімшілігін орнықтыруға алғышарт болмақ,

ал ол орыс әкімшілігінің ел басқару ісіндегі артықшылығына халықтың көзін жеткізер еді» /ЦГИЛ. Каз. ССР. ф.78., оп.2 д.153, л.л.10-12/.

Бұл құжатта орыстың әлгі арам мақсаты анық көрінген. Батыр оны оқымай білген сияқты еді. Бірақ ақыл иесі, ұстамды батыр ханмен жарастықтың қаймағын бұзғысы келмеді. Ел құсап бас ұрып, мәймөңкелеуді білмейтін, көңіліне жақпағанды айтып тастайтын, болат қылыштай шарт сынатын мінезі де бар-ды. Бір жағынан содан сақтанып, ханмен жүздесуден арқаны сырт салып жүрді. Оныменен енді әмпей-жәмпей бола алмайтынын іші сезді.

Исатайдың 1832 жылы ашылған көктемгі, күзгі жәрмеңкеге қатысқаны даусыз. Ол Орда еліндегі құлақты елең еткізген елеулі оқиға еді. Палуан күрес, ат шабыс болып, Ішкі Орданың ауызға іліккен әнші-күйшілері, ақын-жыраулары түгел осында жиналды. Бұл кезде ханның қоныраулы Төлеңгіт Торым палуанының аты дүркіреп тұрған кез. Жәңгірдің 1829 жылы патшадан сыйлыққа алған көкмойнақ айғырларының тұқымдары енді-енді қылтиып көзге түсе бастаған. Хан, төре балалары жаңа ғана құнан, дөнен жаска келген оларды пәуескеге жегіп, сән-салтанат құруды әдетке айналдырған. Көкмойнақ айғырлардың арасында ұзаққа шаппағанмен, орасан жорғалары да бар еді. Жәңгірдің Қарақұс деген жүйрігінің бәйге басын берме-геніне биыл бірнеше жыл. Қалың ел, кара қазақ арасы да жүдделі жүйріктерден, нар көтерген палуандардан кенде емес еді. Теңіз жағалауынан жас палуан - Тәни Түменұлы ауызға іліге бастаған.

Ол кездегі күйшілердің атасы - Беріш Ұзақ еді. Ұзақтың «Ақжелеңі» ақжелеңдердің аруақ басы. Ал ақын-жырау дегенде Махамбет, Байтоқ, Жанұзақ айтты деген сөздер ауыздан ауызға тарап, дақпырттары дабыра боп тұрған. Әсіресе, Жайық Беріш Махамбет қарымы басым еді. Оның Ноғайлы дәуірін шерлеген көне сөз, ескі әуендері жанға жаға бастаған.

Тарихшылардың суреттеуінше Орда жәрмеңкесіне жүздеген қонақтар, мыңдаған көпестер қатысқан, Көпадай жазығына көл жағалай мыңдаған киіз үйлер тігілген.

Жәрмеңкенің, оның жанында қылтиып ірге көтере бастаған Орда қаласының тірлігі батырға қандай әсер етті-бізге белгісіз.

Басқарудың территориялық-әкімшілік жүйесі дегенді шығарған Жәңгір Каспий теңізі іргесіндегі жалпақ елді — Теңіз жағалауы қисымы деп атады. Ол — I Теңізжағалауы округі; II — Теңізжағалауы округі деп және бөлінді. 1833 жылдың басында хан осы қисымға билеуші етіп өзінің қайын атасы полковой есаул Қарауыл қожа Бабажанұлын тағайын-дады. Онымен де шектелмей, Адай руының рубасы деген лауазымды қоса алды. Теңіз жағалауындағы жалпақ ел енді қисымға біріктірілген соң 25 жылдан бері Беріштердің кезек-кезек билеушісі болған ағалы-інілі Бабағали, Сүйіншіғали Жаналіұлдары орындарынан түсіп, «Хан кеңсе-сіне» жұмысқа ауысып, Ордаға көшіп кетті. Сыйласты жандар Беріштермен жылап қоштасты.

Кірмейтін есігі, шықпайтын тесігі жоқ, айтулы пысық Қарауыл қожаны ел айрықша жақтырмайтын. Ол 20 жылдардан бастап, өуелі Сығайдың, кейін Жәңгірдің қолтығына кіріп алды. Архивтік іс-қағаздарда 1823 жылдан бастап аты аталады. 1823 жылдың күзінде Сығай оған Сарайшыққа аяғын темірмен матап алып бара жатқанда қашып кеткен Исатайды іздеп тауып, ұстауды бұйырған. Қарауыл қожа Жәңгірге қызын бергеннен кейін, 1824 жылдан бастап «Базар сұлтаны» атана бастады. Ішкі Ордадағы сауда істерін қолға алды. Орда маңында жәрменке ашуға, оның жабдығын жасап, құрылысын салуға көп еңбек сіңірді. Осы кезде Жәңгірдің көмегімен есауыл деген әскери шенге қолы жетті. Белінен қылышын, үстінен әскери формасын тастамайтын шенқұмар пәле еді. Өзі еңгезердей жуантық, қаба сақал қасарған қара. Аяғын дүңкілдете басып, қарыны бұлтиып, шалқақтап жүреді. 1832 жылы Жәрменке ашылғанда, одан бұрын да «Базар сұлтаны» атанған оның талайға тізесі батса керек. Алым, жем, парадан да аузы таза болмады. Ол да бар, оған қоса «Жем бойынан қаңғып келген сарттың» енді өз ата кәсібіне сай сауда-саттықты қойып, қара қазақтың қолы жетпейтін, Шыңғыс өулетінен шыққан ақсүйек тұқымы сұлтандар ғана меншіктеген ел билеушілік лауазымға шырқап шығуы халық арасында: «Енді бізді алаяқ, сарт билеу қалып еді?»

деген наразылық тудырды. Іштей бұқара жағында болғанмен, Исатай ақылға салып, бұл оқиғаны да үн-түнсіз басынан асырды. Елдің айтағына еріп өре-түрегелген жоқ.

ХАН ТОЙЫ. БИ САЙЛАУЫ. ШАТАҚ БАСЫ

Уақыт тоқтаусыз ілгері домалап, дау-дамайлы 1834 жыл да келіп жетті. Ішкі Орда өмірі елеулі оқиғаларға толы, ал Исатай Тайманұлы өмірінің айрықша бір кезеңі осы тұсқа тарихшыларымыз мән бермей жүр. 1834 жылы Жәңгірдің таққа отырғанына он жыл толып еді. Әп дегенде оны дүң-кілдетіп өткізбек болды. Бірақ Шекара комиссиясы рұқсат етпеді: алда Николай I патшаның таққа отыруының онжыл-дық мерекесі тұрған, онымен даңқ таластырғандай болу жараспас деп ақыл айтқан сияқты. Бірақ халық арасында 1834 жылғы «Хан тойы» туралы аңыз әңгімелер жеткілікті. Той Торғын өзені бойында тоғыз ағаш үйден салынған саяжайда болды. «Төбелессіз той бар ма?» дегендей, шатақты екі оқиға елдің есінде қалған. Бірі Қоңыраулы Торым палуан мен Беріштен шыққан Тәни палуан күресі. Олар көгалда киіз төсем күрескен. Бір-бірін ала алмай итжығыс түскен. Осындай кезекті бір итжығыс үстінде Торымға қарағанда жас әрі шапшаң Тәни Жәңгірдің Қоңыраулы палуанының басынан аттап кеткен. Ол кезде бөкейліктер сән деп, аяққа жұмсақ мәсі, оның сыртынан қалың былғарыдан тігілген тақалы кебіс киеті екен. Қоңыраулы палуан солардың бірінің кебісін жұлып алып, маңдайдан ұрып, Тәниді шалқасынан түсірген. Мұның соңы дау болып, ақыры жеңіс Торым палуанға беріледі. Беріштер ханға қарсы осыдан кейін атқа қонды деп отырушы еді қариялар.

Осы орайдағы екінші әңгіме ат бәйгесі туралы. Мұндағы: «ат бәйгесін өткізу үшін арнайы комиссия құрылды, оның төрағасы Әспәмбет би, орынбасары ноғай Шомбал Ниязов еді» деген дерек құлақты елең еткізеді. Мұндағы Әспәмбет, дұрысы Есмембет, әйгілі Мақаш Шолтырұлының атасы. (Түрке — Пұсырман — Тұрмағамбет — Есмәмбет — Бекмұхамбет — Шолтыр — Мақаш). Оның 12 бидің бірі болғаны рас. Ал Шамбал Ниязов ноғай руының әрі биі, әрі билеушісі.

Ат бәйгесі жетпіс шақырым деп белгіленеді. Сүре

бәйгеге 70 ат қосылады. Осы шабыста Тәжі деген кедейдің Қар-қасқасы бірінші боп келеді де, Жәңгірдің Шыбыққарасы екінші келеді. Комиссия басшылары ханға жағынамыз деп, Тәжі сорлының байрағын Жәңгірге алып беру үшін, Қара-қасқа әу бастан шапқан жоқ, жолдан қосылды деген дау шығарады. Шабандоздар Қарақасқаның сөреден бірге шығып, жол бойы қатар шауып отырғанын айтып, шын-дыққа жақтасады. Бірақ Бекпембет пен Шамбал енді: Қара-қасқа шабатын аттардың тізімінде жоқ деп өзеуреп бол-майды. Сөйтіп оған бәйге бермеудің айла-шарғысын ойлап табады.

Тәжі: жүйрік шешен едің, бәйгемді алып бер деп Беріш Қадырбай ақынға жалынады. Қадырбай: «Бәйгенді бір алып берсе, Исатай алып береді. Ханға батырып сөз айта алатын сол» деп Исатайға сілтейді.

Тәжі Исатайға жалынады. Исатай: «Анау Шыбыққарасын жетектеп бара жатқан Жәңгірдің алдынан шығып, арызыңды айта бер. Артыңнан мен де жетермін» дейді.

Тәжі ханның аяғына жығылып, арызын шағына бергенде, Ақтабанмен ойқастап Исатай да қапталдаса береді.

— Уа, хан ием, өз тойыңда бәйгені өзін алғаның қалай?

Мына пақырдың алақанын жайдырмай, бәйгесін бер, — дейді Исатай.

— Орынды жерге де, орынсыз жерге де киліге бересің-ау, батырым. Анау «қабықтың» арасында 200 нартайлақ байлаулы жатыр, қолыңнан қақпайын: дұрыс деп білсен, содан шағым иесіне бәйгесін алып бер, — дейді Жәңгір.

— Байлық қолдың кірі, жумасаң бар да, жусаң жоқ. Халыққа ханның байлығы емес, әділеті керек, — деген екен Исатай.

Торғын жайлауында өткен хан тойына Исатай Ақтабанды алғаш рет мініп барады. Ол шашасы, тұяғына дейін түгел аппақ, бесті жастағы, ұзын тұрықты, сұлу торы екен. Батыр оны Астрахан тарапынан құмаршық қағуға келген жолаушыдан 20 пұт құмаршық, бір буаз інген, астына мініс ат беріп, сатып алады. Исатай арқасына құмаршық қаптайтын алашадан істелген ала қап жабылған жарғақ тайдың сойлы жануар екенін бірден таныған.

Осы тойдың үстінде Байтоқ пен Жанұзақ ақындар

Жәңгірге арнап мадақ өлең айтқан. Бейсеу Алаша Байтоқ «жүз терезе, қырық есік» деп хан сарайды дәріптеуі Жанұ-зақтың Бөкейге, Жәңгірге бағышталған толғауларына ұласқан:

*Бұғыданың алды бетінен,
Ешкілі бұлқын ішінде,
Бестерек, ана Еділ шетінен,
Батаевтің тұсынан
Сарқыратып қампас салдырдың.
Осылайғы Қаракөлдің шетінен
Қағушкілі ызбар сайлатып,
Арғымақ жендет аттарды
Ретімен байлатып...
Сарқыратып қампас салдырдың
Бес шақырым Баршыннан.
Қияқты пайза қолға алған
Белгілі Орал казагы
Бұқты, бұғай идеңдім
Сенің бір ғана ауыз сөзіңнен.
Қазық шапшып белгі еттің
Аңылы Самар суына,
Бұдырайған иегі Нарын құмақты.
Кәмбедей Нарында шемша бұлақты,
Тәкбір сайлап жұрт салдың
Жасқұстың мынау құмына.*

Жәңгірдің таққа отыруының он жылдығын ресми түрде дабыралау Шекара комиссиясынан колдау таппағандықтан: іс-қағаз, құжаттарға енбеген. Ал оның хан орлада бөкейліктер арасында тойланғанын ауызекі истография қуаттайды. Оларды қатерге алмай, естімеген сияқты болуымыз дұрыс емес. Той 1834 жылдың маусым айында өткен. 1824 жылы маусымда таққа отырған Жәңгірдің 1834 жылдың маусымда хандық құрғанына тура он жыл толған. Махамбет тергеушілерге берген жауабында: «1834 жылдың 9 маусымынан старшын» деуі осы тойға, тойдан кейінгі би сайлау, старшын тағайындау сыязына тура келеді.

Той соңы «би сайлау» сыязына ұласты. Бұл 1828 жылғы Ұялы сыязынан кейінгі екінші халық жиыны. Алдымен 1836 жылы Николай I патшаның таққа отыруының онжылдығы мерекесіне Петербургке баратын депутация құрамы талқыланды. Ол дау-дамайсыз тез шешілді.

Шатақ би сайлауында басталды.

Енді Исатай Тайманұлы өміріндегі осы бір шытырман тұсты, тереңірек түсіну үшін Исатай-Махамбет оқиғасына бізден гөрі біртабан жақын: көтеріліс туралы ауызша-жазбаша деректерден мол сусындаған Ығылман Шөрекұлына сөз берелік:

*Исатай мен Махамбет,
Тастемір, Дәрі, Балқы би,
Жайылған Қабыл, Жақсымбет,
Өзі бүтін тұрғанда
Азды көпке теңгерген.*

Бұлар сол тұстағы күллі Беріш тайпасының ұйытқысы болған игі жақсылары еді. Бәрі де тарихтан, шежіреден нақты белгілі адамдар.

*Берішке деген билікті
Ортасына тастады.
Тастағанның ішінде
Исатай мен Дәрі бар,
Жақсымбет, Шомбал, Балқы би,
Көңілдінің бәрі бар.
Ортаға келген билікті
Бір-біріне қимады,
Бір қазанға симады,
Бәрі дырау, бәрі нар,
Кеңеске жұртты жинады.
Ортаға келген билікті,
Ел қамын жеген халықшыл
Ер Исатайға қимады.
Өңшең дәулер күндесін:
Сөз сойлесе, мен десін,
Бір қазанға симады.
Қимағаннан ұсынып,
Құзғынға жемтік түсіріп:
— Ортамыздан сен ал, — деп,
Балқыға беріп сыйлады.
Сопымен Балқы би болды,
Би болған соң күйленді.
Халықты қойып, хан жақтап,
Әдіске шебер үйренді.*

Билікке таластың ұзын-ырғасын Ығылман дәл суреттегенмен, 1828 жылғы сыяз бен 1834 жылғы таластың аражігін айырмай, қосып жырлаған. Балқы 1828 жылы-ақ Ұялы сыязында би болған. Ол бәсекеге Шомбалмен бірге түсіп еді. Исатай осы Шомбалды қолдаған. Исатайдың өз Беріші Балқы тұрғанда, ноғай Шомбалды қолдағаны несі? 1815 жылы Балқы Исатайдың ауылын шапқалы бері: — жұлдыздары қарсы еді. Ел ауызында «Исатай даулы болды Балқыменен» деп басталатын толғау да бар. Ал ноғайлар болса, Бөкей тұсында қазаққа кеп қосылған баяғы Ноғайлының сарқындылары. Жанұзақ ақынның:

*Кешегі әкең Бөкей барында
Борсыдан безек ноғай
Өтіп еді күшімен, —*

деуі осыдан. Ал Шомбалдың аталары болса XVIII ғ. қазаққа қосылып, іргелі мықты тайпа Беріштерді ықтаған. Исатай кенже інісі Әлібайға ноғайдан әйел әперіп, Шомбалға сүйекшатыс құда да болған. Бұл тұсты Ығылман анық біліп жырлаған:

*Беріш Шомбал ноғай-ды,
Хан қасында бақ қонған.
Беріш болып сіңісті
Атасы келіп Сақмардан.*

Біраз жылдар Беріш арасында болған ноғайлар кейін жер алып, Нарынның терістік тарапына қоныстанған.

1828 жылы Балқыны хан кеңесіне өткізіп алған Исатай биыл оны орнынан кетіруге буынып-түйініп келді. Пәтуалары — әділеттіктен айырылып, ұртын параға толтырған Балқыны тайдырып, орнына Жақсымбет шешенді тағайындату еді. Олар жаңадан билеуші лауазымына қолы жетіп жатқан Қарауыл қожа мен Балқы төбелерінен күс ұшырып, астарынан ит жүгіртетінін айтпай білді.

Беріштің би-шешендері Балқының қараулығын бетіне басты. Хан оларды ауыздан қағып сөйлетпеген соң, дауға Исатайдың өзі білсек сыбанып кірісті. Жайшылықта қондыр дауысты батыр ашу қысқанда дауысы жіңішкеріп, қатты саңқылдап сөйлейтін. Махамбет «күландай ащы дауысты»

деп бекер айтпаған ғой. Қашанда терең қазып, кең толғайтын көшелі, көсем батыр Балқымен шектелмей, ордадағы былықтың бетін ашып, пердесін сыпырды. Сөз арасында Жәңгірдің де, Қарауыл қожаның да аты аталды. Батыр өсіресе жер мәселесіндегі қараулықтарға шүйліккенде, жапа шеккен көпшілік шуылдап қоштап, төре, қожалар түгін тікірейтіп томсарып қалысты. Исатай жер бөлістегі қиянатты бетке соғып айта бастағанда, ызаға булыққан Жәңгір шыдамы таусылып: «Тоқтат, арда қазақ!» деп қалды.

Тарихқа көз салсақ, шиқандай сыздап пісіп-жетілетін ұлы дүрбелеңдердің бүрқ етуіне болмашы бір оқиғалар мұрындық болады екен. Оны халықаралық саяси тілде «инцидент» деп, ал қазақ арасында «ілік» деп атайды. Ордадағы түтіні шығып, толғағы жеткен тайталастарға Жәңгірдің осы сөзі мұрындық болды. Басынан сөз асырмайтын батыр табанда жауап қатты:

*Арда деп мені сөккенің —
Ар-намысты төккенің.
Арда деген ауыр сөз
Анаңа бар ма шөккенім?!*

Қалың жиын басқа соққандай есеңгіреп, тым-тырыс болды. Исатай сөзінің сырты қаншалықты зілді болса, астары одан да жаман еді. Кешегі Ералының басын шауып, хан тұқымын қазақ арасынан қуған Сырым заманында ханшалардың көбі әскердің кергісіне ұшыраған. Соған меңзеу бар еді.

Жәңгір ел алдында жазықсыз сөгіп, арымды таптады деп, батырды би кеңесіне тәнтішке береді. Бетің-жүзің демей салғыласқан жаман дау ұзаққа созылды. Би кеңесі батырға 60 атан айып салды. Исатай олардан айыл жимай, сілкілесуден тыйылмағанмен, істің насырға шапқанын түсінген ағайындары 60 атан айдап әкеліп, Исатайды босатып алып шықты.

Ауызекі истография осы даудың төңірегін былай түйіндейді:

*Он екі би мен шұнақ хан,
Күндегелің мен екен.
Шабатының ел екен.*

*Қаныңды судай төгермін,
Қабырғаңды қойдай сөгермін.
Қалың елге кірермін,
Хан ұлына қас болу,
Қара ұлына дос болу,
Мендей ерге жол екен, —*

деп ақтық байламын айтып, ауылға тартыпты.

Исатай, Исатай төңірегіндегілер сыязды тастап кеткен соң, Балқы екінші рет тағы да би сайланады.

АТА ЖҰРТТАН АЙЫРЫЛУ

Хан тойы, оған жалғас би сайлау сыязы орданың шыған шетіндегі Торғында болған соң, теңіз жағалауындағы ел Жаманқұм, Айырқұм асып, Теректіге баспалап кеп отырған. Исатай өзіне қарасты Жайық Беріштің айғыр тобымен ауылға қайтып оралды. Би сайлауында болған оқиғаны айтып, гүмпілдесіп жатқанда, шабарман арқылы тағы бір жайсыз хабар жетті.

Хан Жәңгір бұрынғы атамекен, қара жұртты тастап, жана қонысқа көшуге жарлық етіп, мекен-жайларының жобасын картаға сызып беріпті. Онда указной старшын Исатай қонысының кіндігі — Мыңтөбе: шығысы — Ащықұдық, батысы — Кеңтоғай, терістігі — Қарақойлы, түстігі — Қобанқойлы деп көрсетілген. Хан бұл планға өзінің рұқсат қағазын қоса тіркеген. Онда былай делінген: «Аталмыш планды бекіте отырып, адал қызметі үшін старшын Исатай Тайманұлына ағайын-туыстарымен осы планда көрсетілген қоныстарды пайдалануына, көшіп-қонып, қыстауына рұқсат етемін. 26 маусым 1834 жыл. Жәңгір хан, қолымды қойып, мөрімді бастым».

Бұрынғы қоныстан Кульпин-Кокарьев кордондарының аралығы теңіз бойындағы шөбі белуардан, орманды-тоғайлы ең шұрайлы жерлер еді. Мекендерін жарып ағатын Жайық, Төптер өзендері көктемде арнасынан шығып, жалпақ жазық, көгалды жайылымдарды суға толтыратын. Су қайтқанда өлгі жерлер арасынан құлын көрінбейтін шүйгін шабындыққа айналатын, Жұрт сулы-нулы, күт-береке дарыған

ата қоныстарын «Жүзарал» деп мақтанышпен атай бастаған. Қайсыбір ауылдар зілмәңке, қарағай үй, қора-қопсылар салып та тастаған. Жайық Беріштерге бұл өңірді мекендеуге Бөкейдің де, Жәңгірдің де өзі қолынан берген куәлік қағаздары бар еді.

Би сайлауында қарсы шығып, бетіне келіп, қатты-қатты сөз айтқан батырды Жәңгір 60 атан айып тарттырып қана қоймай, біржола ықтыру үшін ата қонысынан да айырды. Бұл түбі насырға шаппай қоймайтын жаман қалық еді. Сол қылықты бұл емес, хан жасады. Қорлыққа шыдамаған Жайық Беріш аттандап атқа қонды. Найзалары қылтылдап, жасанған жасақтар Айыркүлдағы Исатай ауылына қарай төгілді. Қандары қызған өңкей өрімдей жас жігіттер Орданы ойрандатуға Исатайдан рұқсат, үлкендерден бата сұрады. Исатай батыр жағы қарысқандай, ләм-мим ауыз ашпады.

Исатай төрт-бес адам боп, Жайықтың Бұхар бетіне өтіп, Тайсойғандағы бабаларының басына дұға етіп қайтты. Содан кейін, әлі де найза сайлап, аттан түспей жүрген ағайын жұртына: «Қора-қопсы, қыстауларды Мыңтөбеге көшіріндер» деді. Жайық Беріштер оның сөзін екі етпей, сап тыйылды. Ырымшыл, жорығыш жұрт: «Аруақтар хош көрмеген ғой» десті.

Шаруа қамындағы адамдар Жүзаралдағы ауылды Мыңтөбеге көшірді. Қыстайтын жерлерді белгілеп, жер-жерден құдық қазды. Исатай өзінің қарағай үйін бұзып, Тайманшанылға әкеп қондырты. Қырау түсіп, қыс басы көрінгенде Жайық Беріш көші Мыңтөбеге қарай тізіліп жол тартты. Өкесі Тайманды жанына інісі Нысанбайды қосып беріп, бір ауыл етті де, қарағай үйге түсірді. Өзі Мыңтөбеде қалды. Батыр Қаракөбен мен Жұмағали Бояров ауылдары Қарауыл қожамен тіл тауып, байырғы қонысына барғанын естіп: «Жік түсті деген осы» деп қамықты.

ҚАРАУЫЛ ҚОЖА ЫЛАҢЫ

Қарауыл қожа көштен бері күйеу баласы Жәңгірден Теңіз жағалауын қолқалап жүр еді. Ел үстінен азық айыратын ел билеушілік дәрежесінде басқа көздеген мақсаты бар-ды.

Әңгіме етіп отырғанымыздан көп бұрын «базар сұлтаны» боп жүргенде ол Астраханның сауда-саттық компаниясына мүше болған. Полковник князь Багратионның жесір әйелімен одақ, яки компанеон еді. 1827 жылы Астрахан коменданты оның қолына ресми түрде чек берген. Қарауыл қожа бұл компанияға енуін енгенмен, мүшелік жарнаны төлей алмай, 16 мың борышты боп одақтан шығып қалу қаупі төнген. Тарихшылар Қарауыл қожаның Астраханның басқа капиталистерімен де байланысты болғанына дәлел келтіреді.

Қарауыл қожаның Каспий теңізі жағалауындағы ел билігін сұрап алғанда қоздеген мақсаты осы бір шаруаларын жөнге салу еді. Ал оған қисынын тапсаң — мүмкіншілік шаш стектен: байлық аяқ астында шашылып жатқан.

Каспий теңізінің терістік жағалауында Безбородко, Юсупов, Багратион сияқты помещиктердің иеліктері болды. Ақ патша бұл жерлерді оларға XVIII ғ. орта кезінде сыйға тартқан. Оны дача деп атады. Безбородконың меншігінің ұзындығы — 97 шақырым, ені 35 шақырым, барлығы 2.000000 десятина жер. Юсуповтың екі дачасы болды: бірінің көлемі — 115.000 десятина, екіншісі — 16 000 десятина. Ұзындығы — 208 шақырым, ені — 16 шақырым. Көпес иеліктерінің ұзындығы — 305 шақырым болып, Каспий теңізінің жағалауын /Еділ-Жайық арасын/ түгел алып жатты. Бұл жерлерде Богатинская, Порховинская, Кокарьевская, Косолинская, Камчатская /Новинская/, Вахрамеева, Баксаевкская балық аулау батағалары болды.

Безбородко жері — Гурьев тарапында: Бақсай кордоннан Коневская батағасының аралығы. Ол маңда Морфино, Александр, Приветбугинская, Ильинская деревнялары орнықты. Оларда бар жоғы 157 крепостной шаруа тұрған. Ал жоғарыдағы батағалардың тұрғыны бәрін қосқанда 50-60 шаңырақтан аспады.

Алғашқы кезде қазақтар бұл жерлерді емін-еркін жайлап жүрді. Тек 1820 жылдардан бастап әлгі аталмыш алпауыттардың жергілікті приказчиктері мұның тиімді шаруа екенін аңғарып, жайылымды, шабындықтарды жалға бере бастады. 1820 жылы Новинская батағасы /Тышқанбай маңы/ приказчигі Шеркеш ауылынан қыстап шыққаны үшін 471 сом өндіріп алды. Сол жылы жағалаудың қамысты ықтасынына

қыстағаны үшін қазақтар А.Сапожников деген көпеске мал төлеуге мәжбүр болды. Ал 1831 жылы князь Юсупов адамдары шабындықтан шоп шалқандары үшін 1.157 сом ақша өндіріп алды.

Жер тапшылығы молайып, теңіз жағалауындағы помещиктердің қоныстарын уақытша жалға алу үрдісі дәстүрге айнала бастаған кезде, Қарауыл қожа осынау қисынын тапсаң құйылғалы тұрған мол байлыққа күрп ете қалды. Ол Гурьев-тің іргесінен Тақсалған кордонына/Новинская батағасының маңы, қазіргі Тышқанбай/ дейінгі ұлан-ғайыр аймаққа иелік етті. Дәлірегі қазіргі Новобогаттан Тышқанбай аралығы. Ал бұрыннан меншіктеп келген Нарындағы Кілке мекенінде қызыл тастан, ал Бекетайда ағаштан үйі бар қожа теңіз жағалауынан тағы да жер алды. Ал Мыңтөбеге қоныс аударған Жайық Беріштердің мекеніне Адайлар мен Шеркештерді, Астраханның Қарабала уезіндегі қарақалпақтарды көшіріп әкелді. Ол қарақалпақтар негізінен Адай мен Шеркешке сіңісті.

Теңіз жағалауына 1833 жылы билеуші /«Жеті қисымның» басқа қисымдардың билеушілері: Шөке Нұралиев, Шомбал /ноғай, Жанбөбек Берғалиев, Мендігерей Бөкеев т.б./ боп келген Қарауыл қожа 1834 жылдан бастап жерін жалға беретін помещиктер мен қазақтардың арасында дөнекер болуды өз қолына алды. Ол ең алдымен Юсупов, Безбородкомен келісім шартқа отырды. Жерді жалға алғаны үшін жылына әрқайсысына 1000 сом тауып берсе болды — ол жерді не істеп, не қоятынына қол сұқпады. Қарауыл қожа бұл шаруаны жүзеге асыруға 1834 жылы қыс басында-ақ кірісті. Ол теңіз жағалауын қыстайтын шаруалардан алдымен 7000 мың ақша жиды. Сосын оған үстеме 100 мың бау қамыс шаптырды. Осының өзінен-ақ қожа келісім-шарт бойынша помещиктерге беретін ақшасын толық өтеп, кем дегенде 10.000 таза пайда тапты. Ол аздай жалға төлеймін деген желеумен елден тағы да 2.000 тоқты жиды. Бұл жалғыз ғана Юсупов жеріне байланысты жағдай.

Ал Безбородко жерін жалдаушыларға не істеді дейсіз ғой? Олардан таза 2.000 бас қой жиып алды.

Қарауылқожа жалға жер алудың салық мөлшерін заңдас-тырып, келесі 1835 жылы айнықатесіз қайталады.

Қарауыл қожаның 1834 жылы жер иелерімен жасаған келісім-шартының тексі төмендегідей:

«Қазақтар өздерінің көші-қонымен далалық шептің оң жағында, Телепенев батағасы арқылы нордтан — зюдке, ал сол қанатта князь Юсупов дачаларына дейін қыстауына болады». Бұл шекарадан шыққандар әр шаңырақ үшін 10 сом, әр мал басына — 50 тиын, тапталған мая үшін 10 сом штраф төлейді. Келісім осылай болған.

Қазақтар «норд», «зюдінді» қайдан білсін. Бұл да Қарауыл қожаға штраф деп, үсті-үстіне алым жиюға қол болды.

АЛҒАШҚЫ ШАҒЫМ

1834-35 жылдың қысында Қарауыл қожаның елден жылу жинаған заңсыздығы ізсіз қалмады. Жазда Нарынға жайлауға шыққан старшындар ақылдаса келіп, қисым басқарушының жолсыздықтарын жіпке тізіп ханға арыз жолдады. Мұны «сегіз старшынның» хаты деп атайды. Сілікпелі ұзақ шай-қастың басы болғандықтан, бұл хат иелерінің аты-жөндерін білудің айрықша маңызы бар. Олардың төртеуі анық белгілі: Жайық Беріш Исатай Тайманұлы, Тінғали Тайсой-ғанұлы, Есенгүл Беріш Үсе Толегенұлы, Адайдың Өтей тайпасының стар-шыны Тәуке Адай Досақан Жәнібекұлы қалған төртеуін жобалауға ғана болады: Есен Беріш Есмұхамбет Жан-тумаұлы, Жайықтың Тұрымтай ауылының старшыны Асан-бек Қойсарыұлы, Жайық Беріш старшындары Телеу Ай-жарықұлы, Күзембай Байқозыұлы.

1835 жылы 2 шілдеде жазылған бұл шағым бойынша Беріштер ауылына сол жылы сұлтан Зұлқарнайын келіп қайтады. Ол жағдайға қанығып, әкесіне ықпал жасауға уәде етеді.

Бірақ жас сұлтанның уәдесі орындалмады. Ал Қарауыл қожа үстіменен арыз жазылды екен деп, айыл жию орнына бұрынғыдан жаман есірді. Ол Құлмәмбет адайды басшы етіп, Сұлтанқожа, Майбас, Құлтай дегендерді 30-40 кісімен жіберіп, Исатай арызына қол қойған старшыны Досақан

Жәнібекұлының түйесі мен қойларын тартып алып, өзін жәбірлеп кетеді.

Қысқа салым жылдағы әніне басып, Юсупов дачасы жанында шаруалардан тағы да 800 сом ақша жинайды.

Бұл кезде Исатай Мыңтөбеде, яғни құмдағы бес берішті билейтін Балқы мен Қарауыл қожа иеліктерінің арасында тұрып, жер жағынан Қарауыл қожаға қарағанмен, шын мәнінде оған бағынбады. Қарауыл қожа теңіз бойындағы елді зар жылатқанмен, Исатай ауылдарына маңайламады.

1834 жылы би сайлауынан кейін Исатай хан ордасына аяқ аттап баспайды. Хан ордасына еркін барып, ханмен еркін сойлесетін Исатай 1835 жылы сұлтан Шөке Нұралыханұлының ара ағайындарына жүгінуге мәжбүр болды. Батыр хан екі арамызды келістіріп, Қарауыл қожаны орнынан тайдыруға көмектес деп, шағымшылардан 264 түйе, 127 жылқы, 19222 сом ақша жиып береді. Бұл әңгіменің бас-қасында Балқы Құдайбергенұлының баласы Бейсен де болды. Үлкен даумен мол пара қабаттаса жүреді. Ауыздары майланар жерді сезген «Хан кеңесінің» торағасы жазғы демалысқа шыққан Зұлқарнайынды қыдыртам деген желеумен Исатайларды өзі іздеп келген сияқты. Параға шүйген Балқы би де қазығы былқылдап, Исатайдай дұшпанының ауылына өзі келе алмай, баласы Бейсенді жіберген. Шөке сұлтанның ұлы Медет Шөкеұлы да осы істің бас-қасында болған. Бірақ олар уәдені үйіп-төгіп бергенмен, істі келеге келтіре алмады да, мол дүниені сіңіріп кетті.

Басы ашық анық-қанық бұл деректерден Исатай барынша шыдамдылық сақтап, дауды бейбіт жолмен реттеуге мұғдар болғанын байқаймыз. Бәлкім, іс өсітіп барып бір келеге келер де ме еді, егер араға Махамбет келіп килік-пегенде. Адуын, албырт, мәмілеге жоқ Махамбеттің ханмен араздығы мәселені тіпті ұшындырып жіберді.

Жедел дамып, қарқындаған оқиғаны бір сәтке кідірте тұрып, Өтеміс әулеті, Өтемістің он бөрісі туралы баян етудің өзі қалам ұшына сұранып тұрғандай.

III. МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ

АТА-БАБАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Махамбеттің бабалары он екі ата Байұлының Жайық Берішіне жатып, Жайықтан-Дәулет, Дәулеттен-Тумаш, Тумаштан-Жаубасар, Ерназар боп келеді де, Ерназардан Құлмәлі бұтағы боп бөлінеді. Құлмәлі әулетінің шежіресі әрі қысқа, әрі ешқандай күдік-күмән туғызбастай басы ашық.

Құлмәлінің екі әйелі болған. Бәйбішесінен Шыбынтай, Өтеміс, тоқалынан Қобдабай, Айтай туған. Өтеміс болмағанмен, тарихи зерттеулерде Шыбынтайдың туған жылы белгілі, демек, сол арқылы Өтемістің де жас шамасын болжауға мүмкіндік бар. 1838 жылы істі болған Шыбынтай «79 жастамын» деген. Осыдан шығарып Шыбынтай 1759 жылы дүниеге келген деп айта аламыз. Ал Өтеміс одан бірекі жас кіші болғанда 1760-1761 жылдары туған боп шығады.

Шыбынтай қыдыр дарыған бай адам болған. Ал Өтеміс болса жасынан-ақ Беріш руының азулы билерінің бірі. Қобдабай шаруа баққан адам болған да, Айтай жасында ерте өлген.

Өтеміс төрт әйел алған адам: бірінші әйелінен Токтамыс, екінші әйелінен Бекмағамбет, Махамбет, Қожахмет, Ыбырайым, Әйіп, Хасен, үшінші әйелінен Ысмайыл, Сүлеймен, төртінші әйелінен Досмайыл.

Өтемісұлдары өскен ортада олардың арғы тегі туралы ел тегіс білетін бір әңгіме бар. Жайық Беріштің батыры Жаубасар түрікменмен жаугершілікте ес біліп, стек жапқан 12-13 жасар баланы тұтқын ғып алып келіп, перзентсіз ағасы Ерназардың қойнына салған. Баланың аты — Құрманияз

екен. Есейіп қалған тұтқын бала өз атын да, әкесінің есімін де, шыққан тегін де жақсы білген. Ол өзінің түрікмен арасындағы Құлмәлі бектің баласы екенін айтқан да, Ерназар баласы атануға көнбей, Құлмәлі есімін сақтап қалып, өзінен тарағандарды Құлмәлі әулеті атандыруы содан. Құлмәлі ұрпағы туралы шежірелік әңгіме осы. Басқаша қирағаттау ол кезде болмаған.

Алайда соңғы кезде Өтемісұлдарының шығу тегі туралы өртүрлі әңгімелер етек ала бастады. Махамбет тарихын көп зерттеген белгілі жазушы Берқайыр Аманшин Құлманиязды парсы Нәдір шахтың ұрпағы не соның әскербасыларының бірінің баласы деп біледі.

Мұның бірі шежіре де, екіншісі сол шежірені шындыққа жақындату амалы. Бірақ екеуі де ақиқаттың ауылымен жанаспай жатыр. Тарихқа тереңірек үңілсек, бұл күрмеудің жауабын табу қиын емес.

1630 жылдары Торғауыттар Ырғыз, Мұғаджар, Жем, Жайық арқылы Еділге беттеді. Еділ-Жайық арасына қоныстанған олар кейбірде Жемнен өтіп, Кіші жүзді жайылымнан тарықтырды. Наурыз, Бақалай, Тілеуке батырлардың өмірі осы Торғауыттармен күнде шабыс, қиян-кескі соғыспен өтті. Бірде жеңіліп, бірде жеңген батырлар шепті азар ұстап тұрды. Дерістік батыста пайда болған жаңа жаудан ығысқан Кіші жүз қазақтары түстік тарапқа қарай қағылды. Ол манда Алшын ұрпағы, өсіресе Тама, Кенегес Шектілер Мұхаммед Шайбани заманынан бар еді. Самарқанд билеушісі Жалаңтөсті арқа тұтқан Алшындар XVII ғасырдың екінші жартысында Оңтүстік өлкелерге бауыр басып, Самарқанд, Хиуа, Хорезм, Бұхар төңірегіне тұрақтай бастағанына да екі ғасырға жуықтаған. «Ақтабан шұбырын-ды» да бұл процесс тіпті жаппай етек алды. XVII ғасырдың басында Жайық Беріштің Шағатай атасы Хорезмге ауды, әлі күнге дейін сол Хорезм төңірегінде отыр.

Ал Торғауыттардың тегеуіріні күшейген XVII ғасырдың 50-60 жылдарында Кіші Жүз қазақтарының Таз, Тана руларының бір бөлігін, ал Жайық Беріштердің Тумащ ауылын Манғыстау түрікмендері өздеріне қосып алды. Торғауыттармен болып жатқан батырлар ол тұтқындарға ара түсе алмады. Тек XVIII ғасырдың басында Ағатай Тума-

штардың Маңғыстаудың Өзен деген жерінде отырған бір бөлігін елге көшіріп келіп, ағайындарын түрікменнен түгел азат етем деп жүргенде, Шағадам /Красноводск/ маңайында жау қолынан қаза тапты. Ағатайдың ісін ағайыны жаубасар батыр жалғастырды. Ол 1740 жылдар шамасында түрікмендерді шауып, өз ағайыны Тумаштардан Құлмәлі және Абдан /Абдал/ ауылын алып келіп, інісі Ерназарға берді. Шежірелік жолмен Абдан /Аб-дал/ да, Құлмәлі де Ерназардың баласы аталды. Бірақ олардан түрікмен аты қалмады. Арада 90 жылдай уақыт өтіп, түркменге қолды болған Тумаштар, шынында да, түркмендене бастаған-ды. Ал олардың бөлініп қалған тармағы, сұраусыз кеткен Таз, Тана ауылдары сияқты, кейін біржола түрікмен болды. Таз, Таналар жәуміттердің Атабай руына еніп, бүгінге дейін Таздар Атрек, Сумбар өзендерінің бойындағы Қызыл Атрек, Терісаққан, Қарақала маңын жайлайды, ал Таналар Узбой жырасынан аса берістегі Ақшақұйма, Қапыландыға тоқтаған. Ал Тумаштар Красноводск, Джебел төңірегінде отыр, бұл рулар 1755-57 жылдардың шамасындағы Маңғыстауға Адай жорығы тұсында түрікмен болып үлгергендері соншалық-Жәуміт бірлестігі құрамында «ата қоныстарын» ерлікпен қорғады. Ақыры, казакқа қосылмай Жәуміттермен Үстірт асты.

Міне, Құлмәлі бұл күнде, казак пен түрікменге бірдей ортақ, арғы тегі Жайық Беріш болғанмен, беріде жаугершілікте түрікменде кеткен Тумаш руынан. Құлмәлінің түрікмен Тумаштарда әкесі, ағалары қалған. Кейін ағалары алып кетеміз деп іздеп келгенде, Құлмәлі «Жайықтығымды Жәуміттікке сатпаймын» деп бармай қалған. Кейін Құлмәлінің ағалары Хиуа хандарын қолтықтап, Үргенішке көшіп, беделді қызметтер атқарған.

Түрікменденген Тумаштардың қайсыбір ауылдары тіпті беріге дейін өздерінің казак, казак арасында Жайық Беріш екендерін ұмытпай, басқа Тумаштардан бөлініп, түрікмен мен казак арасында көшіп-қонып жүрді. 1838 жылы 12 наурызда подполковник Даниленский Орынборға: «Тайманұлы Үстірттің арғы бетінде отырған қандас ағайыны Исатай Көріпұлының ауылынан басқа жерде болуы мүмкін емес» деп жазды. Бұл Исатай Көріпұлы түрікменнен ірге айырған Жайық Беріш Тумаш ауылының бірі екені даусыз.

Өтеміс старшын әрі би болғанмен, қазақ тірлігімен онша үйлесе бермейтін Орынбор-Хиуа аралығында керуенбасы қызметін де атқарған. Сол сапарларында ол ағайын туғандарына қонып, түстеніп жүрген. Бесқалада Өтеміс те, Махамбет те, Қожахмет де, Ымайыл да, Хасен де жиі болған. Тіпті, Қожахмет Хорезмге барғанда 9 жасынан бастап қасында жүріп соғысқа қатысқан Мұса деген баласын ағайындарына тастап кеткен. Мұса дүрбелең біткеннен кейін ғана қазақ арасына оралып, дәулет бітіп, бай атанды.

Соңғы жылдары бірқатар адамдар Махамбеттің бабасы Құлманияз түрікмен де, басқа да емес, Ашпамайлы Керей, оның Балта бұтағының ұланы еді дегенді жиі айтып, жаза бастады. Ол лақаптардың астарында нендей мән барына кезегі келгенде кейінгі беттерде жауап береміз.

ӨТЕМІС ТАРИХЫ

Өтеміс Беріштің 19 азулы биінің бірі болған. Жайықтан Ішкі Орда тарапына өткенге дейін қазіргі Қызылқоға ауданының орталығы Миялы төңірегін мекендепті. Өтеміс-аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін орақ ауыз шешен, би болған адам. Ел арасында ол туралы аңыз-әңгіме көп. Бірде Тайсойған маңындағы Алаша Сарбөпе, Сатай ауылдары құдықтарынан мал суартпайды. Сонда Өтемістің айтқаны:

*Өзен, озен, өзен су,
Өзенді' тастап көшкен ит.
Өзі болған жігіттің
Түп атасын сұраған ит.
Қырда құрақ, ойда бұлақ тұрғанда
Құба жоннан құдық қазған ит.
Алдыма келсең оғымды,
Артыма келсең боғымды жерсің, —*

деп садақпен жасқап, қорқытып, малдарын суарып кетіпті.

Жоғарыдағы жолдардан «кірме», «күл» деген лақаптан Өтемістің де құтыла алмағанын байқаймыз. Түрікмен

¹Өзен — қазіргі Маңғыстаудағы Өзен қаласының орны, Өтеміс бабаларының байырғы мекені.

болған Тумаштармен бірге Беріш арасында да іргелі Тумаш атасы бар. Құлмәліні түркмендегі ағайындарынан алып келетін Жаубасар да, баланы бауырына салатын Ерназар да осы Тумаштан тарайды. Алайда бұл әулеттің түрікменнен келгені ұмытылмаған, Шағатай, Тумаштарды жат, бөтен санап, «түрікмен» атаған.

Еріккен ел өжуа, келемежге құмар өрі қазақ болған соң бір-бірінің арғы тегіне тиіспей отыра алған ба? Бірде Бөкей заманында хан ордасына Өтеміс келе қалса, хан тағы төңірегіндегі қулар жолаушылап жүрген бір түрікменге бес сом беріп: «Өтеміс кіріп келгенде, қайран бауырым» деп жармаса кет деп дайындап қояды. Түрікмен айтқанды екі етпейді. Сонда Өтеміс «бауырымдаған» түрікменді арқасынан қағып жұбатқан боп, былай депті: «Жылама, бауырым, жылама. Мына отырған Бөкей хан, асылын сұрасаң қараағаш. Қараағаштан келген жалаңаш. Құдай қалап бақ берген, астына мінер тақ берген, құдай қаласа біз де осындай болармыз. Мына отырған Шомбал ғой, елінен қашқан домбал ғой. Оның асылы Орауыл, Орауылдан қашқан он ауыл. Арбасының ізі жосылған, Байұлына келіп қосылған. Құдайым бақ берген соң, ханның оң тізесі орын болды оған. Құдай бақ берсе, бізде осындай болармыз. Бұлар саған көп болса, бес сом берген болар, мә, мына он сомды ал да орныңа отыр» депті.

Әр рудың шығу тегі туралы бір құйтырқы жоқ емес. «Түрікмен, күл» Құлмәлі ұрпағына жабысқан жабысқақ. Өтеміс Жайық Беріш атақты Жүзбатыр Сартұлы ауылымен ірге ажыраспай бірге көшіп-қонып жүрген. Ал Жүзбатыр Исатайдың бесінші атасы Ағатаймен бірге туған Есіркептің шөбере-шөпшегі еді. Олар 1801 жылдың маңында Калмыково тұсынан Ішкі Ордаға өтіп, Самар көлі Жайық өзені аралығын жайлаған. Сол жерде ұзындығы 80-100 шақырымдай Бекетай құмы бар. Қазіргі Жаңақаладан тура оңтүстікке 70-80, ал Ордаға дейін 230 шақырымдай жер. Өтеміс, Жүзбатыр ауылының жаз жайлауы осы Бекетай болған. 1803 жылы Өтеміс ауылы Самар маңындағы қыс қыстаудан жаз жайлауға көшіп шығып, Бекетайға кеп қонғанда /сәуір-мамыр айлары/ Махамбет дүниеге келген. Бұған дейін әдебиетте Махамбет 1804 жылы туған делініп келді. Бұл Махамбеттің 1841 жылғы мартта берген жауа-

бындағы дерек бойынша алынып жүр еді. Тарихшы И.Кенжеәліұлы Махамбеттің 1836 жылы 8 қарашада, 10 желтоқсанда берген жауаптарының ақынның өзі жазып, қолын қойып, мөрін басқан нұсқаларын тауып, сол дерекке сүйеніп Махамбет 1803 жылы туды деген қорытындыға келген. Бұл ұсынысты қабылдаған жөн.)

Ал тап осы жылы Ішкі Ордада ел есінде көпке дейін сақталған бір елеулі оқиға болды. Жаз айларында Астраханнан Ішкі Ордаға көшіп шыққан елдің санағын алатын офицерлерден құралған комиссия шықты. Ал санақ дегеннен қазақтың қашаннан үркетін әдеті. Қазақта мал мен баланың санын сұрау жоқ. Сұрағанмен, қазакем бірді-екілі жасырмай дәл айтпаған. Санақ комиссиясының хабарын естіп, ел Жайықтың сыртына қарай қайта дүрлігеді. Осы дүрбелеңде Ішкі Орданы тастап, елді бастап көшірген старшын Өтеміс Құлманиязулы, батыр Жүзбатыр Сартұлы, араларында Байбақтының оршіл өрені Жүніс Жантеліұлы да бар, Шанасалған деген жерде отырған Беріш, Шеркеш, Байбақты ауылдарын орнынан көтеріп, Тополинск, Зеленый бекіністерінің маңынан күзетке бой бермей Жайықтан өтіп кеткен. Осы жөнінде әскери губернаторы Г.С.Волконский Сыртқы Істер министрінің орынбасары А.А.Чарторижскийге 1804 жылы 12 сәуірде мәлімдеген.

Өстіп, старшын Өтеміс Құлманиязулы есімі орыс әкімшілігінің іс-қағаздарында алғаш рет ауызға ілікті. Бұл кезде Өтеміс 43-44 тердегі ел ағасы жасында еді.

Өтеміс сол кеткеннен Ішкі Ордаға 6 жыл жоламай, тек 1809 жылы қайта өтеді. Жүзбатыр екі ауылы тағы да баяғы мекендерінен қыс қыстау, жаз жайлауларына жер алады. Махамбет — Өтеміс шаңырағындағы Тоқтамыс, Бекмағамбеттен кейінгі үшінші бала. Оның шешесінің аты — Қосуан, ішкі Ордаға аты шыққан, мінезімен елге жаққан, аса беделді адам.

Махамбеттің жастық шағы осы Бекетай құмында өткен. Оның жырларында Бекетай аты жиі кездеседі:

*Бекетай еді тұрағым,
Айғайлап жауға тигенде
«Ағатай Беріш!» ұраным.*

Немесе:

*Біздің анау Нарында,
Бір төбелер бар еді.
Айналасы ат шаптырса жеткісіз,—*

дегенде жастық шағы откен, төбе-төбе Бекетай құмын еске алғаны ақынның. Осы Бекетай айналасында «Махамбет төбесі», «Махамбеттің ат байлаған жері» деген жер аттары әлі күнге дейін ұшырасады.

Бұдан кейін Құлманияз әулеті туралы архив материалдарында дерек жоқ. Тек 1816 жылы ғана қайтадан ауызға алынады.

16 жылы тамыз айында Беріш тайпасының ел билеушісі сұлтан Сүйіншіғали Жаналіұлы қашқындарды паналатып отыр деген себепті желеу етіп, Өтеміс ауылын шабады. Оның жанында старшын Исатай Тайманұлы және оның ағасы Төлебай Тайманұлы 45 кісімен болды.

Бұл 45 адам түгелдей Ағатай Беріштер еді. Себебі Сүйіншіғали Өтемісті шабу үшін Исатайға қол жинатқан-ды.

Бұл кезде Өтеміс Ақжонас деген жерді мекендеп отырған. Ал ол болса, Нарын құмының түстігіндегі ақ шағыл арасындағы көгілдір қатпар тасты таулы жер. Оны әлі күнге дейін «Ақжонас» деп атайды. Үстінен аттылы адам жүрсе, тау күңгір-күңгір етеді. Сол тауда «Алтынтапқан үңгірі» бар.

Исатай, Өтеміс ауылдарының іргелес сыбай көрші екенін, өзінің жастайынан Исатайдай ағаны жағалап өскенін Махамбет шығармаларында ашып айтады:

*Арыстан еді-ау Исатай,
Нетесің, тақсыр, табалап.
Құйттайымда өсіп ем
Бауырында паналап...*

Бұл жолдар Махамбеттің Исатайды бала кезінен-ақ жақсы білгенін, бұл екі ауылдың төскейде малы, төсекте басы қосылған ынтымақ бірлікте болғанын аңғартады. Ал сөйтіп берекелері жарасқан ағайындас аталардың арасы айнып, бірліктеріне жарықшақ түсуі неліктен?! Ел ішінің жікшілдік дерті ме, партия таластары, әлде орақ ауыз би, әрі белді старшын Беріш руының билеушісі Сүйіншіғали Жаналіұлының ығын ықтап, айтқанына көніп, айдауына жүре

қоймады ма-әйтеуір сол екеуі арасында бір келіспестік болған. Өтемісті шабуға құлшынған Сүйіншіғали соны жана гана үзенгіге аяғы іліккен жас старшын Исатай Тайманұлының қолымен істетті.

Бұл кезде Махамбет 13 жаста оң-солын танып қалған кез еді. Жасөспірім бала жүрегіне өз өулие көрген ағасының қол бастап келіп ауылын шабуы — қандай жара салғанын түсіну қиын емес. Өтеміс ауылының 20 жылға жуық Исатай ауылынан ірге айырып, алшақтап кетуінің, көтеріліске де бірден араласа қоймауының сыры осында жатыр.

1816 жылы ауылы шабылған кезде, Махамбет не істеп жүрді дегенге келер болсақ, әйтті-бүйтті дейтіндей бұлтар-тпас дәл дерек жоқ.

Оны тек жобалауымызға болады. Заман ағымына құлағы түрік, өзінің де көзі ашық, алымды, шалымды Өтеміс балаларын жастайынан-ақ оқытып, жақсы тәрбие берген. Өтеміс ұлдарының арасында айырықша сауатты болған Бекмағамбет, Махамбет, Ыбырайым. Әсіресе Махамбет қазақша қатты сауатты болған да, орысша да әжептәуір сөйлеп, жаза білген. Оны архив деректері құптап отыр. Сол кездегі үрдіс бойынша Махамбет ауыл мектебінде оқып, білім алған. Билер, старшындар, ауыл ағалары мектеп ашып, молдалар ұстаған. Қайсыбір ауылдарда мектеп мұғалімдері боп, әскерден қашқан татарлар істеген. Сұлтан Сүйіншіғали Жанәліұлы Өтемісті «қашқын жасырады» деп шапқанда, оның балаларын оқытатын татар молдаларын ұстап отырғанын меңзеуі де ғажап емес.

МАХАМБЕТ МЕКТЕБІ

Қалай дегенмен де, Махамбет қазақша терсең сауатты болған. Махамбеттің ақын бала атанып, өз жанынан сөз шығарып, ауызға іліге бастағаны да осы шама. «Түйеші шалға жауабы» деген өлеңін Махамбет 10 жасында шығарды деген өңгіме бар. Әйтеуір Махамбеттің ақындық қабілеті осы кездерден бастап ұшқындай бастағаны даусыз. Сол тұстың үрдісі бойынша, домбыра үйренуге де балалар ерте баулынып, 12-13 жасында күйшілік өнерге әжептәуір машыққан. Домбырашылық өнерде арнайы үйрететін

мектеп болмағанмен, оның да тәжірибеде сыналып, қалыптасқан дәстүрі болды. Шәкірттер алдымен толғау жырларын, ән саздарын үйренетін де, қолдары жаттыққаннан кейін «Ақжелеңдерге» түсетін. «Ақжелеңнің 62 саласын түгел тартқандар ғана домбырашы аталатын. «Ақ желеңнің» 62 саласын түгел игермейінше — өз жаныңнан күй шығаруға болмайды деп есептейтін қағида да бар-ды.

Ғамаша композитор, күйші Махамбет жастайынан-ақ домбыраға машықты дей аламыз. Нарын — батыстағы күй өнерінің алтын бесік отаны десек, XIX ғасырдың 30-жылдарында Ішкі Ордадағы күй атасы Беріш Ұзақ Мырзабекұлы күйші еді. Ол көтерілісті жақтаған. Құрманғазының және басқа да көп күйшілердің ұстазы осы Ұзақ. Нарында елдің күй өнеріне деп қойғаны соншалық, күй тартылған жерде ән шырқалмаған, шыбынның ызыңы естіліп, жылаған бала уанған. Сол дәстүр күні кешеге дейін айтылмай сақталып келді.

Ішкі Ордада шырқап дамыған сөз өнерінің жанры — ерлік дастандар мен толғау. Еділ-Жайық арасы — Қырымның қырық батырының туып-өскен топырағы, жаумен жағаласып ерліктің, ел қорғау, Отан сүйгіштіктің небір теңдесі жоқ үлгілерін көрсеткен жанды тарих өлкесі. «Қырымның қырық батыры» ұзақ тандар түнді күнге, күнді түнге соғып жырланды. Мұндағы жерлер, айталық: Қабыршақты /Ку-чум/, Қарасу-қарға бойлы Қазтуғанның, Талөкпе, Алты ата, Сакмар-Едігенің, Жаскүс құмы — Нәрікұлы Шораның, Қараша, Қобда, Ақтөбе, Бозан Бестерек, Балдырған, Бадашы, Бесешкі таулары — Қараұлы Сидактың, Астрахан шаһары — өз Жәнібектің, Еділ-Жайық арасы бір кезде-Орақ пен Мамайдың, Боксақ бойы-Жаңбыршыұлы Телағыстың, Қара құлан, Қалдыбай, Жалғызағаш, Жақсыбай-Күлекұлы қарт Қожақтың, Естерекұлы Тарғынның, Шыңғырлауты, Елек—Жайық арасы Айсаұлы Әметтің қонысы деп саналып, қасиет-ті бабалардың жері деп кие тұтып, қастерлей жырлаған. Әсіресе қалың Беріш жайлаған теңіз жағалауы — Орақ-Мамайдың, Телағыстың байырғы күлдігі саналып, айырық-ша дәріптелді. «Қырымның қырық батырының» біреуі Тұяқ-байұлы Ер Манаштың бейітінің жайы Исатайлардың қыс қыстауы еді.

↳ Махамбеттің жастайынан «Қырымның қырық батырын»

жаттап өскені даусыз. Ел жиналған ұзақ түндерде балаң дауыспен талай сұңқылдап жырлаған да шығар-ау. Кейін ержетіп есейтіп, көтерілістің дабылын қағып аламанға жел берген Махамбеттің қолбасшы Исатайды Орақ-Мамайдың жалғасы ретінде суреттеуі тегін емес:

*Толғай, толғай оқ атқан,
Он екі тұтам жай тартқан.
Қабырғасын қаусатқан,
Төбінгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан,
Біздің қайсар батырдың,
Жүрегін сөйтіп оятқан,
Кешегі Орақ пенен Мамайдай,
Батырлар, шіркін, болар ма-ай. 1*

Осының өзі-ақ Махамбеттің «Орақ-Мамай» жырымен етене таныс болғанын аңғартады. Академик Әлікей Марғұланның пайымдауынша «Қырымның қырық батыры» жырының негізін қалаған атақты Сыпыра жырау туралы XIV ғасырда араб саяхатшысы ибн Батута Сарайшықта болғанда оны елі күдайдай табынған даңғайыр жырау екенін жазып кеткен. Махамбет осы бір жыр мұхитындай ортада туып өсіп, табиғатынан сөз өнеріне жақын дарын болғандықтан, оның інжу-маржанын теріп өсті.

XIX ғасырдағы сөз өнерінің батырлық дастандармен тығыз астасып, етене кірігіп жатқан екінші парасы-толғау. Ол қазақ поэтикалық өнерінің шырқау шыңдарының бірі. Ол қазақ, ноғайлы қауымының мұңын мұндап, жоғын жоқтауға, өткенін толғап, болашағын болжауға ең бір оңтайлы өресі мол, ауқымы кең халықтың өзі тудырған поэзияның үлгісі болды. Ол жыраулық өнер деп аталды да, жыраулардың беделі халық арасында бек, сұлтандармен шендесті. Бір ғажабы — көптеген жыраулардың өздері әрі аты шулы атақты қолбасы батыр да болды. Шамасы, жағаласып жүріп, елдік мәселелерді айтып, орындау үшін, жалғыз ділмөрлік аздық еткен сияқты. Толғауларды таза поэзиялық туынды деп қарау оның шеңберін тарылтқандық, толғауда халқымыздың дүниесауи ойлары, әлеуметтік философиялық түйіндері де жатыр. Тіпті, толғау саяси, әлеуметтік, философиялық мәселелердің терең қозға-

луымен ерекшеленеді. Қоғамдық озекті ойлардың тамаша поэтикамен берілуі-толғаулардың тындаушыға ықпалын, әсер күшін еселеп арттырған. Қазақ халқының классикалық толғаулары — өзінің мазмұны жағынан қайсыбір философиялық шығармалардан кем түспейді. Түптің түбінде біз егер қазақ халқының байырғы философиялық ойын жинақтар болсақ, осы толғауларға жүгінеріміз хақ. Дала философы атанған жырауларыдың бірі — Асанқайғы.

Халқымыздың өлең жырында, философиясында, тарихында із қалдырған көне жыраулар деп — Қазтуғанды, Асанқайғыны, Доспамбетті, Шалғезді айтамыз. Бір ғажабы — осынау жыраулардың барлығы дерлік Еділ-Жайық арасында туып өскен. Толғауларының дені де осы қос өзен арасын мекендеген халықтардың, қоғамдық құрылымдардың ішкі-тысқы жағдайларына арналған. Олардың халық санасына тигізген әсері орасан зор болды. Олардың сөздерін Құран сөзінен бір кем көрмеді. Қазтуған, Асан, Шалғез толғаулары толғанғанда қалың ел сілтідей тынды. Ол толғаулардың қайсыбірі жорық жырларына, халықтың әнұранына айналды.

Міне, Махамбет тағдыр жазып, осы құнарлы топыраққа дер кезінде бусанған дән боп түсті. Ол қаршадайынан-ақ оларды жаттап өсіп, жыраулық өнердің қыр-сырына қанығып, тұнығынан жүзіп ішті. Бәлкім, солардай болсам деп армандаған да шығар, ал заманына дөп келген тарихи оқиғалар оны өзінің иіріміне алды да, аспанға лақтырып шығандатып жіберді. Тағдыр оған сорды да, дабыралы дақпыртты да өзге жыраулардан артық сыйламаса, кем сыйлаған жоқ. Махамбет өзінің творчестволық қуаты, диапазонының бұрынғы жыраулардан кем соғып жатпағанмен, өзі кие бола тұрып, асқақтамай, дараланбай, өзінен бұрынғы киелерді пір тұтып, солардың көктеген бұтағымын деп есептеді.

Жыраулар мектебіне ұқсастық тән, бірақ ол әсте еліктеу-солықтау емес, көзжұмба қарабайыр тақпа-тақ қайталау да емес. Олар бір-бірін дамыта жырлаған, референдік қайталауларға біле тұрып барған, өзінен бұрынғының сөзін тірілту оны мойындап, ұстаз тұтумен бара -бар көргенділік белгісі саналған. Мұндай жайлар Махамбетте де кездесіп отырады.

Ол бірде:

*Балдырғаны білектей,
Баттауығы жүректей, —*

деп Қазтуғаншыласа, екіншіде:

*Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер күн қайда, —*

Немесе:

*Мен ақсуңқар құстың сойы едім,
Шамырқансам, тақсыр, кетермін...
Мен кеткенмен, тек кетпен,
Сізден артық табармын...
Ашуыма көп тиге —
Өзекті жанға бір өлім —
Ордаңды талқан қылып шабармын, —*

деп, арқалы Шалғез жырау сорабына салады. Бірде сөзбе-сөз қайталанса, екіншіде мотив қайталанады. Бірақ қай-қайысысы да ерсі емес, мектеп ауқымына сыймды.

Міне, Махамбет осынау поэтикалық-музыкалық үрдістерде тәрбиеленіп, буыны бекіп, ержетіп, есейіп келе жатты.

ӨТЕМІСТІҢ ӨЛІМІ

Енді 1816 жылғы оқиға қалай шиеленісіп, немен бітіп, немен тынды-соған келейік. Өтеміс мал-мүлкі, дүние-жиһазы таланғанын мәлімдеп, әуелі Сығай Сұлтанға, сосын Астрахан губернаторына шағым берді. Бірақ одан ештеңе өнбеді. Өзінің ақсүйек тұқымы Сүйіншіғалиды жығып бермеді ме-әншейінде пара түсер егесті даулы істердің маңайында қарғылы төбеттей шырғалап шықпайтын Сығай бұл жолы бөксе қозғап былқ етпеді. Содан Өтеміс келесі жылы көктемде керуеншілермен ілесіп Орынбор барды да, Шекара комиссиясы мен Орынбор әскери губернаторына арыз етті. Мұны естіген Сүйіншіғали сұлтан қалтасын би-старшын-дардың «Өтеміс Құлманиязұлы — барымташыл, үйінде жасырын қашқын ұстайды» деген айғақ қағаздарға сықап алып, жалма-жан Орынбор жөнep берді. Арызы мен парасын тиісті жерлерге тықпалап, жазықсыз

жәбір көріп, әділет іздеген Өтемісті Орынбордың Ордонас-гауыз қапасынан бір-ақ шығарды. Ол теңдік ала алмаған құсадан ба, әлде сырқаты салдарынан ба, осы түрменің аманат үйінде 1817 жылы 2 қарашада өлді делінген.

Сүйіншіғалидің қырсығынан түрмеге жабылған әкесінің арын арлау үшін Орынборға іле-шала ересек балалары Тоқтамыс пен Бекмағамбет келеді. Тарихи дерек олардың әкесін ақтап алғанына куәлік етеді. Ақтап алып қана қоймай, шешіне кіріскен Өтеміс ұлдарының осы әрекеті салдарынан Сүйіншіғали сұлтан бес адамымен қамауға алынып, абақтының дөмін татады. 1818 жылы Шекара комиссиясы Сүйіншіғалидың інісі Бабағали мен Исатай Тайманұлынан Сарайшық түрмесінде тұтқындап отырып, мал-мүлікті өндіруге қатал шешім шығарады. Исатайдың түрмеден Жүзбатырдың селбеуімен босанып шыққанын жоғарыда баяндағанбыз.

Міне, бұл оқиға осылай бітіп еді. Алайда сөзден соз балалап, күдік туғызып тұрған бір жері — Өтемістің өлімі. Тарихшылардың айғақтауынша, ол 1817 жылы 2 қарашада Ордонас-гауздың аманат үйінде дүние салған. Ал екінші бір деректер осы уәжді теріске шығарады. 1819 жылы Өтеміс Ысмайыл деген баласымен Кіші Жүздің ханы Серғазының керуенбасы боп Хиуа ханы Мұхамбет Рахманға сапар шегіп бара жатқанын бір көрсек, 3-қаңтар 1819 жылы Сығай сұлтан: Орынбор Шекара комиссиясына Беріш руы Жайық атасы старшыны Өтеміс Құлманиязулының қартаюына байланысты оның орнына баласы Тоқтамыс Өтемісұлын старшын ғып тағайындауды өтініп қатынас жазады. Сығайдың өз қарамағындағы басы даулы, белгілі старшынның өлітірісін білмеуі мүмкін емес. Оның Өтемісті қартайды дегеніне қарағанда, Өтеміс бар-жоғы 59-60 жаста еді, ол жазықсыз жападан науқасқа шалдыққан сыңайлы. Әлде азулы старшынды орнынан тайдырудың амалы ма? Қалай дегенмен, әйтеуір 1819 жылы Өтеміс тірі болған. Оның Серғазыны сағалап, Хиуаға баруы- өкпелі жанның қылығына үксайды. Әділдік бермеген Ішкі Ордадан кеткісі келуі де ғажап емес. Бүкіл ел тізгіні қолында ілік-шатыс сұлтандар әулетімен ұстасудың ақыр түбі не боларын ақылды Өтеміс алдын-ала болжаған сияқты.

Ал Өтемістің түрмеде аманат үйінде өлгені рас. Балалары оның сүйегін елге жеткізе алмай, сол Орынбор маңында жерлеп, басын көтеріп, үйін тұрғызған. Асылы, Өтемістің өлімі мен Хиуаға сапарын куәландыратын даталардың бірінде жаңсақтық бар. Келешекте бұл мәселе де ақи-тақи анық-талады деп ойлаймыз.

3 қаңтар 1819 жылғы Тоқтамысты старшын ету жөніндегі Сығайдың ұсынысы сол 1819 жылғы маусым айларында Шекара комиссиясынан қолдау тауып, 1820 жылы Орынбор губернаторы бекітіп, қолына мөр бергенін білеміз.

ӨТЕМІСТІҢ ОН БӨРІСІ

Өтеміс дүниеден озғаннан соң, мал-жанды, көп балалы шаңырақ Өтемістің екінші әйелі Бекмағамбет, Махамбет, Қожахметтердің шешесі Қосуанның аузына қарады. Қосуан кісілігі мықты, ақылды, мінезді, досқа да, жатқа да басы сыйлы бөйбіше адам болған. Балаларының алды атқа мініп, елге бас-көз боп қалғандарымен, Өтеміс әулетінің ішкі-тысқы тірлігіндегі көп мәселе осы Қосуан ананың ауыз ыңғайына қарай шешіліп отырған.

1820-1821 жылдарда Өтемісұлдары туралы ауыз тұшып, құлақ елең етерліктей дерек жоқ. Тек 1822 жылы Бекмағамбет Өтемісұлының Сығайдың қолдауымен, өз ауылына старшын болып ұсынылғаны белгілі. Бірақ ол бекиім дегенше Ішкі Орданың басшылығы өзгеріп, Жәңгір хан сайланды. Жас хан, неге екені белгісіз, Бекмағамбетті жаратпай, Шекара комиссиясына хат жазып, оны старшындыққа бекітірмей тастады. Бұл лауазымға оның он шақты жылдан кейін ғана қолы жетті.

Жәңгірдің таққа отырысымен Өтемісұлы Бекмағамбетке шетқақпай көрсетуінің сыры неде? Сүйіншіғали Жанәліұлын Орынбор түрмесіне, оның інісі Бабағали Жанәліұлы мен Исатайды Сарайшық түрмесіне жапқызуға қатты құлшынған, оның жолын кесуге осы қарсыластары күш салса керек. Бұл кезде Исатай жас ханға айтқанын істететіндей қатты ықпалды болды.

Осыдан кейін Өтеміс ұлдары туралы архив деректері тағы да үзіледі. Бұл ақтандақ тұстарды толтыратын ауызекі

әңгіме көп болмағанмен, қараңғы тұсқа жарық пашатын саңылау жоқ емес. Махамбет жасы жиырмадан әрі асып жығылғанмен үйленбеген, тіпті үйлену ойына да кіріп шықпаған тәрізді. Ол кезде бесік құда, бел құда жоралғылары болатын. Енелері келешек келіндеріне ен салып, жіп байлап қоюшы еді. Махамбеттің ондай нөқта қосағы болды ма, болмалы ма — ол да белгісіз. Шамалауымызша: Махамбеттің тек жүрмегені, үйкүшік боп үйде бұғып отырмағаны анық. Ол осы кезде жыршылыққа, күйшілікке әбден ден қойған сияқты. «Қырымның қырық батырын» түнді түнге соғып жырлады. Махамбет — тамаша әнші де болған өнерпаз. Ел аузында Махамбет айтқан ән еді деп шырқалатын «Бес тайпа», «Үш тайға» деген әндер сақталған. Әннің сөзіне қарағанда «Үш тайға» әнін Махамбет біреуден үш тайға қалап алған. Ал «Бес тайпа» әнін Махамбет өзі шығарды ма, әлде басқаныкі ме-анығын айту қиын. Махамбеттей өнерпаз өз жанынан ән шығарды десек, ешкім оған таңырқай қоймас. Жанына өнерлі жастартың қызды ауылды қырындай серілік те құрған сияқты. Ішкі Орданың коздің жауын алар кербез керік хас сұлулары Шеркеш Бекпембет ауылы мен қазақ-ноғай Шомбал ауылында еді. Шеркеш ауылының қыздары аршыған жұмыртқадай аппақ, беттері кіршіксіз таза, шетінен көзді, мұрынды, кескінді келетін. Жәңгірден бастап хан тұқымы сұлтандар Шеркештен қалыңдықты көп алды. «Торы айғыр, тоқпақ жалды тоғайда бар, хас сұлу көзі күлім ноғайда бар» деп бекер айтпаған. Кермеқас, қараторы қазақ-ноғай қыздары да аттылы түсіп, жаяу жатып қарағандай еді. Олар Жайықтың бергі бетінде де қазақтармен бірге болып, негізінен Беріш тайпалық қауымына кірді.

Қылшылдаған жас, арқа қонып, өнер дарыған Махамбет сүйдім-күйдім ғашықтық азабын тарпады дейсіз бе?! Оның 30-дан асқанша үйленбегеніне қарағанда махаббаттан жолы болмағандай. Хан тұқымы, сұлтандар әулетімен құдандалы болуға өуестенген Шеркеш пен ноғайдың сұлулары оны: «Құлағы түкті құл ұлы» деп менсінбей, әжуә еткен. Ғашықтық дерті-тән дерті емес, уақыт шіркін емдемей қоя ма?! Махамбет айналасына бозбала жиып, серілік сергелденін балтырдан кешіп, толғауын толғап, әнін шырқап дара-думен қызық кешіп жүре берген. Оның жырау атағы осы кезде

ауызға ілікті. Сонымен бірге ол өз жанынан да өлең құрап, сөз шығара бастады, оның осы бір жастық буына масайған, жігіт-желендік дәуренді шағында, асып-тасқан қамсыз көңілінен төгілген алғашқы жырлары деп: «Еңіреу ұлы емшек боз» деп басталатын өлеңін айтуға болады:

*Еңіреу ұлы емшек боз
Ер мінген күні берік болсын.
Еменнің түбі сары бал
Ер ішкен күні көп болсын.
Түзге аттанып шыққанда,
Душпаның қарсы келгенде,
Ер дініне берік болсын.*

Бұл, әрине, жастық — мастық туралы, жолдастық, сертке айнымас беріктік туралы көлемді кең толғаудың уақыт сарабынан өтіп, шашылып-жоғалып, бізге жеткен жұқанасы ғана. Соның өзі де аз сыр аңғартып тұрған жоқ.

~~Сөмбі-ақ Махамбеттің осы тұстағы ел аузына кең жайылып, көп тараған тәжу-маржанының бірі «Жалған дүние»:~~

*Қоғалы көлдер, қом сулар,
Кімдерге қоныс болмаған.
Саздауға біткен құба тал
Кімдерге сайғақ болмаған?
Басына жібек байлаған
Арулар кімнен қалмаған?
Таңдап мінген тұлпарлар,
Несін қайда жаяу салмаған,
Құландар, ішпес бұршақ қақ,
Кімдерге шербет болмаған.
Садағына сары шіркей ұлап,
Жау іздеген ерлердің
Қайда басы қалмаған? —
Ішелік те әселік,
Мінелік те түселік,
Ойналық та күлелік.
Ойласаңдар, жігіттер,
Мынау жалған дүние
Кімдерден кейін қалмаған.*

Бұл толғаудан да бәрі өткінші, жалған дүние, тірліктің мәні өмірді қызықтау деген сынды жастыққа тән албырт

қоңілдің бейғам байламы анық байқалады. Аталмыш жырларды 1822-1827 жылдар аралығы деп таңбаласақ, шындықтың ауылынан тым шалғай кете қоймаспыз.

Мұндай толғау Шалғезде де бар. Жалғыз бұл емес, Махамбет жырларында Шалғез сарыны, жекелеген жолдар мен тіпті шумақтар да ұшырасады. Ақындар мұрасын зерттеуде толымды іс тындырған ғалым М.Мағауин «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет», («Ана тілі», Алматы, 1992) атты кітабында: «Сондықтан да кейінгі жыраулар қобіне Шалғезді қайталау сияқты боп көрінеді. Ал, талант, сөзден маржан тізу жағынан тағы да тайталаса алмайтынын ескерсек, соңғы заман жырауларының Шалғез көлеңкесінде қала-тынын көреміз». (62 б.) дей келіп, Махамбеттің Шалғезді қайталаған жолдарын куәға тартқан. Алдымен, Махамбетте Шалғезді қайталаған жолдарды алып тастаса да, Махамбет болып қала береді. Оның ұлылығына нұқсан келмейді. Екіншіден, Махамбеттің Шалғезді қайталауына тарихи себеп бар. Ордың бойын орыс алғанда қазақ арасына қоныс аударған ноғайлының Қояс аталары (Шалғез ауылы) Беріш-терге кеп қосылып, ұзақ жылдар қоңсы болған. Тек беріде ғана, ес жиып, етек жапқан соң, енші алған. Бұл әңгіме Кіші Жүз шежірелері мен өлең-жырларында анық-қанық айтылған. Осы Қояс руының оқымысты қариясы өз шежі-ресімен жазған мақалаларында Шалғез ұрпақтарын бүгінге дейін тарата келіп, Ақбура батыр мен Беріш Саржала батыр дос болып, Шалғездің бесінші ұрпағы Аружан батырдың 25 үйі Беріштерге сіңісіп, ұзақ жылдар ара-жігі ажырамағанын әңгімелейді. Бұл оқиға Өтеміс (Махамбеттің әкесі) мұрасы мен Ығылман дастанында да сөз болады. Демек, біріншіден, Махамбет Шалғезді өзінің рулас қандасы ретінде қайталаса, екіншіден — мұнысы Шалғезді малдану емес, керісінше тірілту, яки жыраулық дәстүрдің жалғастығынын айғағы. Кейінгілер бұрынғыларды тірілтіп отырмаса, байырғы ой, сөз маржандары бізге жетпеген болар еді. Шалғез өнерінің өлмес қуатының молдығы соншалық — оның Бұқар, Үмбетейлер де, тіпті башқұрт Салауат Юлаев та қайталаған. Зерттеуші Қ.Сыддықов бұл орайда бұлтартпас дәлелдер келтіреді. Мәселен, Шалғездің «Жауынды күні көп жүрме» толғауы Бұқардың «Сәлем сөздің анасында» қайталанса, Шалғездің:

*Ау, бөрілер, бөрілер,
Бөрімін деп жүрер ер.
Әрбіреудің баласы
Алтау болар, бес болар
Ішінде абаданы бір болар.
Абаданнан айырылса,
Олардың әрбіреуі
Әрбір итке жем болар, —*

жолдары Бұқардың «Айтар болсаң, Алланы айт» толғауында түгел кезігеді. Бұдан Бұқар Шалғездің көлсеңкесінде қалды деген қорытынды шығара аламыз ба?

Соңғы жылдары Махамбет өлеңіне «жиендік» жасаушылар көбейді. Әлбетте, жақсыға қызығушылық болмай тұрмайды. Ақынның «Ереуіл атқа ер салмай», «Бекінің садақ асынбай», «Хан емессің — қасқырсың» толғауларын ешқандай дәйек-сіз, көңілдің қалауымен өзгелерге зорлап тану етек алды. Бұлай істеуші-лердің пайымдауынша, әлгі толғауларда Махамбеттікі дейтін-дей анық адрес жоқ екен. Ал, оны Ақтамбердінікі, не бас-қанікі деуге қандай анық-қанық адрес бар? Бұл толғаулардың Махамбеттікі екені бұдан 100 жыл бұрын жүздеген адам-дардың аузымен куәландырылған. Бұл орайдағы басты дерегіміз де, айғағымыз да халық бола тұрып, халықтан ал-ғанымыздың айнала беріп тонын айналдыруға қандай қа-қымыз бар? Терең текстологиялық талдауларға бармай-ақ, аталмыш толғаулардың Махамбеттікі екені ақынның «Қақақұлап шақырмай», «Қарағай шаптым шандоздан», «Жақия», «Әрәйна», «Мен қарақұстан туған қалықпан» жыр-ларындағы сарын, сөз саптау ұйқас, ырғақ — бәр-бәрінен андалап тұрған жоқ па? Ал, «Ереуіл атқа ер салмайдағы» ереуіл сөзі — Исатай-Махамбет көтерілісімен бірге қалыптасқан, олар көтерілісті — ереуіл деп атаған. Ол қазақ лексиконына сол кезден бастап енген.

Өтеміс әулетінде ілкі ұлдар ер жетіп, атқа мініп ел тізгінін ұстай бастағанмен, өкенің қара шаңырағы Қосуан бәйбішенің қолында қалды. 1822 жылы Бекмағамбеттің өз ауылына старшын ұсынылуына қарағанда, Өтеміс тұңғышы Токтамыс Жайықтың көрші-сыбай басқа тармағына старшын болған сыңайлы. Бұрыннан ұстасып жүрген кәнігі қарсыластары Бекмағамбеттің айдынын асырмай, бағын байлады.

Осы кезде Өтемістің қара шаңырағының ырысы Қосуанның ең сүйікті ұлы әрі тірегі Қожахметтің қолына көшті. Ол өзі ауызбатыр, еркөңіл жомарт, айналасына үйірімді жігіт болып өсті. Біртіндеп Қожахмет шаңырағы Қосуан шеше отырғандықтан ғана емес, өзінің қонақжай, келімді-кетімді жұғыстығымен де Өтемістің бас отауына айналды. Қожахмет ірі, толық бұйра сақалды, жүндес ер-шоралау адам болған. Үйленбеген Махамбет, басқа іні, алыс-жақын ағайынның бәрі осы Қожахметті сағалады. Қолы ашық, тарыл-майтын жомарт мінезіне орай өзіне дәулет те мықтап қонды. Өтеміс балаларының арасында малды, жанды дәулеттісі де Қожахмет болды.

Шамамен 1825-26 жылдары Өтемісұлдарының табалдырығын қасірет аттады. Аз күн төсек тартып, бас көтерген ағалары Тоқтамыс кенеттен қайтыс болды. Ол Өтемістің бәйбішесінен кіндіктен жалғыз еді. Тоқтамыс қазасына Өтемістің туған ағасы мыңғырған бай, танауынан есек құрты түскен Шыбынтай да артынып-тартынып жетті де, жатбауыр бола бастаған ағайынның басын өстіп, топырақты өлім қосқан-ды. Жастайынан қыршын кеткен Тоқтамысқа жоқтау айтылып, у-шу болысып, ағайынның көз жасы құрғамады.

Осы жылдары Махамбет Ішкі Ордадағы Жөңгірге оппозиция топтың ықпалына ілесті. Оның басы «бүлікшіл сұлтан» Қайыпқали Есімұлы еді де, білдірмей қозғаушысы төренің ерқара батыры Шыман /Шынғали/ Орманұлы еді.

Осы жылдар шамасында Махамбет Қылышкескен Шіркеш Манап ауылының қызы Ұлтуғанға үйленді. Ел аузында «Ұлтуғанды ханға қастасып алды» деген сөз бар. Сұлтан-дармен, ханның өзімен сүйек шатыс боп, мықтылардың қолтығына кіріп алған Шеркеш ауылы оған қыз бергісі келмеген сияқты. Бірақ Қайыпқали мен Шыманға арқа таңған Махамбет қалыңдығын күштеп алған. Ұлтуғаннан Махамбет бір ұл, екі қыз сүйген. Ұлының аты-Нұрсұлтан, қыздардың есімі белгісіз.

1827 жылы ішкі Ордада жаман жүт болды. Қар қалың түсіп, аяқты мал қолға қарап қалды. Көктемге ілікпей, мал біткеннің сіргесін жиятындарына көздері жеткен ел 1827 жылдың наурыз айында Жайықтың сыртындағы баяғы қара жұртқа қарай жөңкілді. Амал-айласын асырғаны бар, пара бергені бар, теңіз айналып өткені бар, 1887 шаңырақ

Жайықтың сыртына құлады. Жәңгірге қарсы топ-бәрі аяқ астынан болды да, мұны білмей қалды. Әрі өздерінің ел бастауға дайындықтары да жоқ еді.

1829 жылы черкестердің көтерілісін басуға қазақтан 1000 қол алады екен деген қауесет дүңк ете қалды. Жең ұшынан жалғасып, топ құрып іргелерін нығайтып жүрген Қайыпқали мен Шөке Нұралыханұлы /Бөкей мен Сығайдың інісі/ білекті сыбанып, шұғыл іске кірісті. Олардың мақсаты-елді Ішкі Ордадан көшіріп алып кетіп, оздері хан болып билеу еді де, Жәңгірдің хандығын әлсіретіп, дандайсы бастаған жас ханның түбіне жету еді. Олардың шылауында Есентемір, Таз, Адай рулары болды. Ал Ішкі Орданың бас тірегі қарағайдай қалың Беріш еді. Ең бастысы-соларды қозғау керек-ті. Аты мәлім, орақ ауыз жас жырау Махамбеттің күш-жігерін Қайыпқали осы мақсатқа пайдаланбақ болды. Махамбет ел аралап, Беріштерді арғы бетке көшуге үгіттеді. Бірақ Махамбеттің қалай, не деп жырлағаны есте жоқ, ел аузында сақталмаған. 1829 жылғы оқиға туралы білетініміз: Орал қазақ-орыс әскерінен атаман Д.Бородин бастаған үш отряд шығып, Жайыққа беттеген елдің алдын бөгеп, өткізбегені.

Осы бүлікке мұрындық болған он шақты адам тұтқынға алынып, сотқа тартылды. Олардың ішінде сұлтан Қайыпқали Есімұлы, Байбақты батыры Науша Қаржауұлы, Қаратоқай Мәмбетұлы, Шеркеш Жақсыбайұлы деген старшындар да бар еді. Осы қозғалыста Махамбеттің шылауына ілескендердің қатарында Үсе болды ма, болмады ма белгісіз, оның баласы Үбі де бар еді. Жәңгір адамдары оны ұстап алып, маңдайына шыжғырып таңба басқан. Сосын патша соты итжеккенге жер аударып жіберген. Қозғалыстың насихатшысы болғаны үшін Махамбет 1829 жылдың жазғытұрымынан 1831 жылдың күзіне шейін Калмыков түрмесінде отырды. Ол туралы ақыннан бір шумақ қана «Зынданда» атты өлең қалды:

*Кеше біз зынданда жатып құбылдық,
Камалаған көп дұшпанға қор болдық.
Терезеден телміріп,
Ағайын мен туғанды
Бір көруге зар болдық.*

Ол Калмыков түрмесінен оба індеті басталуына байланысты Орынбор әскери губернаторы Сухтеленнің рұқсатымен 1831 жылдың күзінде босап шықты.

Осы шамада Өтеміс ұрпақтары тағы бір бақытсыздыққа ұшырады. Қосуан бәйбішенің бесінші ұлы Әйіп, қалыңдығын алып келуге барғанда жазым болып, үйге азар жетіп, жантәсілім етті. Алып келген келіндері Сырым Датұлының немересі еді, аяғы күтсыз болды. Сырым өлерінің алдында Өтеміске айтқан екен дейді: «Татулығымызда қапы жоқ еді, қыз беріп, қыз алысып сүйек жақын бола алмадық. Бар арманым сол» деп. Осы сөзді малданып Қосуан Әйіпіне Сырымның үлкен ұлы Жүсіптің қызына құда түскен. Әкенің сөзі Жүсіптің де құлағында екен. Екі айттырмай құп алған. Содан Әйіп ырғап-жырғап қалыңдығын алуға барғанда, ауылдың қымызға қызған жігіттері ортаға палуан шығарып, Әйіпті күрес деп қолқалап қоймаған. Күйеу бала үлкендердің алдынан өтіп, амалсыз күреске түскен. Бай-бақтының палуанын жыққанмен, ертеңіне ауырып шығады да, жүруге жарамай, түйеге теңдеп алып кайтады. Ауылға жеткен соң, көп ұзамай дүние салады. Жыл өткен соң жесір қалыңдықты әмеңгерлік жолмен Қожахмет алады. Ол өлген ағасы Токтамыстың баласын да өз бауырына басып, ұлы етіп алған еді.

МАХАМБЕТТІҢ ХАН ОРДАҒА ШАҚЫРЫЛУЫ

1829 жылдың дүрбелені Жәңгірдің есін кіргізді. Ол қарамағындағы елден көз жазып, ұрмай-соқпай тағынан айырылып қала жаздады. Билейтін елі болмаса, кімге хан болмақ? Жәңгір елмен қарым-қатынас саясатын шұғыл өзгертуге кірісті. Ол енді ықпалды азаматтарды қолтығына тартып, арқадан қағып алдау тәсіліне көшті. Тіпті, қозғалысқа дем берген Шөке Нұралыханұлы, Шыман Орманұлдарының қылмысын көрсе де, қормеген боп көзін жұмып, оларды жазалаудан арашалап алып қалды. Сөйтіп, жауларын тілеулес достарына айналдырды.

Бұған дейін сыбырлаушылардың сөзіне еріп, біріне тізе

батырып, /Бекмағамбетті старшындыққа сайлатпауы/, екіншісінің ел дүрліктірген өнерін көрсе де көрмеген болып, Өтемісұлдарына назарын аударды. 1831-32 жылдар шамасында Бекмағамбетті старшындыққа тағайындап, екі жылдай түрмеде отырған Махамбетті хан сарайға жанына шақырды.

Жәңгірдің өз сөзінен Махамбет ханның тұңғышы Зұлқарнайын Орынборда оқығанда жанында тәрбиеші болғанын білеміз. Пайымдауымызша: Махамбет Орынборда 1832-1834 жылдарда болды. Жәңгір таласып, айтысып жүріп Орынбор Неплюев атындағы әскери училищесінен қазақ балаларына деп 10 орын алып еді. Зұлқарнайынды соған оқытуды арман етті. Әлгі орындар үшін жыл сайын хан қазынасынан қаражат аударылып отырды. Зұлқарнайынды оқытпақ болған Жәңгір арманы 1833 жылы 14 мамырда орындалды. Орал казак-орыс атаманы баланы Орынборға оқуға аттандыруға бұйрық шығарып, рұқсат етті. Бірақ дала баласының әскери училищеге түсіп, орысша оқып кетуі қиын еді. Сондықтан Жәңгір Зұлқарнайынды әуелі өз ордасындағы, сосын Орынбордағы мектепте дайыдықтан өткізді. Ол әуелі Орынбор керуен-сарайы мешітінің имамы Дүйсәлінің үйінде, кейін өлкетанушы Карелиннің пәтерінде жатып оқыды. Міне, Махамбет осы кезде Зұлқарнайын жанында тәрбиеші болды. Бала әскери училищеге түскен соң да, ол бір жылдай сол қалада Зұлқарнайынға бас-көз боп жүрген.

Ал енді осы Зұлқарнайынның жас мөлшері туралы бір-жар сөз. 1833 жылы 9 наурызда Жәңгір баласын Неплюев атындағы әскери училищеге қабылдау жөнінде Орынбор әскери губернаторына жазған хатында Зұлқарнайынды 9 жаста, Карелиннің үйінде жатып оқиды деп көрсеткен. Ал осы Зұлқарнайын 1835 жылы сойқанды оқиғалар басталатын дауыл қарсаңында теңіз жағалауындағы Беріш ауылдарында болған. Исатай батырға сәлем беріп, қолын ала келген. Сонда ол Қарауыл қожа мен батыр арасындағы алауыздықтың сырына қанығып, дауды жөндеймін, әкеме айтып Қарауыл қожаны орнынан алдырамын деп уәде беріп кеткен. Исатай 1836 жылы Жәңгірге жазған хатында Зұлқарнайынның уәдесін ханның есіне салып, Зұлқарнайынды «жас сұлтан» деп лауазымдап жазады. Сонда

жоғарыдағы дерекке қарағанда, Зұлқарнайын батырмен жолыққанда бар-жоғы 11 жастағы ойын баласы боп шығады. Исатайдай ел ағасының ойын баласына шаруа тапсыруы ақылға сыймайды. Ойымызша: Неплюев училищесінен орын алғанша баласының жасы ұлғайып кеткен де, Жәңгір әдейі кішірейтіп көрсеткен. Ескендір Жәңгірдің бірінші әйелінен, Қосым Шеркеш Мүсірептің қызынан туған тұңғышы еді. Ол 1821-22 жылдары дүниеге келген бала. Ал 1835 жылы Беріш ауылында болғанда ол 14-15 жасар «жас сұлтан» еді.

1832 жылдан бастап Махамбет Орынборда Зұлқарнайынның жанында болды. Ол өткен-кеткен тарихты, батырлар жырын, өзінен бұрынғы жыраулардың жырларын мүдірмей жатқа соғатын зор қабілетімен, өзі де жанынан шығарып айтатын ақындығымен, жасқануды, именууді білмейтін өр, батыл мінезімен жас баланың жүрегін баурап алып еді. Ол Зұлқарнайынның жақсы адам боп өсуіне зор ықпалын тигізді. Махамбеттің өзі де анау-мынау мұғалімнен кем емес-ті, бар білгенін балаға үйретті, баламен қоса өзі де орысшасын жетілдірді. Зерттеушілер Махамбеттің орыс ғалымы, әскери губернатор жанындағы аса маңызды дербес істерді атқарушы офицер, ол кезде подполковник, кейін генерал-лейтенант Владимир Иванович Дальмен кездесуі осы кез деп біледі. Даль-қазақ өмірінен көптеген шығармалар жазған, қазақ ауыз әдебиетін жинаған өйгілі этнограф ғалым. Соңғы жылдар дерегі бұл долбарды нақтылай түсуге мүмкіндік береді. 1833 жылы 17 тамыз күні В.И. Даль Жайық бойындағы қамалдарды аралап, танысу жолсапарына шыққан. Ол әуелі Оралда, сосын Гурьевте болған да, қайтарында Бөкей Ордасы арқылы жүрген. Хан Ордаға бет алған ол тек Исатай жайлауын басып өтетін. Батырлығын осы сапарда таныса керек. Ал Махамбет бұл кезде хан Ордада еді, Зұлқарнайынды Орынборға оқуға апарғалы жатқанды. Дальмен сапарлас болып, Орынборда таныстықтарын нығайта түсуі ғажал емес. Кейін жағдай шиеленісіп, хан жақтаушы мен көтерілісшілер мылтық кезеніп, патша әкімшілігі өздеріне қабақ тіге бастағанда, Исатай, Махамбеттер осы Дальдің жазықсыз жандарға араша болуын сұрады.

Сонымен Махамбет Зұлқарнайын әскери училищеге бауыр басып, үйренген соң ғана хан ордаға қайтып оралды.

Ол осы кезде өзінің өнерімен, айтқыштығымен орданы күйге, жырға кенелтіп, хан сарайының сәнін келтіргені рас. Бірақ ол хан түшкірсе, жәрекімалла дейтін жағымпаз, сұлтандардың қасы мен қабағына қарай сөйлейтін жалтақ бола алмады. Ол ерлікті, адамгершілікті, биік парасатты, адалдықты жырлады. Махамбеттің осы кездегі, яғни 1834-1835 жылдардағы толғаулары деп «Аспандағы бозторғай», «Арғымақтың баласын» айтамыз. Бұл жырлардың дәмділігі, тереңдігі, көркемдік қасиеттері сол кезде Орданы сағалап, ана сұлтанға бір, мына сұлтанға бір мадақ айтып, өнерін арзандатып жүрген Байтоқ, Жанұзақ ақын әуендеріне мүлде ұқсамайтын. Махамбет өлеңінде шалқар кендік, әргі-бергіні түтел қамтыған ауқымдылық, арқалы жырауларға тән ба-тылдык, айтқыштық, үйлесім-бәрі-бәрі келісім тауып жатты. Махамбеттің не Байтоқ, не Жанұзақ емес, мүлде басқа, асылдың сынығындай бөлек мінезді жырау екенін хан орда бірден-ақ мойындады. Махамбеттің жұлдызы жарқырады.

Бір ғажабы-хан орданың марапатына бөленген, Жәңгірмен табақтас болып, сұлтандар, билер қолпашына кенелген Махамбеттің осынау ілтипатқа мастанып, бір ауық болса да өзінің ақындық табиғатынан жаңсақ басып жаңылған жері жоқ. Ол елбасыларын көтермелеп бір ауыз мадақ айтпаған. Бұл өте сирек құбылыс. Махамбеттің оқшаулығы да, өзге жыраулардан өзгешелігі де осында. Ол екіге жарылу, күні үшін көлгірсу дегенді білмеген, іші-сырты бірдей, түп-түтас қалпы туыла салынған сирек дарын еді. Ол кірістен кеткен жебедей, қайыра сілтетген қылыштай, жай оғындай жүп-жұмыр, көлденең қойған қабырғаны бұзып-жаруға жаралғандай жан.

1834 жылғы аты шулы әйгілі би, старшын сайлауында Махамбет старшын боп бекітілді. Ол 1836 жылғы 8 қарашадағы Новопорховинск төптішінде, «Жәңгір ханның №572 жарлығына сәйкес 9 маусым 1834 жылдан старшынмын. Бірақ та Шекара комиссиясының бұйрығы шыққан жоқ» деген. Ол, асылы, хан кеңесінің жанындағы 12 старшынның бірі болған.

ХАН САРАЙДАН АЖЫРАУ

Хан сарайында билеуші қауым арасында беделі өсіп, салмағы артқан Махамбеттің Ордадан кетуі, Жәңгір ханнан ірге айыруының себебі туралы әр түрлі әңгіме бар. Біреулер Махамбет Жәңгірдің әйелі Фатимамен ашына болған, Махамбеттің жұлдызы жана бастағанын көре алмаған дұшпандар сол өсекті үргілеп жандырып, түгіндете бықсытып, Жәңгір мен Махамбеттің арасын суытуға әкеп соқтырған деседі. Бұл әңгімені айтып, жазып көркем әдебиет, музыкалық шығармаларға арқау еткендер жазушылар мен ком-позиторлар. Дәлірегі, бұл — ешбір дерекпен дәлелденбеген әдеби қисын.

1834 жылғы маусым айындағы би, старшын сайлау съезінде Исатайдың сағы сынды. Хан жақтауымен, Қаруылдың қолдауымен осы жолы қалайда биліктен кетерміз деп келген Балқы қайтадан сайланып, Исатай мен Жәңгір алқа топтың алдында қатты сілкісіп, бір-біріне әдептен асқан сөз айтып, ақыры күзет әскерге Исатайды тұтқындатып тастады. Исатайды айыптау 3 күнге созылды. 12 би ішінде Балқы да бар еді. Исатайды шаужайлап бақты. Ақыры батырға 60 атан айып тарттырды.

Жана ғана старшын болып, санатқа ілігіп, осының бәрін көзімен көрген Махамбеттің қуанышы қайғыға айналды Айғайға басып, кінәласқан алқа топта кімнің кім екеніне оның көзі жетті. Хан, сұлтандар, билер тобымен жалғыз айқасқан Исатайды көріп, оның ержүрек қайсарлығына, тайсалмас айбатына таң болып, «Исекем арыстан екен-ау» деп қалып еді, сол теңеуді ақын өле-өлгенше қайталаумен өтті. Осы жолы Исатайдың кім екеніне Махамбеттің көзі әбден жетіп еді. Ол әділет іздеп, халық мұңын жоқтап сөйлеген, хан әулетінің аярлығын беттеріне аяусыз басып еді. Махамбет бұрын-сонды ханмен, хан тобымен тап бұлай тайсалмай салғыласқан жан баласын көрген жоқ-ты. Исатайға тәнті болды. Иә, ол баяғыда ауылын шапқан Исатайға окпелі еді, содан бері ол жаққа ат ізін салмаған, жүректегі жараның ара тұра шиқандай сыздататыны да бар еді. Енді әділет үшін хан тобымен айқасқан ерді көріп өкпесін ұмытты. Ақын жаны әділетпен бірге тұтанатын, оған әділеттен басқа қымбат қазына жоқ еді.

Бірақ ол Исатайға ара түсе алмады. Ал теңіз жағалауын-

дағы жағдай уақыт өткен сайын ширыға түсті. 1835 жылы Орынбордағы оқуынан ауылға каникулға келген Зұлқарнайын өзінің ұстазы Махамбеттің айтуымен Исатайлар ауылында болып қайтты. Махамбет Зұлқарнайын арқылы Исатайдың жағдайын түзегісі келіп еді, бірақ одан ештеңе өнбеді. Жәңгір баласының уәжіне құлақ аспады да, Зұлқарнайын қапалы қалпы оқуына аттанып кетті.

Хан Ордада Исатайға қарсы дайындалып жатқан қарау әрекеттерден хабардар Махамбет енді шыдай алмай, батырға ара түсуге мәжбүр болды. Ол бір жиында Жәңгірге тура қарап былай деді.

*Алдияр тақсыр, ханымыз!
Исатай батыр кеткелі
Келмеді біздің сөніміз.
Тілімді алсаң тақсыр-ай,
Шайтанның мойнын жұлдырып,
Ордаңа қайтып алыңыз.
Арыстан еді-ау Исатай!
Нетесің, тақсыр табалап,
Құйттайымда өсіп ем,
Бауырында паналап.
Алдымда асқар тау еді,
Соңынан ерсем агалап.
Әй, тақсыр-ау, әй тақсыр!
Табаны жалпақ тарланбоз
Шабарында есінер,
Бір мінезі келгенде
Жібектей жұмсақ есілер,
Жауда қалса жолдасы,
Мақтанады несіне ер!
Тастай қатты тағдырың,
Исатаймен шешілер!
Айтып-айтпай немене —
Қор болды-ау, қайран есіл ер!*

/1835, күз/.

Махамбет бұл толғауын хан мен батыр арасы шиеленісіп тұрған 1835 жылдың күзінде толғады деп айта аламыз. Ақын ханды тоқтатпақ, бетінен қайтармақ болады. Алайда намыс-қашауып ереуілдеп алған хан бетінен қайтпайды. Екеуі «мен», «сен» десіп тілге келіп қалады. Махамбеттің:

Кетіп едім елімнен,

*Атаңа нәлет Жәңгірдің
Бір ауыз айтқан сөзі үшін, —*

деуі осы жанжалды меңзейді. Басынан сөз асырмайтын шамшыл ақын тартынбай айтарын айтып кетеді:

*Мен ақсұңқар құстың сойы едім,
Шамырқансам тақсыр кетермін.
Кетпей де нешік етермін.
Бұл барғаннан барармын.
Қиядан орын алармын.
Ерегескендей ер болса,
Соғысқандай жер болса,
Бірме-бірге келсеңде,
Әлі де болса, бір тәңірге жылармын,
Дұшпанға қылыш ұрармын.
Жазға бір ай қалғанда,
Аласапыран болғанда,
Бәліне көшкен еліңді,
Бөріккен қойдай қылармын.
Жарыла көшкен еліңді,
Жаралы қойдай қылармын.
Мен кеткенмен тек кетпен,
Сізден артық табармын.*

Бұл толғау ұзақ жылдар ақынның «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» топтамасына қосылып келді. Тарихи қисындарға нақтылап үңілсек, «адасқан үйректтей» болған Махамбетті қаншама өр десек те, Баймағамбетке «Бөліне көшкен еліңді бөріккен қойдай қылармын» деп сес көрсетуге жағдайы жоқ еді, сонсоң «шамырқансам тақсыр, кетермін», «сізден артық табармын» дейтіндей Баймағамбеттің қызметінде болған ештеңесі жоқ еді. Бұл Махамбеттің Жәңгірмен кетіскендегі сөзі. Екеуінің арасындағы кінәласу ақынның ханның бетіне былш еткізіп арамдығын айтумен тынып еді:

*Хан емессің-қасқырсың,
Қара албасты басқырсың.
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын!
Хан емессің-ылаңсың,
Қара шұбар жылаңсың.
Хан емессің-аярсың,
Айыр құйрық шаянсың.*

/1835, күз/

МАХАМБЕТТІҢ КӨТЕРІЛІСКЕ ҚОСЫЛУЫ

Махамбет осыны айтты да, шағын күзетке алдырмай хан ордадан жырылып шықты. Орда төңірегінде отырған үй ішіне хабар беруге де мұршасы келмей, бірден Мыңтөбедегі Исатайға салды. Ханмен аңдысып отырған Исатай оны құшақ жая қарсы алды. Махамбет хан орданың аужайын баян қылды. Исатайдың бұл кезде Жәңгірге хат жазып, соның жауабын күтіп, екі ойлы боп айнып толқып жүрген кезі еді. Махамбет: Ханнан жақсылық күтпе, оның ойы-сенің түбіңе жету-деп әділін айтып, Жәңгірдің енді түзелмейтінін, оған атасы Нұралының кебін кигізбей болмайтынын айтып, батырға ұғындырып бақты. Махамбет өзінің ниетін, адалдығын дәлелдеу үшін, ағасы Бекмағамбет пен арыстай інілерінің ауылын қыс кезі қырауға қарамай түгелдей Исатай жанына көшіріп әкелді. Бірақ үй ішін, әйелін алдыра алмады. Хан оларға Махамбеттің соңынан кетуге қатаң тыйым салып, кейін төркініне көшіріп жіберді. Ақынның «Атама менің сәлем айт» деп басталатын өлеңі осы шындыққа сәуле түсіргендей.

*Атама менің сәлем айт,
Атын басқа байласын.
Еменнен найза сайласын,
Достыны досым демесін,
Басының тапсын пайдасын.
Досты болып жүргендер,
Жау боп келді көріне.
Беліне садақ байланып,
Бір келмеді-ау деңіме?
Қайырыла алмай барамын
Қайран да қалған еліме.
Амандаспай аттандым
Ата-ана қарыма!
Жолығыспай жөнелдім
Төңірі қосқан жарыма.*

/1835, күз/

ЕРЕУІЛ

АСПАҢДЫ БҰЛТ ТОРЛАДЫ

Сөйтіп, 1836 жыл да келді. Өткен жылы 8 старшын қол қойып, бірігіп жазған Исатай арызының аяқсыз қалуы — Қарауыл қожаны бұрынғыдан бетер алшаңдатып жіберді. Тойымсыз пәле қара халықтың несібесіне құзғындай шүйгіді. Тағы да әр үйден бір тоқтыдан жиып алды. Ол аздай, енді қарамағындағы старшындарды теспей соруға кірісті. Әр старшыннан «қант-шәйім» деп 6 сомнан, қос қазыдан алды. Араны ашылған Қарауыл қожа онымен де шектелмей, Ордадан келген хан өкілдеріне деп тағы да ақша, мал-мүлік жинады.

Мәселен, 1836 ж. 13 ақпан күні Қарауыл қожа ханның айтуынша деп: ханнан келген Бекболат, Сегізек деген старшындарға үй басынан 2 сом жинауға тәртіп берді. Зергер Тінғали Тайсойғанұлынан старшын Төлеген Тыныштықұлы Сегізекке деп — 2 сом, Бекболатқа — 5 сом, өзіме деп жылқының қазысын алған. Тағы да көп ұзамай хан кеңсесінің жұмыстарымен теңіз бойына келген Балқыға тағы да үй басы 2 сомнан жылу алды.

Қарауыл қожа Исатайларға қосылып өз үстінен арыз жазған Тінғали Тайсойғанұлына айырықша шүйлікті. Жылу жинау болса, шабармандар алдымен соған жетіп келетін болды. Қарауыл қожа 1836 жылы қыста оның 1 түйе, 100 сом ақшасын алып, қайтармай сіңіріп кетті.

Қарауыл қожа және оның шылауына ерген Төлеген Тыныштықұлы, /Жайық Беріштің Айбасы/, Қаракөбен/ Жайық Беріштің Ағатайы/, Айғана/Есен Беріштің Асаны/

сияқты старшындар карамағындағы елге қырғидай тиіп жатқанмен, Исатай ауылдарына тізе батыруға шамалары келмеді. Бұл жылы қыста Исатайларға байланысты жалғыз ғана дерек бар — сұлтан Шөке Нұралыханұлы Медет Шөкиннің олардан бір түйе, екі ат алғаны туралы. Медет Шөкин Исатайларға бұрын да келіп тұратын. Шамасы, ол бұл жолы Исатай ауылынан лау мінсе керек. Исатай 1836 жылы ел үстінен жиналған заңсыз жылудың бірде-бірін төлемеді.

Исатайдың бұл мінезін естіп-біліп отырған айналадағы ауылдар да бұға бермей жылу жинаушыларға сес көрсете бастады. Исатайға еліктеп Есенғұл старшыны Үсе Төлегенұлы ауылынан жылу жинаттырмады, Беріштердің Есен бөлімінің старшыны Есмұхамбет Жантумаұлы да сөйткен. Ол 1836 жылы 21 желтоқсанда тергеушілерге берген жауабында өз өмір тарихын түгел баяндаған: 29 жастамын, хан жарлығымен тағайындалған, бірақ Шекара комиссиясында өлі бекітілмеген старшынмын деген. 1833 жылы би Балқы Құдайбергенұлы Шекара комиссиясы бекіткен указной старшын жасаймын деп, 4 жылқысын, 200 сом ақшасын, бір түлкі ішік алған. Бірақ мұның орнына 1100 сом ақшасын алып, жақын ағайыны Айғана Жантоқұлын өткізіп жіберген. Екі ауылдың арасы осы кезден бастап ашылса керек. Ол хан кеңсесінің старшындары Бекболат пен Сегізекке екі сомнан деп жылу жинауға келгендерді қуып жіберген. Бұған ыза болған немере ағайыны старшын Айғана Жантоқұлы /Есен Беріш/ өзі 50 кісі жиып жазаламақ болған. Мұны естіген Есмұхамбет Жантумаұлы бір түнде ауыл-аймағымен көтеріліп, Исатайларға қашып келгенін әңгімелеген. Теңіз жағалауындағы елдің Исатайларға пана іздеп келе бастауы міне, осы кездерден басталады. Осы қыста старшын Қаракөбен Өтепұлы інісі Сүйініш және 10 кісі боп барып, салық төлеуден бас тартқаны үшін Дәуіт Ермекұлының мал-мүлкін тартып алып, өзін сабап кетеді. Кешікпей Дәуіт Ермекұлы да Исатайлар жанынан табылды.

Өсітіп теңіз жағалауындағы ел біртіндеп екіге жарыла бастады. Ел билеушісі Қарауыл қожа, Төлеген Тыныштықұлы, /Жайық Беріш, Айбас атасы/, Қаракөбен Өтепұлы /Жайық Беріш, Ағатай атасы/, Айғана/Есен Беріш, Асан

атасы/, Мүсәпір, Бекмағамбет, Мөкен Палуанқұлұлы сияқты старшындарға иек артты. Ал оларға қарсы топ Исатай төңірегіне шоғырланды. Олар: старшындар Үсе Төлегенұлы /Үбі батырдың әкесі, Есенгүл Беріш/, Тінғали Тайсойғанұлы /Жайық Беріш/, Есмұхамбет Жантумаұлы /Есен Беріш/, Қабыланбай Қалдыбайұлы/Қара Ораз Ысық/ ауылдары. Осы шамада старшын Махамбет Өтемісұлы да Исатайларға келіп қосылды. Шетінен мен атайын, с ен түр Құлмәлі Беріш өулетінің Мыңтөбеге келуі Исатай тобының салмағын үстеді.

Ел екі дайға бөлініп, ара жік ашылып, жағдай шиеленісе бастаған соң, мұның түбі бір ақырға жықпай қоймайтынын сезіп, Исатай Жәңгір хан арқылы асқынған жағдайды реттегісі келді. Пәле басы Қарауыл қожа еді. Соны кетірсе, ел арасы тынышталғандай еді. Бірақ Исатай хан ордаға бармады. Манашта отырып, жағдайды тындырып Жәңгірге хат жолдады. Бұл хат 1836 жылдың бас кезінде, ақпан айында жазылған сыңайлы. «Ай, әміршіміз біздің! — деп бастаған Исатай хатын... — Сіз өз қолыңызбен ел басқаруға қойған полковой есаул Қарауыл қожа Бабажанұлынан біз әділет табудан қалдық» дей келіп: оның 1836 жылы қыста істеген қылмыстарын тізген: елге 35 мың бау қамыс шаптырды, осы қамысқа деп әр ауылдан 30 сомнан ақша жиды. Қантшәйіне деп әр старшыннан 6 сомнан жылу алды. Ол аздай үй басынан 2 сомнан, әр үш биеге 2 сом, әр старшыннан 1 бие алып өз пайдасына жаратты. Исатай Жәңгірге жолдаған хатын былай деп төмамдапты: «Хатымызды жауап сыз қалдырмас деп сенеміз. Ал егер жауап болмайтындай жағдай болса, қайтеміз, тағы да қайталап жазамыз да, ал оған да жауап болмаса, басшымыз жоқ екен деп түймесімізге не шара. Ондай жағдайда үй-күйлерін, бұқара кара халық кара орман, дүние-мүлкін тастап, беті ауған жаққа безіп кетуден басқа лаж жоқ».

Исатай Ішкі Орданы тастаймыз дегенді меңзеп отыр. 1827, 1829 жылдар болса, Жәңгір бұл емеріннен іш жиған болар еді. Бірақ қазір, 1836 жылы, жағдайы нығайған еді. Бүлікшіл сұлтандар жоқ, ел тізгіні қолында. Сондықтан ол Исатайдың қоқан-лоқысын санатқа алмады.

Жәңгір, 1836 жылы 5 наурыз күні Исатайға былай деп хат жазып, жауап қатты:

«Сенің хатынды алып, өздерінді беттестіріп, әділдік қуған екі жаққа да қанағат беруді ойладым...

... Сенің ақыл иесі екенінді әрі адал қызметінді ескере отырып, сөзіңе сенімсіздік білдіре алмаймын, алайда бәрін өз аузыңнан есітіп, ақ-қарасын анықтау үшін, тез арада маған келуінді талап етем...

Сіздің іс-әрекетіңізді тексеру үшін шақыртып отыр деп ойлап қалмаңыз, бірақ Сіз, старшын, менің сөзіме шөк келтіріп, шақыртуға келмейтін болсаңыз, өз айыбыңызды сезгендік деп ойлауға мәжбүр болам.

Әрине, мен сенің ниетінді түсінбейді емес, түсінем, бірақ сен де өз ашуыңды ауыздықтап білгенің жөн, содан кейін барып талабыңның орындалуын күтпеймісің?

Өзіңе тең адамдай көріп, ханмен араздасасың да, өзінді жолдас санап, менен рахым күтетіңізге таңым бар. Бұл дегенің рақым күту емес, мені күшпен көндірем дегенің ғой.

Мұны мен сенің әрдайым ықтиятты қызмет көрсеткенінді ескеріп жазып отырмын, өсек айтып, сөз таратқан бағзы біреу болсаң, жазбас та едім. Мылжындап ұзақ жазу ұят болады»

Жәңгір өз хатында Исатайға біресе «Сіз», біресе «Сен» дейді. «Өсек айтып, сөз таратасың» дегенді астарлап айтса, «араздасып, жауығып» жүрсің дегенді ашық айтады. Ханның бұл хатында Исатайға деген ілтипаттан гөрі ызғар, айыптау басым. Тізе батыру ниеті анық аңғарылып тұр.

Мұндай шағымдардан кейін, әдетте, хан ел аралауға өзі бас болып шығатын. Қалыптасқан сондай дәстүр бар-ды. Ал Жәңгір болса, орнынан былқ етпей, Исатайдың Ордаға келуін талап етті.

Бұл хат Манашта Исатай қауымында неше мәрте оқылмады дейсің. Салмақтап, сараптау аз болмады, сірә. Старшындар, игі жақсылар кеңесе келіп, Исатайға Ордаға бармауға кеңес берді. Исатай хан ордаға бармай қалды.

Жоғарыда біз Каспий теңізі жағалауындағы текетірес қарсы күштердің екіге топталғанын айтқанбыз. Исатайлар Манашка шоғырланды. Қарауыл қожа бастаған қарсы күштер де жең ұшынан жалғасып, іргелерін нығайтуға бет алды. Қарауыл қожаны Меңдігерей Бөкейұлы /Жәңгірдің туған інісі/, Медет Шөкин, Жәнібек Бекқалиұлы, Тоғым

V

Сығайұлы сияқты қисым басы сұлтандар қолдады. Қарауыл жожа хан кеңсесі мүшелерінің де аузын ала бастады. Оның қатарында Балқы, Шомбал сияқты билер, «Хан кеңсесінің» ықпалды старшындары Бос Боздақұлы, Шолтыр, Бекболат, Мүсәпір Қарауыл қожаның сөзін сөйледі. Қысқасы, Жәңгірдің өзі бас болып, Исатайларға қарсы мықты топ құрылды. Күш тең емес еді, Мыңтөбе — Манаштағы старшындардың басына бұлт үйірлді.

* * *

Исатай Қарауыл қожаны айыптап, хан төңірегіндегі көп қауым, сұлтандар, билер, старшындар Исатайды жамандап, барлық кінәні соның басына үйіп-төкті. Теңіз жағалауы қисымындағы қолайсыз істер соның қырсығы деп түсіндірілді. Өсек гу-гу етіп, Исатайдың үстінен шағым қарша жауды. Осы тұста Қарауыл жожа Исатай салық төлеуден бас тартты, салық жинауға барған старшындарым Өтепұлы мен Қазанұлын ұрып-соғып, өзінді де, керек десең ханыңды да өлтіреміз деді деп, өсекті гулетіп, өрт үстіне май тамызды. Он жыл бойы хан орданың есігін теуіп ашып, алшандап келген Исатайдың көкірегін басудың бір орайы келіп тұр еді. Батырды сыртынан күндеп көре алмайтын күндестер сыпсыңдасып, алақанға түкірумен болды. Олар күнжындаспаса да, Жәңгір Исатай алдында қайын атасын жығып бермек емес-ті. Оның үстіне ана жылы сүйекке таңба болар сөз есітті Исатайдан. Екеуі арасындағы сыйластық сонымен үзілген. Исатайдың хан ордасында арқа сүйер тірегі қалмады. Жәңгір өз ордасындағы күштерді сарапқа сала келіп, Исатайды мұқататын, батырдың биік басын аяқ асты ететін сәт туды деп шешті. Өткендегі ызғарлы хатының астары осында жатқан. Ол сол хатты, Исатай ордаға келіссөзге келмейтінін, соны тілге тиек етіп, батырды істі қылуды ойлап, зымыяндықпен әдейі жазған да сияқты еді.

Олай дейтін себебіміз: Жәңгір Исатайды Ордаға шақырып, хат жазған уақытынан 12 күн өткенде, яғни 1836 жылы 17 наурыз күні қатерлі асығыс, шұғыл шараның үзенгісіне аяғын ілді. Ол Исатайды ұстауға үкім шығарды. Өзінің

есептеп барып, ойлап жасаған адымы ма, әлде әулеген өсекке, айғайшыл айтаққа ерді ме — ханның сабыр сақтауға, батырмен тағы да тілге келуге шыдамы жетпеді. Ол жай ғана үкім шығарып қоймай, Исатайды айыптап бұқара елге жар шашты. Онда былай делінген: «Исатай, Үсе Төлегенұлы, Үбі, Тінәлі Тайсойғанұлы мен Махамбет халық арасында жарамсыз сөз таратып, басқаларды маған бағынбауға шақырады. Олар старшын Қаракөбен мен Жоланға шабуыл жасап, жарақаттады. Менің шақырғаным келмеді, сондықтан барлығыңызға яғни, Қарауыл қожа қарауындағы халыққа жоғарыда аталған бойұсынбаушыларды ұстап, маған әкелуді бұйырамын!».

Сүйтіп, Жәңгір Исатайды хан жарлығын құлағына ілмейтін, өзіндей старшындарға қол жұмсап, жәбір көрсететін қиянатшыл, бұзық адам етіп шығарды. Онымен дөшектелмей, Жәңгір хан атына жараспайтын қылық танытып, қатардағы арызқой біреудей-ақ Исатайға көренеу жала жапты. Салық жинауға белсене кірісіп жүрген Жайық старшыны Қаракөбеннің өз қарамағындағы елмен, шағын аталардың старшындарымен ұстасып жүргенмен, оның Исатайға бетпе-бет келе қоймаған кезі еді. Ал Жолан дегеннің аты /Жолан Қазанұлы/ алғаш естілуі. Ал Махамбеттер «жағымсыз сөз таратып, маған бағынбауға шақырады» — деуі рас шығар. Махамбет Исатай жанына келгеннен кейін ханға қарсы үгітті оршітіп жіберген. Бажайлап байқаған оқырман ханға қарсы Махамбет үгітінің мақсаты жағынан кезең-кезеңдерге бөлінгенін байқар еді. Алғашқы кезде ол Исатай жанына ел жинау қамымен болды. Сол тұста, яғни 1835 күзі, 1836 жылдың қысындағы Махамбет толғаулары деп мына төмендегі жырларды айта аламыз.

*Ат — жігіттің майданы,
Қылыш — жанның дәрмені.
Өлім — жақтың пәрмені.
Атақты ермен бірге өлсе,
Жігіттің болмас арманы.
Өте шыққан қызыл гүл —
Бұл дүниенің жалғаны.*

Болмаса:

*Арғымаққа айдай таға қақтырса,
Кілегей жатқан Еділдің
Көкше мұзынан таяр ма?
Ата ұлының баласы —
Асыл ерге малың бер,
Малын бер де басын қос —
Басыңа тарлық түскенде
Ардақтаған әділ жанын аяр ма?*

Махамбет ел жиналған алқалы топтарда, келелі кеңестерде осылай айтып тастап отырған. Оның сөздері лезде ауыздан-ауызға тарап, жалпақ елге тез жайылған. Бұл жырларда-аталы ұлдың төңірегіне бастарыңды қосыңдар дегеннен басқа сарын жоқ, көтерілістің мақсаты әлі анық емес-ті.

КИЕЛІ ҚАҚТЫҒЫСЫ

Бұл кезде Исатай Манаштағы қыстауында отырған. Хан жарлығына құлақ аспаған ел оны ұстап беруге болысу орнына жан-жақтан сабылып үй-күйлерімен Исатайдың жанына көшіп келді. Аз-ақ күннің ішінде Исатай жау келгендей болса, 200 жігіт шығара алатындай жағдайға жетті.

Қарауыл қожа Исатайды ұстауға қамданды. Ол өзіне бағынышты Беріш, Адай, Тама руларынан 522 жігіт жиып, Манашқа — Исатай ауылына аттанды. Бұл оқиғалар қалай болғанын бастан-ақ баяндап, Исатай Жәңгірге хат жазған. Ендеше, осы хатқа иек артайық.

«...1836 жылы 18 хамалда «хан хүзіретінен әмір-пәрменге жолықтым» деп өзінің қарамағында болған старшындар: Сауғабай, Бейсенбі, Көбек, Мықтыбай, Ақберлі, Бабатек Майбас, Тілеу дегендер уә һәм Беріш руының старшындары: Сағыр, Жақсылық, Жандай, Аманжол, Жолан, Төлеген, Айғани, Қаракөбен, Жұмағали, Қыстаубай, Ағым, Дауыл, Тоты, Сатан дегендер, Кердері руының старшындары — тағы Шүкірәлі дегендер уә һәм Төреден: Кетік, Қажығали, Тілеу уә және Қара болысының төлеңгіті екі кісі бар. Уә һәм: Қожам, Жұбан, Айдыңқара, Жолбарыс, Нұрмамбет, Көпболсын, Құлмамбет дегендер жоғарыда

зәкір етілmiş /аталынған/ әр рудың би, қожа, төрелері жамиғы /жиынтығы/ өзінің қарамақлығында болған командаларымен жар салып өз білгендерінше Ғали Қаһлү /Жәңгірді осылай ұлықтап атаған/ хүзірәтинә айыплы болған старшындар: Исатай, Үсе, Тінғали дегендердің өзін өлтіріп, малын шауып алып, үшбу ерткен кісілерге олжа беремін деп жоғарыда жат етілmiş тайпалардан сегіз жүз мұхдары, кісі өскер жасап 1836 жылы 24 хамалда /наурыз/ найза, мылтық, қалқан әрнеки /әралуан/, адамдарға қырғын таптыратын жау қаруларын асынып өлтірмекке нұжымлық қылғанының бағдында біздер хабардар болған соң управитель Қарауыл қожа Баба Қожаұлынан өлтірмекке қастандық еткенін білдік...»

Осы тұстың, яки қарсылас екі жақтың алғаш шайқасы туралы, Исатай өз аузынан айтып жаздырған бұл хаттан өткен күнды дерек жоқ. Басқа әңгімелердің бәрі осы хаттың жаңғырығы. Мұнда сол кездегі бөкейліктердің сөз қоры, батырдың сөз саптау машығы да анық сәулеленген. Аталмыш үзіндінің күндылығы — көтерісшілердің ұстасқан ата жауларының аты-жөндерінің біршама толық хатталуы. Олардың қай рудан екенін анықтау — көтерілісшілерді кімдердің қолдап, кімдердің қарсы болғанын, қарсылас екі топтың арасалмағын тереңірек түсінуге септеседі де, көтерілістің толық бейнесін қоз алдымыздан өткізуге қол ұшын береді.

Етене таныс болғандықтан, Исатай фамилияларына да мән бермей, тек аттарын ғана атаған адамдардың кім, қай қауым өкілі екенін танып-білу — біздер, кейінгі ұрпақ үшін, аса қиын мәселе, Исатай-Махамбет көтерілісіне арналған зерттеулердің олқылығы да — кісі, ру аттарының шатысып-бытысуында. Бұл еңбек те ондай олқылықтан ада деп айта алмаймыз.

Бір ескертетін нәрсе — Исатайдың Жәңгірге жолдаған хатының екі нұсқасы сақталған: бірін зерттеуші А.Ф.Рязанов тауып пайдаланған да, екіншісі 1836 жылы 30 саратанда /маусым/ жазылған хат. Неге бұлай болғаны түсініксіз. Қарауыл қожамен қақтығыстан кейін іле-шала теңіз жағалауына келіп, Исатайлармен жүздескен Беріш руының бұрынғы билеушісі Сүйіншіғали Жанәліұлы арқылы беріп жіберген хатқа жауап болмаған соң, екінші рет қайталап

хат жазған. Екі хаттың мағынасында өзгеріс болмағанмен: олардың бірінде Қарауыл қожаның Теңіз жағалауы қисымына билеуші болуы 1833 жыл десе, екіншісінде 1835 жыл деп көрсетілген, кісі аттарында әжептәуір өзгерістер бар: бірін-ші хатта /А.Ф.Рязанов пайдаланған/ Байту байдың аты аталған, ал екінші хатта ол атымен жоқ. Бұл Байту, Жанту деген Адай байлары. Жоғарыда аты аталатын: «Сауғабай, Бейсенбі, Көбек, Мықтыбай, Ақберлі, Бабатек, Майбас, Тілеу» — Адай, Шеркеш, Тана, ішінара Беріштің басқа аталарының старшын, билері. Майбас, Тілеу, Адай Құлмамбетке ілесіп келіп, Өтей, Адай Досахан Жәнібекұлын сабағандарына қарағанда, олар да Адай нәсілінен. Көбекті А.Ф.Рязанов Қабыл молда деп көрсеткен: ендеше, ол Ығылман Шорекөв дастанындағы Жайылған Қабыл, яки Жақсымбет бидің ағасы болуы ықтимал. Сондай-ақ Бейсенбі, кейде Бейсен деп те жазылады — Балқы бидің баласы. Исатай хатындағы бұдан кейінгі тізімдегі Беріш старшындары Сағыр-Сағыр Баршығайұлы, Жақсылық — Жақсылық Тыныштықұлы /Айбас/, Жолаң — Жолаң Қазанұлы, Төлеген — Төлеген Тыныштықұлы /Айбас/, Айғани — Айғана Жантоқұлы /Есен Беріш, Асан/, Қаракөбен — Қаракөбен Өтепұлы /Жайық Беріш, Ағатай/, Жұмағали — Жұмағали Боярұлы /жайық Беріш, Ағатай/ Ағым — Ағым Айболатұлы /Беріш, Жарылғас/, Келесі тізімдегі — Жұбан /Есен Беріш/, Құлмамбет /Адай/ Көпболсын — Қарауыл қожаның ұлы. Демек, бұл анықтамадан әп дегенде Исатайға қарсы болған ауылдардың жобасын аңғардық.

Исатайдың хатынан байқайтынымыз: 17 наурыздағы хан үкімі 18 наурызда жүзеге асырыла бастаған. Қарауыл қожа өзіне қарасты старшындарды Адай Байту байдың үйіне жиып, Исатайды ұстау үшін жасақ жасақтауға шұғыл тәртіп берген.

Исатайдың айтуынша: Қарауыл қожа бұлардың ауылына 800 кісімен наурыздың 24 күні келіп, Манашты қоршаған. Қарауыл қожа өзінің рапорттарында қасына ерген адам санын 522 деп көрсетуден танбаған. Белгілі мақсаттармен біреуі өсіріп, екіншісі кемітіп айтқандары түсінікті, әлбетте. Қарауыл қожа жасағы 600-650 мөлшерінде болған, шамасы.

Исатайлар шабуыл болатынын біліп, ауыл айналасына жал үйіп, аша орнатып қорғанысқа дайын отырған.

V

Осылай текетірес тұрған кезде, ханнан Дүйсенбай старшын мен Сейітберген келеді. Олар: ханнан басқа адам сіздерді шауып, адам өлтіріп, мал-жаңдарынды тартып ала алмайды, Қарауыл қожаға ондай жарлық берілмеген, тез сіздерді хан ордаға жеткізу тапсырылған дейді.

«Осыдан кейін Қарауыл қожа өз адамдарын таратты, — дейді Исатай, — біз де өз бекіністерімізді қалдырып көше бастадық».

Жаңағы екі старшын Қарауыл қожаға кеткен. Кетерінде былай деп айтып кетеді: бүгін кештетіп не ертең түске дейін келерміз, ал келмесек: ханнан жазбаша пәрмен болғайы, ондай жағдайда өз қамдарынды өздерің ойлаңдар, біздер де жазықсыз қан төгілгенін қаламаймыз деген.

Исатай айтады: түннің ортасында әлгі Дүйсенбі мен Сейітберген старшындардың Қарауылдың тобына қосылып алып, бізге қарай келе жатыр деген хабарды есетіп, Сізден пәрмен болған деп ұйғардық. Біз басқа жерге көшіп қонып, жал үйіп, аша орнаттық. Яки 10 күндей Манашта қоршауда болған ереуілшілер Тасшағылға көшіп қонған.

31 наурызда ханнан Алаша Алтай Досмұхамет ұлы би мен Шарифат Жұбанышұлы /«Хан кеңсесі» старшыны/ келеді. Олар қожаға елді шапшауға кеңес береді. Бірақ Қарауыл олардың уәжін құлаққа да ілмейді. «Не істеп жүргенімді өзім білем, ханға жауапты өзім берем» дейді. Алтай би мен Шарифат түк бітірмей Ордаға қайтып кетеді.

Тасшығылда Исатайлар 6 күн қоршауда тұрады. Жетінші күні Қарауыл қожа Батырбек, Қабыл, Сағыр, Азберген, Бертоға дегендерді Исатайларға жіберіп: «Батыр болса, Өрікті моласының қасына майданға шықсын!» дейді. Бұған дейінгі барлық зерттеулерде Қарауыл қожаның Исатайды майданға шақырған жері «Қиялы мола» деп келінді. Жақия, Есмұхамбет Жантумаұлының тергеушілерге берген жауабында бұл жердің аты «Киляли» деп жазылған, оның Қиялы болуы да, Келелі, Киелі болуы да мүмкін. Ал, сол тұстағы барлық қарталарда «Қиялы моласы» Жамақұм мен Айыркүмның аралығында деп көрсетілген. Ол Манаштан үш күндік жер. Ал, Исатай өз хатында бұл моланың атын «Өріктілі» деп көрсеткен. Шамасы, басында өрік ағашы өскендіктен «Киелі» деп те аталған болуы ықтимал.

Бұдан кейін батыр Қарауылқожа айтқан Өрікті (Киелі) бейітінің жанында шайқасқа шыққандарын баяндайды. Бірақ, не болғанын ашып жазбайды. «Құдай бізді сақтады!» деп қана қысқа қайырады. Тарихшылар «Өрікті бейіті» түбінде ұрыс болды ма, жоқ па дегенге ашып жауап бермейді. Қарауыл қожаның Исатайларға тиісуге батылы бармай, қарсы қарап тұрысып-тұрысып, тарап кетті дегенге саяды. Исатай Өріктіге 200 жігітпен жасанып шықты. Араларында Бекмағамбет, Махамбет, Қожахмет Өтемісұлдары, Тінғали, Қамбар Тайсойғанұлы, Досақан Жәнібекұлы, Үсе, Есет Төлегенұлы, Иманбай Қалдыбайұлы, Есмұхамбет Жантумаұлы, Есенаман Боранбайұлы және Үбі, Жақия болды.

Махамбет өзінің стихиясына енген еді. Ол жалынды өлеңімен жігіттерге жел беріп, нартәуекелге шақырды.

*Жапанға өскен бәйтерек,
Жапырағын байқасаң,
Жайқалмағы жселден-ді,
Түбіндегі балаусасы белден-ді,
Хан төренің кешігіп,
Кідірмегі елден-ді.
Кешіп өтпек сайдан-ды,
Шығынды болмақ байдан-ды.
Ақ киіктің орғытып,
Жүгірмегі майдан-ды,
Батыр болмақ ойдан-ды.
Айғайласып жауға ти!
Тәңірім білер, жігіттер,
Ажалымыз қайдан-ды.*

15 сәуір, 1836 ж.!

Зерттеушілер Киеліде (Өріктіде) болған бұл қақтығысты баяндағанда, көтерілістің шаруалар толқуы екенін баса көрсету үшін, оларға айыр, балта ұстатып қоюға әуес, ал Қарауыл қожа Новопорховинскіде тергеушілерге берген жауабында Исатайлар басқа дулыға, үстеріне сауыт киіп, ала шұбар ту көтеріп, бес қаруы түгел хан тобына қарсы шықты деген. Асылы, бұл сөзде жан болса керек. Ереуілшілер көсемдері жұлығы шыққан кедей емес, әрі дәулет иелері, әрі аты әйгілі батырлар еді. Олар қарсыластарының

иегі астында ат ойнатып, жекпе-жекке шақырудан да тайынбаса керек. Исатайды айтпағанда бұл кезде ішкі Ордада батырлығы жөнінен Үбі, Махамбет, Есенамандарға шендесер жан баласы жоқ-ты. Ұран шақырып, ереуілдеген ерлерге бата алмай Қарауыл тобы түн жамылып тарап кетеді. Қарауыл жожа ереуілшілердің беріспеуге ант етіп, жасанып шыққанын айта келіп: «Біз тарап кеттік» деген. Намысқа жығылып, қорқып қаштық деп, шындықты айта алмаған. Жауларын жасытқан қайсар ерлердің дақпырты ілезде жалпақ Нарын, Жайықтың іші-сыртына тез тарады. Махамбет шаттана, қайраттана жыр толғады:

*Беркініп садақ асынбай,
Біртіндеп жауды қашырмай,
Білтеліге оқ салмай,
Қорамсаққа қол салмай.
Қозы жауырын оқ алмай,
Атқан оғы жоғалмай,
Балдағы алтын құрыш болат,
Балдағынан қанға боялмай,
Қасарысқан жауына,
Қанды көбік жұтқызбай,
Халыққа тентек атанбай,
Үйде жатқан әсігітке,
Төбеден тегін атақ болар ма?*

Толғаудан жеңістің шаттық сазы естіледі. «Беркініп садақ асынбайда» ерлікке, өжеттікке үндеген серттесу сарыны атойлайды. Қазақ жыр-толғауларында баяғыдан бар серттесе сөйлеу дәстүрі жаңа мазмұн, тың бояулармен молығады. Сондай-ақ акын алғаш рет «тентек» сөзіне жаңа мән беріп, оны «қорқақ», «үй-күшік» түсінігіне қарсы қойып, батырлық нышанын бере, көтере жырлайды. Хан орда көтерілісшілерді кемсіту үшін тентектер деп атаған еді, Махамбет болса сол сөзге соны мағына беріп, ойнатып жібереді. Серттесу сарынын акын кейін жеріне жеткізе жырлады. «Беркініп садақ асынбай» көтерілістің қызған кезінде «Ереуіл атқа ер салмай» сияқты жорық жырына айналды. Олардың бірауыздан шыққан сабақтастығын, дамытыла жырланған жырлар екенін-мағына, теңеу, сөз саптау, тіпті ұйқастардың өзі мен мұдалап жария етіп тұр.



Исатай жоғарыдағы хатында Қарауыл қожаның ылаңы 24 наурыздан — 5 сәуір арасына созылды, осы кезде біз қоршауда тұрдық дей келіп, 500 адамның тамағына — 240 қой шығын болғанын, аштықтан — 21 түйе, 63 құлын, 14 бұзау, 270 қошақан өлгенін мәлімдейді.

Сондай-ақ, теңіз жағалауындағы әйелі /бәйбішесі/ Мылқымды айтатын шығар/ балалары паналап отырған үйіне Қаракөбен Өтенұлы келіп, 220 ағашын, 12 тақтайын, 2 киізін алып кеткеніне шағынады.

Хаттың соңғы жағы /А.Ф.Рязанов келтірген нұсқада/ Балқы Құдайбергенұлының жөнсіздігіне арналады.

«Сіздің құзырыңыздың әміріне орай біз би Балқы Құдайбергенұлының қол астына ендік. Ол билей бастаған күннен-ақ халық арасында тыныштық пен тәртіп орнатуға басы ауырмады, қазақтар арасындағы дау-шарды заң ережелеріне сәйкес анықтамады. Содан келіп қазақтардың арасында дау асқындап кетті. Ағайындар араз боп, заңға қайшы қылмыстар істеп жатыр, ал ол соның бәрін бетімен жіберіп, ойына не келсе, соны істеумен жүр. Ордалықтар арасында қандай да бір дау шығып, талас туа қалса, әділет көрнеу қуғыншы жағында болса да ақшалай ауызына бірдеме тықпаса, жүгінушінің көз жасына карамай, істі дұрыс шешпей қайтарып тастайды. Жоқ-жітік нашарлардың арызын мүлде қабылдамайды, ал дәулетті біреулер болса тексеріп байыбына бармай, істі басып тастап отырды. Өзінің қарақан басының қамын ойлаған ол халыққа үлкен зиян әкеліп отыр, ордалықтардың арасына от жағып, жақын ағайын-дардың өзін бір-біріне жау, алакөз қылып қойды.

Біз Құдайбергенұлының өзімізге басшы болғанын қаламаймыз. Басшылыққа ордалықтар арасынан ізгі біреу сайлансын, сонда үкімет талабы орындалады...»

Өрікті оқиғасынан кейін Исатайлар Тасшағылды тастап, Айдарлы деген жерге көшіп қонады. Осы Айдарлыда даудың мән-жайын да біліп қайтуға өздерінің бұрынғы билеушілері Сүйіншіғали Жанәліұлы келеді. Ол Исатайды Ордаға баруға үгіттейді. Исатай бас тартып, жоғарыдағы хатты сұлтанға осы жерде тапсырады. Сүйіншіғали 12 күнде бір жауабын берерміз деп, дәмелендіріп кетеді. Бірақ жауап болмайды.

ТАСШАҒЫЛ, АЙДАРЛЫДАҒЫ КӨКТЕМ

Нарында бір-бірімен жапсарлас он екі құм бар. Құм деген аты болмаса, жиде, жемісті тұт ағашы, қарағайлы тоғайлары бар, аңылы-тұшылы жайылымы аралас, өрістері жайлауға да, қыстап қалуға да қолайлы, шұрайлы жер. Ебелек, бидайық, қияқ, жусан, изен, алабұта, қаңбақ, жыңғыл, жүзген өседі. Аралас шөпті қоңырлықтарға мал тісі айырылмай, жабысып қалады. Аяқты малдан мың-ғырып өсетін қой, түйе, жылқы, азын-аулақ сиыр да бар. Құмның ортасында Толыбай сияқты қоғалы-қамысты көл көздің жауын алғандай. Жоғарғы жақта Еділдің тармақтары тарам-тарам боп келіп, Жасқұсқа дейін жетеді. Ал Қиғаш құмның оңтүстік батысын ұзақ жағалап ағып, көктемде қайсыбір салалары құмға еніп кетеді. Нарынның теңіз жағалауын Жайық, Тептер, Шоран, Кокарна, Боксақ өзен-дері қиып өтеді. Көктемде Жайықтың сай-жыралары да құмға құяды. Аң-құс жырттылып айырылады. Құстан әсіресе қаз, үйрек, қалғабай, қарабай, аққұтан, көкқұтан, оқпақ көп. Аққулар да көл бетін бермейді. Аннан түлкі, қоян, қарсақ, қасқыр, суыр, арагұра қалың қорысты көлдерден құндыз да кездеседі. Әсіресе жанат ит балалап, тұқым жайып кеткен. Тарпаңдар азайған, некен-саяқ қана кездеседі. Оны алғашқы жылдарда аулап құртқан. Бірақ тарпаңнан айғыр салып, тұқым алғандар бар. Аяғы серейген, мойны қысқа, басы кішілеу құлан жалды жылқылар солардан тараған. Бірақ олар асаулық көрсеткенмен, не ұшқыр-лық, не шаруаға жайлылық мінсез таныта қойған жоқ.

Ел тазы ұстайды, қақпан құрады, білтелі мылтыққа үйір. Тазылары негізінен жұтынған сары, ақшыл түсті боп келеді, ара-тұра қайдан тарағаны белгісіз көкмойнақтары да, көмірдей қаралары да кездеседі. Ауыл күзетіп, қотан бағатын иттері кәдімгі жүні бір қарыс маң төбеттер. Араларында қасқыр алатын сыртандары да бар. Дәулеттілер қаршыға, қыран ұстайды. Әсіресе, қаз-үйрегі мол өлкеде, қаршыға баптау қатты дамыған. Алғыр сұңқар қаршығалар күніне қазан қайнаттырып, бір үйдің азығын айырады. Ат жарыс, палуан күрес дегендерде құрғамай болып тұрады. Оның аяғы үлкен дау-шарға ұласып кететіні ғана жаман.

Көпшілік жерде не болмайды, ұрлық-қарлық, біреудің

малын қосып алу, түн жамылып жымқырып айдап кетіп, жер асырып жіберу, қалыңдықта матап ұстау сияқты жайсыз көріністер де үзбей болып тұрады. Кейде тіпті Жайық асырып жібереді. Сол себепті де Нарында ізшілік өнері ерекше дамыған. Жаппас Құламан ізші-жоқ табуды өнерге айналдырған адам. Құламан шындап кіріссе, жер жұтып кетсе де таппай қоймайды. Сәуегейлік айтып, бал ашу да жұрт қалтқысыз сенетін тылсымдықтың бір парасы іспетті. «Көз тию» дегеннен шешектей қорқады. Әсіресе, Беріштердің арасында көк көз шағырлар көп кездеседі. Олар мал-жаныңды мұрттай ұшырады.

Қысқасы, Нарын көктем шыға малға-жанға араның уясындай құжынайды. Барлық ел осында жайлауға келген соң, біршама тығыз отырады. Ажырап кеткен ағайындар табысып, бір ауыл бір ауылмен қорісіп, қыстан қалай шыққандарын, мал-жанның амандығын сұрасып ауыл-ауылдың арасынан ат үзілмейді, ерулік беріліп, шілдехана тойланып, тіріге сәлем, өліге бата да осы кезде оқылады. Қыз ұзату, келін түсіру, ырду-дырдуы бір басылмайды. Сөз байласқан гашықтар да ұзақ қыстан кейін ең Нарында еркін ұшырасады. Қыз алып қашудың да қиқыманы осында болады.

Исатайдың қонысы Мыңтөбе ел қалың қонатын, озге құмдардан, бір бүйір шеттеу. Олар 6-7 ауыл болып Тасшағыл, Айдарлыны жайлап отырды. Атап айтқанда Жайық Беріш Исатай, Тінғали, Бекмағамбет, Қожакмет Өтемісұлдары, Есенғұл Беріш Үсе Төлегенұлы, Есен Беріш Есмұхамбет, Сәмәмбет Жантұмаұлдарының ауылдары еді. Ал Адай Досақан Жәнібекұлын Исатайға жібермей, ұрып-соғып, кордонның түрмесіне қаматқызып тастаған-ды.

Бұл кезде Махамбеттің «Жәңгір ханға айтқаны», Исатайды малақтаған өлеңдері ауыздан-ауызға көшіп, ел арасына кең тарады. Жыршылар, әншілер, термешілер оны бас құралған жиын-тойда тақпақтап айтып, өнге қосып шырқады. Киелі түбіндегі оқиға дақпыртты ұлғайып, гугу әңгіменің өзегіне айналды.

Ереуілді Исатай бастағанмен, қозғалыстың басты идеологы Махамбет еді. Идеолог болған соң, ішкі-тысқы жағдайға, елдің көңіл-күйіне, жүрек соғысы, ауыз ләміне ыңғайлап күрес ұрандарын тастауға міндетті. Олай болмаған

жағдайда қозғалыстың көшелі жолға түсуі екіталай. Күрескер қайраткердің көрегендігі де кезеңіне қарай құлаққа қонып, көңілге ұйитын қажетті программалық сөз табуына тікелей байланысты.

Жәңгір бір жағынан қолындағы билігіне сүйеніп, екінші жағынан екі жыл бойы астыртын іс жүргізіп, қажетті деген адамдардың аузын алып, теңіз бойын жайлаған қалың Берішті екіге бөліп жіберген. Ол бұл саясатты өргі есеппен терең ойластырып, тыңғылықты жүзеге асырды. Өз ағайындарының қолымен Исатайды жуасытпақ еді. Оған қолы жетті. Исатайға ең жақын адамдардың бірі Жаңбыршы Беріш Балқы, Егізек, Исатайға қарсы болды. Балқы сол кездегі Беріштің бас адамы өрі занды бни еді. Одан кейінгі аталас ағайыны Қаракобен болатын. Ол да Исатайды мансұк етіп, ханның сойылын соқты. Айбас Беріш Төлеген Тыныштықұлы да аталасынан құйрықты шорт кесті. Есен Беріш Айғана Жантоқұлы да ханның Исатайға сойыл салар жандайшабының кебін киді. Сөйтіп, Беріштердің өзі алауыз боп, екіге жарылып, қабырға үнірейіп тұрған. Ереуілшілердің арқа сүйер күш-қуаты өлі мардымсыз еді.

Тарихтың өткелең, алқы-талқы таласы кезінде, қашанда жас күштер аренаға шығып, қайрат көрсеткен, міне, Махамбет өзінің жалынды сөзін жастарға бағыштады. Орданы орыс әкімшілігінің басқару жүйесіне қолайлай бастаған ханның іс-әрекетіне халық наразы еді. Басқарудың рулық жүйесін қалпына келтіру — Исатайдың ханмен таласының бір парасы болғаны белгілі. Махамбет жастарды ата жолына берік болуға үндеді. 1836 жылдың көктемінде ол «Ұл туса», «Туған ұлдан не пайда?» сынды насихат өлеңдерін жастардың арасына айтып таратты.

Ұл туса

*Қунақты ердің астында
Көп жүгірген күлік бар.
Көн садақтың ішінде,
Көбе бұзар жебе бар.
Қарайғанның жігіттер,
Бәрін кісі демеңіз —
Күне-күндіз тайраңдап,*

*Түзге шықпас ерлер бар,
Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас.
Ордалыға көз салсаң,
Оғы қалса жоғалмас,
Топтан озған тарлан боз,
Турасынан айырылса,
Тасты басып тұра алмас.
Асылдан болат ұл туса,
Екі жақ боп тұрғанда
Егескен жерде шарт кетер.
Жауырынынан етін алса да,
Жамандарға жуымас.*

/1836, көктем/

Махамбет «Күпе-күндіз тайрандап, түзге шықпас ерлер бар» деп бойкүйез, байлауы баспақ, үйкүшіктерді мазақ етеді. Ол үйкүшіктер кімдер еді? Әрине, босағасына, қотанды қой, дүние мүлкіне байланған ересектер. Олар табиғатында әліптің артын баққыш, аңыс андығыш жалтақ. Көңіліне қиқым түссе, артына бұрылып қарамайтын жастар: «Ордалыға көз салсаң, оғы қалса жоғалмас» деп тізе қосып, қатарды кордаландыруға шақыра отырып, екі дай боп тұрғанда «асылдан туған болат ұл», «жамандарға жуымас» деп, Ішкі Орда тірлігінде бір-біріне қарсы екі топ пайда болғанын аңғартады. Хан орда бұларды «Тентек, бұзық» десе, көтерілісшілер оларды «жамандар» деп атаған. Бұл сарын 1836 жылдың қысында айтылған «Арғымақ, сені сақтадым» өлеңінде шаң берген еді.

*Жақсыменен дос болсаң,
Айырылмас күні қос болсаң.
Басыңа қиын іс түссе,
Алдыңнан шығар өбектеп,
Жаныңа не керек деп.
Жамаппенен дос болсаң,
Айырылмас күні қос болсаң,
Басыңа қиын іс түссе,
Басқа кетер бөлектеп,
Қолдан берер есектеп,
Сыртыңнан жүрер өсектеп.*

Мұндағы «жақсы» деп отырғаны Исатай, «жаман» дегені Жәңгір екені түсінікті.

Келесі толғау: «Туған ұлдан не пайда?».

*Алтын тақты хандардың,
Хандығынан не пайда,
Қаріп пенен қасірге
Тұралық ісі болмаса?
Алаштың байлығынан не пайда?
Құланның басқа ел таппай,
Маңқиған сары даладан
Екіндіде құлаған
Тарығып келген ерлерге,
Қайыры оның болмаса?
Ақ жұмыртқа, сары уыз,
Әлпештеп қолда өсірген
Туған ұлдан не пайда,
Қолына найза алмаса,
Атаның жолын қумаса?*

/1836, көктем/

Өстіп, Махамбет жалпақ алаштан қолдау күтіп, жастарды найза ұстап, атаның жолын қууға шақырады. «Азамат ердің баласы» да осы 1836 жылдың көктемінде шығарылған, жоғарыдағы жырлармен сарындас, тамырлас өлең:

*Арғымақтың баласы
Аз оттар да, көп жусар —
Талаудан татқан дәмі бар.
Азамат ердің баласы
Аз ұйықтар да, көп жортар —
Дұшпанға кеткен кегі мен
Барымтаға түскен малы бар.*

/1836, көктем/

Бұл кезде Ордада 15 сәуірден-15 мамырға дейін созылатын көктемгі жәрмеңкі өтіп жатты. Қант-шәй, кара азықтан тапшылық көргенмен, көтерілісшілер жәрмеңкеге бара алмады. Олар ақылдаса келіп, алқалы топта көзге ілігіп, белгілі бола қоймаған, бірақ сауатты, еті тірі Ысмайыл /Махамбеттің інісі/ мен Есен Беріш старшыны Есмұхамбет Жантумаұлының сенімді адамы Сырым Байсал-

ұлын көр-жер сатып алуға жасырын жұмсап еді, старшын Төлеген Тыныштықұлы оларды ұстап, Ысмайылдың 237 сом ақ-шасын, 50 сомдық шапанын, 10 сомдық мәсісін, ал Сырым-ның базарға апарған 11 қосын тартып алды. Онымен де шектелмей, екеуін өлімші ғып сабап жіберді.

Осыдан-ақ биылғы жәрмеңкенің тыныш болмағаны байқалады. Тыныш болатын да негізі жоқ-ты. Нарынның бір қиырынан ұрандаған Исатай мен Махамбет дауыстары құлақта жаңғырығып, көңілді елегізітіп тұрған. Жәрмеңке басы гу-гу әңгіме, үлкеннің де, кішінің де айтатыны: хан жарлығына бөксесі болқ етпеген Исатайдың қайсарлығы мен ерлігі, Махамбеттің алашқа жар салған ұранды өлеңдері. Тыңшылар жәрмеңке алаңында не боп жатқанын күніне неше мәрте ханға жеткізіп тұрды. Старшындар жарғақ құлақтары жастыққа тимей, базар аралап, сөз тындап жүрді.

Жәңгір қапалы еді.

Исатай Қарауыл жожа бастаған хан жасағын Киеліде жаман мұқатты. Ханның Исатайды ұстап әкел деп 1836 жылы 17 наурызда берген жарлығы орындалмай, аяқсыз қалды. Исатайдың қылы қисаймады. Бұл оқиға жалпақ елге жайылып кетті. Ханның дәрменсіздігі туралы сыпсың әңгіме етек алды. Жәңгір бұл оқиғаны патша әкімшілігінен жасырып бақты. Ордасында тәртіп орнатып, тентегін тыя алмаған ханда не бедел болушы еді? Болар іс болды, қайтесің-өз бармағыңды өзің кесесің бе? Киелі оқиғасынан кейін Исатай шетін мінез таныта қойған жоқ. Ал оның есесіне Махамбеттің білек сыбанып, дабылдатуы күшейді. Баяғыда араздасып, Ордадан кетерде бетіне соққандай ғып былш еткізген «Хан емессің — қасқырсың» деген олеңі жалпақ елге жайылып, мақал болып кеткенін білетін. Одан бергі аяқ алысын да қалт жібермей, аңдып отыр. Әуелі «жақсы менен жаманды» шығарып, Исатайды халықтың түп қазық, алтын діңгек игі жақсысы деп жар салып, ал бұларды «есепшіл», «өсекшіл» ез деп, түкке алғысыз қылса, енді келіп жастарға «үйкүшік» болма, «тентек атанбай, тегін атақ келмейді», «ата жолы қымбат болса, ақ найзаны қолыңа ал» деп ұран тастады. Сөз түсінбейтін қазақ жоқ. Мұның бәрі аңдып атқан оқтай, талма жерден дөп тиіп жатыр еді. Ал енді соңғы ұрандарында:

✓

*Топтан озған тарлан боз,
Тұрасынан айырылса.
Тасты басып тұра алмас, —*

деп бір бұлдырлатса, кейінгі толғауында:

*Алтын тақты хандардың,
Хандығынан не пайда?
Қаріп пенен қасірге,
Тұрарлық ісі болмаса, —*

деп хандыққа, хан тағына тура азу салыпты. Бұл аса қауіпті нышан еді.

Әкімшілік көпке бас білдіру құралы болғандықтан, ол біреуге жағады, біреуге жақпайды. Жалпыға жайлы жалпақ шешей бола алмайсың. Есесі кеткен наразылар қашан да табылады. Басқарудың әкімшілік-территориялық жүйесін енгізем деп: ел ішін алақөздендіріп алғаны және бар. Жаңа тәртіп бойынша жаңа қоныстарға көшуден жалды, шүйделілердің ұтылғаны шамалы, заңға сәйкестендіріп қағаздатып алғаны бар, малын беріп сатып алғаны бар, өйтеуір жерсіз қалмады. Сорлаған кедей-кепшік. Махамбет «қаріп пенен қасерге тұрарлық ісі болмаса» дегенде сыздауықтай сыздаған тұсқа от қойып әдейі айтып отыр. Исатай аяғымен жүріп бірді үгітесе, Махамбет өлеңімен мыңды үгіттейтін аужай андатты. Ең қауіптісі — оның ұранды жырларында анық саяси программамен бірге халықты ханнан түңілдіру мақсаты да жатыр еді. Халықтан айырылса, хандықтан айырылғаны. Махамбеттің аузын буып, аяғын тұсамай болмайтын еді.

КҮДІКТІ ӨЛІМ

✓

Жәрмеңке бітуге 4 күн қалғанда, яғни 1836 жылдың 10 мамырында Күшік Жапарұлының өлімі туралы қауесет дүңк ете қалды. Зерттеушілер бұл өзі не ойдан, не қолдан орайластырған пәле емес пе екен деген күдікке бой алдырады. Оқиганың өн бойында сондай бір сыңай бар.

Бұл кезде Исатайлардың қас жауы Балқыға қарасты

Айбас Жайықтың старшыны /Тінғали Тайсойғанұлы сонын карамағында болған/ Төлеген Тыныштықұлы жәрмеңкеде жүр еді. 10 мамыр күні ол Жәңгірге келіп, жаңа ғана ауылдан Малқан Садықұлы деген адамның келгенін, Күшік Жапар-ұлының өлгенін айтып, естіген-білгенін хатқа түсіріп рапорт қып береді. Жәңгірдің бұған қуанып, күлшына кіріскені соншалық — істің мән-жайын тексерместен сол бойда, яғни келесі 11 мамыр күні Төлеген Тыныштықұлының рапортын жедел-қабыл Орынбор Шекара комиссиясына жөнелтеді.

Бұл соншама не асығыстық еді?

Жәңгірді қуантып, Ордаға жан бітірген жаңағы рапорттың тексі мынадай:

«...Малқан Садықұлы деген казактың хабарлағанына қарағанда: олардың ауылына Астрахан кордон күзетінен жандарында бір чиновнигі бар, 25 казак-орыс келеді, олармен бірге Беріш руының Ағатай бөлімінің қазағы Исатай Тайманұлы да келеді, оның жанында тағы да 25 казак болады. Отряд 7 мамыр күні Аққоже деген жерге жеткенде, Исатайдың жанындағы жаңағы адамдардың ішінен 9 казак ауылдың сыртында бір шақырымдай жерде жайылып жүрген малға барып қой ұстай бастайды. Қой бағып жүрген Күшік Жапарұлы мен Тайбек Жәдігерұлы деген казактар қойды бергісі келмейді. Сонда жаңағылар бұл екеуін соққының астына алады, соның салдарынан әлгі жерде Күшік Жапарұлы тіл тартпай кетеді. Сонда бәрін басқарып жүрген Беріш руының Жайық бөлімінің қазағы Махамбет Өтемісұлы».

Хан шылауына ергендерге — Исатай, Махамбетердің ерлік істері туралы жәрмеңкеде дүңкілдеп көп тарап кеткен әңгімені басу керек еді. Жандайшаптар жәрмеңке біте бергенде Күшік Жапарұлының өлімі туралы, оған Исатай мен Махамбеттің қатысты екенін, енді олар орыстың қылмысты істер заңы бойынша сотталатынын айтып, нетүрлі әңгіме таратып даурығысады.

* * *

60 жасар Күшік Жапарұлы өлімін егжейлемес бұрын, бұл оқиғаға ненің мұрындық болғанын әңгімелейік.

Ереуілшілер Киелі оқиғасы ізсіз кетпейтінін: хан, хан жақтаушылар тарапынан түбінде бір зауал болатынын сезіп, Орал казак-орыс әкімшілігінің ауызын алып қоюды ойлады. Ол кезде қазақтардың арасында қашқын-пысқын орыс, хохол, татарлар көп болатын. Олар әскер қызметінен қашып, қайсыбіреулері кеңселерде хатшы, тілмаш, не ауылда молда, болмаса есіктегі құл орнында малай болып жүретін. Патша үкіметі оларды қылмыскер деп есептеп, жасырған адамдарды қатты жазалайтын. Қарауыл, Балқы, оның сыбайластары әсіресе старшын Төлеген Тыныштықұлы, сондай қашқын-пысқындарды малданып жүретін. Осы Нарынға қашқын татарларды іздеп 25 солдатымен жүзбасы Донсков келді. Қолында Орал әскерінің 8 полкінің командирі Марковтың бұйрығы болады. Исатай Донсковты жақсы танитын. Баяғыда 1828 жылғы Ұялы сыязына шекара комиссиясының төрағасы Г.Ф.Генсті екеуінің жасағы қорғап, алып жүрген. Олардың салып ұрып Исатайларға келуі тегіннен тегін емес. Исатайлар қашқындар туралы жасырын хабар берген сияқты. 1836 жылы мамырдың 5-7 аралығында қазақтар 4-5 қашқынды ұстайды. Балқының үйінде жасырынып жүрген Сапан Мұхамедұлы осы жолда қолға түсіп, тұтқындалып еді, оны Балқыға қарасты Бескасқа Беріштердің ауылынан ұстаған. 7 мамыр күні олар жандарында Исатай, Махамбет, Жақия бар Қарауыл қожаның иелігіндегі адай ауылына беттейді. Олар Ақкожеде тұратын. Сол ауылдың Қалдыбай, Сандыбай деген адамдарының бірнеше татар малайын ұстайтынын білетін.

Жолда Жабағы деген мекенге келгенде, Есен Беріш Тасқынбай Жұбанұлы деген шаруа жүзбасы Донсков пен Исатайға келіп: «Төлеген Тыныштықұлы 70 шақты адамымен Сіздерге шабуыл жасап, ұсталған қашқындарды айырып алмақшы» дейді. Бұл кезде Төлеген Тыныштықұлы жәрмең-кеде жүрген сыңайлы. Әйткенмен, оның осы уақиға тұсында ауылда болып, шаруаны жайғап барып отыруы да ғажап емес-ті. Екінші бір деректеме Төлеген Тыныштықұлын ауызына алмайды да, бұл әрекеттерді ұйымдастырушы Қарауыл қожа деп біледі. Казак-орыстардың қашқындарды іздеп, Адай ауылы Ақкожеге беттегенін естіп, Елеусіз Серкебайұлының басшылығымен 80 жігіт жияды. Жабағыға келгенде мұны білген Исатай 20 жігітімен Махам-

бетті, ал жүзбасы Донсков урядник Соколовпен 4 казагын жіберді. Шынында да, Ақкожеде атқа мініп, топталып тұрған кара-құра коп екен. Өміркей Мырзаев деген казак-орыс: неге жиналып тұрсындар десе, әлгілер балағаттай жөнеліседі. Елеусіз Серкебайұлы оны таяқпен ішінен салып өтеді. Бұлар кері шегінгенде, әлгі бұзық сондарынан қылыш суырып тұра ұмтылады. Махамбет оның қылышын қағып түсіреді де, Ө.Мырзаев атының тізгініне жарма-сып, Серкебайұлын жетектей ала жөнеледі. Әлгі топтың адамдары бұларды соңынан қуады. Бірақ кешікпей Исатай мен Донсков тобы көрінеді де, қуғыншылар аттың басын кері бұрады. Серкебайұлын Донсковке тұтқын ғып тапсырады.

Жоғарыдағы Төлеген Тыныштықұлының рапортында Махамбеттер ауыл шетіндегі малға кеп қой ұстай бастады десе, екінші бір деректемеде: Донсков отрядының азық-түлігі үшін Махамбет 9 жігітімен жылқышыларға барды. Жылқышылар қой бермеді. Содан төбелес болып, 60 жастағы Күшік Жапарұлын өлді дейді. Ел қаптап тұрғанда, әрі әжептәуір шайқас болған жерде, Махамбеттердің ауылға жақындай беріп қой қуып кетуі келеге келмейді. Зерттеуші И.Кенжеәлиұлы: осы уақытта Махамбет жүрген манда Күшік Жапарұлы деген бір шал өлген еді, соны Махамбеттерге жапты дегені қисынға келеді. Төлеген Тыныштықұлы Жәңгірге берген рапортында: Махамбеттің жанында Тінғали Тайсойғанұлы, Есенаман Боранбайұлы, Жұмабай, Әлмен Тоғайұлдары, Дәуіт Қожаниязұлы, Үбі, Жақия болды деп көрсеткен.

Не де болса, Күшік Жапарұлы өлімі Исатай, Махамбеттерді шырмауға алуға мольнан жарады. Жәңгір бұл іске білек сыбана кірісті. Ол 11 мамыр күні Шекара комиссиясына рапорт жолдап қана қоймай, Күшік Жапарұлының өліміне байланысты Махамбет Өтемісұлынан қылмысын тексеруге комиссия шығаруды өтініп, Орынбор генерал-губернаторы Василий Александрович Перовскийге рапорт жолдады.

Ордадағы хан кеңсесі юридикалық пәрмен беру үшін істі заңдастыруға кірісті. 15 мамыр 1836 жылы Күшік Жапар-ұлының өлімін тексеретін комиссия құрылды. Оның құрамына сұлтан, хорунжий, Кошекғали Сығайұлы, старшын Түмен Қозайдарұлы, хан кеңесшісі Бос Боздақұлы,

және штаб-лекарь Сергичев енді. Олар 8 күннен кейін барып қабірді аштырып, Күшік Жапарұлының өліміне дәрігерлік қорытынды шығарды. Дәрігер Сергичев екіұштылау, солқылдақ қорытынды берді: «Жапарұлы бастан ұрған соққыдан өлген, бірақ соққы әлсіз, өлтіруді көздеп әдейі ұрмаған, оны жарақаттың шағындығынан, бас сүйектің сынбағанынан аңғару қиын емес, жарақат адам өлгендей емес, алайда кездейсоқ жайлардың қосарланып қабат келуінен, ми шайқалудан, жасының үлкендігіне, дене құрылысының әлжуаздығына байланысты әлгі жарақаттан жан шығаруы ғажап емес». Комиссия Күшік Жапарұлы өлімінің «куәгері» Тайбек Жәдігерұлы, Исанбек Жәдігерұлы, Бай-жиен Күшікұлдарынан түсінік алған. Олар бірауыздан Күшік Жапарұлын Махамбет ұрып өлтірді деген.

Өрікті-киелі оқиғасы туралы бірде-бір жерге мәлім етпеген, Исатайды ұста деген өзінің жарлығы орындалмағанын да онша намыс көрмегендей болған Жәңгір Күшік Жапарұлы өліміне жер тістесе жабысты. Жапарұлы көлденеңнен өлсін, біреу өлтірсін, әлде Махамбетке жала жабу үшін әдейі өлтірсін/ Ондай да версия бар/ — Жәңгір осы арқылы Исатай мен Махамбетті жуасытуға күлшына кірісті. Ол Махамбеттің хан ордадан кетіп, Исатайға қосылуы, жәй кетпей араздасып кетуі, енді-енді қолтығына тартып, хан кеңсесінің қажетті жұмыстарына икемдей бастаған ауызы епті, іскер тындырымды Бекмағамбетті бірге алып кетуі ханның қабырғасына қатты батты. Махамбеттер Исатайды күшейтіп жіберді. Жәңгір Махамбеттің қайратын да, қабілетін де жақсы білсін. Тіл десең — тілі, ой десең — ойы, күш десең — күші бар. Ордадағы айтулы өжеттердің бірі. «Өтемістен туған он едік, онымыз атқа мінгенде — жер қайысқан қол едік» деуі өтірік емес-ті. Шындығына келгенде, Жәңгір Исатайдан емес, осы Махамбеттен сескенеді. Исатай көкдолысы ұстап, қырсыққанда болмаса, аңғал да алды кең батыр еді. Ол осы дүрбелеңнің алдында өзіне талай хат жазып, мәмілеге шақырды. Қитығып көнбеген өзі. Кеудесіне нан пісіп, көзінің еті өсейін деді ме, ханмен қалай сөйлесуді ұғындырғысы келді ме — әйтеуір айтаққа еріп, бір асығыстық істеп алды. Олар ұзақ жыл көңіл жақын сыйлас болып еді. Қаласа, көкірегін басып сәл-пәл деп кішірейсе, батырмен әлі де тіл табысып

кететініне кәміл сенді. Ал айналасына сиқыршыдай ықпалды — орақ ауыз Махамбет жаман еді. Исатайдың бетін бері қаратпай, теріс бақтырып жіберуі ғажап емес-ті.

Жәңгір Исатаймен күресте ең алдымен Махамбетті аластау керек деп түйді. Сол себепті Күшік Жапарұлы өліміне байланысты іс-әрекетінде алдымен Махамбетке азу басты. Ханның 11 мамыр-дағы Махамбеттің кісі өлтіргені туралы хабарламада, 23 мамырдағы комиссия қорытындысында, 14 шілдедегі Исатай-дың бұрынғы арыз-шағымдарын Шекара комис-сиясына жолдай отырып, өз тарапынан қосқан түсіндірмесінде, Шекара комиссиясының Орынбор әскери-губернаторы В.А.Пе-ровскийге жолданған сан қилы ақпарларда Исатай екінші планда қалған да, жел өтіне Махамбет шыққан. Жәңгір 11 мамырдағы шағымында Махамбетті «мінезі жаман, бұзылған» деп оны ордасынан қуып жібергенін мәлімдесе, Шекара комиссиясы Исатайды ханға қарсы қоздырып жүрген Махамбет Өтемісұлы деп бағалаған. Бұл әңгімелерде астар жоқ емес-ті. Исатай мен Махамбеттің арасын айыру саясаты жатыр. Егер комиссия Махамбетті алып кетеміз деп түбетектеп отырып алғанда, Исатай солқылдақтық жасаса, көтерілістің кейінгі тағдыры не болары белгісіз еді. Исатай Махамбетті комиссияға шығарып бермеді.

Нарында барымта-сырымта, партия қақтығыстары, ауыл арасы араздықтар, кісі өліміне әкеліп соғатын жортуылдар аз болмайтын. Жақсы да, жаман да мезгілінен бұрын шетінеп жататын. Бұл дауларды ат-шапан айып тарттырып, құн алып беріп реттеп, жолға салып отыратын билер еді. Бұл жолы хан оларға тізгін бермей, указбен бекітілген орыс дәрігерін айғаққа тартып, істі патша заңымен жүргізуге ниет түзегені айдан анық. Ал патша заңында кісі өлтіргенің үшін міндетті түрде қамауға алынып, итжеккенге алына-тынсың. Іс бір бет алған соң, өзінің ақтығынды көбіне-көп дәлелдей алмай-тынсың. Махамбет осының салқынын сезіп, күйзеліске ұшы-рады. Бұл кездегі оның көңіл күйі мынадай өлең жолдарына ұйқасты:

*Қаршыға деген бір құс бар —
Қанаты айдың астында.
Ұясы оның саяда,*

*Қарағай, қайың басында.
Анқау өскен ер едім,
Бұла болып жасымда.
Бұл қонысқа қондырған
Ата-бабам оңбасын
Таңла сират басында*

V

/1836, мамыр/

Зерттеушілер өлеңнің соңғы жолын «Танда сират басында» деп жазып, түсінік бермейді. Бұл араб сөзі, дұрысы «Таң ла сират» — махшар күні деген ұғым.

Биылғы көктем, жаз айлары бойы Өтеміс әулетіне жан-жақтан тізе батыру көбейді. Бұл да Махамбетті жасытудың амалы еді. Өз дұшпандарын елге талатып кек алу әдеті қазақ даласында баяғыдан етек алған құбылыстардың бірі. Көктемде Орда жәрменкесіне барған Ысмайылды Төлеген Тыныштықұлы: ағаң кісі өлтірді, қазір ханға сүйреп апарып Итжеккенге айдатам деп қорқытып, базаршылап барған жігіттің 237 сом ақшасын, 50 сомдық жібек шапанын, 10 сомдық мәсісін тартып алса, шілде айының ішінде Әжі руының старшыны Сарықұл Жайлауұлы Кулагин бекіністерінің қазақ боп кеткен қазағы Құли Сулымовтың семіртіп отырған 150 сомдық құнанын ұрлады деп Махамбеттің інісі Сүлейменнен 80 сом алған. Ксіін жоғалған ат табылғанмен, Сарықұл ақшаны қайтармай сіңіріп кетті.

Жәңгір 1836 жылы Орал әскерінің атаманына берген арызының бәрінде бүлікті ұйымдастырушы Махамбет дей келіп, оның ауылы жоқ, семьясы жоқ адам екенін, елді бүлдіріп-бүлдіріп, бір түнде артына қарайламай Жайықтан өтеді де кетеді, сондықтан уақыт оздырмай, оны тез ұстау керек деген ұсыныс жасайды. Осы сарындас әңгіме 1837 жылдың 24 тамызында Орал қазақ атаманы Покотиловтың Орынбор әскери губернаторына жолдаған қатынасында да орын алған. Өтемісұлы айтыпты: ішкі Ордада отбасы, үйі болмағандықтан, орысқа берілгенше Жайықтың сыртына кететін шығармын деп.

Бұл жай Махамбет өмірінің кейбір қырларына, бажайлап қоз жіберуге мәжбүр етеді. Оны үй-күйі жоқ салт басты, сабау қамшылы деп қалай жазғырады. 1845 жылы баласы Нұрсұлтанды Орынборға қазақ балаларына арналған орыс

мектебіне оқытуға апарған Махамбет Нұрсұлтан он жаста деген ғой. Демек, ол біз әңгіме етіп отырған кезде, емшектен айырылмаған бір жастағы сәби.

1829 жылдар шамасында үйленген Махамбет Зұлқарнайынды оқыту үшін Орынбор кеткенде әйелі Орда төңірегін жайлайтын Шеркеш төркіндерінде қалса керек. Хан кеңесінің старшыны болғанда да үйін Ордаға алдырмаған. Хан кеңесінің билері, Кеңсе старшындары сияқты қызметтерін жайлау, қыстаудағы үй-жайларына барып-келіп қатынап істеген. Махамбет өз өлеңінде «Атаңа нәлет Жәңгірдің бір ауыз айтқан сөзі үшін... Хан Ордадан кетіп, онымен жау болғанын ескертеді. Ол не сөз еді? Асылы, алқы-талқы әңгіме үстінде, мұның төркінін сағалағанын көз түрткі қып «күшік күйеу» деп кемсітсе керек. Ол кездің адамдары үшін бұл ауыр сөз еді.

Жәңгірмен жанжалдасып хан ордадан асығыс аттанған ақын үй-ішін алып кете алмады да, көтеріліс кезінде салт бас, сабау қамшы жүрді. Ол негізінен Қожахметтің отының басында болды. Өтемістің қара шаңырағының орнын ұстап отырған анасы Қосуан да осы үйде еді. Жәңгір тобындағылардың оны үй-күйсіз деуінде осындай сыр бар.

Ауызекі әңгімеде 1836 жылы ереуілшілер Нарында жайлауда жүргенде Махамбет Дауымшар Есейұлы Бірәлінің қызына үйленді деген сөз бар. Нар түйелерімен аты шыққан Байбақты руының Дауымшар ауылының іргелі азаматының бірі еді. 1834-35 жылдыр Жәңгір жер бөлісті қыздырып, Байбақтыны жерден қысқанда, Бірәлі «Саған керегі ақша болса, мә!» деп Жәңгірдің алдында күміс теңгені дорбасымен төге салған.

Байбақты — Сырым батырдың әулеті, ауызды шешен. атақты батырлары көп, іргелі ауыл. Олар айнып, толқып, әзірше көтеріліске қосыла алмай жүрген. Міне, осы кезде соқа бас Махамбет көтеріліске қабырға тірек іздеп, Байбақтының түйелі байы Дауымшар Бірәлінің қызына үйленуі мүмкін. Оның үстіне өзінің қайын жұрты Шеркеш ауылдары көтерілісті қолдамай, ханның қолтығына тығылып отырған. Ақынның бұл әрекеті бұрынғы қайын жұртына қыр көрсетуі болуы да ғажап емес.

Міне, осыдан кейін, Махамбеттің түсініксіздеу бір өлеңінің сыры ашылады:

*Жалғыз ұлым Махмұт,
Бекетай құмның ішінде.
Жалғыз бір қалған сен де бар.*



Тастөбе қырғынынан кейін көтерілісшілер ауылы алапат қуғын-сүргін, талан-таражға тап болды. Махамбет төркін жұртында кеткен Нұсұлтанды есіне алмай, Дауымшар Бірәлінің қызынан көрген Махмұтты есіне алуында осындай сыр болса керек. Бірақ көтерілістің қиқуымен жүрген ақын өз алдына отау көтеріп, ауыл бола алмаған-ресми құжаттарда оны «үйсіз-күйсіз» деп көрсетудің мәні осында.

КҮНТӨБЕДЕГІ КЕҢЕС



Ереуілшілер сәуір, мамыр айларында Исатайдың соңғы қонысы Мыңтөбеде 6-7 ауыл болып көшіп жүрді. Исатай Тасшағылда отырды. Олардың терістігін Балқыға қарасты бес Беріш: Себек, Жаңбыршы, Жайылған, Бесқасқа, Айбастар жайлады. Оларды ауыз екі тілде, «Құм беріші» деп те атайтын. Төлеген Тыныштықұлы Айбастар мен Балқыға қарайтын шағын Адай ауылдарының старшыны еді. Исатайдың шығыс іргелерін тас қамалдай бітеп жатқан Жайық әскери Шебі басшыларының ауызын алып қою ниетімен қашқын ұстауға жәрдемдесулері көздеген мақсатына толық жетпеді. Ойламаған жерден бұларға таңылған Күшік Жапарұлының өлімі — қарсы топқа қол болды. Соны желеу етіп, Жайық Шебі басшыларының аяғын тұсап, «қашқындар» мәселесін аяқсытып жіберулері де ғажап емес. Дегенмен, Исатай қашқын Сапан Мұхамедұлы Балқы Құдайберген-ұлына қарасты Бесқасқа Беріш ауылынан ұстағанын, оның біраз жыл Балқының есігінде болғанын, ел ішінде жүріп күнелтуге бидің өзі рұқсат еткенін айтып, Шекара комиссиясын құлағдар етті. Жүзбасы Донсков та Оралға барысымен іс қозғауға уәде етті. Сүйтіп олар басты қарсыластарының бірінің адымын тарылтты.

Бірақ қарсы топ та ұпай алдырмау үшін. Күшік Жапарұлының өліміне қадалып бақты. Қабыр ашуға келген



комиссияның төрағасы Көшекғали Сығайұлы «Махамбетті алып кетем» деп қиғылықты салып еді, Исатай оның байбайын құлаққа ілмеді.

Зерттеушілер осы тұстағы Исатай жасаған 700-ге жеткізеді. Бұл сөзде ереуілшілерді асыра дәріптеушілік салқыны бар. Өйткені, бұл уақытта Исатайларға келіп қосылғандардың есеп-саны шамамен белгілі. Ол Жайық Беріш Дәуіт Ермеқұлының шағын ауылы. Адасқан қаздай теңіз жағалауында, бөлініп қалған ол өткен қыс көресінді көрді. Жылу төлеуден бас тартқаны үшін старшын Қаракөбен Өтепұлы, інісі Сүйініш 10 кісі боп келіп мал-мүлкін олжалап, өзін ондырмай таяққа жықты. Теңдік іздеп қисым басына барса, Қарауыл «мә, саған теңдік» деп жалаңаштап қойып, дойырмен 25 дүре соғып, үш күн қараңғы үйге қамап тастады. Жайлауға аяғы ілігісімен Исатайға жылап жеткен. Қыстай өзі қамауда, ауылы күзетте болған Адай Досақан Жәнібекұлы да жайлауға шығып арқа кеңісімен, бір түнде үдере көшіп Мыңтөбеден шықты. Ол өзі қайсар, батыр жігіт еді: 50 шақты жасауыл жігітімен, үлкен ауылымен келді. Ереуілшілерді серпілтіп, қара санын молайтып тастаған осы Досақан батыр. Әлбетте, батырлардың дабырасын есітіп, жеке-дара аттылы-жаяулы келіп жатқандар да аз болмады. Мәселен, Есентемір Оңғалбай деген жігіт белдеудегі қожасының жарау атына қарғып мініп, Мыңтөбе қайдасың деп заулатып кете барған.

Біздің жобалауымызша: Мыңтөбеден ұзап шықпаған, ат арқасына қона қоймаған, әзірше қорғаныста отырған көтерілісшілер саны 300-400 адам шамасында ғана болды.

Қатарларының айтарлықтай молықпағаны батырларды ойландырды. Оның үстіне Күшік Жапарұлының өлімінен кейін, Исатай мен Махамбетті өйтеді екен, бүйтеді екен, әскери сотқа тартып, Итжеккен айдайды екен-міс сияқты әңгімелер де гулеген. Отыра беріп болмайтын: жақтастарын молайтып, қатарларын көбейту керек-ті. Олар Тасшағылда отырып ойларын пісіріп алып, маусымның бас кезінде «Бес Беріштің» жерін басып, Найзашағылға беттеді. «Жайлаудан қысылдық, Ішкі шептің бастығы Сумкиннен жер сұраймыз!» деп сөз таратты. Мұндағы мақсаттары — ханмен бір кетісіп, бір табысып жүрген алауыздықтары бар қалың Байбақты, Жаппас, Ысықтардың қоныстарына қоян қолтық жақындау еді.

✓

Олар «Бес Беріштің» жайлауын басып өткен соң, беттерін батыс тарапка бұрып, Тастөбеге қарай беттеді. Осы мандағы Контөбе деген жерде 50 адам боп кенес құрды. Кеңеске өзге рулардың кет әрі емес-ау деген старшындары, билері, ел ағалары, батыр, бағландары шақырылды. Исатай жиналған жұртқа Өрікті-Киелі оқиғасын баян қылды. Ханға өкпелілер шер тарката шешіліп, түмтілдесе кесіліп сөйлемеді деймісің? Батыр аржағына түйіп келген «Ордаға сес көрсету» жорығын келеге салып кеңесті ме, кеңеспеді ме — анық-қанығы белгісіз. Сөз болмай қоймаған сияқты. Себебі: 22 маусымда батыр Орда тарапындағы ықпалды ағайыны Бекболатбайға хат жазып, сәуір айында Сүйіншіғали Жанәліұлының қолына ұстатқан арыз шағымымыздан хабар жоқ, сол арызымыз туралы ханның, «Хан Кеңесінің» нендей ойы бар екенін біліп бер деп өтінген. Соған қарағанда «Хан Кеңесі» төңірегінде бұларға қол ұшын беретін жан баласының болмағандығы.

Исатай Бекболатқа хатында: «Сіз құрметті байдың жіберген кісіңіз уә жазған кітабыңызды оқып көрдік» депті. Болашақта бұл тарапта ізденістер жүргізу керек болады. Батырдың «Жараным Бекболатбай» дегенінен — оның нәсілі Беріш екенін аңғарамыз. Ендеше, ол Тұрымтай-Қанай-Дәуленбай-Бекболат боп келіп, Дүйсеге тірелетін Жайық ұрпағы. Жасқұста Бекболат ауылының орны бар.

Шамасы, Бекболат ереуілшілер арызы туралы ханның, «Хан Кеңесінің» нашар пиғылын біліп хабарласа керек, көтерілісшілер ора түрегеліп атқа қонған. Батыр Өрікті-Киелі оқиғасын бастан-аяқ қайтадан хатқа түсірген. Оған 30 сараған /маусым/ деп қол қойған. Соған қарап «Ордаға сес көрсету» жарығы сол шамада, не бірер күн ілгері, не бірер күн кейін болды деп жобалаймыз. Ел басқарудың жықпыл-жықпыл саясатына жетік Исатай мен Махамбет бұл жорықтарына «Ханға арызымызды айтамыз!» деген айдар тағып, аттаныстары туралы жар шашты. Бұл бір жағынан ханның табандылығын, екінші жағынан оңаша күңкілі көп халықтың белсенділігін сынау амалы да еді.

Бұл жорықта батырдың шашбауын көтерген серіктері — немере ағасы Тоғай Бегәліұлы /Тайманның туған інісі/ , Үсе, Есет Төлегенұлдары, Қамбар, Тінғали Тайсойған-

ұлдары, хат-каламға жүйрік ұлы Жақия. Бұлардан басқа жорыққа ілескендер: Есмұқамбет Жантумаұлы /Есен/, Атанай Тоқанұлы, Дәуіт Ермекұлы т.б.. Шағымдарын жазып ала жүрді. Тастөбеден 17 адам боп шыққан олар — 60-70 шақырым жүргенде, ханға барып зарымызды айтамыз деушілермен молайып, 100 қаралы топқа жетті. Бұл да Исатайдың саясаты еді. Беделімді көр, мен қозғалсам, не бола-сың дегенді мысалмен ғана меңзеді.

Бұл кезде Жәңгір Айыркүмда, қызыл ағаш селдір тоғайы бар Қандыағашта отыр еді. Алғаш хабар естігендегі жарлығы: жолдағы ауылдар Исатайды үйіне түсірмесін, қонақасы бермесін болды. Сүйтіп, оны ел сыйламайтын адам ғып көрсетіп, беделіне нұсқан келтіруді ойлады. Алайда ханның аптығы тез басылды. Сасқанынан Астраханға адам шаптырды. Ол әкесі сияқты Орынбор мен Астрахан әкімшіліктерінің арасында бұлтақтауын қоймаған. Орынбор әкімдері Ішкі Орданың Астраханға ауып кетуінен қорқып, ханмен көп жүз шайыса бермейтін. Ал Астрахан мен Орынбор екі ортадағы Орда үшін көптен таласты, қырғи қабақ еді.

Исатай тобы таянған сайын, зәресі зәр түбіне кеткен хан өзін қорғайтын орыс отрядын соғыс жағдайына келтіріп, төңіректен жөпелдем қол жиды. Исатайдың алдынан елшілер жіберді. Олар — Қалмақ, Шора, Жүсіп билер Исатайды Толыбайдан /хан жайлауы Қандыағаштан 100 шақырым/ тосып алды. «Арыздарыңды бізге беріңдер де, кері қайтындар!» деді. Бұдан кейін ханнан Балпанбек Жаналин сұлтан /Сүйіншіғали, Бабағали Жанәліұлдарының ағайыны/, Алаша Алтай Досмұхамбетұлы, Дәрі қожа Бабажанұлы бастаған бір топ елші келіп, жаңағылардың айтқанын қайталап, бұдан әрі жібермейміз деп тұрып алды.

Исатайдың мақсаты ханмен жүздесу, оны шабу емес, ықтыру ғана еді. Мақсатына жетті. Оның үстіне елшілер: 12 күннен кейін хан кеңесі шағымды тексеру үшін ел арасына шығады деп уәде етті. Исатай арызын тапсырып, кері қайтты.

Осы оқиғадан кейін бұғып отырған орда тағы да дүр сілкінді. Батырды ықтыру қиын екеніне: бұқара қолдаса, Исатай Жәңгірге атасы Нұралының кебін кигізу ғажал еместігіне көздері жеткен ел ереуілшілерге қарай елендесе

бастады. Осы кезде, яғни 1836 жылдың шілде айында Исатайларға Ысық руының Айқар ауылының старшыны Қалдыбай Қосаяқұлы, Байбақты старшыны Өтеміс Қошқарұлы, Жаппас руының Қарағұл атасының старшыны Әлжан Төремұратұлының ауылдары келіп қосылды. Сондай-ақ құмдағы «Бес Беріш» қауымын сағалаған Үсе Төлегенұлының туысы Әуес Төлегенұлы да ереуілшілердің қатарынан табылды.

Исатайлардың қатары екі есе молайып, жалдары көтеріліп, шоқтықтары шодыраятыны, міне, осы тұс.

ҚАҒАЗ ЖАРЫСЫ

Исатайдың хан ордасына алғашқы қоқан-лоқы жорығы кезінде Жәңгірдің Астраханға, яғни 1836 жылы Астраханның губернаторы Темерязев еді. Ол гвардия поручигі Тюменевті Ордаға шұғыл жөнелтті де, 2-ші казак-орыс полкіне екі зеңбірекпен ханға көмекке аттануға әзір тұруға тәртіп берді. Содан кейін Ордадағы жағдайды Сыртқы Істер министрлі-гінің Азия комитеті /Департамент/ басқарушысы Родофиникинге хабарлады. Ол министрге, министр Николай I патшаға мәлім етті.

Министрліктен Орынбор әскери губернаторы генерал-адъютант Василий Александрович Перовскийге «бұл өзі не оқиға?» деген сынды сұрау келді. Ол қатынас қағазда Астрахан губернаторының хатының көшірмесі тіркеулі еді. Бұл жай Перовскийдің шамына тиеді. Губернатор қатынас қағазға кешеулеп барып, 1836 жылдың 18 қыркүйегінде жауап қатты. Онда Ордадағы оқиға үкімет мазасызданғандай маңызды іс емес, жанжал тыйылды деп жауап бере келіп, бұдан былай Орда ісіне Астрахан губернаторының араласпауын талап етті.

Мұны айтып отырған себебіміз: Исатайдың 1836 жылы маусым айының соңындағы Ордаға сес көрсету жорығының Николай I патшаның құлағына жетіп, үкімет адамдарын елең еттіруі. Ешбір құжатта айтылмағанмен, бұрынғы генерал губер-наторлар Эссен, Сухтелендер тұсында Орынбор әкімшілігімен әмпай-жәмпей болған Жәңгір Перовский

келгеннен кейін /1833 ж./ онша еркіндей алмағаны байқалады.

Василий Александрович Перовский оқыған, мәдениетті, көргенді адам болып, айналасына жақсы әсер қалдырғанмен, отарлау саясатын табандылықпен жүргізген адам. Ол — Пушкин, декабристердің досы. Орынбордағы Неплюев училищесінің көркеюін, Керуен сарайының өмірге келуін де соның атымен байланыстырады. В.А.Перовский граф Разумовскийдің ойнастан туған баласы еді, оның өзі де үйленбей, өмірін ойнаспен өткізді. Оның ашынасы Анна Осиповна Жидкованың шешесі қазақ болған. Анна Осиповна нағашы жұртының қанына тартып, қазақтың ән-күйін қатты қадірлеген. Перовский туралы кезінде И.Н.Захарьин-Якунин деген әдебиетші «Хива. Зимний поход в Хиву Перовского в 1839 году. Первое посольство в Хиву в 1842 году» атты кітап та жазған. Ол кітапты оқыған орыстың ұлы жазушысы Л.Н.Толстой Перовскийді сирек кездесетін білімді, асқан мәдениетті орыс адамы деп бағалаған. Сол сырт жылтыр-лығының әсері болды ма — Құрманғазы да «Перовский маршын» жазған. Жалпы, Василий Александрович мәдениеттің қамқоршысы болып көрінуге тырысып, әдебиет-шілерге, музыканттарға ілтипат білдірді. Ал олар өз кезегінде Перовский атын тарихта қалдыруға еңбек сіңірді. Алайда Перовский отарлау, орыстандыру саясатын кірпік қақпай қатал жүргізді.

Жәңгірдің өзіне хабар салмай, Астраханның губернаторы Темерязевке жүгіргені Перовскийдің көңіліне келді ме — алғашқы кездерде Жәңгірдің талап-тілектеріне ықылассыз болып, Исағайға іш бүрғандай да ниет танытты. Бұл Исатай арқылы ханды жуасыту амалы болса да өзі білсін. Жалпы, отарлау саясатын жүзеге асырушылар — халықтың өз ара шиеленісін мақұлдасамаса, жек көрмеген, сол арқылы ел ішін әлсіретіп, ақыры өзінің төрелігіне жүгіндіріп отырған. Тек, мәселе ұлт ішіндегі өз ара қайшылық шегінен шығып, патша өкіметінің мүддесіне қарсы келе бастағанда, ешкімді аямаған. Исатай көтерілісінің соңы да осының кебін киді.

Ал енді Орда тірлігіне оралып, ел арасы қалай болып жатқанына назар аударалық. Бұл тұстағы Хан жақтаушылар мен ереуілшілердің күрес тәсілін «қағаз жарысы» деп атауға болар еді. Ордадағы даңғазаның дабыры жоғарғы жақтың

құлағына жетіп, түптің түбінде бір тәнтіш болатын нышан байқалған соң, істі өз пайдамызға бұрамыз деп қарсы жақ бір-бірінің ит жылынан бергі айып-кінәсін жіпке тізіп, Орынборға қарай қағазды қардай боратты.

Хан басымен осынау «Қағаз жарысын» бастаған Жәңгір болды.

14 маусымда ол Шекара комиссиясына Исатай Тайманұлы, Үсе Төлегенұлы, Тінәлі Тайсойғанұлы сияқты старшындар /1835 жылғы арыз болса керек/ және басқа қазақтар жазған арыздарды, бұдан бұрынғы арыздардың да көшірмесін жіберді. Асылы, шекара комиссиясы мәселеден жан-жақты хабардар болу үшін істі толық сұратқан болса керек. Жәңгір осы құжаттарды жәй жолдай салмаған, әжептәуір түсініктермен жолдаған. Онда Исатайларға байланысты былай делінген: «Тайманұлы, Төлегенұлы, Тайсойғанұлдарының ол шағымдарында айтқандарының бәрі өтірік, тек өздерін ақтау үшін істеп отырғандары». Тағы да былай деген: «Исатай Тайманұлы жанындағы Махамбет Өтемісұлы дегеннің айтығына еріп, ханға шағым береміз деген желеумен Ордаға келе жатқанда, қарсы шара қолдану арқасында ол шайқа құрды...» жайындағы Махамбет Өтемісұлы дегеннің айтағына еріп, ханға шағым береміз деген желеумен Оралға келе жатқанда, қарсы шара қолдану арқасында ол шайқа құрды...»

Жәңгір мұнымен қоймай тап сол күні Орынбор әскери губернаторының атына шағым жолдаған. Онда хан: шебік әскери күштердің көмегімен Исатай, Махамбетті ұстап, ел арасынан аластауды өтінген. Әсіресе, Махамбетті бұзылған адам деп жазғырған. Сондай-ақ, Орда күзетінде бұл кезде Астрахан казактарынан құрылған — 3 офицер, 175 адамнан тұратын әскер бөлімі бар еді. Оны орданың ішкі істеріне пайдалануға рұқсат жоқ-ты. Жәңгір губернатордан осы әскери күзетті өзінің қарамағына беруді сұрайды.

Жәңгір Исатайдың Ордаға сес көрсету жорығын жүзеге асырмай, шайканы кері қуып тастадық деп мақтанғандай болғанмен, олардың бұл әрекетін бүлік деп бағалап, шұғыл шара қолдануды өтінеді.

Исатайлар да қарап жатпайды, 12 күнде бір жауабын береміз деген ханнан жауап болмаған соң, арада 14 күн салып, олар да тап сол 14 шілде күні Ішкі Орал шебінің

бастығы, Глинянск бекінісінде тұратын /Қазіргі Жаңақала маңы/ есауыл Сумкинге хат әкеліп тапсырды. Бұл құжат «Старшын Исатай Тайманұлының Орал шебі бастығына мәлімдемесі» деген атпен мәлім. Жалпы, қотеріліс кезіндегі Сумкиннің мінезі біртүрлі түсініксіз де қызық. Ол Исатаймен жақсы таныс болған. Бірде өл Исатайға болысқысы келгендей сыңай танытатыны бар, бірақ қорқа ма, қолынан келмей ме — артынша айнып шығып отырады. Ол, не дегенмен де, Нарынның іргесінде отырып, басқаларға қарағанда орданың ішкі жағдайына қанық болған.

Арызда былай делінген:

«Осы жылғы май числосының ішінде Оралдың офицері Донсковқа жәрдем беріп, оның талап қылмыш адамдарын ұстап бергендіктен біз өзіміздің сұлтан, би, старшындарымызға жек көріндік һәм хан хүзіретіне бұл қылығымыз лайық болмағаниан. осы уақытқа шейін қазақ халқының тыныш-тықтары кетіп, хұсусан /кейбір/ өзіміздің ата-бабалар тыныш-тықсыздыққа түсіп, жақсы атына, жақсы киіміне бей ықтияр болып уә малдары һәм тартылып алынбақлар. Одан жәбір-леріміз турасында Қали Қанлұулы Жаһлұхан /Жәңгірдің ұлықталған есімі / хүзіретіне такбар/ қайта-қайта/ арызда-рымызды қылсақ та қабыл алынып, тәптіш болмағанынан жәбір арыздарымызды Россияның бас әкімдеріне білдірмегіміз лайық. Уә әділ көреміз. Осы жылдың хамал числосының ақырғы күндерінде Қарауыл қожа Баба қожа ұлы 800 кісілік әскер жасап, қару-жарақтарымен мені қамап ұстап өлтіремін деп һұжымлық қылуында бейғайып уә бейсебеп әскермен келуінен тәптіш болынбағы үшін хан хүзіретінен неше мігір өтінсем де, қабыл алынбады. һәм бір тәптіш болын-бады. Білсе екен, жәбірліктерінен жапаланып қазақ халық-тарынан қанұнға /заңға/ лайық пікірлер кетпесі үшін күн бұрын білдіреміз. Жәбір көріп, сіз Қизатлы начальниктен такрат өтінілімдүр. Менің көрілміш жәбірлерім турасында қылған арызымызды тиісті орынға білдіріп, біздің халқы-мыздың арасы сәттер уә ахат болуына себеп болуы-ңыздан жаныммен низамуапық /жақсылыққа лайқат/ көремін. Уә бас әкімдерге лайық болса, жоғарыда жасалмыш қисаблы /есептегі/ адамдарды тауып тапсыруға таярмыз. Уә бұ арызымызға

муапық бір тәптіш болына қалса, қара пақыр халықтың ішіне келіп әркімнің өзінен әр басқа жауап сұралса еді. Аның үшін хан хүзіретінің, Беріш сұлтан­дары, старшын­дарынан басқа жерде сұралса. Егерде бұл арыздарымыз бойынша қара халықтың ішіне келіп жауап сұрамайынша, жоғарыдағы сияқты орынға шақырыла қалса, халық бара алмай, қанұнға қайшылығы көрініп, бас тартқаннан кара /ойран/ болынбасақ еді.

Уә бұдан төменде бұл арызымыз бірде ілтпатыңызға алынбай қара халықтың розғар /мекені/ кешірген жерінен жауап сұрамаса, әуелгі басымыздан екінші басымызға жеткенде ұлтымыздан не үміт болмағанынан басқа шарамыз жоқ-дүр.

Хүсусаны біздің жазбағамыздың себебі Қали Қалұлхан Жаһангер сұлтан­дар және оның төдбірінде /дәргейінде/ болынмыш билері, старшын­дары, уә Қарауыл қожа баршасы бір ынтымақта болып, қара пақыр халықтың жазған арыздарын тындатпастыққа кетсе, бізді заңға қайшы көрсетпек үшін нақақ орыннан бө­леге мүбәтла қылдылар деп, — жоғарыда болғушы бас әкімдерге көз тұтып қалғушы».

Арызға Исатай, Махамбет, Досақан Жәнібекұлы, Есмұхамбет Жантумаұлы және батырдың бұрынғы арыз-шағымдарына қатыспаған ереуілшілерге жаңадан келіп қосылған Есенғұл тайпасының старшыны Әуес Төлегенұлы, Байбақты руының старшыны Өтеміс Қошқарұлы, Ораз Ысықтың Айқар ауылының старшыны Иманбай Қалдыбайұлы, Жаппастың Қарағұл ауылының /атасының/ старшыны Әлжан Тұрманбетұлдары қолдарын қойып, мөрлерін басқан.

Исатайдың, қала берді бүкіл көтерілістің іс-қағазын Жақия жүргізген. Оны Нарындағы көтеріліс жеңіліп, Исатайлар Жайық сыртына қашып өткен кезде, Жақия әкесінің, көтерілістің іс-қағаздарын атқа өңгеріп қашып жүріп ұсталды. Өзі мұсылманша айырықша сауатты болған. Жоғарыдағы шағым әрі шағындығымен, әрі ойлы, сауаттылығымен көзге түседі. Ұсақ-түйекті термей шағын арызға Исатайлар барлық мұндарын ситғызып, талаптарын да қоя біліпті.

Қатыстары жоқтығын аңғартып, Күшік Жапарұлы өлімін ауыздарына да алмаған. Сондай-ақ, ұзақ белдесуге дайын-

далған ереуілшілер тактика да қолдана білген. «Егенде бұл арызымыз бойынша қара халықтың ішіне келіп жауап сұрамайынша, жоғарыдағы сияқты орынға шақырыла қалса, халық бара алмай, қанунға қайшылығы көрініп, бас тартқаннан қара болмасақ еді» деп өздерінің басын ашып алыпты. Патша әкімшілігінің әртүрлі себептермен алдап шақырып алып, түрмеге қамап не жер аударып жіберу әдеті бар-ды. Шағым өте сауатты, жоғары мәдениеттілік тұрғысында жазылған.

Сумкин бұл хатты Орал казак-орыс әскерінің наказной атаманы, полковник Василий Осипович Покатиловке жеткізген. Шілде айының аяқ кезінде хат Орынбор дербес корпусының командирі генерал-адъютант, губернатор В.А.Перовскийдің қолына тиген.

Ішкі Орданың екі жақты қарсы тобынан келіп түскен арызбен Орынбор Шекара комиссиясының төрағасы генерал-майор Г.Ф.Генстің өзі шұғылданды. Ол 31 шілде, 8 тамызда генерал-губернатор В.А.Перовскийге екі рет түсінік хат жолдап, арыз бойынша іс қозғауды ұсынған. Оның пікірінше: ордадағы жайсыздыққа кінәлі Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы. Комиссия мүшесі Сергичевтің екіұшты солқылдақ қорытындысын қатерге де алмай, Махамбет Өтемісұлы деген бейбастақ нашар адам, К.Жапар-ұлын ауыр нәрсемен ұрып өлтірді деген. Сондай-ақ олардың ханға арызымызды айтамыз деген желеумен тобырды жиып, ханға аттанғанын, хан жоғары жақты мазаламай, оларды өз күшімен қуып, таратып жібергенін хабарлаған. Г.Ф.Генс бұл бұзықтарды «Орал шебі әскерінің көмегімен тұтқындап, түрмеге қамап, ордадан аластау керек» деген ханның пікірін келтіре отырып, өзі де сол пікірде екенін аңғартады. Ақыр соңында Орал шебі әскери кеңсесінің шенеуніктері арқылы бұл істі егжей-тегжей тексерген жөн деген ұсыныс білдіреді.

АЛАЯҚ ҮКІМ

Генерал губернатор В.А.Перовскийдің келісімімен 1836 жылы 24 тамызда Шекара комиссиясы істі орал казак-

орыс наказной атаманы, полковник В.О.Покотиловтың қарамағына жіберуді ұйғарды. Іске Исатай Тайманұлының арызы да тігілді. Шекара комиссиясы тексеруге тәжірибелі, сенімді шенеуніктердің тартылуын және хан тарапынан депутат болуы қажеттігін еске салады.

Анау-мынау емес, бірі хан, бірі батыр, орданың екі арысының даулы тартысы казак-орыс атаманы Покатилов пен ішкі Шеп бастығы есауыл Сумкинді әжептәуір абыр-жытты. Екеуі бетпе-бет әңгімелесіп, жиі-жиі хат жазып та істі қалай жүргізу туралы кеңеседі. Себебі олардың қолында орда туралы қыруар материал бар еді. Атап айтқанда: ханның шағымы, Исатайлардың арызы, жүзбасы Донсковтың рапорты жатқан. Істі қай бағытта жүргізу керектігі анық емес-ті. Жәңгір Орынборға, Шекара комиссиясына, Орал атамандығына хат жазып, өзі де аяқтай келіп, істі Күшік Жапарұлы өліміне байланысты жүргізуге аянбай күш салып жатқан. Ақыры кеңесе келіп, тергеу ісіне әскер старшыны Осипов пен есаул Өзбекұлын белгіледі. Өзбекұлы тілмәштік қызметті қоса атқаратын болады.

Тергеушілердің алдында мынадай сауал тұрады: қылмысты істері расталса, Махамбет пен Исатайды ұстау керек пе? Ал ханның елге қиянаты батып, жапа шектіргені рас болса, оны қалай қылу керек? Бұл нұсқау сұрағанның кері еді. Бұл сауалға Сумкин де, Покатилов те жауап беруден бас қатырып, Шекара комиссиясына ақыл салады.

Жақтасып таласудың талайын көрген тәжірибелі тісқақты батыр тексеруге дайындық жасалып жатқанын іші сезді ме, әлде Сумкиннің кеңесі болды ма, 16 қыркүйекте баяғы 14 шілдеде Сумкин арқылы жолдаған хатына жауап алғысы келген сыңайланып Покатиловқа хат жазды:

«Осы жылғы өткен мамыр айында құпия сапармен жүрген жүзбасы Донсковқа қолғабыс етеміз деп, сұлтандар мен қожаларға жақпай қалдық па, енді олар бізді жала жауып, нақақ күйдіруге шықты. Бұдан бұрын біздер бар жағдайымызды айтып түсіндіргенбіз, онымыз қабылданғанмен, жауапсыз қалды. Сондықтан ендігі тілегіміз: биыл қыстап шығатын қолайлы жеріміз жоқ, өйткені бұрын көшіп-қонып жүретін Каспий теңізіне қарай барайық десек, бізге қас сұлтандар мен билерден қауіптенеміз. Сондықтан сіздерден сұрайтынымыз: рақым етіп, біздерге өздеріңізге

карасты өңірде, казак-орыс жерінде қыстап шығуға рұқсат етсеңіз екен. Біздер сіздердің нұсқауыңызбен әскердің қаражат пайдасына ақша төлеуге келісер едік. Әйтпесе, біздің осы ісіміз аяқталғанша қарсы жақ бізге жазықсыз қиянат істемейтіндей етіп, жоғарғы бастықтардан қағаз берілсе екен».

Бұл хатты жазғандағы Исатайдың мақсаты баяғы хатына тыңғылықты жауап алу емес-ті, әне-міне тексеру басталады деген соң, өздерінің жағдайларын тағы да есіне салып, мүмкін болса, жоғары жақтың пиғылын білу еді. Исатай мен Махамбет ел іші тартысына жаңа араласып жүрген адамдар емес-ті, оның ықпыл-жықпылын патша әкімшілігінің де «Қарға қарғаның көзін шұқымайды» саясатына беріктігін білетін. Баяғы Сумкин арқылы тапсырған хаттарына үшті-күйлі жауап болмағаны көңілге күдік ұялатып еді. Бұл хаттарына да қапелімде жауап болмады.

Исатайлар бекер мазасызданбаған еді. Жәңгір тексерістің бағытын бұруға Шекара комиссиясы арқылы жан салып бақты. Айтқандарындай-ақ, 29 қыркүйекте Шекара комиссиясы тергеуді қалай жүргізу керектігі туралы Показитловке жөн сілтеді: «Егер Өтемісұлы мен Тайманұлының істегендері расқа шықса, екеуі де қасындағы серіктерімен қамауға алынсын. Ал тергеу үстінде старшындармен өзге қазақтар ханға, оның басқаруына наразылық білдіріп, кінәлап жатса, оны қазбалап анықтауға әуре болмандар, Шекара комиссиясына хабарлаңдар, ал біз оны губернатордың құлағына жеткізетін боламыз».

Бұдан артық қандай нақты нұсқау болмақ. Шекара комиссиясы ақ-қараны анықтамай жатып-ақ, тергеудің тағдырын көрінеу біржақты шешті.

Онымен де қоймай, старшын Осиповтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты деп, оның орнына старшын Сиротин тағайындалды.

Әрбір оқиғаның басы мен аяғы болады, 1834 жылғы би, старшын сайлауы Исатайдың ханмен кетісуіне, одан ата қонысынан айырылуымен жалғаса келіп, 1836 көктемдегі Өрікті-Киелі оқиғасымен тамам болып, хан екі арадағы араздық жаңа сатыға енген. Олар енді екеу ара шешісе алмаған өз тағдырларын орыс әкімдерінің қолына берді. Бұл кез ашу-ызаның ереуілге айналып, ереуілдің іштей пісіп, біршама бейбіт дамыған тұсы еді. Махамбеттер

Нарынның жалпақ құмында күнде мәжіліс-жиын ашып, қауырт қимылға үндеп, білекті сыбанып баққанмен, Исатай оларды еркіне жібермей тәк-тәкпен тежеп келді. Дүрлігіс, көтеріліс дегеннің бұрқ етіп, аяқ астынан болғанмен, ол дами келе бір басшылыққа тізгін беріп бағынған соң, сол басшылықтың қадір-қасиеті, қабылетіне байланысты да дамитынын естен шығармаған жөн. Олар да адам еді, олардың есебі, үміті, алатын-алдыратын тұстарға байланысты іс-әрекет қимылы болады. Исатай бұл кезге дейін дегеніне халыққа арқа танған айбатымен жетем деді, Исатайдың ереуілінде әділетсіз хан, бейбастық билеушілердің ел қанау саясатына деген халық ызасы жатты. Тарих сабағына қарап отырсақ, барлық ұлылы-кішілі қайшылықтардың қабындап келіп, тарс жарылуына әлдеқандай нақтылы бір оқиға себеп болған. Ал Исатай ереуілдігінің бұрқ етуіне түрткі болған Қарауыл қожаның қараулығы еді. Исатай соны орнынан түсірем деді.

Хан саясатшыл болып, бір адым кері шегініп, батырдың талабын орындаса, ереуілшілер сабасына түсіп, Ішкі Орданың тарихқа атын мәшһүр қылған ұлы сабылыс болмас па еді? Жок, хан басты тірегінің бірі, әрі қайын атасы Қарауыл қожаны Исатайға бола мұқата алмады, ал мұқату айналып келгенде өзін мұқату, өзінің әлсіздігін көрсету болып табылатын. Хан оған бара алмады. Және де Қарауылды орнынан тайдырса, Исатайлар енді Балқыны, Шомбалды, Қаракөбсенді, Төлегенді кетір дейтін. Орданың жағдайы асқиндай келе осыған жетіп еді. Бекіспей тынбайтын бір қанды шайқастың шаңы көрініп тұрған-ды.

1836 жылы қазан айының басында Исатайлар тергеудің қай бағытта жүргізілетінін нендей жолмен болса да, анық-қанық білді. Бұрында үміттері шамалы патша әкімшілігіне сенімдері енді біржола жоғалды. Орынбор губернаторы бар, Шекара комиссиясы бар, Орда әскери атамандары бар — барлығы жабылып, мұны хан алдында жығып беруге ниет түзеді. Осы кезден бастап Исатайдың мінезі де, іс-әрекет қимылы да шұғыл өзгерді. Дауды заң жолының әділетімен шешеміз деп дәмеленіп келген Исатай осыдан кейін шалқасынан шарт кетіп, мүлде қарсы жаққа аунап түсті.

Архив құжаттарына қарағанда, шілденің басында Орал казак-орыс әскерінің беделіне нұсқан келтірген қылмысты

оқиға болды. 8-ші Орал полкі казак-орыстары қазақтардан мал ұрлады да, онысы жалпақ елге жария боп қалады. Әскери қызметтегі қылмысты казак-орыстар оңбайтындарын біліп, қазақ арасына қашады. Орда ішінде де жасырынып жүргендері бар еді. Оларға қатаң шара қолдану туралы Орынбор әскери губернаторының нұсқауы 4 шілдеде шықты. 5 тамызда Покатилов Жәңгірге жағдайды баяндап, қашқындарды ұстауға жәрдемдесуді өтінді. Алайда одан нәтиже шықпайды да, әлгі қашқындарды жүзбе-жүз танитын адам керек болды. Бұл іске 8-ші Орал полкінің казагы Өміркей Мурзаев құлшыныс білдіреді. Оны қыркүйектің басында ордаға жібереді.

Өміркей Мурзаев жанында Жәңгірдің қолқабысқа берген адамдары бар екі қашқынды ұстап, Шеркеш ауылының маңына келгенде, ауылды тінтіп қайту үшін серіктері Тұрсынбекұлы мен Сарман дегенді жұмсайды. Бұл ауылда Исатайлар бар екен. Олар әлгілерден кім екенін сұрап біледі де, аттарынан аударып, қару-жарақтарын / бесатарлары мен пистолеттерін/ тартып алады. Өздерін бортылдаттып сабайды.

Исатай онымен қоймай Өміркей Мурзаевтің тұтқындағы екі қашқынды айырып алу үшін 15 кісі куғыншы шығарады. Зәресі ұшқан Өміркей тұтқындарды тастап, қашып құтылып, Ордаға жетеді.

Бұл оқиға туралы Жәңгір 12 қазан 1836 жылы атаман Покатиловқа егжей-тегжей хабарлады. Артынша Оралға келген Өміркей Мурзаев атаман алдында жауап бергенде, Шеркеш ауылы маңында болған уақиғаны айны-катесіз тағы да қайталап айтып береді.

Сөйтіп, қазанның бірінші жартысында Исатай әрекеті жаңа сатыға ауысады. Батыр Жәңгірмен айқастың басталған кезінде, жүзбасы Донсковқа тұтқындарды ұстап беруге қолқабыс етіп, бір жағынан, ханға арқа таңған адамдарының кім екеніне әкімшіліктің көзін жеткізбек болса, екіншіден, оларға қызмет көрсетіп, ауыздарын алу еді. Исатай кейінгі шағымдарында да қашқындарды ұстауға қолқабыс беруге уәде еткен. Енді келіп, ол өзінің сол уәделерінен тайқып шықты, да қарама-қарсы әрекетке көшіп, тұтқындарға ара түсіп, арашашы болды. Исатайдың бұл қылығы — еңбегін ескеріп, созін тындамаған әкімшілікке «сен қылғанға мен

қылдым» деген қыр көрсету сияқты. Онымен де шектелмей, Исатай Жайық сыртына кетемін дегендерге өз тарапынан рұқсат қағаз, билет береді. Сөйтіп, Исатай қатерлі тар жол, тайғақ кешуге бет алды.

ТЕҢІЗ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ ТАС-ТАЛҚАН

Ереуілшілер жаз бойы Тастөбеден терістікке қарай Күнтөбе, Бураолген, Найзашағыл, Жаман Шолан атырабын жайлап, Камыс Самар көлдерінің күнгей қырағына дейін барып қайтты. Шекара комиссиясының тергеушілерге берген алаяқ нұсқауы батырларды қатты ширықтырды. Алдын ала тағдырлары шешіліп қойған тәптішке: кінәларын сезгендей бұғып бара ма, әлде көрнеу қиянатқа оршилдікпен жауап бере ме? Батырлар соңғысын таңдады. Қазан айының орта шенінде олар Теңіз жағалауына құлады.

Дүрбелеңнің көкесі осы кезде басталды. Исатайлардың Нарын құмынан қалың елдің арасына қарай лықсып келе жатуы — елдің делебесін қоздырды. Исатайға бұрыннан тілеулес, озбыр старшындардың қоластында амалсыз бұғып отырған ауылдар ереуілшілерге қарай жөнкіледі. Нарын құмының өзінде оларға келіп 10 ауыл қосылса, көп кешікпей Айғана старшынан 39, Төлеген Тыныштықұлынан — 30, Ағым Айболатұлынан /Жарылғас Беріш, әрі би, әрі старшын/ — 24 адам, Қаракөбеннен — 14, әрі старшын, әрі ірі бай — 1824 жылы Исатаймен түрмеде бірге отыратын жолдасы әрі ағайыны Жұмағазы Боярұлынан — 15 үй қашып келіп, Исатайларды паналайды. Адай, Шеркеш, Алаша руларынан да бірнеше ауыл, ереуілшілерге келіп қосылады. Төлеген Серекенұлы /Тұрымтай Бсріш/ 30 үймен ереуілшілер жанынан табылды. Тіпті орданың арғы бетінен ит арқасы қияннан билеушілері ноғай-қазақ Шомбалға наразы болған Анпаз Қошайұлы, Ахмет Мәстекұлы, Құлсейіт Асанұлы сияқты жігіттер қыр асып, су асып, қашып келеді.

Қашқан ел, көшкен ауылдар жай кетпей, дау, жанжал шығарып, төбелесіп кетеді. Мәселен, старшын Төлеген Тыныштықұлынан кеткен шаруалар оның тәуір деген бес ат, бір айғырын тартып алып кетеді. Артынан қуғыншылар шығып әлгілерді ұстаған кезде, Махамбет пен Тінәлі 15

кісісімен тап болады да, оларды босатып алып, қуғыншыларды сабап жібереді.

1836 жылы қазанда қыстауға Каспий теңізі жағалауына құлаған Исатайлар бар-жоғы бір айдың ішінде екі-үш есе кобейіп, ордалы жұртқа айналады. /20 ауыл/. Олар енді Қарауыл қожадан рұқсат сұрамай, өздерінің қыстауына қолайлы жерлерді күшпен тартып ала бастайды.

Бұрын серіктерін тәк-тәкпен ұстап келген Исатай енді елге тізесі батқан үстем тап өкілдерімен қалай күресіп, не істеудің үлгісін өзі көрсетеді. Ол, жанында Рақмет, Баймұрат Әбдікәрімұлдары, Нарынбай Нұрбай, Қадырбай, Кішібай Өрлісбайұлдары, Сығыр, Нарынбай Кішібайұлдары, Жаңабай, Алтынбай Рақыметұлдары, Құдайберген, Шоқа Қыстай-байұлдары бар, елге көп зәбір берген старшындар Ағым Айболатұлы, Сүйініш, Тоқсан, Дүйсен Өтепұлдары /Қара-көбесінің ағайындары/ ауылдарын талқандайды. Ол, әсіресе, өзін қолдамай, хан жақтаған Жайық Беріш ағайындарына шүйлікті. Ағайындарына өкпелеуге де, Жайық Беріш тайпасының указной старшыны болған соң, заң жүзінде өзіне қарасты оларға тізе батыруға ерікті еді. Есен Беріш старшыны, Айғани ағайыны Айыз Жантоқұлын шаруалар көзінс шұқығандай ғып айыптап, сөгіп кеткен.

Көтерілісшілер ханның сөзін жақтаушыларға аянбай тиісті. Олар сол қазан айының ішінде старшын Сүйініш Сапақұлын таяққа жығып, старшын Жұмағазы Болярұлының үйір жылқысын айдап алады. Сондай-ақ Беріш старшындары Қаракөбен, Айғаниларға шабуыл жасап, Айғаниді өлімші ғып сабап, оның екі сыбайласын тұтқындап, ат сауырына өңгеріп кетеді.

Міне, тергеушілер ел арасына шыққанда, Исатайлардың әрекеті, ел ішінің жағдайы осындай болатын.

НӘТИЖЕСІЗ ТӘПТІШ

Тергеушілер 24 қазан күні Сарайшық қаласына келді. Олар осы арада тергеудегі хан тарапынан 12-ші класты депутат сұлтан Медет Шөкинді күтіп, бір-жар күн кідірді. Тергеушілерді тосып жүрген Қарауыл қожа олар Сарай-

шыққа келген күні, яғни 24 қазанда старшындар Сүйініш Сапақұлы, Қаракөбен, Айғаниларды шапқаны туралы Исатайдың үстінен арыз түсірді. Тергеушілер оны ілтипатқа алмады. Себебі, Қарауыл қожа Исатайды сүріндіруге мүдделі адам еді.

Тергеушілер Медет Шөкинді ілестіріп, 1 қараша күні Гурьевке ең жақын Новопорховинск батағасына келді. Тергеуді осы арада жүргізу белгіленген. Тергеу ресми түрде 1 қарашада басталды деп есептелінеді.

Тап сол 1 қарашада Жарылғас тайпасының адамы Байдәулет Кәсіпұлы дегеннің Астрахань губерниясының Краснояр уезінен мал ұрлағанын, соны куәләрмен жүздестіруге уездік сот шақырса, Балқы қылмыскерді талап етіп барғанда, бүлікшіл старшын Исатай Тайманұлы Кәсіпұлын азғырып жібермей қойғаны туралы Шекара комиссиясына шағым түседі. Бұл шағым Балқының айтуымен жазылған болса керек.

24 қазандағы арызы кәдеге аспаған соң, Қарауыл қожа Қаракөбеннің туған інісі Сүйініш Өтепұлының атынан арыз дайындатты. Ол тексеру басталардан аз-ақ сағат бұрын тергеушілерге Исатайдан көрген жәбірін майын тамызып-ақ жазып берді.

Енді тәптішке қатысы шамалы бөгде адамның шағымына құлақ аспауға болмайтын еді, тергеушілер онымен танысып, Сүйініш Өтепұлы қозғаған мәселенің күрделі екенін ескеріп, жоғарыдан кеңес сұрау үшін сөл күні, яғни 1 қараша 1836 жылы арызды атаман Покатиловқа жолдады. Ол өзі Орал казак-орыс әскеріне екі-үш жыл турылысында тағайындалған, қазақтар ісіне шорқақ, аса сақ адам еді. Өйткені, өзінен бұрынғы атаман Д.Бородин осы қазақтар мәселесінен шаталып, орнынан кеткен еді. Ол әлгі арызды Орынбор корпусы командиріне, өзінің тікелей бастығына жөнелтті. Корпустың штаб командирі 23 қарашада Покатиловқа былай деп мәлімдеді: «Өтепұлының шағымы, онда айтылған жайлардың анық-қанығына жету үшін, старшын Тайманұлының қолайсыз істері жөнінде жүргізіліп жатқан іске тіркелсін».

Бұл кезде қырға шығып қашқын ұстаушы Донсковтың рапорты бойынша да тергеу басталған. Бірақ ол тап мұнда-

✓
ғыдай емес, аяғын сиырқұймышаққа апарып сүйейтін бәсең қалып алып еді. Орынбор әкімдері Жәңгірді қолдаушы адамдардың жасырып қашқын ұстайтын қылмысты істерін әдейі бұл тексеруге қоспай, басқа жаққа жіберген. Бұл екі іс бірге тексерілгендей болса, екі жақ та айыпты болып, қорытынды шығаруды қиындатқан болар еді. Ал Ново-порховинскідегі тәптіш негізінен Исатайларды тізе бүктіруге арналды.

Жасырып қашқын ұстап, оларды күл ретінде қанаушының бірі Балқы еді. Қашқынның біреуі соған қарасты ауылдардан ұсталған-ды. Балқы 3 қарашада тергеушілерге төмендегідей түсінік берді: «Өткен мамыр айында Исатай комиссияға /Шекара комиссиясы/ ханның жақыны Балқы Құдайбергенұлының үйінде жүрген қашқын Сапан Махмұдұлын ұстап бергені туралы хабарлады. Махмұд менің үйімде ешқашан тұрған жоқ, старшын Тайманұлы екеуіміз аразбыз, сондықтан ол өзінің ұстаған қашқынын Құдайбергенұлының үйінде тұрдым деп айт деп азғырып қойған». Өсітіп, Балқы өзінің қылмысын мойындау тұрсын, керісінше, Исатайға пәле жапты. Бұл ол кездегі ел іші күресінің белгілі тактикалары еді.

Ал, Новопорховинскідегі тергеу папкісі қалындап, тергеушілерге жұмыс көбейе түсті. Тергеудің іс-қағаздарына қарағанда, жауаптап, түсінік алушы әскери старшын Сиротин болған да, есаул Өзбекұлы — әрі тілмәш, әрі іс-қағаз жүргізуші міндетін атқарған. Ал хан депутаты Медет Шокин жауапталатын адамдарды тергеушілерге уақтылы жеткізіп тұруды міндетке алған. Таласты екі жақтың адамы Новопорховинск төңірегіне жиналады. Қарауыл қожа, ханды жақтаушылар сол төңіректегі батағаларға, казак ауылдарына, орыс сселендеріндегі таныс-тамырларына орналасады. Исатай ауылдарының бір бөлегі Новопорховинскіге күншілік жерге көшіп келіп қонады.

Тергеу 2 қарашада басталады да, Күшік Жапарұлының өліміне қатысты айғақтар: Тайбек Жәдігерұлы, Күшіктің ұлы Байжиен Жапарұлы оны Махамбет Өтемісұлының ұрып өлтіргеніне куәгерлік етеді.

6 қарашада Исатай жауап береді. 1814 жылдың 25 қарашасынан старшын екенін, жасы 45-те, бұдан 13 жыл бұрын Тана руының Бессары тармағынан адам өлтірді деп айып-

талғанын, бірақ негізсіз жаладан ақталғанын айтады. Сосын ұсталған 4 татарды Кульпин кордонына жеткізу үшін Досковқа 4 түйе бергенін, Күшік Жапарұлының 80 жаста екенін, жай түсіп өлгенін хабарлайды.

Исатай кейін, 7 желтоқсанда да қайталап жауап берген. Ал шақыртқан бойда келіп, 6 қарашада жауап беруді тергеушілердің аужайын байқау, істің қай бағытта жүретінін аңдау ғана сияқты. Тексеру бағыты батырға бірден-ақ ұнамаған.

Ол келесі күні-ақ, 7 қарашада депутат Медет Шөкиннің атына протест берген: Қарауыл қожа басшымыз болып тұрғанда, әділ жауап бере алмаймыз, қорқамыз, тәптіш кезінде Қарауыл қожа Бабажанұлы уақытша болса да орнынан кетсін, осы мәселе бір жақты боп шешілгенге шейін тергеу тоқтатыла тұрсын. Бұл қатынас хатқа Исатай, Махамбет, Тінғали және Дәуіт Ермекұлы қол қойған.

Тергеудің маңдайы табанда тасқа соғылды. Депутат Медет Шөкин тергеуге шақыртып жіберген адамдарына старшын Тінғали Тайсойғанұлы мен Дәуіт Ермекұлының не дегенін сұлтан 8 қарашада тергеушілерге жазба түрде мәлімдеді: «Ол екі старшынға кісі жіберіп едім, екеуі де жауапқа бара алмаймыз: шындықты айтуға қорқамыз деп рапорт жазып жіберді. Өйткені қазір біздің үстімізден қарайтын бастығымыз есаул Қарауыл қожа Бабажанұлы, біздің одан көрген жәбіріміз бар. Сондықтан Ішкі Орданың ханы Жәңгір тергеу біткенше Бабажанұлын орнынан кетірсін, осыған рұқсат етілгенше тергеу тоқтатыла тұрсын. Біздермен жекелей түсінісу керек болса, ол үшін Сіздерге Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы барады»

7 қарашада жазылған осы рапортта Тінғали Тайсойғанұлы мен Дәуіт Ермекұлы Қарауыл қожаның елден жылу жиғанын егжей-тегжей дәлдеп жазған.

Қарауыл қожа да қарап жатқан жоқ-ты. Ол да 7 қарашада Исатайдың Сүйініш Өтепұлын ұрғанын, ағайынды Баярұлы старшындардан бір үйір жылқы тартып алғанын баяндап, Есен Беріш старшыны Айғана Жантоқұлын таяққа жықты деп өз атынан қосымша шағым түсірді.

Махамбет хан өкілін қатыстыра отырып, 8 қарашада тергеушілерге жауап берді. Ол сол жауабында: Атым-Махамбет Өтемісұлы, руым-Беріш, жасым 33-те, дінім мұсылман

деген. Бұдан 6-7 жыл бұрын /1829-31/ Жайықтан өткені үшін Қалмыков түрмесінде қамауда отырғанын, оба дергіне байланысты 1831 жылы босанып шыққанын айтқан. Неге екені белгісіз, тәптіштің көшірмесінде Күшік Жапарұлының есімі туралы бір ауыз сөз жоқ. Махамбет ол туралы көрмедім-білмедім десе керек. Ләм-мин дерек болмауы содан деп ойлаймыз. Махамбет өз жауабының қағазға қалай түскенін оқып, тексеріп арабша қолын қойып, мөрін басқан. Қағазға: «Мен, Махамбет Өтемісұлы старшын» деген мөрдің таңбасы анық түскен. Мөрдің ені 22 мм, ұзындығы 25 мм. Осы жауапта «Жәңгірдің 1834 жылғы 9-маусымдағы №572 бұйрығы бойынша старшын болып саналам. Бірақ шекара комиссиясының указын алған жоқпын» делінген тағы да.

Тергеушілер Тінғали мен Дәуіт Ермекұлының арызын Жәңгірге жіберді де, 10 қараша күні өздерінің тікелей басшысы Покотиловтан кеңес сұрап хат жазды: «Сіздің мәртебеңіздің бізге 2 қазанда берген тәртібіңізде: егер старшындар мен басқа адамдар тергеу үстінде Жәңгір хан мен оның ел басшыларынан корген жобір-жапаларын айтқандай болса, ондайды тексермей-ақ қойыңыз, ол жайлы Орынбор әскери губернаторына мәлімдеу үшін Шекара комиссиясына хабар етіңіз делінген еді. Ал Тінғали Тайсойғанұлы мен Дәуіт Ермекұлы деген старшындар өздерінің депутат сұлтан Шәкинге берген рапортында Гурьевтан бастап Новинск батағасына жапсарлас Таксалған кордонына дейінгі елді басқарушы есаул Қарауыл қожа Бабажанұлының заңсыз істерін жазып отыр, яғни елден ақша, т.б. жинай-тынын айтқан. Бірақ бұның шындық, яки өтірік екені белгісіз».

Тергеушілер өздерінің тікелей басшыларына Қарауыл қожаға ел наразылығы күшті екенін, оның заңсыздық істері мол екенін сыпайылап құлақ қағыс еткен. Бұған не істейміз деген емеуірін бар. 12 қарашада кожадан жауап алады. Ол Исатайларға 522 адаммен бардым деп, 24 наурыз 1836 жылы Жәңгір берген нұсқауды көлденең тартады. Қарауыл қожа ақша алғанын, әр шаруадан бір тоқтыдан жиғанын мойындайды. Мен оны ауылдастарыммен бөліспеген едім, сол үшін кудалайды дейді.

15 қарашада Толеген Тыныштықұлы жылқысын алған Ұрыларды ұстап, тергеушілерге алып келе жатқанда, жолда

15 адамымен Махамбет, Тінғалилар жолығып, ұрыны босатқызып, Айбас ауылының адамы Меңдіжол Бегісбайұлын сойылмен құлақшекеден ұрып, қан қылған.

Тергеушілер бұл шағымдарды Күшік Жапарұлына байланысты болмағандықтан, өу бастағы келісім бойынша 18 қарашада Шекара комиссиясына жеткізді.

Жәңгір тергеушілердің қатынас қағазына жауабын кідірткен жоқ. 24 қараша күні Қарауыл қожаға ара түскен ақтауын жібереді. Онда былай делінген: «Шокиннің рапортында көрсетілген Тайсойғанұлы мен Ермекұлы деген старшындардың есауыл Бабажанұлына таққан айыптары ешқандай сөз қылуға тұрмайды, Бабажанұлының ешқандай қылмысы жоқ. Сондықтан оны орнынан алу обал, әрі Ресейлік заң-жобаға қайшы келеді».

7 желтоқсанда Исатай бұрынғы айтқандарын қайталап, екінші рет қысқа ғана жауап берген.

Шекара комиссиясы тергеушілер жолдаған және Жәңгірден түскен қосымша арыздарға орай өз пікірлерін білдіріп, атаман Покатиловқа екі қатынас қағаз жолдаған. Ол кешікпей тергеушілерге табыс етілді. Соның бәрінде «Красноярск /Астрахань болысына қарасты/ земство соты Күсепұлы деген қазақты жауапқа келтіруді талап еткенін, хан Жәңгір Бөкейұлы оған өзінің кеңесші биі Балқы Құдайбергенұлын жіберген екен, ханға көнбей жүрген старшын Исатай Тайманұлының қасындағы Күсепұлы сол Исатайдың айтуымен Балқыға көнбепті, жауапқа барудан бас тартыпты. Шекара комиссиясы атаман Покотилловтан Краснояр земство соты сұратқан адамды тергеуші Сиротин мен Өзбекұлы арқылы дереу сол сотқа жеткізуді өтінеді және Тайманұлына «өзіне қатысы жоқ істерге араласпасын, елді Жәңгір ханға көнбе деп азғырмасын әйтпесе, бастықтар оған қатаң шара қолданады деп ескертілсін» деген .

Екінші қатынаста: Қарауыл қожа Бабажанұлын ел басқарудан кетіре алмайтынын, оған заңды дәлел жоғын айтады. Ал старшын Бабажанұлы мен басқа да адамдардың жаңадан ашылып жатқан кінәләрі жөнінде тергеу жүргізе беру керектігін тергеушілерге жеткізіңіз деген.

Қарауыл қожа Бабажанұлын орнынан алу туралы шағым-шылар талабы жоғары жаққа жөнелтілген соң, одан бір нәтиже шығар деп дәмеленген көтерілісшілер

тергеушілердің бері қарағандай болған қабағын сындырмай, енді біртіндеп жауап беру икеміне келді. Махамбет 10 желтоқсанда жауап берді. Ол өз өмір тарихының негізгі кезеңдеріне тоқтала келіп, жүзбасы Донсков отрядымен Ақкөжеге барғандағы оқиғаларды баян еткен. Күшік Жапарұлы туралы бір ауыз сөз жоқ. Соған қарағанда ол туралы жауап беруден бас тартқан не көрмедім-білмедім деп маңайлатпаған.

Тап осы күні шағымшылардың үстінен арызды жаңа ілегі басталды. 10 желтоқсанда 1836 жылы қазанда Исатайдың Орал қазағы Өміркей Мұсаев адамдарын сабап, қару-жарақтарын тартып алғаны туралы тергеушілерге мәлім етілді. Жөңгір де тыныш жатпай, Орынбор губернаторлығы мен Шекара комиссиясына арызды үсті-үстіне төпелеумен болды. 13 желтоқсанда Орынбор генерал-губернаторына: «Махамбет Өтемісұлы деген қазақ менің Зұлқарнайын деген ұлымның жас кезінде Орынборда жанында болған, бірақ ол мүлдем бұзылған адам болғандықтан, мен оны қуып жібергем» деген. 14 желтоқсанда Балқы би Исатай 60 жылқымы айдап алды деп, ханға шағым етті. Ол да көп ұзамай тергеушілердің қолына жетті.

Бұл байбаламдарға қарсы Махамбет 15 желтоқсанда: өздері үйде жоқ, тергеуде жүрген кездерінде, яки 13 желтоқсан күні, старшын Төлеген Тыныштықұлы Айбас, Баламерген ауылдарының 70-80 адамымен ауылын шауып, мал, ақшал-арын алғанын тергеушілер әскери старшина Сиротин мен есаул Өзбекұлына һәм хан депутаты Медет Шөкинге жаз-баша түрде хабардар етті. Олар Махамбет арызын құлаққа ілмей, іске тіркемеген соң Махамбет 20 желтоқсанда Орал әскерінің атаманы В.О.Покатиловке арыз жолдауға мәжбүр болған.

Махамбет таланған мүлкінің тізімін: «екі тұлкі ішік, үш қызыл тон, алты жібек шапан /екеуі патсайы/, екі жібек көйлек, екі сандық, 27 фанцуз полуимпериялы / 576 сом/, бір шетпер астық, үш түйе, бір жылқы» деп көрсеткен.

Теңіз жағалауында тергеу жүріп жатқан кезде де, Нарынның ішкі тарабы тыныш болмады. Бұл арыздардың қайсыбірі жала, тергеушілерді шатыстырып, істі қиындатудың амалы болуы да ғажап емес. Себебі, екі жақ та бірдей істі болып жатқанда, ел шабу ақылға қонбайды.

Орал казак атамандығы арқылы тергеушілердің қолына жеткен Шекара комиссиясының «Исатай Тайманұлы өзіне қатысты емес істерге араласпасын», «Қарауыл қожа Бабажанұлын орнынан алуға заңды дәлел жоқ» деген нұсқауы ереуілшілердің құлағына тиді ме, әлде сол ыңғайды айтпай түсінді ме — желтоқсанның жиырмаларына қарай ереуілшілер тарапынан бұлтақ басталды.

19 желтоқсанда Тінғали Тайсойғанұлы мен Үбі Үсеұлы жауапқа шақыртып еді. Тінғали жауап беруін бергенмен, мөр басарда мөрімді ауылда ұмытып кетіпін деп, қағаздалған жауабына қол қоймады. Ал, Үбі болса ауырып отырмын деп, жауап беруден бас тартып, ауылына қайтып кетті.

21 желтоқсанда жауапталған Есмұхамбет Жантумаұлы жоғарыдағылардың істегенін айнықатесіз қайталады. Тап осы күні Есенаман Боранбайұлы мен Жақия Исатайұлы да жауап берді, бірақ олар тарапынан оғаш мінез болмады.

Жауапталушыларды тергеушілерге жеткізіп беруге міндетті Медет Шокин бұлғаққа ұрынған ереуілшілердің соңынан «Хан кеңсесінің» старшындары Өтебай Тайсанұлы мен Теңіз Маңғытайұлдарын жібереді. Исатайлар бұл жолы Новопор-ховинскіге түгел келеді. Осы сапар батыр тергеушілермен үшінші рет кездеседі. Тергеушілер Шекара комиссиясының Исатайдың аты аталынып жазылған қатынас қағазды батырдың қолына тапсырады. Исатай қағазды алдым, таныстым деп қол қойған. Ол Байдәулет Кәсіпұлын Астрахан губерниясы Краснояр уездік сотына неге жібермедің деген айыптау мен «өзіне қатысы жоқ істерге араласпасын, елді Жәңгір ханға көнбе деп азғырмасын, өйтпесе бастықтар оған қатаң шара қолданады» деген ескерту еді. Батыр Байдәулет Кәсіпұлы туралы В.О.Покатилов атына табанда түсінік жазып берді: ол менің қарамағымда емес, Балқының қарамағындағы адам, «Балабек ашқан» деген шағылда өзінің ауылынан үш күн-шілік жерде тұратынын, оның шағылын іздесе де тауып бере алмайтынын айтқан. Ал екінші мәселеге батырдың қандай мінез көрсеткені белгісіз. Тергеушілер 22 желтоқсанда өздерінің тікелей басшысы атаман В.О.Покатиловке жазған қатынастарында Исатайға қатты ескерттік деген.

Желтоқсанның 22-нен бастап ереуілшілер тергеуді аяқсыз қылып, нәтиже шығартпау саясатына кіріскен.

Махамбет, Тінғали, Дәуіт Ермекұлы, Үбі Үсеұлы таза көшіріліп жазылған, іске тіркелетін жауаптарына қолдарын қойып, мөрлерін басуға келгенде дау шығарған. Бұл оқиғаның қалай болғанын Медет Шөкин 24 желтоқсанда Жәңгірге берген рапортында егжей-тегжей баян етеді «Жантумаұлы өзінің жауабының көшірілген таза нұсқасын оқып шығып, кейбір сөздерім қалып қойыпты, бұған қол көймаймын» деді. Біз айттық: Қалып қойған сөзінді қосуға болады деп. Ол Исатаймен ақылдасам деп, шығып кетті де, кешкі сағат 9-да тергеу кеңсесіне Исатай, Үбі, Жақия, Есболат Өтетайұлы боп барлығы бірге келді. Исатай тергеуші Сиротинменен сөзім бар, бірақ тілмәш Өзбекұлы емес, басқа болсын деп талап қойды. Содан Новопорховинск батағасындағы отставкадағы урядник Андрей Толстовты шақыртуға мәжбүр болдым. Исатай айтты: Жантумаұлы және басқалар жауабымыз бұрмаланып, өзгертіліп жазылған, оны істеп отырған тілмәш Өзбекұлы — не қазақ тілін білмегендіктен не біле тұрып, әдейі бұрмалап отыр, болмаса көшірушілер өзгерткен. Сондықтан жауап беруден бас тартамыз. Жоғары орындардан басқа тергеушілер сұраймыз, — деп».

Медет Шөкин Махамбет Өтемісұлы, Тінғали Тайсойғанұлы, Дәуіт Ермекұлдарының жауаптан жалтарып, тергеуге дер кезінде келмей, келгенмен де дауласып жөнді жауап бермей берекетті пышыратқанын айта келіп, Үбі Үсеұлының өрескелдіктерін баян еткен. Жылы-жылы сөйлеспесендер, тіпті жауап бермеймін деп, ақыры қолды бір сілтеп кетіп қалған.

23 желтоқсанда Қарауыл қожа Бабажанұлы хан депутаты Медет Шөкинге сол арқылы тергеушілерге Исатайдың үстінен әр рудан тағы да шағым түсірді. Онда: Исатай, Тінғали, Махамбеттердің әр рудан қашқандарды жанына жиып алып, Ішкі Ордада өзгелерді таяққа жығып, мал-мүліктерін тартып алып, қысым көрсете бастағаны, солардан қорыққан жұрт тергеушілерге барып өділ жауабын бере алмай отырғаны, ондай ниеті барларды бүлікшілер аямай шауып алып, қорқытып, бұқтырып қойғаны баяндалған.

25 желтоқсанда Жәңгір Қарауыл қожа хатындағы жайларды айны-қатесіз қайталап, Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовскийге шағым түсірген. Өз жанынан

шағымға төмендегідей сөздер қосқан: «Исатай Тайманұлы Орал әскерінің жерін имендеуге елді үгіттеп әлек, сондай-ақ Қара-уыл қожа Бабажанұлын өлтіріп, Орал әскері кеңсесінің қағаздарын өртеу ниеті бар. Онымен де қоймай, Жайықтың сол жағалауына өтуге өз атынан 2 адамға рұқсат билет берген».

Желтоқсанның аяғында Новопорховинскі батағасында жағдай қатты шиеленісіп кетті. Тергеуге риза болмаған Исатай адамдары ұрыс, жанжалды үдетті. «Тергеушілер жауап-қа қол қойдырып алған соң, кейін айтылған деректерді іс-қағазға қоспайды», «Өзбекұлы сұрақтарға берілген жауапты түгел жазбайды», «Жауапқа келген адамнан көкейіндегіні сұрамай, қайдағы жоққа бұра береді», «Жауап берушілерді өздері әдейі шатыстырады», «Қазақ қағаз алдында қулық сақтамай қалмайды» деген наразылықтар айтылады.

25 желтоқсанда Исатай, Махамбет, Тінғали, Үсе, Иманбай, Есмұхамбет, Әлжан Тұрманбетұлы Орал әскерінің атаманына тергеушілердің жарамсыз істерін әшкерелеп хат жазады. Онда былай делінген: «Есаул Өзбекұлы мен депутат М.Шөкин жауапта тек өздеріне керекті, пайдалы сөздерді алады, тергеуде балағат, өрескел сөздер айтады, ал Қарауыл қожа адамдарын 2-3 кісіден кіргізіп жауап алады. Қожа мен Медет Шөкин бізді басқа кісілердің көзінше сұрайды. Ал тергеушілерге өз жәбір-жапамызды айтсақ, олар онда біздің шаруамыз жоқ деп қол сілтейді». Исатайлар тергеушілерді ауыстыруды өтінеді. Исатай тергеушілер хан жақтаушылармен ауыз жаласып алғанын 17 қарашада Қарауыл қожада қонақта болғанын хабарлайды. Сиротин казакша білмейді, ал тілмәштер оған теріс түсіндіреді, хан тарапынан депутат болғанда, халық тарапынан неге депутат болмайды, депутат болу керек деген талап қояды.

Жағдай ширығып кеткен соң, Сиротин мен Өзбекұлы Новопорховинскіні тастап, Гурьевке қашады. Покатилов оларға сөгіс береді.

31 желтоқсан 1836 жылы Орал казак-орыс әскерінің наказной атаманы генерал-майор Покатилов Орынбор дербес корпусының штаб бастығы генерал-майор Рокоссовскийге: тергеушілер пиғылын жаман казактардың ара-

сында қалу қауіпі болғандықтан, қазақтар оларға сенімсіздік білдір-генд-іктен, Сиротин, Өзбекұлы ордадан шақыртылып алынды деген.

Сүйтіп, ереуілші старшындар тексеру аяқтала келіп, Исатай мен Махамбеттің мойнына тұзақ оралатынын анық сезген кезде, тергеудің шырқын кетіріп, оларды ордадан қашып шыққандай қылуға мәжбүр етті.

5 қаңтар 1837 жылы Исатай мен Махамбет Астраханға барып, генералға шағым етті. Бірақ одан қандай нәтиже шыққаны белгісіз.

ТЕҢІЗ ЖАҒАЛАУЫНДА ҚЫСТАУ

1837 жылдың алғашқы айларын ереуілшілер теңіз жағалауында қыстауда өткізді. Ол кезде теңіз жағалауы Нарынның жиегін бір шайып, бір шаймай жататын. Жағалау бойы арасына түйе жасырынса көрінбейтін нар камыс, ал жағалау жиегі алаботалы, жусанды, изенді коңырлық, Нарын-ның өзі жүзгенді, жынғылды қалың түлей. Теңіз жаға-лауына елді дүрліктіріп, жауларын жапыра келген батырлар, Забурын-Новобогат батағала-рының арасына қолденең түсіп, жамбастап жатып алды. Қоныс сұрап басшыларға жалтақтаған жоқ, баса-көктен еніп, қалаған жерге ауылдарын қондырды. Олардың екпіні-не шыдай алмаған қарсыластар ортадан қағылып, орын беріп, орыс кордондары мен Юсупов, Безбородько дачаларына тығылды. Ереуілшілер Забурын маңындағы Көкарна мен Жайықпен жалғасатын Боксақ аралығын емін-еркін иемденді, тіпті Новопорховинскідегі тәптішті желеу етіп, Новобогат батағасынан, Жылтыр көлден асып, Гурьевке қоян-қолтық жақындап келді. Теңіз жаға-лауында оларға қарсы тұрар күш табылмады.

Ереуілшілердің Забурын-Новобогат арасында жалпынып жатуында мән жоқ емес-ті: қарсы жақтың Новопорховинск тәптішіне баруын қиындату еді. Дегендеріне жетті. Қарауыл қожа бұл орайда ханға да, тергеушілерге де талай шағынды.

Исатайлар жалпақ өңірді 20 ауыл боп жайлап жатты. Қарсылас топ олардың маңын маңайлай алмады, Гурьевке

баратын шаруалары шыға қалса, Нарынды айналып өтуге мәжбүр болды.

Ереуілшілер теңіз жағалауында жатып өткендегі тәптіштің нәтижесін ақыл таразысына салып, ой елегінен өткізді. Талай түсініксіз жайлар болды, соның бірі тергеушілердің мінезі: бірде бұлардың зар-мұңдарына құлақ қояды, екіншіде тек К.Жапарұлының өлімін індете қазып, пәле іздеу жағына шығады. Бұлар мұның бәрін безбеннің басына сала келіп, гәп тергеушілерде емес, жоғары жақта жатқанын айтпай таныды. Ал олардың мақсаты ханға қарсы қарсыласқан қалың топтың баскөтерері Исатай мен Махамбетті жазықты етіп, ұстау екені соқырға таяқ ұстатқандай еді. Ереуілшілер ақыл қорыта кеп, тергеуді аяқсыз етуге бел буған. Дегендеріне жетті.

Алайда, мұның соңында не жатыр, тағдырдың алдарына көлденең тартқан тағы не құқайы бар — белгісіз еді.

Ереуілшілер бар-жоғы бір айдан астам уақыт қана тыныш өмір сүрді.

Исатайларға қарсы күресті ұйымдастырушы генерал-майор Г.Ф.Генс басшылық еткен Шекара комиссиясы екенін естен шығармаған жөн. Бұл іске Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский, Орал казагының наказной атаманы В.О.Пока-тилов араласқанмен, барлық іс Г.Ф.Генстің сілтеуі-мен жүріп жатты. Ол әп дегеннен Исатай мен Махамбетті ұстап, жазалау мақсатын көздеді. Орынбор губернаторына не Орал атаман-дығына жолдаған қатынас қағаздарында осы идеяны Жәңгір ханның талабы деп көлденең тартып, өзі де сол пікірге қосылатынын сездірумен шектеліп отырса, кейінгі кезде бұл бағытта өз тарапынан кәдімгідей белсенділік танытты.

Г.Ф. Генс 1836 жылы 22 желтоқсанда Астрахан губернаторы генерал-майор Темирязевке Исатай, Махамбетті Астраханға келсе-ұстау, болмаса Теңіз жағалауына команда шығарып ұстауды өтініп, астыртын хат жазғанды. Онысы жүзеге аспады, Исатайлар Астраханға кедергісіз еркін барып қайтты. Новопорховинск тәптішінен нәтиже шықпағанын көрген Шекара комиссиясының төрағасы бұл істі жанталаса қайта қозғап, 1837 жылы 9 ақпанда Орал казак әскерінің генерал-майоры В.О.Покатиловке Исатай мен Махамбетті ұстауға өз атынан тәртіп берді. Онда былай

делінген: «Тергеуші әскери старшын Сиротин мен есаул Өзбекұлы бұйрық етілсін — Тайманұлы мен Өтемісұлы өздерін ақтау мүмкіндігінен ада етілсін. Ол екеуінің және де осы іске қатысты қазақтардың бұрын берген жауаптарының үстіне қосымша тағы да айтам дегендер болса, не айтса да қабылдансын. Айтқан сөздерін орысшаға аударуға кімді аламыз десе де рұқсат етілсін, себебі бұдан тергеушілерге ешқандай кесел келуі, өйтпесе шындықтың бұрмалануы мүмкін емес, өйткені есаул Өзбекұлы мырза өзі де қазақша біледі, сөздердің дұрыс аударылуын бақылай алады». Осы қатынаста Шекара комиссиясы Жәңгір хан ел ішін бүлдіріп бара жатқан бұл екеуін ұстауды өтінгенін айта келіп, «Бүлікшілік пен наразылыққа тыйым салу үшін және де / көбіне-көп/ Тайманұлы мен Өтемісұлының әрекеттері жөніндегі тергеуді аяқтау үшін» Покатилов мырзаға ол екеуін тұтқындауға бұйрық етеді.

Осы тапсырмамен тергеушілер ордаға қайтып оралады. Іс-қағаздардың жүйесіне қарағанда олар Шекара комиссиясының жоғарыдағы нұсқауын күтпей, Покатиловтың айтуымен ордаға ақпанның басында келіп, істі қайта жалғас-тырғанға ұқсайды. Себебі осы шамада Медет Шөкин Исатай-ды тергеуге әкелмек болған ниеті жүзеге аспағанын, Исатай-дың тергеуге келмегенін айтып рапорт береді. Осы рапортты және Бабажанұлының арызын тергеушілер 10 ақпанда Пока-тиловке жіберіп, енді не істеу керегіне ақыл сұрайды. 13 ақпанда Покатилов олардың әлгі шарасыз хатына орай, Тай-манұлы, Өтемісұлын тұтқындап, Орал қаласына аттандыруды талап етті.

Медет Шөкин мен Қарауыл қожалар топталып Исатайға барады. Тергеуге жүруін талап етеді. Исатай оларды пысқыр-майды да, Қарауыл қожа 19 ақпандағы рапортында: Исатай тергеуді сүйретпелеу үшін Төлеген Серекенұлы ауылымен жайлауға ерте көшіп кеткенін хабарлайды. Медет Шөкин ханға, ал тергеушілер болса өз атаманына: Исатай мен Ма-хамбетті ұстау өз қолдарынан келмейтінін, әскери коман-дамен ұстамаса болмайтынын баян етті.

12 ақпанда Покатилов Сиротин мен Өзбекұлын Оралға шақыртып алады да, Сиротинді Кавказ корпусына ауыстырып жібереді. Өзбекұлын жанына алып қалады. Тергеу ісін жалғастыруға Бородин мен Мизиновты белгілейді.

Ендігі жерде бұл тергеу емес, тергеуді желеу етіп Исатай Махамбетті ұстау амалы еді. Жана тергеушілер Новопорховинск батағасына келіп іске кіріскен болды. Бірақ Исатай мен Махамбетті шақырып келтіре алмады.

5 наурызда олар атаман Покатиловке төменгідей хат жолдауға мәжбүр болды: «Біздер Тайманұлы мен Өтемісұлы деген старшындарды ұстауымыз керек еді, бірақ ол үшін қажетті күзетшілеріміз де, үйіміз де жоқ. Өйткені қасымызда хатшы /писарь/ мен тілмәш, оған қоса төменгі шенді 4 әпесеріміз ғана бар. Новопорховинск батағасында шағын ғана жеркепеде тұрамыз».

Бұл Исатай мен Махамбетті ұстай алмаймыз, күшіміз жетпейді деген сөз еді.

8 наурызда Жәңгір Покатиловқа хат жазып, Тайманұлы мен Өтемісұлын қарақшы, ұры деп жазғырып, тезірек тұтқындауды өтінеді.

7 наурызда тергеушілер атаманға тағы да баян етті: «Жауап беруге Исатай мен оның жанындағылар келмеді. Асылы, келмейтін де шығар. Олардың ішінен депутат Шөкин қазақ Үбі Усинді бізге жеткізіп берсе де, ол қыңырлықпен жөнді жауап бермеді. Бар болғаны: қатты қорыққаннан жауап бере алмаймын дегенді айтты. Ал оның бұл «үрейі» ат мініп, қаршыға ұстап келгендіктен немесе біздерді жаратпау яки жек коргендігінен болар деп ойлаймыз. «Атың кім?» деген сауалымызға — «Тор атпын» деп жауап қайтарды. Солай бола тұрса да депутат Шөкинмен іске қатыссыз басқа адамдар турасында әңгімелескенде, сөзге ибамен араласып отырды. Депутаттың кеңесіне орай оны үгіттеп-ақ көріп едік, бірақ дәнеңе шықпады. Содан Шөкинге жіберіп едік, ол оны үйіне қайтарыпты. Мұндай жағдайда қайтуіміз керек», — деген сұрақ туады.» В.О.Покатилов өзінің тергеушілерінің бұл хатын Шекара комиссиясына жолдай отырып, Орынбор әскери корпусының 1836 жылы 19 желтоқсандағы №230 жарлығы негізінде Тайманұлы мен Өтемісұлын әскери сотқа тарту керек, ол үшін екеуін түрмеде ұстап отырып, тәптіш жұмысын Орал қаласында жүргізу керек сынды ұсыныс енгізді. Бірақ бүлікшіл старшындарды қалай ұстау керектігін нақтылап айтпады.

17 наурызда теңіз жағалауындағы ел тік көтеріліп Нарын

құмына жайлауға кетті. Депутат Медет Шөкин: енді бұл жерде ештеңе бітіре алмайтындарын айтып, Зеленый бекініс жанындағы Шолан деген жерге барып, тергеуді жалғастырайық деп үгіттей бастайды. Зеленый да, Шолан да Нарындағы жайлауларға жақын еді. Ақыры солай болады.

ЕРЕУЛІГЕ — ҚАРУЛЫ

20 шақты ауылымен Теңіз жағалауында қыстап отырған Исатай өткен жылғы істің қайтадан қоздағанын 1837 жылдың ақпанының 10-ы шамасында білді. Новопорховинск батағасына жаңа тергеуші Мизинов пен Бородиннің қайтып келгенінен, хан депутаты Медет Шөкиннің етегі желпілдеп атқа қайта конғанынан: қарға аунаған түлкідей Қарауыл кожаның жылмиып, желкесіне қайтадан жал біткенінен, тіпті қаймықпай Медет Шөкинге ілесіп, бұлардың ауылына келгенінен, істің беті былтырғыдан биыл жаман болатынын айтпай түсінді. Ханы бар, хан Кеңесі бар, олардың арқа тірегі патша ұлықтары бар — бәрі сыбырласып, ымдасып жүріп ұялас бөрідей бірігіп ап, Махамбет екеуінің басын көрге тықпай қоймайтын аужай аңдатты.

Не істеу керек? Ханнан, ұлықтан әділет кетсе, ендеше әділетті өздері орнату керек пе? Нашардың, есесі кеткеннің, жазықсыз зәбір көргеннің шағымына қалай құлақ асып, қалай тексеріп, қалай төрелік айту керектігінің үлгісін ел басқарған хан, төрелер көрсете алмаса, бұлар көрсетсін.

Осы шамада Татан Сексенбайұлы деген старшын Шуақбай деген кедейдің жас қызын 3 жылқы, 32 сиыр, 1 түйе мен 50 сом ақшаға тоқалдыққа алған еді. Қыздың сүйгеніне қосыла алмай, зарлағаны туралы қауесет барды. Исатай мен Махамбет Қара Ораз Ысық Қалдыбай Қосаяқұлын осы мәселені әділ шешіп келуге жұмсады. Қалдыбай беттестіре отырып жағдайды қанып білген соң, қызды старшыннан тартып алып, сүйгеніне қосып келген. Осы жағдай туралы Нарын тез құлақтанып еді. Әсіресе бастарында ғашықтың дерті бар жастарға қатты әсер еткен. Оны төмендегідей өмірде болған оқиғадан аңдау болады.

15 ақпан күні Төленгіт жігіт Шеменбай Досайұлы өзінің бас иесі Жұбан қожадан екі атты тартып алып, бұның не

қылғаның деп ара түспек болған Дүйсекен Қарабайұлы сұлтанды жеті атадан жібереді. Онымен де қоймай, әйгілі Асқар қожа ауылына қару асынып барып, Исатайға кетіп бара жатқанын, оның қатын алып беретінін мақтаншыпен хабарлайды. Асқар қожа Қарауыл қожаға ұстап берем деп қорқытпақ болғанда, ауыздан жепіріп балағаттайды. Асқар қожа қуғыншы шығарып, ақыры Шеменбайды ұстап, Қарауыл қожаға тапсырса, Төлеңгіт жігіт екі күннен кейін бұғауды бұзып қашып кетеді. Сол түні ол көтерілісшілерге қарсы жолығып, Қарауыл қожаны шабуға қатысқан. Кейін Шеменбай көтерілістің атақты батырларының біріне айналды.

Хан депутатының тергеуге шақырып, тығырыққа тірегені батырлардың шамына тиді. Төптiшке бар-барма, жақсылық болмайтынын білген Исатайлар жастықты ала кетуге бекінді.

17 ақпанда түнделетіп атқа қонған Исатай 35 жігітімен, арасында тұңғышы Жақия да бар, Көкарнаның сол жақ жағалауы Бәйгетөбеде отырған Қарауыл қожаның ауылының төбесінен түсті. Қарбалас қараңғыда Қарауыл ат арқасына аяқ артып үлгерді. Исатай атып жібереді, өзін емес, астындағы атын атады. Жазымыш демеске не шара, жалғыз оқ шалдыр етіп, үзенгіге тиеді, Қарауыл қашып құтылады. Көтеріліс-шілер қисым басының 294қойын алды: шабынды шығыны іс-қағаздарда 4704 сом деп белгіленді.

Көтерілісшілер Нарынға ендеп еніп, Қоншақ деген жерге түнеді. Исатай осында отырып, ауылына көшсін деп хабар салды. 19 ақпанда Исатай ауылы Тұрымтай Беріш Төлеген Серекенұлының ауылымен теңіз жағалауын тастап, Нарынға көшіп шықты.

Исатайдың Қарауылды шапқан хабары Нарынның ойқырын дүр сілкіндірді. Балқы сияқты би мен Төлеген Тыныштықұлы сынды старшынның табанында отырған Құмдағы «Бес Беріш» ауылдары әп-сәтте шөт-шөлекей болды. Исатайға арқа таңған есесі кетіп сорлағандар шабындап шыға келді. Атақты палуан Тәни Түменұлы 5-6 жолда-сымен Итбай қонысында старшын Төлеген Тыныштық-ұлының 75 жылқысын алып, жасақ жиып аттандай бастады. Сарманұлы Оразғали деген азамат 6 серігімен өзінің ағайыны Бесқасқа Беріш Байту Жабағыұлының малын

шапты. Ал Жайылған Беріш ауылдарында Ырысалды Кәсіпұлы өз старшындары Ағым, Әмше Айболатұлдарымен жағаласты бастап кетіп еді. Шабарманнан сәлем айтып жіберген соң, Исатай шұғыл аттанып, көмекке тез жетті. «Хан Кеңесінің» старшыны Лиденқара Ханқожин Әмше Айболатұлына жылқы алуға барып отырғанында: Исатайдың жетіп келіп, Әмшені ат сауырына байлап алып кеткенін әңгімелейді. Ал 22 ақпанда Исатай жанында Махамбет, Бекмағамбет Өтемісұлдары, Тінәлі, Үбі бар Төлеген Тыныштықұлын ойсырата шауып, 60 жылқысын алып, есе қайырды.

Сүйтіп көтерілісшілер теңіз бойы мен арт жақтарында құмада отырған негізгі жауларын күйретіп, Нарынның о жағы мен бұ жағына, әсіресе Қамыс Самар көлдеріне қарай еркін көшуге жол ашты.

Бұл кезде Орынбор, Орал әкімдері Исатай мен Махамбетті қалай ұстаймыз деп бас қатырып жатты. Екі тергеудің екеуінен де нәтиже шықпаған соң, өз атына сөз келетінін сезген Покатилов ширыға бастаған. Бұл орайда оның кеңесшілері — тергеушілер Бородин мен Мизинов бүліктің Каспий жағалауындағы батағалар мен кәсіпшіліктерге жайылу қаупі барын айтып: бұқарадан Исатай мен Махамбетті тезірек аластау үшін Нарынға әскер шығару керек деген пікір ұсынды. Покатиловқа да бұл жанды ұсыныс көрінді. Ол Шекара комиссиясынан әскер шығаруға рұқсат сұрады. Тісқакты Генс әскер шығарса, бүлікшіл старшындарды ұстайтындарын білгенмен, ондай қадамға бармады. Әскер шығарды деген мәселенің ушыққаны: Сыртқы Істер департаменті, Патша Сарайы құлақтанып, әңгіме көбейетін, осындай шиеленіске дейін жіберген Шекара комиссиясының ісінен ақау іздеушілер де табылатын. Сондықтан ол ордадағы дауды «шағын наразылық» шеңберінен шығармай, Исатай мен Махамбетті тексерушілер арқылы ебін тауып, алдап ұстаудың амалын қарастыруды ұсынды.

1837 жылы 2 сәуірде Г.Ф.Генс Орал казак наказной атаманы В.О.Покатиловтың әскер шығару туралы ұсынысы мен өзінің ойларын айтып, Орынбор генерал-губернаторы В.А. Перовскийге хат жолдады. Осы шамада бұл мәселе губернаторлықта талқыланып, Г.Ф. Генс өз көзқарасын

қорғап қалды. Ол ордаға әскер шықса, қақтығыс болатынын, адам өліп дау бұрынғыдан бетер өршитінін, тіпті ел Жайықтың Бұхар сыртына қашып, орданы жоғалтып алулары ғажап емесін айтты. Оның үстіне маусым айында патшазада Александр Николаевич Орынборда қонақта болуы тиісті еді. Сол кезде дауды өршіту аттарына сын болуы да мүмкін екенін ескертті. Әлбетте, Г.Ф.Генс Исатай мен Махамбетке аяушылық білдірген жоқ, саяси жағдай осылай қалыптасты. В.А.Перовский құлақ асуға мәжбүр болды.

Тергеуші Бородин мен Мизинов 25 наурызда қазақтармен бірге көшіп, Зеленый бекініспен 80 шақырым жердегі Шоланобаға келіп, басшыларынан нұсқау күтті. 3 сәуірде В.О.Покатиловтың нұсқауы келіп түсті: «Бүлікшіліктен орданы сақтау үшін Шекара комиссиясы ойлары бұзық старшындар Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын тез арада ұстауды талап етеді. Жәңгір хан қол қойған қағаздарды сендерге жолдай отырып, старшын Тайманұлы мен қырғыз Өтемісұлын тұтқындауға белсенділік және іскерлік көрсетуді міндеттесімін. Сұлтан Медет Шөкин жәрдем етсін. Бүлікшілерді ұстасымен, жөпелдем Томенгі Жайық шебіне жөнелтіндер, өзімізден пәрмен болғанынша мықты күзетпен қамауда отырсын... Мұның бәрін қатаң құпияда ұстандар, тұтқындайтынымызды біліп қалса, Тайманұлы мен Өтемісұлын қолға түсіру қиындап кетеді», — делінген онда.

Бұл құпия жарлықтарды қолдап өткізгендей отырғандай Исатайдың жоғары жақта нендей тор құрылып жатқанын айтпай білген сұңғылалығына таң қалмасқа лаж жоқ. Ол бірден-ақ тергеушілерден арқаны аулақ салды. Исатай 26 наурызда тергеушілердің шақыруына алғаш рет жауап беруі. Онда: «Жайық тайпасынан Асанбек Қойсарыұлын жолдасым сіздерге барып сөздерімді баян қылып қайтпағына һәм ол адамдар биыл малдың тозғын болғанына байланысты жоқ малдарын әрең тауып кеткен еді. Қиындыққа шегіліп, уақытымен жете алмаған жоқ дүр» дей келіп, тергеушілерді Нарынға тереңірек еніп, Жайлауға келіп жауап алуға шақырды. Исатайдың тергеушілерге жолдаған 4 сәуір, 3 мамыр хаттарының бәрі де тергеушілердің шақыртуына берген жауаптары. Олардың бәрі бір сарындас: мал арық, жер арасы жырақ болғаннан кейін Шоланобаға

бара алмаймыз, өздерің құмға келіндер, кімнен жауап аламын десеңіздер де кідіріс, тосылыс болмайды.

Сүйтіп, тергеушілер арам пиғылдарын жүзеге асыру үшін батырларды Жайық өзеніндегі кордондарға жақын жерлерге шақырып, ал батырлар болса, керісінше, оларды ел арасына келіндер деп — хат арқылы сырттай жауаптасумен көктем айларын да өткерді.

ИСАТАЙ РЕСПУБЛИКАСЫ

Хан депутаты Медет Шөкин 1836 жылдың 24 желтоқсанында Жөңгірге жазған хатында «бүлікшілер Нарында ылғи да бастарын құрап сыяз өткізіп жатады» десе, 1837 ж. 25 мамырдағы ақпаратында бүлікшілерді бүгінгі тірлігі хандыққа бағынбайтын «жеке республикаға» ұқсас деп жазады. Ордада қалыптасқан жағдайға біршама дұрыс саяси баға беруіне қарағанда, Медет Шөкин кәдімгідей сауатты адам болғанға ұқсайды. Шынында да, Ішкі Бөкей Ордасында 1837 жылдың көктеміндегі ереуілшілер жағдайы Республиканы еске түсіретіні рас еді.

Бұл кезде ерте көктемдегі «Қырымта қайтару» шабуылынан кейін, Исатай қарамағандағы ауылдардың саны 25-30 жетті, ал жасақ саны 2000-ның о жақ, бұ жағында. Әсіресе Құмдағы «бес Беріш» старшыны Төлеген Тыныштықұлын талқандауы — Беріш ауылдарының ереуілшілер жағына түгелге жуық шығуымен тамамдалған. Исатай Республикасының территориясы — Каспий теңізі жағалауынан тура терістікке қарай Қамыс Самарға дейін, ал хан Ордаға қарай Тастөбе, Іргеқұл, Жидеқұмдарға дейін жетті. Теңіз жағалауында Юсупов дачаларының маңындағы кордондарды сағалап, Қарауыл қожа дәргейіндегілер ғана жан сақтап отырды. Демек, 1837 жылдың көктемінде Ішкі Орданың территориясының тең жартысынан көбі Исатай республикасының меншігінде болды деуімізге толық негіз бар.

Биыл көктемде ереуілшілердің көшін Исатайдың өзі бастап Тастөбеден асып, Бесшоқы, Жидеқұмға иек артып тоқтаған. Одан өрі Теректіқұм би Балқының қонысы еді.

30-ға жуық ереуілшілер ауылы Бекайдар, Тастөбе, Бекетай, Жаманқұм аралығында отырды.

Олар Исатайды өздеріне ресми түрде көсем сайлап: «Батыр» деп атады. Барлық тізгін: жауапты мәселелер соның қолында болды. Басшылық жанында старшындардан, жасақ қолбасшыларынан, билерден, елдің беделді азаматтары мен ақсақалдарынан құралған кеңес жұмыс істеді. Ішкі-тысқы барлық мәселе: күрестің тактикасы мен стратегиясы, ереуілшілер қатарына жаңа руларды тарту, орыс әскери күштері топталған кордондарды қадағалау, Жайықтың арғы бетіндегі батырлармен байланыс, «Хан кеңесі» мен Жайық шебіндегі бекіністердің байланысы, қарсы күштерге соққы беру, жорық мәселелері бірде ашық, бірде жабық талқыланып отырды. Басшылық жанында кеңсе жұмыс істеді. Көтерілісшілердің тұтқындарды кісендеп ұстайтын қостары да болды.

Сөйтіп, көтерілісшілердің негізгі тобы 1837 жылы, жайлауға ерте қозғалды. Олар Нарында оңаша жатып кеңесіп, ой ойлады. Алдағы көктем, биылғы жаз қиын болатын нышан аңғартты. Ханның бұларды күшпен ала алмайтыны белгілі. Ендеше, хан келісімге келіп, бұлардың талабын қанағаттандырып, мәселені бейбіт шешуге, амалсыз көнер ме, әлде патшадан әскер сұратар ма? Әрине, зеңбірегін сүйретіп, сарыала әскер шықса, жағдайлары қиын болмақ.

Олар бәрін жіпке тізіп, өлшеп-пішіп, алдағы тұрған қиын күндердің тактикасы мен стратегиясын белгіледі. Ақ патшаның Жәңгір ханды оңай бермейтіні белгілі. Оны қорғау үшін әскер шығарудан да жүзі жанбас. Қалайда әскер шығартпаудың амалын табу керек. Сонымен бірге шиеленісті күшейте түсіп, өз талаптарына Жәңгірді көндірулері, ал көнбеген күнде ел арасынан кетіру мәселесі күн тәртібінде тұрды. Ол үшін хандықты жоюға да бара ма, қайтеді? Батырлар арасында осы мәселе сарапталды.

Күрес шиеленісті жаңа кезеңге аяқ басты. Көтерілістің идеологы Махамбеттің алдында жаңа міндеттер тұрды. Халық қамын ойлаған Исатайға деген ел сүйіспеншілігін мадақтап, ханға деген сенімнің түп-тамырына балта шаба отырып, Махамбет тіпті ашық кетті. Бұрынғы өлеңдерінде ханның жеке басына тиісіп, оның ел қамқоры әділдігіне күмән келтірсе, енді:

*Атадан туған аруақты ер
Жауды көрсе жапырар,*

*Үдей соққан дауылдай,
Жамандарға қарасаң,
Малын көрер жанындай.
Жүйрік аттың белгісі
Тұрады құйрық жалында-ай.
Айтып-айтпай немене,
Халық козғалса,
Тұра алмайды хан тағында-ай,*

— деп ұрандады. Әлбетте бұл толғаудың қай айларда дүниеге келгенін дәп басып айту қиын, ал бірақ қан сойқан 1837 жылғы көтерілісшілердің көздеген басты нысанасы осы шумақтарда түйінделгені даусыз. Мұнымен де шектелмей, ақын осы тұстарда генеологиялық жырларға да айырықша мән берді. Қара халықты тек Шыңғыс тұқымы басқару керек деген берік қалыптасқан ұғым бар-ды. Махамбет осыған шөк келтірді. Бұл тек Жәңгірдің қара басына айтылған тас емес, бүкіл Төре тұқымының түбіне жететін аса қауіпті идеология еді.

*Арғымақтан туган қазанат,
Шабуыл салса нанғысыз.
Қазанаттан туган қаз мойын —
Күніне көз көрім жер шалғысыз.
Айғырдан туган жампоз бар —
Нарға жүгін салғысыз.
Аруанадан туган мая бар —
Асылын айуан десе нанғысыз.
Жақсыдан туган жаман бар,
Күндердің күні болғанда
Жарамды бір терге алғысыз,
Қасына адам барғысыз.
Жаманнан туган жақсы бар —
Атасын айтса нанғысыз.*

/1837, көктем/

Махамбет нәсіл, тек, сой дегеннің бәрі жалған ұғым, ешнәрсе тегіне байланысты емес, адамына байланысты деген ойды осы өлеңінен бастап өрбітіп, әрі қарай тереңдете түсті. «Ай астында бір көл бар» деген жырында жоғарыдағы ойын дамыта жырлады:

*Ай астында бір көл бар —
Ат шаптырса жеткісіз.
Ортасында алуа, шекер бар —
Татқан қулар кеткісіз.
Қарада да қара бар —
Хан ұлы басып өткісіз.
Алланың бір күні бар —
Бір жарым ай жеткісіз.
Мұңдас ерлер болмаса,
Менің айтқан сөздерім,
Құлқына жаман жеткісіз.*

/1837, көктем/

Махамбеттің тектілік туралы жырлары хан тұқымының ащ бүйіріне найзадай қадалды. Оның жанға батар жері хан әулетін жамандағанында емес, ондай өлең-жырлар бұрынғы жырауларда да, кейінгілердің аузынан да әредік шаң беріп тұратын. Махамбет толғауларының зәрі-хан тұқымының тектілігіне шәк келтіріп қоймай, олардай ел басқаратын адам қарада да бар, тіпті көптеген хан ұлдары қараның асылдарының деніне келе алмайды деп, Шыңғыс әулетін ел басқару ісінен тайдырмақ болғаны.

Махамбет «жарамды бір терге алғысыз», «күніне көз көрім жер шалғысыз» деп хан тұқымын түкке алғысыз ғып, сүмірейте отырып, Исатайды ауызға алғанда «арыстан», «асыл ер», «қазанат», «арғымақ», «жампоз» деп айдынын асыра жырлады. «Мен ақсұңқар құстың сойы едім», «Мен кескекті ердің сойымын, кескілеспей басылман», «Сүйегім тұтам қалғанша, тартынбай сойлер асылмын», «Мен-аталы жүйрік баласы-алты үдірім жер шаптырсаң да жалықпан», «Боз ағаштан биік мен едім-бұлтқа жетпей шарт сынбан», «Томагалы сұңқар мен едім» т.т.с. Исатай, Махамбеттер ханмен тек, сой жарыстырғанда, бұл жай шіреніскен егестің түрі емес, мұнда үлкен саясат жатқан. Исатай, Махамбеттер ханды орнынан ығыстырсақ, ордабасы кім болады дегенді де ойласа керек. Осы тұста Исатайдың Шыңғали /Шыман/ Орманұлы сұлтанмен астыртын байланыс жасағаны бар. Оныменен қандай да бір келісім жүргізгендері аңғарылады. Шындап келгенде, орданы шапқалы тұрған Исатайды тоқтатқан да сол. Бұл мәселенің бір жағы десек, хан тұқымы да орадан шеттегендей күн туса, хандықтың тұтқасын

кім ұстайды деген ой да болмай қоймаған сияқты. Бұл кезде Орта Азия хандықтарында Шыңғыс тұқымдарын сыртқа теуіп, билікке қаралар келе бастаған. Хорезм мен Хиуада қыпшақтар мен қоңыраттар төрелерді ысырып шығарған. Ал түркімендер арасында Теке Жәуміт, Тумаштар бел алған-ды. Махамбеттің генеологиялық жырларының астары — ел тізгінін қаралар қолға алғаннан халық ұтылмайды деген үндеу еді. Орта Азия хандықтарында болып жатқан өзгерістерді көріп-біліп отырған төрелер шын қауіптенді. Исатайдан емес, Хорезм, Хиуамен жіп ұшы жалғасы, бекзаттыққа таласы бар Махамбеттен қауіптенді. Осы тұстағы ауызекі әңгімелер мен хатқа түскен жазбаларда Жәңгірдің тегін «Қарағаш», «Сыбан қалмақ» деушілік етек алған.

Ал хан сарайы төңірегіндегі саясатшылар осы әңгімелерді қоздатушы Махамбеттің қауым алдындағы беделіне нұсқан келтірудің қамын істеді.

Әңгіме сарай ақыны Жанұзақ айтыпты-мыс деген өлең туралы боп отыр. Баяғы кездерде Ордада жолсапармен болған Жайық Бектұров қарт педагог Құмар Зариповтен Жанұзақтың осы өлеңін жазып алып, сондағы деректерді тілге тиек етіп, Махамбет Орта жүздің Ашамайлы Керейі екен-міс деп «Орталық Қазақстан» газетінде мақала бастырған. Бұл әңгіме соңғы жылдары жиі айтылып, құнттала бастады. Ә дегеннен еске саларымыз: Жанұзақтың мұндай өлеңі болғанын Қазақстанның батыс өлкесінде бірде-бір адам білмейді. Байтоқ, Жанұзақ мұраларын жинастырған Шәңгерей Бөкеев, Құмар Қарашев, Халел Досмұхамедов, Қажым Жұмалиев, Берқайыр Аманшиндер Жанұзақтан мұндай өлең жолдарын кездестірмеген. Оған қоса қарама-қарсы, қиғаш келіп жататын мың сан шежірелік нұсқауларда да Махамбетті Ашамайлы Керейге жанастырған бір ауыз сөз жоқ. Оның есесіне Өтемісұлдарын «түрікмен», «будан», «күл» деген әңгімеден аяқ алып жүргісіз, от ауыз Өтемістің Байтоқ ақын, Есмәмбет би, басқалармен қақтығысында жөне шежірелік нұсқалардың барлығында да олардың түрікмендігі ауызға алынған. Бұл бір десек, екіншіден-аталмыш өлеңде әлде Жанұзақтан, әлде кейінгі айтушылар мен көшірме-шілерден кеткен жаңсақтық андалап тұр. Өлеңде түркімендер Орта жүздің Керейлерін шауып, жылқы алады, Ашамайлының екі еркек баласы

Құлманияз бен Сүйін қолды болады. Беріш Жаубасар батыр кездейсоқ кездесіп, екі баланы тартып алып, ағасы Ерназарға еншілейді. Ал енді өлеңнің тарихи мәліметтерге иек сүйеген осы тұсы кіші жүздің шежіресін шорқақ адамның қолынан шыққандай тұнып тұрған қайшылық. Алдымен Жаубасар Ерназардың інісі емес, ағасы. Нұралыны Хиуаның тағына отырғызған, Әбілхайырдың сенімді батырларының бірі. Екіншіден Ерназардың баласы болмады деу де шындықтан шалғай Ерназар Тумаш арасында ең дамыған, іргелі ата, оның ұлдары - Үрсен, Бейбіт, Төлек, Адарби, Абдан, Қайшым, Құлмәлі. Кіші жүзге түгел мәлімді Жан-ұзақ ақынның білмеуі мүмкін емес. Асылы, кейінгі бүр-малаулардың салқыны болса керек.

Дей тұрғанмен, бекерге шөп басы қозғалмайды, күрес шырқау шегіне таянғанда Махамбетке тегі жөнінен жала жабылған сыңайлы. Жоғарыда ақынның тек, сол нәсіл туралы жырлары Шыңғыс тұқымын билік басынан кетіріп, қараларды ел тізгінін қолға алуға шақырғаны екенін айтқанбыз. Бұхар, Үргеніш маңында қыпшақтар мен қоңыраттар, төрелерді ысырып шығарған. Арғындар арасында шоң би де Шыңғыс тұқымен күрестің туын көтерген. Ой өрісі алымды, күрес тактикасына жетік Махамбет жер-жерде шаң бере бастаған осынау саяси талантты ішкі Ордалағы күрестің мақсатына айналдыруды көздеді. Бұл онсыз да дүрлігіп тұрған қалың елге қосымша екпін беретін аса қауіпті ұран еді. Бұған қарсы хан және хан төңірегіндегілердің ойлап тапқаны - Махамбетті кіші жүз халқына жат, бөтен етіп көрсетіп, оның өзін де, сөзін де тәрік қылып, бүлдіргіні ел арасынан аластау амалы. Ал басқа емес, неге керей деді? Керейлер тапталған ары мен аталарының кегін қайыра алмай жүрген ежелден-ақ Шыңғыс өулетінің бітіспес ата жауы еді. Саяси күрестерде қазақ арасында мұндай аяқтан шалу әдістері үнемі қолданылып отырған: таққа талас кезінде Әбілхайырға да «қарасың», «қарағашсың», сыбан қалмақсың деген айыптар тағылған. Ондай жалалардың нәтиже берген кездері де жоқ емес.

Осы әңгімелерге орай Махамбеттің өз аузынан шыққан екі ауыз өлең жолына назар аударалық!

*Жазығым татар буданский демесең,
Байеке сұлтан, мен осы жолы не дедім?*

Бұл ақынның Баймағамбет сұлтанмен кезекті бір кездесуінде айтқаны. Керей болса «буданскиймін» дей ме? Түрікменнен келгеніне меңзегені ғой. Қазақта да, Түрікменде де бар тумаш руының түркмендерге қалай тап болып, бір бөлігінің қазаққа қалай қайтып оралғанын жоғарыда егжей-тегжей баяндағанбыз. Жазалаудан қашқан Махамбеттің інісі Қожахметтің ұлы ер жетіп, есейгенше Хиуадағы Өтеміс ағайындарының қолында тәрбиеленді де, азамат болған соң, Құлмәліге қатысты барлық ағайындарымен ата жұртқа қайтып оралып, Хиуамен қатынасты біржола үзді.

Бұл тұста ереуілшілер шайқасқа қабілетті әскери жасақ жасақтауға айырықша көңіл бөлді. Жайық Беріш руынан құралған үш жасақ болды: бірі – Исатайды өз жасағы, екінші – Өтемісұлдарының жасағы, үшінші – Ырсалы Кәсіпұлы мен Тәни палуан басшылық ететін Жарылғас Беріш жасағы. Есенгүл Беріш қосынан ағайынды Үсе, Әуес Төлегенұлдары мен атақты Үбі батыр басқарды. Есен Беріш руы жасағының тізгіні Есмұхамбет, Сәлембет Жантумаұлдарының қолында болды. Ысық руының жасағы басында көтерілістің атышулы арландары Қалдыбай, Иманбай, Қабыланбай Қалдыбайұлдары тұрды. Старшын Өтеміс Қошқарұлының басшылығымен Байбақты руының, старшын Досақан Жәнібекұлы басшылығымен Адай руының, старшын Әлжан Тұрманбетұлының басшылығымен Жаппас руының жасақтары құрылды.

Әр жасақтың шама мөлшері екі жүз қарулы жігіт деп есептелінді. Олар ауылдардың сыртына, жау келеді деген тұстарға, биік қарауыл шоқырлардың жанынан орналасты. Шағылдардың төбесінен қарауыл үзілмеді. Төбелерге шөп үйіліп, керек кездерде от жағылып, түтін салынып, көрші жасақтарға белгі берілді. Жасақшылар малдарын бағып, құдықтарын қазып, күнделікті тұрмыс шаруаларымен шұғылданды. Бірақ әскер ойыны сынды жиындардан қалмады. Батырлар жастарға найзамен, садақпен, қылышпен, айбалтамен, сойыл, шокпармен жау түсіру тәсілдерін үйретіп, қаптай шабу, қаша ұрысу әдістеріне жаттықтырып, жасақты алдағы жорықтарға шындап, шынықтыра түсті.

Көтеріліс қолбасшы жасақтың қару-жарақ жабдығына айрықша ден қойды. Ол орда қарсы ішіндегі қарсы

топтардың қай-қайсымен де келуден қаймықпады, оған аттары да, қаруы да, жігіттері де сайлы еді. Батырдың қауіптенгені әскери шебтердің казак-орысы мен орыстың үйретілген машықты әскері, әсіресе, зеңбірегі. Айнала төңіректегі кордондардан ұрлап-жырлап, әр түрлі жолдармен көзін тауып біраз мылтық, шамқал да жинаған. Пілтелі мылтықпен қаруланған біраз жігіттері де бар. Осы құрал-саймандарды іске жаратуға оқ-дәріден кемдік көріп отырған. Оның да жолы табылды. Қолы ұснақты, атақты зергер, өрі батыр Тінғали Тайсойғанұлы оқ-дәрі шығаруды жасақты қарумен жабдықтауды өз қолына алды. Нарынның іскер ұсталары түгел жиылып, соның қарамағына берілді. Құсқонбастан ұстаханалар ашылып, көріктер гүмпілден, шың балғалар шақылдай бастады. Айғырқұмдағы Көктатырдан түйемен күкірт қосындысы бар балшық тартылып, одан дәрі өндірілді. Ақжонастан фосфор, қорғасын айырды. Сөйтіп, жасақ жаппай қарулануға кірісті.

Исатай түптің түбінде орыс әскерімен соғыс болатынын білді және соған әскерді дайындай бастады.

Жоғарыда баян еткеніміздей Исатайдың ханмен кетісуінің басты себептерінің бірі — Жәңгірдің орыс әкімшілік басқару жүйесіне еліктеп, қазақ қауымында қалыптасқан аталық-рулық дәстүрлерді өрескел бұзумен тікелей байланысты еді. Бізде қалыптасқан ұғым бойынша: рулық құрылымның жақтаушысы болу — керікеткендік, қоғамдық дамудың төменгі сатысына қарай жылжу. Еуропалық бұл түсінікті қаз-қалпында қазақ тірлігіне көшіруге болмайтын тәрізді. Аталық-рулық қауымның жіктелуге бейімдігі сияқты кемшілігімен бірге ұран шақырсаң, сау етіп атқа қонатын ұйымшылдығы да бар. Оны ескермей болмайды. Исатай ата жолы халық дәстүрінің өрескел бұзылуына қарсы болды, дегенмен ол рулық деңгейде шектеліп қалған адам емес, одан көш ілгері биік тұрды. Қарауыл қожа осы жылы жоғарыға жолдаған рапорттарының бірінде Исатай қосынының құрамында 25 таңбалы Кіші жүз түгел дегені бар-ды. Сонысы айны қатесіз рас та. Бұл мәселенің шындығына Исатай жасағы басшыларының қай рудан екенін түгендесек көз жеткіземіз. Олар: Қалдыбай Қосаяқұлы, Иманбай, Қабыланбай, Қалдыбайұлдары /Ысық/, Айтас Косепұлы /

Қалқаман Тана/, Сарт Еділұлы /Жаппас/, Амантай, Атантай, Көбекулдары/ Сарыкүшік Масқар/, Айтмағанбет Өтегенұлы /Табын/, Рахмет Бекұлы /Кердері/, Еркінәлі Сағындықұлы /Алаша/, Мәстек Ахметұлы /Ноғай/, Тәни Түменұлы, Ырсалы Кәсіпұлы, Үбі, Үсеұлы, /Беріш/, Шөменбай Досайұлы /Төлеңгіт/, Досақан Жәнібекұлы /Адай/, Әлжан Түрмөбетұлы /Жаппас/, Көбек Алғиұлы, Бөрі Сәрсенби /Қызыл-күрт/, Өтеміс Қошқарұлы, /Байбақты/, Наурызалы /Тама/.

Сөйтіп, 1837 жылдың көктемінде хан орыс әкімшілігіне бағынбаған өз тізгіні өз қолында «Исатай Республикасы» айнала төңірегінің ұйқысын шала қылған елеулі күшке айналды.

ТЫҢ ДҮМПУ

1837 жылдың көктемінде қотеріліс қанатын кең жайып, шиеленіс ширға түсті. Исатайларға жаңадан тың күштер келіп қосылды. Байбақты руының старшыны Жүніс Жантеліұлы Айыркүмдағы жаз жайлауын хан оз ағайыны, төре тұқымы сұлтан Шынғали Орманұлына беріп қойғанын осы көктемде, нақ коші-қоңының аз-ақ алдына біледі де, қарадай бүлініп, шарт кетті. Исатайға еліктеп, ханға қарсы ұран салып, жігіт жияды. Сәуір айында Жүніс Жантеліұлының қолы 200 жетеді. Ол Ішкі Өзен шебінің маңындағы Алмалы /Александров-Гай/, Оюкен /І-Чижи/, Дүре, Балықты өзендерінің аралығына қыстайтын еді де, жазда Нарынның Айыркүмын жайлайтын. Ол жылдағы дағдылы көшіп-қонуы бар, екіншіден Исатайға барып қосылуы үшін күмға беттейді. Исатай мен Жүніс Жантеліұлы сәуір айының орта шенін де Жаскүстан 60-70 шақырым жердегі Керіқатқыл деген жерде кездесіп, кеңес күрады. Жүніс Сырым батырдың қанды көйлек жолдасы Төреғалидың /Төреғали-Жантелі-Жүніс/ немересі еді. Ел аузында «Ханды сырым сөзбен тоқтатса, Төреғали күшпен тоқтатты» деген сөз бар. Жүніс томпақ коз, дембелше қара кісі болған. Әйелі Кәкіма-Керіқат-қылдағы Қызылқүрттың қызы.

Сырым аруағына сыйынатын Байбақты жігіттері өз

аталарының істегенін — Жәңгірге /Нұралы ханның немересіне/ істемек: болған аты шулы Исатайдың ауылдарымен танысты. Исатай ауылдары бұл кезде хан, патша ұлығы дегенді білмейді екен. Өздері би, өздері қожа. Исатай қосыны ауыл-ауылдарға бөлінген, оларда үлкенді-кішілі жасақтар тынығып жатса, екіншісі күзетте, үшіншісі жорықта не барлауда. Мәні зор қауымдық мәселелер: көші-қоны, жайылым, шабындық, қорғану не жорық маслихаттарда талқыланады. Ал әскери мәселелер — жасақ басшыларының кеңесінде шешіледі. Қолы ұснақты ісмерлер тобы Көктатырдан оқ-дәрі дайындайды. Ұсталар найзадан бастап, мылтыққа дейінгі қару-жарақты қолдан соғады.

Осы кездерде Нарынға арнайы тыңшы жіберіп, тың тындаған Төменгі Жайық шебінің басшысы ротмистер Акутиннің ақпарларына қарағанда Исатай мамырдың аяқ шенінде Төменгі Жайық Шебінен үш күншілік жердегі Құлбай мекенінде ал Жүніс Жантеліұлы Күнтөбеде отырған. 500 жасақ жасақтап кеңес құрған. «Олардың ойы ханмен келіссөзге шығу еді» дейді Акутин. Бірақ осы тұста ордадағы қалыптасқан жағдайлар ондай тұжырымға тілге тиек дерек бермейді.

Орынборда 12 маусымда патшазада Александр Николаевичқа қол беру рәсімі белгіленген еді. 31 мамырда хан Жәңгір Орынборға жол шықты. Жол Глинянск бекінісі, Орал арқылы еді. Оны жүзбасы Голубев бастаған Астрахан казак-орыс отряды алып жүрді. 1 маусымда Қостуған деген жерге келгенде, хан Исатай 200 жасағымен 10 шақырым жерде деген хабар алды. 2 маусымда Қостуғаннан 10 шақырым шыққанда, хан жолын бөгеп тұрған жасақты көреді. Сасқалақтаған хан дереу мылтықтарды оқтауға бұйырады. Оның қан төгуден қаймығар түрі жоқ еді. Мұны көріп Исатай хан жолынан бір шақырымдай шеткері шығып, Жәңгірді өткізіп жібереді. Кешкісін олар Ұялыға /хан ордадан 140 шақырым/ кеп түсті. Исатайлар он шақырым жерде деген хабар мұнда да жетті. Жүзбасы Голубев өзінің тікелей басшысы Астрахан казак-орыс әскерінің наказной атаманына жолдаған рапортында осы сапарды бастан-аяқ баяндай келіп: «Ұялыда қонып жатқанымызда старшын Жүніс Жантеліұлы келіп, өзінің жүгенсіздігі үшін ханнан кешірім сұрады» деп хабарлайды.

Старшынның түнделетіп келуі — Исатайдан жасырынып, астыртын келгенінің айғағы.

Хан мен старшынның арасында қандай пәтуа болғаны айтылмайды. Жүніс Айғырқұмдағы қонысын қалдыруды сұрап, ол тілегі орындалса, жігіттерін таратуға уәде етсе керек. Жәңгірдің жауабы нендей болғаны белгісіз. Ол сүйретпеге салып, екіұштылау жауап берсе керек. Олай дейтін себебіміз: Жүніс Жантеліұлы біраз уақытқа дейін жасағын таратпады.

Қайсыбір тарихшылар мамырдың аяғында Исатайдың қонысы Құлбайда Байбақтылармен кеңес болды, Жүніс Жантеліұлы ханға жолығып алдынан өтейік дегенге Исатай үзілді-кесілді қарсылық білдірген. Содан батыр ашуланып, Жаманқұмға көшіп кеткен де, Жүніс Күнтөбеде қалған. Жүніс Күнтөбеден ханға жасырын келіп жолыққан деседі.

Қалай дегенмен де, хан жолында жеке-жеке көрінгендеріне қарағанда, екі старшынның арасында түсініспеушілік болған сияқты. Жүзбасы Голубевтің хабарынша: Исатай ашуланып Жаманқұмға көшіп кетпеген, «хан кеңесшісі Балқы Құдайбергенұлының қыстауларының маңын» жайлаған. Демек, көтерілісшілер Теректіқұмның өкпе тұсына жақындап келген.

Старшын Жүніс Жантеліұлының дүмпуі өзге көтерілісшілерге төн табандылықпен көзге түспегенмен, Ішкі Ордадағы құлақ елендеткен тың оқиға болды.

* * *

Патша әкімшілігі Исатай мен Махамбетті ұстамақ боп, баяғысынша әбігерленіп жатты. Нарынға тыңшылар қаптады. Жайық бойындағы шебте Исатай мен Махамбетті қапыда басатын шағын-шағын астыртын топтар құрылды. Шолан-обада отырған тергеуші Бородин мен Мизиновтың басшылығымен осындай шаралар істеліп жатты.

1837 жылдың мамыр айының аяқ кезінде тергеушілер Исатайларға шақырту қағаз жіберіп, жиі-жиі мазалаай бастады. Исатай 22 мамырда оларға былай деп жауап қатты: «Қызылқұрт руының Ерші тайпасының старшыны Қоныз Елемісұлының бір тума інісі Баба Елемісұлына құрметті

сұлтан Шөкі Нұралыханұлы жұрт көзінше айтыптыдур: «Беріш руының старшындары Махамбет, Тінғали, Үсе жауапқа керек ұры қырғыздармен бірге жауап бермектері үшін сол жерге келсе: бірде жауабын ілтипатқа алмай, командамен тұтып есеп алынады» деп. Батыр осы шағын хатымен өзінің басты жауларын куәға тарта отырып, тергеушілердің әлгі пиғылдарын ашып тастады. Осы айтылғандарға байланысты өздерінің жауапқа бара алмайтынын хабарлап, тергеушілерді Іргеқұмға, Жидеқұмға шақырды.

Тергеушілердің астыртын әрекеттерінің бетін ашқан бұл хаттың әжептәуір әсері болды.

25 мамырда Медет Шөкин Исатайға жіберген Мойнақ Сейітұлы деген шабарманының із-түзсіз жоғалып кеткенін, оны Исатайлар ұрып-соғып байлап тастағанын тергеуші Бородин мен Мизиновқа мәлім етеді.

31 мамырда Медет Шөкин Глинянск бекінісіне жақын Қамыс-самар көліне келіп үш рет шақыру жібергенін, бірақ Исатайлардың келмегенін, әрі келмейтінін хабарлайды.

Міне, осы шамадан бастап Медет Шөкин өзінің ауыру екенін айтып тергеуге қатысудан бас тартады. Оның орнына Шөке Нұралыханұлы тағайындалады.

Перовский сәтсіз алғашқы тәптіштен кейін Исатай мен Махамбетті ішкі Ордаға әскер шығарып, күшпен ұстау жөнінде жасаған бағдарламасын Сыртықы істер министрлігіне жібергін-ді. Сол мамыр айында қолдау тауып, мақұлданып келді. Бірақ патшазада Орынборға келіп жатқан соң, сүренді мәселені сәл-пәл кейінге шегере тұрған.

ТЕРГЕУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЖАҢА НЫШАН

Бұрын бүлік басы Исатай мен Махамбет деп келген, соларды ел ішінен аластап, көздерін кұрытса ордада тыныштық орнайды деп ойлаған патша өкімшілігінің есебін Байбақты Жүніс Жантеліұлының дүмпуі жоққа шығарды. Олар енді мәселе Исатай мен Махамбетте емес, орданы басқару ісіндегі әділетсіздікте ме деп күдіктене бастағанды. Қазақ өмірінен мүлде бейхабар атаман Покатиловтың жауапкершіліктің ауыр басы өзіне жүктелген осы тергеу-

тексеру үстінде ептеп болса да қазақ өміріне көзі ашылды. Ол Шекара комиссиясының талап етуі бойынша деген желеумен: 29 мамырда Ішкі Шеп бастығы есаул Сумкинге Байбақты руының старшыны Жүніс Жантеліұлынан хан мен сұлтандардың елден алатын алым-салығы туралы мәлімет жина деп тапсырады.

Ал бұл кезде Нарын құмының ортасында сойылдар сартылдап, айбалталар жарқылдап, мылтықтар атылған жаман сойқан басталып кетті. 5 маусым күні хан кеңесшісі Балқы Құдайбергенұлы, баласы Бейсен Балқыұлы, Қуан, Төлеп-берген Егізұлдары, Түрке Шұңқырұлы, Айжарық Жәмитұлы, Есен тайпасының старшыны Айгани Жантоқұлы, Айбас тайпасының старшыны Төлеген Тыныштықұлы, Танабек Жәдігерұлы, Мерген Салықұлы және басқалар, қарулы серіктерімен Рысалды, Сатыпалды Косіпұлдарының ауылына ат қояды. Айбалта жұмсап, мылтық атып, 9 адамды ауыр жаралайды. Бір адам табанда өліп, басына айбалта тиген екінші адам өлім халіне душар болады. Бір әйел қорық-қанынан түсік тастайды. Рсалды ауылынан 251 сомның мүлкі тоналады.

Мұндай зорлыққа көне қоятын Исатай ма: жөпелдем қол жиып, 270 адаммен Теректідегі Балқының ауылына 9 маусым күні аттанады. Балқы адамдары күтініп отыр екен. Таң елең-алаңнан басталған соғыс ұзаққа созылады, тас үйге қорғанып алып алдырмайды. Тас үйді Қабыланбай мен Үсе 62 көтерілісші серіктерімен шабуылдап, ақыры қорғанушыларды күйретеді. Балқының арамнан жиған мүлкін 20 түйеге артып өкетеді. Сол ауылда көтерілісшілер 3 күн тойлап, таңдап жүріп 50 жылқысын тағы алады. Балқы Байтөре мен Түркені ілестіріп Ордаға қашады. Балқының ағасы Егізді Исатайлар жандарына еркісіз ілестіріп алады. Егіз осы көтеріліс туында Исатайларға ерген боп жүріп жансыздық қызметін атқарады. Бөкет деген шабарманын астыртын хан ордасындағы ағасына жұмсап отырады.

Осы қарқынмен Исатай ханды шаппақ болып, Жақсымбет биге сөз салды деген әңгіме бар. Жақсымбет: халықты жылатпа, шапша депті-міс.

Сондай-ақ сарт Еділұлы мен Әлжан Тұрманбетұлы бастаған көтерілісшілер залым старшынның бірі Бос Боздақ-

ұлын шауып, 51 жылқысын тартып алады. Ал 25 маусым күні Ораз Ысық Ысмайыл Қабыланбай Сақа руының билеуші сұлтаны Төке Бөкейханұлының ауылын шауып, әжептәуір шығындап кетеді. Сүйтіп, олар жауларынан еселеп есе қайтарады.

Ал Ішкі шептің бастығы Сумкин өзінің тікелей командирі атаман Покатиловтың: хан, сұлтандардың елден жинайтын салық мөлшерін білу үшін 10 маусымда Жүніс Жантеліұлын өзіне — Глиянск бекінісіне шақыртты. Ол әртүрлі сылтау айтып келмей қойды. Не сұрайтыны жөнінде Сумкиннен қатынас қағаздың көшірмесін талап еткен. Оны бекініске барма деп азғырған Шөкі Нұралыханұлы деген өңгіме бар дейді зерттеушілер.

Алайда генерал, атаман Покатиловке ордадағы тоқтау бермей жатқан қозғалыстың ішкі астарын ұғуға жанын салды. Ол 1837 ж. 3 маусымда сенімді чиновник, Төменгі Жайық дистанциясының командирі ротмистер Акутин Иван Емельяновичке Ішкі Ордада не боп жатқанын өз аяғыңмен барып, өз қозыңмен көріп қайт деп тапсырды. Ол ордаға бір шама еніп, қайтып оралды да, 11 маусымда көрген-білгенін атаманға хабарлады:

«Ішкі Ордадағы старшын Исатай Тайманұлы мен Жүніс Жантеліұлы скеуі де қазір Құлбай ауылында тұрады. Ол біздің шептен 3 күндік жер. Ал соңғысының /яки Жүніс Жантеліұлының/ ауылы Күн-төбеде. Қастарында 500-ге тарта қарулы туысқандары бар. Өткен мамырдың соңғы күндерінде Жәңгір ханның шақыруы бойынша «Келісім үшін Ордаға барады деп есептелген еді». Бірақ нақ осы кезде ханға жақын жүретін Балқы Құдайбергенұлының шабуылы ол ниеттерінен айнытып тастағанын, Исатай енді ханға келісімге бармайтын шығар дейді. Рапортының сонында ротмистер И.Е.Акутин ордада бұрын болмаған, жаңа тосын бір сөздің басын қылтитады: «Бұл старшындар мен олардың сыбайластарын ортақ келісімге апаратын бір жол: олар башқұрттар секілді орыс бастықтарына тікелей бағынысы келеді. Сондай-ақ: бұлар жерлерін Шынғали Орманұлы сияқты адамдарға бөліп берген себепті өздерін қорғайтын жасақтар құруға мәжбір болған деп, хан бұқараға жәбір берген сұлтандар мен старшындарды орнынан кетіріп,

бұрынғы қоныстарын қайтарып берсе, ханмен келісім табуға қарсы емес» деп көрсетеді.

Бұл екеуі де бұрын ауызға алынбаған, орданың ішкі жағдайы туралы әрі тосын, әрі соны пікірлер еді.

Сөз ләміне қарағанда: Акутин Жүніс Жантеліұлымен, болмаса Исатаймен жолығыса алмаған сияқты. Ал Жүніс болса бұл кезде әлі Исатайлармен бірге еді. Ханмен жерін қайтарып алуға атүсті келіскенмен, Жәңгір сөзін жұтып кете ме деп, әзірше жасағын таратпай отырған. Шілде айында шекара комиссиясы: Шыңғали Орманұлы ордада бас сауғалап жүргеніне қуансын, оған көп мал ұстауға рұқсат жоқ, Жүніс Жантеліұлының жері өзіне қайтарылсын деп шешім қабылдады. Сөйтіп, Жүніс осы шамада Исатайдан кетіп, жасағын таратты деп болжауға болады.

19 маусымда Исатай Балқының Рсалды Кәсіпұлы ауылын шапқаны туралы Покатиловқа шағым етті. Жәңгір де қарап жатпай осы кезде Байшүкір Алакөзұлы дегеннің атынан: Исатайдан көрген жәбірін жіпке тіздіріп арыз түсіртті. Бірақ арыз 1836 жылмен даталанған да, ал болып жатқан оқиға 1837 жылғы еді. Атаман оны іске енгізбей жаптырып тастайды.

Қырға ротмистер келіп кеткеннен кейін тура бір айдан кейін, яғни 11 шілде 1837 жылы көтерілісшілер Орынбор әскери губернаторы В.А.Перовский атына хат жолдады. Жоқ бұл хат емес петиция еді. Оған 15 старшын қол қойып, 615 адам таңба басқан. Бұл көтерілісшілер арасына барып қайтқан Акутиннің әсері емес пе деген ой туады. Өйткені Акутин өз рапортында старшындардың не себепті жасақ құруға мәж-бүр болғанын ел басқарушылар тарапынан орын алған қиянатты да жұқалап айтып кетіп еді ғой. Бұл петиция сондағы айтылған пікірлермен астарлас жатқаны әлгіндей ойға қалдырады.

Петицияның кіріспесінде «Жәңгір хан әділ билік жасамайды, елге қысым көрсетеді, сұлтандар мен билер бізді мүлде қанайды. Олар біздің малымыз бен заттарымызды тартып алып, қара халықты жәбірлеп, қорлап, сабап тіпті жарақаттайды. Сұлтандар мен билер халыққа ойына келгенін істейді. Сұлтан өзінше, би өзінше билейді және хан олардың қиянаты туралы жазылған шағымды қабылдамайды. Ал өтініші мен тілегін орындатам деушілер өздерін

де, мүлкін де қауіпке итереді, кәдімгі қылмыстай жазаланады» дей келіп, казак-орыс әскері ретінде Ресейге қызмет жасауға өзірлік-терін білдіреді. Исатайдың басқаруында Жайық әскері қарамағында бөлек ел болғысы келетіндерін баяндайды. «Исатай Тайманұлына бағынғымыз келеді, сонда тыныштық орнайды» деген сөздер бар. Содан кейін хан мен сұлтандардың қылмысы тізілген:

«1. 1834 Төлеңгіттер Алаша руының адамын өлтірді. Құны — 2000 қой, 19 сиыр, 40 жылқы. Бұл құнды Шөке мен Алтай Досмұхамбетұлы /Алаша/ би өз қалталарына салып алды.

2. Төлеңгіттер Байбақтының Шүкірұлы деген адамын өлтірді. Хан кесімі бойынша 2000 қой төленген. Содан Шүкірұлы ұрпағы бар-жоғы 200 қой алды. Басқасын хан өзі иемденді.

3. 1835 ж. Жантоқұлы деген біреу адам өлтіргені үшін 2000 қой төлеген. Хан мұрагерлерге түк татырмай, құнды түгелімен қалтасына басты.

4. 1829 ж. Қарабекұлы өз туысын өлтіргені үшін хан одан 2000 қой алды.

5. 1830 ж. Шөке Нұралыханұлы Жанұзақұлының қабырғасын сындырып, Құмджитарұлының көзін шығарды.

6. 1833 ж. хан Алаша руынан Төніш дегеннің қызын ұрып, күйеу баласын өлтірді.

7. Қарауыл қожа Юсупов жерінде тұрған елден 500 қой алып, 160 мың бау камыс шаптырды. 1834 жылы елден 1.100 қой жиып алды.

8. Безбородко жеріндегі елден Қаруыл қожа арендаға деп 10 мың ақша жиды. Безбородко басқарушысына 1 мыңнан ғана берді.

9. 1834 ж. жер иелеріне берем деп 2 мың қой, 2 мың тоқты жиды.

10. 1836 ж. Жәңгір хан оның сұлтандары елден 18 мың қой, 800 өгіз, 1000 жылқы, 500 мініс атын, әр 100 жылқыдан 2 бие жиып алды. Әр шаңырақтан 5 пұттан деп, 6000 сомның жабағы жүнін жинатқызды».

Бұл қылмысты деректердің кайсыбірі жаңа болғанмен, көпшілігі бұрынғы арыз-шағымдарда айтылып жүрген белгілі жайлар. Мұндағы атап айтарлықтай жаңалық — ханнан бас тартып, «казак-орыстар сияқты патша

әкімшілігіне тікелей бағынып, казак-орыстар сияқты қызмет етеміз» деу еді. Зерттеушілер бұл қисын сол кездегі елдің өз аузынан шыққан сөз деседі. Оған дауымыз жоқ. Көтерілісшілер білекке ғана сенген қарадомбай біреулер емес, олардың басшылары арасында көзі ашық, көңілі жүйрік саясатшыл адамдар болған. Бұл қисын – жеңілмей қойған ханды жеңудің ең ақтық тәсілі еді. Олар патша әкімшілігі енді өзіне басқартқан болып қанша көлгірсіген-мен арғы жағында хандықты қаламай-тынын, өздеріне тікелей бағынышты етіп алғылары келетінін, ептеп-септеп мысықтабандап сол саясатты жүргізіп отырғанын білетін. Көтерілісшілер патша әкімшілігінің тамағы бүлкілдеген осал жерін дәл басып, Ішкі Ордаға әскер шығару қаупін уақытша болса да кейінге шегеріп тастады. Бұл шындығында дипломатиялық бұлтақтың бірі еді. Көтерілісші басшылары арасында хандықты жоюдан да тайынбай-тындары болғанмен, өзгелерден ойы озық Исатай-дың бұл мәселедегі көзқарасы бүкпесіз анық.

Ел аузындағы әңгіме де, қайсыбір зерттеушілер де Исатайдың хан орданы қамап тұрып, шаппағанын батырдың аңғалдығы, сөзге сенгіштігі деп әртүрлі қисындайды, тіпті оның себебін түсіндіре алмаушылар да аз емес. Исатайдың Орданы шаппауы – оның аңғалдығы да, сөзге сенгіштігі де, басқа да емес, о бастан-ақ батырдың хандық құрылымға емес, хан әділетсіздігіне қарсы күрескендігі. Исатай казак өмірінде хандықтан басқа құрылымды көрген жоқ, ол хандықты төңкеріп тастағанда елдің ертеңгі күні не болатынын жақсы білді. Патша әкімшілігіне бағын – басқа жол жоқ-ты. Ал оның сорақылығы ханнан асып түспесе, әсте кем емес-ті. Хандық құрылым, керісінше, отарлау озбыршылығынан халыққа хал-қадерінше қалқа боп тұрған. Міне, Исатайдың Орданы шаппау себебі осы, ол хандықты төңкеріп тастамақ, ханды өлтірмек болған жоқ, оны халық мұқтажына құлақа суға иіп, көндіру ғана болды.

Ордадағы бұл сияқты саяси мәнді оқиғалардан дер кезінде хабардар болмаған әскери губернатор жоғарыдағы көтеріліс-шілердің петициясын жылы жауып қойып, көтерілісті басу, оның жетекшілерін ұстау туралы патша сарайына өзі ұсынған жоба Сыртқы Істер министрлігінен

толық қолдау тауып, бекіп келген сон, сол мұратын шұғыл жүзеге асыруға кірісті. Губернатор 17 маусымда Орал казак-орыс әскері басшысы Покатиловқа көтерілісшілердің ауылын Жайық шебіне жақындату қамын жасауға, сүйтіп Тайманұлы мен Өтеміс-ұлын тұтқындауға тәртіп берді.

Ал бұл кезде казак әскерінің наказной атаманы генерал-майор Покатилов көтерілісшілердің ханнан да, хандықтан да бас тартамыз, патша әкімшілігіне тікелей бағынып, казак-орыстар сияқтанып қызмет етеміз дегеніне кәдімгідей алаңдап, сол пікірге жол ашу қамын жатпай-тұрмай ойластырып жатқан. Губернатордың жоғарыдағы бұйрығы шығысымен ол Орынборға шапты. 22 шілдеде губернатордың қабыл-дануында болып, Акутиннің көтерілісшілер арасына барып қайтқаннан кейінгі өзіне ой салған рапортты қолма-қол табыс етіп, өзінің пікірлерін қоса жазып берді: «Родмистр Акутиннің мәліметін және осы істің барлық жай-жапсарын ескере отырып, мен былай істеуді пайдалы тіпті қажет дер едім: Ішкі Ордаға тәжірибелі, әрі сенімді чиновник жіберіп, орданың шын жағдайын білген жөн. Шын мәнінде хан айтылған старшындар Тайманұлы мен Өтемісұлы және Жантеліұлын, оның туысқандарымен қоса беркерге ренжітіп жүрген жоқ па, шын мәнінде казактар да башқұрттар секілді билік орнатуға тиіс емес пе?»

Покатилов кеш қалды, Перовский алған бетінен қайтпады. Өзі бастаған істен енді бас тартуға лажы да жоқ еді. Ал Орал казак әскерінің атаманы губернатордың айтқанынан шыға алмады. Оқиға өзінің шырқау шегіне қарай домалай берді.

Орынбор әскери губернаторының Исатай Тайманұлына хаты

Покатилов 4 тамыз 1837 ж. түк шығара алмаған тергеушілерді қайтарып алды да, жаңадан ұйымдасқан 4-ші казак-орыс полкіне қоя берді. Істі Сумкинге тапсырды. Жәңгір бұған риза болмай, Сумкин Исатайға тартатын дос адам деп шағым түсірді.

10 тамызда атаман Покатилов төменгі дистанцияның бастығына қандай тәсілмен болса да Тайманұлы мен

Өтемісұлын ұстауға тәртіп беріп, ақыл-кеңесін қоса айтты. «Ебін тауып олар өз еркімен келетіндей ғып шақырған жөн. Мына мәселені естеріңе мықтап тұтқайсыздар: ұстауға қолайлы жағдай туып, олар ұсталған күнде де өздерін ақтау құқынан айырылмайды, өздерінің күнәсіз екендерін дәлелдеулеріне толық еркіндік беріледі, ел үкіметтің шақырғанынан жалтарса, өздеріне жабылған кінәнің жала емес, рас екеніне көз жеткізеді. Бұл оларға зиянға шықпаса, мүлде пайда бермейді».

14 тамызда Орынбор әскери губернаторы: Исатай мен Махамбетті шақырып алып, ұстауға еселеп қайтадан жарлық береді де шеп, дистанция бастықтары ордадағы жағдайды өзіне шұғыл хабарлап тұруды міндеттейді.

15 тамызда Жәңгір созбалап ұзартпай, Тайманұлын тез ұстауды талап етеді. Ол үшін – Орал әскері, хан ордасы күзеті, өзінің жасағы бар-бас қосып, күш біріктіруді ұсынады. Осы шамада Төменгі дистанцияның бастығы родмистр Акутин Исатайды кісі жіберіп өзіне шақыртады. Бірақ олар келмейді. Барып қайтқан шабарманның айтуынша Исатайлар 600 қарулы жасағы бар, 1000 қаралы үй екен. Өтемісұлы өзімен сөйлескен шабарманға ауылы да, семьясы да жоқ екенін, кешікпей Жайықтан өтіп кететінін айтады. Осы тұста олар Шеп күзетінің санын сұрастырып білген.

Покатилов губернаторға ашық қарсы келе алмағанмен, әлі де ордадағы жағдайға дұрыс көзқарас қалыптастыру жағында болған сыңайлы. Ол Исатайларды ұстау туралы губернатордың жарлығын жүзеге асырумен шұғылдана отырып, ордада қалыптасқан шын жағдайды басшысының қатеріне берді. 24 тамызда ол Перовскийге «Орданың опыртопыры шықты, халық ханға бағынғысы келмейді» деп жазды.

Покатиловтың ықпалы ма, жоқ әлде кездейсоқтық па, тап осы күндері губернаторға Ішкі Орда Беріш руының қазақтары Төлеу Айжарықұлы, Күзембай Байқозыұлдары атынан екі арыз қатар түсті. Онда: «Жәңгірдің билігіне бағынбаймыз» деп ашық айтылған.

24 тамызда хан Жәңгір Шекара комиссиясына кезекті шағымын жолдап: «Исатай Тайманұлы, оның сыбайласы Махамбет Өтемісұлы және басқаларды тез арада ұстап, қамауға алу туралы наказной атаман генерал-майор Покатиловқа талай айтылып жазылған, бұл жөнінде Орынбор

әскери губер-наторы генерал-адъютант Василий Алексеевич Перовскийдің де арнайы нұсқауы болғаны белгілі. Алты айдан бері олардың бірде бірі ұсталған жоқ. Орал ченеуніктерінің өздеріне тапсырылған істі жалғастырып жатқанын көре алмадым» деп Орал қазақ атамандығының үстінен арыз айтқандай болады.

Котерілісшілердің баяғы петициясы бар, атаман Покатиловтың жағдайды баяндаулы бар, оған жамау жаңа арыздар қоса-қабат түскен соң, губернатор ойланған болса керек, 25 тамызда Покатиловқа, бір парасын Исатайға арнап әжептәуір ұзақ хат жазды:

«Мәртебелі тақсыр, Сіздің 24 тамызда №2164 хабарыңыздан және сол құралпы Ішкі Ордадан көп адамдар бірігіп қол қойып менің атыма келіп түсіп жатқан өтініш хаттардан анық байқалғандай, ханға разы еместер, өздерінше жеке топ құрып, араларынан Исатай Тайманұлын басшы етіп сайлап алған. Осыған орай, мархабатты тақсыр, сізден ең алдымен өтінерім: шабарман арқылы арызға /старшын Тайманұлы, Иманбай Қалдыбайұлы, Үсе Төлегенұлы және Бөгете Бекмәмбетұлы шағымдарын айтады/ қоса, оларға берілген жауапты жібе-ріңіз/ көтерілісшілерге!/. Сосын арада екі күн өткен соң, жаңағы жерге қарулы отряд ертпей жеке өзіңіз баруды өтінем. Тайманұлына, оның серіктеріне, бұйрыққа құлақ аспай өз бетіне қисаюдың қолайсыз болатынын түсіндіру, менің жазбаша берген ресми жарлығыма бойұсынып тараулары керегіне, сондай-ақ кешікпей өтініштерін қарауға бұйрығым болатынына олардың көздерін жеткізіп, сендіре білген абзал. Тайман-ұлының өзіне тікелей хабарлап, жұрттан бұрын маған өзі келіп түсінік беруі керектігін, оған көнбеген жағдайда менің күш қолдануға мәжбүр болатынымды және оған жіберсе өзін еш нәрсемен ақтай алмай жаза тартатынын ашып айтыңыз, мархабатты тақсыр, аталмыш қосынның басты жетекшісіне олар өз күштерімен ойлаған мақсаттарына жете алмайтынын, сондықтан, әмірші адамға қарсы келудің ақылға шетіндігін, құлақ аспағандықтан мәміле табар-лықтай барлық істердің басы бытырап бұзылатынын ұғындырыңыз. Ал керісінше бойұсынған жағдайда, тіпті ақырында тілектері мүмкіндігінше орындалмай қалмайтынына оларды көміл сендіруге Сіздің қабілетіңіз жетеді деп үміттенем.

Егер бұл шара өсер етпейтін болса, онда мархабатты тақсыр, Сізден қарулы отряд жасақтауды, сол арқылы әлгі топты ыдыратып, жетекшілерін ұстап алуды сұраймын. Сіздің ақылыңыз бен басқарушылық қабілетіңізге толық үміт арта отырып, басы артық ақыл қосуды орынсыз деп білемін. Мұндай жағдайда қару тек шектен шыққан жағдайда қолданылғаны жөн, онда да мүмкіндігінше шектеулі дәрежеде. Семьясымен мал-жаны киіз үйімен құралған топ, әлбетте, қарулы отрядпен ұстаса алмайды...»

Бұдан кейін губернатор Тайманұлы, Төлегенұлы, Қалдыбайұлы және Бекмәмбетұлдарына өсиет-пікірін айтады.

Бұл хатты Исатайларға кімнің жеткізігені анық емес. Покатилов 5 қыркүйекте губернаторға жолдаған жауабында: Исатайлар өздерінен үш күндік жерде екенін, губернатор ағзамның хатын қызу талқылап, ақыры Исатай адамдарын таратқанын хабарлайды».

«Исатайдың өзі сізге барып қалмақ» деп губернаторды сендірді.

Исатай мен оның жақын серіктері сырт көзден жасырғанмен, хан орданы қашан шабатындарын күн ілгері жоспарласа керек. Ең қолайлы кезең-жайлаудан қыстауға құлайтын мезгіл. Одан ерте қимылдау да, кеш қимылдау да қауіпті еді. Ерте қимылдаса, әскер шығуы ғажап емес. Кеш қимыл-даса, елдің қыстауға қарай жөнкіліп, тарап кетуі мүмкін. Ал, жаман айтпай, жақсы жоқ-ел арасы дүрлігердей болса, Жайықтың мұзы ат көтерердей қатып тұрғаны да дұрыс. Осыны есептей келіп, көтеріліс қолбасшылары хан Орданы қамауды кара күзге қолайлады. Соған дейін әскер шығар-маудың айла-шарғысын істеп бақты. Ал, Махамбет болса, атқа қонған қосынның аблыққан көңілін суытпай, жігерін жанып, қайратын қайраумен болды. Махамбеттің «Жорық», «Жұмыр қылыш» күйлері осы кезде көп тартылса керек. Махамбет онымен де шектелмей көтерілісшілердің әнұранын жазды. Әнұран деген — алдарына қойған мақсаттарына адалдыққа берген серт деген сөзі. Махамбеттің «Еруіл атқа ер салмайы әнұран орнына жүрген серт толғау. Мұны ақын өлендерінің шырқау шыңы десе де болғандай. Өрлікке, жанкештілікке, төзімділікке шақырған «Ереуіл атқан ер салмай» қарулы жасақтардың

жанын баурып алды. Ақын көздеген мақсатқа жету үшін небір қиындықтың бәріне дайын болуға, күнделікті күйбің тірліктің алдамшы қызығына бой алдырмай, ұлы мақсатқа сақадай сай болуға үндеді.

РОТМИСТР АКУТИННИҢ НАРЫНҒА САПАРЫ

Орынбор губернаторына әне-міне барам деген Исатайдан жуық арада хабар болмайды. Атаман Покатиллов мазасыздана бастайды. Ол 150 казак-орыс отрядымен Глинянск бекінісіне келіп, И.Е.Акутинді Исатайға жұмсауға мәжбүр болады. Ол Исатай ауылына жүзге жуық қарулы отрядпен барады. Исатаймен жолыққанда, ол губернатордың жарлығын естігенін, өзі де барғысы кеп отырғанын айтады. Акутин: «Ендеше, не тұрыс бар, ал, жүрелік! — дегенде, «Ауылдosta-рыммен ақылдасып, кеңесуім керек», — сынды сылтау айтады. Акутиннің өзін алып кетуге тас бекініп, қадалғанын сезген батыр: аяқ-қолымды матап, зорлап апармасаң, өз аяғыммен бармаймын дейді. Акутин: ендеше мен де осы жерден кетпеймін дейді. Ақыры, Исатай келісіп, бірге ілесіп жүреді.

Ауылдан 40 шақырым ұзап шыққан соң казак-орыстардың өзінің айналасына шоғырлана бастағанын байқайды да әп-сәтте олардың арасынан сытылып шығып, өзін шығарып саламыз деп әскери отрядтан қалмай келе жатқан серіктерінің арасына батып жоғалады. Басшылары араларына қайтып қосылған 40 жігіт бұрылып алып, ауылдарына салады. Акутин мылтық жұмсауға батпайды. Акутин әлгіндегі Исатай ауылы тұрған жерге қайтып барса, ауылдың орны жатыр өзі жоқ. Жөн сілтеушілер: олар Манаш пен Қосдәулет аралығындағы тоғайға көшіп кетті дегенді айтады.

Мұның бәрі Исатайдың тапқырлығы екені айдан-анық. Отрядты ауылдан кетірудің амалы еді. Ақырында өзі де, ауылы да қас пен көздің арасында жым-жылас болды. «Манаш пен Қосдәулет жаққа көшіп кетті» деген де шыли өтірік екенінде дау бар ма?!

Бұл оқиға 11 қыркүйек күні болған еді.

Орыс архив құжаттарына сүйеніп қазақ тарихын зерттеушілер сақ болатын бір жайт бар: жоғарыға рапорт берушілер өздерінің сәтсіздіктері мен жеңілістерін барынша бүркемелеп, жеңістерін үнемі дабырайтып көрсетіп отырған. Исатай тарихы да ол жасандылықтан құр емес Акутин 150 казак қоршап алып келе жатқанда Исатай жалғыз сытылып кетті дегенге кім сенеді. Асылы, «Исатайды шығарып саламыз деп казак-орыс жасағынан қалмаған 40 көтерілісші қапысын тауып бассалып, казак-орыстарды тықсырғанда, батыр олардың қоршауынан босанып шықса керек. Өз атына сөз келмеу үшін Акутин шындықты жасырып қалған.

Исатай тап сол күні, яғни Акутиннен қашып құтылысымен Орынбор әскери губернаторы В.А. Перовскийге хат жолдап, ықтиярсыз байлап апарғандай болып көрінбес үшін Акутиннен сытылып қалғанын; енді өз еркімен жол шығайын десе, Қарауыл Қожаның ел шапқан лаңынан бара алмай жатқанын Ордадағы жағдайдың нақты шындығын білу үшін әділ шенеунік Владимир Дальді тексеруге жіберуді өтінеді.

Бұл кездер қырға қарулы отрядпен шығып Исатайдың ізін індетіп жүрген жалғыз Акутин емес, басқа қарулы топтар да аз емес еді. Акутин сәтсіздігінен үш күннен кейін, яғни 14 қыркүйекте Сумкин адамдары Исатаймен тағы да кез болды. Исатай сылтау айтып бармаған да есаул Сумкиннің атына хат жазып берген. Онда былай делініпті: «Сіз, мар-хабатты мырза, тергеуге қатысты адамдарды Махамбет Өтеміс-ұлын құрметтеушілермен бірге қосып шақырыңыз. Мен сіздің бізге бағыштап айтқан уағзаңызға шәк келтір-меймін. Өзімді борышты сезінем де, әскери заң талаптарына сәйкес, мәртебелі әскери губернаторға шын жүректен қуанышты екенімді білдіремін. Бірақ жұртымыздың ара-сында іріткі тууына байланысты сапарға шығуға лажымыз да, құралымыз да, тәускеліміз бен мүмкіндігіміз де жетпей отыр. Неге десеңіз – есаул Қарауыл қожа Бабажанұлы қарулы қауыммен біздің бірнеше адамымызды тұтқынға алып, кейбіреулерінің мал-мүлкін талап, біразына жаза берді және оның озбырлығы күн санап арта түспесе, бәсеңдер емес.

Біз өткен жылы Орал қаласы бастығына берген шағымымызға орай халқымыз тынышталады, сөйтіп жәбір көрген

жарлы-жақыбайлардың көз жасы құрғайтын болады деп дәмеленген едік. Бірақ бүгінге дейін ешқандай тыныштық болмай отыр, алғаш жіберген тергеушілерден де әділдік таппадық. Ол туралы үстіміздегі 11 қыркүйекте мәртебелі Орынбор әскери губернаторы Перовскийге болған жағдаятты толық баяндап хат жазғанбыз, әрі бұған қоса адал чиновник генерал-полковник Даль басқарған тергеуші бізге келіп, ел ішінде зерттеу жүргізуін сұрағанбыз. Осыған орай Орал казак әскери атаманы генерал-майор Василий Осипович Покатиловқа жоғары дәрежелі мәртебелі бастықтардан жауап алғанша, еркімізде қалдыруды өтініп хат жазып едік. Сондай-ақ Сізден де, мейірімді мырза, жауап келгенше бізге қысым жасамауды сұраймыз. Халқымыз қанша мәрте тоналды, қанша мүлкі талан-таражға түсті, қанша адам таяққа жы-ғылды — бәрін тізіп жазып шығу мүмкін емес. Бізге қожакдаған жоғарыда аты аталған Қарауыл кожа Бабажан-ұлының көрсеткен қорлығынан құтылар күн де туар, оны енді уақыт көрсете жатар, бір нәрсенің ғана айдан анық басы ашық — біздер есемізді жібермей, өш алудан тайынбаймыз».

Жоғары мәдениетті, асқан көргенділікпен, өте сауатты жазылған Исатайдың бұл хаты саяси кемеңгерлікпен де құр емес. Қарулы отрядтар қаптап кетіп еді. Оның соңы — өз басына ғана емес, халыққа қиынға соғуы ғажап еместі. Исатай одан нәтиже шықпайтынын білсе де, губернаторға хат жазып, осы бір тегеуірінді бәсеңдетуді ойлады. Хаттан көрініп отырғандай олар адал чиновник, генерал-полковник Владимир Иванович Дальға иек сүйеулері тегіннен тегін емес-ті. Ол губернатордың жанында дербес істерді атқарушы, Сарай кеңесшісі лауазымы бар, аса беделді адам еді. Ол Орынборда 1833-1840 жылдар жұмыс істеді. Губернатор Перовскийге ықпалды болған. Берқайыр Аманшиннің мәлімдеуінше Махамбет онымен жақсы таныс болған. Ол казак өмірінен бірнеше көркем повесть, өңгімелер жазған жазушы. 1848 жылы басына іс түскенде «пәлелі қағаздарын» ортеп жіберген, соның ішінде Исатай, Махамбеттер туралы деректер бірге кетуі ғажап емес.

Жоғарыдағы хатты шабарман казак-орыстар Сумкинге 16 қыркүйекте жеткізіп беріп, өздерінің Исатаймен кездескенде көрген-білгендерін хабарлайды: «Әуре бол-

мандар, Исатай Орал Шебінің шақырғандарын құлаққа ілгісі жоқ. Ол өзін ұстауға келгендердің қай-қайсысына да оңай берілмейді. Дайындалу үстінде. Жанындағы қарулы тобы мықты. Ол қазақтарға: «егер бізге қарсы 2000 мың орыстың қарулы отряды жіберілер болса, тойтарыс беретін күш дайын дейтін көрінеді-мыс». Әлгі шабармандар Исатай ауылының Шептен 150 шақырым екенін, теңіз жағалауларында қыстаулары барын, Исатай ұран салса, ұша көтерілуге буынып-түйініп дайын отырғанын мәлімдейді.

17 қыркүйекте хорунжий Осипов та Исатаймен жүздеседі. Ол да Нарынды кезіп жүрген көп отрядтың бірі болса керек. Исатай Осиповты екі күн ұстап, үшінші күні босатып жіберген. Губернаторға да, атаман Покатиловқа да бармайтынын айтқан. Осипов Исатайдың жанында 400 қарулы қол барын: хан жасағымен де әскери отрядпен де қақтығысуға тайынбауға белді бекем буып отырғандарын мәлімдейді.

Осипов – Исатаймен бетпе-бет жолығысып, тілдескен ең соңғы орыс адамы.

18 қыркүйекте В.А. Перовскийге жазған хатында Исатай «Бекетай, Жаманқұмда» отырмыз деген.

ҚАРАУЫЛ ҚОЖАМЕН СОҒЫС

Жоғарыда 14 қыркүйекте Исатай: Қарауыл қожа елімді шауып жатқаны себепті, Сумкинге бара алмаймын деп айтқаны сылтау емес, шындық еді. 14 қыркүйек күні Қарауыл қожа Беріш Берназарұлы ауылын шауып 36 түйе, 300 қой, 107 жылқы 52 сиыр алды.

Бұл кезде Қарауыл қожа Райым деген жерде отырған. Исатай хабарды естісімен іле-шала атқа қонады. Мықтап жасанған Қарауыл қожа ауылына жетеді. 300 жігіті және кордон күзетінен астрахан казак-орыстары бар екен қол астында. Қатты ұрыс болып, Исатай жеңіліс табады, 22 адамын тұтқынға алдырып, 20 адамы жаралы боп қайтып оралды.

Исатай Сумкиннің шабармандарымен кездесіп, өзінің бара алмайтынын айтып хат жазып бергені осы күн. Батырдың Қарауыл қожаның ел шапқанын егжей-тегжей баян-

дап, «бір нәрсенің ғана айдан анық басы ашық – біз ешкімге есемізді жібермей, өш алудан тайынбаймыз» деп азу білей сөйлегеніне қарағанда, Сумкиннің шабармандары Исатай сәтсіз жорықтан оралып келіп отырғанда жүздескен сынды.

Исатайдың оңайлықпен есе бермейтін өжеттігіне көзі қанық Қарауыл қожа алғашқы айқаста жеңгенімен арқаны кең салып отыра алмай, Райымды тастап теңіз жағалауындағы қарулы күзеті мықты әскери кордондарға қарай қашқан. Исатай оны 16 қыркүйек күні Кокарьевский және Кульпин кордондарының арасына көшіп қонған жерінен табады. Бұл Исатайдың ханның зорлығымен Мыңтөбеге көшкенге дейінгі 26 жыл жайлаған көзге ыстық кара жұрт, ата қонысы еді. Жер жағдайын жақсы білетін. Таң сәріде Исатай мен Махамбет 260 адаммен ұран салып, шабуылға шықты. Қарауыл қожа ауылы күтініп отыр екен. Айқас ұзаққа созылды. Көтерілісшілер сан жағынан аз болғанмен, батыл қимылдап, есе бермеді. Ақыры олар Қарауыл қожа жасағының шебін бұзып, Қарауыл қожаның ордасына ат қойды. Олар осы шайқаста 550 жылқы, 95 түйе, сандықтан 3000 сом ақша қолға түсірді. Қожаның 50 адамын тұтқынға алып, кейін 30 босатып жіберді. Ал тұтқын ғып алып кеткендерінің арасында елге тізесі батқан 4-5 қожа, Қаракөбен, Көшке Арыстанұлы, Салықбай Ақмырзаұлы сияқты сұмырай старшын мен сұлтандар бар еді. Ел аузында Исатай Қаракөбеге айтты деген сөз бар: «Басыңды шаппай, тобығыңды шауып едім». Қаракөбеннің тобығын шабатыны осы шайқас болса керек.

Қарауыл қожа қой арасына тығылып, қашып құтылды деген әңгіме бар. Қалай құтылса да құтылған Қарауыл қожа артынша тез ес жиып, іргедегі Көкдос әскери кордонының казак-орыстарын алып, 300 адаммен Исатайлардың соңынан түседі. Райым деген жерде оларды қуып жетіп, айқасады. Қан кешкен қатты соғыс басталады. Бірақ Қарауыл қожа тағы да ойсырай жеңіліп, орыс кордонына қашып барып, бас сауғалайды.

Осы шайқас туралы Қарауыл қожа 16 қыркүйекте Показитовқа арыз түсірген. Исатайдың шамасы 200 адаммен шабуыл жасап, мал-мүлкін тонағанын, 100 киіз үйдің бар киізін қалдырмай турағанын, өздерінің қылыпштары да өткір екен, ештеңе қалдырмай үйдегі бүкіл мүлікті алып кетті

деп шағынады. «Екі адам мылтықтан, бір адам қылыштан жараланды. Сойыл соғылмаған бірде-бір жан қалмады» дейді.

Ол келесі күні /17 қыркүйек/ тағы да арыз жөнелтеді. Онда басқа мәліметтер келтіргенін айтып тарихшылар күдік білдіреді. Біздіңше, күдіктенетін дөңеңе жоқ, бірінші арыз Исатайлардың шабуылынан кейін, келесі күнгі екінші арыз Қарауыл қожа Исатайларды қуып барып соғысып, жер болып жеңіліп келгеннен кейін жазылған. Сол шағымда Исатайлар: «200-дей адамды жарақаттап, бір адамды өлтіріп, үш адамды өлімші етті» деп жазады. Сонымен бірге олардың: «мал-мүліктеріңді тонаймыз да, Жайықтың сыртына кетеміз. Сендер түгіл орыстар да бірнеше рет ештеңе істей алмаған» деп көкітіндерін мәлімдейді. Каспий шебінің кордон бастығы жүзбасы Қандалов осы соғыста Қарауыл қожаның төрт адамы өлгенін дәрігерлік тексеруден өткізіп, қуәландырған. Мәселенің шындығы осы соңғы мәліметке саяды.

Бұл хабар — кордон күзеттеріне арқа таңған Қарауыл қожаның бір емес қатарынан екі рет жер боп жеңілгені туралы хабар желдей есіп әп-сәтте-ақ жалпак Нарынды бастан-аяқ аралап шықты да, түндіктерді желпілдетіп, елді елендетіп тастады. Алты ай жаз бойы патша әкімшілігінен қысым көріп, әсіресе соңғы айларда жерлері тарылған көтерілісшілердің бұл жеңіс жігеріне жігер қосты.

Бір емес, екі рет жеңіліс тауып, ызадан құрығын шайнаған Қарауыл қожа енді Исатайға беттеп бара алмай қырын көшіп, шет жайлаған нашарлар мен әлсіздерге өңгір-таяқ ойнатуға кірісті.

19 қыркүйекте Төменгі дистанцияның бастығы Акутин Қарауыл қожаның 50 адаммен Исатайды жақтайтын бір ауылға келіп, мал-мүлкін талап алып, Жетібайұлы деген бі-реуді қарсыласқаны үшін ұрып өлтіргенін, Исатай 100 адам-мен оның ізіне түсіп, иіннен иінге тыққандай ғып қуала-ғанын баян етеді. Көтерілісшілер Қарауыл қожаның жақтас-тарын да күйрете бастайды. 22 қыркүйекте Адай старшыны Нұрман Шонтыұлының 20 жылқысын, 53 қойын алады. Ал 26 қыркүйекте Ысық старшыны Бекей Андақожаұлының 125 бас жылқысын, 8 түйесін, жібек шапандары мен басқа да құнды мүліктерін Қабыланбай, Жапалақтар тартып әкетеді.

Бұл кезде Исатай Айдарлыда отырған.

АТАМАН ПОКАТИЛОВТЫҢ НАРЫНҒА АТТАНЫСЫ

18 қыркүйек 1837 жылы Орынбор әскери губернаторы өзінің бұйрықтары орындалмай, аяқсыз қалып жатқанын айтып, атаман Василий Осипович Покатиловқа реніш білдіреді. «Тайманұлы менің бұйрығымға қашанғы құлақ аспайды» дей келіп, 150 әскермен Нарынға шығып, Иса-тайды көнсе еркімен, көнбесе күштеп алып кел деп тапсырады. Жағдай шиеленіскендей болса, қару қолдануға да рұқсат етті.

Губернатор В.А.Перовский Орал атаманы Покатиловке реніш білдіретін күн — яғни 18 қыркүйекте 1837 жылы, Исатай Тайманұлына өз атынан хат жолдады.

«25 тамызда тікелей маған келіп жолықсын деп өзіне бұйрық жіберіп едім. Онда былай делінген-ді: «Меніңше оны толық қайталап жатудың қажеті шамалы шығар: айтқанға құлақ асып, бағынғың келмейтін болса өзінің айыпты екенінді дәлелдей түсесің. Міне, солай бағынбау — кім-кімге де оңайға түспейді, жазаға тартыласың! Сен менің шапағатты ықыла-сымды малданып, ұшып жетудің орнына, хат жолдаумен ғана шектеліпсің. Сен өзіңнің бізге қарсы әрекеттерің мен құйтырқы істерінді түсінсең, өз жағдайыңды қиындат-қаныңды, тіл алмағаның үшін жауап беруге тиіс екенінді ақылға салып ұғынар едің ғой. Бұл қылығың үшін шара қолданылады. Сен бұдан былай менің қатал бұйрығымға тағы да мойынұсынбай, өз ықтиярыңмен келмейтін болсаң, онда менен ешқандай кешірім күтуші болма! Ондай жолға қайта салынсаң, сені ұстап алып, әскери қарауылға тапсыруға қазірден-ақ бұйрық беріп қойғанымды ескертемін».

Сөйтіп, губернатор 18 қыркүйекте өз қолымен екі қатынас жазып: бірінде Исатайды қорқытып, екіншісінде — оны отряд шығарып ұстауға, көнбеген жағдайда қару қолдануға бұйрық етті. Покатиловке жолдаған осы қатынастың соңында: Есаул Қарауыл қожа Бабажанұлына айрықша көңіл бөлуіңізді, оны қауіп-қатерден сақтауды бөлекше өтінемін» деген.

Бұған дейін Исатаймен көмекшілері арқылы ғана тілдесіп жүрген генерал-майор, атаман Покатилов губернатордың жарлығына құлақ аспауға шамасы келмей көтері-

лісшілерге өзі баруға бекінді. Алдын ала Исатайдың қайда жүргенін білуді тапсырды. Жер-жерде құлақ-көз боп жүрген тыңшылар, барлаушылар, жансыздар Исатайдың Тауасарға көшіп қонғанын, ал өзінің 30 қыркүйек күні 200 адаммен Төменгі Жайық шебі жаққа аттанғанын хабарлайды.

Бұл кезде Исатайдың ат арқасына қонғанына екі жылдың шамасы болған-ды. Жауларымен айқасып есе бермей жүргенімен, не Қарауыл қожаны, не Балқыны орындарынан тайдырып, хан Жәңгірді өз талабының бірде-бірін орындауға ийліктіре алмай қойғанына капалы еді. Оның үстіне қара бұлт қоюланып, ел басына қатер төніп келе жатты. Шама-мен осы кезде бағырдың Жәңгір ханды шабуға ойы кеткен сияқты.

2 қазанда Покатилов Ішкі шептен 150 казак-орыс отрядымен шығады. Олар алдымен шептен 120 шақырым жердегі Шыжым шағылға келеді. Исатайдың қайда екенін сұрағандарында жөн сілтеушілер: ол старшын Жақсықұл Сәтекенұлының ауылында дейді. «Осы жерде ол Исатайды тауып, жолығысады», — дейді қайсыбір зерттеушілер. Бірақ шындығында, атаман Исатаймен кездесе алмаған. Покатилов, 2 қазанда Орынбор әскери губернаторына жолдаған ақпараттында орданы шарлап, Исатай Тайманұлын таба алмағанын ашық айтқан.

Бұдан былайғы деректерден біз Покатиловтың Нарын құмының ортасында Исатай ауылын іздеп салпандап жүргенің көреміз. Ол 3 қазанның түнінде Шыжым шағылдан 40 шақырым жердегі Итүргенге келеді. Исатайды сұраса, батыр Тауасарға көшіп кетті деген. Тауасарға келсе, айнала төңірек қаптаған ауыл, қарақұрым халық екен. Көтерілісшілердің ту тіккен ордасына тап болғанын Покатиловтың іші сезеді. Әлгі мекенге жақындай бергенде найза, қылыш, шоқпармен қаруланған 300 адам олардың алдарынан қарсы шығады. Осы сапарда Покатиловтың жанында болған сұлтандардың мәлімдеуінше: атаманның өңі қашып, казактар жағы қатты абыржыған. Атаманның қару жұмсауға батылы бармайды. Әлгілерге: «Исатайды тастап, ауылдарыңа тараңдар! Исатай-дың азғыруына ермендер, ханды тыңдаңдар!» деп үгіт айтады. Бұған көтерілісшілер: «Хан өңбаған! Қарауыл қожа өз адамдарымен ауыл аралап жүріп, бізді сабайды» деп арыз айтып шуласады. Атаманның «Исатай қайда?» деген сұрағына — ешкім жауап қатпайды.

Покатиловқа қарсы 300 жасақты бастап шыққан Жаппас руының старшыны Сарт Еділұлы еді. 9 қазанда хатталған атаманның іс-қағаздарында «Сарт Еділұлы – Жаппас руынан, өзі сол рудың старшыны, өте ықпалды тұлға» деп көрсетілген.

Покатилов Қуаныш сұлтанның үйіне түсіп, тілдесуге келеді деп, батырға хабар салады. Атаманнан құтылу үшін ел: «Исатай губернаторға бару үшін Төменгі Жайық шебіне кетті» деген жалған қауесет таратады.

Сонымен, Покатилов түк тындыра алмай, Глинянск бекінісіне қайтып оралады да, 12 қазан күні «Исатайды таппадым» деп губернаторға хат жолдайды. Дәл осы күні, яки 12 қазанда Перовский Бөкей ордасында болып жатқан бүліншіліктің мән-жайын егжей-тегжей баяндап, Сыртқы Істер министрлігіне хат жазды да, жағдайды бейбіт жолмен реттеуге тырысып, қолдан келген барлық шараны істеп бактық, енді әскер шығарудан басқа амал жоқ деп мәлім-лейді.

ҰРАН ОТЫ

Атаман Покатиловтың экспедициясы қыр дала өміріне кері әсерін тигізді.

Тауасарға ту тіккен көтерілісшілер шұғыл әрекетке кірісті. Исатай жасағының саны бұл кезде 1000 қаралы қол болады. Қолбасшы жасақты шағын топтарға бөліп, айнала төңірек-тегі өзіне қарсы бай, старшын, сұлтандардың ауылын күйрете бастады. Тіпті, 7 қазан күні Ішкі Орданың сұлтаны Шөке Нұралыханұлы, Жәнібек Бекқалиұлы Тәуке Бөкейханұлы Ішкі шеп бастығы Сумкиннен: Исатай ауылдарымызға ша-буыл жасауы мүмкін деп көмек сұрады. Бұл атаман Пока-тиловтың ордала 150 отрядпен жүрген кезі еді. 7 қазанда Жәңгір Исатайдың Жаманқұмда Шөке Нұралыханұлынан шабуға дайындалып жатқанын хабарлайды. Кеп ұзамай Жәңгір хан атына Шөке Нұралыханұлы, Жәнібек Бек-қалиұлы, Тәуке Бөкейханұлынан мәлімет жетті: «Исатай асқындап күшейіп алды, ауылдарды шауып, мал алу дағдылы ісіне айналды. Ол Глинянск форпосты маңындағы біздің ауылдарды таламақ екен, бірақ біз қам

жасадық» деп рапорт береді. Олардың қам жасадық деп отырғаны Глинянск бекінісі жанындағы Ине, Парбос елді мекендеріне қашып тығылғандары, Сумкиннің Қамыссамар төңірегіндегі олардың ауылдарын қорғауға 15 қарулы адам жіберген еді. Бірақ олар сұлтандарға пана болу үшін емес, көтерілісшілер қимылын бақылау мақсатымен барғандар.

Нарынға Покатилов келіп қайтқаннан кейін, көтерілісшілердің саны шұғыл көбейді. Исатайлар дұшпандарына тізені батыра түсті. Қарсыларды оңдырмай шауып алды, солқылдақтарды қатарларына күшпен қосты. Ашық жау, көнбеген ауылдардың старшындарын Тауасарға әкеліп бұғаулап тастады. Жаманқұмдағы көтерілісшілер арасында бұғау тақсиретін тартқандар арасында Қуаныш, Айдалы сұлтандар болды.

Бұл айтқандарымызды 13 қазанда Төменгі дистанция бастығы Акутиннің /ол бұл жайларды старшын әрі депутат Сарықұл Жайлауұлынан білген/ мәліметі нақтылай түседі: «Тайманұлы Ішкі Шеп жақта жүрген сұлтандар Тәуке Бөкейханұлы мен Медетті /Шокин/ ұстап әкелу үшін, 100 адамдық арнайы отряд құрды. Ал 60 адамды Барман шағылында отырған старшын Жақанға Тана руы/ жіберді. Егер де олар өз еріктерімен келмесе, мал-мүліктерін тартып алуға нұсқау берілді». Бұған қоса ротмистр Акутин: Исатай қосының бірнеше бөлікке бөлініп, орданың барлық бағытына аттанғанын, олардың малын алып, мүлкін тонап, әлгілерді өзіне қосылуға мәжбір етудің арқасында көтерілісшілердің саны 1100 жеткенін хабарлайды. Исатайдың Жайықтың сыртына кету ниеті барын да айтады. Көтерілісшілер осы шамада Тана, Алаша руларын шауып 800-ге жуық жылқы алған.

Нарын құмына жорықтан сәтсіз оралып, абыройына нұсқан келген Покатилов 150 казак-орыстан отряд құрып, Ішкі /Орал/ шепті оқ-дәрімен жабдықтауға бұйрық берді. Және де 600 адамдық әскери топ құрылып, осы Шепке көмекке барды. Ол сойқанның үлкені осы тарапты болатынын іші сезді. Ал Акутинның мына хабарынан кейін, Төменгі Жайық шебі әскери жағдайда деп жариялады. Исатайды Жайық сыртына өткізбеу үшін бекініс күзеттерінен бөлек 2,3,4 полктар құрылды. Тіпті, балық аулау кәсібіндегі 60 казак-орысты да қаруландырды. Разьездер, постылар, селендер аралығына жылжымалы күзет қойыл-

ды. Сүйтіп, әскери шептер қорғанысқа, қажет жағдайда шабуылға да дайын болды.

14 қазанда көтерілісшілердің бір тобы Қайыршақтыда отырған Тоғым Шығайұлы сұлтанның 380 жылқысын айдап кетті.

15 қазанда Исатай мен Бекмағамбет Өтемісұлы бастаған қол Балқының Теректідегі (Ішкі шептен 200 шақырым) қыстауын шапты. Сол жерді көтерілісшілердің уақытша орталығына айналдырды. Сумкин барлау мақсатымен ордада жүрген топограф Скрябинге ұсақ-түйекті айтып хат жазып, казак-орыс Гирей Утяповты құмға жібереді. Ол Исатай ауылына келеді. Исатай оны тұтқынға алады. Бірақ Утяпов Скрябинді іздеп жүргенін айтқан соң, босатып жібереді. Утяповтың 20 қазанда хабарлауынша: Исатай хан Ордасынан 60-70 шақырым жердегі Балқының Теректі қыстауы мен Қандағаш тоғайында 1000 адамымен жүр. Исатай осы жерде қазанның 21-22 дейін болды. Себебі ротмистр Акутин 21 қазанда Исатай Кулагин бекінісіне қарама-қарсы Теректі құмының тоғайында деп, оның шептен үш-ақ күндік жол екенін хабарлады.

Ал бұл кезде Қабыланбай Қалдыбайұлы бастаған жасақ Қамыс-самардың маңын қиқуға толтырып у-шу ғып жүрген. Ол жанында өзіне қарасты 60 серігі және Қызылқұрт Жәдігердің жасағы бар Тәуке Нұралыханұлы, Төке Бөкейханұлы, жүзбасы Медетғали Шөкісұлтанұлы (Медет Шөкин), Көшекқали Шығайсұлтанұлдары ауылдарының шаңын аспаннан қақты. Сұлтаннар 17 қазанда Жәңгірге жолдаған хатында Сумкиннен қайыр болмады деп шағынады.

Исатай енді көтерілісшілерінің бетін хан Ордасына қарай бағыттады.

ПАТША ӘКІМШІЛІГІНІҢ АСТЫРТЫН ШАРАЛАРЫ

Патша әкімшілігі бұл кезде не шара қолданып жатыр еді? Енді соны бажайлайық.

17 қазанда Орынбор әскери губернаторы В. А. Перовский Исатайға қарсы күресті ұйымдастырушы және осы іске

бөлінген әскери күштердің басшысы етіп губернатор кеңсесінде аса маңызды мәселелермен шұғылданатын бөлімнің жауапты қызметкері подполковник Геке Карл Карловичті тағайындады. Ол өзі нәсілі жағынан орысқа сіңіскен неміс болса керек. Замандастары оны аса іскер, батыл адам деп мінездеген.

Іс басына ресми түрде тағайындалған Геке Орынбордан жөпелдім аттанып, 22 қазанда Оралға келіп екі күн аялдады. Ол бекер аялдаған жоқ, Орал казак-орыс атаманы Показиловпен көтерілісшілерге қарсы күреске әзірленген әскерлердің саны, дайындығы және жорықтың әзірленіп қойған жоспарымен егжей-тегжей танысты. Жоспар төмендегідей еді: Исатайларды екі бүйірден шабуылдап, қыспаққа алу. Әскердің негізгі күші Жайық бойындағы Зеленный, Кулагино бекіністеріне шоғырландырылғанды. Онда 400 адамдық екі полк тұр еді. Солар 31 қазанда Кулагиннен шығып Исатайдың орласы орналасқан Теректіге бет алуға тиіс. Екі полк екі жолмен жүреді. Олардың командирі подполковник Меркульев. Ал үшінші колонна Горск (қазіргі Индер маңында) бекінісінен аттанады. 4–5 қарашада олар Теректідегі Исатай ауылдарын қоршайды. Исатайдың үйішін танитын адамдарды Орладан тез шақырту керек деп шешіледі.

Гекеге әскер саны аз көрінді де, Астрахань губернаторынан зеңбірек сұратты. Тағы да 150 казак-орыс отрядын жасақтап, Глинянскі мен Калмыков аралығынан Ішкі шепке жөнелтті. Содан кейін Уральскіден Гурьевке дейінгі елді мекендердегі казак-орыстарды аяғынан тік тұрғызып, жаугершілікке атсалысуға міндеттеді. Сондай-ақ Исатайлар Жайықтан өтіп, қашқандай болса, қарсы шара қолдану керектігін айтып, Орынборға ат шаптырды. 3 қарашада Кіші Жүздің Батыс бөлімін билеуші сұлтан Баймағанбет Айшуақұлына Исатайды Жайықтан өткізбеу шараларын қолдануға бұйрық берілді. Ол өзінің жеке жасағы және есаул Сакуновтың 200 казак-орыс отрядымен Жайықтың Бұхар бетін торуылдауға аттанды. Сүйтіп көтерілісшілердің алтын бесігі жалпақ Нарын жан-жағынан мықтап қоршауға алынды.

Подполковник Геке 24 қазанда көтерілісшілерге Орал тарапынан ең жақын Ішкі шептің орталығы Глинянскіге жүріп кетті.

КӨТЕРІЛІСТІҢ ШЫРҚАУЫ ✓

Қазан айында көтерілісшілер шабуылды үдете түсті. Олар Ішкі Ордадағы қарсы топты біржола бас көтерместей қып талқандау мақсатын қойды.

9 қазанда Кокарьевск кордоны жанында 5 шақырым жерде хан жақтаушы Қарауыл қожа ауылдарының соңғы сілем-деріне күйрете соққы берді. Адам әлімі болды.

10 қазанда жеке-жеке жасақтар бір уақытта Есентемір, Адай, Тама, Кердері руларының ауылын шабуылдап, қасқыр тиген қойдай бөксерді. Осы ауылдардың біреуінің старшыны 33 адамы жаралы болғанын өлім еткен.

Көтерілісшілер қазанның екінші жартысында жан-жақтан Жасқұсқа қарай құйылды. Жасқұс хан жайлауы еді. Жас-құстың сыртқы жиегінде Көшетір Мойнақұлы; Мүсіреп Айдаболұлы, Қонажан Сапақұлы, Жұбаныш Айдаболұлы сияқты ханмен аяқ-табағы аралас билердің қоныстары бар еді. Көтерілісшілер әуелі соларды талқандады. Өлгі билер Жасқұсқа қашып барып, ханның қолтығына тығылды. Ал Шотқара Нұралыұлы Дүйсе құмындағы ауылы таланған соң, баласы Ақжан сұлтанмен бірге жаяу-жалпылап Таловкаға шұбырды.

Жасында әскери оқуды да оқыған, жас та болса бас, полковник Жәңгір хан қайсар да еді. Сыбайластары, өзі арқа таңған төре тұқымдары Исатайдың дақпыртына шыдамай орыс қамалдарын сағалап қашып жатқанда, Жасқұстағы жайлауда Қандыағаштан табжылмады. Ол 17 қазаннан бастап қол жиып, қорғануға әзірленді. Қырқаяқтай тырағайлап қашқан сұлтандар бірі қалмай түгелдей Хан Ордаға қайтсын деп қатаң тәртіп берді.

Өзін қорғайтын 121 казак-орыс әскері, жақтаушыларынан құрылған жасағы бар Жәңгір Исатайдың әуселесін байқайын дегендей еді. Архив деректері Исатай мен Жәңгірдің Жасқұстағы жүздесуі туралы ештеңе айтпағанмен, ел жадында осы оқиғалардың сәулесі сақталған. Хан жанына 121 казак-орысты қоспағанда, қазақтардан 400 қол жиналады. Хан баяғы ата-баба дәстүріне бағып: ауылды шаппасын, тұрысатын жерін айтсын деп Исатайға хабар салады. Хан бір ескі қорғанның орнын көздеді деседі. Онысы қорған емес, қорғануға ыңғайлы жер болуы да ықтимал.

Бұл соғыста шайқасқа ханның 121 казак-орыс күзетін бастап шыққан жүзбасы Наум Петрович Дяглов болса, Шеркеш руынан жиналғандарды сұлтан Меңдігерей Бөкейұлы (Жөңгірдің туған інісі), Алашаны - би Алтай Досмухамбетұлы, Кетені - сұлтан Тоғым Сығайұлы (Сығайдың баласы), Ысықты - Тәуке Бөкейұлы, Байбақтыны - Шөке Нұралыханұлы, Жаппасты - Шыңғыс Абылайұлы, Жетірудың біріккен жасағын - С. Хансұлтанұлы бастап шығады. Жөңгір казак-орыс күзетінің арасында болады да, біріккен казак жасағына Қарауыл қожа басшылық етеді.

Жасақшылар өуелі алыстан атысады. Сосын мергендер сайысады, Исатайдың сарбаздары ат ойнатып, сұлтан-қожаларды жекпе-жекке шақырады деген де әңгіме бар. Тарихшы И. Кежеліұлының айтуынша екі жақтан да недәуір шығын болғанға ұқсайды.

И. И. Ивановтың «Естеліктер» атты жазбасында да:

*Қосауызым қолыма алдым,
Ханды атам деп ойладым...
Қолымдағы мылтығым тарс еткенде,
Қарс етті...
Ханның артындағы жазықсыз біреу құлады,
Әдіре қалғыр қосауыз неден ғана қырсықты,
Ханға тимей құр шықты...—*

деген Исатай аузынан айтылатын өлен жолдар да аталмыш әңгіменің шындығын қуаттайды.

Ығылман Шерекұлы осы тұсты меңзегені ме, өйтеуір Орда төңірегіндегі бір шайқасты суреттегенде:

*Екі мың кісі қол болып,
Бұлардың қолы мол болып,
Қазақ пен орыс аралас
Ордадан бері құйылған,—*

деп Жөңгірдің казак, орыс аралас әскерінің Исатайларға қарсы Орда жақтан Жасқұсқа құйылғанын айтады. Ығылман ханның 2000 қолы болды, ал Исатайлардың күші олардан да басым еді дейді. «Қазақ пен орыс аралас» дегенде, жүзбасы Дягловтың казак-орыс отряды мен сұлтандар, билер бастаған хан жасақтарын айтады. Ал «Ордадан бері құйылғанда» тек Жасқұсқа ғана құйылатын.

Енді дастанның осы соғысты суреттеген тұсын түгел куәге тарталық:

*Қанды майдан далада,
Хан әскері кез келді.
Кешікпеді тез келді,
Тұрысар деп қай жерден:
Елшімен хабар сөз келді.
Жер берігін табам деп,
Қамалдың орнын көздеді.
Қамалдан майдан шеп құрды,
Жеңдірмеске еп құрды.
Екі әскер кездесіп,
Өшіккен жаумен кездесіп,
Араласпай тек тұрды.
Көрген соң төзіп тұра алмай,
Алыстап жаулар атысты,
Қызыл қанға батысты,
Қазалы оққа ұшырап,
Адам мен ат ұшты.
Жекелеп шауып майданға,
Көңілді ерлер қатысты.
Ерлерді шапқан атам деп,
Жаяулап мерген жатысты.
Атқыш ерлер белсеніп,
Жайыменен тартты садақты,
Балдағын жерден қадапты,
Қазалы жанды түсіріп,
Ат сауырынан қан ақты.
Соғысты жаулар жасанған,
Қарсыласа бас алған.
Ту ұстаған Исатай
Орнынан қадам аударып,
Ер емес, сірә, саса алған.*

Міне, осындай ертедегі жекпе-жекке ұқсас шайқас болған Жасқұста. Әлдеқандай тығыз шаруамен басқа жақта жүрген Махамбет Жасқұс шайқасына кешеуілдеп жеткен. Ығылман бұл жайды былай өліптейді:

*Кейінде қалған Махамбет,
Көкірегі демігіп,
Бойына сіңген қашаннан,*

✓

Демікпесі түзеліп,
Торда қалған сұңқардай,
Соғысқа батыр бусанған.
Мінгені Бәйгетарлан-ды.
Кейінде қалып арман-ды.
Қашырмай жауды тұрғанға
Қатты жаман арланды.
- Бүгінге дейін тұрдырып,
Осынша қолды қырдырып,
Тұрғандарың, ерлер қалай? - деп,
Келе батыр зарланды.
Бәйгетарлан астында,
Жалғыз айыл төсінде -
Ата аруағын қоздырып,
Айырылды батыр есінен.
Тұра алмады дәт тұрып,
Кездескен соң өшімен.
«Ағатайлап» лап қойды,
Айбынсын енді несінен?!
Баспа шекпен үстінде,
Бәйгетарлан астында,
Тап сол жылы Махамбет
Отыз тоғыз жасында.
Есенгүл Үбі, Таңатар,
Есенгелді, Құсқара,
Есенаман, Шешекей,
Балуан Тәни қасында.
Алман, Тоғай, Ерсары,
Қожахмет, Қалдыбай,
Әскердің түсті алдына-ай!
Қамалға барып соқтығып,
Ойранды жауға салды-ай.
Жаяуменен жаншылып,
Ат астында қалдың-ай.
Қашуға қарап бет алды,
Тұра алмай төзіп хандық-ай.
Найзамен көрсең түсір деп,
Сол әскердің бастығы,
Қарауылдай итіңді-ай.
Әлі де болса ерлердің
Аруағы басым-ды,
Қастасқан дұшпан қаңғыды-ай.

Жасқұс шайқасын Ығылман осылай суреттеген. Қолда басқа деректер болмаған соң, әлен-пәлен деп тәптіштеуге негіз жоқ. Исатай көтерілісінің аумағына сыйымды оқиғалар.

Жасқұс шайқасынан кейін Жәңгір хан Ордаға қашып-тығылуға мәжбүр болды. Көтерілісшілер Жасқұстан шығып хандықтың астанасына бет алды. Ордадан 40 шақырым жерде 24 қазан күні, Беріш, Байбақты, Қызылқұрт, Алаша, Жаппас, Ысақ руларының 17 старшынның мәжілісі болды. Мәжілістің талқылаған мәселесі: қайтеміз Орданы шабамыз ба, әлде хан талабымызды қанағаттандырса, қан төкпей тарқасамызба? Старшындардың көпшілігі қан төкпей, хан қанағат берсе, егесті мәмілемен бейбіт шешу жағын қолдады. Бұған көнбеген Махамбет. Ол жиналған жасақтың жігерін күм қылмай Орданы шап деп белсенді.

17 старшынның мәжілісінде болған таласты көтерілісшілермен жансыз боп бірге еріп жүрген Балқының інісі Егіз Бөгеті деген атқосшысы арқылы Жәңгірге сол күні-ақ хабар етті.

24 қазанда есаул Сумкиннің жансыздары казак-орыс Гирей Утяпов пен Дмитрий Юлаев хан Ордадан 40 шақырым жерде Исатайды 1500 адаммен көргенін хабарлайды. Исатайдың өзі ханға қарсы ноғай-казак Шомбалды үгіттеуге кетіпті. Исатайлар ханға кісі салып, хан келісімге келсе келгені, келмесе: Орданы шабатынын мәлімдейді. Сумкин жансыздары старшындардың кеңесі болып, Исатай қолы бөгеліп тұрғанда жолыққан. Сол саябырды пайдаланып, Исатай Шомбалға жолығуға барған. Бірақ Шомбал үйінде жоқ еді, ол өзінің жасағын ілестіріп Ордаға, ханға болысуға кеткен-ді.

26 қазанда Исатай Хан Орданың іргесіне 8 шақырым жерге келеді. Хан Орданың жан-жағын қада-тақтайлармен бекітіп, ор қазып, беріспеуге бекінген екен. Зерттеушілер Орданың маңында да ұсақ-түйек қақтығысулар болды деседі. Ондай болуы әбден заңды. Бірақ бел шешіскен үлкен шайқас болмағаны анық. Хан Ордасы 27 қазанда қоршауға алынды деген рас. Бұл күн олар 4-5 шақырым жерге келіп, қостарын тігіп Орданы қоршай бастады.

ХАН ОРДАДАҒЫ ХАЛ

Қоршауда тұрған Ордада не хал, қоршаудағы елде не береке болды дейсін. Жағдайлары дұшпанынның басына берместей еді. Қорқып үріккенмен, қарап отырмай әрекет жасап жатты.

Оны айтпас бұрын Ішкі немесе Бөкей Ордасының орталығы Орда қаласы туралы мәлімет бере кетелік. Орысша оқып, өз тұсының таңдаулы ақсүйектерінің балаларындай еуропалық деңгейде жан-жақты білім алған Жәңгір хан тағына отырғанда, өз хандығын мәдениетті қауымға жақындатам деп құлшына кірісіп еді. «Үяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп ол Астрахан губернаторының сарайында көргендерін, яғни зиялы-арестократиялық үрдісті өзінен бастап, алдымен өз тұрмысына енгізбек болды. Оның бұл құлшынысы Шекара комиссиясының төрағасы Генстен қолдау тапты. Олар бірлесе отырып Ішкі Орданы «үлгілі хандыққа» айналдыру жоспарын жасады. Оның басты тармақтарының бірі көшпенді халықты отырықшылыққа бейімдеу еді. Ал ол үшін ең алдымен хандықтың әкімшілік орталығын отырықшыландырып, қала салу керек-ті. Сүйгіп, Орда қаласының жобасы өмірге келді.

Жәңгір 1826 жылы І Николай патшаны таққа отырғызу салтанатына барып қайтқан. Сапарынан кейін іле-шала дәрегейіндегі жұртына Жасқұсқа қала салатынын мәлімдеді. Жәңгір Петербургке жай бармай: «үлгілі хандықтың» жобасын да хатқа сызып ала барған. Патша өз тарапынан табанда қаражат бөліп (30 мың 102 сом 70 тиын), қалған шығынды Орынбор губернаторлығына жүктеді. Бұған дейін Ішкі Орда өлкесінде қала тұрмақ қора, қыстау салуға қарсы боп, ондайды көрсе бұзып тастап отырған Орал казак-орыс әкімшілігі енді ауыз аша алмай, жым болды. Қала салу туралы хабар алғашқыда көшпенді көңіліне дық салып, секем ұялатқандай болғанмен, кешікпей-ақ орда жұрты қыста жылы, жазда салқын үй тұрғызып, қыстау салудың пайдалы екеніне көздері жете бастады. Ішкі Орданың жер-жерінде қарағай, тас үйлер ірге көтерді. Қарауыл қожа Нарын құмына бір тас үй, бір қарағай үй салды. Балқы Теректіден тас үй көтерді. Ханның отрықшылық жөніндегі саясаты алдымен сұлтан, билерден қолдау тапты да, біртіндеп озге-

лерге де кең тарай бастады. Жоғарыда бір мәліметтен Исатайдың да қыстауы болғанын білеміз. Қысқасы, әу баста елді елендеткен отрықшылық саясатының басқасы жүзеге асын-аспасын, ал үй салу етек алды. 40 жылдың аяғына таман орда халқының 2/3 бөлегі тұрғын үйлерде тұрды.

Хан ордасының астанасы Орда қаласының 1827 жылдан іргетасы қалана бастады. Жәңгір Орда қаласын тезірек жөндем күйге келтіруге жан салды. Исатайлар Орданы қоршап тұрған кезде онда кеңсе, үй-жай боп тұрған 40 қарағай үй бар еді (1846 жылы оның саны 89 жетті). Алдымен салынған ханның өз үйі және оның іргесіндегі «Хан кеңсесі» еді. Бұларды «Хан сарайы» атады, Байтоқ жырау оны «Жүз терезе, қырық есік хан сарайы» деп дәріптеп жырға қосты. Осы «Хан Кеңесінің» темір шілтерлі, темір есікті мемлекеттік банкі де ірге көтерді. «Хан кеңсесінің» жанында ханның казак-орыс командасы тұратын екі ағаш казарма болды. Күзеттің саны 120-127 адамнан асқан жоқ. Исатайлар қоршап жатқан кезде 121 адам еді. Олардың қатарында кіші шенді үш офицер бар еді, командирі жүзбасы Наум Петрович Дяглов деген.

Хан Кеңесі, Хан Сарайынан басталатын көшеде «Хан кеңсесінің» қызметкерлері тұрды. Кеңсе екі бөлімнен: казак бөлімі және жалпы бөлімнен құрылды. Қазак бөлімі орданың ішкі мәселесімен айналысты да, жалпы бөлім - патша әкімшілік орындарымен іс-қағаз қарым-қатынасын басқарды. Бұл бөлімдерді сұлтандар басқарып отырды. Жиі-жиі ауыстыйс болып тұрғандықтан ол бөлімдерді меңгерушісі қай кезде кім болғанын анықтау қиын. Сонымен бірге «Хан Кеңесінің» бас секретарі деген де лауазым болған. Оны: «сер көтіп» деп атаған да, ол қызметті ұзақ жылдар Шынғали Орманұлының інісі Мүшеғали Орманұлы атқарған.

Бұл бөлімдер ханға тікелей бағынған. Сонымен бірге 12 биден сайланған «Хан Кеңесі» болған. Ішкі - сыртқы шаруалар осы кеңесте талқыланып отырған. «Хан Кеңесінің» басшысы - «ұлық сұлтан» атанып, ол қызметті біраз жылдар Шөке Нұралыханұлы - Бөкей мен Сығайдың туған інісі - атқарған. 12 би - он екі ата Байұлының әр руынан сайланғандықтан осылай болған. Ел оларды «Хан Санаты» атады, Хан қисымдардың басқарушыларын тағайындағанда «Хан Кеңесімен» келісіп отырды.

Сондай-ақ хан жанында - «депутат» лауазымы да болған. Олар шекаралық істердегі дау-шарларға, тергеу, соғ істеріне араласатын. Бұл патша әкімшілігі тергеу-орындарының қазақтарды көзсіз жалаулауын шектеу мақсатымен құрылып, оның қазақтарға кәдімгідей селбеу болғаны да рас. Алайда Исатай, Махамбет тұсындағы дау-шарларда хан депутаттары көтерілісшілерді қиянаттан қорғау тұрсын, өздері бас болып жығып беруге жан аямай атсалысты. Бұл он екі би және депутаттардың қайсыбірлері Хан Ордаға үй салдырып, осында біржола орын теуіп орнығып жатса, екіншілері әлі де ел арасынан қол үзе қойған жоқ еді. Дегенмен көпшілігі хан теңірегінде айналшықтап, Хан Ордада шырғалап жүрген.

Сонымен бірге ханның алып кел, шауып кел шұғыл жарлықтарын орындайтын кеңсеге тіркелген 12 старшын да болды. Ел арасының күнделікті көп жұмысын тындыратын солар еді. «Базар сұлтаны» мен базар кеңесінің қызметкерлері де осында жайғасты. Товарды кредитке беру келісімі жазбаша ғана жасалып, мерзімінде қайтарылмаса борыштылардан екі есе мөлшерде артық өндіріліп алып отырды, Бұл даулы жағдай іс-қағаздырды мүқият жүргізіп отыруды әрі әжептәуір жазу-сызуды білетін сауатты адамдарды қажет етті.

Хан Сараймен қанаттас көшеде ханның өзі, сұлтаннар, билер тұрды. Ал негізінен алғанда бұл кезде Орда қаласына орын тепкендер - төрелер болатын. Жәңгір таққа отырған соң, Сырым кезінде ел ішінен аласталып, жан-жаққа жамырап кеткен атасы Нұралының 30 ұл, қырық қызынан орбіген ұрпақтарды жиыстыра бастаған. Олардың біразы әлі Ордаға үй салып үлгермеген. Бұл кезде Ордаға орын тепкені бар, теппегені бар - Жәңгірдің санатында 500 тере (отбасымен), 150 молла, 100 қожа бар еді.

Ордада орыс тілін оқытатын бастауыш мұсылман мектебі болды. Ол Ішкі Бөкей ордасы үшін таңғаларлық іс болудан қалып бара жатырған. Мұндай мектеп ірі-ірі рулық бірлестіктердің бәрінде де ашылған. Бұл кезде Неплюев кадет корпусындағы ордалықтар үшін арнайы бөлінген 10 орынға зерек шәкірттер дайындайтын 30-40 балаға арналған «орыс-қырғыз» училищесінің іргетасы да қаланып, құрылысы басталған. Сондай-ақ татар үлгісімен салынған қарағай

әдемі мешіт те 1838 жылдан жұмыс істей бастаған. Жәңгір ол үшін мүфти, имам, азаншылар ұстады, Ол кезде ел ішінде «указной старшындармен» қатар мүфтидің батиқасын алып, хан бекіткен «указной молдалар» да көп болатын. Олар негізінен бала оқытты.

Жәңгір балаларын тәрбиелеуге үлкен мән берді. Олар үшін орталықтан француз, неміс күтушілерін алдырды. Өз балаларын кадет корпусында, патша сарайы жанындағы паж корпусында оқытты. Осы кезде Орда қаласына алғашқы партофияно, скрипкалар, ноталар, музыка пәнінің мұғалімдері де келді. Дәрігерлік пункт те ашылды. Жәңгір Кавказдың белгілі ағартушысы Қазымбекпен хат жазысып, тарих туралы сирек кітаптарды жиыстырды. Ал оның әйелі Фатима болса, «зиялы қыздар» үйірмесін ашып, сұлтан, би, қожалардың қыздарын бой күту, киім кию, дастарқан жаю, қонақ күту жөнінен тәрбие беріп, әдеп-мораль мәселелеріне баулыды.

Орда Жасқұстың Сайхынға қарай шығатын құм шетіндегі қойнауға салынған еді. Әріректегі «Қопадай» жазығындағы көл-көлшік, өзен маңында жәрменке алаңы болатын. Ол арада да ағаштан салынған құрылыстар аз емес-ті. Сондай-ақ Хан Сарайдың шетінен — Жәңгір қолдан ектірген қарағайлы орман бой көтере бастағанды. Жалпы Нарында бұрыннан-ақ қарағай тұқымдас ағаш өскен. Ел оны қабығының түріне қарап, «қызыл ағаш» атаған. Хан сарайдан екі-үш үйден кейін қала ортасына фонтан орнатылды. Хан, би, қожалар сол арада сруендеуді ұнатқан. Ал қаланың түстігінде, «Хан Кеңсесінің» іргесінен басталатын кен көкорай жазық бар. Оның дәл ортасында жер астынан жылымшылаған бұлақ көзі осы алаңды көгертіп тұруға мольна жетеді. Әлі күнге дейін сол қалпы. Ел жиылған үлкен мәслихаттар, ат шабыс бәйгілер осында өтетін.

ХАН ОРДАНЫ ҚОРШАУ

Сүйтіп дәурен құрған Жәңгір Исатаймен қастасам деп, інге кірген иттей боп ордасына қашып тығылды. Алайда ол Жасқұстағы жеңіліске онша еңсе алдырмай, алғашқы кезде әлі де жігер-қайратын жиып, Орданы қорғауға бекінген. Елді жиып ағаштан қоршау орнатып, ор қаздырды. Сосын

«Арқар» ұранын ұрандап, өзінің қаны бір туыстастарына хат жазып, көмекке шақырды. Осындай бір хатты ол төре тұқымы ішіндегі ерқара батыры Шыңғалиға (Шыман) да жолдап еді. «Аяулы ағам еді: бір кезде байқамай өпірімдік жасап, реңжітіп алсам, кешірсін! Мына қара қазақ басынып, басқа шапты, «сұлтан сүйегін сатпас» деген, қолынан келсе, ақылын айтсын» депті.

Нұралының бұл екі немересінің араздығының сыры мынада еді. Шыңғали Орманұлы 20 жылдары қуғынға ұшырап, Уфаға жер ауды. Кесім жазасын өтеп бітпеген Шыңғалиды Жәңгір хан болған соң, ара түсіп, өз қарамағына алдырған. Шекара комиссиясы оны Жәңгірдің бақылауына жіберген. Шыңғали үмітті ақтамады — Қайыпқалидің азғырғанына еріп, 1829 жылы елді дүрліктірді. Әйтеуір ақыры оң болып, жазаланбады. Содан екеуінің арасына қолөңке түскен-ді. Әйткенмен телі тентек қалың қазақтың арасында отырып, өзінің қандас туыстарына зәру Жәңгір оны сырт теппеді. Хан Ордаға жанына алып, іш тартқан болды. Ол Айыркұмды көптен қыңқылдап сұрап жүр еді. Соны Жәңгір биыл ғана алсаң ал деп, меншігіне берген. Байбақты старшыны Жүніс Жантеліұлы ерін бауырына балып, мөңкіп шыға келді. Қыр көрсетіп, қол жиып, Исатайға барып қосылды. Жәңгір Айыркұмды бұрынғы иесіне қайтаруға мәжбүр болды. Ауызбатыр Шыңғали осы кезде Жәңгірмен тілге келіп, кінәлесіп қалған-ды. Уәдеңді жұттын, қара қазақ баласы алдында — қонған жерімнен көшіріп, беделімді аяқ асты еттің деді. Жәңгір оған Шекара комиссиясының шешімін көлденең тартты. Онда комиссия: Шыңғалидың баяғы кінәларын мойнына салық етіп, «ордада паналап жүргеніне шүкіршілік етсін, көп мал ұстап, жерге таласуына рұқсат жоқ» делінген. Осы тарапта екеуі кәдімгідей «мен-сен» десіп қалысын еді.

Исатай оның ханнан шығысқанын есітіп, астыртын адам салып жүрген. Шыман кет әрі емес көңіл танытты. Шамасы, Исатайлар оны саясат үшін бетке ұстамақ болған. Тіпті, Жәңгір тақтан тайса, хан қоямыз деген де шығар. Бірақ Шыманның хандыққа икемі де, таласы жоқ еді.

Осы жерді — Жәңгір мен Шыңғалидың (Шыман), Шыңғали мен Исатайдың арасында не болып, не қойғанын белгі-

лі жазушы әрі зерттеуші Берһайыр Аманшин жақсы зерттеп, әдемілеп жазған. Одан артық қылам деу күпіршілік. Сол себепті Берағанның айтқанын түгел келтіруді жөн көрдік.

Бекпембет би арқылы айтқан сәлеміне былқ етпеген соң, Жәңгір оған арнайы хат жазуға мәжбүр болады.

«Төрелердің ішінде ерқара, батыры Шыман (Шыңғали) болыпты. Жәңгір сасқанынан оған мынадай хат жазыпты: «Ақсүйек кандасым, Шыман. Менің жаным қысылды, Исатай шабамын деп қол жиып жатыр. Осы қағазды ала салып кел. Ертең түстен қалма. Одан қалсаң, жанып біткен сүйегімді көресің». Шыман (Шыңғали) қағазды оқып алып, былай дейді: «Ханға сәлем айт. Мен ертең түстен қалмай барармын. Исатай деген, аңқау батыр ғой, айламен алдап тоқтатып қарасын. Орынборға хабар жіберіп, солдат алдырудың қамын қарастырсың. Мен барғанша келе қоймас, келе қойса: «Малым да, барлық мүлкім де сенен аяусыз» деп алдай тұрсын» дейді. Бұл ауызша сәлем. Сонымен бірге хат жазады. Оны Исатай адамдары ұстап, оқысын деп әдейі жазады.

Ол хаттың текісі мынау:

«Кұрметті хан, хатыңды алдым. Қарамағыңда ақсүйек аз еді, қара халық көп еді. Төредегі батыр мен едім, қарадағы батыр Исатай еді. Исатай қозыдай егіз, қояндай жұпты жолдасым еді Исатайға қарсы болғаның маған жөн емес. Қара ұн жеген мәстектей жуан қарын жаман билерді дос еткенше, арыстандай ақырған Исатайды дос етсең болмады ма? Мен ертең барармын. Исатайдың дегенін істеуге дайын тұр. Бір қасық қаныңды сұрап алармын, бұған көнбесең — менен жақсылық күтпе, Исатайдың қасында деп біл».

Әлгі адам Исатайларға соғып, хатты оқытады.

«Бәлем, шұнақ қалмақ ақсүйек тұқымдары қорыққан екен» деп дабыр-дұбыр болысады көтерілісшілер. Сонда Махамбет тұрып: «Төреде бауыр жоқ» деген, бас ұрмақ түгіл, жаулық тартып қатын болам» десе де, қазір барып ханды шаппағанда, өлтірмегенде болмайды. Алдап соғады» деп екі-үш қайырады.

Жиналған аламан жұрт: «Исатай білсін дейді. Исатай: «Шүлдіреген бір уыс ақсүйек төре, қожалар жинала берсін. Кімге өлдері жеткендей екен. Өздеріне өздері келсін, бас-аяқтарын түгендеп қарасын» деп, арқаны кеңге сала бастайды.

Осылай Исатай қол жиып, Шыман да келе қоймай, ханға қорқу кіріп, Қаратөбел арғымағын ерттеп, дос-жарандарымен арыздасып, қашып кетуге қолайланады. Сонда Қарауыл қожа: «Ханның қашқанынан өлгені артық, Шыман да келер, сабыр ет» — деп кідіртеді. Кешікпей қасында бес жолдасы бар Шыман келеді. Шыман: «Қалың қара қазақ ішінде жалғыз атты жолаушыдай аз ғана ақсүйек баласы едік. Исатайды барақ иттей ырылдатпа... батыр деп басқа көтеріп, түбімізге жетейін деп жүр екенсіндер?! Қандарынды ішейін бе? — деп билерге ақырып қояды.— Мен көп сөзді білмеймін. Жылдам патша ағзамға, губернаторға кісі жіберу керек. Қолайлы кім бар деп тұрғанда, біреу келіп: «Исатай қолы кешегі орнынан қозғалмапты. Таң ата Ордаға тимек көрінеді» дейді. Шыман тағы да Исатайға хат жазады:

«Ассалаумағалейкум ардақты батыр Исеке! Мынау өзіңнің асыранды жаман ханың мен билерің саған бір ауыз сөз айтып ашуландырып қойған екен. «Ит құтырса, иесін қабады» деген ғой, сол иттерді неғыласың! Қатын-баласын талақ етіп, бүлініп жатыр. Мен де сыбағаларын берудемін. Бір қасық қандарын сұраймын».

Хатты Исатайға Бекпембет би арқылы жібереді. Және де қашсаң бітті — тағыңнан айырылдың деген сөзбен ханды тоқтатып тастайды. Иә, олай болуы ғажап емес-ті: атасы Нұралы да тап осы кепті киіп еді. Хан кідіріп қалады.

27 қазан күні көтерілісшілер торт-бес шақырым жерге келіп, Орданы қоршауға кіріседі. Исатайға жолықпай қашып кеткен Шомбал би 100 адамымен осы кезде келіп ханға қосылады. Қоршауда тұрған әскери жасақ пен Исатайлар осында ұсақ-түйек қақтығыстар болып жатады. Жасанған қалың қол бұлғтай түнеріп, ала шұбар айшықты туын желбіретіп Ордаға төне түседі, Көтерілісшілердің Орданы қоршауын Махамбеттен асып, кім суреттей алмақ:

*...Ауыр әскер қол ертіп
Жасқұсқа барып кіргенде,
Арыстандай ақырған,
Айбатыма шыдамай,
Хан баласы жылады-ай,
«Жанымды қи» деп сұрады-ай.
Аққоңіл, аңқау жүрекпен*

*Беремін деп мен тұрдым,
Көкбедеуді бауырлап,
Шабамын деп сен тұрдың,
Исатай басшы білсін деп,
Ауыр әскер қол тұрды.*

Орда жел тұрғандай қалтырап, еркектердің үрейі ұшып, катын-қалаш у-шу боп жылап жатты.

Елшілікке шыққан епсек тілді айтулы шешен Бекпембет Исатайдың алдына «батырекелеп» жалп етіп отыра кетіп, қара тілден май ағызды: «Уа, батыр Исеке! Хан артық айтқан сөзім, біреуге таяғым, біреуге тілім тисе, кешсін, шыбын жанымды қисын. Қандай талабы бар екен — айтсын. Ойланып, орындауға 10 күн мүрсат берем» дейді.

Бұл сөз аңқау, сауатсыз, қалың нөпірге өжептәуір әсер еткендей. Оны айтасыз, қайсыбір старшындар да мойындары былқылдап, екі ойлы боп, толқып қалады. Қазанның 24-де Жасқұстан шыға берісте 17 старшынның кеңесі болғанда да хан талабымызды орындаса, бекерге қантөкпейік, пәтауға келейік деушілер аз болмаған еді.

Исатайдың екі ойлы боп қалғанын байқап, Махамбет: бұның ханның қулығы, алдау екенін айтып шыр-пыр болады. Сонда Махамбеттің Исатайға айтқаны:

*Хан баласы қабан-ды,
Қайырылып шапса, жаман-ды.
Хан баласы қара жылан-ды
Қайта айталса, шағар-ды.
Шабар күнің бүгін-ді,
Бүгіннен кейін қиын-ды.*

(1837 ж, қазан)

Көп Исатайдың аузына қарай береді. Сонда Исатай тұрып: «Ей, халық! Мынау Махамбет менің басшылығымға риза емес, жалғыз өзі бүйректен сирақ шығара береді. Неге десеңіз — алдыңымнан соңғым қымбат емес. Арғы түбі мені алдайды ғой. Олай етсе, тағы жақсы. Кінәсін мойнына қоямыз. Өз қазығына өзі оралсын. Он күн ішінде жоқ батырлықты жерден қазар деймісің».

Исатай Махамбеттің сөзіне құлақ аспай, он күн мүрсат береді. Махамбет батырдың бұл шешіміне келіспей, Бәйгетарланды бауырлап, шабуылға аттандап қалың жасақ-

ты үш айналды деседі. «Әй, Махамбет жолдасым» деген Исатайдың ауызымен толғанатын Махамбет жырында «Көкбедеумен бауырлап, шабамын деп сен тұрдың» дегенде осы оқиға суреттелген. Махамбетті Қабыланбай, Үбілер қолдайды. Арғы беттен көмекке келген Махамбеттің досы Науша Қаржаұлы, Қара, Сары озеннен келген Қаратоғай Мәбетұлы батыр да Орданы шабу жағында болады. Осы жерде Махамбет пен Исатай арасында әжесптәуір түсініспеушілік болғандай. Кәдімгідей бүлік басталып кетуге шақ қалған. Науша мен Қаратоғай Исатайға ашуланып, майдан шебін тастап кетіп қалған. Махамбеттің онша мән берілмей жүрген, мән берілсе де жете түсіндірілмеген «Қоштасу» деген жыры бар:

*Маң-маң басқан сары атан,
Маңыстап шығар өріске.
Бұрынғыдай қарыштап,
Қона алмадың қонысқа,
Келе алмадық келіске.
Қапша жылап жалынып,
Айтсам дағы болмадың,
Исеке, болдың еріспе.
Енді жалғыз кетемін,
Саладан-сала өтемін.
Қолыңды бер де аман бол,
Күн болар ма, болмас па
Енді қайтып көріске.*

(1837, қазан)

Махамбет Исатаймен келіспей аттан салғанмен, қолбасшының ыңғайынан шыға алмай, «Исатай басшы білсін деп, ауыр әскер қол тұрды». Бізаға булығып, камырыққан Махамбет ашу үстінде Исатайға қош бол, кетем деген. Махамбет қоршауды тастап кетті ме, кетпеді ме ашып айту қиын. Бірақ, кетсе де көп ұзамай ашуы басылып, қайтып оралған. Исатай кейін жолдасы Махамбеттің тілін алмай, ренжіткенін ашық мойындады:

*Қырық бір жасқа келгенше
Өз дегенім болмаса,*

✓

*Кісінің тілін алмаған,
Кісі ақылы қонбаған —
Қанша айтсаң да болмадым,
Сөзіңе құлақ салмадым.*

Бекпембет Исатай не дегенін, Махамбет не дегенін түгел жеткізеді. «Беке, Исатай қандай адам екен? Батыр ма екен, жоқ, әлде қазан бұзар тентек пе екен» деп сұрағанда, Бекпембет: «Исатай өз дегені болмаса, басқаның сөзін құлағына аса қоймайтын ерегеспе, дегені көк долы жігіт екен. Бір айтқан сөзінен басқаныкі алтын болса да қайтпайды екен. О, шіркін, батыр деп Махамбетті айтсаңшы. Оның дегені болғанда, әлдеқашан бір ұлы сойқан болғандай еді. Ақырып: «Алдап тұр ғой, Исекс!» — деп долданып, атын бауырлап қалың қолды екі-үш айналғанда, төбе құйкам шымырлап, жүрегім тас төбеке шықты» дейді.

Шыман Орынборға мешіттің ахунын шаптырады. Шынында да, Орданы қамау кезінде осындай не осыған ұқсас оқиға болғаны рас.

Қантөгісті қаламаған, хан сөзіне алданған Исатай он күн мүрсат береді. Қалың әскер Орданың маңына аттарынан түсіп, костарын тігуге кіріседі. Исатай жанына Жақияны отырғызып қойып, ханға қоятын талабын жазады.

«Исатайдың талабы:

1/ Би кеңесін өзгерту.

2/ Би, Қисым басқарушыларын орнынан кетіру. Бірінші кезекте Балқы мен Қарауыл кожаны орнынан түсіріп; көтерілісшілерді жақтаушыларды қою. Сүйтіп, билікті рубасыларының қолына беріп, хан әкімшілігін шектеу.

3/ Өздеріне қатысты істі тоқтату.

4/ Қылмысты істерді тексеріп, кесік айтуды орыс сотына емес, халық билерінің қолына беру.

5/ Ханның орыс әкімшілігіне жалтақтай бермеуі. Елді ата-баба жолымен басқару (Бұл дегенің — ұлттық автономияның талаптары еді)».

Бұл петицияға 620 адам қол қойып, мөрлерін басқан. Хатты талқылауға. Жақия көшіріп жазып, қыруар елдің қолын жинауға кем дегенде екі-үш кетті.

Қол қойғандар: Үсе, Қалдыбай, Қожағұл Алаша Жаманқұл Әубәкірұлы, Құдайғұл Алаша Бекбау Тұрлығұлұлы,

Таз Кобек Жәнібекұлы, Қызылқұрт Шошак, Сақау, Күнтуғанұлы т. б. Жиылып келіп Хан Орданы шаппағанға ренжіп, Жайықтың Бұхар бетінен көмекке келген Сарт Ерәліұлы мен батыр Науша Қаржауұлының жасақтары қайтып кетеді.

ГЕКЕНІҢ ДИПЛОМАТИЯСЫ

Подполковник Карл Карпович Геке қазанның 24-де Орал қаласынан шығып, 26-да Глинянскиге жетті. Ол Исатайдың Ордаға бет алғанын осында келіп естіді. Ойы: Кулагин бекінісіне соғып, ондағы әскер тобының қару-жарағын, дайындығын көзімен көріп алып, барағын жеріне бару еді. Енді оған мүрсасы болмады. Кулагиндегі подполковник Меркульев басшылық ететін әскерге 31 қазанда Теректіге аттанып, Исатай ауылын орнынан басып, сонда бола тұруға тәртіп береді. Ал Горскидегі 200 отряд өзі хан Ордасына барып келгенше күте тұруды бұйырады. Перовскийге Исатай Ордаға 12 шақырым жерде деп хабарлап, өзі Ордаға жүруге қамданды. Глинянск мен Орданың арасы 160-180 шақырымдай. Суыт жүріп, бір, бір жарым тәулікте жетуге бекінді.

Геке Оралдан ілестіріп шыққан 20 конвойымен 28 қазанда Глинянскіден аттанады. Сумкин оның қалтасына ұсталуға тиіс көтеріліс басшыларының тізімін салып береді. Олары – Исатай мен Махамбет, Бекмағамбет Өтемісұлы, Үсе, Тінғали, Үбі, Нәдір Қашқынұлы, Қабыланбай, Байбақтыдан – Қосан, Өтеміс, Қызылқұрттан – Шошак Күнтуғанұлы, Алаша – Қалмақби, Жаппас – Сарт Еділұлы т. б. Геке Ордаға қазанның 30 күні жетті. Исатайлар келісім болған соң, шегініп барып Орладан 8 шақырым жерде, шағыл беттен ғана қоршаулап тұр екен.

Геке сол күні губернатор Перовскийге: «Мұндағылар абдырап, қатты сасуда. Әбден мысы құрып, көтерілісшілермен дұрыстап сөйлесуге де батылдары жетпейді» деп жазады да, одан әрі не істеу керекін ойластыра бастайды.

31 қазан күні ол «бүлікшілікті қой да, әскерінді тарат» деп Исатайға хат жазады. Жәңгір әлгіні оқып шығып, бұлай

жазуға болмайды деп, көнбейді. Содан Геке: Орынбор әскери губернаторының бұйрығын табыс ететінін, ешқандай қауіп-қатер жоқтығын айтып, Исатайды Ордаға шақырып хат жазады.

Исатай өзі бармай, 7 старшынды тілдесуге жібереді. Геке олармен ханды қатыстыра отырып сөйлесіп: жарты патша губернатор бұлардың құлқына наразы екенін, егер, Исатайы бар, басқасы бар, елден күшпен тартып алынған малды түгел қайтармаса, ертеңгі күндері қиын болатынын ескертеді. Старшындар жандарынан қорыққанынан: малдарын, жандарын тұтқындап алған соң, Исатайға амалсыз еріп жүргендерін айтады. Исатайдан кетеміз деп уәделерін береді де, былай шығысымен айнып кетеді.

1 қарашада Геке Исатайға қатал да үзілді-кесілді талап қойып, хат жазады. Жәңгір оқып шығып, тағы да қарсы болады. Гекенің бұл қатынас қағаздары дипломатиялық ойын — әскер шыққанша қотерілісшілерді алаңдата тұру амалы еді. Геке Жәңгірдің ақылына құлақ қойып, жәй ғана қатынас түрінде хат жолдайды.

«Старшын Исатай Тайманұлына!»

Ішкі Ордада тыныштық орнатып, әр түрлі адамдардан түсіп жатқан арыз-шағымдарды тексеруге Орынбор әскери губернаторы Ордаға мені жіберді. Губернатор қазақтар арасында жанжал оты тұтанғанына қатты қапалы: тез арада тәртіп пен тыныштық орнауын қалайды. Губернатордың талап етуі бойынша оның бұйрығын тапсыру үшін старшындарыңмен және басқа да басшы адамдарыңмен келіссөз жүргізу үшін сені Ордаға шақырамын. Сіздер мәселенің аса маңызды екенін түсініп, құлақ аспаумен өз жағдайларыңды өздерің қиындатпайды деп, хандарың мен мемлекеттік бастықтардың өздеріңе араша болатынын түсінеді деп ойлаймын.

Подполковник Геке».

Геке сондай-ақ старшындарға да үндеу жазған. Келіссөз жүргізуге келіндер, губернатордың бұйрығын құлақтарыңа жеткізем де, қоя берем деген.

Исатай да жаман дипломат емес-ті. 2 қарашада Гекеге төмендегідей жауап қайтарды:

«Мейірімді мырза, Сіздің 1 қараша күні жолдаған қағазыңызды сол күні алдым, онда мені, төңірегімдегі старшындарды келіссөзге шақырған екенсіз — біз бұл қатынасыңызды оқып, үлкен қуанышқа кенеліп қалдық. Сізбен келіссөз жүргізуді біз де жақтаймыз, өйткені мұны жоғары мәртебелі бастықтың рұқсатымен Сіздің істеген жақсылығыңыз деп білеміз. Әйтсе де біз жоғары дәрежелі Хан Ордасында қаскүнем қара ниет адамдар болуына байланысты онда бара алмаймыз. Олардың бізді бақытсыздыққа душар ететіні не етпейтіні неғайбіл жағдай ғой. Олардан сақтанамыз. Бұған біздің көзімізді жеткізе түсетін бір жай — 31 қазанда тарап кеткен сыбайластарымызды шақырып келуге жіберген 100 кісімізге хан тарапынан шабуыл жасалып, қара ниет қарақшылар 14 кісімізді жарақаттап кетті. Екеуі қазір өлім халінде». Алтауы хабаршарсыз жоғалды. 1 қарашада тағы да 2 адамды жарақаттап, үшеуін тұтқынға алды. Бұл жағдайды ескермей отыра алмаймыз. (Біз хан ордасын тонаған жоқпыз ғой). Ал жалпы тыныштықты қалпына келтіру үшін менің жақтастарым келісім бойынша жоғары дәрежелі ханға өтініш тілегін жолдады».

Хат әдемі жазылып, Исатай таза да айқын етіп қол қойған. Исатай хаттарында бармақ баспаған, өз қолымен әдемі етіп қолтаңбасын қойып отырған. Соның өзінен-ақ Исатайдың сауатты болғаны көрініп тұр. Ал 1836 Ново-Порховинск батағасындағы тергеуде сауатсызбын деуі — жәй әншейін пәледен басқашыру еді.

Исатайдың бұл хатынан бір байқалатыны — хан мен келіссөз басталған соң, өз еркімен болсын, Исатайдың рұқсатымен болсын жасақтың ыдырай бастауы. Қабыланбай кейін қолға түскен кездегі жауабында: Орданы 3500 қолмен қоршадық деген. Қолға түскен батырлардың қасарысып, теріс мәлімет беруі ғажап емес. Алайда Исатай Ордаға 3500-ден кем қолмен бармағаны анық. Исатай адамдарының тарағанын, енді оларды қайта жинауға жұмылып жатқанынан хабар берді. Бұл жай саясат болуы да ғажап емес. Әйткенмен, осы кезде шабылмай қалған дұшпандарын шабуға әмір етіп, жан-жаққа біраз жасақты жұмсап жібергені рас еді. Олар Глинянск бекінісі жанында жүрген Шеке

Нұралыханұлының ауылын шапқан. Ордаға қашқан Шыңғали Орманұлы, Тоғым Сығайұлын шауып 370 жылқы алған. Доста отырған Бекжан, Әлжан сұлтандарды да талапайға ұшыратқан. Сердалы Сейітұлы жасағы Глинянск бекінісінің тап іргесінен Мендігерей Шөкиннің ауылын ойсырата шауып, 30 жылқы, 20 түйе, 315 қой, 10000 ақшасын алған. Сұлтан Жәнібек Бекқалиұлының 250 жылқысын айдап кеткен.

200 жігіт шекаралық кордоннан өтіп, Астраханның Чернояр уезінің маңын аспаннан келтіріп, у-шуға толтырды. Қарақалпақтардан 1000 жылқы, Вегле деген мекеннен 200 жылқы, 83 түйе, қалмақтар мен қандауыр татарларынан 100 жылқы тиіп алды. «Көтеріліске қосылмасандар, ауылдарыңды тыл-типыл қыламыз» деп қарақалпақтарға талап қояды. Жасақшылар жол-жөнекей орыстын Болхунов селенін де ойсырата талқандап кетеді.

Сарыөзен, Қараөзен бойындағы әскери күзетте башқұрт бөлімшесі бар еді. Көтерілісшілер тұтқиылдан тиісіп, оларды да бет-бетіне қуып, таратып жібереді.

Исатай жігіттері ханға қашып барған Шомбал Ниязұлының ауылын шауып, үйін өртеп жібереді.

Сұлтандар малдарын Қараөзен, Сарыөзен маңына жасырып еді. Көтерілісшілер Таловский бекінісі түбінен Медет Шөкинұлының 250 жылқысын, Кенсуат, Жалпақталдан рубасы Жәнібек сұлтанның 426 жылқысын қуып кетеді.

Батыста, Боғда тауының маңында көтерілісшілер 500 кісі боп жүреді. Сүйтіп, хан сөзіне сенген Исатай күшті ыдыратып алған еді.

Жоғарыдағы Исатайдың хатын Гекеге Бекмағамбет Өтемісұлы табыс етеді. Геке хатты оқып, Бекмағамбетке дүрсе қоя береді. Исатаймен енді ешқандай келісім болмайтынын: оны старшын емес, қарақшы деп жариялауға жарлық беретінін (Геке ондай жарлық береді) Исатайға айта баруды бұйырады. Исатай әлгі сөзді айтып барған Бекмағамбетті бұғаулап тастайды.

Бекмағамбет Өтемісұлының тағдыры — ең бір қиын, шытырман тағдыр. Халық оны Өтемісұлдары арасындағы «шіріген жұмыртқа», әуелден ханға сатылған, көтеріліске қастандық еткен адамның бірі деп біледі. Исатай Кенжәліұлы өзінің зерттеулерінде архивтік құжаттарға сүйене оты-

рып, Бекмағамбетті басқаша әліптейді. Ол көтерілісшілердің қатарында болып, әжептәуір белсенділік көрсеткен. Орынбор губернаторына жолдаған рапортта оның есімі Махамбет, Тінғалилермен қатар аталған. Кенжеәліұлы-оны ақыр аяққа дейін көтерілістің қаһармандарының бірі тұрғысында сурстеген. Берқайыр Аманшин: Бекмағамбет хан жақтаушы болды, інілерін әсіресе Қожахметті көтерілісшілерден кетіндер деп үгіттегенде, Қожахмет: «Махамбетті күнде бір көргенім бір тайлы бие» деп бармай қалыпты дейді.

Ал көтерілісшілер мен Хан Ордасы арасында келіссөзге араласып жүрген Бекмағамбетті 2 қараша күні Исатайдың бұғаулап тастағаны не себепті? Гекенің жарамсыз сөзін жеткіздің деп пе? Жоқ, бұл арада беті ашылмаған басқа бір сыр бар сияқты. Қалай дегенмен де Бекмағамбет Исатайларға бір опасыздық жасаған.

Ығылманның «Исатай-Махамбет» дастанында Махамбеттің аузымен айтылған мынандай жолдар бар:

*Бекмағамбет туганым,
Туганым деп сенбеймін.
Ханшың ісін қолдап жүр,
Өлтірем десең маған хош,
Жүрмеңіз менен ұялып.
Осылар бізді алдап жүр,
Қалаға хабар жолдап жүр.*

Дастанның мазмұндауына қарағанда Бекмағамбет Балқымен жең ұшынан жалғасып, Исатайлардың қосынындағы жағдайды жауға білдіріп отырған. Қалай дегенмен де, Бекмағамбет көтерілісшілердің мүддесін сатқандай бір іс істеген. Олай деуімізге тағы бір дәлел: Өтсміс ұлдарының бірде-біріне кешірім бермеген Жәңгір тек осы Бекмағамбетке кешірім беріп, не дүре салдырмай, не сотқа тартпай, Тайсойған құмында ағайын-тумаларының басын қосып тұруына рұқсат еткен.

Бекмағамбет Орданы қамау кезінде, Исатайдан жаза алғаннан кейін, көтерілістен жырылып қалып, қанды қырғын оқиғаларға қатыспады. Бекмағамбеттің моласы Қызылқоғадан 7—9 шақырым жерде.

Ал енді сонымен Жәңгір 10 күн мүрсат сұрап алған келісім, Исатайлардың 620 адам қол қойған талабы немен бітті. Жәңгір талаптың бірде-бірін орындаған жоқ. Бостан бос қырылғалы тұрған халқына жаны ашды ма: Россияның күші басым, арандап текке қырыласындар,— деп қана Исатайларды құлаққағыс етті. Жәңгір орыс әскері дайындап жатқан қанқұйлы жоспарды білді.

ПАТША ӘСКЕРІНІҢ ЖОРЫҒЫ

2 қарашада Геке төменгі дистанцияның бастығы ротмистр Акутинге өзінің шепке оралу жөніндегі алғашқы шешімін өзгертіп, Горскдегі 200 отрядты Хан Ордасына жіберуге қатынас жазып, тәртіп берді. Геке Меркульев отряды туралы хабар естісімен, Исатай кері шегінеді, сол кезде орта жолдан Горск отрядын жолықтырып, іле-шала Теректіге топ ете калам деп ойлады. Қысқасы уақыт ұтпақ болды.

5 қарашада Геке губернаторға жазған хатында Исатай қолын жеңетініне сенім білдірді, бірақ Исатайдың өзі қолға түсуі мүмкін емесін хабарлап, оның басына бәйгі тігу керегін айтты.

Қарашаның алғашқы күндерінен бастап, бекіністерде жасақталып дайын отырған әскерлер қозғалысқа енді. 1 қарашада подполковник Меркульев басшылық ететін Кулагин, Зеленый бекіністерінің екі полкі жолда қосылып, Теректіге бет алды. Оның мақсаты кетерілісшілердің ауылын қамап, Исатайдың үй ішін қолға түсіру еді.

5 қарашада атаман Покатилов Гекенің сұрауымен 50 адам, екі артиллерия женелтті.

Астрахан губернаторы бір зеңбірегі бар 300 казак-орыс отрядын жөпелдем жолға шығарды. Подполковник Алев бастаған қарулы қол суыт жүріп Ордаға таянған еді.

Исатай Меркульев полктарының ауылдарына аттанғанын 5 қарашадан 6 қарашаға қараған түні естіді де, 300 жігітімен жөпелдем атқа қонды. Ел ішіне әскер шығуы елдің берекесін кетірді. Исатай аттанып кетісімен-ақ Орданы қоршаушылар ыдырай бастады.

Меркульев отряды Теректіге 7 қарашада жетіп, іргедегі

Жаманқұмға қарай бет алған Исатай ауылын басып, 40 үйлі қатын, бала-шағаларын түгел тұтқындады. Исатай олардың қолға түскенін Бекболат ауылынан естиді. Исатай ауылына 8 қарашада жетеді. Отряд Жаманқұмның Жиделі деген жерінде демалып жатыр екен. Исатай әскерді қамап алады да, жан-жақтарынан өрт қояды. Түтінді жамылып шабуылға шығады. Полктерді қыспаққа алып аяғын аттатпайды. Меркульев оларды сөзге шақырып, айбар керсетпек болады. Көтерілісшілер: «өзімізге не қылсаң да мейлін, әйел-бала, кемпір-шалға тимендер, босатыңдар» деп талап қояды.

Шабуыл бір сәтке бәсндемей, түтінге тұншығып, камалып жүре алмай қалған Меркульев көтерілісшілердің үй ішін қайтарып, беруге мәжбүр болады.

Гекс губернаторға: Меркульев отряды көтерілісшілердің қысымынан амалсыз әскери шепке қарай шегінуге мәжбүр болды деп рапорт берді. Меркульев 9 қарашада Акбұлақ деген жерден ротмистр Акутинге жазған хабарламасында: «Көтеріліс-шілер үюлі шөпті өртеп, белгі беріп, көп кісі жинап ізімізге түсті. Қудалап, бөлшектеп жібере жаздады» дей келіп, азық-түліктен тапшылық көре бастағанын, Исатайға қарсы шабуылға шығу үшін, тағы да 150 казак-орыс отряды керегін айтты. Осы хабарда өзіне шабуыл жасаған Исатай отрядын 1000 кісі деп көрсетті.

Әрине бұл санға сену қиын. Меркульев өзінің сәтсіздігін Исатай жасағының көптігіне сайғысы келеді. Исатай түтін салып, ел жиды дегенмен, жөпелдемде мұншама қолдың жиыла қоюы қиын. Исатай сол екі әскери полкке шамалас күшпен батыл әрекет еткен де, 40 үйін айырып алған. Бұл 40 үйдің қатарында Махамбет және басқа батырлардың да отбасылары болған.

Кейін көтеріліс жеңіліп, Ордадағы соғыс жағдайын талдаған кезде, Меркульев полктарының сәтсіздікке ұшырауының себебі – оларда зеңбірек болмады делінген. Ал Исатайлар зеңбірек болмаған жерде әскермен тепе-тең шайқасып, көп жағдайда басым түсіп отырған.

Сонымен көтерілісшілердің үй-іштерін қолдарына түсіріп тұрып, айырылып қалған Меркульев Теректіге шегініп, Гекенің келуін тосты.

ТАСТӨБЕ СОҒЫСЫ

Геке Исатайдың Меркульев отрядына қарсы аттанғанын естіп, 440 адаммен (40 казак-орыс, 400 қызак жасағы) 7 қарашада Ордадан шығып өзіне қарай келе жатқан Горск отрядымен кездесуге асықты. Ал ол отряд Горскден 6 қарашада сағат 3⁰⁰ шыққан. Олар Кругловск кордонына соғып, екі зеңбірек алуға тиіс болды.

Геке 10 қарашада Глинянск бекінісіне келіп, 40 казак-орысы мен 400 казак жасағын қаруландырды да, дайындалып жатқан зеңбірекшілер отрядын күтіп тұра алмай Горскге жүріп кетті. Ал зеңбірекшілер 2 зеңбірек сүйретіп, 48 адам болып хорунжий Чурьевтің басшылығымен 11 қарашада ғана аттандырылды. Ал бұл кезде Геке Горск отрядымен ұшырасқан еді. Бірақ зеңбірекшілер әлі жетіспей жатқан. 12 қарашада олар көшпелі құм шатқалға қонады да, әрі жылжуға батылдары бармай, зеңбіректі тоспақ болады. Сол түні барлаушылар Меркульев отряды осы арадан 35 шақырым Мола деген жерде тұрғанын, ал Исатайдың Бекетай мен Жаманқұм аралығында екенін хабарлайды. Сол түні 50 казак-орыс, 100 ноғаймен зеңбірек те жетеді. Геке Меркульев отрядына келіп қосылғанда, анадайдан Исатайлардың жасақтары қарауытып көрініп тұрады.

Геке келіп қосылардың аз-ақ алдында Исатай жасақшылары мен Меркульев отрядының арасында әжептәуір шайқас болыпты. Екі адам біреуі қарыннан, екіншісі кеудесінен қатты жараланған.

Бұл оқиғалардан Исатай жасағының Меркульев отрядын Теректіде шыдатпай, Ішкі шепке қарай қуып тықсырғанын көреміз. Сөйтіп, 13 қарашада Теректіге жиналған әскер саны 1100-ге жетеді (700 казак-орыс, 400 хан жасағы). Ал, жалпы алғанда Урал-Гурьев, Ішкі Өзен шептері бекіністеріндегі күзетті, селендер маңындағы қаруланған казак-орыстар жасағын қоспағанда, тек Исатайлардың ізіне түсушілердің саны 2000-ға жетеді.

Исатай 8 қарашада Меркульевтен бала-шағалары айырылып қалған соң, шиеленістің қиыны осы маңда болатынын біліп, ұран отын жағып, түгін салып елді шақырады. Жан-жаққа ат шаптырады. Бірақ жігіттер ыдырап тарап кеткен еді. Ал қайсыбір сенімді жасақтары Қамыссамар, Бидай дала

жақта жүрген. Ал бұл кезде Исатай жасағының саны 550 адамдай болды. Геке оларды өкшелей қуып, 14 қарашада Жаманқұмға (Теректіден 25 шақырым) келеді.

Келсе, Исатайлар жоқ, Бекетайда деген хабар естиді. Апыл-ғұпыл Бекетайға аттанады, Бұл екі ара 25 шақырым еді. Исатай адамдары шөпке өрт салып, жүріп-тұруды, айналаны көріп-біліп, бақылауды қиындатады. Исатай шолғыншылары жер-жерден қарауыл қарап, әскерді көз жазбай қадағалаумен болады. Геке есаул Еганов бастаған 200 отрядты 6 шақырым ілгері жіберуге мәжбүр болады. Олар 4 жігітті ұстап әкеледі. Олар Исатайдың Тастөбе (кейде Тасоба аталады) көшіп кеткенін айтады. Геке Бекетайға кешкі сағат 6-да жетеді де, түнгі 2-ге дейін әскеріне дамыл береді. Сағат екіде Тастөбеге аттанады. Ол Бекетайдан 25 шақырым еді.

Геке Тастөбеге 15 қарашада таң елең-аланда ілігеді. Исатайлар Қарауыл қожаның қарағай үйінде түнеп шыққан екен. Тастөбеге 4 шақырым қалғанда Гекелердің алдынан шолғыншылар шығады. Геке ілгері ентелей түседі. Кешікпей 500-дей серігінің арасында тұрған Исатайды көреді. Бірнеше адам отрядтың алдынан шығып, ат ойнатып, оқ атады.

Геке соғысқа дайындалады. Зеңбіректен оқ атып 200 адаммен шабуылға шықпақ болады. Соған бұйрық беріп, әмір етіп жатқанда, Исатайлар шабуылға қойып кетеді. Геке тығыш қойған зеңбіректен оқ аттырады. Бірақ оны елең етпеген қайсар ерлер отрядқа қарсы шабады. Шаппа-шап ұрыс басталып кетеді. Ілгері шыққан 200 казак-орыс отрядының бір қанатын күйретіп жібереді. Бұл шайқас туралы: «Атқа жақсы отыратын және найзагер қазақтар солдаттардың қатарын қаусата бастады. Солдаттардың ә дегенше пысы басылып, еңсесі түсіп, қатары сейіле берді. Арамызда абдыраушылық пайда болды. Қысқасы, біз күйреу алдында тұрдық» деп жазды губернаторға берген рапортында Геке.

Жаңағы шайқасқа шыққан 200 казак-орыс қашып, бұлар қуып, қалың шоғыр отрядқа тақай бергенде, қос зеңбірек Исатайларға картеч жаудырады, Көтерілісшілер қарсы беттен қатты соғып, бұршақша жауған қалың оққа тап болады. Батырлар бірінен соң бірі аттан құлай бастайды. Осы қырғын шайқастың қалың ортасында болған Махамбет былай жырлайды.

*Зеңбірек боздап ұшқан соң,
Исатай батыр жөнелді-ау,
Женелмей батыр неғылсын:
Ерсары мен Қалдыбай
Ажал оғы тап келіп,
Екі арыстан тең өлді.*

Зеңбіректің бірінші добы дарымай, екеуі орталарына түсіп, қанды қасап қылған соң, Исатайлар аттың басын кері бұрып қаша жөнеледі. Әскер түгелімен шабуылға лап қояды. Исатайларды 7 шақырым бойы Қосқұлақ (Глин-нянскіден 70 шақырым, Кулагиннен 120 шақырым) деген жерге дейін қуды. Осы шайқаста көтерілісшілерден 60 адам шығын болады. Исатайдың 20 жасар баласы Ақай оққа ұшты. Зерттеушілердің бірі Ақаймен бірге Исатайдың бәйбішесі өлді десе, екіншісі келіні өлді дейді.

Геке Тастөбедегі осы шайқасты баяндай келіп, зеңбірекке қарсы шапқан батырлардың ерлігіне жағасын ұстап қайран қалады. Жүзбасы Чижин осы шайқаста көтерілісшілердің біреуіне найза салғанын, бірақ найзасы сынып қалғанын: өлі өзіне тап бергенде екі рет атқанын, сонда да өлмегенін, өзін хан жасақшылары келіп құтқарғаны туралы естелік қалдырған.

Ал Тастөбе шайқасында өлгені өліп, тірі қалғандары, әсіресе көтеріліс басшылары қолға түспей ұстатпай кетеді.

КӨТЕРІЛІСШІЛЕРДІ ЖАЗАЛАУ

Енді Исатайды қалай да қолға түсіру қамына кіріседі. 17 қарашада ұсталған бір жігіт Исатайдың 20 серігімен үйінде түнегенін айтады.

Исатайлар Жуантөбеде шығар деп жорамалдап 300 казак-орыс, 500 хан жасағымен подполковник Меркульевті жібереді. Бірақ ол дәнеңе бігірмей қайтып оралады.

Исатай із-түссіз жоғалады. Әккі, соғыс өнеріне жетік Геке Исатай Жайықтың арғы бетіне өтуге тырысады, және де Тополинск-Бақсай аралығынан өтеді деп топшылайды. Шынғали Орманұлының барлау мәліметтері де осы ойға итермелейді. Сүйтеді де 20 қарашада Меркульевті 300 казак-орыс, бір зеңбірек, 600 хан жасағымен Бұраөлгеннен Жаман

Шоланды күзетуге жібереді. Ал Орынбордан көмекке келген фельдшер, есаул Истоминді 22 қарашада 79 казак-орыс, 125 хан жасағымен Мыңтөбеге аттандырады. Ал есаул Трофимовқа 75 казак-орыс, 100 жасақ беріп, Тастөбеге келгендерді аңдуды тапсырады. Қарауыл қожа жасағымен көмекке келеді. Ақ Ордадан Шыңғали Орманұлы бастап келген жасаққа ұрымтал жерлерді барлау міндеттеледі. Бұл кездегі Шыңғалидың жауыздығын ел айта алмайды. Жазықсыз жанларды жазалап, адам олтiруден жүзі жанбаған. «Исатайлықпысың, хандықпысың?» деп әңгірлейді екен де, қапелiмде сасқақтап жауап бере алмаса, ойрандауға кіріседі екен. Тiпті, бесiктегі жас нәрестені найза ұшына түйреп елтiргенiн де айтады. «Қашқан жауға қатын ер» деп, үркіп-қорыққан ел басына әңгіртаяк ойнатумен аты шыққан ол зұлым ершоранын.

21 қарашада Меркульев Еркеқұм – Шетеді 10 үйді ұстайды. 65 түйелі теңмен Жайыққа беттеп барады екен. Айдаған әжептәуір малдары болады. Сосын Қосықты деген жерде Сарт Еділұлы ауылын қуып жетіп, 60 үй, 320 түйе, 800 кара мал, 2000 қой, 12 еркек, 70 әйелді қолға түсіреді. Сарт, Өтеміс (Байбақты), Қалдыбай қашып құтылады. Сол шамада Жайыққа ауылын көшіріп бара жатқан Нәдір Қашқынұлы 12 жолдасымен қолға түседі.

22 қарашада ұсталған бір жігіт Гекеге Исатайды көргенін, олардың бұдан 13 жылқы сұрағынын айтады. Ол Исатай қасында Махамбет, Сарт Еділұлы, Қалдыбай бар 40 шақты адам бол, әйел, бала-шағаларымен бірге жүргенін хабарлайды. Сарт Гекеге бармақ болған екен, Махамбет жібермепті.

22 қарашада Истомин Бекайдар құмына келгенде, бес-алты адамды көреді де, барлап білуге жасақтың бес адамын жібереді. Әлгінің төртеуі аныс аңдып, орта жолда кідіріп қалады да, Бейіс Құрманқұлұлы жүргіншілердің жанына жетіп барады. Таңатар Етекбайұлы оны қас-қағымда, найзамен қағып түсіреді. Бейіс тіл тартпай кетеді. Истомин отряды лап қояды. Бір қыр астында Елекен моласы жанында Исатай ауылы көшіп барады екен: Іштерінде 30 шақты еркек бар. Көшкен қос шайқасуға дайын еді. Қаша ұрыс салады. Әйелдер бөлініп бір жаққа, еркектер екінші жаққа қашады. Елекен моласынан 20 шақырым Қарақұдыққа дейін сүргін

атыс бір тоқтамайды. Осы аламан тасыр қуғында батырдың ең жақын жолдасы Қалдыбай Қосаяқұлы оққа ұшады.

Елекен Қарақұдық арасында қуғында Истомин Махамбетке жете жаздайды. Махамбеттің жанында садақты біреу болады. Махамбет қайырыла садақ, мылтық атып келе жатады. Тіпті қоян-қолтық жақындай бергенде, Махамбет ат көпшігін жарып жібереді де, бораған мамықтан түк көрінбей, ақыры көз жаздырып кетеді. Исатай бәрінен оза, құстай ұшып зымырай жөнеледі де, үш жолдасымен қашып құтылады деп жазады Истомин.

Бұл шайқаста Исатайдың 6 адамы өліп, 4 қолға түседі. Өлгендер: старшын Қалдыбай Қосаяқұлы, Ерше Сартұлы, Байназар Аяпұлы, Шоқан Бадайұлы және аты белгісіз екі адам. Қолға түскендер: Таңатар Етекбайұлы, Сапақ Бадайұлы, Шоқан Бабайұлы және старшын Қалдыбай ұлы Жапалақ (ол рапортта көрсетілгендей өлген жоқ, ауыр жараланған еді).

Осы сүргінде Қожахмет санынан оқ тиіп, жараланады. Күн ұзынғы қуғыннан кейін, түнге қарай аттан түсіп дамылдайды. Жаны көзіне көрініп, қатты қиналып жатқан Қожахметтің Махамбет санының қалың етін қылышпен жарып, қорғасынды алады да, жібекпен шандып таңып тастайды. Күн суытып, Қожахметтің жаралы болуы себепті, жүре алмай қаңтарылып, бір жағынан ашығып отырғанда, азық-түлік артқан айғырды жетектеп, 9 жасар Мұса оларды тауып келеді. Мұса-Қожахметтің бірінші әйелінен сүйген тұнғыш ұлы. Ол 9 жасынан бастап көтерілісшілерге ілескен. Қожахмет оны қуғанда, Махамбет ара түсіп бірге алып жүрген екен. Мұса әкелерінің қайда екенін біліп, сүргін кезінде қалып қойған азық-түлік артқан айғырды ұстап алып, түн ішінде жетектеп келген. Оған риза болған Махамбет Мұсаның мандайынан иіскеп: «Қазақтың бірқатар жігіттерінен өзімнің тоңғағым да артық болды-ау» — депті-міс.

Осы қуғын-сүргін кезінде Өтемісұлдарынан Исатайдың жанында болғандар: Махамбет, Қожахмет үй-ішімен (шешесі Қосуан, екі әйелі ұлдары-Мұса, Мерім, Лұқпан, Әлім және ағасы Тоқтамыстың баласы он-екі, он үш жасар Салық) Ысмайыл, Сүлеймен, Хасен. Елекен моласы түбінен Қарақұдыққа дейін 20 шақырым қуғанда, қашқандар

арасында Қожахметтің әйелдері болған. Оның екінші әйелі Сырымның немересінен туған Лұқпан 3 жаста екен де, Әлім сол Тастөбе шайқасының ар жақ, бер жағында дүниеге келген нәресте екен. Қолға түсетін болған соң шешесі оны бесігімен бір тасаға лақтырып кеткен. Нәрестені екі күннен кейін іздеп, тауып алған.

Осы кезде губернатор жарлығымен Исатайды ұстау туралы жер-жерге жар шашылады, Исатайдың тірі басының құны 500 сом күміс ақша! Өлілей әкелсе, соның жартысы! Ал өз туыстарынан біреу ұстап берсе, оған толық кешірім болады және ақшалай сыйлық алады. Ақша үшін Исатайды ұстап беруге жер-жерден 80 адам жиналады. Меркульев оларға сәт-сапар тілеп, «ерлік сапарға» аттандырып салады. Исатайдың қайда жасырынып жүргенін айтқан адамға «бас еркіндік» құқығын тағайындады, яғни қылмысы кешірілді. Исатайды ұстауға сұранып шыққан 80 адамға Жантөре старшын басшылық етті.

Геке котерілісшілерге қарсы қолданылған 12 зеңбіректің бір зеңбірегін алып қалып, Қаратоқай қорығында сенімді күзетпен отырып, Исатайды ұстау мәселесімен жатпай-тұрмай шұғылданады.

ҚАНЫШ МОЛАДАҒЫ КЕҢЕС

26 қараша шамасында батырлар бар-жоғы 29 адам болып Қаныш моласы жанында кеңес құрды. Бұл кезде Исатайдың жанында қалған серіктері: Тінғали Тайсойғанұлы, Иманбай, Қабыланбай Қалдыбайұлдары, Үбі, Есенгелді, Тәни Түменұлы, Баймен, Әлмен, Жармұқымбет Тоғайұлдары, Махамбет інілерімен, Сарт Еділұлы, Жанұзақ Адырбекұлы (Шеркеш), Мәстек Ахметұлы (ноғай) т.б. Бұлар Исатай үшін өлуге бар жандар еді. Бірақ жағдай қиын-ды. Басар жер, барар тау қалмаған. Исатай өзінің болса да шейіттіке жараған жан екенін айтып, серіктерін аман сақтау үшін менің жанымнан кетіндер не мені шығарып беріп, қара бастарыңа сауға тілендер деген сыңайлы. Сол сарын Махамбеттің осы кеңесте айтылған төмендегі толғауынан аңғарылады:

*Уа, Исеке, Исеке,
Кел, кетелік, кетелік,
Кетіп бір Жайық өтелік.
Атаның жүрты Хазірет —
Басына зиярат етелік.
Жауырыны қақпақтай,
Қара айдары тоқпақтай,
Оның да иесін үміт етелік,
Біліңіз де, біліңіз,
Белді байлап жүріңіз.
Ат маңдайын тура қойсақ,
Бермес пе тәңірім тілекті!*

(26 қараша, 1837 ж)

Толғаудың Исатайға бағышталып айтылған «Белді байлап жүріңіз» деген жолына назар аударыңыз. Батырдың салы суға кетіп, ауыр түңіліске ұшыраған сынайы бар. Қаныш мола кеңесінде батырлар ебін тапсын, кескілесіп өтсін — Жайықтан өтуге және төменгі Жайық шебінен өтуге пәтуаласқан. Басқаша істеуге жол да жоқ еді. Төңіректі тімсіп жүрген андысқан жауларын шатыстыру үшін көтерілісшілер ішкі шепке, яғни Жоғарғы Жайыққа қарай ойысты деген лақаб тарату керек болды. Бұл жауапты шаруа Қабыланбай Қалдыбайұлына тапсырылды. Ол дереу екі адам боп батырлардың жатағынан шалғай Тастөбеге аттанды. Онда 75 адаммен Трофимовтың отряды қарауылда тұр еді. Шағын тобымен айналаны шолып жүрген хорунжий Ерешев оларды көріп қалып, сондарына түседі. Ұзақ қуып, қас қарая біреуін қолға түсіреді. Ол қашып бара жатқан көтерілістің басшыларының бірі Қабыланбай Қалдыбайұлы екенін айтады. Ақыры Қабыланбайұлын ұстайды.

Қабыланбайды Қаратоқай қорығындағы Гекете тез жеткізеді. Геке жауап алған кезде Шынғали Орманұлы тілмөштік қызмет атқарады. Геке ол туралы былай деп жазды: «Аса ержүрек, батыр адам. Қорықпайды. Қолға түскеніне қорықпайды. Исатайлар осы маңда, Исатайдың жанында Махамбет, Сарт балаларымен, өз ағам Иманбай Қалдыбайұлы бар дейді. Қалдыбай Исатайлардың жатқан жерін көрсетпек болды. Тынығып алып, Трофимовты ілестіріп кетті. Айналдырып-айналдырып жүріп адастырып, Исатайлардың көшіп кеткен жеріне апарды».

Қабыланбай Исатайлардың Ішкі шепке бет алып, Жайықтың жоғары жағынан өтуге ниет түзегенін мәлімдейді. Исатайдың ұшқан құспен жарысатын екі жүйрік аты бар, оны ел біліп қоймасын деп жасырып ұстайды, Исатайдың қалтасында 700 сом ақша бар дейді. Өзі қаныш мола жанындағы мәжілістен кейін үйіне барып қайтуға шыққанда ұсталғанын әңгімелейді.

Осы тұста Әйіп деген бір адам, Исатайдың жанашырларының бірі болса керек, алдына бір үйір жылқыны салып алып, дамымыз боратып қуып отырады. Оның ізіне қарулы отряд түсіп, Ішкі Орданың бір у-шу болғаны бар. Қуғыншылар оны Жаңақалаға 12 шақырым қалғанда қуып жетіп, жегкен жерде сайтабанда шауып өлтіреді. Әлгі сай «Әліп сайы» атанады әлгі күнге дейін.

27 қарашада Исатайдың жауынгер серіктерінің бір тобы, Қызылқұрт руы жасағының негізгі басшылары ұсталды. Олар Қаратоқай қорығынан Жиделіге қарай 60 шақырым жерде отырған. Бұдан бұрын олар Ішкі Ордадағы казак-орыстыңшысы Герей Өтепұлын дүниелерін тартып алып, өзін өлімші ғып сабап жіберген. Енді олар сұлтан Шыңғыс Арыстанұлын да үптеп алды. Есаул Томбовцев түнделетіп келіп, оларды ауылынан басты, 23 адам қолға түсіп, олардың 11-ін Орал қаласына айдатты. Бұл көтерілісшілердің арасында: Қызылқұрт тайпасының Ерші руынан Сәрсенбі Есенбайұлы, оның ұлдары Еділбай, Бердікұл, Нұргұл, Құттымбет руынан Алдияр, Есалы Шоқайұлдары, Шолак руынан Одар, Күзембай Тортайұлдары, Ерғұл руынан Ескенбай Таңатарұлы бар еді.

Осы тұста Қарауыл қожа Каспий жағалауында Үсе Төлегенұлын қолға түсірді.

Исатайдың қорғаушысы Тәни Түменұлы палуан да барлауға шығам деп жүріп, аранға тап болды.

Сүйтіп, көтерілісшілер бірінен соң бірі ұсталып, 25–40 дүре соғылып, қол-аяқтары шынжырмен бұғауланып Оралға айдалды. Олар негізінен көтеріліс жетекшілері, Исатай-Махамбеттің туған-туыстары мен батырлардың жауынгер жолдастары еді.

Исатай осы сойқанның түсында, оліп айырылғаны бар, әскерге тұтқын боп тірілей айырылғаны бар, қолтығынан

демеген көптеген жанашыр серіктерінен көз жазып қалды. Атап айтқанда, қолға түсіп тұтқын болғандары.

Үсе Төлегенұлы (Есенгүл Беріш), Ысмайыл Өтемісұлы (Жайық Беріш), Сымағұл, Қабыланбай, Қали, Жапалақ Қалдыбайұлдары (Ораз Ысық), Аманбай Көбекұлы, Науырызалы Қаржауұлы, Ажыбай Қадырұлы (Бармық Алаша), Тәни Түменұлы (Жайық Беріш, Жайылған), Досақан Жәнібекұлы (Адай), Айтас Көсепұлы (Тана), Алдияр, Есәлі Шоңайұлдары (Қызылқұрт), Еділбай Сарсенбіұлы (Қызылқұрт), Мұстафа Темірбекұлы (Қызылқұрт), Бура Сәрсенби (Қызылқұрт), Дауыл Сарекенұлы (Қызылқұрт), Ескене Байдажарұлы (Қызылқұрт), Көшім Сартұлы (Жаппас), Танатар Етекбайұлы (Есенгүл Беріш), Көшегер Құдайбекұлы (Алаша); оққа ұшып олгендер: Ырсалы Кәсіпұлы (Жайық Беріш Жайылған), Қалдыбай Қосаяқұлы (Ораз Ысық), Ақай Исатайұлы, Ешөкім Сартұлы (Жаппас), Көбен Жәнібекұлы (Адай), Қарағұл Бабақұлы (Қаратоқай Беріш).

ИСАТАЙДЫҢ ЖАЙЫҚТАН ӨТУІ

4 желтоқсанда қыс түсіп, суық басталды. Қуғыншылар далада қалып, үсіп-тонды. Геке әуелі әскерінің бір бөлегін шепке қайтарып еді, артынша жаурап олетін болған соң, Нарын құмын тастап кетуге мәжбүр болды. Жайық шебіне ерте оралған Меркульев отряды Кулагин, Зеленый бекіністеріне 4 желтоқсанда ілігіп, Уральск-Гурьев дистанциясының уақытша басшысы подполковник Бизяновтың рұқсатымен пәтерлерге орналасты. Қаратоқайда отырған Геке Орынбор корпусының бастығына жазған өтінішінің жауабын күте алмай, 11 желтоқсанда Кулагин бекінісіне аттанды. Оған Жайық шебіне оралу туралы рұқсат қағаз 12 желтоқсанның түнінде ғана жетті.

Исатайлар таптырмады. Геке өткенде қолға түскен алып Қабыланбай өтірік айтқан жоқ, Исатайлар Нарында емес, Қамыссамар жақта деген тұжырымға келді. Ал ол жақта тіміскі тоқтаусыз жүріп жатты.

Ал Исатайлар болса осы Нарында: ілгері-кейін

жортқан қалың әскердің иегі астында жүрді. Олардың қалай арандап қалмай, жөн тауып отырғанына танқалмаққа лаж жоқ. Бұл жұрт қыстауларға құлап, Нарында ел аяғы саябырсып қалған кез еді. Шамасы, жер жағдайына жетіктігі, сақтық пен тәжірибе қол берді. Халық та оларға қамқоршы боп, іздерін жасырып, ал қуғыншыларға теріс жөн сілтеп, шатыстырып отырған.

Исатайлар аялдаған жерге бір күннен артық түнемей үнемі қозғалыс үстінде болды. Жылқы мен түйеден басқаны алмай, қой-ешкіні қалдырып кетіп отырған.

Төменгі Жайық шебінің күзеті күшті еді. Барлық бекіністерде әскерлер тұрған. Меркульевтің 400 адамының қайтып келуі шепті тіпті бекітті. Өзінің жасағы мен 200 казак-орысы бар жүзбасы Сопунов отряды сұлтан Баймағамбет Айшуақұлы басшылығымен Сарайшықта құлақтарына хабар тисе болды-ақ Исатайларды індетуге әзір отырған. Оның үстіне Жайық бойы қосымша әскер тобымен тағы да нығайтылған еді. Өзен жағалауындағы бақылау шептерінің ені қысқартылып, 5–6 шақырым сайын күзет қойылды. Олар мосы ағаш жасап Нарын тарапты алыстан бақылап тұрды. Қамалдар мен бекіністердің арасына қосымша постылар ұйымдастырылды. Жаманқала мен Баксай бекінісі арасында 9 посты болды да, 40 астам солдат кезектесіп күзетіп тұрды. Бұл күзеттер Жайықтан отпек болған талай ауылдарды ұстап, әбден машықтанған еді.

Үбі, Жақиялар арқылы барлау жасап, бұл хабардың анықтығына көздері жеткен көтерілісшілердің көңілдеріне қобалжу еніп, жігерлері күм болуға айналды. Мына тас бітеу тығырықтан шығар жол жоқ сияқты корінді. Осы екі ұдай қиын тұста алқы-талқы болған көтерілісшілерге Махамбет өршіл жырларымен демесін болды.

*Палуан жолбасыр секілді,
Алысқанды алып үрген білегім.
Камалаған жаудан қайтпаған,
Қайнаған қара болаттай
Карсы біткен жүрегім.*

*Ертеден кешке дейін зарласам,
Бермей ме екен, құдайым,
Біздей тарыққан ердің тілегін.*

(1837, желтоқсан)

Болмаса:

*Жайықтың бойы кокшалғын —
Күзерміз де жсайлармыз.
Күлісті сынды күреңді
Күдірейтіп күнде байлармыз.
Құдай істі оңдаса,
Ісім жөнге келгенде
Қамалаған көп дұшпан,
Әлі де болса, қойдай қылып айдармыз,
Жолдастарым мұңайма!*

10 желтоқсанда қар жауып, қатты боран соқты. Көтерілісшілер Жайыққа жете алмай, далада үсіп өлетіндей қиын жағдайға душар болды. Исатай аузынан айтылатын «Жабығу» өлеңі осы көріністің жаңғырығы екені сөзсіз.

*Күн жадына қарасам,
Жеддінің оны — құралай.
Аспаннан барып қар жауып,
Аштырмайды көзімді,
Қақтырмайды кірпікті,
Соғады боран сабалай,
Халық үшін хан төгем деп,
Қараны ханға теңеп берем деп,
Ол мақсатқа жете алмай,
Қор болдық-ау, Махамбет, шырақ-ай.*

(1837, 10 желтоқсан)

11–12 желтоқсанда борасындаған күн қабағы бұлжымады. Аяз күшейіп, ауаның салқындығы 23 градусқа дейін төмендеді. Исатайлардың күткені де осы еді. Олар құмнан шығып, Жайыққа қарай асығыс, суыт жүрді. «Шешінген судан тайынбас» — ебін тапса ептел, ебін таппаса қарудың күшімен күзетті бұзып өтпек. Түнде олар Жайық Шебінен 60–70 шақырым жерде көшіп жүрген Құрақ Маябасұлының

үйіне келеді. Ол да Беріш руынан еді. «Бала күннен бірге ойнаған күрдас едің, сыйласып өскен сырлас едің, арнайы саған ат басын тіредім. Жолды білесің, ебін тауып Жайықтан өткізіп жібер» деп қолқа салады.

12 желтоқсанның көз түрткісіз ала боран қараңғы түнінде Құрақ Маябасұлы өз басын, шаңырағының тағдырын Исатайдың амандығы үшін қатерге тігіп, жол бастап алып жүрді. Олар Жаманқаладан 5—6 шақырым жердегі Сарытоғайдың жырасына түсті. Маябасұлы Жайық аңғарына көрінбей қалай жетуді жақсы білетін. Олар Жайыққа 13 желтоқсанда таң алдының талма тұсы — сағат төртте ілікті. Суы қайтып, арнасы азайған өзеннің шаппа жарлы жағасынан киіз төсеп, алдымен отбасымен Исатайды өткізген. Бұл кезде күзетте тұрған жанында бір серігі бар Волгин деген солдат еді. Асау Коккожек ат киізден шығып кетіп тайғақтап, ойылып әбігерге ұшырайды. Кісінеген аттың дауысынан күзет оларды байқап қалып, оқ атады. Мылтық даусын естіп Жаманқаладан хорунжий Жигин бастаған отряд Сартоғайға қарай тұра шабады. Келсе, Нурмағамбет Сүйінұлы деген аты ойылып, әбігерге түсіп жатыр екен. Басқалары арғы бетке өтіп кетіпті.

Нурмағамбет найзамен тұра ұмтылып Жигинді атынан қағып түсіреді де, тоғайға барып жасырынады. Оны ұзатпай ұстап алады. Азық-түлік артқан түйе мен 6 атты өткізіп үлгермеген екен. Соларды қолға түсіріп, мұз үстіне түсіп қалған найза мен қалқанды жинап алады.

Бұл кезде Сарайшықтағы жасаққа хабар тиген еді. Жүзбасылар Попов пен Пономарев бастаған команда кеп хорунжий Жигинге қосылып, Исатайлардың соңынан қуғынға шығады. Ал Баймағамбет бұл кезде Сарайшықта болмайды, қазақ ауылдарында қонақтап жатқан еді. Ал жаңағы қуғыншы отряд 50—60 шақырым жерді шарлап, ешкімді таба алмай қайтып оралады. Ақ түтек боран көз ашқызбай әлі де түтеп тұр еді.

Офицерлер қайтып оралып, Нурмағамбет Сүйінұлын тәптішке алады. Жанынан қорыққан байгүс жігіт Исатаймен бірге Жайықтан өткен 35 еркек, 3 әйелдің аты-жөндерін атап, түрлерін түстеп береді. Жайықтан Исатайлар қанша адам боп өткені туралы зерттеушілердің пікірі бірыңғай

емес. Жоғарыда Н. Савичев 38 деп көрсетсе, Б. Аманшин 40, И. Кенжалиев – 42 адам еді дейді. Бірақ олардың кім екені әзірше толық түгенделген жоқ. Асылы Жайықтан өткен 35 еркек, 3 әйел деген келеге келетін сияқты. Сонымен олар мыналар: Исатай (1), Исатайдың кіші әйелі Несібелі (2), Исатайдың балалары Жақия (3), Досмахамбет (4), Оспан (5), Дүнімбаян (6), Исатайдың қайын атасы Әліш Елемісұлы (7), Әліштің ұлы Муса (8), қызы Бағылан (9), Исатайдың немере інілері: Әлмен (10), Баймен (11), Аймұхамбет (12) Тоғайұлдары, Исатайдың Жайық Беріш жақын ағайын-дарынан: Мәмбет Босқанұлы (13), Құсқара Қашқынұлы (14).

Өтемісұлдарынан: Махамбет (15), Махамбеттің анасы Қосуан (16), Махамбеттің інілері Қожахмет (17), Сүлеймен (18), Хасен (19); Қожахметтің балалары: Мұса (20), Мерім (21), Лұқпан (22), Әкім (23), Өтемістің үлкен ұлы Тоқтамыстың ұлы Салық (24).

Тайсойғанұлдарынан төрт адам: Тінғали (25), Қамбар (26), Әуес (27), (28).

Сарт Еділұлы (29), оның балалары: Ырғи (30), Нұрғи (31), Нұрша (32), Ерше (33), Есенгелді Жанғабылұлы (34), Байболсын Есгелдіұлы (35)

Айтімбет Өтегенұлы (36)

Тілеулі Айжарықұлы (37)

Үбі Усин (38)

Иманбай Қалдыбайұлы (39)

Ал Исатайларды Жайықтан өткізген Құрақ Маябасұлын көп кешікпей хорунжий Жигин мен Қойыс Қалдыбайұлы ұстап, Оралға айдады да, әскери сотқа берді. Ол итжеккенде өлді. Маябасұлы – Құрақтан ұрпақ бар: Құрақтан Әжмағамбет, одан Аухат ақын (әні бар), Аухаттан Қандім, Қандімнен Қырым. Рулары Құлкеш Беріш.

Ал Қулагинге 13 желтоқсанда келген Геке Исатайлардың өтіп кеткенін бір-ақ білді.

V. КӨТЕРІЛІСШІЛЕР ЖАЙЫҚ СЫРТЫНДА

Қ У Р Ы Н

5-қарашадағы Орал казак-орыс атаманы Покотиловтың бұйрығымен Кіші Жүздің батыс бөлімінің билеушісі Баймағамбет Айшуақұлы Төменгі Жайық шебіне жіберілді. Оның міндеті Исатай Жайық сыртына өткендей болса жолын богеп, тұтқындау болды. Ол жанында сұлтандар Күсепқали, Мұхамедқали Тәукеұлдары бар, өз жасағымен Байқсайға кеп орналасты. Исатайлар Жайықтан өтетін түні ол Сарайшық маңындағы бір ауылда қонақта еді. Оған хабар 13 желтоқ-санның сәске кезінде жетті. Сарайшық қамалының есаулы Шапов шабарман шаптырып, іздеп тауып алды. Қамал басшылары сұлтанға көмекке деп, есаул Сапунов, хорунжий Мизанов, Бородиндердің отрядын бөліп еді, олар барғысы келмей, қарсылық білдірді. Бірақ бұйрықтан бас тартуға лаждары болмай, сұлтанға амалсыз ілесті. Осындай бырың-жырың салдарынан олар түс ауа ғана Исатайдың соңынан қуғынға шықты.

Барлау салып, сұрастырып білді ме, әлде ол жақта көтерілісшілерге жанашыр адамдардың барынан алдын ала құлақдар болды ма, Исатайлардың Жемдегі Ақтамға беттегеніне шәк келтірмеді. Бір бүйірден қиялай салды. Күні-түні дамылсыз шауып отырып, 14-күні бесін шамасында Несібелінің көшін көрді. Олар түйелері жарамсыз боп, ілкі

топтан кейіндеп калып еді. Үш-төрт жолдасымен Исатай, Махамбет те сол манда болатын. Адымдардын тұсап, жол бөгеуге айналған бұларды Байнақ ауылына жеткізіп, қалдырып кетуді ойлап келе жатқан. 80 казак-орыс отряды, 100-ден астам сұлтан жасағы сондарынан сау ете қалды. Исатайлар сайға құлап, жасырынып үлгерді. Бір жағынан күн кешкіріп, қалғандықтан, екіншіден жемтігін көріп елірген қуғыншылар бұларды байқамады. Қуғыншыларды аландату үшін Несібелі көшінен екі адам жырыла қашты. Казак-орыстар солардың соңынан лап қойып еді, қолдың бытырап кететінін білген Баймағамбет оларды тоқтатып, жырылып қашқандарды қууға 5 казак-орысты болді. Олар әлгі екеуін түнімен қуып, келесі күні азар ұстады. Олар өздерін Малдыбай Қаражігітұлы, Ыстықбай Бәйменұлымыз деп таныстырады. Кейін олардың Сарттың Ерше, Нұрша атты ұлдары екені анықталады. Бұл екеуін қуған казак-орыстар Баймағанбет тобынан көз жазып қалады да, Тополинск (Топайлы) қамалынан келіп шығады.

«Баймағанбет Несібелі мен оның сінлісі Бағыланды қолға түсіреді. Басқалар қайда?» — деп ақырады. Бірақ сұраудың қажеті жоқ еді. Ілгері озғандардың ізі қар үстінде сайрап жатқан, өздерінің де қарасы еміс-еміс көзге шалынатын. Беттері Байнақ ауылы еді. Баймағанбет уақыт оздырмай жөпелдім ілгері тартады. Бірақ қысқы күн тез батып, ілезде көз байланады. Олар қызыл іңірде Байнақ ауылын азар тауып барып түнейді.

Сарт, Тінғали бастаған ілкі топ сондарындағы қуғыншыны көріп, түнейміз деп келе жатқан Байнақ ауылына бұрылмай, төте тарта береді. Түнде оларды Исатай мен Махамбет қуып жетіп, ізді жасыру үшін серіктерін ұзап барып, қайта қосыласыңдар деп, жан-жаққа шапшыратып жіберіп, өздері бір сайда қуғыншылардың алдын тосып қалады. Серіктері қолға түсетін қауіп төнді, бір амал қылмаса болмайтын.

Байнақ жүргіншілер туралы жарытып ештеңе айтпағанмен, Баймағамбетті жалпылдап күтеді. Қолынан келген бар амалы қуғыншылардың жолын бөгеу еді, барын аямай құйып казак-орыс жасақ басшыларын мас қып тастайды. Серіктерінің ырың-жырыңынан Баймағанбет таңертең

уақтылы жолға шыға алмайды. Сапунов, Мизанов, Бородиндер бастарын түзеп алып қана атқа қонады. Сонда да мәндері болмай, былқ-сылқ етіп топ соңында келе жатады.

Көз анық шалар жерден Исатайлар сайдан шығып, терістікке қарай салады. Баймағамбет батырдың өзін де, астындағы Көгілдір мен жетегіндегі Ақтабанды да бірден таниды. Көтеріліс басшылары көзіне көрінген соң, басқалары қайда деп ойламай, қалың нөпір сондарынан қиқулап лап қояды. Тағы да алапат сүргін басталады. Өне жетем, міне жетеммен қас қарайып, күн батады. Батырлар ізін сипатып кетеді.

Баймағамбет Исатаймен бұл жолығысуы туралы Орынбор әскери губернаторы Перовский мен Орал казак-орыс әскері атаманы Покатиловке арнайы бөлек хат жазып баян еткен: Исатай 6–7 шақырым жерден алдымды орап өтті, мен жасағыммен тұра кудым. Бірақ көмекке деп жаныма ілестіріп берген казак-орыс отрядынан қолқабыс болмады, олардың басшылары «арақ ішіп, бастары бұлғаңдап келе жатты» деп мәлімдеп, Исатайдан көз жазыл қалу кінәсін есаул Сапунов, хорунжий Мизанов пен Бородинге аударған.

Баймағамбет Исатайдың бұл әрекетінің амалсыз қашу емес, алаңдату мансөрі екенін кейінірек ұқты. Демек, басты көш, негізгі топ алда, көтерілісшілер, қысталаңда қалай бытырамасын, соның төңірегінен айналшықтап шықпастары ақиқат. Шет жерге барғанда арқаланар бар жиған-терген байлықтар да сол көште. Исатай, Махамбеттің де сол көштен шырғалап шықпайтынына сұлтанның сенімі кәміл еді.

Батырлардың алдарқатқан әрекетінен ілкі топ кем дегенде екі күншілік жерге ұзап кеткен. Баймағамбет ілгеріге дамылсыз барлау салдырып, өзіне қарасты сұлтандар мен старшындарды бұл іске жұмылдырып, жөпелдем Жемге қарай жылжыды. Осы бөгесін түсында шебтен көмекке жіберілген тың отрядтар қуып жетіп, казак-орыс әскерінің саны 200-ге, қуғыншы қазақ жасағының саны 300-ге жетті. Сүйітіп, олар қаптал жолдармен қатарласып Жемге қарай беттеді.

Көтерілісшілер де бір-бірінен жақын маңда екі топ боп келе жатқан. 9 күн бойы іздеріне байланған қуғыншыларға жеткізбеді. Сол беттеріңше, шалдырмай кететін де еді, Шүреннің опасыз биі Шонты Жамантайұлы мен Адай адамы

Теке Бәйтерекұлы дегендер болмағанда. Олар Жақиялардың түнеген жерін біліп, Баймағамбет жасағындағы Мұхамедқали Тәукеұлына хабар берді. Өздері де қол жасақтап, түнемеден ашық алаңға шыға берген Жақия, Дүйімбаян Исатайұлдары, Сүлеймен Өтемісұлы, Бәймен, Аймұхамбет Тоғайұлдарын, Байбосын Есенгелдіұлы мен Әйтiмбет Өтегенұлын – жеті жас батырды ұстады. Бұл оқиға желтоқсанның 24 күні, Жемнің қырқасында болды. Жақия ұсталарын білген соң, қапталында салпылдап жүрген қоржынды бір еніс жерге білгізбей тастай салды. Бірақ қуғыншылар қоржынды қолға түсірді. Ол-Исатайдың архиві еді. Кейін оның ішінен күнды құжаттар табылады. Оның қайсыбір деректері туралы Жәңгір мен Орал казак-орыс атаманы арасында даулы айтыстар да өрбіді.

Баймағамбет бұл жетеуін мықты күзетпен Оралға сол бойда айдатып жібереді. Дүйімбаянды Суықбұлақтағы біздің үйде қалдырындар, басқаларын үкімет орындарына тапсырындар деді. Көтерілісшілердің бір тобын қолға түсіргеніне қуанып, арқаланған сұлтан ет қызумен Жемнің арғы бетіне шығып, қалғандарын тағы да жеті күн қуады. Көлденеңшын, Желттау, Сарышырпыға дейін жетіп, Көкшыңға келгенде өздері де қалжырап, аттары да болдырып, қуғынды тоқтатуға мәжбүр болады.

Баймағамбет осы Көкшыңда өзіне қарасты адамдарын жиып кеңес құрады. Назар қонысына өткендер арасында Исатай мен Махамбет жоқ. Олар қайда болуы мүмкін? Баймағамбет өзінің есебі қатеге шыққаның, көтеріліс басшыларының Тайсойған-Бүйректе қалып қойғанын сезеді де, Төке батыр, Мұлым дегендерді әжептәуір қолмен Қаракөл, Қарабау, Бүйрек, Тайсойғанды сүзуге аттандырады. Қаңтардың 12 күні сұлтан Қайнар бойын, теңіз жағалаулары дистанцияларын және Жемдегі Шүрен тайпасын билеуші Асфандияр Сүйеуалиұлын 100 адаммен Назарларға жібереді. Баймағамбет Назар билері Жүсіп Құланұлы, Медет Құланұлы, Тілеуқұл Атанұлына, Шымбек Жүсіпұлына, Ерсары Тәңірбергенұлына, Бибатша Қидайұлына, Тура Тоқпанұлына, Изамбет Тураұлына хат жолдап, Исатайды ұстап беруді өтінеді. Хатта бағырдың өлі-тірі басына 2000 сом сыйлығы барын және ескерткен.

13 қаңтарда өзіне қарасты старшындар мен билерге Исатай-Махамбетті ұстауға жазбаша түрде тәртіп береді. Ол хатты Кіші Жүздің батыс бөліміне тарату үшін сұлтандар Жақып Айшуақұлы, Құлдыр Сейтғазыұлы, би Сасық Көшербайұлы 56 адаммен ауыл-ауылдарды аралап кетеді.

13 қаңтарда Көкшыңнан кері қайтқан Баймағамбет өз жасағымен Тайсойғанға беттейді. Қаракөл, Қарабау, Бүйрек, Тайсойғанда болып, Исатай Назарларға асты дегенді естіп, өзінің әй дегендегі болжамы бәрібір шындыққа шыққанына көзі жетіп, 20 қаңтарда Калмыков бекінісіне аяғы ілігіп, 21 қаңтарда осы әңгімеге негіз болған деректерді хатқа түсіреді.

Баймағамбет жолдан бұрылып Исатайды қуып кеткенде, «мас болып, бастары бұлғандаған» Сапунов, Мизанов, Бародиндер солар ұзаған жаққа бұрылған. Бұл топтың қатарында 36 казак-орыс, бір-екі сұлтан және қазақтар болған. Баймағамбеттің хат жүргізушісі Богданов та солармен бірге еді. Богдановтың 31 желтоқсанда Горск бекінісіне келіп берген мәліметінде: олар Баймағамбеттен адасып қалған сияқты. «Баймағамбеттің ізімен төрт күн жүрдік. Бесінші күні Сыркөл қамысы деген жерге келгенімізде, Исатай Қарабау, Қараколде деп естідік» дегеніне қарағанда, олар бұрылып, доға жасап Жайық шебіне қарай жүрген. Сыркөл маңындағы би-старшындарды жиып алып, Исатайды ұстандар деп тәртіп берген. Құлшыныс білдірген әлгі билер мен старшындар үш-төрт күннен кейін қайтып келіп еш жерден Исатайды таба алмағандарын мәлім еткен. «31 желтоқсанда Горск бекінісіне іліктік» деп жазады Богданов.

АТА ЖҰРТҚА ҚАЙЫРЫЛУ

Баймағамбетті жолынан бұрып әкетіп, көзжаздырып кеткен батырлар желтоқсанның 15-інен 16-на қараған түні далада қонады. Қоз ашқызбас қарлы боран үйтқып соғады. Батырлар аттарын жыңғылды, дүзгенді қозтасаға байлай салып, қар үстіне жантая-жантая кетеді. Неше күн ат арқасынан түсіп, бел шешпеген ерлер, жамбастары жерге тиісімен, кірпіктері қабысып ұйқыға шомады. Өзектері талып, титықтап қажыған жандар мұз жастанып, қар жамылып жатырмын демеіді, бастары жерге тигенді жібек

көрпе, күс төсектен кем көрмейді. Таңертең оянса, бәрін түгел қар көміп тастаған екен. Бір-бірін оятып, қар астынан тұрғыза бастайды. Бар-жоғы бес-алты адам. Исатай, Махамбет, Есенгелді, Үбі, Әлмен, Құсқара, т. б. бұта түбінде отырып ащы құртпен оразаларын ашады. Несібелі, Бағылан, Ерше, Нұрша қолға түсті. Кеше мұны естіген ілкі топты бастап бара жатқан байғұс Сарттың еңіреген көз жасын көрсең. Несібелідей аяулы жарын жауға алдырған Исатайдың да демінде үніл, тынысында күрсініс бар. Бірақ Баймағамбетті бұрып әкетіп, енді бір-жар белден кейін қолға түсетін серіктеріне араша болғандары ғана көңілге медеу. Тінғали, Сарт бастаған олар біраз жер озып кетті, бір көлденең кезікпесе, енді шалдыра қоймас.

Батырлардың әп дегенде діттегені Жем бойы еді. Ол жаққа енді бара алмайтын болды. Батырлар ақылдаса келіп, бетті терістікке шұғыл бұрып, Тайсойған асуға пәтуаласты. Тайсойған Исатайдың атам заманынан жайлаған атақонысы. Сол Тайсойғанда шыр етіп дүниеге келген. Қаракөл, Қарабауларда Ысық пен Беріш ағайындар бар-ды. Исатайдың нағашы жұрты Есентемірлер (Тағашы — одан Қожамбет, Құлқара, Киікші) де сол маңда.

Бірақ қалың Беріш арасы әлі екі күндік жол. Мына қарлы боранда оларға жетіп жығылу оңай емес. Жолда түстеніп, қонып, тынығып алатын сенімді адамдар керек еді. Батырлардың есіне Тайсойған екі аралықта қыстап отыратын Ысық Сәмәмбет, Шығанақ батырлар түсті. Қайсыбірде қарсы кеп қалып, алысып-жұлысып жүргенмен, толағай басқа күн туған екіталай кезде батырлар бір-біріне демеу боп отырған. Арнайы ат басын тіреп келген құдайы қонаққа қорған да бола білген. Исатай шолғыншы жіберіп, Сәмәмбет, Шығанақ батырлардың ауылын іздетеді.

Ол ауылды тауып келгенде, Сәмәмбет пен Шығанақ дабылдарын сырттан есіген ерлерді жантайып жастық, жайылып төсек боп қуанышпен қош алып, қол қусырып тік тұрып күтеді. Сәмәмбет қонақтарға арнап тай сояды. Исатай шай ішпесе, басы ауырып, қабағы ашылмайтын шайшіл адам еді. Қатарынан екі рет еселеп шай ішкенде, тарығып келген батырлар маңдайы жіпсіп жан шақырады. Кешке қонақасы беріледі. Батырлар жылы төсекте жайланып ұйықтап, ертеніне сөске түсте тұрады. Ығылман

батырларды Сәмәмбет, Шығанақ ауылына бір қондырып, тез аттандырады. Алайда, осы өңірдің адамдарының әңгімесіне қарағанда, көтерілісшілер Шығанақ, Сәмәмбет аулында аунап-қунап екі-үш күн кідірген сияқты. Шығанақ батыр да ереуілші ерлерге шаңырағы астынан дастарханынан дәм татырған. Шығанақ, әсіресе, Исатайдың ой-сойын көріп, көңілі толғаннан, тос түйістіріп, дос болған. Зерттеуші Нәубет Көшекбаев ел аралап жүріп, Ы. Шөрекұлының туысы, Миялы ауылының тұрғыны Жақсығұлұлы Орынбайдан жазып алған әңгімесі осы тұстардағы тапшы деректерге жамау болғандай.

Шығанақ батыр Исатайларды үйіне шақырғанда, батыр өзгелерден гөрі жан серігі Есенгелдіге көбірек ілтипат білдіріп отырады. Атақты Есенгелді батыр көтеріліске бастан-аяқ қатысып, тар қамау, қиын кездерде ересен қайрат көрсеткен Исатайдың айнымас жолдасы. Ол Исатай батырдың жанынан екі елі қалмайтын оққағары болған. Шығанақ батыр үйіне шақырып отырып, батырдың оққағар серігін көңілге қораш көрді ме, әлде әзіл үшін айтты ма: «Япырай, батыреке, ханға қарсы болғанда, сүйенген ерқараң мына қасындағы ма?» — депті.

Исатай қабырғада ілулі тұрған садаққа қарап: — «Мынау кімдікі?» — депті. Шығанақ: «Менікі» деген. «Кірісі қатты бұл садақты, қалай идініз?» дегенде, Шығанақ қалай игенін айтқан: өзі, баласы, әйелі жабылып ие алмаған соң, торт жерге қайыңнан қазық қағып, тұттан бұрау салып, шаққа иген екен. Исатай: «Ендеше, сол садақты Есенгелдіге алып беріңізші!» — депті.

Есенгелді жаққа түрікмен жүзді садақ салып созған кезде садақ екі бүктеле жаздаған. Есенгелді садақты Шығанақтың кеудесіне кезегенде, Шығанақ «батыреке, сауғалап» шалқасынан құлай кеткен. Ол кезде оқталған соң, қайтуға болмайтын, кезенген соң, атпауға болмайтын ырым бар. Шығанақ: есіктің босағасында ілулі тұрған саптама етігімді ат депті, Есенгелдінің садағы қарабұланнның терісінен тігілген, айыр шаптан келетін қос етікті қатар тесіп өткен.

Исатай сонда айтыпты-мыс: «Жанымдағы 40 батыр бір басқа, Есенгелді бір басқа. Көзге қораш болғанмен, бір өзінде 40 кісінің күші бар» деп.

Аунап-қунап тыныққан батырлар қош-сау айтысып жүрерінде Шығанақ Исатайға бәйгі басын бермей жүрген шабағаншыл Торы атын мініп кет деп, алдына көлденең тартқан. Ел аузындағы әңгімеде Исатайға нағашылары «Жолды күрен», «Сорлы күрен» деген екі ат сыйға тартқан екен, «Жолды күренге тақым артса, батырдың сапары оң болады екен де, сорлы күренге аяқ артса, бір пәлеге жолы-ғады екен деседі. Міне, сол аты аңызға айналған «Жолды күренді» сыйлаған нағашылары емес, Ысық Шығанақ батыр еді. Жайықты жарып өткен батырларды Бұхар бетте қол қусырып күткен Шығанақ батырдан бұ күнде кім бар, кім жоғы белгісіз, ал оның ағайыны Сәмәмбеттен-Батыс Қазақ-станда аттары мәлім, көп оқыған ескі зиялылар-Құтқожиндер тараған.

Сәмәмбет пен Шығанақ Исатайлардың рулас ағайындары Есенғұл, Қаратоқай Беріштердің ауылын сілтеді. Сәмәмбет пен Шығанақ бұл маңдағы Беріштің белді азаматы деп Бабатқа иек сүйей сөйлеген. Бұл өңірден кеткеніне 30 жыл болған Исатай оны білмейтін. Дегенмен сол Бабатқа түстеніп, ат шалдыралық деп шешті.

Сәмәмбет, Шығанақ ауылдарынан шығып, Тайсойғанның жолына түскен соң, Шығанақ батыр сыйлаған шабылғаншыл торыға ер салдырып, среуілге топелеп мініп, тулақтай аздырған жануардан жан серігі Ақтабанды жетекке алды. Ол атын хайуан демесен, адамнан зиялы еді. Шыбын жан көзге көрінген талай тар кезеңнен иесін жауда қалдырмай алып шықты. Тастөбе қырғышында Исатайға оң қолдан, Ақтабанға оң санынан оқ тиді. Сонда да Ақтабан ортекедей орғып қалың жаудың арасынан аман жырылып шығып, оқша зымырап берген. Алайда қара санынан қан шүмектеп, ұзаққа бауырын жаза алмады. Сонда батыр қосақтағы Көгілдірге қарғып мініп, Ақтабанның тізгінін қоя бергенде, жануар жіпсіз-ақ жетекке еріп, қапталдан қалмай отырған. Көгілдір әп дегенде кірістен кеткен жебедей аңырап зулайтын ұшқыр еді де, Ақтабан ертеден салса, кешке озған, ылдидан салса, төске озған шынында шаршауды білмейтін «томаға көзді қасқа азбан» еді. Ақтабандай жылқының сырттаны Махам-беттей ақынның сырттанының өлмес жырларына ілігіп, батырдың өзінен кем жырланбады. Ақтабанға арнап Махамбет «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай» деген ән де шығармап па еді.

*Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай,
Сүт беріп, сұлы беріп баптаған-ай...
Мыңды беріп, бірді алған Ақтабанды
Жыландай белге соққан бұлдірді-ай*

*Исатайдың сол күнде
Ақтабан аты астында,
Дулығасы басында,
Зығырданы қайнайды.
Астына мінген Ақтабан,
Ақ бокендей ойнайды.*

*Мінгені Исатайдың Көгілдір-ай,
әскерін бариша құмға төгілдірді-ай!*

Міне, Махамбет жырау Ақтабанды жырына қосып, жарықтық жануарға сөзден ескерткіш қалап еді-ау. Байқап отырсаңыз Махамбет жырына Көгілдірдің де аты енген. Гекенің жазбаларында, есаул Истоминнің рапортынды да Исатайдың құстай ұшқыр қос жүйрігі жиі-жиі ауызға алынады куғын-сүргін басталған кезде, Ақтабан жараланып, Көкілдір батырға небір тар қамауда қолқанат болған. Ә дегенше оқша зымырап, қара үзіп кететін «Көгілдірді» орыс әскерінің басшылары бұлыңғыр түсін жақсы ажырата алмай бірде «серый», бірде «сивый» деп жазған да, оның құс тістеген ұшқырлығына таңдай қағып таң болған. Гекеге тұтқынға түскен Қабыланбай Қалдыбайұлы ұшқан құсқа бергісіз, Исатайдың екі аты барын мойындап, олар тұрғанда батырды қуып жету мүмкін еместігін айтқан. Қабыланбай: Исатай атының жүйріктігін ешкімге білгізбей жасырып ұстайды деген.

Махамбетте осы пікірге сарындас олең жолдары бар:

*Арғымақ сені сақтадым,
Қулағың сенің серек деп.*

Батырлар жаугершілікке баяғыдан-ақ қос ат мінген. Ал «ереуіл ат» деген тек Исатай-Махамбет қөтерілісі кезінде жиі қолданылып, тілімізге енді. Ереуілшілер ереуілге деп, әдейі ат сайлаған. Жүйрік ұшқыр ат Исатайдың соғыс тактикасында белгілі мәнге ие болған. Батыр қос жүйрігін соғысқа жасырып жаратқан. Сырт көзге сыралғы болмас үшін оларды бөйгіге де қоспаған. Соның арқасында қолға түсетіндей небір қиын

сәттерде жырылып шығып, құтылып кетіп отырған. Содан сабақ алған орыс әскері Қиыл қырғынында бірден-ақ Исатайдың астындағы атын қарауылға байлады.

Көгілдір Бұхар беттегі сүргіннің ащы дәмін татты. Ал жаралы, титықтаған Ақтабан 1837 жылдың желтоқсанының 20-ларына дейін жетектен қалмай Бабат ауылына ілесіп келді. Көк сіңірі көрініп, тулақтай арыған арғымақ Исатайдың рулас ағайындарының бірінің қолында бағуда қалуы ғажап емес.

БАТЫРЛАР БАБАТ АУЫЛЫНДА

Сәмәмбет, Шығанақтардан сый-құрмет көріп аттанған батырлардың көздегені әлі де әрірек жатқан Қаратоқай, Есенгүл Беріш ауылдары еді. Төңірегі ауызға алып, мақтауын жеткізген соң, ағайынға басы сыйлы айдынды азамат Бабат ауылын басып өткеніміз білместік болар деп, сәлем беріп, түстеніп шығуға ұйғарысты. Біліс-таныстары кем демесең, Бабат Есенгүл Беріш балаларының бірі еді.

Бабат байтағын жауға алдырып, арғы беттен арып-ашып келген бауырын құшағын жайып қарсы алды. Ол кездегі де, қазірде исі қазақтың қонаққа ұсынар киелі дәмі шай мен ет қой. Шай тағамын айырықша баптау, әсіресе Атырау-Жайық өңірінде қатты құнтталған. Исатай-Махамбет заманында-ақ оның культке айналған сыңайы бар. Бабат үйінің жанындағы қарағашты жықтырып, жез самауырмен шөй қамдатады. Маяның сүтін қатып, қызыл күрең шай береді. Ол сол күні жүреміз деген қонақтарды жібермей, батырларға үйірден алдырып, асаудан қысыр сойғызады. Оны көкпектің шоғымен баптап пісіріп, сарыала ғып алдарына тартады. Еттен кейін бір тоқбасар дамыл жасап, қайтадан шай береді. Шайдан кейін батырлар көңіл көтерсін деп, түн ортасына дейін саз мереке жасайды. Осы жолы Махамбет өзінің руласы, атақты Жайық Беріш Төлеген жыраумен кездеседі. Төлеген сол тұстағы Тайсойған-Бүйрек өңіріндегі атақты айтқыштардың бірі еді. Ел қамын толғап, боталы нардай боздайды. Бұл кеште Махамбет те жырлайды.

Бірақ оның ауызынан уайым-қайғы емес, күреске үндеген қайратты, қайсар толғаулар төгіледі.

Қазақтың бас қосылған ұзақ түндердегі әңгімесінің аужайы белгілі. үй иелері батырлардың келген жерінің ахуалы, арғы беттің жағдайын сұрап әңгіме тартқанда, Махамбет Нарынды таныстыру мақсатымен:

*Әдірә қалған Нарынның,
Теңіз деген суы бар.
Жағасында жағалай біткен,
Камыс деген нуы бар, —*

деп басталатын «Нарында» деп аталатын толғауын толғаған. Осы кеште Махамбет «Менің атым-Махамбет» деген жырымен өзін таныстырса, «Исатай деген ағам бар» өлеңімен Исатай батырды таныстырған. Бұл көтерілістің бірі басшысы болғанда, екіншісі-қосшысы, қос батырдың Нарындағы істері мен ерліктерін сипаттайтын қайсар жырлар.

Ығылман:

*Махамбет сынды батырдың,
Қайрат айтқан сөзінен,
Жабыққан ерлер пайда алды, —*

дегенде, Махамбеттің осы толғауларын меңзеген.

Батырлар бұ күні кеш жатып, ертеңіне сәске түсте тұрады. Түнімен күзет қойып бақтырып, таңертең суарған аттары тыңайып қалған екен. Батырлар ас қамына кірісіп, тағы да жайланып отырып, шайлады. Жолға жүргелі жатқанда, Бабат айт пен тойда шабылып, аяқтыға жүлде бермей жүрген «Қанжирен» атын Исатайға жетектетіп жібереді. Қанжирен биыл жаз бойы ұсталмай, ірің майы үстінде семіз екен. Исатайдың екі күренінің бірі осы Қанжирен.

КӨНСАДАҚТЫ ҚҰДАЙБЕРГЕН

Батырлар Бабакпен қош айтысып, жүріп кетеді. Көздеген мақсаттары қарлы боран, алапат қыста қуғыншының құрығы жете қоймайтын Тайсойған құмына терендеп ену еді.

Тайсойғанға бет түзеген көтерілісшілер Қаракөлдің

жанынан өтеді. Исатайдың нағашысы Бай Киікшінің бейіті осында екен. Оны жазуынан танып, аттарынан түсіп, дұға етіп, бет сипасады. Одан өтіп Есентемір ауылына асығыстау түстенеді де, Қылышкескен Шеркештердің ауылына соқпай, қыстақ сыртындағы белден кесіп өтіп, маңдайлап күмға енеді. Бесін кезінде Ысық Сейтек Жәмбілдің дөнінен асады. Суыт жүрген қарулы топқа қарсы келіп, ешкім жөн сұрамайды. Көргендер сырт айналып жол беріп, тайқып кетіп отырады. Жоғарыда Баймағамбеттің хат жүргізушісі хорунжий Богдановтың «Бесінші күні Сыркөл қамысы деген жерге келгенімізде, Исатай Қарабау, Қаракөлде деп естідік» деп жазғаны — осы шамаға дөп келеді. Бұл желтоқсанның 20—21 інің о жақ, бұ жағы.

Екінді намазы кезінде Қырғынның бергі жағында Итекі шоқы басында отырған Құдайберген батырға кеп түседі. Көтерілісшілердің Құдайберген ауылына хабар салмай, тұра кеп ат басын тіреген түрлері бар. Батырдың ауылы шапқалы жүрген жау ма деп, сасып қалады. Жөн сұрасқаннан кейін барып, бұлардың Жайықтан өткен қайсар ерлел екеніне көзі жетіп, ықыласпен хош алады. Батыр батырдың дабырасын алыста жатып естиді, Исатайлардың қиқарланып, көк тайғақта Жайықтан көктей өткендерінен хабардар екен.

Құдайберген Елемісұлы — «Исатай-Махамбет» дастанында әжептәуір жақсы жырланатын, архив документтерінен де, ресми тарихтан да аты белгілі қарт батыр. Руы-Кете, Кете ішінде сегіз арыс Майлыбайдың Көбігі. Әкесі Елеміс те Сырым қозғалысына қатысып, батыр атанған.

Ал Құдайберген батыр атағын 1775 жылы қалмақтар жоңғарға жөңкілгенде әкесінің жасағымен ата жауға қосыла шауып, бала жігіт кезінде алған. Исатайлармен жолығысқанда жетпістен асып кеткен кісі. Дақпырты алысқа жайылып, ел аузында «Көнсадақты Құдайберген» аталған осы еді.

Ығылман оны былай суреттейді:

*Түсі сары кісі екен,
Ұзындау жирен сақалды.
Аузына арам салмаған,
Момыннан қарғыс алмаған.*

Құдайберген батырдың бұл күнге дейін көзі тірі

ұрпақтары бабасының сырт бейнесі ақын жырлағандай болғанын мақұлдайды.

Дәм үстінде сұраса келе, Құдайберген мен Исатай нағашы-жиенді боп шығады. Құдайбергеннің шешесі – аты Болған, Жаңбыршы Беріш қызы екен. Құдайберген жиендік жолымен әзіл-қалжың айтып, ереуілші ерлерді күлдіріп, көңіл бірлейді. Құдайбергеннің ерегескен дұшпанға намысты қолдан бермейтін, азулары білемдей бес ұлы бар екен.

Ығылман:

*Бес баласы бар екен,
Бесеуі де нар екен.
Ерегескен дұшпанға
Жібермеген намысты.
Ең үлкені Әбірем,
Әумен, Шора, Алдабай,
Берістемі тағы бар.*

Құрал Тоқмырзиннің баяндауынша: Ақтөбе облысының Алға ауданы Қарабұлақ совхозында Құдайбергеннің осы бес ұлының бірі – Алдамбайдың (Алдабай емес) тікелей ұрпағы Шағыраев Тұрғали Ұлықпанұлы тұрады. (Құдайберген-Алдамбай-Шағырай-Тұрғали. Тұрғалидің жұбайы-Бадагүл әжей). Міне, осы Тұрғалидің айтуынша: Құдайбергеннің бес ұлының аты-Әмірен (Әбірем емес), Әумин (Әумен емес), Алдамбай (Алдабай емес), Періште (Берістем емес), жалғыз ғана Шора дұрыс аталған. Бұл Ығылманның қатесі емес, қолдан-қолға өтіп жүрген қолжазбаны көшіргенде, түзет-кенде, баспаға дайындағанда кеткен шалалықтар болса керек. Әйтпесе Ығылманның Құдайберген әулетін жақсы білгеніне күдік келтіруге негіз жоқ.

Батыр нағашыларымен жүздескен Құдайбергеннің бес нары ағаларына жан ұшырып, жайылып жастық, иіліп төсек болады.

Батырлар жата-жастанып, ұзақ кештерде сыр шертеседі. Құдайберген өз мұңын айтады. Адай мен Кете арасы қан төгіліп, асқындап тұр екен. Араздықтың айықпас дертке айналған сынайы бар. Екі жақ та бітімге барған адамды өлтіріп, қарғыс айтысып, қан жүктеп, мойынды теріс беріп отыр. Сөйтіп, бір мұнның ұшығын сездірсе, «ата жауым хан, төре» деп екінші сырын тағы ашып айтады.

Ал жон сұрақ ереуілшіл ерлердің аузын баққанды Исатай жан сауғалап қашып келген адамның сөзін емес, орысқа елді сатқан хан, төреге қарсы қылыш сайлағалы келген өршіл батырдың өжет сөзін айтады. Ол күлтелемей, хан, патшаға қарсы алты Өлім, Жетірудың баласына сауын айтпақ ойын жасырмайды.

Исатай батырдың қорынбай жауына қас тігіп сөйлеген сөздері Құдайбергеннің көңіліне қонып, жанына жағады. Ол да қартайдым демей, ел қамы үшін аузына апарған асын жерге қойып жүрген, қара қазақтың шерін шерлеген жан еді. Бауырынан баласын, қол астынан байтағын алдырып, қуғын-сүргін көріп тарығып келген ерлер — жан бағып, бас сауға сұрай ма десе, кеудені керіп, жау іздеп атойлап отыр. Көпті көрген көрі көз, көшелі батыр жемірілген жасықты емес, шар болаттың жүзіндей жарқылдаған асылды көрді. Ел қотеру еріккеннің ермегі емес-ті. Орайын тауып, қыбын келтіргеннің озінде, сәті дегені тағы бар. Құдайберген батырлармен таразы басын теңдеп, асықпай кеңесу үшін, осында қыстандар деп қолқалайды.

Құдайберген ереуілшілерді қыстатам деп мәрттік қылғанмен, талтүсте тай жығып жейтін арда ерлерді күйін кемітпей бағып-қағу оңай емес-ті. Әке айтқан соң, қызу жиендер намысқа жығылып, барын салды. Батырларға бір үй бөлді. Жұмасына бір қара жығып беріп тұрды. Майлыбай Кете, Құдайберген дәрегейіндегі ағайын бұл іске түгел жұмылды. Тентек жиендер тізе батырып, күшпен көндіріп ортадан сойыс шығартты. Батырларды күтуге екі жігіт бөлінді. Киімдерін жуып, үстерін тазартты. Мата таптырып, иіндерін жаңартты. Махамбеттің темекі тартатыны бар еді. Жайықтағы орыс селендеріне ат шаптыртып оны да алдыртты.

Майлыбай Кете көнсадақты Құдайберген атадан бір туар дана да, кісілікті кісі екен. Өз дәрегейіндегі жандарға ауызға берік болындар деп қатаң тапсырып, сенімді жігіттерден жан-жаққа тыңшы салды. Итекiге сұраусыз, бейсауат адамдардың аяғын бастырмады. Осынау бір қора жанды киіндіру, ішіндіру, шай-жемнен тарықтырмай күту оңай шаруа еместі. Батырлар: «Апыр-ай, салмақ салып, сендерге қиын болды-ау» деген емеуірін танытса, Құдайберген: «Ысқырса — мал желдікі, айдап кетсе жаудікі» дей келіп, ел қамы үшін еңіреген ерлер

туралы аталы сөз толғап, көшелі ойлар сабақтайтын. Ереуілшілер оның алдының кеңдігіне, жанының дархандығына тәнті болысты.

Құдайберген келесі жазда хан, патшаға қарсы ел көтеру жайын ақылдаса келіп, кімдерге салмақ салып, ат басын тіреу керегін айтты. Елдің тізгіні жеке-жеке батыр, билердің қолында. Солар ықылас танытса, жолдары болғаны. Ал олардың аузы қисайса, жолдары болмағаны. Сондықтан көктемде Әлім, Табынның арасына өзі бастап баруға уәде етті.

Жігіттер өуірімдесіп «Ә, сәт!» десіп қалды. Махамбет «Толғау» деген жырын осы кезде толгаса керек.

*Еменнің түбі сары бел,
Еріскен қоңіл бәрі бал.
Жоғарыдан төмен төгейін,
Керегіңді теріп ал.
Қасыма ерген жолдастар,
Антыңды бузып айрылма,
Зейініңді бермен сал.
Жапанға біткен жасылды-ау,
Жамандардың басы сау.
Жаманды байқап қарасаң,
Күндердің күні болғанда
Өз басына өзі жау.
Арғымақ жақсы ат мініп,
Жеке шығып елімнен,
Толықсып толғау толғасам,
Іштегі қызғын басылды-ау.
Өлең айтып толғадым,
Көкірегімді басарға,
Махамбеттей мұңдыға
Енді келер күн қайда
Ханға құрған шатырды
Сүңгімен түртіп ашарға.
Алтын жақса жарасар
Жылтыраған күміске.
Он екі ата Байұлы,
Жиылып келсе бұл іске.
Алты сан алаш ат бөліп,
Тізгін берсе қолыма,
Заулар едім бір кошке!*

(1838, қаңтар)

Махамбет өлендерінің хронологиясын түзіп, жылын анықтау, әрине, оңай шаруа емес. Бұл жерде жаңылудан аулақпын деп ешкім айта алмайды. Ақын мұрасында әлі де бір ізге түспеген жолдар, шумақтар баршылық. Хронологияны дұрыс таңбалауға солардың кедергісі аз емес. Алайда, тарих жағдайды терең біліп, Махамбет жырларын саралап оқығанда ғана — оның қай уақытта, неге байланысты туғанын шамалайсың. Жоғарыда біз өлеңге жыл қойып отырғанмен, неге олай істегенімізді тәптіштеп жатпадық. Тек мысал ретінде осы толғауға тоқталып өткеніміз жөн сияқты.

Толғауда мұң болғанмен, Махамбеттің жалғыз қалғанда шығарған жырларындағыдай салын су алған, еңсесі төмен үмітсіздік жоқ. Оның жанында жолдастары бар. Соларға карата, солардың ортасында отырып толғағаны аңғарылады. «Жеке шығып елімнен, толықсып толғау толғасам, іштегі қызғын басылды-ау» деген жолдар да көп сыр аңғартқандай. Бұл жолдар батырлардың Тайсойғанда жатқан кездерінің мінез-құлқына дәл келеді. Махамбеттің Байұлы, алты алаш жиылып тізгін берсе, әлі де заулайтын ниеті бар. Бұл Құдайберген ел көтеруге уәде бергеннен кейінгі көкірекке біткен жел тәрізді. озірше нық сенім жоқ, үміт қана бар.

ИСАТАЙ ҚАЙДА ҚЫСТАДЫ?

Исатай 1838 жылдың қаңтар, ақпан, наурыздың бас кезінде қайда болды? Исатай-Махамбет тарихындағы ең осал түс осы. Тарихшылардың барлығы бірауыздан: ең кем салғанда ақпанның басынан бастап Исатай да, Махамбет те Назар тайпасын, Борсық күм, Шошқакөл, Доңызтауды паналады дегенге саяды. Жоқ, Исатай Тайсойғанда, көнсадақты Құдайберген ауылында болды дейтін жалғыз Ығылман ғана.

Енді осылардың ақ-қарасын байыптап көрелік.

Барлық зерттеулерге дәйек болған Баймағамбеттің 1838 жылдың 21 қаңтардағы ақпарында: «Олардың Қаракөл, Қарабау, Бүйрек, Тайсойған арқылы Шектінің Назар бөліміне жетіп, одан әрі Хиуа асқанын кейін барлаулармен

анықтадым» деп жазылғанды. Сұлтан осы пікірінен айнымады. Өз сөзін 19 ақпан, 12 наурыздағы рапорттарында да құптап бақты.

Баймағамбеттің бұл пікірі нақты дерекке емес, жорамалға құрылған еді. Оның нық сенімінше: көтерілісшілердің Науша, Жүсіп Құланы, Қайыпқалидан басқа паналайтын адамы жоқ-ты. Батырлардың Жайықтан өтісімен Жемге жөңкіле тартуы сондықтан. Шынында, ел ішінің пиғылын аңдыған сұлтан дұрыс болжаған еді. Бірақ өмір соқталаңы ылғи да бірме-бір келе бермейтінін ескермеді.

29 наурызда подполковник Данилевский Кулагин қамалына келген сұлтан Асфандияр Сүйеуғалиұлы мен Кете руының старшыны Тастемір Шудайұлынан пікір сұрайды. Шатай Назар тайпасының арасында Доңызтауда, серігі Махамбетті Қайыпқалиға жіберген деген мәлімет береді. Бірақ олар Исатайды көрмеген, осыдан екі ай бұрын (яғни ақпанның басында) сол тарапқа басқа шаруамен барып қайтқан бір адам айтып келген. Асфандияр Қалиұлы Баймағамбеттің тапсыр-масы бойынша Исатайды ұстауға басты жауапты адамдардың бірі еді. Бұл хабарды неғып анықтамай жайбарақат отырғаны түсініксіз.

Сонымен біз Исатайды көзіммен көрдім деген куәгерді әлі кезіктірген жоқпыз.

Ақпанның 10–15 аралығында Төменгі Жайық шебінің бастығы ротмистр Акутиннен Баймағамбеттің ақпарларына қарама-қайшы тосын мәлімет түсті: Исатай Назарлар арасында да, Хиуада да емес, Жайықтың шебінен 3–4 күндік, Горск қамалына қарама-қарсы Шошқакөл деген жерде жігіттермен жүр. 95 адамы бар. Жуық арада Науша батыр келіп қосылмақ. Ішкі Ордадан өткен адамдармен қатарларын көбейте түспек. Жайық бойындағы қазақ ауылдары азық-түлік пен қамтамасыз етіп отыр. Исатайға басты қолқабыс етушілердің бірі Алаша руының старшыны Сарыбөпе.

Орынбор әскери губернаторын, Шекара комиссиясын, Орал казак-орыс әскері атаманын жуық маңда Исатай жоқ, ол берісі Назар арасында, өрісі үстірттің арғы жағында тұратын ағайыны Исатай Кәріпұлы ауылында, болмаса Хиуада деп сендіріп келген Баймағамбетке бұл хабар өзіне тура атылған оқпен бірдей еді. Ол 19-ақпанда Орынбор әскери губер-наторына түсінік берді. Горск қамалынан 3–4 күн-

шілік жерде Шошқакөл деген жер аты жоқ, ондай елді мекен шептен 15 күндік жердегі Атыжақсы өзенінің бойында деп.

Түсінігіне қарамай, оны ордасынан Калмыков бекінісіне шақыртып алып, шұғыл барлау жасауға міндеттеді. Ол Сарыбөпе Кенжеқараұлы, Сатай Кенжеқараұлы, Сарықожа Сарыбөпеұлы, № 3, 4 дистанция бастықтары Мырза, Өтебай дегендердің басшылығымен шолғыншы жасақ құрып, Қаракөл, Қарабаудан бастап Шошқакөлге дейінгі аралықты сүзуге бұйырды. Бұл шолғыншы топ құрамында Алаша Кенжеқараұлдарының қаншалықты белсенділік көрсеткені белгісіз. Олардың тарапынан ләм-мим хабар болмаған. Ал Мырза мен Өтебай не істеп, не қойғандары туралы оқтын-оқтын ақпар беріп тұрған.

Осы тұста Исатайдың ізін кесу мақсатымен қырға Жүсіп Айшуақұлының да жасағы шықты. Олар Тайсойғаннан бастап Барлыбай, Бұрмасай, Қояндышоқы, Итқұдық, Иманқара, Шынкөлдiге дейiн барып қайтқан. Баймағамбет әкімдердің алдында қолайсыз жағдайға тап болды. Ол ең алдымен өзін жалғаншы еткен Акутиннің хатындағы деректерді анықтауға күш салды. Ол Акутинге мәлімет берген Маскар руының адамы Арғынбай Көпенұлын іздеп тауып, тәптіш жасаған. Арғынбай Акутин көрген-білген адамым емес деп, айнып шыққан. Баймағамбет осы тәптіш жауабын жоғарыға жолдай отырып, «үкіметтің барлық тапсырмасын ықыласпен аткарып отырған сенімді адамымыз Сарыбөпенің алдында ұят болды» деп, Сарыбөпені қорғай отырып, өзін қорғады да, Акутинді қаралады. Бұл тұста Баймағамбетке Исатайдың анық хабарына көз жеткізуден гөрі өз басын ақтауға көбірек мұғдар болған сияқты.

Баймағамбет осы хаты жазып, Орда ішінде болуы керекін айтып, үйіне сұранып еді, губернатор рұқсат етпеді. Ол әуелі Калмыков, кейін Кулагин қамалында 11-сәуірге дейін отырып, күні-түні Исатайлар туралы мәлімет жинау ісімен шұғылданды.

Осы шамада Жайықтың Бұхар бетіне Ысық руының Үргенішбайұлы, Айдабекұлы, Балабекұлы деген адамдары өтеді. Олардың арасында Исатайдың қайын атасы өліш Тұрымбетұлы да бар екен-мыс деген хабар дүңк етеді. Исатайдың қайын атасының есімі Өліш Елемесұлы, ол Жайықтан батырмен бірге өткен. Асылы, бұл Өліш Тұрымбетұлы

Сарттың Жамаағайыны Жаппас старшыны Әлжан Түрмәм-бегұлы болса керек. Ол Исатайлармен 1836 жылдың көктемінде тізе қосысқан белгілі көтерілісшілердің бірі.

Аяқ астынан Жайықтан тыныштық кетті. 27-ші ақпан күні Кулагин мен Гребеншиков бекіністері арасынан Қанай Қосымбайұлы төрт жолдасымен өтіп, қолға түті. Ол өз жауабында: 10-ақпан шамасында Исатай жанына аты белгісіз Өтемісұлы деген біреуді қосып беріп, Ішкі Ордадан жылқы әкелуге жұмсағанын, жолда тағы да үш адам қосылғанын, боранды түнде Жайықтан өтіп, 15 шақырым жүргенде Өтемісұлынан көз жазып қалғанын айтады. Қосымбайұлы Исатай Жемдегі Ақтамда, жанында 220 адамы бар. Ойы мүз кетпей, Ішкі Орданы шабу. Махамбетті аткөлік сұратып Қайыпқалиға, ереуілшіл асау батыр Наушаға жіберді дейді.

Жайық шебі, Ішкі Орда тағы да у-шу болды. Жәңгір жедел жасақтап, Өтемісұлын іздеуге адамдар шығарды.

Савичев Қосымбайұлын Исатайдың айнымас сенімді серіктерінің бірі еді дейді. Кейін Қосымбайұлын Баймағамбет пен подполковник Данилевский қайтадан тәптішке алып, әскери губернатордың сұрауымен сарапты қорытынды шығарды. Баймағамбет Қосымбайұлы өтірік айтады, Исатай Кіші Жүзде қол жия алмайды, оның қол жиғандай тірегі жоқ десе, Данилевский өтірік бопсамен қорқытып, құтылып кетпек ойы бар қазаққа тән мақтаншақ қызыл сөз деп бағалаған.

Жайық шебіндегі қамалдарға 2 наурызда Исатай туралы жаңа мәлімет түсті. Тайсойғанға барып қайтқан Ішкі Орда адамы (арнайы тапсырмамен барған тыңшы болса керек) Исатайдың жауынгер сарбаздары Төлеген мен Өтемісұлын 5—6 жігітпен көргенін, олар Жемнен 500 жасақпен келетін Исатайды күтіп жүргендерін айтқан. Ал Махамбет туралы Қайыпқалидан әскер сұрауға кетті деген.

Ал 5 наурызда Шекара комиссиясына жауап берген Байбақты руының қазағы Есболайұлы Исатай 25 жігітпен Жайық шебінен 16 күншілік жер Жем сыртындағы Доңыз-тауға кетті деген.

Енді осы қарама-қайшы деректерді сараптап көрелік. Барлық мәліметтерде Махамбеттің Жем өзенінің сыртындағы Назарларда, ежелгі қанды көйлек досы Наушада, болмаса Хиуадағы Қайыпқалида екені айтылған. Ол күмәнсіз рас сөз. Бұхар бетте батырлар бастарының амандығын дәтке

қуат етіп, бұта бұқпай күресті жалғастырамыз десе, арқа сүйеу тірек табулары керек-ті, ал әп дегенде тірек болар адамдар – Науша мен Қайыпқали еді. Ал ол екеуі де бір кездегі Исатайдың саяси қарсыласы да, Махамбеттің дұшпанға қылыш сілтескен үзеңгілес достары еді. Бұхар бетте өздеріне жанашыр сенімді қорған, халықтың басын біріктірердей көтеріліске ұйытқы табу – тек Махамбеттің ғана қолынан келетін. Ақыл пісіріп, ой қорыту үшін оның Науша мен Қайыпқалиға тез жетуі керек еді. Құдайберген ауылына келген соң, ол көп ұзамай 1837 жылдың желтоқсанының 24–30 аралығында Жемге аттанған. Осыдан келіп, «Әй, Махамбет, жолдасым» атты, бұған дейін түсініксіздеу боп келген ақын толғауының сыры ашылады. Толғау Исатайдың атынан айтылған, батыр көтерілістің кезеңді, соқталаң тұстарын баяндай келіп, сөзінің соңында:

*Осы жақта мен өліп,
Артымда тірі сен қалсаң,
Жасөспірім Жақияны,
Жолдасым, саған тапсырдым!*

– деп бітіреді. Неғайбіл алыс сапарға аттануға қамданған қимас жолдасына батыр қоштасарда осы сөзін айтқан, Махамбет кейін оны өлеңге айналдырған. Исатайдың ұлы Жақияны оған тапсыруы – Жемге асқан Жақиялардың ұсталғанынан әлі хабарсыз болғанының айғағы. Демек, Махамбеттің Жемге жолға шығуы не Жақияның әлі қолға түспеген, не түскенмен, анық-қанық хабары жетпеген кез.

Ал бұл тұстағы Исатай тағдыры туралы хабарды негізінен үш топқа бөліп қарауға болады: 1/ Баймағамбет және оның дәргейіндегі адамдар хабары, 2/ Исатай серіктерінің хабары, 3/ Бөгде жандардың хабары.

Баймағамбет хабары дегенде: Баймағамбеттің өзінің жоғарыға берген рапорттары мен подполковник Данилевскийдің Жем-Сағыз аралығындағы дистанциялардың билеушісі Асфандияр Сүйеуғалиұлы мен Кете старшыны Тастемір Шудайұлынан алған мәліметін ғана айтамыз. Олар түгелдей жорамалға құрылған, Исатайды көзімен көрген адамдардың бір ауыз айғағы жоқ. Исатайды ұстауға, ұстамаған күнде де оның анық-қанық хабарын білуге міндетті,

сол мақсатпен Назарлар арасына барып қайтқан Асфандияр Сүйеугалиұлы Исатай туралы мардымды ештеңе айта алмай, бөгде біреудің ел ішіндегі ұзынқұлақтан естігенін ғана куәлікке тартқан. Бұл деректер қаңтар, ақпан айында Исатай Назарлар арасында болды деп тұжырым жасауға аздық етеді. Асфандияр Сүйеугалиұлы Исатайдың ол жақта жоқтығын білген, бірақ өзінің тікелей басшысы Баймағамбеттің жоғарыдан төменге дейін орнықтырған пікіріне қарсы келе алмай, күлбілте тайғақ қана жауап берген сыңайы бар.

Екінші парадағы деректер Исатай серіктерінің мәліметі. Олардың қызғыштай қорыған өз көсемдері туралы аға жауға дұрыс жауап беруі мүмкін емес. Олар Исатайдың 95 иә 200 жасағы бар, Науша көмекке келеді, мұз кетпей тұрып, Жәңгірді шабады дегені қаншалықты өтірік болса, Исатайды Жемде, Ақтамда дегендері де соншалықты өтірік. Жауларын шатыстырудың амалы. Мәселен, Қанай Қосымбайұлы Исатай Жайықтан жылқы алуға жіберді деп, Жемнен Жайыққа 17 күн жол жүрген. Бұл мүлде ақылға қонбайды. Қосымбайұлы Тайсойғаннан шыққан, тергеушілерді шатастыру үшін Жем деп көйткен.

Үшінші пара деректер – Акутин мен Байбақты Есболайұлының мәліметі. Олар Исатай Тайсойған маңында екенін хабарлаған. Акутиннің ақпарында көтерілісшілерге қолқабыс етушілер арасында Алаша Сарыбөпе старшынның аты аталуында жан бар сияқты. Махамбет, Қожахметтердің анасы Қосуан Алаша Кенжеқара ауылдарының қызы еді, яки Махамбет, Қожахметтер Сарыбөпеге жиен боп келеді. Қожахметтің анасы мен балаларын соларға апарып жасыруы ақылға шетін емес. Осы тұстағы деректерде аты белгісіз Өтемісұлы – Қожахмет болса керек.

Біздің ойымызша: қаңтар, ақпан айларында Исатай Тайсойғанда болған. Кіші Жүз ішіне шыққан қуғыншы жазалаушы отряд Жайыққа кері қайтқан соң, казак-орыс отрядының ең соңғы сілемдері 20 қаңтарда Калмыковқа оралды. Исатай Итоқыдағы көнсадақты Құдайберген ауылынан шығып, айналамен байланыс орната бастаған. Мейлінше құпиялықты сақтай отырып, Жайықтың сол қапталындағы Ысық, Шеркеш, Таз ауылдарының отаршыл патша мен оның итаршысына айналған төре тұқымына іші

қарсы қайратты азаматтармен кездескен. Наурыз, сәуір айларында қалыптасқан дағды бойынша Жайықты өрлей көшетін Таз, Ысық, Шеркеш ауылдарының аяқ астынан Қайнар, Жемге қарай бет түзеу себебі осы уағдаластықтардың салдары.

Бұл келісімдер құпиялықта сақталғанмен ел ішінде сөз жата ма, ауыздан ауызға тарап, томенгі Жайық шебінің бастығы Акутиннің құлағына жеткен. Өзіне сөз келтіретін ол жайсыз әңгімені Баймағамбет басып тастап, байқамай Исатайға өжептәуір селбескен.

Қаңтар, ақпан айларында Тайсойған мен Қаракөл, Қарабау аралығы көтерілісшілердің бас қосатын орнына айналған. Ішкі Ордан өткенде сол маңнан табысып отырған. Тайсойған-Қаракөл аралығының көтерілісшілердің далалық штабына айналуы-Исатайдың сол тоңіректе болғанының айғағы. Патша әкімшілігінің тыңшылары Исатайдың Ішкі Ордамен байланысы үзілмегенін, көтеріліс сарбаздарының Жайықтан ат құрғатпай үнемі өтіп тұратынын хабарлаған. Қолға түскендер олардың жүзден бірі ғана. Исатай Ішкі ордадағы көтерілісші старшын Байбақты Жүніс Жантеліұлымен байланысқа шығып, оны ереуіл жасауға көндірген. Исатай 500 адаммен көмекке келуге уәде еткен. Жантеліұлының ереуілге дайындығы наурыздың алғашқы аптасында Орынбор әскери губернаторы Перовскийге белгілі болған да, ереуілге жібермеудің қамын істеген. Жантеліұлының барлық талаптарын қанағаттандыруға тәртіп берген. Исатай серіктерінің Ішкі Орданы шабамыз деулері осы Жүніс Жантеліұлының ереуілімен сабақталып жатыр еді.

Батыр «жалғыздың шаңы шықпас» деген мақалды жақсы білді. Науша, Қайыпқалилар шақыра қалғанда да жалғыз барғаны жараспайтын, ел ішіндегі салмағы кемитін. Сол себепті де: Ішкі тарапқа хабар салып, көтеріліс сарбаздарының басын құрауға құлшынды. Оның Тайсойғанда кідіруінің бір сыры осында.

Наурыздың басында Хиуада болып, Қайыпқалимен жолыққан Махамбет Тайсойғанға келді. Батырға алдағы көктемде тындыратын істерінің жай-жапсарын баян етіп, түсіндіргеннен кейін ғана, Исатай Жемге баруға келісім берді.

ЖАЙЫҚ ШЕБІНДЕГІ ҚАРБАЛАС

5 наурыздағы Байбақты руының адамы Есболайұлының: Исатай 25 жігітімен Жемнің сыртындағы Доңызтауға кетті деуі — Орынбор әскери губернаторы Перовскийді кәдімгідей абыржыпты. Ол бұл хабарға калтқысыз сенді де, 7 наурыз күні Исатайға қарсы арнайы күрес тобын құруға жарлық шығарды. Орал казак-орыс әскері атаманы Покатилов бұл істе сылбырлық көрсеткендіктен, Исатайға қарсы күресті ұйымдастыруға қанішер подполковник Данилевскийді тағайындады. Қанішер деуге негіз бар: ол 1836 жылы полковник Мансуровпен бірігіп, әрине Перовскийдің қоштауымен, Маңғыстаудың Бозашы түбегіндегі Қайдақтағы жайбарақат отырған Адайларды оңдырмай шауып еді. Олар 550 казак-орыс отрядын дайындап, «қаракшыларды жазалаймыз» деген желеумен қыс көзі қырауда Каспий теңізі мұзының үстімен жасырынып барды. Бейбіт елді 3 апта бойы талады. Сол сапардан отряд 7000 қой, 1000 түйе айдап қайтты.

Ел талаудан тәжірибе жинаған, Орынбор әскери губернаторының астыртын істер жөніндегі көмекшісі подполковник Данилевский Исатайға қарсы күрес тобының басшысы боп бекітілген күні-ақ Орынбордан Оралға шұғыл жүріп кетті. Оралда казак-орыс әскерінің атаманы генерал-майор Покатилевпен кездесіп, көтерілісшілер туралы жиылған мәліметтерді алып, Калмыков бекінісіне аттанды. Баймағамбет сұлтанға Калмыков бекінісіне тез жетсін деп шабарман шаптырады. 9 наурызда Данилевский мен Баймағамбет екеуі жолығысып, Исатай туралы жинақталған мәліметтер туралы пікір алысты. Данилевский Исатай туралы деректердің басы бірікпей тұрғанын айтып, қайтадан тыңғылықты барлау жасау керектігін талап етті. Баймағамбет Жайық сыртындағы далада екі топ шолғыншылары жүргенін айтқанмен, Данилевский көнбеген. Ол 12 наурыздағы рапортында «Жайық сыртын барлауға казак старшындарын жөнелттік, олар сұлтанның пікірін жоққа шығаратын дерек әкелмесе» деп жазғанына қарағанда, Исатайды іздеуге жаңа шолғыншылар шыққан. Бірақ олардың кім екенін айтпаған. Сонымен бірге «сұлтанның пікірін жоққа шығаратын дерек әкелмесе» деген оралымға қарағанда, Орынбор генерал-губернаторлығына Исатай

Назарлар арасында, болмаса Хиуада деген Баймағамбет тұжырымына күдіктенушілік болғанын аңғартады. «Данилевский Исатайға қарсы күрес штабына Кулагин бекінісі қолайлы деп, 11 наурызда осында кеп тоқтады. 12 наурызда подполковник Жайық бойындағы қамалдарды әскери жағдайға келтіруге тәртіп берді. 4-ші Орал әскери полкын алдырып, Калмыков, Горск бекіністеріне орналастырады. Исатай туралы ел аузынан жиналған әр қилы қарама-қайшы деректерді сараптап бір ізге келтіруге шамасы келмеген соң, Баймағамбет сұлтанды шақыртып алады. Ол Кулагин қамалында 11 сәуірге дейін отырады.

Баймағамбет Акутиннің «өтірік ақпары» бойынша Жайық сыртына шығарған шолғыншыларының қорытынды мәліметтерін ала келді. № 3,4 дистанция басшылары Мырза мен Өтебай 10 наурызды даталап өз сапарлары туралы төмендегідей ақпар берген: Қарабау, Қаракөлді сүздік, Сарыкөлде, Ақтамда, Шошқакөлде болдық, 2 кісіні ұстадық. Исатай туралы нақты ештеңе айтпаған. Ал Жүсіп Айшуақұлы болса, Исатай Үстірт асып кетті деген.

Сүйтіп, Данилевский Исатайдың қайда қыстағанын анықтай алмады. Анықтай алмаған себебі, ол Баймағамбетке сүйенді, ал Баймағамбет өзіне сөз келтіретін Исатайдың Тайсойғанда қыстағаны туралы деректі өткізбеді. 9 наурызда Калмыковтан барлауға жіберген старшындары да 20 наурызда қайтып оралып, Исатайлардың Ақтау, Қаратау деген жерлерде екенін айтып келді. Бұл кезде Исатайдың Жем сыртында екені рас еді.

КІШІ ЖҮЗДІҢ САЯСИ АХУАЛЫ

Енді Кіші жүздің саяси құрылымы мен Исатайлар Жем-Сағызға келер алдындағы елдің ішкі жағдайына шолу жасай кетейік.

XVIII ғ. аяғында Кіші Жүз екіге бөлініп, екі ел билеушіге қарады. Жем, Сағыз, өзендерінен бастап, Жайықтың төменгі және Орта бөліктері Кіші Жүз хан кеңесінің төрағасы Бөкей Нұралыханұлына бағынды да, ал қалғанын Айшуақтың баласы Жантөре сұлтан биледі. Ол екеуі де Айшуақ ханға бағынды. Бұл кезде Айшуақ жасы жетіп қартайып қалып

еді, әрі ыңқыл-сыңқыл науқасты да болатын. 1805 жылы оны орнынан ығыстырып, баласы Жантөре сұлтан хан болды. Бұл кезде Кіші Жүзде хан тағынан дәмелі боп жүргендердің бірі де бірегейі Нұралы баласы Қаратай. Ол өзі жігерлі, іскер, ел аузын алғыш саясатшыл еді. Жантөре хан боп кеткен соң, Қаратай оған қарсы білек сыбанып ереуілге шықты. 1806 жылы старшындар кеңесі «пайдасыз хан Жантөреден бас тартамыз» деген шешім қабылдап, Қаратайды хан көтерді. Шындап келгенде оны таққа отырғызған алты Шектінің атақты батыры Көтібар. Алайда, патша Қаратайдың хандығын мойындамады. Қаратай Жантөрені өлтіретінін жалпақ елге жар ғып ашып айтты. Жантөре орыс қамалдарының іргесіне көшіп, сол маңнан шырғалап шыға алмады.

1807 жылы патша үкіметі Қаратайға қарсы екі рет жасақ аттандырды. Одан қара халық қана жапа шекті. Қаратайдың мұрты да сынбады. Патшаның бұл әрекетіне қасарысқан Қаратай 1809 жылы Жантөрені өлтіріп тынды. Жантөренің өлімінен қорқып, көптеген билер мен батырлар одан енді бойды аулақ салды. Қаратай Хиуа хандығына қарай жылысты.

1812 жылы Ішкі Ордаға Нұралы баласы Бөксіді, Кіші Жүзге Айшуақ баласы Шерғазыны хан сайлады. Қаратай елді көтеріліске шақырып, тағы да екі жыл қыр даланы дүбірге кенелтті. Патша әскерлері Қаратайға қосылған ауылдарды іздеп барып шабатын тактика қолданды. Сөйтіп, Қаратайдың күші сарқылды. Ол 1814 жылы Орынбор генерал-губернаторымен жүздесіп, күрестен бас тартты да, патша әкімшілігінің қызметіне араласты. Ол Шерғазыны жайына қалдырды. 1824 жылы Қаратайды Кіші Жүздің батыс бөлімінің билеуші сұлтаны етіп тағайындады.

Қаратайдың аренадан кетуіне себепші болған Арғынғазы. Ол бұрынғы Хиуа ханы Қайыптың немересі еді. Шекті және Кіші Жүздің басқа да руларына оның ықпалы күшейді. 1816 жылы Сыр бойын шапқан Хиуа ханы Мұхаммед Рахиммен жаман ұстасты. Оны отаршылықтан құтқарушымыз деп білген Орта Жүздің қазақтары да қолдады. Бұхара әмірі Арынғазыны хан деп мойындауға мәжбүр болды. Жанына ертіп жүріп, оны жан салып қорғағандардың бірі – Сырымның баласы Жүсіп би.

1819 жылы Сыр бойына Хиуа зекетшілері келгенде,

Арынғазы оларды ұстап алып, патша үкіметіне тапсырды. Сол қылығы үшін 1820 жылы Хиуа ханы Мұхаммед-Рахим Сыр аймағын оңдырмай шауып, 300 адамды өлтіріп, 1000 адамды алдына салып айдап кетті.

Өзін хан деп тану мәселесі жөнінде Арғынғазы патша өкіметімен келіссөз жүргізді. Бұл кездегі патша өкімдерінің ойы хандықты жою еді, сондықтан Арғынғазыға анық-қанық жауап бермей, сөз бұлтаққа салумен болды. 1820 жылы Арғынғазы Шерғазы ауылын шапты.

1821 жылы Арғынғазы, келіссөзге деп, Петербургке шақыртылды. Арғынғазы хан болам деп дәмеленіп еді, ол үміті ақталмады. Оны тұтқынға алып, біршама уақыт Петербургте ұстады да, Калугаға жер аударып жіберді. 1833 жылы Петербургке Арғынғазыны іздеп әйелі келді. Оны патша сарайында қабыл алды. Николай I патша Арғынғазыға Москвада тұруға рұқсат етті. Бірақ ол Москваны көре алмай, сол 1833 жылы Калугада жантәсілім етті.

1822 жылы Сібір губернаторының басшылығымен «Сібір қырғыздары» туралы «ереже» қабылданды. Ол устав бойынша хан деген лауазым жойылып, жер территориялық принциппен округтарға, округтар болыстарға бөлінді. Ауылды старшындар, болысты сұлтандар, округті аға сұлтан билейтін болды. Округ басшылары - округтік приказ аталды. Аға сұлтан сол приказ-дыңтың төрағасы болды. Оның жанында тағайындалатын екі орыс чиновнигі, сұлтандар мен билер мәжілісінде сайланатын екі қазақ кеңесшісі болды.

1822 жылы «Орынбор қырғыздары туралы» «ереже» жобасы жасалды. Оны жасаған генерал-губернатор Эссен еді. Мұнда Кіші Жүз үш бөлікке бөлініп, үшеуін үш хан билейді деп жобаланды. Ханның бірі Арғынғазы болады деп ұйғарылды. Себебі: шын мәнінде Кіші Жүзде билік жүргізіп тұрған Шерғазы емес, Арғынғазы еді. Бұл жоба тек 1824 жылы ғана жүзеге асты. Шерғазы 150 сом жалақысы бар, Шекара комиссиясының қызметіне бекітіліп, Орынборға көшті. Сонымен Кіші Жүз үшке бөлінді. Батыс бөлікке Қаратай, Ортаға – Темір Ералыұлы, Шығыс бөлікке-Жұма Құдаймендеұлы хан емес, билеуші сұлтан (сұлтан – правитель) боп сайланды. Бұлардың үшеуі де Әбілқайыр ұрпақтары еді. Әрбір билеуші сұлтанның жанында 100-200 адамнан

әскери команда болды. Сүйтіп, қазақ мемлекеттігі жойылып, Қазақстанды басыбайлы отарға айналдыру басталды.

Мұны өкімшілік таластар десек, ал енді қара қазақ өмірінде қандай жаңалықтар болды? Әрине, кері кетпесе, ілгері басқан ештеңесі жоқ. Патша өкімшілігі жер-судан қысып, бұрынғы қоныстарынан тықсырды. Пәле басы Жаңаелек (Ново-илецкий) шебін салудан басталды. Патша өкімшілігі әскери шебтің қажеті үшін, казак-орыстардың мұқтажы үшін деп суы-нуы мол, ең шұрайлы деген 600 десятина жерді кесіп алды. Бұл Табын, Алаша руларының қонысы еді. Оларды құнарсыз, шөл далаға ысырып тастады. Табын, Алаша ауылдары судан, жерден, жайылымнан тарықты. Олар айырылған қоныстарын қайтарып алу үшін алғашқыда жоғары орындарға шағынып, бейбіт күресті. Одан нәтиже шықпаған соң, 20-жылдары Табын биі Жоламан Тіленшіұлы қол жиып, атқа қонды. Бірақ оның жорықтары сәтсіз болып, нәтиже бермеді.

Патша өкімшілігі Кіші Жүзге өзінің басқару жүйесін батыл енгізу жолына кірісті. 1831 жылы Кіші Жүздің жерін дистанцияларға, яғни бекініс аралығындағы учаскелерге бөліп, 32 дистанция құрды. Осы жылдардан бастап Кіші жүздің батыс бөлімінің билеушісі боп Баймағамбет Айшуақұлы, Ортаны – Жүсіп Нұралыұлы, Шығыс бөлімді Қаратайдан жазым болған Жантөрс сұлтанның баласы Ахмет Жантөреұлы биледі. Ауылдар жойылып, номер санымен атала бастады. Осы жылдар шамасында Баймағамбет Айшуақұлы Елек бекінісі маңында өздерінің ата қорымы, әжесі Бопайдың зираты барын, оларды хохолдар қиратып жатқанын айтып, Перовскийге айтып шағынды. 1831 жылы Шектінің белгілі Көтібар батыры 2000 адам жиып барып, Торғай өзені маңындағы Шөмекей ауылын шапты. 800 адамды таяққа жығып, 100-ге жуық қатын, қыздарды тұтқындап, айдап кетті.

1834 жылы патша өкімшілігі Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы Қайдақ қойнауынан Ново-Александровск бекінісін салып, 1840 жылы Маңғыстау жарты аралына көшірді. Сөйтіп, патша отаршылары қазақ даласының қиян түкпірлеріне кеулеп ене бастады.

30-жылдары Кіші Жүзде наразылық көбейіп, ереуілшілер бой көрсете бастады. Әсіресе, 1831 жылы енгізген

✓

басқарудың дистанциялық әдісі бұрынғы рулық құрылымдарға соққы болды. Ел ғасырлар бойы қалыптасқан ата жолынан көз жазғысы келмеді. Территориялық негізде құрылған басқарудың дистанциялық әдісіне қарсы болған Табын Жоламан Тіленшіұлы мен Шөмішті Табын атақты Асау Баракұлы батырлар. 1832 жылы өзінің жарлығын құлаққа ілмеген оларды Баймағамбет 400 адаммен қуып, не жете алмай, не ала алмай, жолдағы бейбіт елді талантаражға салып, қайтып оралды. Жоламан мен Асау Барак оңтүстікке қарай көшіп, шебтен көп ұзап кетті.

1835 жылы патша әкімшілігі Ұй, Тобыл өзендерінің бойын жоғарғы Ұй, төменгі Ұй шебін салуға кірісті. Орск, Троицк бекіністерінің ірге тасын қалап, осы екі өзеннің аралығынан тағы да ең құнарлы деген I миллион гектар жерді кесіп алды.

Жоламан батыр жерсіз қалған руларды төңірегіне жиып, мықты қол жасақтап, тағы да амалсыздан атқа қонды. Бекіністерді, казак-орыс ауылдарын күйрете шапты. 30-шы жылдардың ортасында ол Торғай өзеніне қарай жылыстап барып, ақыры Кенесары дүрбелеңіне қосылды.

Міне, Исатайлар Тайсойғанға келген 1837 жылдың аяғы, 1838 жылдың басында Кіші Жүздегі ахуал осындай еді.

ЖЕМГЕ АТТАНЫС

Байбақты руының адамы Есболайұлының Исатай 5 наурызда 25 жігітімен Тайсойғаннан шығып, Жем, Доңызтау жаққа кетті деп Шекара комиссиясына берген хабары, асылы, шындыққа бір табан жақын. Өйткені, Исатай туралы жансыздардың әр жерден берген нақты хабары осы наурыз айынан бастап жиілей түседі.

Ығылман Шөрекұлы да осы тұсты меңзейді. Қамалдың 10-ы болғанда, құбыладан қызыл жел есті, екі күннің ішінде қар еріп, тоң жібіді, жалпақ даланың үстін тұман кеуледі деп суреттейді. Олар бір жұмалық азық алып, жайлауға көшетін Әлім, Адай, Табынның көшіне қарсы жүрмек болды. Исатайлар Құдайбергеннің қонысы Итекі шоқыдан аттанып, Ойылдың Тайсойған құмын жарып ағатын Жарып-

шыққаннан мұз үстімен өтеді. Оларды Құдайберген жол бастап алып жүреді.

Тайсойғаннан шыға берісте батырлар Маңғабай Тұрлыбайұлы деген адаммен кездесіп қалады. Әлгіні тыңшы деп ойлады ма, ауызы беріктігіне сенбеді ме, көрген-білгенін әкімдерге жеткізіп жүрер деп, бірге ілестіріп алады.

Жарыпшыққаннан буынып-түйініп, 60 атпен 25 кісі боп аттанған Исатайлар Жемге қай жолмен жүрді, қай жерлерде түнеді, қай тұсқа ат шалдырып, аялдады деген мәселеде әрқилы пікір басым. Оны ел арасын, жер мойнының алыс-жақындығын басқаларға қарағанда жетік біледі деген Ығылман былай баяндайды: Жарыпшыққан-Сағыз аралығы, Сағыз-Қайнар, Қайнар-Жем аралығы әрқайсысы біркүншілік жер. Жарыпшыққаннан таң алауқобесінен желдете аттанған батырлар Сағызға күн еңкейе ілігеді. Келсе Сағыздың мұзы еріп, суы тасып жатыр екен. Олар откел тауып, өте алмайды, мұз аралас салқын суға ат жалдауға жүректері дауаламайды. Қар еріп, мұз кете бастады дегенмен, «түске дейін мейіз, түстен кейін кпіз» шак, түн өлі суық еді. Амалы таусылған жолаушылар Барлыбай моласына түнейді. М. Неталиев ел аузында «Үбі айтты» боп таралған әңгімені баян етеді. Барлыбай моласына жақындағанда алдарынан адам сияқты бір құбыжық көрініп, артынша түтінге айналып, жерге шөгіп жоқ болады. Жүргіншілер «обыр» деп үркіп қалысады. Исатай моланы шолып, үңгірді тексереді. Түнде Махамбет үнгір ауызында жалғыз жатады. Асылы, бұл жапан дала, ессіз молалардың бізге белгісіз кұпияларының бірі болса керек. Ер Үбі өле-өлгенінше Барлыбай бейіті басында болған қорқынышты жәйді айтып жүрген. Осы арада олар пісіріп алып шыққан қуырдақтарын жұмырларына жүк етіп, аңы құртты суға шайып ішіп, сен бұзылған соң сиыр сәске тұсында Сағыздан өтіп, Жем қайдасың деп Айыртамның белімен тура тартады. Айыртам ескі молалар мен қарайған дөңдерінен басқа көз сүрінер қарасы жоқ, құлазыған жалпақ бел. Жел ғана қурай басын тербеп, ызындап тұрады. Түс ауа олар Шабылған, Боріш деген көзедей қолдерге тап келеді. Сол жерде аттарын суарып, құрт шайып ішеді. Біршама ат шалдырып алған соң, дұға қылысып, Көшкенінің сүрлеу жолына түседі де,

жеделдете суыт жүреді. Алайда сай-саладан сарқыраған сулар жолаушыларды кідірте береді. Сонда да ерлер дiттеген межеден шығады, сол жерде түнеп, таңертең елең-алаңда қозғалып, түс кезінде Жемнің қарасын көреді.

Ал Кенжеәліұлы болса былай баяндайды: Жарыпшыққаннан аттанған Исатайлар Сарқұдық сорынан өтіп, Барлыбай моласына барып, түнейді. Сағызда өзеннен өте алмай кідіріс жасайды. Келесі күні Сағыз өзені маңындағы Бұрмасайға түнеп, таңертең Қояндышоқы тауына қарай бет алады. Сосын Сағыз бен Қайнар өзенінің арасына қонады. Кейінгі күні Қайнар өзеніне жақын Бітқұдық мекенінің үстімен өтіп, Иманқара тауына тоқтайды. Үшінші күні Жылкелді алқабы-мен Жем өзеніне қарай жүреді. Кенжеәліұлы бұл жолды архив документтеріне иек сүйей отырып айтады.

Бұл екі деректің мынасы дұрыс, мынасы теріс деуге негіз жоқ. Әртүрлі ауыздан құралған архив деректері айна қатесіз деу қиын. Бұл бір десек, екіншіден Ығылман дастанын жазған кезде, баяғы жер аттары өзгеріп, жаңарған болса керек. Жер атаулары жөнінен әрқилы болуы осыдан, ал басқалай батырлардың жүрген жолының ұлы жобасы дұрыс.

Жемнен өтіп, тағы бір түстік жер жүргенде, қаптай қонған ел көрінеді. Ауылдың бергі іргесіндегі бір төбеде екі адам қарауыл қарап тұр екен: келе жатқан жау екен деп аттандап айғай салады. Ауыл желідегі құлындарды қиып, жылқыларды иіріп, табанда ызы-қиқы болысады. Түстүстан ұран шақырып, «Майлыбайлай» бастайды. Әпсәтте әжептәуір найзалы, қылышты қол ала шұбар туын байлап, жолаушылардың алдынан қарсы шығады.

Құдайберген ілгері озып барып, өзін танытады. Исатайдың жағдайын, бұл сапарының мақсатын баян етеді. Майлыбай ауылының жігіттері дүрлігіскен елге, абыржымасын, жау емес, дос екен, сыйлы қонақты қарсы алсын деп ілезде ат шаптырады. Исатайларды қарсы алуға ауылдан тағы бір топ адам шығады. Батырларды қанішер қара Пұсырман, жас азамат Тілепі, Қабыл ақсақал боп, ауыл сыртынан аттарынан түсіп, қол қусырып қарсы алады. Ауылдың әулие тұтқан ақсақалы Қабыл қария Әжібай биден бата алған, жақсы атағы жалпақ елге жайылған үлкен кісілікті жан екен.

Мұндағы ауызға іліккен Әжібай Кіші Жүзге аты белгілі би болған адам. Ата қонысы Жемнің сол жақ бетіндегі Көктөбе. Әбілхайыр тұсында өмір сүрген оның тарихи құжаттарда аты жиі аталады. Ол өзімен рулас Арал, Алтай батырлармен бірге 1747 жылы барымташы қазақтарды теріс жолдан тыюға қызмет етеді. 1749 жылғы жұттан малды аман сақтау үшін Жайықтың Самар бетіне өтуге патшадан рұқсат алған қайрат-кер кісі. Дастанда жырланатын Қабыл ақсақал мен қанішер қара Пұсырман туралы елен естердей дерек болмағанмен, жас азамат Тілепі туралы мәлімет бар. Оның ұрпағы бұл күнде Ақтөбе облысы Алға ауданының Тамды ауылында тұратын Бекзада Сақиев. Осы шаңыраққа жұғысты басқа да бірнеше отау иелері бар. Тілепі Исатайларды Борсық құмға бастап барғанмен, Қиыл қырғынына қатыспаған. Оның сол жылдары Петерборға барып, опалы қызметі үшін патша сарайынан шен-шекпен киіп қайтқанына қарағанда, Тілепі сапарда болған сыңайлы.

Ығылманның айтуынша батырлар Қабыл ақсақалдың ауылында 8 күн сый-құрмет көреді. Тоғызыншы күні жандарына Тілепіні ілестіріп, Қабыл ақсақалдан бата алып, ат жаңалап мініп, тағы да жолға шығады.

Ығылман Кете Қабыл ақсақал ауылынан аттанған Исатайлар Көтібар мен Арыстанның ауылына беттеді, олармен жүздесіп сұхбаттасты Әлім, Кете, Адай арасындағы даулы мәселе туралы ақылдасты дейді. «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» дегендей бұл жерде Ығылман жаңсақ басқан. 1838 жылы Жағалбайлылар 3500 қолмен жиналып келіп Көтібарды шауып, өлтіріп кеткен. Көтібар ауылын олар қыста шапқан сияқты. Қалай болғаны белгісіз, ел аузында Көтібар далада қалып, адасып жүріп қасқырдың апанына тығылып өлді деген әңгіме бар. Көтібар өлген соң, бір жылдан кейін сүйегі табылды, онда да қолы табылды. Оны әкеліп Шектілер Електің басына жерледі дейді. Келесі жылы Жағалбайлыны Көтібардың немере інісі Арыстан шабады. Бұл дау 7 жылға созылады. Демек, Исатайдың Көтібармен кездесе алмағандығының басы ашық. Басы даулы боп жүрген Арыстанмен де ұшырасуы неғайбіл.

Көбік Кете Құдайберген Елемесұлының жолбасшылығымен Тайсойғаннан шығып Жемдегі Қабыл ақсақалдың

ауылына іліккен көтерілісшілер ол ауылда Ығылман айтқан 8 күн жатпаған сияқты. Олардың той тойлап, арқаны кеңге салуға мұршалары жоқ-ты. Бұл бір себеп десек, екіншіден іздерінде қуғыншы бар еді. Көтерілісшілерге әзірше жауға бермейтін, сенімді тірек керек еді. Ондай арқа сүйенішті олар Науша батырдан тапқан сияқты. Науша Қаржауұлы, руы Байбақты, бір кездегі Ішкі Орданың атақты батыры. 1827, 1829 жылғы бөкейліктегі бүліктерге мұрындық болған Қайыпқали Есімұлының арқа таңған адамы. Ол осы толқуларда үлкен белсенділік көрсетті. 1829 жылы Қайыпқали бар, Науша, Махамбет бар елді көшіріп алып бара жатқанда, қарсы алдарынан жасанған отрядпен Орал казак-орыс әскерінің атаманы қарсы шығады. Бір деректерде Наушаның да абақты дәмін татқаны еміс-еміс хабарланады. Ал егер сол жолы қолға түссе, Қайыпқали мен бірге түрмеде отырған болады да, 1830 жылы бүлікші сұлтанмен бірге қашып шығады. Ал ел аузындағы әңгімеге қарағанда, ол 1829 жылы қолға түспеген: қара қасқа арғымағымен Жайықтың биік жарынан өзенге тіке қарғытып, қашып құтылған. Содан ол Ішкі Ордаға бармай, Жем сыртында қоныстанып қалып қойған. Алайда ол хан, патша үкіметінің саясатына қарсы бас көтерістердің қай-қайсысын да құлшына қолдап, бірде білек сыбанып өзі қол бастаса, бірде жәрдем жіберіп, тілсінші боп отырған. Ел аузындағы және архив деректеріне қарағанда, оған Жайықтан өрлі-берлі өту үлкен кедергі болмаған. 1837 жылы оның өз жасағымен Жайықтан өтіп Исатайға қосылғаны белгілі. Хан Орданы қоршауға да қатысқан. Бірақ Исатай Орданы шаппаған соң, өкпелеп кетіп қалған.

Науша Кіші Жүздегі қарсыластарын ықтырып ұстайтын, патшаға жаны қарсы ереуілші батырлардың бірі. Ол Ішкі Ордадағы 1827, 1829 жылдардағы сабылыста Махамбетпен бірге жортқан мақсаттас жолдас, қарулас серік еді. Көтерілісшілердің алдымен Наушаны іздеуі заңды. Осы тұстардың архивтік деректері Исатайлардың Наушада болғанына көз жеткізеді. Ол батырларды күшпен алып, бірнеше күн қонақ қылып күтіп, астарына ат, үстеріне киіз үй тауып бергені губернаторға мәлім болады. Генерал-губернатор осы тұстағы жағдайды: «көптеген киргиздар Таймановқа қосылуға даяр және оны малмен, затпен

жабдықтап отырады, оның шайкасының саны қазір 95 адам. Наушаның жақтауымен ол күшейе түсуде» — деп маза-сыздана жазады.

Сонымен Ығылман айтқандай, Кете Қабыл ауылына ат басын тіреген батырлар Көтібар, Арыстандарға аттанбай әу дегеннен Наушаға бет алған. Науша батыр оларды ас-сумен ғана қарсы алмай, 70 адамнан жасақ жиып берген. Исатайлар тобының бірден-ақ 95 адам болатыны сондықтан. Исатайлардың соңына түскен үш топ қуғыншының түк бітірмей қайсыбірінің өтірік айтып қайтып келуі-олардың Исатайлар жатқан Науша ауылының маңынан жүре алмауының белгісі.

Наушадай ежелгі қанды көйлек жолдасымен ұшырасқан Махамбет, әргі-бергіні есіне алып, өткен-кеткенді кеңейте толғап, өзінің атакты «Ұлы арман» жырын айтқан сияқты.

*Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда?
Еңсесі биік, боз орда,
Еңкеймей кірер күн қайда?
Қара бұланның терісін
Етік қылар күн қайда?
Күдеріден бау тағып,
Сауыт киер күн қайда?
Толғамалы ақ мылтық,
Толғап ұстар күн қайда?
Алты құлаш ақ найза,
Ұсылып шаншыр күн қайда?
Садақ толы сай кез оқ
Масағынан өткізіп,
Басын қолға жеткізіп,
Созып тартар күн қайда?
Кетбұғадай билерден,
Ақыл сұрар күн қайда?
Бізді тапқан ананың,
Асыраған атаның
Ризалықпен жайласып,
Қолын алар күн қайда?
Еділдің бойын ен жайлап,
Шалғынға бие біз байлап,
Орнықты қара сабадан
Бозбаламен күліп-ойнап,
Қымыз ішер күн қайда?*

*Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген
Арғымақ туган асылды,
Барыстай жсал-құйрығын таратып,
Бауырынан жсаратып,
Тұяқтан ұшақ тозаңын
Арқадан жауған қардай боратып,
Басын көкке қаратып,
Құлағын істей қадалтып,
Баптап мінер күн қайда?
Желп-желп еткен ала ту,
Жиырып алар күн қайда?
Орма мылтық тарс ұрып,
Жауға аттанар күн қайда?
Алаштағы жақсыдан,
Батасын алып дәм татып,
Түлкідейін түн қатып,
Бөрідейін жол тартып,
Жауырынына мұз қатып,
Жау тоқтатар күн қайда?*

(1938, наурыз)

Бозбала шақтары Ішкі Ордада бірге өтіп, түн қатқан суыт жортуылдарда бірге жортқан Наушаға бұл толғаудың әсер етпеуі мүмкін емес-ті.

Наушаға арқа таңған Исатайлар енді ел ішін аяқтай аралап, ел тұтқасын қолында ұстаған би, батыр, старшындарға барып, сауын айтып, көтеріліске қол жиюға мүмкіндік алады.

КӨТЕРІЛІСШІЛЕР НАЗАР ШЕКТІ АУЫЛДАРЫНДА

1938 жылдың қаңтар айының 3—4 жұлдызында Байма-ғамбет Көкшың деген жерге жетіп, көтерілісшілерді қуғын-дауды тоқтатып еді. Көтерілісшілер жер ортасы Шошқакөл, Доңызтау боп есептеліп, Үлкен, Кіші Борсық құмына барып тірелетін Назар Шектілердің қонысына аяқ басты. Осы кезден бастап барлық ресми ақпарларда көтерілісшілердің бір-тобы (15 адам) Назар шектілер арасында деп үзбей көрсетіледі.

Әлімде Өріс пен Мәкуден тарайтын Кішкене, Қабак, Тілеу, Назар, Шүрен руларын — «Бес Шекті» деп атаған. Назар шежіресінің түзілісі Әлім-Жаманақ-Мәку-Бөлек-Бұжыр. Бұжырдан Назар, Шүрен. Әңгімеге негіз боп отырған оқиғалар тұсында Назардың ел ұстаған адамдары мыналар: Жүсіп Құланұлы, Медет Құланұлы, оның ұлы Шымбек Жүсіпұлы, Тілеуқұл Атанұлы, Ерсары Тәңірбергенұлы, Бибатша Қидайұлы, Төре Токпанұлы, Изамбет Төреұлы Байтөре Токпанұлдары. Исатай туралы барлық әңгімелер, негізінен, осы адамдар төңірегінде өрбіген.

Жоғарыда Көкшыңнан әрі жүре алмаған Баймағамбеттің 12-қаңтарда Назар Шектінің билері мен старшындарының бас-басына хат жазып Исатайдың өлі-тірі басына 2000 сом сыйлық жариялап, батырды ұстап беруді талап еткенін айтқанбыз. Хатты жанында 100 адамдық жасағы бар сұлтан Асфандияр Сүйеуғалиұлы алып кеткен-ді. Жайық шебіне келген подполковник Данилевский Исатайдың анық хабарын білу үшін осы Асфандияр Сүйеуғалиұлын Кулагин қамалына шақырып, одан алған егжей-тегжей жауабы негізінде Перовскийге 29 наурызда рапорт бергенді. Ал Бекмағамбет 28 наурызбен таңбалап Назар билеріне тағы да хат жазған. Бибатша Қидайұлына жолдаған сол хатта: «Сіз, Изамбет Төреұлы екеуіңіз, менімен бетпе-бет жолығысқанда Исатайды ұстап беруге уәде еткенсіндер» деп жазғанына қарағанда, Баймағамбет сұлтан 1838 жылдың 12 қаңтарының о жақ, бұ жағында Бибатша Қидайұлы, Изамбет Төреұлымен кездескен. Шамасы олардың қонысы өзге Назарларға қарағанда Жемге бір табан жақын болған.

Барлық құжаттарда Назарларда қыстаған көтерілісшілердің саны 15 деп көрсетілгеніне қарағанда, Баймағамбеттің 18 күнге созылған қуғынан 15 адам ғана ұстатпай жырылып кеткен. Олар Доңызтау тарапында Ерсары Тәңірбергенұлы ауылында қыстап шыққан. Қашып келген көтерілісшілерге арнайы үй тігіп, ішім-жемдеріне ортадан соғым бөлінген. Оларды күтіп-бағуға айырықша ат салысқандардың бірі, Баймағамбетке Көкшыңда жүздескенде Исатайды ұстап беруге уәде еткен, би Бибатша Қидайұлы.

Наурыздың екінші жартысында Науша батырда болып, көңілі орныққан Исатай тарығып келген серіктерін қарсы

алып, ауылдарында қыстатқан азаматтарға алла риза болсы-нын айту үшін Назарларды аралауға шыққан. 18-ші наурыз-да ол би Байтөре Тоқпанұлы ауылына келіп түседі. Би Бибатша Қидайұлы мен Изамбет Төреұлының ауылдары олардан алыс болмайды. Бұл деректі Баймағамбеттің 28 наурызда Назар-ларға жолдаған хатынан білеміз. Баймағамбет 30 сәуірдегі рапортында Исатай 23 жолдасымен Шошқакөлден кетіп, 25 наурызда Шатыркөл, Асаусалды, Көбенқұдықтағы Байтөре Тоқпанұлы, Ерші, Қарта дегендердің үйінде болды деген. Асылы, Баймағамбет жер мойны алыс Назарлардың мекен-жайларын жетік білмегенде, рапортында батырдың қай күні кімнің ауылында болғанын шатастырып алған. Исатай 18–25 наурыз аралығында Шошқакөл-Шатыркөл-Асаусалды-Көбенқұдықтағы жоғарыда аты аталған билер мен старшын-дардың ауылдарын аралап шыққан. Жер жағдайына қарағанда, ішкі тарапқа бір табан жақын Шошқакөлде Бибатша Қидайұлы мен Изамбет Төреұлының ауылдары отырған. 25-наурызда Исатай Шатыркөл-Асаусалды-Көбенқұдықтағы Байтөре Тоқпанұлының ауылына келгенде, Құдайберген Тәңірбергенұлы деген азамат (Исатай беріктерін ауылында паналатқан Ерсары Тәңірбергенұлының ағайыны болса керек) Батырға екі жүйрік ат сыйға тартқан. Баймағамбет осы ауылда Исатай серіктерінің екіге бөлініп, бір тобы Кенегес Шектінің ауылы Бұлқынға аттанғанын, ал Исатайдың өзі 7 жолдасымен 26-наурызда Қалды, Оймауыт деген жерде отырған Жүсіп Құланұлы ауылына барғанын мәлімдейді.

Махамбет осы тұстарда «Желден де желгір ақбөкен», «Толғай-толғай жүгірген» сынды жырларын шығарған. Бұл өлеңдер көтерілісшілердің кешегі істеген істері мен бүгінгі күйлерін баяндауға арналған. «Желден де желгір ақбөкен» өлеңінде Махамбет Жайықтың ішкі бетінде ие үшін атқа қонғандарын, ал қазір бұл күндері айналасында қаумалаған қарындастың аздығына қапаланатынын білдіреді. Бұл қол жиюға арналған насихаттың бір түрі еді. Ал «Толғай-толғай жүгірген» жыры дастарқан басы өңгімеде көтерілістің жайын сұрап, сөз тартқандарға айтқан жауабы іспетті.

Осы тұстағы Назардың арқа тірек батыры да, аузы дуалы биі де Жүсіп Құланұлы. Соңғы жылдары Орынбор әкімдерімен де, ел іші билеушілерімен де қабағы жараспай жүрген. Көтерілісшілердің Жайықтан көктей өткендегі көзде-

гендері – Науша батырдың саясы еді, бірақ ол биыл жер мойны жырақ Ақтау, Қаратауға қыстауға кеткен. Көтерілісшілер Назарларға тап болды. Жүсіп Құланұлы тарығып келген ерлерді жатсынбады, бастарына үй тіктіріп беріп, ортадан соғым шығартты. Көтерілісшілерді сондарынан қуып келген Асфандияр Сүйеуғалиұлын өтірік уәдемен шығарып салды. 25-наурыздан маусым айының таусылуына дейін Жүсіп ауылы Бұхар беттегі көтерілістің штабы болды десек, асырып айтқандық болмайды. Ол ауыл ел көтерем деп қара жолды шандатқан суыт жүргіншілердің тоғысып, ажырасар жолторабына айналды.

Мұны естіп біліп отырған Баймағамбет бар қаһарын Назарларға төкті. Оны ол 28-наурызда Асфандияр Сүйеуғалиұлы арқылы Бибатша Қидайұлына жолдаған хатынан аңғару қиын емес.

«Бізге түскен мәліметтерден Ішкі Ордан қашқан бүлікшіл Исатай Тайманұлы Назарлар арасында жасырынып жүргені анықталды. Сіз, Изамбет Байтөреұлы (дұрысы Төреұлы) екеуіңіз, менімен жолығысқаныңызда: көрсек, Исатайды ұстап береміз дегенсіз. Бұдан 10 күн бұрып Исатай сіздің ауылда Байтөренің үйінде болғанда, ұстамағансыздар. Сіз Байтөре Тоқманұлы екеуің Исатайды ұстап береміз деп сұлтан Асфандияр Сүйеуғалиұлына хат жолдағандарыңызды ұмытпаңыздар.

Алайда, біз сіздердің уәделеріңізді ұмытқан жоқпыз. Орынбор әскери-губернаторы һәм кавалер атынан ел бүлдіруші Тайманұлын жасырмай, жырылып қашып кетуге жәрдемдеспей, ұстауды ұсынамын. Ұстаған соң Орынбор әскери губернаторына баруларыңа да, маған келулеріңе де болады. Қызметтерің үшін 12 қаңтардағы хатымда көрсетілген 2000 сом сыйлық аласыңдар.

Олай болмаған жағдайда, тиісті жазаларыңды тартасыңдар, қашып тығылар тесік таппайсыңдар. Орыс әскері сендерді таппай қоймайды. Қылмысты Адайларды Бозашыдан, өздеріңді бірнеше мәрте Жемнің жоғарғы басынан қалай тапса, бұл жолы да солай табады. Оған жібермей Исатайды ұстап бергендерің жөн. Сол арқылы сыйлық алып, губернатордың оң қабағына ілігер едіңдер.

Исатай Тайманұлын жасыру қатаң тәттішсіз қилады деп дәмеленбеңдер. Айла-хайламен құтыла алмайсыңдар, әскери күштің шабындысына тап боласыңдар, одан да мұрша барда ақылға келіп Тайманұлын ұстап беріңдер!»

Бұл сарыңдас хат жалғыз Бибатша Қидайұлына емес, Назар руының өзге би, старшындарына да жазылды деуге негіз бар. Исатай-Махамбет көтерілісі тарихында мұндай шектен шыққан дәреке құжат жоқ. Хатынан-ақ Баймағамбеттің мықтылар алдында құрдай жорғалап, нашарларды белден басатын нойыстық табиғаты аңдалып-ақ тұр.

Жайық бойындағы Кулагин қамалында жазылған бұл хат сұлтан Асфандияр Сүйеуғалиұлы арқылы жөнелтілген еді. Оны Назарларға Асфандияр сұлтан қол астындағы Шүрен билері Дүйсенбай Құшабергенұлы мен Құндәлі Жүсіпұлы 10–15 сәуір аралығында жеткізген. Олар Төре Токпанұлы, Бибатша Қидайұлы, Изамбет Төреұлдарымен жолығысқан. Батырдың 15 серігі Ерсары Төңірбергенұлы ауылында, ал Исатай мен Махамбет Жүсіп Құлтанұлы ауылдарында, бірақ олардың қонысы шалғай болғандықтан жете алмадық деген Шүрен билері өз ақпарларында. Бұл жолғы өңгімеде Исатайды ұстау туралы сөз болмаған. Оған құрық жетпейтінін шамаласа керек. Шүрен билері Төре, Бибатша, Изамбеттен Исатайдың 15 серігін ебін тауып шығарып беруді қолқалаған. Назар билері бас шұлғысып қалған.

Мұның бәрі шығарып салма сөз еді. Көтерілісшілерді ұстауға саусақ қыбырлатқан жоқ. Исатай серіктерімен Назарларды өз ауылындай еркін жайлап жатты. Жүсіп Құлтанұлы өзгелерден бұрын Исатайға 500 жасақ сайлап берді. Бұхар беттегі көтеріліске Назар ауылдары мықты да сенімді тірек болғаны талассыз.

АДАЙ – КЕТЕ ҚАНТӨГІСІНІҢ ТАРИХЫ

Исатай Кіші Жүз ауылдарын аралап жүріп мына жағдайға көзі анық жетті: халықтың ақ патшаға шен-шекпенге сатылып, солардың саясатын жүргізіп отырған хан тұқымын ит етінен жек көреді екен. Оларға қарсы қылыш суырып, қол бастаймын деген азамат ерге аткөлік те, жау түсіреп жігіт тауып беруге әзір. Бірақ ру аралық барымта-сырым-

талардан бастары піспей әбден дінкелеген. Әсіресе Адай-Кете арасы асқындап кетіпті. Әлімнің бір баласы Кетелер Адайлардың астамшылығынан қанына қарайып отырған көрінеді. Бұл араздықтың ініне су күймай, мәмілеге келіп қол жию мүмкін болмайтынын жақсы түсінген Исатай жауласқан елді бітімге келтіруді ойлады.

Бұл өзі 1832 жылы басталып, әлі бітпей келе жатқан асқынған дау еді. Жем мен теңіз арасында Қаракұм деген шабындық бар. Оған бірде Адайлар, бірде Кетелер қыстап жүретін. Негізінен ол Кетелердің жері еді. Жаз жауын-шашынды болып, шөп шүйгін жылдары Кетелер жоғары жаққа қыстап, теңіз жағалауындағы ит арқасы қиянға көшіп бара қоймайтын. Содан Адайлар әлгі жерге бауыр баса бастаған.

1834 жылы күзеуде Кетелер әлгі Қаракұмға кеп шөп шауып, шөптерін маялап, осында қыстауға ұйғарысады. Осы кезде Адайлар да жайлаудан ойға құлайды. Шамасы олар да Қаракұмға қыстауға үміттеніп келе жатса керек. Шөптің шабылып, елдің етек басып орнығып қалғанын көріп, адайлар малдарын маяға жауып қоя береді. Осының соңы көдімгі сойыл бұлгасқан сойқанға айналады. Осы төбелесте Адайдың бір атасының белді азаматы Құдайберген өледі. Орнығып қалған көп Кете Адайларды қыстағына кіргізбейді. Адайлар маяларды ортеп кетеді.

Ол кезде ру арасы қақтығыстарында адам өлу дегенарты елдіктен кетіретін кесірлі дау. Кетелер қонысын қорғап бермегені дұрыс болғанмен, кісі өлтіріп алған айыптарын сезініп, айырылған екі араны бүтіндеу үшін Шәли Кете Сарман би бастаған бір топ адамды Адайларға бітімге жұмсайды. Ал Адайлар болса қабырғаларына қан қатып, ащы кектен буынып отыр екен. Шәли Кете Сарман биді серіктерімен сөзге келмей, табанда бауыздап тастайды.

Онымен де қоймай Адайлар сегіз жүз жігіт боп Кетелерге тағы да жорыққа аттанады. Соғыс сол Қаракұм маңында, теңіз жағасында болады. Адайлар тағы да күйреп жеңіледі. Ел арасында Адайлардың бұл жеңілісін екі араға елші болған жазықсыз Сарман бидің қанының өтеуі деп біледі.

Бұл шайқасқа Адайлар Кетелерді мұқатамыз деп жасанып келеді. Кетелердің қолы аз болады. Бірақ олар да қаруыл қарап, күтініп отырған еді. Сол тұста қатты жел болып, теңіз кемерінен шығып тасып, жалпақ су болып қатады.

Кетелер соғысты осы мұз тайғақта бастауды ұйғарып, ауылдарын осы мұзтайғақтың сыртына көшіріп қондырып, аттарын сайлап тағалап алады.

Айлалы Кетелер Адайларды көктайғақ қатқакқа алдап түсіріп, асқындап келгендерді аз ғана қолмен оңдырмай сүріндіреді. Адайлардың тағасыз аттары тайып жығылып, омақасып, мертігіп жатады. Адайлар екі жарылып, кері қашады. Үш жүз адамның кара жерге тұяқтары ілігеді де, ал бір бүйірлеп қиястай қашқандары теңізге барып ұрынады. Ол ара тіпті жаман еді. Қысқасы, мертіккені бар, өлгені бар, тұтқын болғаны бар-Адайлардың үш жүз адамы жайрайды.

Осы соғыста қол бастаған жас батырдың бірі Ығылман жырында ауызға алынатын Тілепті де, Кетенің бас батыры «қанішер кара» Пұсырман екен. Бұл сойқанның алдында Қабыл ақсақал келіп, көрген түсін баян етіп еліне дем береді. Осы шайқаста үлкен ерлік көрсеткен әйгілі мерген Қара ұста. Оның шын аты Жапалақ, зор кара адам болған соң, айтулы зергер, өнерлі ұста болған соң, ел «Қара ұста» атап кеткен. Қарақұм маңындағы мұзтайғақ қырғынында Кете-лердің атын тағалап, берген сол. Жапалақ-Қара ұста Исатай Махамбет көтерілісіне белсене араласып, сарбаздарға кылыш, найза, мылтық соққан.

Қарақұм көктайғағында оңбай жеңілген кекті Адайлар Кетесі не, Шүрені не бәрі бір өлімнің баласы деп, келесі жылы Шүрен Шонты бидің көшін шапқан. Бұл шайқаста Шүреннің 200 адамы жазым болған. Бірақ алты Әлім қабырғалы көп ел еді. Ақкөз батыр Адайлар адам жағы аз болып, арқа бетке адым аттай алмады. Олардың қоныстары – Инді теңіз мүйісінен, яки Өліқолтықтан аспады.

Келесі жазда тағы да үлкен қантөгіс болды. Әлім ауылдары Кете, Шүрен азаматтары хабар салып күтініп, Адайлардың жолын торып жүрді де, зауза айында Қиыл өзенінің Батпақты деген жерінде бетпе-бет жолығысты. Әлімдер өткелге бекініп алып, адайларды өткізбейді. Содан Адайлар батпақ кешуге мәжбүр болады. Сол жерде күтінген Әлімдер шабуыл бастап, бірнеше адамын өлтіріп, Адайларды тағы да мұқатады. Адайлар өлгендерін Батпақты жанындағы қоңыр Төбенің басына жерлейді.

Міне, аталмыш даудың ұзын ырғасы осындай. Екі жақ

бітіспеске кеткен-ді. Ел апырай, мұның соңы не болар екен деп үрейленуде еді. Исатай осы іріндеп ушыққан қиын дауды бітістіруді мойнына алады. Ол кездегі дәстүр бойынша бітістіруге ауылдың үлкендерінен рұқсат алуы керек-ті. Исатайдың Жем бойына келісімен Шектінің тірі аруағы Көтібар мен Арыстанды, Табынның көзі тірісінде табынған пірі Асау Барақты іздеуі осыдан. Ә дегеннен Кетенің батыры Құдайбергенді оған күдекемнің өзі жолықтырды. Одан Жемдегі Кете Әжібайдан бата алған Қабыл қария ауылында болып, Адай-Кете қантөгісінің басы-қасында бірге болған жас батыр Тілепі, «қанішер қара» Пұсырман, Қара ұста – Жапалақтармен ауыз ба-ауыз сөйлесіп, екі араға бітімші болуға Кете ауылының келісімін алған-ды. Содан кейін Әлімнің ең іргелі атасы Шекті ауылымен кеңесіп, пәтуаға бата алуды ойлаған. Ығылман Исатай Көтібармен, Арыстанмен, Күлептің ұлы Жүсіппен сөйлесті дейді. Жоғарыда бұл кезде Көтібардың бұл жалғанның жүзінен озғанын айтқанбыз. Ал Ығылманның Күлептің ұлы Жүсіп деп отырғаны-Жүсіп Құланұлы, әрі батыр, әрі би, Әлімдегі бес Шектінің сол кездегі жауға да, дауға да салатын басты адамы еді. Ығылман Жүсіп Құланұлын Көтібар, Арыстандармен қатар атай отырып, бір жерде олардан бөліп жырлап, Исатай Адай-Кете дауының тарихын Жүсіптен қанықты дейді. Исатайдың Жүсіп Құланұлы ауылына 26 наурыз күні келген архив құжат-тарынан белгілі. Ығылман Көтібар дегенде, Көтібардың бел баласы Есет Көтібарұлын айтып отырған шығар. Есет Көтібарұлы 1807 жылы туған 31 жастағы ауыздықпен алысқан қылыштың жүзіндей толқымалы кезі. Архив қағаздары Исатай, Махамбеттің Есет Көтібарұлымен кездескенінен хабар береді. Ал дастанды осы уақыттан 80 жыл кейін жазған Ығылман екеуіде атақты батыр болған соң, баласы мен әкесін шатыстырып алуы ғажап емес.

1838 жылдың наурыз айының аяғы, сәуірдің басында Назар ауылдарының бірінде Исатайдың қатысуымен келелі кеңес болады. Кеңеске Әлім Айқын би, Жүсіп Құланұлы, Байтөре Тоқпанұлы, Бибатша Қидайұлы қатысады. Бұл жиында Әлімде менен басқа кімнің бар деп жүрген Шүреннің азулы қарт биі Шонты Жамантайұлы болмайды. Жақияны ұстап берген оның бет моншағы үзіліп өзі келе алмады ма,

болмаса Исатай алдырмады ма ол арасы белгісіз. Ол бұл кеңеске қатысуы керек-ті. Себебі Адайлардан жапа көргендердің бірі соның ауылы еді. Бірақ қатыспады.

Исатай бұл жиында Әлімнің игі жақсыларынан дауды бітістіруге кепілдік алам деп жалтақтап именбеді. Керісінше, азуды баса асқындай сөйлеп, Әлімдерді тұқыртып тастады. Ол Әлімге аға баласысың, кішіге қамқорсың, білгендігің қайдадан бастады. Жерің нулы, сулы, жайылымың шалқар, шабындығың ат сауырын жабады. Ойыл, Қиыл, Қобда, Елек сияқты өзенді, көлді, қалың ну, шүйгінді қонысың бар. Тұнықтан жүзіп ішіп отырсың. Ал Адайдың халі нешік? Шілдесі ми қайнатқан ыстық, шыңыраудан қауға тартады. Арқырап, сарқырып жатқан өзені жоқ. Кейбірде арамнан әрі де емес, бері де емес, жаңбырдан қалған сары қақтың суымен тамақ жібітеді. Арқаның алпыс саласы жетпегендей неге апшыдың? Біле білсең, Адай — саған да, маған да қонақ, әсіресе аға баласы саған-қонақ.

Адайға теңдік бергісі келмей, бет алдары шаңытып, шамырқанып отырған Әлімдер Исатайдың мына ұтылап сөйлеген жүйелі сөзіне жауап таба алмады деседі. Мәселе жауап таба алмағанда емес, ел іші араздасып қан тоғуден шаршап шалдыққан еді. Қиын істі қиюын тауып бітіруге оқталған Исатайдай аталы ердің сойын көрген соң Адайлар бітімге келсе, біз бітісуге бармыз деп уағдаларын береді.

Бір ауыз сөзбен елді көшіріп-қондыратын небір дуалы ауыздар тайсақтап баспай отырған бұл өлімді қиын дауды бітістіруге Исатай неге құлшынды? Біріншіден, араз боп, өзара аңдысып қалған аталардың басы піспеген соң, арадан әскер жиып бере алмайтын. Екіншіден, Жайықтың арғы бетінен қашып келгендей болған Исатайға үлкен-кішіні ауызына ұйытып, сөзін тындату үшін бедел керекті. Үшіншіден, ол бәрібір ел аралап, көтеріліске үндеуі керекті, ал мына дау Әлім-Адайдың ел ұстаған тұтқалы тұлғарларымен жүздесуге өзі қол болды. Ол кеңеске қатысқан Әлімнің басты азаматтарына Жетіру елін алдағы тұрған жортуылдарға ұйымдастыра беріндер деп тапсырды да, өзі азық пен қосын атан түйелерге қондап, Адай еліне жолға шықты.

АДАЙ АРАСЫНДА

1838 жылы наурыздың аяғында Махамбет Хиуаға қыстап, көктемде үстірт асып, жайлауға бері түсетін Қайыпқали ауылына аттанды. Ал Исатай сәуірдің бірінші он күндiгiнде Адайларға жолығу үшін Маңқыстауға бет алды. Көтеріліс басшыларының бірі Хиуаға, екіншісі Адайларға жолға шығып кетісімен олар туралы патша әкімшілігі кеңселеріне түскен ақпар да сап тыйылды. Махамбет Қайыпқалиға жолығу үшін бес адам боп барды. Исатай Адайларға 7 кісі боп аттанды.

Ал басшылары жолға шығып кеткен соң, өзге көтерілісшілер ат сабылтып, ел арасын дабырлатпай Шатыркөл, Асаусалды, Қабенқудықта Исатай мен Махамбеттің келуін күтіп тыныш қана отырды. 1838 жылы наурыздың аяғынан бастап сәуір айы түгел, мамырдың басына дейін көтерілісшілердің көбірек аялдаған жері осы маң деп білеміз. Тек батырдың ауылдас ағайыны әрі қанды көйлек сенімді серігі, ақпан айында Жайықтан жасырын өтіп, Тайсойғандағы Исатайға кеп қосылған Төлеген Серекенұлы ғана төрт жолдасымен Исатайдың хатын алып, Сағыз-Ойыл арасында отырған Таз, Ысық, Шеркен ауылдарына аттанған еді.

* * *

1838 жылы сәуірдің орта кезінде, Әлімнің батыр, би, старшындарының уағдалы сөздерін алған Исатай Адай еліне ат маңдайын қаратып, тоғыз күн жол жүріп, Есет жырауды тауып барып, ордасына түсті. Есет жырау деп отырғанымыз – сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр, тірі шежіре Есет Қараұлы. Руы-Беріш. Байсейіт ішінде Қаратоқай. Жастық шағы Тайсойған, Бүйрек күмдарында өтіп, ел арасы алалығынан, Сырым қозғалысынан кейінгі қуғындаудан ығысып, Адайлар арасына Маңғыстау асып кеткен. Адай арасына келіп сіңіскен Беріштерден әйгілі Құлбарақ батыр шықты. Ол Адай-Түрікпен жаугершілігіне бастан-аяқ қатысып, қан майданда шейіт болған аруақты ерлердің бірі.

Бір ғажабы – Берішке жұғысты ақын болсын, шешен болсын – майдаламай ірі турап, ойып айтуға алабөтен әуес болған. Қаратоқай Есет, Жайық Беріш Махамбет, Қаратоқай

Мұраттарда – осындай бір ішкі ұқсастық бар. «Мен, мен едім, мен едім...» деген мінезді жолдар поэзия әлемінде тек Махамбет пен Есет Қараұлында кездесетіні ғажап:

*Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде
Еңіреген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім.*

Махамбет.

*Мен-мен едім, мен едім,
Қатарға салсаң қайыспас
Қас қара нар мен едім,
Шабуыл салса шаршамас,
Шынайы тұлпар мен едім.
Су шашырап, жел тимес,
Аударылмас қара кеме едім.
Қасарысып келгенде
Қап түбіне сыймаған
Қара болат мен едім.
Қиядан ұшқан қу ілген
Анық сұңқар мен едім.
Теңеуірінім теріс біткен,
Тепсем жсілік сындырған
Қыран бүркіт мен едім.*

Есет Қараұлы.

Сарын ұқсастығы өз алдына, тіпті теңеу ұқсастықтары да кездесетінін қайтерсіз. Махамбет те: «Мен-мен едім, мен едім», «Қатепті қара нар едім», «Мен бір шарға ұстаған Қара балта едім», «Ақсұңқар құстың сойымын» демеуші ме еді? Бұл өлеңдерден иісі Беріш ақындарына тән ортақтық табу қиын емес.

Есет жырау іздеп келген Исатайдай інісін құдай шалқып, теңіздей тебіреніп қарсы алды. Әйгілі жыраудың қуаныштан төбесі көкке бір елі жетпеді. Ағайындарын жиып, арыстан мүсінді інісіне қонақасы берді. Ұлан асыр той жасауға Адайдың болғалы жатқан асы қолбайлау болды. Исатайдың тарихын естіген Есет: намысқа шауып, үш Алшынның басын қосу керек деп қызынды. Содан керек адамдармен жолығысу үшін болғалы жатқан асқа баралық деп шешті. Исатай Есет ағасының үйінде 6 күн болды.

Есетке ілесіп Исатайдың келе жатқанын естіген Адайлар батырға арнап, әдейі үй тіктірді. Ту бие сойып, тік тұрып қарсы алды. Адай да, тентектері көп, сүйкенгіш ел еді. Байтағын алдырып, шамырқанып келген батырдың маңына жуып, шамына тиюші болмандар деп жігіттерге қатты ескертті.

Астың келесі күні айтатын бұйымтайым бар деп, Исатай жатқан үйіне Мәмбетнияз, Шабай, Адайдың аруаққа айналған арқалы батыры Сүйінқараны шақыртты. Исатай не айтады деп, егдеріп қалған Сүйінқара батыр Адайдың аузын ұстаған игі жақсылары мен жайсаң, жампоздарын түгел ілестіріп келді. Исатай тіріге сәлем беріп, өліге салауат айтты. Түрікпендердің қолынан Сүйінқараның баласы өліп, екі қызы тірідей тұтқын боп кетіп отыр еді.

Исатай Сүйінқараға қарап сөз бастады:

«Уа, тобынан торай шалдырмай, елден пұшпақ алдырмаған, Адайдың ығына қамсау, желіне қорған болған, батыр аға! Жаумен жағалассаң бір сәрі, ағайынмен жағаласып, тышқанышылаған кәрі бүркіттің кербін кигенің не болғаның! Алшынның үш ерқасы саған бөтен бе еді? Әлім ағаң, Табын інің емес пе еді. Айналаңа алакөз болғаның қалай? Есігіңе еңкейіп келген құдайы қонақ, ел біріктірем деген елшіде не жазық бар еді? Елшілікке жүрген ара ағайынның жазықсыз қанын шашып, істемегенді істеді тентек ағайындарың. Енді, міне, дұшпаннан емес, өз-өзіңнен топалаң тиген қойдай қырылып, саның кеміп, атқа мінер азаматың азайып отыр. Өз-өзіңді жүндей тұткеніңді көріп, айналадағы анталаған ашкөз жау «шоқ-шоқ» деп алақанын ысқылап отырғанын неғып көрмейсіз? Алшынның үш баласы бір-бірімен жау болған соң, бұл елде не опа болмақ? Етекпен басқан жау аз ба еді? Біздің алысар да жұлысарымыз сол емес пе еді?!»

Адайлар тосылып қалады. Исатайдың сөзіне уәж айтуға себеп жоқ-ты. Сүйінқара сөз алады:

«Қарақұм ата қонысымыз еді. Нанбасаңыз көріңіз — атамыздың сүйегі сонда жатыр. Иә, ағайынның қаны төгілгені рас. Жігіттер жандасып жүріп, Әлім ағадан аяқты малды көп алды. Ал адам жағынан біздің шығынымыз көп. Ағалы-інілі екі ел арасының бүлінгені қабырғаға батпайды емес, батады. Іргеміз сөгіліп, бір қабырғамыз үңірейіп отыр. Асқынған дауды бітістірем деп ниет түзеп келсең, билікті бердік қолыңа, батыр інім. Жөнін тап та, ағайынды жымдастыр!»

Әр нәрсенің толғағы жетіп, пісіп-толатын кезі болады. Әлім, Кете, Адай арасындағы ұзаққа созылған осы даудың да жайланып сабасына түсетін кезі болған. Әлімдер қалтарыс-бұлтарыстарда Адайдың адамдарын аямай жазым еткенмен, малды көп алдырып еді. Адай болса, сол алған малдың қызығын көргені шамалы. Жем, Сағыздың шүйігініне аяқ аттай алмай, арқаның ен жайлайтын салаларына жете алмай, құмға қамалған адайлардың малдары азып кетіп еді. Құмқата індеті көбейген. Адайлар, сулы, нулы, жайылымды, қыз алып, қыз беріскен құдаларын бір көруге зар боп отырған. Ел арасын жымдастырып жіберуге ауызы дуалы, бейтарап ара ағайын шыға қоймаған. Атағы Петербордан бастап, жалпақ елге кең жайылған азулы би, шешен Исатай осы тұсқа тілегенге сұраған дегендейін дөп келді.

Исатай билік айтуға екі жақтан да ризашылық алғанмен, әлі алқа топтың алдында кесімін айтқан жоқ-ты. Адайдан бітімге келісім алғанын хабарлап Кете Қабыл ақсақал, Назар Жүсіп Құланұлына ат шаптырды. Оларға: ағаның жолын істеп, Үшбөкембайға үй тіктірсін, енді бір он күнде Адайлардың көшін бастап Жемге құлаймын, кесігімді сонда жария етермін деп сәлем айтады.

ҚАЙЫПҚАЛИМЕН ШЕКІСУ

Исатай Сүйінқара бастаған Адай атаның ат байлар казықтай азаматтарымен ақылдасып, пөтуға келген кеңестің соңғы жағына Қайыпқали Есімұлы да ілікті. Оның жанында Махам-бет бар еді. Қайыпқали Адайлардың ел билеуші сұлтаны ғана емес, жауға тізе қосысып бірге шауып жүрген басы сыйлы азаматы да еді.

Қайыпқали Әбілхайырдың баласы Есім ханның тікелей ұрпағы.

Исатай Қайыпқалимен қабақ тігіскен қас болды. Оның себебі мынада: Ішкі Ордада жүргенде Қайыпқали Жәңгірге қарсы оппозицияны басқарды. Оны білдірмей қолдаған Шынғали Орманұлы мен Шөке Нұралыханұлы сұлтандар. 1827, 1829 жылы Ішкі Ордадан ел көшіру бүлігін бастаған осы Қайыпқали. Оның сөзін сөйлеп, пиғылын жүзеге

асырушының бірі Махамбет болғанда, екінші тірегі Байбақты Науша батыр. Ал Исатай болса, ол кезде Жәңгірдің жыртысын жырты.

1829 жылы Қайыпқали, Махамбет, Науша елді Жайыққа қарай көшіріп бара жатқанда алдарынан орыс-казак әскерінің атаманы Д. Бородин қарулы жасақпен қарсы шықты. Қайыпқали 10 жолдасымен қолға түсті. Махамбеттің тұтқындалған осы 10 адамның қатарында болған болмағаны туралы нақты дерек жоқ, бірақ осы бүлікке қатысканы үшін Калмыков түрмесінің дәмін татқаны анық.

1829 жылы Қайыпқалимен бірге тұтқын болған 10 адам Финляндияға жер аударылды. Ал Қайыпқали Орынбор түрмесінде отырды. Одан 1830 жылы қашып шығып, Хиуаға асады. Ол патша әкімшілігінің ресми іс-қағаздарында «қашқын сұлтан», «бүлікшіл сұлтан» атанып, Ресейдің қас дұшпандарының қара тізіміне ілікті. Қайыпқали Хиуа тағының төңірегін сағалауға мәжбүр болды. Бірақ онда бағы жанбады да, қайтадан казак арасына келді. 1832 жылы Адайлармен бірігіп, Хиуа шапқыншылығына қарсы күресті. Оның осы ісі үшін, Орынбор Шекара комиссиясы бұрынғы қылмыстарын кешкендей сыңай танытты. Ол туралы іс тоқтатылды. Қайыпқалидың Хиуа хандығына қарсы күресі Хиуа ханына кәдімгідей ой салды. Қайыпқали тілінен де, қолынан да келетін шешен, іскер жан еді. Хиуа ханы оны Хиуа төңірегіндегі қазақтарға хан сайлауды жөн деп тапты. 1835 жылы желтоқсанда Хиуа ханы оған екі хиуалық, төрт түрікпен, алты қазақтан елші жіберді. Оған хан сыйлығын: сабы піл сүйекті пышақ, тағатын алтын түйреуіш әкеп табыс етті. Оған мынадай шарт қойылды. Хиуа төңірегіндегі көшпелі қазақтарға хан боп, Хиуа тағының құзырына сөзсіз бағынып қана қоймай, көшпенді қазақтарды Хиуа хандығына көбірек мойынсұндыруға міндетті. Қайыпқали бұл ұсынысты қабыл алып, 1835 жылы 31 желтоқсан күні хан болу үшін Хорезмге аттанды. Сүйтіп, ол Хиуа ханымен татуласты. Жылы қабақ, қарым-қатынасты нығайту үшін Алақұлға қызын күйеуге берді.

1836 жылы Қайдақ қойнауындағы Ново-Александровск камалының комендантымен Қайыпқали кездесіп, келісім жүргізді. Ондағы мақсаты Орынбор генерал-губернаторы

Перовскийден өз басына ресми кешірім алу еді. Перовский «сатқын», «бүлікшіл» деп оны жолатпады. Ново-Александровск бекінісінің комендантына Қайыпқали Есімұлымен қарым-қатынас жасадың деп қатаң сөгіс жариялады.

Қайыпқалидың бұл әрекетінен хабардар Хиуа ханы оны қолдан шығармауды ойлап, 1836 жылы Адайға билеуші етіп тағайындады.

1838 жылдары Қайыпқали шылауында Адай тайпасы ғана емес, Шекті, Табындар да болды. Шекті, Табын руларына Хиуа ханының зекетшісі боп бекітілді. Біздің тарихшыларымыз Қайыпқалиды жамандағанда шаңын аспаннан қақты. «Екі жүзді», «сатқын», «опасыз» — басты теңеулері осылар. Қайыпқалиды бағалауда тарихшыларымыз отаршыл орыс әкімдерінің шылауында кетті. Ал, шын мәнінде, ақ патша әкімшілігіне түгел беріліп, солармен тізе қосысып алып, қазақтың бас көтерерлерін езіп-жаншыған Кіші Жүз төрелері арасында орысқа жан-тәнімен қарсы осы Қайыпқали еді. Отарлаушылыққа қарсы жан аямай күресті. Бірақ үлкен тұлға дәрежесіне көтеріле алған жоқ. Оған жеке бас, табиғи кемшіліктер кедергі болды. Отарлау тажалын тоқтау үшін еңіреген ерлер қара орманына қарайламай, жан пидалап жатқанда, ол бірікпейтінді біріктірем деп, нағыз ерлерге жараспайтын қылық көрсетіп алды, ел-халық қамы деп белсене жүріп, бас пайдасын да жан амандығын ұмытпайтын есепшілдеу болды. Ал ол тәуекелшіл қазақ табиғатына шетіндеу қылық еді. Кезіндегі жұрттың Қайыпқали туралы екі оқ әрі-сәрі пікірде болуы осыдан.

Адайлар асқа кешігіп келген Қайыпқалиға жеке үй тігіп, ханымыз деп қолпаштап, алақанға көтеріп сыйлады. Жақсы болсын, жаман болсын тегі ақсүйек емес пе? Алыстан ат артып келген Исатайға сәлем беруге келмеді. Айтатыным бар деп асқа келген жақсыларды үйіне шақыртты.

Исатай оны ілкіден-ақ жек көруші еді. Аяғын басып, еңкейіп келуге арсынған мына қылығына сақал-мұрты тігіліп, шамырқанып қалды. Жағын шайнап, ызасын ішіне түйіп барды. Исатайдың өмірде алдына бармасын деген адамының бірі осы — Қайыпқали еді, күдіретке не шараң бар, алдына ұрмай соқпай келтірді. Исатайдың 1834 жылдан бергі әрекеті, сөзі, күресте ұстанған саяси бағыты хан, төреге

қарсы еді. Ол хан төре тұқымы қара қазақтың соры, ел тізгінінен айырылып сорлап отырғанымыз солардың қырсығы, шен-шекпен үшін қазақты орысқа сатты деп зарын айтып зарлап, осында келгелі де олардың сұрқиялығын естір құлаққа жар етіп баққан.

Сөйткен төре тұқымының алдына баруға мәжбүр болды. Қайыпқали Адайларға шаруасын айта отырып, жағалап Исатайға келгенде, оның баяғыда Жәңгірдің сойылын сілтеп, елді бергі бетке өткізбей, қара халықтың обалына қалғанын бетіне басты. Жасынан орысша оқып, бөтен сүт емген, шоқынбаса да шоқынуға әзір Жәңгірдің не көрсетті, ақыры артыңа шала байлап қаңғытып жібермеді ме деген сынды сөз айтты.

Батыр, бұл сөзге төзе алмай, шаңыта жөнелді:

«Уа, атаңа нәлет ақсүйек! Өңім түгіл түсімде көрмесің деген ата дұшпан өшпендімнің өзі едің, көзіме неғып көріндің. Қазақтың киесіті ұрғыр! Қазақтың арқасында аяғың салаңдап, атқа мініп, нан тауып, бала асырап отырсаң да, шекпен астынан жұдырық түйуіңді қоймадың-ау, сен, хан тұқымы! Арқадағы Адайды ата жұртынан айырып, сартқа қосам деп нең бар еді? Қосылмаған қазаққа: «Асырасаң адам болмас, діннен безген дінсіз» деп неге тілің тиеді. Қызыңды сартқа берсең, сен бердің, үш жыл сарттың көтіне ерсең, сен ердің! Енді бізді апарып, сарттың бауырына салмақ па едің?»

Сонда Қайыпқали былай деп уәж қайтарды:

«Ақсүйексің деп аузыңа келгенді құстың, Исатай. Сүйегім төре болғанмен, хан жақтаған жерім жоқ. Жақтаймын деп қараны туған жерден кеткенмін. Ақсүйек деп күйдірме, тіліңді бекер тидірме! Қай орында болсам да, қазаққа залал етпедім. Қара қазақ қамын жеп, Ішкі Ордаға сая алмай, сенен бұрын кеткенмін».

Қайыпқалидың әп дегендегі алғашқы сөзінде: «Жәңгірге қол шоқпар болып едің? Сөйткен Жәңгір не етті? Құйрығыңа шала байлап, қаңғыртып жіберді» деген сөгіс бар еді. Исатай да оған: «Әуел бастан қаңғырып, қашқын болған өзіңсің» деген шығар. Қайыпқали: «Хорезмнің ойынан, теңіздің Арал бойынан мөйек шаншып, белгі етіп, атақонысымды таптым» деп, жауап қайырады. «Қазақ, қалпақ, сыртынды, азып-тозған халқынды аузын қосып пенде еттім»

дей келіп, ашу үстінде қазаққа нақақ тіл тигізгеніне кешірім өтінеді.

Исатай борандатып қоймайды: Қара казактың камы үшін еңіреген ер едім деп елді алдама, оныға кім сенеді? Ішкі жақта Жәңгірмен тақ үшін таласып, басыңнан бақ тайған соң, беталды күла қаңгып кеткенсің. Енді келіп, халықшыл ер боласың. Халықшыл ер болсаң, соңыма ермедің деп, жазықсыз елді неге шабасың? Байнағымды шауып, ауылын талаған сен емес пе ең? Қазаққа залалым тимеді деп не бетінмен айтасың? Атаңның құны бардай Көккөздің 1000 жылқысын алғаныңмен тұрмай, жол торыған тойымсыз ұрыдай үйін неге үптеп кетесің? Алаша Сатай болмағанда, соның бәрін сіңіріп кетер едің? Енді кеп «қазақ, қазақ» деп таңдайың тақ-тақ етеді. Ол аздай тіліңнің бізін қадап, келімсек деп, кемсіткен боласың, тұрысар жерінді айт та, көне, шық далаға! Әуселенді көрейін!

Исатай қанына қарайып, орнынан атып тұрады. Қапелімде қозғалмайтын, қозғалса атойлап қайыру бермейтін Исатайдың бір ұрт, қыңыр мінезіне қанық Қайыпқали кішірейіп, артық сөзі үшін батырдан кешірім сұрайды. Бірақ Исатай оның сөзін құлаққа ілмей, есікті тарс ұрып шығып кетеді. Өзіне тігілген үйге келіп сауыт-сайманын киініп, серіктерін жиып, жекпе-жекке дайындалады. Исатайдың соңынан Сүйінқара жүгіреді. «Жақсы болсын, жаман болсын, Қайыпқали қонағымыз, қонаққа тиісу жол емес» деп басу айтып, Исатайды тоқтатады.

Екі дәу бір-біріне азу білеген соң асқа келген қызыққа таңсық халық далаға шоғырланып жиналып қалған екен. Исатай ел алдына шығып, сөз айтады: «Қайыпқали қарап жүрмей туысымды шауып, малым мен кегім кеткен еді. Қафу етіңіздер, ағайын! Сол кегімді құғаным» дейді.

Ел алдында Қайыпқали кінәсін мойнына алып, ат-шапан айыбын төлеп, батырға 9 ат мінгізеді. Сөйтіп, Исатай ашуын тастап, Қайыпқалимен төс түйістіреді.

САМДАҒЫ СҰХБАТ

Адай асында Исатай мен Қайыпқалидың қатты кетісіп алып, табысқанына таңқалуға болмайды. Ол кездің ерлері ірі тураған да, жүйелі сөзге төрелік беріп, тез жарасып отырған. Яки бұдан екі ғасыр бұрынғы бабаларымыздың құлық-мінезінде қазіргіден әжсптеуір айырмашылық бар.

Қайыпқали Адайдың асынан кейін Исатайды қонақ бол деп, Самға қарай ентелеген ауылына алып жүреді. Исатай Қайыпқали ауылына Махамбетті есептегенде 6 адам болып аттанған. Олар Сам құмына ілігер етекте ақбоз үй тіктіріп, араздықты ұмытып, ел көтеру мәселесін ақылдасқан.

Батырлардың бұл оңаша мәжілісі туралы Ново-Александровск бекінісінің коменданты 8 мамырда, ал Шекара комиссиясының Адай арасындағы жүлделі тыңшысы Шахмарданұлы Батырхан молла 9 мамырда Орынборға ақпар жөнелтті. Әлбетте, Батырханның мәліметі қомақты да тыңғылықты. Ол бұл мәжіліске Ысық старшыны Достан Сарыұлының, Қаракемпір Шеркеш старшыны Кенжәлі Балықұлының, Таз руының старшыны Наурыздың қатысқанын хабарлаған. Бұлар Исатай қыс айларында Тайсойғанда болғанда сөз байласқан адамдар болса керек. Батыр Қайыпқалимен қай шамада кездесетінін біліп, Адай асына аттанғанда Төлеген Серекенұлынан оларға хат беріп жіберген.

Аталмыш рулардың старшындарымен жеке дара әдейілеп сөйлесудің айырықша мәні бар-ды. Ол Жайыққа жапсарлас ішкі тарапты жайлайтын да, Жайық шебі бекіністерінен, Баймағамбет сұлтаннан кіріптар еді. Алдыменен көтеріліс жағына соларды шығарып алса, басқалары жарым-жартылай болса да қолда еді. Қайыпқалидың Адай, Табын, Назарларға билігі жүріп тұрған.

Батырхан молда осы көктемде Шекара комиссиясынан жасырып алатын жалақысының өтеуін артығымен орындалды. Исатайдың ізінен көз жазбай ілесіп отырған сияқты. Ол ол ма-тіпті батырдың құпия тапсырмасымен жасырын жұмсаған адамдарының да іс-әрекеттерін біліп қойған. Соған қарағанда ол жалғыз болмаған, Адай арасында жақсы ұйымдасқан тыңшылар жүйесі жұмыс істеген. Батырхан аталмыш рулар-дың басшыларына Исатайдан 4 жігіт хат

апарғанын, олардың Қараораз Ысық Бұтақ Торғайұлы мен Күшік ауылында жатқанына дейін егжей-тегжей хабарлаған. Сонымен бірге көріпкелден бір кем емес қасиеті бар сұңғыла тыңшы Таздар мен Ысықтардың Сағыз бен Ойыл арасында отырғанын, кешікпей олардың әлі де сырттағы Топырақшағылға көшетінін, ал Самай қожа мен Бадай би Шеркекштерді ілестіріп Ойылдың сыртқы тарапына аяқ салғандарын айтқан.

Соңғы жағдай Кіші Жүздің батыс бөлімінен елдің арқаны сырт салуы Орынборда жаман айғай тудырды. Жұртыңа ие болмадың деп әскери губернатордан бастап Баймағамбетке дүрсе қоя берді. 19 маусымда Баймағамбет хат жазып, Перовский алдында ақталуға мәжбүр болды: «Қыс бойы Исатай Тайманұлын іздеумен айналысып, шеп бойындағы қазақ-тардың ойында не барын аңдауға мұршам болмады. Көктем біліне қайсыбір ауылдар өз ағайындарынан ірге айырып, алыстап көше бастағаны рас. Олар Жайық жағалауынан казак-орыстар шөп шапқандықтан, жайылымнан қысылдық деген сылтау айтады».

Жауын алдында аспанды бұлт торлайтындай, бұл жаман нышан еді. Тағы да толқу болатыны анық сезілді. Шекара комиссиясы елді тоқтату үшін үндеу таратуға мәжбүр болды: «Жайлауларын тастап, қыр далаға жырақтап көшкендер-шеп маңындағы бұрынғы қоныстарына жіберілмейді».

Батырхан өз ақпарының соңында күпия мәжілісте Қайыпқали әр рудан 100 адамнан жасақ жиоға пәрмен етіп, жан-жаққа шұғыл шабарман жөнелткенін мәлім еткен.

Мамырдың 8–9-дарында Самның кіреберісінде Қайыпқали ауылында болған мәжіліс осындай пәтуаға келді. Әп дегендегі аяқ алыс жаман көрінбеді: отаршыл ақ патшаға, оның итаршылары сұлтандарға халық қарсылығы қайтадан жанданатын шешуші қадам жасалды.

ЕСЕТ КӨТІБАРҰЛЫ

1838 жылдың жазында Кіші Жүздің ішінде қандай елеулі оқиғалар болғанына да тоқтала кеткеннің артықтығы жоқ. Қалай дегенмен де, солардың Исатай көтерілісіне не оң, не теріс әсері болмай қалмады.

1838 жылы мамыр айының ондарында, яғни Исатай, Махамбеттер Самда Қайыпқалимен мәслихаттасып жатқанда Назар ауылының жігіттері шекара шебінен өтіп, Подгорный бекінісінің 11 атын айдап әкетеді. Оларды бастап жүрген Шекті арасындағы қашқын Тама Құлту деген еді.

Олардың соңынан қуғынға зауряд-хорунжий Медведьев бастаған отряд шығады. Барымташыларға күші жетпейтінін шамалаған ол қосымша көмек сұратып Сухореченский камалына бір казак-орысын шаптырады, хабар тиісімен Сухореченскден жанында 12 казак-орысы бар зауряд-хорунжий Шустиков шығады. Бірақ көп ұзамай бес казак-орыстың аты болдырып, тоқтап қалады да, олар сол маңдағы Губерлин бекінісіне қайтуға мәжбүр болады. Ал Шустиков 6 серігімен барымташы 5 қазақтың соңына түседі. Түз қазақтары қаша ұрыс салып, ұзай береді. Теректі өзенінің маңындағы Жал-ғызағаш деген жерге келгенде, сау етіп қырық шақты салт атты алдарынан шығады. Шаппа-шап ұрыс басталып кетеді. Егор Барышников деген казак-орыс он үш жерінен жара-ланып, жантәсілім етеді. Шустиков 6 солдатымен қолға түседі.

Осы хабар Орынбордың құлағына жетісімен-ақ Шекара комиссиясы губерниялық секретарь, көрнет Мұхаммед Шаріф Айтовты оқиғаның анық-қанығын білу үшін қырға жұмсады.

Айтов алдымен Кіші Жүздің Орта бөлімінің билеушісі әскери (войсковой) старшина Жүсіп Нұралыұлының ауылына келеді. Жүсіп сұлтан қарап отырмапты. «Тілеукабақтар орыстан жылқы алып, адамдарын ұстап әкетіпті» деген хабар естісімен, Тілеукабаққа би Қозыбақ Мұсылманқұлұлын жұмсаған. Сосын Баймағамбет Айшуақұлына «отрядыңмен кел, ұрыларды бірігіп қуайық» дей хат жазған. Елек бойындағы Төңірберген ағашы деген жерде қосылайық деген. Жүсіп Нұралыұлы шекара шебінен 65 шақырым Тамды деген жерде тұрады екен.

Шекара комиссиясының чиновнигі Айтов 1838 жылы 15 мамырында Орынборға Жүсіп Нұралыұлы ауылынан былай деп хабар береді: «Шустиковты байлап әкеткен Көтібардың Есеті мен Түпей көрінеді. Түпейдің руы-Жағалбайлы. Ол-Тілеукабақ ішінде жүрген қашқын. Есет пен екеуі 150 шақты адаммен барып Шустиковты қолға түсіргендерінде, бұлардың ауылы Кіші Бірғыздың бойында екен. Қазір Борсық құмына көшіп кетіпті».

26 мамырда Айтов Шекара комиссиясына тағы да төмендегідей хабар берді:

«...Кінәлілер анықталды. Олар Қарабас тайпасының батыры Есет Көтібарұлы мен Ырғыз тайпасының қазағы Қайдауыл көрінеді. Және біреуі — руы Жағалбайлы, Олжабайдың баласы Түпей деген қашқын қылмыскер.

Айтушылардың сөзіне қарағанда, оқиға былай болғанға ұқсайды. Шекті руының ауылдарында жасырынып жүрген Тама Құлту (әкесінің аты белгісіз) қасында бірнеше адамы бар Губерлин камалы тұсынан ішкі тарапқа өтіп, шеп күзетінің жылқыларын алып қашады. Оның соңынан қуған әскери команда қазақтарға жетіп, жылқыларын айырып алып қалады. Содан қайтып келе жатқанда Тілеуқабақтың адамдарына кезігіп қалады да, отряд соларға оқ атады. Бірнеше қазақты жаралайды. Содан шаппа-шап ұрыс болады да, хорунжий Шустиков бастаған 6 казак-орысты Тілеуқабақтар атқа өңгеріп, байлап әкетеді.

Бұлар ауылдарына қайтып келе жатқанда барымтаға шыққан Назар ауылының жігіттеріне кезігіп қалады. Назарлар Тілеуқабақтың тұтқын орыстарын тартып алады. Тілеу-қабақтар: бұл тұтқындарды Орынборда қараңғы үйде жатқан Жандәулет деген адамға айырбастау үшін алып келе жатқандарын, жол бөгемей, жөндеріне қоя бермесе, арты насырға шабатынын ескертеді. Назарлар Тілеуқабақтарға орыс тұтқындарды қайтып береді. Содан Тілеуқабақтар кіші Ырғыз-дағы ауылына жетеді де, Борсық құмына көшіп кетеді. Тілеу-қабақтар бұл кезде Орынборда қамаудағы Жандәулет деген қадірлі адамдарының өліп кеткенін білмеген болса керек.

Тілеуқабақтың биі, әрі керуенбасы Отаралы Сарышонайұлы, жанында Мененбай деген төре бар, барымташылардың ауылына барады. Тұтқындарды босатуға әрекет етеді. Бәрібір тұтқындарды сіңіре алмайсындар дейді. Хиуаға апарып өткізе алмайсындар, себебі онда орыс тұтқыны онсыз да жеткілікті, оздері қайда сыйғызарларын білмей отыр. Бұхарада да жағдай соған ұқсас. Есесіне Ресейдің қаһарына ұшырайсындар. 1836 жылы орыс көпесінің керуенін талап, екі приказчигін тұтқындағандарың үшін қандай зобалан көргендерің естерінде шығар деп, үгіттеудей-ақ үгіттейді.

Дәл сол кезде әлгі ауылға Қайыпқали Есімұлы сұлтан мен старшын Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлдары келе қалады. Олар да Саршоңайұлының сөзін қостап, тұтқындарды босатуға кеңес береді. Тілеуқабактардың оларға не деп жауап бергені әзірше менің құлағымға жете қойған жоқ. Асылы соңғы қолқалаушылардың талабын Тілеуқабактар жерде қалдырмас, тұтқындарды босататын шығар» деген сыбыс бар. Жүсіп Құланұлының ауылына жеткен хабар әзірше осындай».

Бұл деректі екі түрлі себеппен келтіріп отырмыз: 1. Исатайдың Есет Көтібарұлымен Борсық құмында 13–15 мамыр шамасында кездесуі. 2. Исатай-Махамбеттердің Шустиковқа ара түсуі-кейін Махамбеттің тағдырына кәдімгідей септігін тигізгенін еске сала кету.

Маусым айының орта кезінде Тілеуқабактардан екі тұтқын қашты. Оның біреуі туралы Шекара комиссиясына Төртқараны билеуші төре Саналы Мырзағалиұлы хабарлады: Әлгі қашқын Назарлардың қолына түсіпті, қазір ол Жүсіп Құланұлының қолында деп. Ал екіншісі Иван Онуфриевич Запевалов деген, жасы отызда, сауатты адам екен. Оның қашқан кезі маусым айының іші болғанмен, жауабында айтылатын жайлар мамыр айындағы оқиғалар болғандықтан әдейі тоқталып отырмыз.

Запеваловтың тергеушіге берген жауабы:

«Бізді тұтқындаған Шектілердің саны 50 шақты. Ауылдары Ақтауларда екен, оған жеткенше алты тәулік жүрдік. Мен өзімді тұтқынға алған қазақ Көшім Кенжеәліұлының үйінде болдым. Аяғыма кісен салып қойды.

Сол ауыл Қарасу деген жерде отырғанда, бір күні түнде үй-іші қырқай ұйықтап жатқанда аяғымдағы темір кісенді күндіз өзім тауып алып, тығып қойған қасан қайыс таспамен бұрап ашып, босанып алдым. Сосын ақырын сыртқа шығып, белдеуде байлаулы тұрған атқа мініп қашып кеттім. Соңымнан қуғын болған жоқ. Бесінші күн дегенде Курамин бекінісіне жеттім.

Шектілердің ауылында тұтқында болғанда көргендерім: бізді алып келгеннен кейін көп кешікпей, сол ауылдың бірнеше адамы барымтаға аттанды. Айдалада бір купецті тонапты. Біраз қой, түйе, жылқы айдап келді. Тиеген тауар-

лары тағы бар, көбі мата. Сол матаны үлесіп, бөліп алды да, өздеріне көйлек-дамбал, тағы басқа киімдер тігіп, иіндерін жаңартты. Бұл жолы барымтаға барғандардың ішінен танитыным — өзім білетін Көшім Кенжеәліұлынан басқа Байтөлек Кенжеәліұлы, Бейіс дейтін біреу, қылмыскер Түпей, қашқын ноғай Сәбит дегендер.

Кейінірек тағы да 150 шамалы адам Жүсіп Құланұлының ауылына барымтаға аттанып кеткен, мен қашып шыққанша оралған жоқ.

Өзіммен бірге қолға түскен жолдастарым жәйлі білетінім: командиріміз зауряд-хорнужий Шустиков Дәрібайдың үйінде тұтқында, урядник Малков Түпейдің қолында, казак Афанасий Любимов Тоқпанның (Көтібарұлының туысқанының) қолында. Басқа үш казак сол ауылдағы тағы біреулердің қолында. Андрей Малков деген казак қашып кетті дегенді естідім, шепке жеткенін, иә жолда өлгенін білмеймін. Назардың біреулеріне жолай тап болса керек, бірақ олар ұстады ма, ұстамады ма — оны анық білмеймін».

Тұтқын Запеваловтың бұл жауабының құндылығы мынада: Есет Көтібарұлы мен Жүсіп Құланұлы ауылы арасында бір келіспеушілік барынан хабар береді. Подгорный қамалынан 11 атты алып қашқан Шекті арасында жүрген Тама Құлту бастаған Назар жігіттері еді. Айтовтың егжей-тегжей хабарына қарағанда қуғыншылар жылқыларын айырып алып қайтып келе жатқанда Тілеуқабак жігіттеріне жолығып, қолға түскен. Назар жігіттері олардан тұтқындарды әлде тартып алады, әлде алуға әрекет қылады. Бірақ Тілеуқабактар Орынборда қамауда жатқан Жандәулет деген қадірлі адамға айырбастау үшін, тұтқын алғандарын түсіндірген соң, Назарлар оларды жөндеріне қалдырады. Запевалов өзі қашып кетерінің аз-ақ алдында Тілеуқабак жігіттерінің Назар Жүсіп Құланұлына барымтаға аттанғанын мәлімдейді. Қалай дегенмен де, осы екі тайпаның қысқа мерзім ішінде бірнеше мәрте бетпе-бет келгендері байқалады.

Тұтқын Запеваловтың жауабындағы екінші маңызды дерек: сауда жасап жүрген көпестің керуенінің тоналуы.

ТЫҢШЫ КЕРУЕНДЕР

Тыңшы керуендер бұл кезде қазақ даласында саудасаттықпен айналысып, қарға үзбей керуен шығарып тұрған бірінші гильдя Орынбор көпесі Михаил Степанович Зайчиков (Деев) еді. Оны қазақтар жақсы көріп «Мешенке» деген. Ол ру билері мен старшындарының өтініші бойынша не керектің бәрін тауып, келсін деген жерге сауда керуенін жеткізіп тұрды. Шәй-қант, мата-пұлдарын несиеге беруден де қашпады. Ол өзінің қайырымдылығымен түз жұртының ықыласына бөленді. Қазақтарға жақсы көрініп, бетке жылтыраған Зайчиков (Деев) сауда керуендері шын мәнінде тыңшылық-барлаушылық іспен шұғылданды. Оның керуені бір емес, талай рет таланды. Зайчиков (Деевтің) шаруашылығы оркендемесе, күйреген жоқ. Өйткені, үкімет империя мүддесі үшін қажетті ісінің шығынын өтеп тұрды. Бұл емес, жалпы барлық сауда керуендері Орынбор генерал губернаторлығы мен Шекара комиссиясының барлау ісіне бағындырылды. Шекара комиссиясы қазақ даласында, қала берді Хиуа, Бұхараға тыңшылық барлау ісін жақсы жолға қойған-ды. Олар қашқын татар молдаларын да тамаша пайдаланды. Шекаралық комиссияда дайындықтан өткен сауатты татарлар әскерден қаштым деген желеумен қазақ арасына барып, «жасырынған». Сенімге еніп алған соң, көбі сұлтандар, билер, старшындар жанында хатшы болған да, естіп-білгендерінің бәрін Орынбор әкімшілігіне жеткізіп отырған. Керуен жүргізетін саудагерлердің де мақсаты сол — тыңшылық еді.

Исатай, Махамбеттер Жайықтың Бұхар бетіне қашып шығып, көтеріліске шақырып, ел аралап үндеу сала бастаған кезде, Зайчиков (Деев) керуеншілері, әсіресе Исатай жүрген Әлім-Шекті арасына қаптап кетті.

Нақ осы тұста Деевтің саудагерлерінің бірі Табын, Тама руларының арасында болып, ел ішінде сабылыстың күшейгенін хабарлайды. Бірақ керуеншілерге ұрынбаған.

Тағы да осы шамада Зайчиков (Деевтің) приказчигі Әбдірахман Әбдіхалықов: Исатай Тілеуқабак батыры Есет Көтібарұлына барып 5 орыс тұтқынын босатуды сұрағаны туралы ақпар береді. Приказчиктің емеуірініне қарағанда:

Исатай ол тұтқындарды өзі алмақ болған. Мақсаты-Баймағамбет Айшуақұлы қолында отырған әйелі мен баласына айырбастағысы келген шығар деген емеуірін бар. Зайчиковтың (Деев) керуенін жүргізетін приказчик Әбдірахман Әбдіхалықов: Исатайдың Есет Көтібарұлына барғанын, тұтқындардың тағдыры туралы онымен сөйлескенін иә өз көзімен көрген, иә сол маңда жүріп сенімді ауыздардан естіген.

Осы шамада Әлімдер арасында Зайчиковтың (Десвтің) үшінші сауда керуені жүр еді. Оның керуенбасы Иван Иванович деген еді. Арғы тегі дьякон әулетінен, 1800 жылы туған. Патша әскері кейін қазақ даласының оңтүстігіне карай дендеп енгенде, саудагерлікті жамылып барлау ісімен шұғылданатын өлгі керуеншілер Қазалыға кеп орын теуіпті. Өлгі Иван Иванович деген саудагердің Иван деген үлкен ұлы бар екен. Сол Иван Иванович Иванов 8-9 жасымда әкемнің аузынан естігенім еді деп, 1838 жылы қазақ даласын кезіп жүргенде әкемнің басынан өткен оқиға еді деп, «Естелік» қалдырыпты.

Әңгіменің ұзын-ырғасы мынадай:

Бір жолы (1838 жылдар шамасы) Зайчиков 40 түйеге тауар артып, әкесі Иван Ивановичті қырга, қазақ арасына жібереді. Оған көмекшілікке құда баласы Александр Куриловты және 12 қызметші қосып береді. Зайчиковтың қырдағы «тамырлары», Байұлының Қазыбек, Қисық дейтін беделді адамдары, керуенді ауылдарына бастап әкелуге қарулы 6 жігіт шығарады.

Бірнеше күннен кейін Електің суынан өткенде: ел іші бұлканталқан, бүлік шықты, оның бұйдагері Байұлының батыры Исатай екен деген жайсыз хабар жетеді. Жайсыз болатын себебі: атқа мініп, ашынып шыққан қазақ керуенімізді талап, өзімізді талайғы әдепінше Хиуа я Бұхараға құлдыққа сатып жібереді екен деп зәрулері ұшады. Айтқандай-ақ, көп кешікпей айдалада Исатайдың жігіттері керуенді қамайды.

Қырық түйеге артқандары қап-қап астық, қант пен шәй, кездеме, былғары, ыдыс-аяқ, айна-тарақ дегендейін өңкей қыр қазағының зәру нәрселері. Елдің ақсақалдарына сыйға апара жатқан бір аппақ сұңқар, екі бүркіт, екі көк қаршыға және бар.

Керуенде жалғыз білтелі мылтықтан басқа атарман жоқ. «Құрыған жерім осы екен» деп ойлайды приказчик.

Қарусыз құр қол керуенді бас салып тонауға Исатайдың ары бармайды. Керуенбасы Иван Ивановичтен батыр несиеге деп ең мұқтаж нәрселерін – киім-кешек, етіктік былғары, тағы сол сияқты көр-жерлерді сұрайды. «Бара жатқан ауылдарың Қазыбек пен Қисық менімен құдандалы кісілер, менің несиеге алған нәрсемнің құнын қанша болса да, солар төлейді, сенбесең, қолымнан қолхат берейін» дейді Исатай. Иванов бұған көнбейді.

Исатай біресе ашу шақырып, абай-құқай жасап көреді. Біресе сабасына түсіп, сабырлы сөйлеседі. Қайткенмен де, қорғансыз керуенге тарпа бас салмайды. Бірақ жібермейді де. Адамын, көліктерін шөлге қамап, әлгі жерде екі-үш күн ұстайды. Исатайдың талабын орындауға қожайынынан қорыққан, орындамауға Исатайдан қорыққан Семіз Иван (қазақтар солай атайды екен) жаман сасады.

Ақыры бұл түйықтан шығудың амалын Исатайдың өзі ұсынады. Семіз Иванмен бәстігіседі. «Ішінде сықай толы нәрсесі бар сандықты сажын жерден атып, оғымды қак орта беліне дейін кіргізе алмасам, жөніңе қоя беремін. Ал айтқанымды істесем, керуен бар жүгімен менікі» дейді.

Көнбесіне амалы қалмаған семіз Иван сырты қалын киізбен қаптаулы сандықты шетке шығарады. Ішінде нығырлап салған он екі тай шыт бар. Шыт болғанда қандай. Гандурин фабрикасының ең берік, таңдаулы шыты.

«Исатай орасан күшпен адырнаны қайқайтып тартып, атып кеп жіберді. Сұр жебе түп-тура барып қадалғанда, сандық қозғалып кетті. Исатай қасына келген соң, сандықты ашып қарасақ... О, жасаған! Құрыды бүкіл керуен! Құрыды бүкіл товар. Сандықтан өткен жебе он екі тай шыттан түгел өтіпті. Жебенің сандықтың сыртына қадалған жағы керемет жойқын күшпен соғылғаннан быт-шыт боп ұшып кетіпті» деп жазады автор. (70 бет).

Керуеннен айырылған семіз Иван қасындағы серігімен екеуі жаяу-жалпы Орынборға қайтады. Исатай оларға жолға деп азыққа нан бергізеді. Соңынан қуып жеткен қызметшілері бұған Исатайдың сәлемін айтады. «Керуенді күшпен тартып алсам да әлім келетінін көрдің. Оны істемедім. Бәс тігісіп, ұтып алдым, адал олжаладым» депті. Исатай Орынбордағы Зайчиковтың өзін де таниды екен, онымен құрдас екен: «Құрдасым Мешенкеге тапсырсың» деп хат беріп жіберіпті.

Естеліктің екінші бөлімі Исатайдың ата-тегін баяндаудан басталады. Бұл арада автор мықтап жаңылысқан. Исатайды он екі ата Байұлының ішіндегі Алаша руынан, оның Асау-Барақ тайпасы, Бекен Тайұлы Бөгенбай дегеннің баласы деп лаққан. Жәке «Исетай» деп жазады. Бұл естелік Берағаңның, Берхайыр Аманшиннің, аударып, түсінік берген мақаласынан алынды. Берағаң Исатайды Алаша деген сон, оған қоса «Исетай» деп жазылған соң, «Есет, Сатай» деген біреулермен шатыстырып отырған жоқ па деген күмәнға қалып, абыржығанын айтады. Сосын Кіші Жүзде аты белгілі үш Есет болғанын айтып, олардың өмір сүрген кезеңіне барлау жасайды.

Берағаңның семіз Иванның естелігінде «Исетай» деп жазылғанына қарап, теріс таңбаланған Есеттердің бірі емес пе деп, қауіптенуіне негіз жоқ-ты. Өйткені, семіз Иван «Естелігінің» келес тарауында «Исатайдың» Жөңгірмен жауласуын, сол егестің себептерін біршама дұрыс әңгімелеген ғой. Ал Жөңгірмен бірде бір Есет ұстаспаған, онымен кескілесіп өткен жалғыз Исатай ғана.

Енді «Естеліктің» келесі тарауына сөз берелік.

«Бөкей Ордасындағы жүргізілмек санаққа іліккісі келмеген, хандардың ел билеуіне наразы халықтың ішінде Алаша руында бізге белгілі Исатай батыр ең бірінші болды.

Оның әсіресе намысына тигені – қайдағы бір жалған атақты хандар мен солардан өрбіген төрелер әулетінің ел билеуіне халықтың бағынышты боп, бас көтере алмауы. Олар кара қазақты кісіге санамайды. Дәулеттісіне кезіксе, мейірімі түскен боп, бір жағынан әрі тізе көрсете отырып, көңіліне ұнаған нәрсені алғыш-ақ: жүйрік ат, қызыл нар ма, ақ сұңқар, көк қаршыға ма, әсіресе құмай тазы ма – бәріне қызықты...» Осылай белгілі сарында жалғаса береді. Оны түгел баяндап, уақыт кетірудің қажеті шамалы.

Бұл қолжазбаны тапқан В. Ф. Шахматов еді. Өзінің «Внутренняя Орда и востания Исатая Тайманова». (А. А. 1946) атты еңбегінде семіз Иванның «Естелігін» ойдан шығарылған деп бағалаған. «Естелікте» Исатай өмірбаянына алып-қосардай жаңалық болмағанмен, көпшілікке белгілі әңгімелер аясында қалғанмен, бұл дерекке қол сілтеуге болмайды. Тіпті, басқасын қойғанда, сол кезде хатқа

түскенмен де бағалы. Семіз Иванның естелігінде шынайы детальдар бар. Мәселен, Исатайдың қарағай үйі болғаны да, орма мылтығы болғаны да рас. Ал ханды нысанаға алып атуы сияқты дателге келсек, Б. Аманшин: Хан мен Исатайдың бетпепет келуі болмаған, 1824 жылғы Тана руы, Байсары атасының қазағы Нысан Өтепұлының өлімін айтып отырған жоқ па дейді.

Біздіңше хан мен Исатай қару кезенген майдан шебінде екі рет кезіккен. Бірі 1837 жыл қазан айының ортасында, Исатай әскері Жасқұсқа төгілгенде. Ханның төлеңгіттерден жасақтаған әскері болған. Исатай оны күйретіп жіберген. Жасқұста екі әскер қарсы келіп, мергендер атысқан. Ал Орданы қоршаған кезде, Жәңгір, негізінен, ноғайларға, Шомбал Ниязұлы алып келген 200 жігітке, сүйенген. Орда түбінде де қанды шайқас болды. Семіз Иван Жасқұста төлеңгіттерді күйреткен шайқас туралы ел аузындағы әңгімені айтып отыруы мүмкін. Ал Исатай 1837 жылы 16 қыркүйекте Кульбин-Кокарьев кардоны арасындағы ауылын шапқанда тұра қашқан Қарауылды аяғынан көздеп атқан. Бірақ, Қарауылдың бағына қарай, оқ үзенгіге тиіп, шоршып түскен. Исатайдың Қарауылды атқан жері мынау деп, батырдың шөберелері Құрмет, Құрман ақсақалдар өлі күнге дейін көрсетеді. Атыраудың Құрманғазы ауданы тұрғындары да бұл оқиғаны жақсы біледі.

Жоғарыда Исатайдың құрдасы, тоналған керуен иесі Михаил Иванович Зайчиковқа хат жолдағанын айтқанбыз. Семіз Иван оны Орынборға келген соң, татар приказчиктеріне аштырып оқытады. Олар шығара алмайды. Сөйтсе, хат қазақша жазылған екен. Семіз Иван ұлы дүкенінде саудасын жүргізетін приказчигі Тоқмамбет деген қазақ жігітін шақырып, соған оқыттырады. Бақса, хат өлеңмен басталыпты.

*«Ей, құрбым, Мешенке, сен бай,
Байлықты саған берді құдайым-ай!
Өзіңіз де танық, сөзіңіз де анық.
Сен қайырымды адам,
Мен — сақыралық надан.
Құрық түсті таса,
Аузым жесе де қан, жемесе де қан —
Малыңды алдым баса...»*

Бұл хатымды оқығанда, менің амалсыз халде болғанымды ескерерсің, Мешенке. Сен біздің бұл ісімізге әділін айта аласың, кім-кімде осы ісімізді карағанда сөйткей де. Сен біздің ғадет-ғұрпымызды бәрінен артық білесің, біздің оңай өрі оңды тұрмыс-салтымызды да жақсы білесің. Сахара даламыздың байтақ кеңдігіне карамастан, бізді басқару оңай». (III/бөлім. 11-13 б. б.).

Бұдан кейін Исатай Жәңгір ханмен қалай егескенін, Бекетай құмда қалай шекіскенін баяндаған.

Хаттың аяғы тағы өлеңмен бітеді:

*Бекетай құмның басында,
Ағаш үйдің қасында.
Жасымды сұрасаң, қырық бірде жасымда.
Айтақы қара бөркім басымда,
Қаз мойын, торы ат астымда.
Жауды көрсем, жсайнадым,
Жай тасындай ойнадым...
Қос ауызды қолыма алдым.
Ханды атам деп ойладым —
Қолымда мылтығым тарс еткенде,
Қарс етті...
Жазықсыз ханның артында біреу құлады,
Әдірә қалғыр, қос ауыз неден қырсықты.
Ханға тимей құр шықты.
Шабайын десем де болмады,
Шаппайын десем де болмады...
Ат басындай сом жүрек сарайында тулады,
Әдірә қалғыр, Ақтабан астымда тартып
тұрмады.
Тұрмағанмен қоймады, басын ала жонелді.
Орыс шапты бетімнен,
Мен Исатай шыға шаптым шетіннен...
Артымнан көп орыс келген соң,
Ұрысып болмады көбіменен —
Біз қаштық. (III бөлім 28—29 б. б.).*

Бераған «Бекетай құмның басында, ағаш үйдің қасында», «Айтақы қара бөркім басымда» деген жолдардың Махамбет толғауларында кездесетінін тілге тиек етіп, бұл жолдар Махамбеттің қолынан шыққан туынды емес пе екен деген болжам айтады. Бірақ өлең жолдарының мінсіз, жинақы

емссіне тағы да күдік келтіреді. Махамбетте ондай жымдаспаған шумақтар болмаса керек еді. Содан мұны «Естелік» авторының салақтығына таңады. «Естеліктің авторы И. И. Иванов бұл өлеңді түпнұсқадан, Исатайдың М. С. Зайчиковке жазған әлгі хатынан, көшірді дейсіз бе? Көшірсе салақ көшіргені көрініп тұр. Әйтпесе өзінің жеті — сегіз жастағы кезінде естіген бұл әңгімені де, өлеңді де кейін, жылдар-жылдар өткен соң, тек жадында қалған түрінде қағазға түсірген шығар».

«Естелік» авторы 8—9 жасында естігенін кейін жадынан жазды деу қиын. Ивановтар әулетінің архивінде семіз Иванның керуенді қалай ұттырғаны туралы Зайчиковке түсіндірмесі болған шығар. Не Исатайдың хаты, не хаттың көшірмесі сақталса керек. Содан Иван Иванович Иванов кейін естелік жазбақ болғанда, Исатай туралы азды-көпті сұрап білген шығар. Олай дейтініміз: Исатай-Жәңгір жанжалы туралы баяндайтын тұстар ел аузындағы жалпылама әңгімеге ұқсас.

Біздің ойымызша: жоғарыдағы өлеңді Махамбетке таңудың негізі жоқ, Махамбет өлеңдері мінсіз сом алтындай емес пе еді? Ал мына өлең өлеңнен гөрі — шешендік сөзге ұқсас. Сондай-ақ, ел аузында Исатай өзі шығарды делінетін «Ер Тайман-әкем аты, ағам-Жабал. Ағатай бабам бұзған алпыс қамал», — деп басталатын он бір буын қара өлеңмен жазылған ұзақ жыр бар. Әрине, ол Махамбет толғауындай бір сөзі шашау шықпай, жұтынып тұрған жоқ. Ұйқастық, олақтықтар да баршылық. Мына жоғарыдағы өлеңде де сол нышан анық байқалады. Исатай табанда хат, үндеу, жарлық жазғанда, Махамбет үнемі жанына табыла бермеген. Батыр сондай тұстарда өлеңдетіп, тақпақтатып жіберіп отырған, ойында жатталған Махамбет сөздерін де араластырудан именбеген. Міне, жоғарыдағы Зайчиковке жолдаған хат та жол үстінде асығыс жазылған еді. Жанында Махамбет болмаған соң, саудагер көпестің көңілі алдансын деп, өлең сөзбен сәлем жолдаған сынды.

Семіз Иван қазақша таза сойлеген. Үлкен ұлы Иванны «Сақа», кішісі Василийді «Байсал» деп атаған. Қолжазбада таза қазақ оралымдары кезігеді. Мәселен, Исатай керуендегі мылтықты көріп: «Мына шырылдағыңмен кімді атасың?» деген семіз Иванға. Сондай-ақ «Естелікте» Хиуа базарынан

сатып алынған құл, кейін Исатайдың ең сенімді атқосшысы болған Тайкелтір деген парсы жігітінің адамды біржылатып, бір күлдіретін оқиғалары баяндалған. Естелікте әкесінің Исатайға керуен ұттырған жері Сағыз өзенінің маңы екені айтылған.

Бұл оқиғадан аңдағанымыз мынау: мамыр айының орта кезінде Кіші Жүзге Исатайлардың қимыл әрекетін барлау мақсатымен үш керуен шыққан. Жоғарыда көрсеткеніміздей оның бірі Тама, Табын арасын, яғни Жетіруды бақылаған, екіншісі Әбдірахмен Әбдіхалықов Әлімдердің аужайын аңдаған. Ал үшінші керуен-Байұлына беттеген. Бұл апатқа ұшыраған семіз Иванның керуені еді. Сауда керуендері барлау жасауға өте қолайлы болған. Өйткені, олардың жүрген жерінде ел көп жиналған, тіпті ереуілшілердің өзі оларға келмей тұра алмаған. Осы үш керуеннің үшеуі де Орынбор Шекара комиссиясына Исатайлар туралы хабар жеткізді.

Семіз Иванның керуені тоналуды жайлы хабар қашқын казак Запеваловтың жауабында да бар. Әсіресе матаны көп әкелгендері айтылған. Запевалов: біз Тілеуқабак ауылына дейін 6 күн жүрдік, біз келген соң, бірнеше күннен кейін керуен тоналды деп көрсеткен. Ендеше, семіз Иванның керуені 1838 жылдың 20 мамыры шамасында Исатайларға Сағыз маңында жолыққан болады. 40 түйеге жүк артқан керуенді ұтып алған Исатай олжаның біраз бөлігін Тілеуқабактарға сыйлаған. Запеваловтың көргені осылар еді.

Демек, 8 мамырда Қайыпқалимен жолыққан Исатай Шустиковтарды барымталап, 13–14 мамыр арасында Кіші Ырғыздан Борсық құмына жөпелдем көшіп кеп жатқан Есет Көтібарұлымен кездескен.

ҮШБӨКЕНБАЙДАҒЫ БІТІМ

Исатай-Махамбет туралы зерттеудің бірде-бірінде 6 жыл бойы жауласқан Кете мен Адай арасындағы қанды дауды Исатайдың бітістіргені жөнінде ешнәрсе айтылмайды. Бұл тек қана Ығылман Шөрекұлы дастанынан мәлім. Тарихшылар оны әдеби версия деп мән бермеген сыңайлы. Ал шынында бұл дау болған. Оған архивтік деректер де куә.

1838 жылдың 24 маусымында казак-орыс әскерінің атаманы, генерал-майор Покатилов, ал сол маусым айының соңғы күндері Баймағамбет Айшуақұлы Исатайлардың мамыр-маусым айларында қайда барып, кімдерде болғаны, не істеп, не қойғаны туралы Орынборға ақпар берген. Сонда Покотилов былай деген: мамыр айында Үшбөкенбайда оған (Исатайға — Ә. С.). Қайыпқали келіп қосылды. Бұлардың жиынының мақсаты — барымталасқан қазақтарды бітістіру. Исатайдың да, Қайыпқалидың да шепке зиян келтіру ойында жоқ». Ал Баймағамбет болса: «Исатай өзара араздасқан Әлім мен Адай руының адамдарын май айында татуластырды» деген. Демек, Ығылманның айтқаны — тарихи шындық.

Ал Исатайдың Кете-Адай дауына төрелік айтып, кесік шығарғаны қай мезгіл, қай жер? Ығылманның жырлауынша, елдің айтуынша-Қайнар өзені. Ал Исатайдың дауға кесік айтқаны мамыр айы екенінде күмән болмағанмен, мамырдың қаншасы? Оны мына есептен шығаруға мүмкіндік бар. Исатай 8—9 мамырда Сам жиегінде жаңадан жайлауға көш көшіп келген Қайыпқалимен жолықты. 13—14 арасында Борсық құмындағы Есет Көтібарұлы ауылында болды. 20-ларында Сағыз бойында Семіз Иванның керуенімен жолықты. Одан Үшбөкенбайға келді. Демек, Әлім, — Адай дауына кесік айтуы мамырдың соңғы күндерінде болды деп шамалаймыз.

Исатайдың сәлемі бойынша Кетелер үш жерден үй тігіп қойған екен. Мамырдың соңғы аптасында үш тайпа ел үш жақтан құйылып, Үшбөкенбайдың бойы қиқуға толады. Әлім-Адай дауына төрелік айтуды батырлар көтеріліске үндеудің пәрменді құралы ретінде ұтымды пайдалана білді. Жүсіп Құланұлы Исатайды жалаулатып, ұрандаған мұздай қарулы 500 қолмен Кіші Жүздің қалың жиынына алып келді. Сам жақтан Қайыпқали да өз жасағымен төгілді.

Бұл жиынға Шектіден Есет Көтібарұлы, Адайдан Сүйінқара Шабай-батыр, Мәмбетнияз мырза да келді. Шали Кете Құдайберген бұл келісімге бастан-аяқ мұрын-дық болды.

Исатай үш тайпа елдің игі жақсыларын жиып, өзінің кесігін айтады. Ол алыстан орап, ұзын ырға сөз толғап, дәлелді жүйемен буып, аталарының сүйегі жатқан Қара-

құмды Адайларға алып береді. Оның есесіне елшіні олтірген Адайларға азуды қатты басты. Нақақтан қаны төгілген Сарман би бастаған үш елшінің әрқайсысын бес адам деп бағалап, Адайдың он бес ерін құнсыз кетірді. Бұрын мұндай төрелік айтқан ешкім жоқ еді. Бірақ төрелік қағазға жазған қатып қалған заң емес-ті, келесіне келтіріп, қисынын тапқан косемдік еді. Ешқайсысы мұның теріс деп, батырдың бетіне қарап дау айта алмады. Жүлгелеп қуып кетсе, түбіне жеткізбейтін, екі жағы бірдей кінәлі пәлен жылдан қордаланған айып-кінә ұсақ-түйекті жіпке тізбей, ірі туралып екі ауыз сөзбен бітірілді. Адай-Әлім бір-біріне тышқақ лақ құн бермей, барға қанағат, жоққа салауат айтып, бауырымдап бір-біріне құшақ жайып, төс түйістірді. Неше жыл қатыса алмай қалған құдандалы жекжаттар жылап қорісті.

Исатай: Үш Алшынның баласы, бірін аға болғанда, бірін іні, бірін жаға болғанда, бірін жеңсін, торқалы той, топырақты өлімнің бір, мына жалған, анау мақшарда да бір ошақтың басынан табыласың! Шын жауың араздасқан ағайының емес, анау обыр патша, сатқын төре. Қаһарыңды соған төк! Қылышыңды соған шап! Әмин! — деп бата беріп, елді таратты.

Үш тайпа тоғысқан Үшбөкенбай басындағы бітім осылай басталып, осылай аяқталуы да, сағынысқан ел өліге бата қылып, тіріге сәлем беріп, айттап кетті. Үшбөкенбайға тыңшы боп барып қайтқан Қара Шерғазыұлы сұлтан бұл жиында Қайыпқалидың қызына құда түсем деген желеумен болған. Исатай мен Қайыпқали жасағының қосылғанын көзімен көргенімен, басты мақсаттары ел бігістіру, шепке шабуыл жасау ниеттері жоғын хабарлаған.

ҚОЛ ЖИҮ

Исатай бұл жаман дауға басын бекерге сұқпап еді. Абыройы шырқап аспаннан бір-ақ шықты. Кіші Жүздің қалың жұрты жалаң қылыш батырды емес, аузы дуалы кеменгер ақыл иесін көріп, көңілі толды. Исатай айналасы бір айдың ішінде Кіші Жүздің бас батыры, қара қылды қақ жарған әділ биі, қара тілге дес бермес көшелі шешені, қысқасы, Әлім, Табын, Байұлының көсеміне айналды.

Ел патшамен соғысам деген Исатайға ат сайлап, қол жиюға жапа-тармағай жұмылып кетті. Бұл кезде Исатайдың Нарыннан бірге келген серіктерінен Үбі Үсеұлы мен Сарт Еділұлы, Махамбет, Қожахмет-Өтемісұлдары ғана ауызға алынады. Төрт ағайынды Тайсойғанұлдары, әсіресе Тінғали Тайсойғанұлының ресми құжаттарға аты ілікпегені түсініксіз. Оны көтерілістен шеттеді деуге негіз жоқ. Батырдың жансерік сарбаздарының арасында жасы үлкені сол еді, науқастанып дамылсыз үргін-сүргіннің ортасында болуға жағдайы көтермеді ме, өлде Кетенің Қара ұста-Жапалағымен шалғай Қарақұмда қару-жарақ соғуға кірісті ме, әйтеуір тыңшылардың ақпарынан түсіп қалған. Бұхар бетке Исатаймен бірге өткен Ысықтың белгілі старшындарының бірі Иманбай Қалдыбайұлы еді. Ол да ақпарларға ілікпеген. Бірақ оның жақын аталастары Қараораз Ысықтардың Нарындағыдай көтерілістің тағы да белді тірегіне айналуын осы Иманбай Қалдыбайұлының еңбегі деп шамалаймыз. Исатайдың Тайсойғанды паналаған кездегі ең үлкен табыстарының бірі — ауылдас ағайыны, сенімді серігі Тұрымтай Беріш Төлеген Серекенұлын Жайықтан өткізіп алуы еді. Ол соқа басы жалғыз өтпей, Жайық Беріштің біраз жігіттерін ілестіріп ала келгенінде сөз бар ма? Төлеген батырдың үндеулерін, хаттарын тарата жүріп, көтерілісшілердің Байұлы руларымен, Ішкі Ордадағы Жәңгірге қарсы күштермен байланысын бір ізге қоюға көп еңбек сіңірді. Исатай Бұхар беттегі жаңа көтерілістің пісіп-жеткенін аңдап, Ішкі Ордаға үндеу тарату үшін байланысшылардың жаңа легін жіберді. Олардың кім екені әзірше белгісіз болып отыр. Жәңгір ханның сенімді адамдарының бірі Сарықұл Жайлауұлы старшының патша әкімшілігіне берген хабарында: Исатай ішкі тараппен қатынасын үзген жоқ, «дайын отырсын», «Найзашағылға жиналсын» деп кісі жіберді дейді. Исатайдың бұрынғы сарбазы Нәдір Қашқынұлы бұл хабарға желігіп, ат сатып алып, ұшуға әзір отыр. Исатайдың айнымас досы ноғай Мәстек Ахметұлы келіп: «кимылсыз отыруға болмайды» деп, насихат жүргізіп кетті дейді. Осы кезде Теректі құмда жағдай шиеленісе түседі. Қызылқұрт руының адамдары: «Исатай көп әскермен Ішкі тарапқа өтеді деп желпіне бастаған. Шошақ Кунтуғанұлы

деген адам: «Исатай Кіші Жүзден үзбей адам жіберіп, хабар айтып тұрды» деген. Ел аузында Исатай шығарып айтты деген өлең өзінің мән-мазмұны жөнінен осы тұсқа дөп келеді.

*Ер Тайман-әкем аты, ағам Жабал,
Ағатай бабам бұзған 60 қамал.
Халық үшін ханзададан кек алыпты,
Дүниеде адал іске жоқ қой зауал.
Жан-малым құм Нарында қараң қалған,
Кегімді Жөңгір ханнан алмай қойман.
Тірлігім тірі болсам текке кетпес,
Атымды Исатай деп неге қойған.
Ұраным Ағатай деп халқым жайған,
Қас жауым ханзададан, серттен тайман.
Төренің Әбілқайыр заманында,
Ұрпағын хан ұлының қазақ жойған.
Нарында елім қалды малымменен,
Жайықтан өзім өттім аман-есен.
Бұл жақта қара қазақ басын қостым,
Жоқ екен қарап тұрсам аққа зауал.
Қазақтың хан ұлынан арын алам,
Жиылып бір мың қолмен биыл барам.
Атамның еткен ісін қайта бастап,
Мен биыл осы жазда ханды шабам.*

Бұл-Исатай тарихын баяндайтын ұзақ өлең. Орданы қамағанын, Жөңгірдің малын шапқанын, қатын-баласын тұтқынға алғанын, жолдастарының оққа ұшқанын баяндайтын жерлері бар. Бірақ бұл жыр айтушылардың, кейін көшіріп жазушылардың білместігінен көп жағдайда Махамбет толғауларымен араласып кеткен. Олардың ара-жігін ажырату қиын емес. Махамбет туындылары тайға таңба басқандай мен мұндалап тұр. Ол он бір буын қара өлеңге көп бара бермеген ғой. Ал Исатай өзі шығарды деген толғау осы 11 буынмен ғана жазылған. Ұйқастарында азды-кемді жетіспеушілік те жоқ емес. Соған қарағанда бұл өлең Исатайдың өз аузынан шыққан сияқты. Өңгіме онда да емес, Исатай шығарсын, не Исатай атынан Махамбет шығарсын, жыр, қалай дегенмен де, осы тұста дүниеге келген. Оны Исатай үндеуінің бір парасы деп қабылдауымызға болады.

1838 жылдың маусым айының басынан көтерілісшілер

ел аралап, жиналған жасақтардың басын қосып біріктіре бастады. Жасақ жиналатын жер Жем өзенінің бойындағы Көкпекті жазығы деп белгіленді.

Шүрен Шонты Жамантайұлы 8 маусымда сұлтан, хорунжий Асфандияр Сүйеуғалиұлына жазған хатында көтерілісшілер туралы егжей-тегжей мәлімет берді. «Көтерілісшілер Шемшіті Табынның ауылына, Жем бойындағы Көк-пекті жазығына 1000 шақты кісі боп жиналды. Қайыпқали Бай-ұлының азаматтарына сауын айтып, жар салып жатыр. 20 маусымда айтқан жеріне келмесек, «атымның тұяғымен таптаймын» деп қорқытады. Ал Исатай туралы ол Оймауыт-тағы Жүсіп Құланұлы ауылына кісі жинауға кетті деген. Бұл хатқа Шонты Жамантайұлы, Мәстібай Тоқалұлы, Төле-бай, небәрі алты би қол қояды. (Бұл билер Шүрен, Кете, Шекті руларынан).

Демек, жасақтың жиылатын жері Жемдегі Көкпекті жазығы мерзімі 20-маусым деп белгіленген. Осы араға жинақталып алып, шеп бекіністеріне қарай жорыққа аттанбақ еді.

Көтерілістің басшылары және оларға қолқабыс ететін жәрдемшілері бұл кездерде жатпай-тұрмай ел аралап, ру басшылары, би, батыр, старшындармен сөйлесумен болды. Қайыпқали сұлтан жан салып, елдің бір топ белді адамдары қолдағанмен, қол жиісіп тіптен оңай болмады. «Ат тұяғымен таптаймын», «қойдай маңыратып шабамын» деп қорқытып-үркігіп, тізе батыру да болмай қалмады. Бірақ Исатай, Қайыпқалиға қосылмаңдар, олар арандатушы, олар табан тіреген тұрағы жоқ, ұшарын жел, қонарын сай білетін жандар, ертеңгі күні салмақ өздеріңнің бастарына түседі, жазалау отряды шыкса, алдымен қанға боялатын сендердің ауылдарың деп үгіт айтушылар аз болмады. Ол үгітті әсіресе Баймағамбет Айшуақұлы бастаған сұлтандар тынбай жүргізді. Бұл істе белсенділік көрсеткен Асфандияр Сүйеуғалиұлы сұлтан. Ал бұл кезде Кіші Жүздің Орта бөлімінің басқарушысы – Жүсіп Нұралыұлы, Шығыс бөлімнің басқарушысы Ахмет Жан-төреұлы еді. Жем-Сағыз бойындағы дүрбелеңнің өртің басуға олардың тарапынан көзге түскендей белсенділік байқалмайды. Електің бойынан кеткен Табын Жоламан Тіленшіұлы Ырғыз жақта ат ойнатып, бекіністерге маза бермей тынымсыз шулатып жүрген. Орта, Шығыс бөлімінің ел билеуші сұлтандары сонымен әлек болып жатса керек.

Осы тұста: «Исатай анда болды, мында болды», Тілеуқабакқа кетті, Қаракесек ауылдарында деген бір-біріне қарама-қайшы деректер етек алған. Мұрнына су жетпей, шын сасуға айналған Баймағамбет оларды сұрыптамай Шекара комиссиясына, Орынбор әскер губернатор кеңсесіне жөнелте берген. Шындыққа бір табан жақын мәлімет қонысы Исатайлар жүрген өңірмен жапсарласа Шулен Шонты Жамантайұлы мен көтерілісшілердің ізін баққан Батырхан Шахмарданұлының деректері болмақ. Шонты Исатай Жүсіп Құлан ауылында десе, Батырхан одан да дәлірек ақпар берген. 2-маусымда Исатай мен Қайыпқали Жемнің жоғарғы сағасындағы Темірге келіп, осы арада 11 күн болған. Темірде Адай, Назар, Табын руларынан 2000 жасақ бас қосқан екен. Исатай, Қайыпқали бұл 11 күнде жасақтың дайындығын ғана тексеріп қоймай, ендігі кимылдарының жоспарын да жасаса керек. Екеуден екеу, сырт көз, бөгде құлақтан құпия ол әңгімелер ешқандай ақпарларға ілікпеген. Отаршылар шебіне шабуыл жасап, орыс әскерімен соғысу мәселесі күн тәртібінде тұрмағаны белгілі. Бірме-бірге келмей, алыстан оқ борататын мылтығы мен зеңбірегіне сүйенген орыс әскерін жене алмайтындарына көздері жетті. Басты қасірет бөлшек-бөлшек боп қазақтың қуаты сарқылып бара жатқаны. Кіші Жүздің өзі ресми төртке бөлінген: батыс, орта, шығыс бөлік, және Ішкі Орда болып. Бесінші бөлігі Хиуаға қарап отыр. Бір-бірімен қатысы азайып, жырақтаушылық бар. Ең құрығанда осылардың басын бір орталыққа біріктірсе болар еді. Ал оны біріктіретін хандық жалпыға бірдей ортақ хан ғана. Халық та, халықтың ел ұстаған серкелері мемлекеттіктің басқа формасын білмейді. Зорлықпен құлаған хандықты қалпына келтіру көпшілік бұқараның арманы. Кіші Жүз хандығының шаңырағын көтереміз деп жар салса, елдің ат тізесін қосуы ғажап емес. Елдің бөлшектеуіне және мұрындық болып отырған атаға ұқсап тұмаған қиқым сұлтандардың сатқындығы боп отыр. Оларға халық емес, билік керек екеніне бұқараның көзі жетті. Қазір олар біржола орыс патшасының қолшоқпарына айналып алды. Елді бөлектеп, араларына от жағып, атыстырып-шабыстырып отырған солар. Ес кіріп, етек жиюдың басы-алдымен өз араларындағы сатқындықты тыю. Исатай мен Қайыпқали арасында осы сынды әңгіме болған сияқты.

Темірде 11 күн кідіргенде көтеріліс басшыларының

шұғылданғаны — ұйымдық мәселедегі шиелер. Темірге Есет Көтібарұлының жасағы келмеді. Ырғыз асып, шеттеп кеткен Табын Жоламан Тіленшіұлының жасағы да жетісе алмай жатты. Шамасы, Исатай мен Қайыпқали соларға адам шаптырып, хабар тосып кідірсе керек. Тыңшы Батырхан Шахмарданұлы олардың 2000 жасақты қанағат етпей, жан-жақтан қол жиып, сабылып жатқанын, көтеріліске ат қосуға ықыласы жоқ Асау Барақұлына салмақ салғандарын хабарлаған.

Ел аузында «Асау Барақ» атанған бұл есімде әкелі-балалы екі батырдың аты бар: Барақ әкесі де, Асау баласы. Нәсілдері Табын табынан. Барақ 1771 жылғы құба қалмақтардың Еділден Жоңғарияға жөңкілісінде жау басына ақырзаман орнатқан Кіші Жүздің айтулы батырларының бірі болған, кейін Пугачев көтерілісіне қатысып, сосын Сырым қозғалысына атсалысқан. 1785 жыл Сырым қол жиғанда Табынның қос қабыланы Тіленші мен Барақ батыр жасағымен кеп көтерілісшілер сапына қосылғанда, сарбаз саны 3800-ге жетеді. Асау-Исатай көтерілісі кезінде 80-нің үстіне шыққан қария. Батырлардың сөзін жерде қалдырмай, 400 жасақ жияды. Бірақ көтеріліске өзі қатыспайды. Сол үшін патшадан алтын медаль алады. Асау өлерінде «Мені әкемнің жанына қойыңдар, одан төменірек қойыңдар, себебі мен халық алдында әкемнің дәрежесіне жете алмадым» деген екен. Ағайындары оның тілегін айнытпай орындаған. Олардың бейіті Маңғыстауда. Ал Асаудың баласы Дәуіт патша үкіметінің 1867–68 жылдардағы әкімшілік, сот істері жөніндегі реформасына наразы болып, қол жиып көтеріліс жасаған.

Бірде бір мәліметте Исатай Шүрендерге барды деген хабар жоқ. Шүреннің белгілі адамы Шонты Жамантайұлы би болғанын айтқанбыз. Ол қуғыннан құтылып кетуі ғажап емес Жақияларды Баймағамбетке ұстап берген. Шүреннің белгілі биіне Исатайдың бармағаны сондықтан. Ол да көтерілісшілерге ықылас танытпай, тыңшылық міндет атқарды.

Ол ауылға Исатай аяқ баспағанмен, сауын айтып жасақ жиюға Махамбет барған сияқты. Себебі Махамбеттің Шонты мен Шүрендерге бағышталған бір емес, екі бірдей өлеңі бар:

*Әй, Шонты би, Шонты би!
Домбыра тартсам келер күй.
Шын ажалың жетпесе,
Ажалдан бұрын өлмессің,
Жалаңаш бар да жауға ти!
Ажалдан бұрын өлмессің,
Тілесем — тілек бармессің,
Жыласам — көзімнің жасын
көрмессің.
Алақандай Нарында
Мүкәммалым шашылды.
Жүр десем оған жүрмессің...
Құр әңгімеден басқа
Еш нәрсені білмессің!*

(1838, маусым)

Бір тайпа елдің аузы дуалы биі деп көмек сұрай барғанда, қол ұшын бермейтінін ашып айта алмай, сөзбұйдаға салынған Шонтыға Махамбет осылай деген. Бұрынғы кездің ақын-жыраулары қазіргі ақындардай өлең шығарам деп ойланып-толғанып жүрмеген, суырып салма болған да, жағдайға байланысты алқалы топта, жортуыл сапар үстінде, не дастарқан басында, болмаса дау-дамайларда төгіп-төгіп тастап отырған. Махамбеттің әр түрлі жағдайда дүниеге келген толғауларымен қатар, бетпе-бет әңгімеде жауап жөнімен айтқан өлеңдері де көп. Шонты биге — сол парадағы шығарма.

Шүренді аралап жүргенде Махамбеттің жалғыз ғана Шонтыға жолығып қайтпағаны белгілі. Ауыл-ауылдарда болып үгіт айтқан. Бірақ Шүреннің бас биі Шонтының аузы теріс бакқан соң, өзге жұрт іштей ықыласты болса да, рудың үлкендерінің ыңғайынан шыға алмаған. Сол кезде өздеріне қолдау бермеген күллі Шүренге зіл тастап, салмақ салып кетпесе, Махамбет Махамбет болар ма еді?

Былай деген:

*Мен Нарыннан кеткенмін,
Нарынды талақ еткенмін.
Қуатымның барында
Ағыны қатты Жайықты
Тіземмен бұзып өткенмін.*

*Жаныма айла болар деп,
Назарды тастап, Шүренге
Күнім үшін жеткенмін.
Жақияны жауға ұстап бергендей,
Шүрен саған не еткенмін?
Қайтеріңді өзің біл,
Алдыңа кеңес еткенмін.*

(1838, маусым)

Махамбет «Қайтеріңді өзін біл, алдына кеңес еткенмін» деуімен көтерілісшілер көмек сұрап келгенде, Шүрендердің екі ойлы болғанынан хабар береді. Ал, Жақияны еске салуы-иісі Шүрендерді ұялту, көтерілісшілер алдындағы айыбын тағы да еске салып, ең құрығанда сол кінәміздің өтеуі деп атқа қонар ер көңіл азамат шығарма деген бопса еді? Бірақ Шүрендер Исатайларға қолұшын бермеді.

АТТАНЫС

Жоғарыда Баймағамбет сұлтанның Шонты Жамантайұлы, Мәстібай Тоқалұлы, Төлебай (Шүрен, Өлім, Табын), Батырхан Шахмарданұлы (Адай) сияқты тыңшыларының хабарынан мынаны байқаймыз: әскери жасақ тек Жемдегі Көкпекті де ғана емес, Темір өзені бойында да, яки екі жерге жиылып, жорық кезінде қосылатын боп белгіленген. Көкпектіге негізінен Исатайдың өз жасағы, Кете, Байұлы жасақтары жиналған да, Темірде Назар, Адай, Табын бас біріктірген. Көкпектіде 1000, ал Темірде 2000 жасақ дайын болғанына құжаттар сенімді түрде куәлік етеді. Шонтының 20-маусым-нан қалмай әскер Көкпектіге жиналады деген ақпарының да айна қатесіз шындық екені аңғарылады. Савичев Жем өзенінің жазығында, ал Баймағамбет Көкпектіде 17-маусымда әскер, қалың ел жиналған зор мәжіліс болды деп көрсетеді. Демек, 17-маусымда барлық жасақ, яки 3000 қол Көкпектіде бас қосқан. Осынау алқа топтың алдында Исатай мен Қайыпқали кезек-кезек сөйлеп патша өкіметінің, Орынбор губернаторының отаршыл саясатын сынап, халықтың мүддесін сатып, соларға

итаршы болған Кіші Жүздің батыс бөлімінің билеушісі Баймағамбет сұлтанға лағнет айтады. Халықтың ыза-кегін насихатшылар соған қарай бағыттайды. Сүйтіп, жорықтың нысанасы белгілі болды.

Ақыры әскерлер дайын боп, жорыққа сақадай сай қалыпқа келтірілді. Исатайдың өр рудың биі, батыр, старшындарына хат жолдап, елге үндеу таратқанын жоғарыда айтқанбыз. Бұндай іспен Қайыпқали да шұғылданып жатты. Шамамен 25-маусымда Көкпектідегі қол Сағызға қарай қозғалар алдында Жайық беттегі Баймағамбет Айшуақұлы қол астындағы Байұлы ауылдарына екі хат жолдады. Оның бірін Исатай, екіншісін Қайыпқали жазды.

Исатайдың үндеу хаты: *«Шеркеш руының билері! Бадран, Асау, Тоқай, Бәйімбет, Айбас, Дабыс, Таз руынан Бота және басқалар, сіздерге төменгі тілегімізді мәлім етеміз. Құрметті жақсылар, сіздерге бұдан бұрын да хат жазғанбыз, бірақ бірде-бір жауап болмады. Қазіргі жалты мұсылман ісіне қатысуды сіздер неге ойламайсыздар? Енді, міне, екінші рет хат жазып отырмын. Осы қағазды алған бойда өз игі жақсыларыңды жиып, ауылдарыңызбен қоса Жайықтан бермен көшіңіз. 4 күннен кейін Тілеулі өзені жағасындағы Былқылдақ белінде ұшырасатын болайық. Жоғарыдан Табын руының батыры Жоламан, Тілеуқабактан Есет 5 мың қолмен келді. Бұлар да, құдай оңдаса, бізге қосылатын болады. Кете руынан Аламан қазірдің өзінде бізге келіп қосылды, сөйтіп әзірше 3000 адам болды. Басқа жағдайларды барған адамнан естіп білерсіз. Хорезм падишахының (Хиуа ханы) жарлығы жүріп тұрғанда бұл тілегімізді орындаудың мезгілі жеткенін сіздер білуге тиіссіз.*

Осы әділеттілікті куәландыруға мәрімді бастым, батыр Исатай Тайманұлы».

Үндеудің тексінен байқалатындай, Исатай бұл хатты маусымның 25–27-лерінде не Сағызға қарай қозғалар алдында, не қозғалған кезде жазған. Себебі 4 күннен кейін кездесетін жерлерін айтқан ғой. Аталмыш ауылдар Ойыл мен Сағыз арасын жайлайтын. Исатайдың сәлемін естіп, толқи бастады. Көтеріле көшіп Топырақшағылға келді. Ал Шеркеш ауылдарының қайсылары Ойылға қарай өтті. Осы тұста Исатайлар Сағыз, Ойылға беттегенде Жайық бойында қыстап шыққан Барамық Алашаның 360 үйі келіп қосылды.

Ал Қайыпқали болса өзінің Үндеу хатын Байбақтының Төлебай, Құндыкер, Жұмыр, Сасық, Төрәлі деген билері мен старшындарына жолдаған. Оларға қарулануы, азықтарын алып, үй басынан бір азамат жиып жасақ құрып, Ойылға келуге міндеттеді. Бұл хатты Төлебай Баймағамбетке жеткізіп беріп еді. Кейін осы хаттың көтерілісшілер басына пәле болып жабысқанын көреміз.

Исатайдың қол жиюы Ішкі Ордадағы Жәңгірді де мазаландырмай қоймады. Ол әскерін қалпына келтіріп, Жайық бетке күзет қойып, Кіші Жүз ішіне тыңшы жіберді. Оны ұйымдастырған ханға ынты-шынтымен берілген старшын Сарықұл Жайлауұлы еді. Ол Жаппас Түркменбай дегенді саудагер ретінде көтерілісшілерге жіберді. Ол аты күмәнділеу Чина деген өзеннің маңында Исатайды іздеп барып жолыққан. Ішкі тараптан келген адамды батыр қуана қарсы алған. Қуана қарсы алатын себебі: Жаппас (руы) Түрікменбай батырдың әйелі мен баласы Баймағамбеттің тұтқынынан босанып елге оралғанын, яки Жәңгірдің қарамағына бақылауға келгенін айтып барып еді. Ол осы хабарды жеткізу үшін келдім деп, Исатайдың сеніміне енді. Исатай ол арқылы әйеліне деп сәлемдеме береді. Сондай-ақ Ішкі тараптың Қойбас, Жақсығұл, Сарт деген адамдарына да хат жолдап, сәлем-сауқат жолдайды. Түрікменбай Исатайларға ілесіп Сағызға дейін келген. Ол Сағыз өзенінің басына 2800 адам жиналды деп мәлімдейді. Бұдан соң ол көтерілісшілерден шапшаң бөлініп жөніне кетеді де, көрген-білгендерін патша әкімшілігі орындарына хабарлайды.

Көтерілісшілер 1838 жылдың маусым айының аяғында Сағызға, ал шілде айының алғашқы күндері Ойылға ілікті. Осы қозғалысқа қатысқан Өтебай Бекетұлы Ойыл маңындағы Қисықтам деген жерде Қайыпқали, Жүсіп, Құдайберген, Есет (Атымыс Алаша), Науша 600 адаммен болғанын айтқан. Асылы, олар әскерді орналастыру мәселесімен шұғылданып жүрген болса керек. Ал басты топ Қиылдың Ойылға құятын жеріндегі Ақшат деген жерге орналасты. Бұл ресми тарихта Қайыпқалидың әскери базасы атанды. Сонымен сын сағат таянып келді.

ҚАРСЫЛАСТАР ӘРЕКЕТІ

• Енді көтерілісшілерге қарсы ұйысқан топтың іс-әрекетін де мүмкіндігінше толық баяндағанымыз жөн.

Исатайлар Құдайберген Елемесұлы ауылында қыстап шығып, 1838 жылдың 5-ші наурызында қар ерір-еріместен Жемге аттанғанын естісімен, Орынбор әскери губернаторы Перовский Исатайға қарсы күрес жүргізетін арнайы топ құрғанын жоғарыда айтқанбыз. Оның басшысы қанішер полковник Данилевский болды. Ол төменгі Жайық шебін әскери жағдайға келтірді. Күрес штабы Калмыков бекінісі болды. Ол Исатайдың әр қадамын бағып, жансыздар жіберіп барлап отыруды Баймағамбет Айшуақұлына тапсырды. Баймағамбет өз міндетін жанын аямай, құлшына атқарды. Ол ел ішіндегі жансыздары мен Әлім, Табын, Адай арасына еселеп жөнелткен тыңшылары арқылы Исатайдың әр қадамын аңдып, Орынбор Шекара комиссиясы мен губернаторға нақты мәлімет жеткізіп тұрды. Оның тыңшылары Шүрен Шонты Жамантайұлы, Адай молдасы Батырхан Шахмарданұлы, Мәстібай Тоқалұлы, Төлебай, Қара Шерғазы сұлтан, Жаппас Түрікменбай т. б. еді. Исатай көтерілісін қадағалап бақылауды – саудагерлер арқылы Шекара комиссиясы да, өзінің арнайы тыңшылары арқылы Орал казак-орыс әскерінің атаманы да жүргізді. Осы үш жолмен жинақталған тыңшылық мәліметтер күнбе-күн Орынбор генерал-губернаторы Перовскийдің алдына түсіп отырды.

Исатай көтерілісіне қарсы күрес жүргізген топтың басшысы Перовский. Барлық іс-әрекет соның қадағалауымен жүзеге асырылды. 1838 жылдың наурызында Исатайға қарсы құрылған топтың басшысы подполковник Данилевский мамыр, маусым айларында архив деректерінде онша көзге түсе бермейді. Оның есесіне көтерілісшілер туралы мәлімет Орал казак-орыс әскерінің атаманы Покатилов арқылы жиіледі. Осыған қарағанда бұл кезде Данилевский басқа шаруалармен шұғылданған сияқты.

1838 жылдың 17 маусымында Жем бойындағы үлкен жиналыс Баймағамбетті жаман шошытты. Ол халықтың қаһары өзіне қарай тігілгенін бірден-ақ аңдады. Баймағамбет сол күні-ақ Шекара комиссиясынан 500 қарулы

солдат шығарындар деп өтініп, шабарман жөнелтті. Сол күні ол өз қарамағындағы старшындар: Сырым батырдың баласы, тархан, старшын есаул Қази Сырымұлына, 5 дистанция бастығы Елжан Ерғалиұлына, Алаша руының старшыны Сарыбөпе Кенжеқараұлына қол жиындар деп бұйрық береді. Қази Сырымұлы қол жию мүмкін емес, Исатайға қарсы халық көтерілмейді дейді.

Жағдайды өзі де қадағалап бағып отырған Орынбор генерал-губернаторы Исатайлардың Сағызға беттегенін есітіп, 28-маусымда әскер шығаруға жарлық береді де, жазалау-шы отрядтың қолбасшысы етіп Исатайға қарсы соғыста тәжірибе жинаған полковник Карл Карлович Гекені тағайындайды.

Ал шілденің басында Қиылдың Ойылға тоғысатын жеріне кел қос тіккен көтерілісшілер қарап жатпаған, жан-жаққа адам шаптырып ел жиып жүрген Исатай да Байұлы руларын аралап кеткен. Осы кезде шеп бойындағы ауылдардың билеуші сұлтаны Махмуд Алғазыұлы 100 казак-орыс отрядымен Баймағамбетке қосылуға бара жатыр еді. Оның Исатаймен бетпе-бет жолыққаны әлде Исатай болып кеткен ауылда болғаны белгісіз, әйтеуір Қайыпқали әскерін таратып кетіп қалды деген хабарды естиді. Хабарды таратушы Исатайдың өзі болады.

Махмуд Алғазыұлы Оралдағы атаман Покотиловқа адам шаптырады. Ол Орынборға кісі жібереді. Покотиловтың шабарманы 6-шілде күні Орынбордан Елек бекінісіне қарай шыққан полковник Гекенің әскеріне кез келеді. Қайыпқали тарап кетті деген хабарды естіген Геке Орынборға қайтып барып, Перовскиймен ақылдасады. Қолында тың мәліметтері бар Перовский бұл қауесетке сенбейді. Геке 8-шілде Орынбордан қайта шығып, Доңыз өзені бойында тоқтап тұрған сары ала қолын қуып жетеді.

Геке 8-шілдеде Илецкая Защита бекінісіне келіп қонады. Мұнда патша әскер казармалары әлі күнге дейін бар. Сонда түнеп, әскер 9-шілдеде елең-алаңмен жолға шығады.

Геккенің Електен шыққан кездегі әскерінің құрамы төмендегідей:

1. Орынбор тұрақты полкі – 250 адам
2. Елек казак-орыстары – 50 адам
3. Орал казак-орыс полк бөлімшесі – 100 адам

4. Жаяу әскер бөлімі – 50 адам
5. Артиллерия бөлімі – 2 зеңбірек
6. Шаруашылық әскер бөлімі.

Барлығы – 600 адам.

Бұған Ешкіқырғында Баймағамбеттің 500 жасағы кеп қосылды.

Геке әскері 9 шілдеде 40 шақырым жол жүріп, Қызылжар деген жерден Қобда өзенінен өтіп түнейді. Баймағамбеттермен осы арада кездесулері керек еді, бірақ Баймағамбет жетісе ал-мады ма, қандайда бір себептермен Ешкіқырғын өзені жаққа кетеді. 10 шілдеде Геке Қобда өзенінен сарыала әскерін шұбалтып, түстікке Қиыл өзенінен тура салады. Қиыл-арнасының түсі кара, терең әрі суы өте суық өзен. Демек, оған тау бұлақтары құятынының белгісі. Қиыл арқадан бас алып, Ойылға кеп тоғысады. Геке сол жүргеннен дамылсыз жүріп отырып, кешкі сағат 7-де Ешкіқырған өзеніне ілігеді. Баймағамбет осы жерде жасағымен күтіп тұр екен. Геке әскеріне дамыл бермей, түні бойы тағы да 50 шақырым жол жүріп, таң алдында Ақбұлақтың Қиылға құятын жеріне жетеді. Соғыс осы арада болды, сондықтан да Ақбұлақ кырғыны деп аталады. Ал осы жерлерді жаяу аралап, далалық зерттеу жұмыстарын жүргізген тарихшылар Көшекбайұлы, Кенжеәліұлдары жер құрылысын басқаша сипаттайды. Ақбұлақ шағын ғана өзен. Ол солтүстік батыстағы Жосалы жотасынан бастау алып, Қиылмен жарыса ағады да, шығысқа бұрылып Қарағанды өзеніне құяды. Ал Қарағанды өзенінің ұзындығы 8–10 шақырым шамасы, Қора, Дербісәлі шоқыларының арасымен өтіп, Қиылға құяды. Қиылдың бұл тұсының суы терең, аңғары кең, жағалауының жары биік келеді. Бү күнде Қарағандының Қиылға құйылысының сол жағында көпір бар. Көпірден өтісімен биік төбе кездеседі. Төбенің үстімен асып жатқан жол бар. Сол жол Қиылды жағалап отырып, Ойылға барады. Қиыл өзенінің оң жағалауы тегістеу болғанмен, барған сайын биіктей береді. Соның бірі Қарағанды өзенінің оң жағындағы Шейітсай. Шейітсай Қиыл өзенінің түстігіндегі қырқа, шоқылардан ағады. Бұрын ел Шайтақы деп аталған. Шейітсай мен Қарағанды өзенінің арасы 15–17 шақырым шамасы. Шейітсай Исатайдың шегінген тылы еді. Міне, соғыс осы екі арада болады.

10 шілдеде таңсәріде Қарағанды, Қиылға жеткен Геке қырағы көзбен жер жағдайын шолып, осы арадан бекініс құрмақ болды. Сонда олар айдаладағы бекініске көтерілісшілерді арандату үшін қалай алып келеміз деп ойлады. Әрине, ол сәтінің келуіне байланысты еді. Одан да басқа есептері жоқ емес-ті. Ойылға қыруар қол жиналды. Қол жиналмауы керек-ті, жиналған соң қас тіккен адамын шабуға тиісті. Ал көтерілісшілердің азу салғалы отырғаны Баймағамбеттің Суықбұлақтағы ауылы еді. Ал оған төте жол осы Ақбұлақ үстімен өтетін. Бұл бір десек, екіншіден жиналып ереуілдеген қол әскер келді деген хабар жетсе де, тырағайлап тарап кетпей, бәрібір қырға шыққан әскерді қамайтыны кәміл еді. Ал ойлы-қырлы қағаберіс қалтарысы, табиғи қорған болатын жарқабақтары көп үш өзеннің арасы қорғаныс соғысын жүргізуге қолайлы еді. Геке осылай бола қалса деп, қорғаныс құралы-гранаталарды көп алдырған. Сосынғы сенгені зеңбіректер.

Олар, әрине, Исатай ғана өз жасағымен келеді деп, есеп құрған жоқ. Әйтеуір осы араға көтерілісшілерді әкелу үшін Ойылдағы жиналған қолдың басшыларына хабар берді. Хабарды Алаша руының адамы опасыз Балта арқылы жіберді. Оның қалтасында бірі Қайыпқалиға, екіншісі Исатайға арналған екі хат болды. Жоғарыда Қайыпқалидың Байбақты руының билері Төлебай, Құндыкер, Жұмыр, Сасық, Төр-әлілерге хат жазып: әрбір үйден бір адамнан жиып, қаруланып жасақ болып келіндер деп тәртіп бермеп пе еді? Міне, сол билер енді жауап қатты: Баймағамбет әскері Ақбұлақта тұр. Өзі осы маңдағы ауылдарға зекет жинауға кетті. Шабар болсаңдар, шабыңдар, біздер іштей болысуға әзірміз деп. Ал Исатайға хат жазушылар Байұлының сенімді деген азаматтары еді.

Осы хаттардан және кейін Ақбұлақ соғысына қатысқан адамдардан аңғаратынымыз: Баймағамбет жасағына, негізінен, Байбақты, Алаша, Табын руларының азаматтары қатысқан. Байбақтының жасағын бастап келген жоғарыда аты аталған билер. Бірақ олардың арасында Байбақты Сырым Датұлының баласы тархан Қазы Сырымұлы болды ма, болмады ма айта алмаймыз. Баймағамбет қол жиындар деп әмір бергенде, өу баста-ақ оның «Исатайға қарсы ешкім қол көтермейді» деген жауабын білетінбіз. Сол сөзінде

тұрып, Исатайға қарсы топқа қосылмады ма, әйтеуір Ақбұлақ соғысында оның аты аталмайды. Атақты старшын әрі би, оған қоса тархан және есаул атағы бар ол Ақбұлақ соғысына қатысса, қатыспай-ақ келіп тұрса да, көзге ілінбей елеусіз қалуы мүмкін емес-ті.

Баймағамбет жасағында Алаша руының қолын бастаған старшын Сатай Кенжеғарин еді де, Табындардың қолын бастаған, шамасы, ерқара батыр-шора Көпен Сүбіліұлы мен Сәтбай Игітұлы, Жапар Елебайұлдары.

Сүйтіп, 10-шілде күні сәскеде Ойылдағы көтерілісшілерге Балтаны аттандырып жіберген Геке Ақбұлақ-Қарағанды өзенінің теріскейіне қорғаныс штабын құрып, әскерін сай-сайға жасырып, Асфандияр Сүйеуғалиұлы бастаған жасақшылардан ілгеріге шолғыншы күзет жіберіп, өздері штабты арбамен қоршап, окоп қазып бекіне бастады.

КӨТЕРІЛІС ҚОСЫНДАҒЫ АЛАУЫЗДЫҚ

Енді шілде айының алғашқы күндерінде Ойылға кеп 3000 қолмен орныққан көтерілісшілер қосынында не боп жатты-соған назар аударалық. Ойылға әскер боп келгендердің қатарында, негізінен, Әлім, Байұлы тайпалары еді. Әсіресе, Әлімнен Кетелер мен Назарлар айырықша белсенділік көрсетті. Кетенің жасағын бастаған Құдайберген мен Аламан батыр, Назарлардың қолбасшысы Жүсіп Құлтанұлы би болды. Ал Байұлынан бұл көтеріліске айырықша қолқабыс берген Елек бойындағы жерлерінен айырылған Алаша руы. Оларды Атымыс Алаша Есет батыр бастады. Сонымен бірге Қиыл соғысына жиылып келгендердің арасында Байбақты Науша батыр да болды. Ал Адайлар, батыр бастаған арнайы қол шығармағанмен, Қайыпқали жасағы, негізінен, солардан құралды.

Ойыл бойындағы жиынға Табындар түгел тартылмады. Біршама аталар қатысқанмен, негізгі күштері қалыс қалды. Көтерілісшілер қатты сенген Табын Жоламан батыр Ырғыздан бері қозғалғанмен, өз бетімен шепке соқтығып, жолда бөгеліп жатты. Ал ауылында ат сайлап 400 жігіт жиған Асау Барақұлы батыр ең соңғы сәтте айнып қалды. Сексеннен

асқан оның ат арқасына қонып, сабылысқа еруі оңай емес-ті. Бірақ өзі бармағанмен жасағын жіберуіне болатын, өйтпеді. Ал енді Табындардың Қадырбай, Елкінші аталарының Баймағамбет жасағында болып, Исатайды тікелей өлтіруге қатысқаны және белгілі.

Ойыл бойындағы жасаққа уәделесіп жүрген Есет Көтібарұлы да келмей қалды. Оны сол кездегі ел ішінің қым-қиғаш тірлігін баян ететін Мұхаммед-Шәріп Айтовтың жазбаларынан анық байқаймыз.

Жоғарыда зауряд-хорунжий Шустиковтың серіктерімен барымталанып кетуіне байланысты Мұхаммед-Шәріп Айтовтың ел арасына барып, мән-жайды түгел анықтап Орынборға қайтып оралғанын айтқанбыз. Шекара комиссиясы оның Шустиков жөніндегі баяндамасын тыңдап болысымен, енді соларды тұтқыннан босату мәселесімен шұғылданысың деп, қиын шаруаны түгелдей мойнына артты. Бұл туралы Шекара комиссиясы 1838 жылы 9 маусым күні арнайы бұйрық шығарды.

Осы сапарда не көріп, не қойғаны Айтовтың Шекара комиссиясына берген жазбаша ақпарында толық баяндалған. Алайда, бұл жазбаның бір кемшілігі — оқиғалардың күні көрсетілмеген. Себебі — ақпарда айтылған жайлар — ол кездегі Шекара комиссиясы кеңесіндегі қызметкерлерге бесенеден белгілі жайлар еді. Қысқасы, Айтовтың ел ішіне шыққан бұл сапары бір айға, яки маусымың 11—12 лерінен шілденің 11—12 дейін созылған.

Айтов Суықбұлақта отырған Баймағамбет Айшуақұлына келген, ол Мұхаммед-Шәріпке хорунжий сұлтан Асфандияр Сүйеуғалиұлы мен Байбакты руының Батақ бөлімінің старшыны Құндыкер Ақбайұлын қосып береді. Баймағамбет Шустиков оқиғаларын естігенін, сондықтан жоғарыдан нұсқау күтпей-ақ бұл шаруамен өзі де шұғылданып жатқанын: Есет Көтібарұлының ауылына дейін барсандар да жағдайды біліп қайтындар деп Шүрен биі Шонты Жамантайұлы мен Ожырайдың белді адамы Көтен Әйтөкеұлына тапсырма бергенін айтады.

Тап осы кезде Тілеуқабақтардың тұтқынынан екі адам қашады. Оның біреуі туралы Төртқара руын басқарушы төре Саналы Мырзаәліұлы Шекара комиссиясына ол қашқынды Назар Жүсіп Құланұлы ауылы ұстап алыпты деп

хабарлайды. Ал енді екінші қашқын аман-есен шептегі бекіністерге жетеді. Сапарда жүрген Айтөв бұлар туралы хабарсыз еді.

Баймағамбет сұлтанның ауылынан шыққан Айтөв Шонтыдан мөн-жайды білу үшін үш күн жүріп Шүрендерге келеді. Исатайлардың Ойылға жиналғанын осында естиді де, Асфандияр Сүйеуғалиұлын Шүрендерде қалдырып, өзі Ойылға аттанады. Жолда ол Баймағамбеттің ауылын шабуға Исатай мен Махамбет ертең аттанғалы жатыр деген хабар естиді. Айтөв Шүрен ауылында қалған Асфандияр Сүйеуғалиұлына мына сұмдықты тез Баймағамбетке жеткізсін деп шұғыл шабарман жөнелтеді.

Ойылға келсе, Исатайлар өлі Баймағамбетті шабуға аттанбаған екен. Айтөв көтерілісшілер арасында үш күн болады. Бұдан арғысын Мұхаммед-Шәріп Шекара комиссиясына берген рапортында былай деп баяндайды:

«...Қайыпқали мен Исатай маған бұл араға сол жердің өр түрлі руларының арасындағы дауларын шешуге сол рулардың шақыруымен келгенін айтты. Және де айтуларына қарағанда, бұған дейін олар Назар ауылдарында болып, қолға түскен орыстарды (зауряд-хорунжий Шустиков пен бірнеше казак-орысты) тұтқыннан босатып алуға күш салған екен, ол ниеттері жүзеге аспапты.

Осы аламан топтың ішіндегі және бір қазақтардан білгенім: Хиуа ханы Қайыпқалиды қазақтардың дауын шешуге және Хиуаның пайдасына зекет жинауға жіберген көрінеді. Бұл жайды мен Шүрендердің ауылында естіп, Шекара комис-сиясына хабарлаған болатынмын. Бұл әңгі-менің растығын дәлелдейтін және бір жайт — Қайып-қалидың үстінен бақылау үшін Хиуа ханы оның қасына Жанабай деген бір түрікпенді қоса жіберіпті. Қайыпқалидың айтуынша: өз басы Хиуаның жарлығын орындауға онша құлықты емес, тек амалсыздан істеп жүргені. Россия алдындағы өзінің күнөсін қайткенде де жуып, кешірім алуды көбірек құнттайтын сынап білдірді.

Би Жүсіп Құланұлы Қайыпқали, Исатай, Махамбет-термен бірге әрекеттенбек ыңғай білдіріп еді, менің айтуым-мен ол райдан қайтып, менімен бірге өз ауылына жүрді.

Назарлардың ауылында мен Тілеуқабақ Баймұхамбет Жаманшаулы, Қасым Сарышоңайұлы, Арыстан Тінәліұлы

дегендермен кездесіп, алғашқы екеуіне Шекара комиссиясы төрағасының тұтқындарды босатуға көмектесулерін сұрап, жазған хатын тапсырдым. Сосын соларды ілестіріп, тұтқындарды ұстап отырған Қарабастардың ауылына жүріп кеттім.

Тілеуқабак ішіндегі Сексен бөлімінің адамдары Баймұхамбет, Жұманазар Жаманшаұлдарының ауылдары Қарабасқа баратын жолда екен. Өзім сол ауылда қалдым да, Жұма-назарды Қарабасқа, Көтібарұлының туыстары Ақпан мен Тоқпанға әлденеше рет жіберіп алдым. Қолдарындағы тұтқындарды босатып, маған әкеліп берсін деп сәлем айттым. Сол екі арада осы өңірге түгел беделі жүретін би Отаралы Сарышоңайұлына да адам жұмсап, оны да осы шаруаға пайдаланып бақтым. Осы ауылда өзім болған 11 күннің ішінде Жұманазар мен Отаралы тұтқындарды қайтаруды сұрап, Қарабастарға әлденеше рет барып қайтты. Бір жолы Ақпанды ерітіп келді. Жанында (Орынборда абақтыда өлетін) Жандәулеттің баласы бар (аты қатерімде жоқ). Тұтқындарды босатындар деп оларға айтып бақтым. Олар біз бұған қарсы емеспіз, тек барымтаға кеткен Есет Көтібарұлының келуін күтіп отырмыз дегенді айтты.

Бұдан кейін мен Тоқпанның ауылына барып, төрт күн жаттым. Сол ауылға барғанның ертеңіне Есет келді. Көпке дейін менің айтқаныма көнбей қарысып бақты. Тұтқындарды босатуды сұрап, Баймағамбет сұлтан мен прапорщик Ивашкевичтен де кісілер келген дегенді айтты Есет. Ивашкевичтің жіберген адамдары тұтқындарды тіпті ақшаға сатып алмақ та болған».

Ақыры Есет тұтқындарды босатады. Айтов оларды ілестіріп алып, Жұманазардың ауылына аттанады. Жұманазар ауылында тағы бір суық хабар естиді. Шеп бойына тиіскен Жоламан батырдың хабарын естіген Қарабастар қап, тұтқындарды бекер босатқан екенбіз, енді қайтадан тартып алайық деп пәтуаласыпты. Бұлар әйтеуір Бұхарадан қайтқан керуенте ілігіп, Орынборға аман-есен жетеді. Рапортының соңында Айтов бұл саларында өзіне жәрдем берген адамдардың тізімін тізеді: Жекей Шекті Қозыбақ Мұсылманұлы, Құлшық Жанайұлы, Отаралы Сарышоңайұлы, Баймұхамбет, Жұма-назар Жаманшаұлдары, Қосмұхамет Сарыкөбсенұлы, Тілеу-қабак ішіндегі Ожырай, Майқұйар дегендер.

Байқап отырғандарыңыздай: бұл деректемеде Шустиковты босатуға Исатай, Махамбет көмектесті деген мәлімет жоқ. Бірақ 1841 жылы Махамбеттің басы істі болғанда, Айтов: Ойыл бойында қазақтар өзін тұтқындамақ болғанда ара түскенін, Тілеуқабактың батыры Есет Көтібарұлына қағаз жазып бергенін, Шустиковтерді босатуға соның септігі тигенін мойындайды.

Айтов Орынбордан келген-қайтқан жолын есептегенде, көтерілісшілер мен Тілеуқабак арасында табандаған 20 күн болған. Ол Исатайлардың Баймағамбетті шаппақ ойы барын ашып айтқанмен, көтерілістің жеңілуі, Исатайдың өлімі туралы ләм-мим демейді. Соған қарағанда ол Қиыл қырғыны туралы ештеңе білмейтін сияқты. Бұл жерде Айтов саясат ұстап аузын бағатындай дәнеңе жоқ-ты. Соған қарағанда Исатайлар Ойыл бойына кем дегенде 25-маусым шамасында келген сияқты. Ал ол кезде Ойылда Есет Көтібарұлының болмағаны белгілі. Болса, Айтов Есет Көтібарұлының ауылына іздеп бармас еді. Ауылдастары Есет барымтаға кетті дегенді айтады. Ол не барымта? Исатайға қосылуға кетсе, Айтовқа жақтасып жүрген Тілеуқабактың белгілі билер мұны білер еді. Ал ауыл арасы барымтаға кетсе, ол тек назарларға ғана барады. Жүсіп Құланұлының Ойылдан кетіп қалуы осының қырсығы емес пе? Не дегенменде Есет Ойылдағы көтерілісшілер қосынына бармаған. Ал Табын Жоламан бағыр болса өз бетінше Шекаралық шептерді бөрліктіріп жүрген.

Көтерілісшілер Ойылдың бойына келіп неге ұзақ тұрып қалды? Осы жайлы Махамбет Қайыпқалиға арнаған «Реніш» өлеңінде былай дейді:

*Алты күндей алаулап,
Он екі күндей ой ойлап,
Ақылды алтыс жаққа шаптырып,
Ақыл жөнге келгесін
Арқаның алтыс екі саласына барғанда
Айдаһардай арбадың,
Арбадың да қалмадың.
Ханнан кегін ала алмай,
Қайрат қылар ер біз болсақ,—
Заманында болған, сұлтаным,
Бізді жіпсіз байладың.*

(1838, шілде)

Махамбет жіпсіз байланудың он сегіз күнге созылғанын,

оған себепші болған Қайыпқали екенін біртоға ашып айтқан. Ал осы бөгелістің сыры неде? Зерттеушілер жан-жаққа адам шаптырып, тағы да қосымша қол жиды дейді. Ал Рязанов: «Исатай Қайыпқалиды хан көтермек болды, Баймағамбетті шауып, Қайыпқалиды хан көтерсе, көтерілістің кең қанат жаюы мүмкін еді. Бұл негізінен дұрыс жоспар еді» деп тұжырады. Ал біздің қазақстандық тарихшылар Рязановтың осы пікірін үндемей аттап кетуге тырысқан. Ханның тұқымын тұздай құртамын деп, айшықты ту байлап, соңына алашұбар қол ерткен Исатайдың Қайыпқалиды хан көтерем деуі қайсыбір тарихшылардың ақылына сыймаған сыңайлы. Оның үстіне біздің ресми тарихи ілімде хандық үшін күрес керітартпалық құбылыс саналады емес пе? Сондықтан да көтерілістің мақсатына көлеңке түсірмей, оның көсемі Исатайға шаң жұқтырмау үшін осы тұстарды аттап өтіп отырған.

Хандық құрылым — адамзат ат-тонын ала қашқандай құрылым ба еді? Шынына келгенде, біз оның атын атағанымыз болма, затын да дұрыстап біле бермейтініміз өтірік пе? Патшалық, корольдік, цезарлық, концлерлік, халифаттық, хандық басқарымдар аты ұқсас болғанмен, бір-біріне айны-қатесіз ұқсай бермеген. Халықтың тұрмысы, дағдысы, әдет-ғұрпы жаңағы мемлекеттік басқарымға әсерін тигізбей қоймаған. Бү күнде біз парламенттік құрылым дәуірлеген кезеңде өмір сүріп отырмыз. Алайда, сол парламенттердің бір-біріне ұқсамайтынын да білеміз. Бұл бір десек, екіншіден әр мемлекеттік басқарымының даму эволюциясы, бір сападан екінші сапаға өтуі бар емес пе?

Хандық құрылым бізге Алланың әмірімен аспаннан түскен жок, сырт біреу зорлап таңған да емес, көрші елдегі бас-қарымға еліктеуден де тумаған, оны түркі этникалық қауымының ішкі табиғи даму заңдылығы дүниеге әкелді. Көшпенділер әлемінде отырықшы елге қарағанда демократиялық принциптер басым болған. Хандық басқарымға оның әсері тимей қоймады әлбетте. Корольдер, патшалар мұрагерлік үрдісті қатты құнттағаны белгілі. Хандық мемлекетте те сол қағида сақталған. Дей тұрғанмен, ол еуропалық мемлекеттердегі сияқты бұлжымас қағида болмаған. Түркі әлеміндегі хандар мұрагерлік жолмен таққа отырмай, халық

жиынында сайланған. Ал адамзаттың демократия дегенде ойлап тапқан әділет жолы — осы сайлау емес пе еді?! Сайланбай қалған да хан тағынан үміткерлер аз болмаған. Хан король, патшалардай шексіз құқыққа ие болып, алаңсыз билеп-төстей алмаған. Билер, батырлар институты оны шектеп отырған.

Ел тағдырына байланысты ірі оқиғалардан бастап, мәселен, шапқыншылық, соғыстан бастап көші-қон мәселесіне дейін билермен ақылдасып отырып шешкен. Қазақ хандығы елдің басын біріктірген іргелі мемлекет құрғанмен, басқару институты ретінде өзінің бар мүмкіндігін сарқа көрсете алмады. Жонғар жаугершілігіне ұшырап, әлсіреп келген кезде, Ресейдің отарлау саясаты күшпен жойды. Хандық үшін күрес, мемлекеттік үшін күрес, оның ешқандай керітар-тпалығы жоқ, ұлт-азаттық күрестің негізгі мақсаттарының бірі.

Ойыл бойында Қайыпқалиды хан көтеру мәселесі әңгіме болуы ғажап емес. Бірақ оның сайланбауы-көпшілік қолдауын таппағанының белгісі. Халық хандардан суына бастаған. Оған басқа емес, сол хандардың өздері кінәлі. Шындығына келгенде Кіші Жүз жұрты Әбілхайырдан кейін дұрыс ел басшысын корген жоқ. Әбілхайыр не дегенмен де тұлға еді. Қолына қару алып, қазақтың қалың әскерін бастап, Жонғардың бетін алғаш қайтарған сол. Бірақ өмірінің соңғы жылдары орысқа қол берем деп, халықты теріс қаратып алды. Орыс патшасының пиғылын танып білген соң, бұл тастап бақты, тіпті халықты Кавказ арқылы Түркияға алып кетуге де ниеттенді, бірақ басын тау-тасқа ұрғанмен, ештеңе шықпады. Ал оның ұлы Нұралыны халық ел арасына сыйғызбай, Уфаға қуды. Ал одан бергі ханмын деп таққа отырғандардан опа көргендері шамалы. Қара бастарының қамы үшін патшаның қолтығына кіріп алып, шен-шекпен, дәулет жиып, екіталай күн туса, кара қазақтың емес, ақ патшаның әкімдерінің сөзін сөйлейтінді шығарды. Халық соларды көріп, хан дегеннен түңіле бастаған. Ал, Қайыпқали обалы нешік, қазақ десе, шырпыр болатын отаршылдыққа жаны қарсы азаматтың бірі еді. Пысық, іскер болғанмен, көшелі кеменгерлік жағы жетіспей жатты. Кейде ел арасын-дағы ұсақ-түйек, абыройсыз істерге ұрынып қала беретіні де бар еді. Үшіншіден,

бұлар Қайыпқалиды хан көтергенмен, патша өкіметінің бекітпейтіні белгілі. Ол Орынбордың «қара тізіміндегі» адамдардың бірі еді. Міне, Ойыл бойында осы тәрізді алқы-талқылар болып, бөгелген сыңайлы.

Екіншіден, олар Табын Жоламан мен Тілеуқабақ Есет Көгібарұлын тосты. Ол ауылында отырып келмеді. Табын Жоламан Тіленшіұлынсыз, Табын Асау Барақұлынсыз, Тілеуқабақ Есет Көгібарұлынсыз хан көтеру мүмкін емес-ті.

Қысқасы, Ойыл бойында жіпсіз байланған көтерілісшілер уақыттан ұтылды. Қырға әскер шықты. Олар екі күнде дйттеген жерлеріне жетіп, шеп құрды. Далада ұшқан құс, жүгірген аңға дейін көзге шалынбай қалмаушы еді, бұлардың әскер шыққанын қалай естімегендерін? Не жолы біреулер көрмейді, нен жолы жанашыр біреулер көтерілісшілерге жеткізбейді. Қажап демеске лажың жоқ.

Асылы, Ойыл бойында Исатай мен Қайыпқали арасында бір келіспестік орын алған. Қайыпқали ұзын арқан, кең тұсауға салып, Баймағамбетті шабуды кешіктіре берген. Махамбеттің өлеңінен сол аужайды аңдаймыз. Қайыпқали неге өйтті? Әбілхайырдан бірге туған бауырын, ат тұяғына таптатуға қимады ма, әлде соңы немен бітері белгісіз кикүлы дүбірге бас байлауға жүрегі дауаламады ма?! Әйтеуір жасанып шыққан елдің жолын бөгеп, жорықты созбақтай берді. Асылы, бұл Исатайдың шамына тисе керек. Шілденің 5—6-ларында сұлтан Махмуд Алғазыұлының Орал казак-орыс әскерінің атаманы Покатиловке «Қайыпқали әскерін таратып кетіп қалды» деген хабар жеткізуі тегін емес, көтерілісшілер қосынындағы бір келіспеушіліктің көрінісі. Хан сайланбай қалған Қайыпқали ашу шақырып, билер мен жасақшыларға тіл тигізсе керек. Жүсіп Құланұлының көтерілісшілер қосын тастап кетуі осы шамада. Исатай да қолды бір сілтеп, Жайық өзені бойындағы Байұлы ауылдарын аралап кеткен. 11 шілде күні Исатайлар Баймағамбет Ақбұлақта деген хабар алып, шұғыл атқа қонады. Бұлар Баймағамбетті шабуға аттанғанда, Қайыпқали оларға қосылмай Шығысқа қарай бет түзеп Тесіктам деген жерге барады. Тарихшылар мұны көтерілісшілердің соғыс тактикасының бір түрі, қол жию амалы еді дейді. Біздіңше, бұл әрекетте бас қатырғандай үлкен тактика жоқ. Қайып-

қалидың Баймағамбетті шабуға құлқы болмаған. Оның үстіне бұл кезде көтерілісшілер қосындағы ырың-жырыңның салдарынан жасақтың үштен екісі тарап үлгерген еді. Геке де, Баймағамбет те Тесіктамға ойысқан Қайыпқалидың бор-жоғы 400-ге жетер-жетпес жасағы бар еді деп мәлімдейді. Көкпектіден аттанғандағы 3000 қол қайда кеткен? Мәселе пісіп-жетпей тұрып, Қайыпқалидың хан болғысы кеп жанұшырған асығыс әрекеті елді үркітіп алған. Кіші Жүздің билері, старшындары мен батырлары оны жоғары лауазымды атаққа лайық көрмеген. Бірақ сол тұстағы көтерілісшілер тарапынан таратылған үндеулер мен хаттарда Қайыпқали өзін үнемі хан атап отырған. Ал әскерді азықпен жабдықтауға байланысты бір үкімінде өзін «ханмын», Исатайды «зекетшім» дегені де бар. Хан болуға күштарлық көзіне тұман қаптатқан сыңайлы. Оның Хиуаның ұлы ханы Мұхаммед Рахимнан алған ондай атағы бар еді. Бірақ онысы Кіші Жүз халқының бәріне бірдей жүре бермейтін.

Ақбұлақ соғысы болатын 12 шілде күні 3000 көтерілісшіден бар-жоғы 900 қол қалуы ыдыраушылықтың етек алғанының айғағы. Мұндай жағдайда елдің басын қайтадан қалай қосуға болар еді? Баймағамбетті күйрету ғана, басқа жол жоқ-ты. Исатайдың Қайыпқалидан бөлініп, жөпелдем Ақбұлаққа аттануының сыры осында.

АҚБҰЛАҚ СОҒЫСЫ

11 шілде күні Ойылдағы көтерілісшілер жатағы Ақшаттан шығып, Исатай 500 жігітімен Қиылға бет алды. Бұл көтерілісшілердің ең жауынгер, белсенді тобы еді. Оның құрамында Исатайдың Жайықтан бірге өткен, Нарыннан кейін келген соғыс тәсіліне жетік жауынгер сарбаздары, Байбақты Науша батыр мен Кете Құдайбергеннің және Бұхар беттегі Байұлы ауылдарының жасақтары бар еді.

Тарихшылар Исатайдың Ақбұлаққа сәтсіз жорығының кінәсін Ысық руынан шыққан опасыз Балта дегенге жауып, батырдың айыбын жеңілдеткен болады. Сол «Ысықтың Қадырқұл атасының адамдары сізді Төсағашта күтіп отыр деп хат әкеліп берген, батыр соған сеніп қалған». Көлденен

көк атты алдап кететін болса, Исатайдың көсемдігі, кеменгерлігі қайда? Жайық пен Хиуа арасындағы небір қысылтаннан жол тауып күнде өтіп жүрген Махамбет, Науша, жетпіс жыл жау қайырған Құдайбергендер мұның арандату екенін не ғып аңдамаған? Балта туралы әңгіме қаза болған Исатайдың қалтасынан табылған хатқа байланысты өрбіген. Ол хаттың мазмұны мынандай: «Сыйлы, аса құрметті де мейірімді сұлтан Қайыпқа, Исатай батыр, Махамбет және олардың жолдастарына шын жүректен сәлемімізді жолдаймыз.

Бұдан кейін айтарымыз, біз, Ысық руының Қадырқұл бөлімінің Бесарыс, Құрлыбай және Тұман аталары сіздің жарлығыңыз бойынша қызметтеріңізге дайындығымызды білдіріп Төсағаш түбегі деген жерге көшіп келдік. Үлкендеріміз атқа қонып, сіздерді күтіп отыр. Татылбай Нұршаұлы, старшын Намазбай Нұршаұлы, Бұйрақ батыр, Жақатай мырза, Балта, Әлік және басқа үлкен-кішілер». Бірақ та аталмыш хаттың Ақбұлақ оқиғасынан 5 ай бұрын, яки 1938 жылдың 18 ақпанымен даталануы Балта версиясын мүлде жоққа шығарады. Бұл хат Исатайдың қыс айларында Ысықтармен қарым-қатынаста болғанының айғағы. Шамасы, Ішкі Ордаға аттана қалса, қол беруге уәде еткен.

Ығылман Исатайлар Ақшаттан шығып Қиылға беттегенде бір жалғыз аттылы кезігіп, қанша қуса да ұстатпай Ақбұлаққа қарай қашып кеткенін айтады. Баймағамбеттің жансыз барлаушысы сол. Гекенің лагеріне Исатайдың 500 адаммен аттанып келе жатқанын, Қайыпқалидың 400 адаммен бұрылып, Тесіктамға кеткенін сол айтып келген.

Шілденің 11-нен 12-не қараған түні Исатайлар жан-жаққа қарауыл қойып, ашық далада түнейді де, таң елең-алаңнан атқа қонады. Қожахмет бастаған шолғыншы топты ілгері жіберіп, суыт жүріп келе жатады. Қиылдың арнасымен жарысқан ұзақ биік дөңге іліккенде Қожахмет шолғыншылары Асфандияр Сүйеуғалиұлы сұлтанның күзетіне тұтқиылдан тап беріп, талқандап жіберді. Екі адам қолға түсті де, Қожахметтің найзасынан қарыннан катты жараланған Асфандияр қашып құтылды.

Бұл оқиға кем дегенде, әскер бекініп жатқан жерден үш-төрт шақырым жер еді. Батырлар әлгі екі тұтқыннан

Ақбұлақтағы әскердің мән-жайын сұрап білді. Гекенің де хабарын естіді. Гекеден қаймығып, осы арадан-ақ кері бұрылып кетсе, ешқандай пәле жоқ еді. Орал казак-орыс атамандығы кеңесінің архивариусы болған, Ақбұлақ оқиғасын ізі суымай тұрып зерттеген Савичев: Исатай бекіністің қарама-қарсы алдындағы төбеге шығып, жасанып жатқан әскерді көзімен көргенін мәлім етеді. Шынында да, Исатай төбеге шыға келіп, әскери лагерді шолып біраз тұрған. Лагерь Ақбұлақтың арғы бетінде ойпаңда екен. Штабты арбамен қоршап тастапты. Штабтың айналасына жаяу әскер үшін ор қазылған. Дабыл қағылып, штаб ызы-киқы боп, әскери сапка тұрып жатыр екен. Исатай Гекені де таныды, көрінбегенмен, тасалап ұстаған зеңбіректері де бар екенін білді, күштің де тең еместігіне көзі жетті. Зеңбірек, мылтық артықшылығын есептемегенде, жаудың қара санының өзі екі еседей көп еді. Жеңу мүмкіндіктері каншалықты аз болса, жеңілу мүмкіндіктері көпе-көрінеу еді. Исатайдың ат басын кері бұрып, арттарынан қуғыншы шықса, көз жаздырып кетуге толық жағдайы болды. Бірақ шегіну-жеңілу еді. Шегінді-ақ бастары піспей ірей-тірей болған көтерілісшілердің сайдан санын, құмнан ізін таба алмайтынсың. Өткен қыстан бері бір күн тыныш ұйықтамай, ат арытып, тон тоздырған еңбектің арзымағаны. Тізгінді бір босатты-ақ елдің басын қайта құрау жоқ, ал ол дегенің арманды су шайып, батырдың тірідей өлгені. Бұл — мәселенің бір қыры болса, екінші қыры-жауды қазір тоқтатпаса, ол ел ішіне жылжиды. Жазықсыз ауылдар шабылады, қан төгіледі, ел босады. Кешегі қол берген халық енді мұның атына қарғыс жаудырады. Атына сөз, атағына кір жұғады. Халқының алғысымен өскен ер еді. Егдеріп, бақ тайған шағында сол халқының қарғысын естігеннен жер басып жүрмегені артық.

Исатай төбе үстінен бәрін шолып көрді де, қолын бастап шоқытып төмен түсті. Геке әскерінің бекінісі арғы бетте еді. Исатайлар бергі бетпен, жағалай жүріп оқ атты. Оның басты мақсаты зеңбіректің бар-жоғын білу болатын. Көтерілісшілердің ентелеп келіп өзеннен өту қаупі туған соң, Геке қорыққанынан әуелі граната лақтырып, сосын зеңбіректен оқ атты. Бір доп Сақау Адай сарбазға дәл түсіп, ат-матымен күл ғып күйдіріп жіберді. Екі сарбаз өліп, бірнеше ат жарақат-

танды. Зеңбіректің сырына қанық Исатай жасағын кері
лықсытты.

Осы кезде казак-орыс әскері мен Баймағамбет жасағы шабуылға шықты. Зеңбірек тынбай, оқ боратып тұрды. Исатай шегінген көтерілісшілердің соңында келе жатты. Ол зеңбірек жетпейтін жерге шығып алып ойран салмақшы еді. Көте-рілісшілер аңдыс аңдып арттарына қарай-қарай жылысты. Бұл кезде қуғыннан құтылып кету, батырларға түк те емес-ті. Бірақ енді бір айналып караса, Гекенің әскері қалып, Баймағамбет өзінің казак-орыс командасы және жасағымен қуып келеді екен. Өкшелеп қалмай, оқ атып зулата бастаған соң, ата жауын көрген Исатай атының басын кері бұрды да, жолдастарын айқайлап тоқтағып, Баймағамбетке тұра үмтыл-ды. Исатайдың соңына жүзге жуық майдандас серіктері, көнігі батырлар ілесті.

Исатайдың қарсы шапқанын көріп, соңына түскен 500-ге жуық әскер мен жасақ оқыс кері бұрылды. Осы кезде опай-топай аттан құлағандар да жоқ емес. Исатай серіктерін бастап, жұлдызша ақты. Кері қаша алмай сасқалақтағандарды найзаның ұшымен аттан түсіріп келе жатты. Ойбайлап, жан сауғалағандардың көпшілігіне тимеді. Ол Баймағамбетті ғана діттеді. Бірақ сұлтан астындағы жүйрік атпен жеткізбеді. Қашқындар биік жардан қарғып, өзенге ат жалдап, Ақбұлақтың арғы жағалауына өтіп кетті. Осы кезде артиллерия бір-екі доп атты. Бірақ одан гөрі, қапталдан сау ете қалған 200 казак-орыс әскері қиын жағдайға душар етті. Әлгінде көтерілісшілер кері шегінгенде өзеннен өткен олар қаптал сайда жасырыныш түр еді. Шаппа-шап ұрыс басталды да кетті. Исатай батырларын жиып алып, казак-орыстарға тап беріп, қарсы келгенді орттей жайпап өте шықты. Бірақ олардың серпініне ілесе алмаған біраз жігіт қоршауда қалып қойды. Исатай бір топ найзагер серігімен қоршауға қайта салады. Жауды тағы да жапырып, қоршаудағыларды ілестіріп алып әскер шебін қайтадан бұзып шығады. Батыр осы кезде 19 жасар баласы Оспанның қамауда қалып қойғанын көріп, қайта бұрылады. Оспанды құтқарып алып, Үбі, Қожахмет бөп жөнеле берді. Исатай қоршаудан аман шыққандарды алдына салып, Шейіт сайға қарай ағылады. Осы кезде Махамбет те қоршаудан сытылып шығып, Исатайларды қуып

жетеді. Исатай: «Жан жолдасым, Махамбет! «Жұмыртқа үшін құс та өлер-ұяда жатқан шайқамай!» демеуші ме еді. Баламды бердім қолына, құтқара көр!» дейді.

Махамбет сондарынан қаптаған қуғыншылардың сұрын байқап, қауіп айтады. Бірақ Исатай оның уәжін құлаққа ілмейді. Оспан арқасынан казак-орыстардың сүнгісінен қатты жарақат алған екен. Атына да оқ тиген бе, әлде құлап сіңірін созып алған ба ақсаңдап шабысы өнбей келе жатады. Махамбет Исатайдың қиылып өтінгенін жерге тастай алмай, Оспанның атын шылбырынан сүйреп ілгері озады. Исатай, Қожахмет, Үбі шегінген жасақтың ең соңында қалады. Оспанды ұзатып жібергенше Исатай қуғыншылардың жолын бөгемек болып, аттың басын тежей шабады. Сондарынан үстемелеткен, қуғыншыларды садақ оғымен бөгеп отырады. Казак-орыстар Исатайды нысанаға алып, оқ атып келеді. Бірақ әлсіреген оқ батырға тигенімен, сауытынан өтпейді. Исатай, Үбі, Қожахмет садақпен қайырыла атып, 15 шақырымға дейін алдырмайды. Исатай қақырата атып келе жатады. Қуғыншылар, негізінен, Орынбор жасағынан хорунжий Петровтың отряды еді. Алға шығып, сұғына берген урядник Иван Богатырьевтің атын екі рет жаралап, бетін қайтарып тастайды. Махамбет пен Оспан үсталмайтындай ұзап кеткен соң, Исатай атына қамшы басады. Міне, осы кезде Угольный станциясының казак-орысы Леонтий Зеленин батырдың атын нысанаға алады. Екі рет атып тигізе алмаған соң, атынан түсіп жата қалып атады. Оқ қыл мыкыннан тиеді. Құлаяқ құламағанмен, бүйірінен қан шүмектеп, бауырын жаза алмай қалады.

Қожахмет пен Үбі кезек-кезек аттарын көлденең тарт-ады. «Ат көтіне мініп қашты деген өсекке қалғанша, өлгенім артық!» деп олардың атына мінбейді. «Иісекелеп» боздап жылаған Үбіні батыр ақырып қуып жібереді. Әлі қалмаған Құлаяқ сүрініп барып құлайды. Исатай соңғы саржаларын тартып, орнынан сілкініп қайта тұрған Құлаяққа аяқ артқанда, қуғыншылардың алдында келе жатқан Көбен жетіп үлгерген еді. Найзамен іліп, Исатайды аттан түсіріп кетеді. Исатай жаяу соғысады. Әлгі үшеуі батырдың маңына жуыса алмай, алыстан қоршап тұрғанда казак-орыс жасағы да жетеді. Исатай пистолетпен атып, бір казакты жалпасынан түсіреді.

Екі пистолетпен кезек атып, ешкімді маңына жолатпайды. Ақыры, оғы таусылып, қылышпен соғысуға кіріседі. Атты казактар оны тықсыра бастайды. Осы кезде аттан түсіп, батырдың арт жағынан андып жүрген Көбен Сүбіліұлы Исатайдың арқасына жармасады. Исатай оны көтеріп алып, басынан асыра жерге ұрады. Бірақ тап осы кезде Сәтбай мен Жапар кеп батырдың қолына жармасады. Осы алыс-жұлыс үстінде батырдың дулығасы шешіліп қалады. Богатырев қылыш сілтейді. Қылыштың жүзі Исатайдың шекесіне тиеді. Есінен танған батыр етпетінен құлайды... Бірақ Сәтбай мен Жапар оны қолдарынан босатпай қолтықтап қайта көтеріп алады. Аттан түсіп жетіп келген Богатырев мылтығын тақап тұрып, батырды мойнының ашық жерінен атады.

Сөйтіп, халқым деп еңіреген ер Исатай арманына жете алмай, дүниеден өтті. Отаршыл жендеттер мен халық қамынан гөрі қарнының мүддесін жоғары қоятын сатқындар ізіне түсіп жүріп, ақыры жер құштырды. Исатай 1838 жылдың 12 шілдесінде шаңқай түс шамасында Ақбұлақтан 17 шақ-қырымдай жырақтағы Шейітсайдың жанында жан тапсырды. Ол қалың жаудан қорқып, тізе бүккен жоқ, ақтық демі қалғанша арыстанша арпалысып, қасқайып тұрып өлді. Исатай көтерілісінің басқа мән-маңызын былай қойғанда, батырдың осылай өле білуінің өзі ұрпақтарға үлгі болғандай. Исатай батырлықтың да, адамгершіліктің де биік рухын таныта білді. Ол туралы отаршыл жендет Геке: «Исатай өзінің көзсіз батырлығының құрбаны болды» десе, осы оқиғаны ізі суымай тұрғанда зерттеген Н. Савичев Исатай туралы: «Тып-тынық тыныш аспанды тілген жарық жұлдыз зуылдай ағып барды да, кенет ғайып болды» деп жазса, А. Ф. Рязанов: «Исатай Тайманұлы казак халқының ұлттық батыры» деп қорытты.

ШЕЙІТСАЙ ШЫНДЫҒЫ МЕН АҒЫЗЫ

Енді ел аузында «Қиыл қырғыны» атанған оқиғаның тарих үшін немкетті емес қайсыбір детальдарына тоқталалық. Жайықтың Бұхар бетіндегі күрес күндерінде

Исатайдың кезек мінетін қазанаты болыпты: бірі – Жолдықүрең, екіншісі – Сорлықүрең. Жолдықүреңді мінсе, жолы аңқиды да отырады, Сорлықүреңді мінсе, қалай да, бір көлденеңге тап болады. Исатай Ақбұлаққа аттанғанда, астына мінгені осы Сорлықүрең екен. Ал екінші бір аңызда Исатай Ойыл мен Қиыл арасында ат шалдырып алған кезде, далада көкшалғын арасында шынтақтап жатып мызғып кеткенде түс көріп, түсінен шошып ояныпты. «Астымдағы Құлаяқ аспанға тік қарғып, құйры-ғынан сыпырылып түсіп қалып жүрмін, осы жолым болмай-ды-ау» депті. Мұндай оқиғалар батырдың басынан өткен-өтпегені белгісіз. Кейінгілердің ойдан шығарған әңгімелері болуы да ғажап емес. Бірақ олардың қай-қайсысы да Исатай-Махамбет оқиғаларын толықтыра түсіп, белгісіз тұстарға жамау болып, жаңа бояулар қоспаса, тарихи шындыққа әсте зиянын тигізбейді. Исатайдың халық аузында аңыз боп сақталуының өзі осындай әңгімелерге тікелей байланысты.

Ығылман өз дастанында Исатай Ақбұлақ жорығына Көбік Кете Құдайберген Елемісұлы сыйлаған Құлаяқты мінді дейді. Құлаяқ әдемі жүрісті, бір орнында билеп тұрмайтын бәйге күрең екен. Бұл сөзді Ақтөбе облысы «Қиыл» совхозының тұрғыны Досмұхамбетұлы Рахметолла ақсақал да қуаттайды. Махамбет: «Арғымаққа оқ тиді қыл мықынның түбінен. Ер жігітке оқ тиді ауыз омыртқаның түбінен» дегенде осы Құлаяқ пен батырға қалай оқ тигенін дәл суреттеген. Ақын енді бір жырында:

*Қуйқылажыған құла жирен ат мінген,
Қуйрық-жалын шарт түйген,*

– деп бейнелейді батырды. Исатайдың Нарында тақымына басқан тұлпарлары әйгілі Ақтабан мен Көгілдір еді ғой. Ал Бұхар бетте Исатайдың үш аты болды: бірін Шығанақ, екіншісін Есенгүл Беріш Бабат, үшіншісін Құдайберген батыр сыйлаған. Үшеуі де бәйгеден келіп жүрген тұмарлы жүйрік-тер, Шығанақтың сыйлаған атының түсі торы, Бабаттікі қан жирен, Құдайбергендікі күрең. Оның қайсысы Жолдықүрең, қайсысы Сорлықүрең атанғанын айыру мүмкін емес. Ал ел аузындағы әңгімеде мынадай нұсқа бар: Құлаяқ оқ тигенмен, өлмей Шейтсайдың жанында қалып

қойған, Ол сүзіліп, көзі-басы іріңдеп, ұзақ ауырып кейін барып өлген. Басынан кешкен тағдырымен жүні жидіген өлімші түріне қарап жұрт оны Сорлықүрең атаған. Бұл уәжге құлақ қоюға болатын сияқты.

Екінші әңгіме — Ақбұлақ шайқасындағы өлім-жітім, адам шығыны жайлы. Әскер басшылары орыс әскерінің шығынын күпияда ұстаған, өйтетін себебі: шығынның көптігі орыс әскерінің беделіне нұқсан келтіретін, ол белгілі болса, әскер арасында күңкіл-сүңкіл әңгіме туатын, ал ең бастысы шығын көбейсе, әскер басшылары патша сарайынан шен-шекпен сыйлық ала алмайтын. Сондықтан орыс әскерінің шығынын рапорттарға енгізбеуге тырысты. Оның есесіне қарсы жақтың шығындары дабырайтылды. Ақбұлақта өлген көтерілісшілердің саны әр рапортта әр түрлі көрсетілген: 60—70, 60—80, 60—100. Айтып отырғандары мал емес, адам болғандықтан: 60 пен 100 айырмашылығы әжептәуір, оған мән берулері керек еді. Жалпы, 60-тың өзі де күмәнді. Себебі: майдан даласында шейіт болғандардың есебін алған ешкім жоқ. Таңғы 6-ларда басталған соғыс, күндізгі сағат 2-нің шамасында бітті. Исатайды өлтірген соң, көп ұзатпай Қожахметті де қуып жетіп тұтқынға алды, қолға түспеген Үбі батыр.

Сол күндізгі екінің шамасында керней үні соғысқа «отбой» берді. Әскерлер қайтадан Ақбұлаққа жиналды. Тамақ ішіп, тыныққан соң, кешкі сағат 6-да Баймағамбет екі зәңбіректі сүйретіп, ұрыс даласына шықты. Мақсаты түнде өліктерді жинап алуға келетін көтерілісшілерді ұстау еді. Бір ғажабы — Баймағамбет даладан бірде бір өлік таба алмады. Бұлар Ақбұлақтағы әскери қоста тамақтанып отырғанда, шейіт болғандарды жинап әкетіп қоймай, жер қойнына беріп те үлгеріпті. Демек, адам шығынының есебін алған еш пенде жоқ, бәрі де жобамен айтылған болып шығады. Сондықтан 60 деген санның өзіне күдікпен қараған жөн.

Ал патша әскерінің шығыны туралы Геке Орынборға берген бірінші рапортында: Исатайдың белінде екі тапаншасы болды, бір казакты жаралады деп көрсеткен. Ал, екінші бір рапортында: Исатайдың соңынан қуған отрядтың төрт казак-орысын қатты жарақаттап, аттан түсіргенін атаған. Ал ел аузындағы қосымша деректер Ақбұлақта Исатайдың бір өзі патша әскерінің 8 адамын мерт еткені

айтылады. Бұл жалғыз ғана Исатай батыр төңірегіндегі өңгімелер. Ал басқа көтерілісшілер ше? Исатай тобында жау түсірген батырлар аз болмаған.

Алайда Ақбұлақ шайқасында патша, Баймағамбет әскері тарапынан қанша адам шығын болғаны туралы әзірше нақты дерек жоқ. Көтерілісшілер оңайлықпен есе бермей жастықтарын ала кеткені ақиқат. Мәселен, көнсадақты Құдай-берген батырдың туысы, Ақбұлақта Құдайберген жасағында болған Ақ Кете Дүйсекеш ақын: Ақбұлақта соңыма түскен 6 адамды өлтіріп қашып құтылып, Жайықтан өтіп кеттім деген. Әдетте, мұндай қас дұшпандардың сағын сындырған ірі жеңістерден кейін, әскер басшыларының шен-шекпендері өсіп, наградталушы еді. Бұл жолы ондай мәре-сәре болған жоқ. Орынбор губернаторы Перовский патша сарайына лепірген рапорт бермеptі. Тек қана көтеріліске қатыспаған шөмішті Табын Асау Барақұлы, Тілепі сияқты азаматтар патшаға адалдығы үшін алтын медаль сыйлық алған.

Ақбұлақ шайқасында қанша адам шейіт болғаны белгісіз десек, ал кімдердің тірідей қолға түскені белгілі. Олар: Жайық Беріш Қожахмет Өтемісұлы, Қаратоқай Беріш Ботбай Құшақұлы, Есен Беріш Бақай Сарыұлы, Баралық Алаша Байшора Құржанұлы, түрікмен Балабек бек Батыр-оғлы, Ақ Кете Құдайберген Елемісұлы.

Әскер түскі тамаққа үзілген кезде, тапа-талтүсте көтерілісшілердің ұрыс даласында шейіт болғандарды жиып әкеткеніне қарағанда, олардың жеңіліске ұшырағанмен, әскерден онша қорқа қоймағанын аңғартады. Кетелер арасындағы өңгімеге қарағанда, көнсадақты Құдайбергеннің баласы Әмірен түнде патша әскерінің штабына шабуыл жасап, біраз күзетті қылыптап кеткен. Сол кезде Құдайберген батыр арбада шыныжырлаулы жатыр екен. Баласы өзін іздеп жүргенін білсе де, арланып «мен мұндамын» деп дыбыс бермеptі.

Көтерілісшілер өліктерін жиып алғанмен, ұзаққа әкете алмай, сол Шейітсайға жерлеген. Сонда ортақ зират бар. Үлкен төмпе боп жатыр. Оны жергілікті жұрт «Қырғын мола» атайды. Кісілерін танып, тауып алғандар жеке-жеке жерлеп, кейін бастарына белгі қойған. Ал Исатайдың бейіті осы Қырғын сайдан түстікке қарай 200 метр жерде. Сол

жерде төрт моланың орыны бар. Асығыстау көмгені көпе-көрнеу, моланың екі жағынан ойып топырақ алынып, үстіне салыныпты. Шұңқыр орны әлі бар, Исатайдың басына бұрынырақ бір белгі қойылған екен. Ол мүжіліп құлап қалыпты. Ағайындары кейін қайтадан басын көтерген. Исатайдың моласын ойына сақтап келген Сенгіртасұлы Оңғарбай деген қария. Ол Исатайды білген, тіпті соғысқа қатысқан адам сияқты. Оңғарбай қария дүниеден өткен соң, бейітке көз қырын салған «Қиыл» совхозының тұрғыны Мұханұлы Құбаш деген қадірменді кісі. Ол 1978 жылы 83 жаста еді. Исатайдың қабірін тауып берген сол. Баласы Сағидолла Мұқанұлы қазір «Қиыл» совхозында тұрады. (Қондыбай-Мұқан-Құбаш-Сағидолла. Руы-Кете).

Исатайдың қабірі киелі орын саналады. Ол жерге мал жайылмайды, ел қонбайды. Суын ішпейді. Тек қойшылар отарынан топалаң індет шықса, қойымен бірге келіп Исатайдың басына түнейді. «Мал артынша құлан-таза айығады» деп шын көңілден таң-тамаша болады олар.

Енді Исатайдың өліміне бірден бір себепші болған Көпен Сүбіліұлы туралы бір жар сөз айта кетелік. Руы-Табын. Табынның Қыдырбай атасынан. Мекені Ойыл бойында. Аздап өлең айтатын, аздап домбыра тартатын өнері, ер-шора батырлығы бар, сері-селтендеу, «р»-ға тілі келмейтін, тілін шайнап сөйлейтін сақау адам болған. Сол Табын елінде біреуі Аймаңдай дейді, біреуі Ақкүміс дейді, өйгеуір бір көз сүйсінер сұлу қыз болыпты. Көпен соны алам деп әуре сарсаңға түседі. Бірде ол дастарқан дайындап, қонақ күткелі жүрген қызға: «Бетіңнен бір сүйгізші» депті. Әлі сұлу: «Сүйгізейін, мына шоқты басыңа қойып, шыдап бақсаң» деген. Көпен тентек мақұл демей, не десін? Төбесіне шоқ қойған Көпеннің миы бұрк-бұрк қайнапты деседі. Ел қызды-қыздымен көтеріп айта береді де, қайнаған миы емес, төбесінің күйкасы шығар?

Енді бірде Көпен аңдып жүріп, Ойылға шомылып жатқан қыздардың үстінен түседі. Қыздар у-шу боп, киімдеріне жүгірмей ме? Сонда биік жардан атпен кеп қарап тұрған Көпен: «Әй, қыздар, маған тиесіндер ме?» депті. Қыздың біреуі, сол баяғы Ақкүміс пе, Аймаңдай ма: «Тиемін, мына жардан атыңмен қарғысаң» депті. Көпен әумесер биік жардан қойып кеп кеткен. Аты мертiгiп, өзi тiрi қалған. Сол жар әлі күнге дейін Көпеннің «Қызылжары» атанады.

Мынандай тағы бір әңгіме бар: Кетенің бір серісі Көпеннен серілігімді асырам деп, бір жиынға өгізге күміс ер салып, өгіздің басына сәукеле кигізіп барған деседі. Сонда Көпен: «Батыр болсаң, мендей бол» деп, өзінің қара санына өзі пышақ сұғып алған. Міне, Көпеннің есерлігі осындай. Көпен беріде 80-нен асып қайтыс болыпты. «Исатай дегенің ердің ері екен-ау, есерлікпен білмеппін. Басына бөйге тігілген соң, ақшаға қызыққаным және бар. Арт жағынан барыл, мойнына жармасқанымда, құрбанға шалар тоқтыдай басынан асыра көтеріп алып, аяғының астына бір-ақ ұрды. «Әй, дүние-ай, бір білместік істедім» деп, Исатай жайын жылап әңгімелеп отырады екен.

Міне, Көпен Сүбіліұлы туралы әңгіме аужайы осындай. Ол Исатайды ұстап, өлтіруге жәрдемдескені үшін 25 сом сыйлық алған. Әу баста Орынбор әскери губернаторының жарлығымен бөйге 500 сом дегенмен, оның 1000 сомға жеткен түрі бар. Оның үстіне Баймағамбет өз атынан қосымша 2000 сом бөйге тіккен. Осы ақшаны өлім үстінде иттей ырылдасып, бөліп алысады. Олай дейтініміз, Исатайдың атына оқ атқан біресе казак Зеленин, біресе хорунжий Петров деген дау шығып, ақыры қуғыншы отрядтың командирі хорунжий Петров та, казак-орыс Зеленин де жағаласып жүріп 125 сом сыйлық алады.

Ақбұлақ оқиғасының ең соңын тарихшылар былай деп хабарлайды. Исатайдың баласы Оспанды аман-есен қуғыннан жырып алып шыққан Махамбет, жанында Исатайдың ұлы Досмағамбет бар, Ойыл мен Қиыл арасында әскери қосын көшіріп қондырған Қайыпқалиға келіп, көтерілістің жеңілгенін, Исатайдың мерт болғанын хабарлайды. Қайыпқали қатты түтігіп, айтқан ақылды тындамадың деп Махамбетке қаһар төгеді. Елдің көзіңше орыспен соғысам деп қателік жасағанын мойындайды. Ал оның жанындағы түрікмен Жаңабай: Махамбетті оң іске зиянын тигізген зиянкес деп айыптап, Хиуаға келер болсаң түрмеде шірітер адамым сенсің деп жаман кіжінген. Ал Махамбет болса оларды Ақбұлаққа аттануға үгіттеп бақты. Қайыпқали оны естігісі де келмеді, қосынды таратып жіберіп, өзі шағын ғана жасағымен Хиуаға салды. Соңынан қуғыншы бола ма деп қорқып, асығыс жүргені соншалық – тек әр ауылдан ат ауыстырып қана отырды.

VI. СЕРГЕЛДЕҢ ЖЫЛДАР

МҰНАР ДА МҰНАР, МҰНАР КҮН

Исатай мерт болды. Қайыпқали қосынды тастап, жөпелдем Хиуаға қашты. Басшысыз қалған көтерілісшілер ауыл-ауылдарына тарай бастады. Бұл зобалаң Ақбұлақпен бітпейтіні, оның соңында әлі кұқайы бары белгілі еді. Шекара комиссиясы көтеріліске ат қосқан руларды әлі ине көзінен өткізгендей ғып, сараптан өткізері хақ. Небір батыр, бағыландардың Итжеккенге айдалуы да ғажап емес. Ол да ештеңе емес-ау, Орынбор әскери губернаторының жазалаушы отряд жіберіп, ауыл-ауылдарды қамап қойып шауып, өш алатыны бар. Ел осыдан тітіркенді. Алайда, бұл жолы губернатор ондай қанқұйлылыққа барып, Кіші Жүз даласына арнайы жазалаушы отряд шығармады. Себебі: ол Хиуа жорығына өзірленіп жатқан. Губернатордың ішкі есебінше бұл жорықта казактардың қолқабысы мол болмақ еді. Сол себепті өз ісін өзі қиындатып алудан қорқып, көтерілісшілердің ізіне шам алып түспеді. Алайда, Шекара комиссиясы бұл істі аяқсыз қалдырған жоқ. Тәптіш жүргізілетін болды. Бірақ ол енді губернатордың қаһары емес-ті.

Ақбұлақтан кейін абаданын алдырған Махамбеттер қайда барып жан сақтайтындарын білмеді. Кешегі ереуілшіл ауылдар тексеріс болатынын біліп, өздері қайтіп кетеміз деп қалтырап отырды. Көтерілісшілердің ендігі бетіне қарар адамы Махамбет еді. Махамбеттің жанында байырғы ереуіл-

шіл ерлерден Үбі, Әлмен Тоғайұлы, Исатайдың екі ұлы — Оспан мен Досмағамбет, Махамбеттің өзі інісі Хасен-небәрі жиырма шақты адам қалды. Үбі мен Әлмен көтерілістің қайраған қара балталары, жүзге жалғыз шығудан жүрегі шімірікпейтін нағыз аламан батырлар еді. Ойыл-Сағыз арасында жасырынып жүрген олар кеңес құрды. Махамбет шерлі еді. Жан жолдасы Исатайдың өліміне арнаған «Мұнар да мұнар, мұнар күн» толғауын күбірлеп айтудан танбады. Жанындағы Үбі, Әлмендер: «Маха, енді не істейміз?» дегенде, төте жауаптан тайқып кете берді. Өйткені, не істеу керегін өзі де білмейді. Осы тұста дүниеге келген «Қарағай шаптым шандоздап», «Көшер еді-ау біздің ел» толғауларынан осы сыңай анық аңғарылады. «Қарағай шаптым шандоздап» толғауының соңғы шумағы:

*Келмейтұғын нәрсеге,
Жаныңды қинап жылама.
Ер қабыланын жөнелтіп,
Елсізде аңырап қалған шақ —
Біздерден ақыл сұрама.—*

(1838, шілде)

деген жолдармен тамамдалса, «Көшер еді-ау, біздің ел»:

*Ер қабыланын жөнелтіп,
Елсізде қаңғып қалған шақ,
Кім айтады бізді мұңсыз деп,—*

(1838, шілде)

жолдарымен аяқталады.

Ақынның осы кездегі ашы запыран қайғылы көңіл күй, шарасыз жағдайы «Қақақулап шақырмай» толғауында барынша дәл көрінген:

*Қарақұлап шақырмай,
Қанды көбік түкірмей.
Бұзбай құлан пісірмей,
Мұз үстінде от жақпай,
Қу найзаға сүйеніп,
Қу далада зар қақпай,
Жалғыз жүріп ат бақпай,
Қабағыма қарыс сүйем мұз қатпай,
Қаныда қалған қасқамын.
Қақ жүректен найза түйретпей,*

*Жалғыз қалдым,
Адасып қалған үйректей.*

(1838, шілде).

Көп ұзамай қатты жаралы Оспан Махамбеттің тізесіне басын сүйеп жатып, дүние салады. Оны айдалаға тастамай, Махамбет, Үбі, Досмағамбеттер Исатайдың жанына апарып жерлейді. Айлы түн, жапан түзде жатқан жолдасының моласын құшақтап отырып, Махамбет өйгілі «Тарланым» (1838, шілденің 20 шамасы) толғауын шығарады.

Жанындағы бетіне жаутандаған серіктеріне анық-қанық жауап бермей жүрген Махамбеттің көңілінде не істеудің жоспары пісіп-жетіле бастап еді. Ол қуғыншылардың аяғы жетпейтін елдің алыс бір шетіне барып қос боп тұру. Әлбетте қолайлысы Адай арасы. Сырым қозғалысынан кейін, ол жаққа барып тұрып қалған Беріштер аз емес. «Жара қатты – жан тәтті» дегендей, «адасқан үйректей» болған шағын топқа бұ да болса өлместің күні талқармау сынды.

Үшбөкенбайдағы бітімнен кейін Адайлардың біраз ауылдары биыл Сағыз асып, Ойыл келген. Араларында көтеріліске қол бергендер көп еді. Ақбұлақтағы сәтсіздіктен кейін олар патша өкімдерінің жазасынан қорқып, Жемге қарай қайта жөңкіле бастаған. Махамбет жай кетпей, бірекі сұлтанды тұтқынып алып кетпек еді. Олардың басына тұтқын болған інісі Қожахмет пен өзге жолдастарын кейін айырбастап алмақ-ты.

Адай ауылдарынан көмек алған олар 23 шілдеде Жайық жағалауында Горск қамалына қарама-қарсы бетте отырған Мұртазағали Өзбекғалиұлы, Табылды Шерғазыұлы сұлтандардың ауылына сау ете қалды. Сұлтандар үйлерінен шыға қашып, көрші ауылға барып тығылды. Ал көрші ауыл оздерінің Беріштері екен. Ақсақалдар сұлтандарға ара түсті. Көтерілісшілер шындағанда сұлтандарды тартып өкететін еді, кейін барлық пәле өз ағайындарына таңылатынын біліп, төтенше әрекетке бармады.

Бұлар ұзап кеткенше Шепке хабар бермеуді өтініп, тайып тұрды. Шепке хабар 27 шілде де ғана жетті. Қуғыншылар шыққанда, Махамбеттер Жемнің қарасын көріп те қалған еді. Жолда Сағыз-Қайнар арасында, Махамбет Досмағамбет Исатайұлын Қаратоқай Беріштерге аманаттап кетті. Олар батырдың ұлын қиянатшы көзден сақтап бақты.

Үбі де Адайлар арасына бармай, ел ішінде қалды. Өзгелер де жол бойы ағайын-тумаларды сағалап жырылып қалып отырды. Махамбет оған қарсы болған жоқ. Махамбет Жемнен інісі Хасен, Әлмен Тоғайұлы және екі-үш жолдасымен бес-алты адам боп өтті де, Адай арасында кідірмей, бірден Хиуа асып кетті.

«Арғымаққа оқ тиді» толғауы осы тұстың туындысы:

*Арғымаққа оқ тиді,
Қыл мықынның түбінен,
Ер жігітке оқ тиді,
Ауыз омыртқаның түбінен.
Жантайып жатып көп іштім,
Жайықтың шалшық көлінен.
Қайтейін енді, дүние-ай,
Жағдайсыз кетіп барамын,
Қасымда көмектің кемінен.
(1838, шілде)*

МАХАМБЕТТІҢ ХАТЫ

Хиуаға сол кеткеннен мол кеткен Махамбеттен жыл аяғына дейін хабар болмады. Тек 1839 жылы 19 қаңтарда жазған хатынан ғана бас-қарны сау Хиуаға аман барып қайтқанын аңғарамыз.

«Дәлудің 19-да 1839 йылда йолланды.

Хурмәтлу батырлар Баубек, Нәдірқұл, Сәли, Жармұханбет, Амантай, баршаларыңызға бірдейін сәлемлерімізден соңыра истихфарларыңыз уәндірсә әлхамдиллә сізнің дүгакүйләріңізнің хамидіндә. Уә бундан соң бұ иылығы Хиуа барған сафарымыздан сағ сәлемәт қайтып келугі һәр сөзләрімізні Жарастан сұрап білерсіз. Өһәм сізләрни өзім де көрәге бек интізар болсам да, жүртның жайсызлығы бірлән, өзімнің артқы жағымның жайсыз ашуғышылығы уәзәрә бара алмадым. Өһәм өзім де бұ халықтың ішінде тұра алмаймын. Қайтып тез заман ескер алдындан барып, ханға жолығамын. Нешікте болса бұ йыл келмейінше қалмас. Әгәрдә өзләріңіздің жайларыңыз келсе, Сәли старшинаны бәнә жіберіп алыңыз. Бән һәм сізләрниң хабарыңызны күтіп алсам кирәк. Ушан халықларының ішінде

Һәрнешік Хиуадан әскер болмайдыдүр деп ойламаңыз. Әгәр орыс-қазақтан қысаңлық болса, бері қарап көшіңіз. Бір малыңызға да, Назар халқы ғайри уәлият тия қылмас. Һәрнешік орыс, турәгә хор болмаңыз. Һәм бүгінде Қайбала ханның қолында біраз әскер бар. Адай, Табынның тинтәкләрін тиып, зәкәтләрін алатұрған һәм де узләріңіз де біліп тұрғансыз. Һәм бұ йыл барған Алашалар-молла Жарылғас билән Ошырты биінің барған илідән Аллақұли хан бажсы һәм зәкәт бірсін де алмады. Һәм ошан күз Алашадан алтыш икi үйні қырғыз Хиуадан батырлар шауып кетіп еді, шол малларны да Аллақұли кісі жұмсап, алдыруға ниетленген ирді әәм Тілеу халықлары да малың алдын алып келіп берді. Орыстан шығын барған халық хадірсіз ирмәс. Һәм сіз халықның да біздің бірлән бір болғаныңызны да айтулы Аллақұли хан бек хош уақ болды. Бұтан ғайры не язайын? Язушы ініңіз Махамбет Утәмші ұғлы дейур біләсіз: Махамбет.

Сәли бірлән Жармұхамбет достым, уақытыңыз болса, бізге бек мұқтаж шөй, шекер алып беріп әсіберсәңіз, бек ұлуғ мархаббаттан болар еді».

Махамбеттің бұл хағының мәні ақынның Хиуаға барып-келуі, орысқа қарсы ат тізесін қосып, күресті жалғастыру мүмкіндігі емес, ол жүзеге аспады, хаттағы кісі аттарында тұрған да ештеңе жоқ, олар көтеріліске жанашыр, ақын өмірінде орны бар жандар болғанмен, халықтық іс тындырған тарихи тұлғалар емес. Хаттың мәні — XIX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ қауымында қалыптасқан жазу үлгісін танып білуге септесуінде. Сонын айшықты мысалы ретінде тіл ғылымына өзіндік қосар үлесі бар. Махамбеттің хаты тілдік қоры жөнінен Исатай хаттарынан күрделірек, көне түркі, шағатай сөздері мол. Ақынның хатына қарай отырып, осы екі аралықта халқымыздың тілі қаншалықты өзгергенін сараптай аламыз.

Ақынның хатынан аңғаратынымыз — оның Хиуаға барып келгені, Назарлар арасына тоқтағаны, бірақ достарын сағынғандықтан олардың арасында қалғысы келмейтіндігі, бөксесі ауырып, атқа отыра алмай науқастанып жүргені. Антрополог Н. Шаяхметұлы осы хаттағы «өзімнің артқы жағымның жайсыз ашуғышлығы уәзәрә» деген сөзден шығарып, мұрденің сүйектерін зерттей келіп, Махамбеттің оң жамбасында зиянсыз ісік болғанын, соның салдарынан өмірінің соңғы кездерінде оң аяғына ақсап басқанына

дәлелдер келтірген. Оған иланбасқа болмайды.

Хаттан Жарас деген азаматтың Махамбетпен Хиуаға бірге барып қайтқанын байқаймыз. Ал ақынның хат жолдаған адамдары Қайнар-Сағыз арасын қыстайтын Байұлы ауылдарының азаматтары болса керек деген пікір құлаққа қонады. «Шөй, шекер» сатып алып жіберіңдер дегенге қарағанда, Махамбет хат жолдаған азаматтар Жайықтың ішкі тарапы емес, сыртқы тарапын мекендейтінін аңғартады.

Ақынның бұл хаты Баубек, Сәлилерге жетті ме, жетпеді ме — белгісіз. Сағыз-Жем, Теңіз бойы дистанцияларын билейтін сұлтан Асфандияр Сүйеуғалиұлы хатты қолға түсіріп, Орынбор Шекара комиссиясына тапсырған. Орынбор басы тағы да у-шу болып, қатты шұғыл түрде патша сарайының сыртқы істер департаментіне жөнелткен. Орынбор әскери губернаторы Перовский екі-үш жылдан бері Хиуаға жорық жасауға дайындалып жүрген. Патша сарайы дайынд-ыққа қарсы болмай, жорық жоспарын құптап бекіткенмен, нақты шешім қабылдамай қойған. Орынбор губерна-торлығының сыртқы саясат және соғыс істері жөніндегі жауапты шенеуініктері Махамбеттің осы хатымен патша сарайын жағалап, хаттағы Аллақұли ханның орыспен соғысуға әскер шығаратынын дәлелдеп, жорықты бастауға патша жарлығын шығартып әкелген. Ол жорықтың немен тынғанын кейін баяндаймыз.

Сүйтіп, Махамбеттің жанашыр көңілдес достарына жолдаған сәлем хаты, ойламаған жерден, дүрмекті саяси оқиғаларға мұрындық болды.

ХИУА КЕРУЕН ЖОЛЫНДА

1839 жылы қар кетер-кетпестен Орынбор-Бұхара керуен жолында түсініксіз сабылыс басталды. Оқыған, зиялы адамдар бастаған экспедиция қаптап кетті. «Кімсіңдер?», «Неғып жүрсіндер?» десең, «Ғалымбыз, жердің тауын, тасын, жәндігін зерттейміз. Керуен жолдарын картаға түсіреміз» дейді. Кейбіреулері орыс тілін жөнді білмейтін шетелдіктер. Күлімсіреп жылы сөйлескеннің бәрін қазақтың дос көретін әдеті ғой, әлгілерге жол сілтеп, жәрдем беріп жатысты.

Кешікпей Махамбет артынып-тартынып, жүздеген түйе керуенімен тиеліп, әскердің өткенін көрді. Не боп қалды деп, серіктерін жіберіп барлау салса, орыстар Орынбор-Хиуа керуен жолының үстіне екі қамал салуға жөпелдем кірісіп кетіпті. Бірі – Атыжақсы өзеннің Жемге құятын түйілісінде, оны орыстар Ембі деп атапты (Орынбордан 500 шақырым), екіншісі – Шошқаколден 12 шақырым жерде Ақбұлақ қамалы. Ақбұлақты көдімгі үстірттің иекартпасына салуға кірісті. Ембі мен Ақбұлақ арасы 170 шақырым.

Барлауға барып келген серіктері Орынбор-Хиуа, Хорезм, Бұхара арасында сауда-саттық күшейеді екен, мұның бәрі керуенді күні-түні үзбей жүргізудің қамы екен дегенді айтып келді. Өз қатарыан бір оқ ілгері ойлайтын Махамбет оған қуанған жоқ, қамалдар елді біржола алудың амалы екенін түсініп қамықты.

Өстіп, қайғыдан қарайып жүргенінде Ақбұлақ пен Ембі бекінісінің, арасында отырған ақынның қараша үйіне Мұхаммед Шәріп Айтов сау етіп жетіп келді. Шошып қалған Махамбеттің, досының арқа-жарқа кейпін танып, көңілі орнына түсті. Қыр тірлігін, оның үстіне сүргіндегі ақынның күй-жайын айтпай білетін Мұхаммед Шәріп құр қол келмей, не керектің бәрін жетектегі түйесіне арта келіпті. Көз көрген ежелгі достар жата-жастана әңгімелесті. Айтов Махамбеттен Хиуа жағдайын шұқылап егжей-тегжей сұралы. Махамбет білгенін жасырған жоқ. Орынбор әкімшілігінің көзқарасынша Махамбет Хиуа ханының Кіші Жүз қазақтары арасындағы резиденті еді. Айтов сол «резидентпен» жолығысып отырған сөзінің аяғында Махамбетке Хиуаға барлау жасап келуді ұсынды. Жүктелетін тапсырманы тыңғылықты орындап қайтса, Ресей алдындағы кінәсі толық кешірілетінін мәлімдеді. Орынбор кеңесінің небір астыртын істерімен айналысатын кәнігі тыңшы ақынға өз тұрғысынан қарады. Махамбет атқа отыра алмайтын науқасын айтып, бас тартты. Қадалған жерінен қан алатын Айтов қолқалап қоймаған соң, Хиуаны жақсы білетін Хасен барып қайтсын деді. Хиуаға жорық басталғалы жатқандықтан Шекара комиссиясы соны, тың деректерге зәру еді. Айтов Хасеннің көмегінен бас тартпады.

Орынбор әскери губернаторы Хиуа жорығын белгілі бір кезеңдерге дейін жасырын ұстаудың бар амал-айласын істеп

бақты. Сарала жаздың ортасында: «Биыл қазақ даласында ғылыми жұмыстар жүргізу мақсатымен үлкен экспедиция шығады» деп жар шашты. Кіші Жүздің тізгініндегі сұлтандар, дистания бастықтары, билер, старшындар ел ішінде түсінік жұмыстарын жүргізуге міндетті болды. Ғылыми жұмыс халықтың болашағы үшін қорек, ешкім қорықпасын, үрікпесін, экспедициядан қылдай қиянат көрмейді. Елге түсетін салмақ дегенде — жүк артатын түйе жинап беру, оның өзі тегін емес, жалға. Түйе 1 қарашадан алты айға жалданылады. Әр түйенің жалдам құны — 10 сом. Түйеміз арықтайды деп те қайғырмаңыз, әр түйеге күніне 3 қадақ үн беріледі. Әрбір 5 түйеге жетекші бір кісі керек. Оған күніне екі қадақ жарма, жарты қадақ ет беріледі. Мұның өзі білгенге — тегін олжа, ынт-шынтымен кіріскендерге қыстық азығын айырып алуына толық мүмкіндік бар.

Әр ауылда жиын болып, осы іспетті үгіт-насихат айтылып жатты. Ауыл-ауыл, ата-аталарға бөліп шаққанда жалға алынатын түйе басы да, адам саны да көзге оғаш, құлаққа түрпі емес-ті, ал бәрін қосқанда әжептәуір мөлшер еді: 13000 түйе, 2600 адам. Түйе жинау мәжілісіне қатысқан азаматтар бас шұлғысып тарқағанмен, жеме-жемге келгенде бұл шаруаның жүзеге асуы неғайбілге айналды.

Түйе жинау мерзімі таянған сайын, ел ішінде гу-гу өңгіме етек алды. Ереуілдің иісі сезілді. Науқасына карамай, атқа қонып елендеген Махамбет ел ішінің белді азаматтары мен батырбағылан ер-шоралаға, Хиуа жорығын болғызбау барлық мұсылманның борышы екенін түсіндіріп, серіктерін жіберіп сәлем айтты. Өзі Назар, Табын, Адай арасын аяқтай аралады. Ел іші тұтанғалы, лапылдап тұр екен. Бірақ халық ызасын бір арнаға құятын көсем көзге шалынбады. Асау Барак та, Сүйінқара да шау тартып қалғандықтан ба-қорашылдау, бойкүйез мінез тауышты, ал Есет болса әлі аты шығып, таныла қойған жоқ. Халықтың көтерілу, көтерілмеуі ел ұстаған старшын, билердің ауызына байланысты. Бірақ олардан бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару ниеті байқалмады.

«Ел болса, ер тудырмай тұра алмайды» деген халық философиясының өміршендігіне тәнті болмасқа лаж жоқ. Үстірттің жиегіне дейін әскер сабылып, ғылыми экспедицияның атын жамылып жүрген әскери топтардан қаймығып,

ел ұстаған белгілі азаматтар тырп ете алмағанмен, шыбын жанын шүберекке түйген өжеттер мен тентектер табылмай қалмады. Тамыздың 22-қараған түні Шөмішті Табын мен Алаша руларының жігіттері Ембідегі башқұрт солдаттардың 398 атын айдап әкетіп, горнизонды жаяу қалдырды. 29-қыркүйекте Ақбұлақ қамалының іргесінен біреулер 32 әскер атын алды. 17 қазанда Ембі-Ақбұлақ керуен жолында көпес Зайчиковтың 180 өгізі жерге сіңгендей жоқ болды. Перовскийдің Хиуа жорығына қазақтардың қарсылығы анық партизандық белгі алды. Тарихи деректерден бұл кезде Махамбеттің салынып жатқан Ембі қамалын көбірек төніректегенін байқаймыз. Жоғарыда патша әскерін атсыз, көліксіз қалдыру әрекетіне Махамбет тобының да атсалысқанында дау жоқ.

Қараша айында Орынбор-Хиуа керуен жолында, қала берді күллі Кіші Жүз аймағында жағдай тіпті шиеленісті. Ерте түскен қыс қарлы боранмен басталды. Қара суық, сары аяз дігірледі. Міне, осы қарлы боранға араласып отаршыл басқыншылардың негізгі тобы – 2000 атты әскер, 32 зеңбірекпен Хиуаға жолға шықты. Ал қалған күш Ембі, Ақбұлақ бекіністерінде еді. Жорыққа Орынбор әскери губер-наторы генерал-адъютант Перовскийдің өзі бас болып аттанды. Жолда оларға 250 адамымен Баймағамбет Айшуақұлы қосылды. Оның негізгі міндеті әскерді көлікпен жабдықтап, керуенші қазақтарға басшылық ету еді.

Жорық басталып кеткенмен, көлік жағы ойсырап жатты. Қазақтар жаз ортасында уәде еткен жүк түйелерін бермеді. Бұл жағдайды естіп-білген Перовский Тік Темірдің жазығына полковник Жемчужниковтың отрядын жіберді. Ол Ырғыз, Мұғаджардан қыстауға құлаған Байұлы ауылдарының түйелерін күшпен тартып алуға тиісті болды. Жолдағы әскери тосқауылды барлап білген ауылдар көш басын Мұғаджарға қайта бұрды. Жемчужников түк бігірмей, үсіп-тоңып қайтып оралды.

Осыған ұқсас жағдай Каспий теңізі жағалауында да орын алды. Хиуа жорығына қажетті жабдықтар: оқ, дәрі, зеңбірек доптары су жолы арқылы Астраханнан Маңқыстаудағы Форт-Александровск айлағынан әкелінген-ді. Оны Ақбұлаққа жеткізу керек еді. Осы күрделі шаруаны орындау үшін қарашаның алғашқы күндері Каспий теңізі жаға-

лауына Мұхаммед Шәріп Аитов келді. Жүкті Ақбұлаққа дер кезінде жеткізу үшін 2000 түйе керек еді. «Қара тілмәш» Аитов қазақтар арасындағы беделіне қарамай 538 түйені азар жиды. Оларды жетектеуге 90 адам жалдады. Еламан деген Адайдың басшылығымен 6 адам жолда Аитовты сойылымен атынан қағып түсіріп, байлап тастады. Сүйінғара Үргенішбайұлының баласы Мұрын жолдасы Кұлбатыр дегенмен Аитовқа ара түскенмен, Еламан қасарысып көнбей, сол шамада Форт-Александровскіні шапқалы жүрген Жәуміт түрікмен Мұратәлі бектің қолына тапсырды. Сүйтіп, жорықты жабдық-тау-шылардың бірі жорық басталған кезде Хиуаға тұтқын бөп кетті.

Егер де Махамбетке қатысты тұстары болмаса, бұл оқиғаны баяндап жатпас та едік. Шошқакөлдің терістігінде керуен жолының жиегінде отырған Махамбеттің еркек қосы бір көшіп, екі көшіп жаңадан салынып жатқан Ақбұлақ бекінісіне қарай жылжыды. Олар сол маңда ұзақ кідірді. Оның мәнісі бекіністі салып жатқан көтерілістің ата жауы бұларды Нарыннан кетірген, өткен жылы Исатайды өлтірген подполковник Геке еді. Махамбет одан есе қайырып, кек алуды ойлады. Бірақ қапы соқтыратын қыбын таба алмады. Өйткені бекініс толған әскер еді. Махамбет серіктерімен Гекенің жолын талай торыса керек. Қазақ арасы тыңшыдан кенде болған ба? 30-шы қазан күні Геке Махамбет Ақбұлақ қамалына шабуыл жасамақ деген хабар естіп, қатты шошынады. Дабыл қағып, қамалды аяғына тік қояды да, 30 атты казак пен бір зеңбірек сүйретіп, Махамбеттер жатыр деген ауылға 1-қарашада төбеден түскендей сау ете қалады. Махамбет жоқ болып шығады да, ақынның 10 жолдасын тұтқындап бекініске алып кетеді. Керуен жолындағы бекініс-тер мен бекеттердің басшыларына «сақ болындар!» деп, «аса қауіпті қарақшы» туралы хабар береді.

Серіктерін жауға алдырған Махамбет бар-жоғы екі жолдасымен қалады. Сол бетте із тастап, жол шиырлап келе жатып олар Борсыққұмда тау-кен инженері орыс география қоғамының ғылыми секретары, академик Егор Петрович Ковалевскийдің экспедициясына кез келеді. Экспедиция Бұхараға бара жатқаны жәйлі желеу айтады. Олар да Хиуа жорығының мақсатына қызмет етуші топ еді. Махамбет Е.

П. Ковалевский отырған жолым үйге кіріп келіп, орысша сөйлей жөнеледі де, өткірлігімен, шешендігімен, ақыл парасатының биіктігімен орыстарды таңқалдырады. Өзінің Ішкі Орданан қуылып 4—5 жылдан бері үй-күйсіз жүргенін баян етеді. Махамбетпен кездесуі туралы Е. П. Ковалевский 1843 жылы Санкт-Петербургтен жарық көрген «Странствователь по суши и морям» деген кітабында баян етеді.

Махамбет сұранып экспедицияға ілесіп шыққан да, жолда ізім-ғайым жоқ боп кеткен. Ковалевский Исатай жерленген жерде болып, оның моласын көргенін жазып кеткен.

Сүйтіп, 1839 жылы ақ патша отаршыларының Хиуаға әскери жорығы кезінде Махамбеттің Орынбор-Хиуа керуен жолында болып, қолынан келгенше қарсылық көрсеткенін байқаймыз. Бұл жәйт ақын өмірбаянына тың беттер қосады.

Хиуа жорығы шын мәнінде, Кіші Жүз қазақтарының табанды түрде қарсыласуынан жүзеге аспай қалды. Орынбордан қарашаның орта кезінде шыққан әскер 32 күнде 472 шақырым жол жүріп, Ембі қамалына 19-шы желтоқсанда жетеді. Ал Ембіден Ақбұлаққа дейінгі 170 шақырымға 15 күндері өледі. Керуен жалғас-жалғас сорларды жиектей отырып, Бақыр, Әлі қыраттарын асып, Шошқакөлге беттейді. Боран көз ашқызбайды, суық 20 градустан төмен түспейді. Осы Шошқакөл маңында 300-дей түйе айдаушы қазақ жігіттері: «Бұдан әрі бармаймыз!» деп ашық ереуілге шығады. Сұлтан Баймағамбет Айшуақұлының қойындар дегеніне құлақ аспай, ереуілшілер айғайласып Перовскийдың шаты-рына бет алады. Дабыл қағылып, ереуілшілерді қалың әскер қоршап алады. Перовский сөз сөйлеп, үркітіп-қорқытып, тарауға әмір етеді. Өзгелері тараған кезде, жеті қазақ жігіті орнынан тапжылмай тұрып қалады. Әлгілердің үшеуін елдің көзінше табанда атқызып тастайды. Олардың арасында керуен жұмысына жалданған Махамбеттің серіктері болуы әбден ықтимал.

Жорықшылар Ақбұлақтан көп ұзамай, жолдары болмай-тынына көздері жетіп кері бұрылды. Осы сәтсіз жорықта 3000 түйе, 200 ат, 1054 орыс солдаты өлді. Өлім-жітім, басқалай шығынға белшеден батырған, орыс әскерінің

беделіне нұқсан келтірген Хиуа жорығынан кейін, Орынбор әскери губернаторы Перовский мен Шекара комиссиясының төрағасы Генстің биік мәртебелі қызметтерімен қош айтысуларына тура келді.

ЖОЛСЫЗБЕН ЖОРЫТҚАН ЖОЛБАРЫС

1839 жылдың 19-шы желтоқсанында Ембіге 1835 жылдан бастап көтерілісшіл Исатай мен Махамбеттің ізіне шам алып түскен орыс офицерлері мен халық мүддесін сатқан сұлтан, би, старшындар төрт көздері түгелге жуық келді. Перовский, Покатилов, Геке, Данилевский, Мансуров, Баймағамбет Айшуақұлы, Асфандияр Сүйеуғалиұлы және т. б. Әрине, олар салғаннан-ақ Махамбеттің ізіне түсетін еді. Ақын қатер иісін бірден-ақ сезді де, шу қарақұйрық деп, атының басын Жайыққа қаратты. Жайықтағы казак-орыс күзетінің сирегенін айтпай түсінді: басты әскери күштердің бәрі Хиуа жорығына жұмылдырылған еді. Ол жылдың таусылысында Жайықтан Ішкі Ордаға өтеді. Қастастарына жәбір берген не жылқы алған ештеңесі жоқ, шамасы үй іші, әйел, балашағасын іздесе керек. Зәресі ұшқан Жәңгір Балқы Құдайбергенұлы мен Әділ Бөкейұлы сұлтанды жасақтарымен Нарын құмын сүзуге шығарады. Бірақ Махамбеттің ізін кесе алмайды. Ақын ешбір қиындықсыз Жайықтан кері өтіп кетеді.

1840-шы жыл да келді. Бұл жылы Махамбет туралы дерек мейлінше мардымсыз. Көтерілістен күдер үзген ақын тағдырға мойын ұсынып, біршама тыныш өмір сүрген сыңайлы. Жыл ортасында шаң берген жалғыз дерекке қарағанда Жем тарапындағы Байұлы ауылдарын жатақтанған. Бұл төңірек, негізінен, Адайдың Қосай, Төзіке аталары мен Беріштің Қаратоқай тармағының тоғысып, аралас отыратын қоныстары еді. Жаз ортасында Жем бойына генерал Жемчужниковтың отряды шықты. Орыстың жазалаушы отрядтарынан зөрезәп болған ел жан-жаққа бытырай қашты. Жемчужников отряды жөй жүрмеген, өткен жылы «қара тілмәш» Мұхамет-Шәріп Айтовты ұстап беріп, Хиуаға жөнелткен Адай Еламанды тұтқындамақ еді. Ел басына іс

түскен қиын кезде бәрібір Махамбетті сағалап отырған. Сол дүрбелеңнің тұсында Махамбет төңірегіне 200 жуық адам жиналған. Олар Жемчужников отрядының ізін бағып жүріп, Аққум деген жерде генералдың Калмыков бекінісіне қосымша көлік сұрап шұғыл жөнелткен байланысшыларын ұстап алған да, ұрып-соғып жаяу жіберген. Онда да Махамбеттің ара түсуімен босатқан. Шілденің соңғы күндері Калмыков бекінісіне аяқтары іліккен Бәйтерек Бердәліұлы мен Тиес Сабдыбайұлы өздерін тұтқындаған жасақ арасында Махамбет болғанын атаған.

Мұз қатып, Жайықтан әрлі-берлі өту жеңілдеген кезде Махамбет Ішкі Ордадағы өзінің жауларынан қарымта қайыруға кірісті. Желтоқсанның таусылысында Беріш Балқының жандайшабына айналған, жақыным, туысым демей, өткен қыста жасағымен мұны ұстауға құлшыныс көрсеткен Ақтай Мұнайұлының 35 жылқысын алып, Топайлы бекінісінің іргесінен кері өтті. Сол-ақ екен, Жәңгір Ішкі Ордада ұрланған, жоғалғанның бәрін Махамбетке жауып, Орынборға дейін дабыл қағады. Ақтай Мұнайұлын айтпағанда, Тана руының старшыны Жақып Құлсарыұлының 8 жылқысын, тағы біреудің 25 жылқысын алды, орданың тыныштығын кетірді деп байбалам салып, ұрының құрық жетпестей жерде емес, Горск қамалынан 70 шақырым Қараколде еркін сайрандап жүргенін мәлімдейді.

1841 жылдың қаңтарында Перовский Орал казак-орыс әскерінің атаманы Кожевников (сәтсіз Хиуа жорығынан кейін Покатилов қызметтен кеткен) пен Баймағамбет Айшуақұлына Махамбетті тез арада ұстауды қатаң тапсырды. Асфандияр Сүйеуғалиұлы, Мұхаметқали Тәукеұлы сұлтандар жасақ-тарын шұбыртып теңіз жағалауы дистанциясына қарасты ауылдарды сүзуге шығады. Бірақ Махамбетті таба алмайды.

МАХАМБЕТТІҢ ТҮТҚЫНДАЛУЫ

Ақынды жатпай-тұрмай іздеушілердің бірі 1839 жылы 23-ші шілдеде Махамбет, Досмағамбеттер ауылын шапқанда іннен інге тығылып, Беріш ақсақалдарының ара түсуімен

ғана басы аман қалған 1-ші дистанцияның билеушісі Мұртазағали Өзбекқалиұлы сұлтан. Оның негізгі қонысы Горск қамалына қарама-қарсы Жайықтың сол қапталындағы Қаракөл, Қарабау, Сарыкөл өңірлері еді. Өзіне қарасты ауылдардан Махамбетті іздеп таппағанын қанағат қылмай, Жайық пен Жем аралығындағы ел ішін де шарлап жүрген.

Жақында ғана Махамбет он шақты серігімен Қаратоқай Беріш ауылына кеп түскенін естіп, Гурьевке тұра шапты. Бұл кезде Гурьев горнизонының бастығы есаул Сумкин еді. Исатаймен тамырлығы бар ол Махамбетті жақсы танытын. Алайда, әскери міндетін атқаруға тиіс болды. Ол Махамбетті ұстауға жүзбасы Осипов және урядник Голиков бастаған 40 казак-орыс отрядын шығарады. Оларды жанында Есқали, Дүйсенғали деген балалары, інісі Сәрсенғали мен 9 адамы бар Мұртазағали Өзбекқалиұлы бастап жүреді. Суыт қуғын-шылар Қаратоқай қоныстарына түннің ортасында жетеді. Махамбеттің Дат, Текеш Тілекейұлдары үйінде қонып жатқанын біледі де, ұйқыдағы Махамбеттің үстінен түседі. Батырды ұстау үшін үйге урядник Голиков, казак-орыстар Иван Ведерников пен Нефед Хохлов енеді. Ұйқылы-оюу Махамбет атып тұрып жағаласа кетеді. Пышак сілтеп Хохлов-ты кеңірдектен жарақаттағанмен, жырылып шыға алмай, қолға түседі. Ал басқа үйге түнеген батырдың жолдас-тары Сары, Иман, Тәнилер түн қараңғылығын жамылып, көзден ғайып болады.

Сөйтіп, Махамбет 1841 жылы 7-ші наурыз күні Дуанбасы деген жерде тұтқындалады. Оны ағайынды Тілекейұлдары мен бірге аяқ-қолдарын матап, Гурьевке алып келеді. Арбаға шынжырлап, Оралға, одан Орынборға алып жүреді. 17-наурыз күні Орынбордың Ордоноктауз түрмесіне табыс етіледі. Онда Махамбеттің бойын өлшеп, түр-түсін, ерекше белгілерін хатқа түсіреді: «37 жаста, бойы 2 арш. 53/4 вершок (168,7 см.), шашы, қасы, мұрты сақалы қара, беті таза, түсі қараторы, қой көзді (желто-серые)». Шындығында патша үкіметінің Махамбет жөнінде тарих алдында сіңірген еңбегі осы ғана: түр-түсі, сырт кейпін хатқа түсіргені.

Бұл істі бастап тексерген Орынбор губернатор кеңсесінің жауапты қызметкерлері ағайынды Тілекейұлдарын бейтаныс жолаушыны үйіне қондырғаннан басқа кінәсі жоқ деп, еліне

қайтарды да, Махамбетті кеңсенің №355 бұйрығымен әскери сотқа беруге үкім шығарды. 31-ші наурызда Махамбет Өтемісұлының ісі Орынбор жеке корпусының әскери сотына келіп түсті.

Орынбор губернаторы кеңсесінің үкімінде Ішкі Ордадағы істеген бүлігі үшін старшындар Үсе Төлегенұлы, Досақан Жәнібекұлдары және т. б. қандай жаза тартса, Махамбет те сондай жаза тартуы керектігі, ешқандай жеңілдік болмауы қатаң ескертілді. Ал ол дегенің шыбық ұрып, саптан өткізу, Финляндияға не Үркітке жер аудару, болмаса әскерге жіберу еді. Махамбет серіктері тартқан жазадан қорыққан жоқ, бірақ өзінің қайсарлығына басып, ең ақыр аяққа дейін алысып бағуға бекінді.

Ол тергеуші-полковник Кизирицкийге: бүлікке қатысқанмен, ел тонаумен, ұрлық-қарлықпен шұғылданбағанын, орыс әкімшілігі мен жергілікті сұлтан, билерден қуғын көріп жүргенмен, қазақ даласында қарсы ұшырасқан орыс адамдарына ылғи да қол ұшын беріп, жәрдемдескенін көлденең тартқан. Тұтқыннан хорунжий Шустиковты құтқаруға септескенін, Айтов қолқалаған соң, інісі Хасенді астыртын жұмыспен Хиуаға жібергенін, Ковалевский экспедициясына жол көрсетіп, генерал Жемчужниковтың байланысшылары қолға түскенде босатып жібергендерін айтқан. Әскери соттың қатынас қағазына жазбаша түрде жауап берген поручик МұхаметШәріп Айтов 1941 ж. 3-ші мамырында Махамбеттің айтқанында жалғандық жоқ, бәрі де шындық екенін куәландырған. Сүйтіп, «қара тілмәш» Айтов ақыры өліммен бітуі ғажап емес ауыр жазадан Махамбетті арашалап қалды.

24 маусымда әскери сот төмендегідей шешім шығарды:

«Қылмысты деп табылған Өтемісұлын Жайық сыртындағы Ордада жүрген кезінде үкіметке көрсеткен дұрыс ниеттері үшін, жаза тартудан құтқарылсын да, шеп сыртында тұруына рұқсат етілсін, ал әскери шепке жақындаса не ішкі тарапқа өтсе, аяушылық болмайды. Тұтқынмен бірге қолға түскен екі түйе, бір ат, мылтық пен пышақты Өтемісұлы қандай жолмен тапқаны туралы сенімді дәлел келтіре алмағандықтан, аукцион арқылы сатылсын...».

Келесі құжат Махамбеттің одан әрі тағдырының қалай болғанын анықтай түседі: «№15215 7 шілде 1841 жыл. Орын-

бор Шекара комиссиясынан. Илецкая защита қорғанына дейінгі төменгі шеп кардондары мен форпостылар бастықтарына. Қырғыз Махамбет Өтемісұлын Кіші Орданың Орта бөліміндегі жырақ бір жерде тұруы үшін сұлтан Арыстан Жантөреұлының қарамағына жібергенін хабарлай отырып, Шекара комиссиясы жол бойындағы басшылардан қалыптасқан қатаң тәртіпке сай Илецкая защита қамалынан бұл адам мен қатынас қағаз жазылған конвертті Сұлтан Жантөреұлының қолына апарып тапсыруды талап етеді». 7 шілде.

Өстіп Махамбетті жер аударды. Ол Финляндия мен Итжекен еместі, тағдырына шүкіршілік етуге болатындай жағдай еді. Махамбеттің жазадан бұлай жеңіл құтылуы — Орынбор губернатор кеңсесі мен Шекара комиссиясындағы сол тұста нышан берген әкімшілік өзгерістерге байланысты. Сәтсіз аяқталған Хиуа жорығы патша сарайында, Сыртқы істер министрлігінде қайта-қайта талқыланып, кінәлілер анықталып жатқан. Орынбор әкімшілігі кінәнің ауыр басын Орал казак-орыс әскерінің атаманы Покотиловке аударып, оны орнынан тайдыру арқылы құтылып кетпекші болып еді, бірақ жоғарғы жақта әскери губернатор мен Шекара комиссиясы тарапынан кеткен олқылықтарды жіпке тізушілер көбейді. Өне-міне басшылық ауысады деген қауесет етек алды. Осы әрі-сәрі жағдай Махамбеттің ауыр жазадан құтылып кетуіне септігін тигізді. Оның үстіне 1838 жылы 29 қазанда көтерілісшілерді қудаламау туралы жарлық та шыққан еді.

Махамбеттің қай төңірекке жер ауғанын анығырақ түсіну үшін, Кіші Жүздің Батыс және Орта бөлімінің шекаралық межелеріне, назар аударалық. «Олардың аралық межесі Елек қаласынан басталады да Елек, Үлкен Қобда арқылы Бұрымы өзеніне жетеді. Одан Көктепсенді басып өтіп, Темір өзенінің бастауынан Үлкен, Кіші Борсық құмдарын шығыс қапталда қалдырып, Арал теңізіне тура тартады». (ЦГИА. КазССР. ф. 4 оп. 1. д. 274. л. 74). Ал Орта мен Шығыс бөлімінің шекарасы Тоғызак, Қара Әли Ата, Қарағай-Аят, Желкүзер, Тобыл өзендерін жағалай отырып Қарсақбасы көліне құлаған да, одан әрі Қылып өткелі арқылы Сырдарияға жетіп, Қорқыт моласы арқылы Көнеқала орнын басып Кендірліге барып тірелген. Яки Кіші Жүздің Орта бөлімі қазіргі Ақтөбе, Қызылорда облыстарының

Шалқар, Арал, Қазалы аудандарын Ембі, Ырғыздың бір бөлігін алып жатқан.

Махамбет өз шығармаларында айдауда болған жерлерін Атай, Матай құмы деп атайды. Мұндай жер аты Ақтөбе Маңғыстау облыстарына бірдей қатысты сам құмында. Кіші Жүздің Орта бөлімінің билеушісі Арыстан сұлтан осы өңірді жайлайтын старшындардың бірінің қарамағына жіберген.

Махамбеттің ата жаулары Жәңгір, Баймағамбет мәселе бұлай тез және мейлінше жеңіл шешіледі деп ойлаған жоқ-ты. Орынбор әкімшілігі өзгереді деген қауесет оларды да абыржытқан, жаңа келген әкімнің әділетшіл бола қалатыны, иіскесіп, іштей жер танысқанша өзінен бұрынғы басшының қолтықтаған адамдарына қырын қарайтыны бар. Осы әбігер олардың да аяғына тұсау боп, Махамбетті қолдан шығарып алды.

1842 жылы елдің қауесеті шындыққа келіп, Орынбор басшылары өзгерді. Хан, төрелер неше жыл алысып, жауларын ақсатқанмен, біржола жеңген жоқ еді. Махамбеттің жер басып тірі жүруі – әсіресе хан Жәңгірді түнгі ұйқысынан айырды. Ашынған Махамбет бір түнде Жайық өтіп келіп, өлтіріп кетеді деп қорықты. Ол сот шешімі дұрыс болмағанын дәлелдеп, Махамбет үстінен қайтадан іс қозғауды талап етіп, 1842 жылы 10 желтоқсанда Шекара комиссиясына арыз түсірді. Осы арыздан бұрыннан белгілі жайлармен бірге ақынды паналатқан ағайынды Тілекейұлдарының 1837 жылғы Ішкі Ордадағы бүлікке қатысқан сарбаздар екенін білеміз.

Шекара комиссиясы үкім шығарылған істі қайта қозғауды жөн көрмеді.

Махамбет Кіші Жүздің Орта бөлімінің билеушісі Арыстан сұлтанның бақылауында жыл жарымдай болды. Атай, Матай құмдарына жер аударылған ақын тұрмыстан тарығып, жоқшылық көрді деу келеге келмейді. Ол тарап қазақтары да атақты батыр, аруақты ақынның дабырасына қанық еді. Сый-құрметтен кенде болмаса керек. Бірақ, ақынға ел алдында кінәлі, заң алдында жазықты боп, жер аууға көндігу қиын еді. Бұл кесік оның жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреген еңбегін жоққа шығарып қана қоймай, оны қыпмысқа балағанмен бара-бар еді. Осы сарын ақынның «Уа, Нарын!» деген өлеңінде нышан береді.

*Абайламай айырылдым,
Аржақтағы елімнен —
Анау Нарын деген жерімнен.
Тірі кеттім демеймін —
Кем болады өлімінен
Теңім үлгі алмады
Аузымдағы желімнен.
Істеген ісім кетті далаға.*

(1841—43 ж. ж.).

Ел үшін істеген іс қайтпай, далаға кеткені былай тұрсын, сол үшін жазықты болуы — ақынның жанын күйзелтіп, торығуға душар етті. Махамбет «Еділ үшін егестік» деген атақты толғауын да осы кезде шығарған сияқты. Ақын өзіне тән атойшыл рухта көтерілістің мақсатын, жеңісті жылдарын, серіктерінің ерлігі мен өжеттігін жырлай келіп, ең соңғы шумақта ғана:

*Күндердің күні болғанда,
Сол сықылды қайраттан,
Ойласаңдар — не көрдік?*

деп өз-өзіне сауал бере отырып, бәрінің із-түзсіз, нәтижесіз кеткеніне өкінеді. Бұл бір емес, ақынның «Ойласаңдар-не көрдік?» деген сауалмен бітетін бірнеше өлеңі бар.

Рухани торығушылыққа ұшыраған ақын Атай, Матай құмында ақын ел-жұрттан бөлініп, жападан жалғыз жүрген. Аң аулап, аңшылықпен ғана азық айырған.

*Атай да Матай екі құм,
Шауып келсем басыңа
Көзім түсер елім жоқ.
Елім-күнім екі атым,
Еңіреп келсем, тілің жоқ.*

«Біткен істің міні жоқ», «Мен тауға ойнаған қарт марал», «Жалғыздық», «Аймақкөл», «Қызғыш құс», «Қайда бар», «Мен ақсұнқар құстың баласы» т. б. өлеңдер осы кездің жемісі. Бұл жылдардағы ақын туындылары мұңды философиялық лирикаға біртабан жақын. Әдебиет тұрғысынан қарағанда «Қызғыш құс» қазақ философиялық лирикасының бастауы мен шыңдарының бірі.

Айдауда жүрген Махамбетке достары мен серіктері жиі-жиі қатынап, жан жарасын тезірек жазуға септескен. «Уа, Нарын» Ішкі Ордадан келген көңілдес жолдасы арқылы елдегі жақын-жуықтарына жолдаған сәлемі тұрғысында әліптелген.

СОҢҒЫ ШИЕЛЕНІС

Әрі салғанда 1842 жылдың күзінен, бері салғанда 1843-ші жылдың көктемінен бастап Махамбет Қалдығайты өзені бойындағы Алаша ауылдарына келіп, қоныс тепкен. 1845 жылдың ақпанында ақын жалғыз ұлы Нұрсұлтанды оқытам деп әуреленіп Орынбор барғанда, Шекара комиссиясы ол туралы пікір жинайды. Сонда Кіші Жүздің Батыс бөлімінің билеушісі Баймағамбет: Орта бөлімнен Батыс бөлімге бұрында да жиі қатынап тұратын, ал тұрақты орныққанына екі жылдың шамасы болды деген.

Махамбеттің әкесі Өтемістің қонысы Тайсойған құмының терістігі Миялы маңы болғанмен, жаз жайлау, қыс қыстауға Алаша ауылдарымен жақсы араласта болған. Махамбеттің анасы Қосуан Алаша Қаратай, Сатыбалды ауылының қызы еді. Яки Махамбет бұл ауылдарға жиен боп келетін. 1838 жылдың қысында Төменгі Жайық шебінің бастығы Акутиннің Ішкі Ордадан қашып шыққан көтерілісшілерді жасырушы қатарында старшын Сарыбөпе Кенжеғараұлын атауы тегін емес. Асылы, Қосуан ана немерелерімен соларға келіп жасы-рынып, қуғыннан аман қалса керек. Тайсойған-Бүйрек, Ойыл-Қиыл маңының шежіреге жүйрік білгірі Ығыл-манның өз дастанында осы Сарыбөпенің немсre інісі Сатай Кенжеғараұлы туралы «Білгізбей іштен болысты» деп көтерілісшілерге жанашыр болғанын, ал Исатай өлетін тұста:

*Алаша Сатай жаны ашын,
Көзіне сонда жас алған, —*

деп суреттеуіне карағанда, бұл әулеттің Исатай, Махамбет тағдырына немқұрай болмағанын айғақтайды.

Кіші Жүздің орта бөлімінде айдауда жүрген Махамбет осы Алаша ауылымен қарым-қатынасын үзбей, үнемі қатысып тұрған. Айналасына ықпалды бұл Кенжеғараұлдары

төрт ағайынды — Сатыбалды, Қаратай — бәйбішеден, Сарыбөпе, Сатай — тоқалдан. Басқалары би болғанда, Сарыбөпе осы Алаша ауылдарының старшыны. Жаз жайлау, қыстаулары — Қалдығайты, Байғұтты, Шолаққамыс. Билік басындағы нағашылары жырақта жалғыз жүрген жиендері Махамбетті кошiрiп алып, Қалдығайтыдан қоныс берген. Ықпалды азаматтар қаумалап жатқан соң, Баймағамбет көрсе де көрмеген болған. Кенжеғараулдарының ішіндегі ер қара батыры Сатыбалды еді. Ол Махамбетті батыр, ақын ретінде айырықша бағалап, ерекше жақсы көрген. Сол арғы беттегі хан сарайы төңірегіндегі рулас ағайыны би Алтай Досмұхаметұлына сөз салып, Махамбеттің әйелі Ұлтуған мен ұлы Нұрсұлтанды алдырған. Ұлтуған ағайындарының абай-құқайынан тайсалмай, Махамбетті табандылықпен күткен. Ақыры ол әкесі мен баласын табыстырып, жұбайлық, аналық борышын ақтаған. Алаша нағашылары Махамбеттің алдына мал салып, басына отау көгеріп қана қоймай, сүйек жаңғыртып Сатай Кенжеғараулының Типан атты қызын ақынға тоқалдыққа да берген.

Қалдығайты, Байғұтты, Шолаққамыс жаз айларында Шыңғырлауды жайлайтын Баймағамбет ауылдарымен жапсарлас еді. Сұлтан мен Алаша ауылдары жақсы қарым-қатынаста болды. Махамбет нағашыларының ауылына кеп, үй боп жатқанын ауырламаған Баймағамбетке «сыйға — сый, сыраға — бал» дегендей алғашқыда ымырашыл мінез танытты.

Жаңа ғана ел ішіне келіп, азаматтардың қолдауымен еңсесі көтеріліп, шырайы ене бастаған Махамбеттің отауының түзеліп, қисайған көші түзелер-түзелмесі ел билеушісі Баймағамбет сұлтанның қабағы қалай боларына тікелей байланысты еді. Оның жақсы болмағаны, ақыры қанды өліммен біткені тарихтан белгілі. Алайда, осы шиеленістің даму логикасы зерттеушілер еңбегіне әлі бір ізге түскен жоқ. Әсіресе, ақынның «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» деген көлемді толғауының қай кезде, қандай жағдайда дүниеге келгені анық емес. Ал оның шындығына жетпейінше мәселе шешілмейді.

Зерттеушілер ақын 1841 жылы 7 наурызда теңіз жағалауында Дуанбасы деген жерде қолға түсіп, Гурьевпен Орал, Орынбор жөнелтілгенде Баймағамбет ауылының үстімен өткен, сол жолы Баймағамбетпен кездескенде аталмыш

толғау Махамбеттің аузынан айтылған дейді. Бұлтарт-пастай нақты дерегі болмағандықтан, мұны да көп қисын-дардың бірі деп білген жөн. Сот шешімімен Кіші Жүздің орта бөліміне жер ауған ақын Елек қаласы арқылы өтті, ал Баймағамбет ауылы 60 шақырым жерде еді, сұлтан мен ақынның сол жолы ұшырасуы да әбден мүмкін.

Бірақ өлең әр кезде, әр түрлі жағдайда айтылған бірнеше жеке-жеке толғаудан тұратыны ақынның сұлтанмен бір емес, бірнеше рет кездескенін аңғартады. Әсіресе:

*Қайта-қайта шақыртып,
Менде қандай ауыр ақың бар еді-ау?! —*

деген жолдар тұтқынмен кездейсоқ кездесуге ұқсамайды.

Ел ішіндегі ауызекі истография ақын өлеңдері және сол тұстағы өмір тынысы бұрыннан айтылып жүргендерден өзгешелеу версия құруға мүмкіндік береді.

1844 жылдың жазынан бастап Алаша ауылы мінез шығара бастады. Махамбеттің ықпалы ма — 80-нен асқан көрі старшын Сатыбалды Кенжеғараұлы әділет іздеу жолына түсті: тентектерді тыйып, жәбір көргендерді қанатының астына алып, асқынғандарды ауыздықтады. Тіпті, аяқты алысқа салып, ағайындарына қысым көрсеткен Ішкі Орданың Боздақ Еспембетұлы старшынының ауылын шауып алды. Бұл жағдай Баймағамбетті мазаландырмай қоймайды. Ол Сатыбалды мен сөйлесу үшін Алаша ауылына келіп, Сатыбалдының інісі Сарыбөпенің ауылына түседі. Сатыбалды сұлтанның шақырғанына бармайды. Бұл мәжіліске Сатыбалдының кенже інісі Махамбеттің қайын атасы Сатай батыр қатысады. Ол ауылдас отырған Махамбетті ілестіріп барады.

Мәселе әзірше асқындай қоймағандықтан, әңгіме тамыр басып, аужай аңдысудан аспайды. Махамбет сөзге килікпей, күй тартып отырады. Баймағамбет оның Махамбет екенін білгенмен, білмеген болып, бейтаныстың кім екенін сұрайды. Сонда ақын «Менің атым-Махамбет» толғауын айтады:

*Менің атым — Махамбет,
Жасқұстағы Жәңгір хан*

*Ісінен болдым құса-дәрт,
Атаң өткен Айшуақ —
Соның көзі көрді ғой,
Менің атам Өтеміс
Елдің қамын жеді ғой.*

(1844, жаз)

деп алып, өзінің «Өтемістен туған он екенін», кезінде болған-толған текті атаның ұрпағы екенін жыр етеді:

*Біздің жайды сұрасаң,
Ерте көшіп, кеш қонған,
Санаулы сәнді орданың бірі едік.*

Махамбет аталары таныс-біліс болғанын, сыйласқандай жағдай болса, тегінде кемдік жоғына меңзейді. Мәжіліс бейбіт тарқайды.

Махамбеттің Жайық шебіне жақындауы Ішкі Ордадағы уақытша бұғып қалған көтерілістің байырғы сарбаздарын қайтадан қозғалысқа келтіреді. Лаубай Монтайұлы, Аббас Қошайұлы, Мәстек Ахметұлдары есесі кеткендерден есе қайыра бастады. Жайықтың оң жақ қапталында, Калмыков іргесіндегі Шағыр шағылында отырған Өтемістің туған ағасы Шыбынтай ұрпақтары да қайратқа мінді. Олардың арасында еті тірісі Шыбынтайдың үлкен ұлы Тілемістің баласы Жәміл Тілемісұлы еді. Ол Тунғаншы бай ауылының жылқысын алып, туысқаны Махамбеттің жанынан бір-ақ шықты. Ал Мәстек болса зәбірі өткен өз старшыны Шомбал Ниязұлының тандаулы 12 атын қуып кетіп, Махамбетті көз қылып, Алашалар арасына бой тасалады.

Бұл қазақ даласында күн құрғамай болып жататын, көз қанығып, құлақ бастыққан дағдылы барымта-сырымта еді. Ол мән берілсе, дауға айналып, мән берілмесе аяғы құрдымға сіңіп, болмаса ара ағайынның селбеуімен жөнделіп жататын күнделікті тірлік-ті. Ішкі Орда тарапынан Батыс бөлімге шағым көбейіп кеткеннен кейін, Баймағамбет ұрлықтары жария болған Мәстек Ахметұлы, Жәміл Тілемісұлы, Тасқара Теңізбайұлдарын шығарып берсін деп Махамбетке сәлем айтып, бұл істі жөндеуді ақынның қайын атасы әрі би, әрі батыр Сатайға тапсырды. Қаймана біреулер

емес, ағайыны мен қанды көйлек ереуілшіл жолдасын Махамбет шығарып бере алмады. Қайын ата мен күйеу бала арасына кикілжің түседі де, Махамбет бірұрт тентек старшын Сатыбалдының ауылына көшіп кетеді.

1844 жылы 14 маусымда «Орынбор қазақтарын басқару ережесі» дейтін шықты, сол Ереже бойынша Орынбор Шекара комиссиясы жанынан қазақ балаларын оқытатын мектеп ашылатын болды. Махамбет Нұрсұлтанды сол мектепке оқуға бермек боп, 1844 жылдың 25 желтоқсанында Орынборға келеді. 4-ші ақпанда (1845) баласын оқуға қабылдау туралы өтініш береді. Шекара комиссиясындағылар мектеп ашылмай жатыр деп сылтау айтады. Махамбет ізденіп қоймаған соң, біреулер оның бір кезде істі болғанын естеріне түсіріп, сот шешімін көтереді. Мұның соны тәптішке айналады. Махамбет Арыстан Жантөреұлы сұлтаның қарамағында бақылауда болғанын, оның Орал қаласына баруға болмайды деп ескерткенін, бірақ міндеттейтін тілхат алмағанын, ал шепке жақындауға болмайды деген өңгіме болмағанын айтады. Одан Орынбордан тез кетуді талап етеді. Осы тәптіш үстінде Махамбеттің өз қолымен жазып берген түсінік хатының әр жері өшкен нашар түпнұсқасы сақталған:

«1844 йылда аділ улуғ император падиша ағзам хазратлар. Киши йүз қырғыз қазақларының сұлтанлар уа би, уа старшын һәм қазақларның сабилары хақында мұғалім азлық қылып марқамат еткенін улгурап жерден алып, шул 44 йыл жадид илдузының 25 иаумында ун йашар ұғлым Нұрсұлтанны алып... иүз шақырым иул йурып келсем де, бугранушнук комиссиясының хазур ушуң ашылмағану... казур да қалур деп ұғлым Нұрсұлтанны татулярный советник Хаджи Назарбай Байкишевтің үйінде...»

Бұл хаттан ұғарымыз 10 жасар ұлы Нұрсұлтанды Хожа Назарбайдың үйінде қалдырып, елге қайтуға мәжбүр болғаны.

Мектеп қаймана қазаққа емес, империяға адал еңбегі сіңген, сенімді адамдардың балалары үшін ашылып еді. Оған қабылдау үшін жергілікті елбилеушілерден, сұлтандардан міндетті түрде кепілдік қажет. 1845 жылдың 27 ақпан күні Шекара комиссиясы Өтемісұлының баласын мектепке алуға болатын, болмайтынына рұқсат сұрап, Орынбор губернаторы В. А. Обручевке хат жолдаған. Губернатор Өтемісұлы туралы егжей-тегжей мәлімет жинауды, ел басқарушы

сұлтаннан пікір алуды ұсынған. 4 наурызда Махамбет туралы пікір сұрап Баймағамбетке хат жазылған. Баймағамбет кешіктірмей тез жауап берген: «Өтемісұлының тұрақты қонысы жоқ, Орданың Орта бөлімінен Батыс бөліміне келіп-кетіп жүретін, соңғы-екі жылда ғана Батыс бөлімінің Қалдығайты өзені төңірегін жайлай бастады. Ал мінез-құлқы болса тым нашар, қазақтар арасында өте зиянды. Сол себепті Шекара комиссиясынан оны менің карауымнан аластауды өтінемін»

Сөйтіп, ақынмен араздықтың отын бықсытуға Баймағамбеттің өзі себепші болған.

Шекара комиссиясы «мінез-құлқы тым нашар, руластары арасында өте зиянды» деген сөзге кеңірек түсінік беруді талап етті. 12-ші мамырда Баймағамбет Ішкі Ордадан мал ұрлаған жоғарыдағы екі деректі көлденең тартып, оның Сатыбалды, Қаратай Кеңжеғараұлдарымен бірге көшіп жүргенін, «Ішкі Ордада қылмыс істегендердің бәрі қашып келіп Өтемісұлына жасырынатынын» ол адамдарды «қарумен қорғауға әзір екенін» баян етеді.

Махамбет інісі Хасенді жіберіп, оқуға түсе алмай бағы байланған Нұрсұлтанды Орынбордан алдырады. Мұның бәрі Баймағамбеттің ісі екеніне көзі жеткен Махамбет одан сөзбен болса да есе қайыруға бекінеді. Баймағамбет кеңсесі мен Шекара комиссиясы арасында Махамбет туралы пікір алмасу жүріп жатқан көктемде бір үлкен той болады. Тойға Ала-шаның игі жақсыларымен бірге ақын да, Шыңғырлаудан нөкерлерін ілестіріп Баймағамбет те келеді. Ақын елді үйіріп, алқалы топта жыр толғап отырады. Ескі жыр, көне сөз, ұранды насихат өлендердің асқан шебері тыңдаушысын сиқыршыдай баурайтын, әсіресе үйде бұғып отырғанша жауда өлуге, нартәуекелге, тентектікпен ат шығаруға шақыратын толғау-ларының бозбалаға әсері күшті еді. Баймағамбет тойға жиналған үлкен-кіші ақын түскен үйден шырғалап шыға алмағанын байқап, асқақтата бермей, ел алдында еңсесін басып қоюды ойлап, отырған үйіне шақыртады. Махамбетке өзің кірме боп жан сақтап жүріп, жарлығымды екі етесің, арғы беттен келген ұрыларды шығарып бермейсің деп дүрсе қоя береді. Ақынға намыстан басқа биік нәрсе жоқ, басынан сөз асырып, бұғып қалса, Махамбет бола ма? Домбыраны сабап-сабап жіберіп, мірдей сөзбен сұлтанды беттен ұрады.

*Ей, тақсыр-ау, ей тақсыр,
Боз орданы тіктім деп.
Боз ағашты жықтым деп,
Ханым, ханым дегенге
Көтере берме бұтыңды,
Көптіре берме ұртыңды.
Күндердің күні болғанда,
Өзіңнен мықты жолықса,
Ту сыртыңнан жармай алар өтіңді.
Тәуекел хаққа бел байлап,
Қималы найза өңгеріп,
Бозбалаға жсел беріп,
Атқа мініп шыққанда,
Ұлы төре сенің де,
Көрер едім көтіңді.*

(1844, көктем)

Махамбеттен мұндайды күтпеген Алаша жайсандары да, үй иелерінің де тілі байланып қалады. Хан нөкерлері мен жарамсақ билер: «Қатты айттың ғой, жөнсіз тілің тиді ғой, Махамбет!» деп жер-жерден әушірімдесе бастағанда, мәселе шиеленіссе, «Бас кеспек болғанмен, тіл кеспек жок» бұдан да жаман сөз еститінін сезген сұлтан: «Бұлай сөйлемесе-Махамбет бола ма, ол сөзді көтермесем – мен Баймағамбет болам ба?» саясатқа салып жуып-шаяды.

Ел аузындағы әңгімеде Махамбеттің Баймағамбетпен екінші жүздесуі осылай тынады.

Шекара комиссиясы Махамбетті Кіші Жүздің батыс бөлімінен аластау туралы сұлтанның талабын орындау үшін, Махамбет бірге көшіп жүрген елдің рубасыларының ортақ пікірі керек екенін мәлімдейді. Бұл – оңай шаруа емес-ті. Баймағамбет шиесі қиын күрделі мәселеге тап болады. Старшын, билердің бас-басымен жеке сөйлесіп, алдап-арбап, көнбегенге тізе батырып, ұзақ арбасуға тура келеді. Шілде айының басында осы мәселе жөнінде Шыңғырлау жайлауында старшын, билердің басқосуы болады. Оның бір басылып, бір шаңытқан даумен өткені сөзсіз. Алаша старшындары мен билері жиені Махамбетті оңайлықпен бермегенмен, ақыр аяққа дейін табандылық көрсете алмайды.

Сөйтіп, 1845 жылы 7-ші шілдеде «Алаша рубасыларының үкімі» деген пәлелі құжат дүниеге келеді. Онда былай

делінген: «Өтемісұлының мінезі де, ісі де нашар адам екеніне көзіміз жетті: ұры-қары, қаракшылармен байланысы бар, солармен жең ұшынан жалғастықпен мал тауып, дүние жиі, сол себепті қажетсіз дау мен басы артық әңгімеден аулақ болуды ойлап, кезінде жарамсыз істері үшін Ішкі Ордадан қуылған, арамызда біздің келісімсіз жүрген зиянды адаммен қоныстас болуды қаламаймыз. Өз еркімізбен осы үкімді шығара отырып, ықыласымызбен мөр, таңбамызды басамыз. Алаша руының ру басы, старшын Сарыбөпе Кенжеғараұлы, старшын Ошырты Баймұрағұлы, рубасы старшын, есаул Қазы Сырымұлы, би Кенжебай Жаманғараұлы, би Сатай Кенжеғараұлы, зауряд-хорунжий Бектұрсын Алдиярұлы, би Қонақбай Төлегенұлы, би Күнтай Жармамбетұлы, би Тұрлан Сасықұлы, би Қара Жұматұлы, би Сарытай Сатыбалдыұлы, старшын Тырнабай Өтесұлы. 7-шілде, 1845 жыл».

Бұл үкім 3-тамызда ғана Шекара комиссиясының қолына тиді. Баймағамбет кеңсесінен іргедегі Орынборға бұл қағаздың бір ай жүруі қол қою, мөр басудың онайға түспегенін, өжептөуір бұлғак болғанын аңғартады. Үкімнің соңындағы іс-қағаздардың толтырылу үрдісінде жоқ: «өз еркімізбен үкім шығардық», «ықыласпен мөр, тамғамызды бастық» делінуі де үкімде бірауыздылық болмағанының, кейін айнап толқушылық болмасын деп сақтық ойлағандықтың айғағы. Әлбетте, бұлғакқа салынып, көпке дейін келісім бермегендер Сарыбөпе, Сатай және Сатыбалдының ұлы Сартай. Дегенмен, үкім хатқа түсіп, заңды құқық алып еді.

11-ші тамыз 1845 жылы Жәңгір хан кенеттен қайтыс болып, Шекара комиссиясының назары уақытша басқа жаққа ауды. Өтемісұлы мәселесіне 7 қыркүйекте ғана қайтып оралды да, қысқа ғана жарлық шығарды: «Өтемісұлын комиссияға шұғыл түрде жеткізу-Орданың Батыс бөлімін билеуші сұлтанға міндеттелсін».

Бұл кезде Кіші Жүздің Батыс бөлімінің билеушісі Баймағамбет болғанда, оның орынбасары Мұхаметқали Тәукеұлы еді. Махамбетке байланысты барлық іс-қағаздар соның қолынан өтті. Шекара комиссиясы Алаша рубасыларының үкімін қараған мәжіліске де қатысқан сол. Шекара комиссиясының 7 қыркүйектегі жарлығы қапелімде жүзеге аса қоймады, ондағы іс жүргізушілер тықырлап, қайта-қайта

жауап сұрады. Баймағамбет ақыры жауап беріп, жағдайды түсіндіруге мәжбүр болды.

«...Махамбет Өтемісұлын ұстап әкеліндер» — деп 4-дистанция бастығы зауряд-хорунжий Өтебай Сәңкібайұлына тапсырып едім, олар бұл бұйрығымды әлі күнге дейін орындаған жоқ. Өйткені, Махамбет ... өзіммен сыбайлас старшын Сатыбалды Кенжегараұлының ауылында жасырынып жүрген көрінеді. Екеуі де өкімет құрығынан қашып жүргендер. Дегенмен, ыңғайы келгенде Өтемісұлын қалайда Шекара комиссиясына ұстап тапсырамын».

Баймағамбет Махамбетті ұстауға асықпады. Қыбын тауып, қолға түсірмесең, тікелей жетіп барып байлап алу мүмкін емес-ті. Оған ешкімнің тәускелі де жетпейді, олай болды-ақ біреулердің мерт болары анық. Баймағамбет Махамбетті шақырып ордасына келтіре алмаған соң, бір қулық ойлап табады. Бұл оқиға Баймағамбеттің «Бес батырды қонақ етуі» деген өңгіме түрінде сақталған. Асылы, оқиға 1845 жылдың күзінде болған сынайлы. Сұлтанның әр рудың игі жақсы-ларын қонақ етіп шапан жабатын, яки баяғы хандық кезіндегі «көрініс» салтын сақтаған сынды дәстүрі бар-ды. Алаша-лардың да сұлтан төрінде жантаятын уақыты болған. Баймағамбет «қонақ болсын» деп сәлем айтады да, «ел ішінде бір тентек жүрмей ме екен, оны ауырсынар мен емес, Махамбетті қалдырмасын» деп және қосады.

Бұл мәселе Алашалар арасында қызу талқыланады. Сатыбалды старшын қонаққа барудан бас тартады. Махамбетті қоса шақыруы бәрін де ойға қалдырған сияқты. Баймағамбеттің ішін андып өскен тұрғыласы Сарыбөпе де мұның астарында не барын аңдай алмайды. Бұрындар келісіп-кетісіп, тырнасып қалып жүріп, орма тіл, орақ ауыз Кете Шерниязды кешіргені бар-ды. Шақырғанға бармай қалып, ақынның жағдайы тіпті қиындап кетеме деп тағы ойлайды да, төрт көзіміз түгел отырып, сені беріп қоя бермеспіз. «Жүр, Махамбет!» деп бірге ілестіріп кетеді.

Олар қонақасыға бесеу боп: Сарыбөпе, Сатай, Сарытай, төртіншісі белгісіз, Махамбет болып барады. Баймағамбет Шыңғырлаудың тоғайының шетіне үй тіккізіп қойған екен. Күтуші жігіттер қарсы алып, аттан түсіп, Махамбетті ерекше құрмет белгісі ретінде бөлек үйге түсірмек болады. Іші

қыртысты Сарыбөпе құрулы қақпанның сырын танып: «Махамбет бізге емес, біз Махамбетке ілесіп келген екенбіз ғой. Ендеше, Махамбетті бөлек сыйласын, біз кетейік» деп айғай салады.

Баймағамбет жастардың білместік қылғанына кешірім өтініп, бәрін бір үйге түсіреді. Ордасының төрінде отырған сұлтанмен керісу басталады. Бәрімен қос қолын ұсынып сәлемдескен сұлтан Махамбетке келгенде сол қолын береді. Ақын сұқ саусағын ұсынады. Ол кезде ел ішінде азаматтардың бір-бірін сынау, сүріндіру, сол арқылы жігіттің көшелігін байқау үрдісі қатты етек алған. Ол әсте әжуа емес, арбасудың астарлы бір түрі. Шай келгенде, күтушілер Махамбетке тұтқасы жоқ шыныаяқ ұсынады. Бұл да тұтқан, тірегің жоқ деген меңзеу еді. Махамбет: «Мына қызылкүрең шайды нәпсім сүйеді, ұстарға қолым күйеді. Өз алтынымнан айырылған соң, сенің алтыныңды ұстап қара сүйегімді ағартпай-ақ қояйын» деп шыныаяқты қағып жіберіп, шайды төгеді.

Баймағамбет жанындағы Ақсарт төре орнынан атып тұрады:

— Атаңа нәлет! Әуелі ханның қолын тәрік етіп, қала берді дастарқанды тәрік етіп, басыңды қорғай алмай, жүрген кашқын ит! — деп қалшылдайды.

Әлбетте, мұның бәрі алдын-ала дайындалған сценарий еді. Махамбет сабырлылығын жоғалтпайды.

— Қой, төре! Мені сөйлетіп неғыласың. Аузымда адырнаның алты оғы бар. Тілімнің екі жағы кез, үшы біз. Сөйлесем біреуі хан ұлына тиеді, біреуі қара ұлына тиеді, біреуі өзіме тиеді, — дейді батыр.

Дастархан басының қабақ райын бірден таныған Сарыбөпе намысқа булығып: «Тимек түгіл тесіп өтсін, сөйле!» деп ширығады. — Тек расын айт, өтірікке жолдас жоқ, расқа жолдас көп!».

Махамбет қайыру бермей, қара сел боп қаптатып өткір сөзді төпектете төгеді. «Аузымда адырнаның алты оғы бар» дегені де рас екен. Баймағамбетке айтылған толғау алты бөлімнен тұрады. Ел аузындағы тарихнама Махамбеттің «Баймағамбет сұлтанға айтты» деген көлемді жыры дүниеге осылай келгеніне қуәлік етеді. Оған ұйыймыз ба, жоқ па? Тарихты жасайтын халық, және тарихтың өзі түштеп

келгенде сол халық үшін жазылады. Елдің өткен-кеткенді өз мүддесіне лайықтап қырнап-жоноп, әдіптейтіні бар. Ал қай тарих ондай қоспадан ада? Елдің ауызекі тарихнамасы Махамбет пен Баймағамбеттің үшінші кездесуін осылай суреттеген. Бұл тарт-пас нақты дерек табылғанша халық сөзіне құлақ қойғанымыз жөн шығар.

Махамбет далаға шығып кеткенде, Алашаның төрт батыры сұлтан алдында бөгеліп қалады. Жолда Махамбет «Неге бөгелдіңдер?» деп сұрағанда, Сарыбөпе: «Апыр-ай, төртеуі-міздің төрт көзіміз түгелдігі мұндай оңды боларма. Әйтпегенде жиеннен айырылған екенбіз. Губернатордан Махамбетті ұстауға бұйрық келіпті» дейді. Махамбет: «Бұған дейін қорғап келдіңдер! Жұмыстарыңа рахмет. Енді өз күнімді өзім көрейін» деп, Алашалардан ірге айырған екен сынды тұжы-рыммен тамамдалады бұл хикая.

Біздіңше, бұл әңгіменің Махамбет тарихына қосары болмаса, бүлдірері жоқ. Және сол тұстағы ел ішінің жағдайын мәлім ететін деректермен де қабысып жатады. Махамбетті араларынан аластауға келісім беріп, үкімге қол қойған Сарыбөпе — ұзын арқан, кең тұсауға салып Махамбетті ұстап бермеген. Ол туралы Баймағамбет жоғары орындарға ресми түрде мәлім еткен де ғой. Алаша батырларының бұл тағы Махамбеттің 1 жыл 3 айға өмірін ұзартқан.

Сарыбөпе, Сатай, Сартайлар — Махамбетке жанашыр болғанмен, Баймағамбетке қарсы келе алмай, о ғып, бұ ғып бұлтарып, жалтарып жүргенмен, Кенжеғараулдарының үлкені Сатыбалды ақынды ақтық демі қалғанша қарумен қорғауға бекінген. Антонов бекінісінен 25 шақырым Байғұтты деген жерді мекендеген бірбет тентек шал жасақ жасақтап, қарауыл қойып, шайқасқа күтінген. Махамбет тұрсын, оның жолдастары Мәстек Ахметұлы, Тасқара Теңізбайұлы, Жәміл Тілемісұлдарын да екі-үш рет арнайы іздеп келген, өкімет орындарына шығарып бермей, соңғысында сұлтанның бел баласы жүзбасы Мұхамеджан Баймағамбетұлын қуып тастаған. Махамбетті ел ішінен аластау туралы пәле үкімге қол қойдың деп, Қазы Сырымұлына қарасты Елтеке Байбақтылардың 600 жылқысын және шауып алады.

Бірақ 1846 жылдың қыркүйегінде шалдың жағдайы тығырыққа тіреледі. Баймағамбет оны жуасыту үшін үлкен отрядпен ел ішіне шықты. Жасыбайда отырған Сатыбалды

ауылын тастап, қыр далада бой тасалай тұруға мәжбүр болды. Махамбеттің Сатыбалдыдан ірге айыруы осы кез, яки тентек шалдың өз басы қуғынға түскен қыркүйек айының аяқыр аяғы деп сеніммен айта аламыз.

АҚЫННЫҢ ҚАЗАСЫ

Баймағамбет — өзіне қарсы келген қазақтың талай жайсандарының басын жұтқан, аса қауіпті айлалы да жыртықшы адам. Ер тұлғалы, кесек келбетті, сырты дүрдей болғанымен, қулығына пышақ айнамайтын жымысқы да еді. Махамбетті оңайлықпен қолға түсіре алмайтынына көзі жетті. Ал арада созылып кеткен уақытты ол өз дәрменсіздігінен емес, әккі қылмыскердің қашып-пысып ұстапай жүргені деп дәлелдеп, әділ заңнан жалтарған анық қашқынды сотсыз өлтіруге Шекара комиссиясын үгіттеп көндірді. Мұндай астыртын келісімдер туралы ресми құжаттар болмайтыны белгілі. Ол Махамбет өлімін тексеру кезіндегі Шекара комиссиясының, губернатор кеңсесінің, Баймағамбет әкімшілігінің ұстанған бағыттарынан ғана аңғарылады.

1846 жылдың қыркүйегінің ақырында Жақсыбайға жасақпен келген Баймағамбеттің көздегені: 80-нен асқанға өділетшіл болып атқа қонған Сатыбалды старшынды жуасыту және Махамбетті ұстау еді. Сатыбалды ауылын тастап далаға қашып, сұлтан індетіп келген істерді реттеуді інісі Сатай мен туысканы Бектұрсын Алдиярұлына тапсырады. Сол жерде Сатыбалдының үстінен жазылған жеті шағымға қанағат әперіледі. Сонымен Сатыбалды төңірегіндегі дау бір келеге келгендей нышан танытады. Баймағамбет Махамбеттің Сатыбалды ауылынан кетіп, Қарайда жалғыз үй отырғанын біледі.

Ал шындығында Махамбеттің Сатыбалдыдан ренжіп бөлінген ештеңесі жоқ еді, Баймағамбеттің қол жиып шыққанын естіген Сатай, Сарыбөпе, Сарытай, Қаратай, Жүрентайлар жасы үлкен қариясы Сатыбалдымен ақылдаса келіп мәмілеге келмеуге болмайтындарына көздері жетіп, Махамбетті басқа жаққа асыра тұру қажеттігін ойластырған.

Тапқан ақылдары-Сатайдың екінші қызының күйеуі Индер тауында тұратын Қаратоқай Беріш Асаубай Құдайкеұлы ауылына жіберу. Махамбет Асаубай ауылында қонақ болып, Сағыздың төменгі сағасында отырған руласы Тоғыр Дәріұлы мен Байнақ Тілекеұлы ауылына асуды ойлайды. Жәміл Тілемісұлын екі-үш серігімен соларға хабар беруге жіберіп, өзі Қараойда отырып қалады.

19 қазан күні сәске тұс шамасында терістіктегі жүлгелердің бірінен 20 шақты аттылы шыға келеді. Оларды қазан-ошақ маңында жүрген Типан анамыз бірінші боп көріп, еркектерге хабар береді. Үйдегі еркектер: Махамбет, Хасен және Бітімай Шөкеұлы, Меңдібай Еспембетұлы есік алдына шығады. Бейтаныс адамдардың суыт жүрісінен қауіптенген Махамбет Хасенге мылтығын алдырады да, 100 метр шамасында құдық жанындағы көктесінде ерттеулі тұрған аттарына қарай жүреді. Жүргіншілер тобынан жырылып шыққан үш адам бұларды аттарына жеткізбеудің амалын істейді. Махамбет оларды тоқтатпақ боп төбелерінен мылтық атады. Бірақ әлгі үшеуі Махамбеттің аттарының шылбырын қиып, үркітіп, далаға айдап жібереді.

Бұл үшеу кім десе Тама руының старшыны заурад-хорунжий Ықылас Төлейұлы, Есенғұл Беріш адамдары Жүсіп Өтеуліұлы мен Мұса Нұралыұлы екен.

Осы кезде би Жанбар Боздақұлы, Төрежан Тұрымұлы бастаған өзге топ та келіп жетеді. Төрежан: Баймағамбет сұлтанның жұмсауымен Адай Мұрадтың төрт жылқысын даулай келгенін, басқа шаруалары жоқ екенін айтады. Көпке жалғыз топырақ шашсын ба, ол сөзге сенбегенмен, шарасы таусылған Махамбет түсініселік деп, келгендердің ішіндегі жасы үлкені Ықыласты үйге шақырады.

Үйдегі әңгіме Мұрадтың жоғалған төрт жылқысынан басталады. Махамбет ондай адамды естімегенін, ешкімнен жылқы алмағанын, түк шықпайтын бос сөзді доғарып, одан да келген мақсатын ашық айтуды сұрайды. Ықылас Баймағамбеттің бұйрығымен ұстауға келгенін мәлімдейді. Махамбет тірідей берілмейтінін айтып қанжарына жармасады. Ықылас пен Мұса Нұралыұлы батырға тап береді. Типан анамыз күйеуіне араша түсіп, Ықыласқа қылыш ала ұмты-лады. Ықылас Махамбетті тастап, әйелмен болып кетеді. Осы кезде жалаң қылышпен ішке

Жүсіп Өтеуліұлы енеді. Ол Мұсаны итеріп тастап, есікке ұмтылған Махам-беттің оң жақ шекесінен екі рет шабады. Бірақ батыр құламайды. Шалғайына жармасып қолын қайырған Мұсаға қайта бұрылған кезде Жүсіп Өтеуліұлы Махамбетке сол жақ қаракүстан бар пәрменімен қылыш сермейді. Махамбет сұлап түседі. Жүсіп Өтеуліұлы етпетінен құлап жатқан Махамбетті басынан тағы бір рет шабады. Махамбетті өлтіруде айырықша құлшыныс көрсеткен туысқаны Жүсіптен қалмау үшін, Мұса көкжелкеден қылышпен үш рет шауып, батырдың басын кесіп алады.

Махамбетті бітірген соң, қарақшылар сандықты ашып, ақша, ол-пұлды үйдегі бетке ұстардың бәрін тонап алады. Және Махамбеттің басын қанжығаға байлап, 8 жылқы, төрт түйені қуып кетеді.

Сүйтіп, Махамбет 1846 жылы қазан айының 19-ы күні түс шамасында Баймағамбет арнайы жұмсаған жаналғыштардың қолынан қаза табады.

Махамбеттің қазасы Баймағамбеттің 5 қараша 1846 жылы Шекара комиссиясына берген №1355 рапорты, Махамбеттің інісі Хасеннің 4 қарашада берген түсінігі және Махамбет өлтірілгенде Орловск форпостында шаруамен жүрген Шекара комиссиясының шенеунігі Редкиннің Махамбеттің әйелі Ұлтуған мен Типаннан сұрап біліп, 31 қазанда хатқа түсірген протоколы негізінде баяндалды. Баймағамбет бұл-қаза Махамбеттің тұтқындауға көнбегенінен болған кездейсоқ өлім десе, ағасы өліп жатқанда, алып бара жатқан не діндарлық екенін, Хасен далада намаз оқып отырдым деп сандырақтаған, ал Редкин болса Махамбеттің өлімі алдын-ала ойластырылған өлім екенін меңзеген. Шынында да 20 адамның Махамбетті ұстап, байлап өкетуге толық мүмкіндігі бар еді, бірақ өйтпеген, бірден-ақ қылыш шапқан және жаралау үшін де емес, өлтіру үшін шапқан. Жүсіп Өтеуліұлының сұлап түскен Махамбетті тірі ме, өлі ме деп тексермей, төртінші рет шабуы – тұтқындауға емес, өлтіру мақсатымен келген-діктің белгісі. Кейін құн дауы шықпасын, өлтірген өз ағайындарың деп жалтару үшін, Есенғұл Беріштің адамдарын жалдаған. Махамбеттің басын кесіп апарып Баймағамбетке көрсету де бұйрықтың кімнен шыққанына айтпай нұсқап тұр.

1846 жылдың 21, 22 қарашасында Шекара комиссиясында Махамбеттің өлімі туралы іс қаралады. Редкиннің рапорты

істі «кездейсоқ өлім» деп жаба салуға кедергі болды да, мәселені аяғына жеткізу мәжілісте құлшына сөйлеген Редкиннің өзіне тапсырылды. Бірақ Редкин жөнді тәптіш жүргізе алмады. Баймағамбет қылмысты Мұса Нұралыұлы, Жүсіп Өтеуліұлы, Ықылас Төлейұлдарын әртүрлі болды-болмады сылтаулармен жауаптауға жібермеді. Шекара комиссиясы басшылары тарапынан қысым көрген Редкин істі был-қылдаққа салды.

Махамбеттің ісін ізіне түсіп қуынған ағасы Бекмағамбет. Ол 1847 жылы 9 қазанда Шекара комиссиясына 4-ші дистанция бастығы Сәңкібайұлы жауап беретін адамдар шептен ұзап қырға шығып кетті деп өтірік айтып, кісі өлтірушілерді сотқа әдейі жібермей отырғанын мәлім ете келіп, тергеуді тоқтатып, «қазақ рәсімі бойынша шешілуі үшін» Батыс болімінің кеңесіне істі жіберуді өтінген. Бірақ Шекара комиссиясы Бекмағамбеттің бұл талабын қанағаттандырмады. Сүйретіп барып, ақыры 7 жылдан кейін істі үшты-күйлі жауып тастады.

Сүйтіп, Махамбеттің өлімі үшін ешкім жауап бермеді.

Бажасы Асаубай Құдайкеұлы ақынның жазым болғанын келесі күні естіп, Қараойға келіп жерлеуіне қатысады да, ауылдың ақсақалдарын ілестіріп алып Суықбұлақтағы Баймағамбет ордасына тартады. Ол Баймағамбетке: «Алдияр сұлтан, қас жауынды өлтірдің, бірақ адамның денесін екі жерге бөліп көму мұсылман рәсімінде жоқ. Махамбеттің басын бер, денесімен бірге жатсын» дейді. Баймағамбет Махамбеттің басын қайтарады. Асаубай қабірді ашқызбай, оң жағынан жанама шұңқыр қазып, денесінің деңгейіне жеткізіп, басты көмдіреді.

Махамбет қаза болған 1846 жылы сол маңда көшіп-қонып жүрген Қаратоқай Беріш Бектұрған 1851 жылы дүниеден өткенде ұлына Махамбеттің бейітін көрсетіп кеткен екен. Бектұрғаннан-Төшен, Төшеннен-Дінмұхамед, Дінмұхам-медтен-Құрақ боп тарайтын бұл әулет, әрі ақын, әрі батыр Махамбеттің жерленген жерін жалтарында сақтаған. Махамбет бейіті көп уақытқа дейін Қараойда қарайып жалғыз тұрған да, кейін Махамбет моласының сол жағынан шағын қорым пайда болған. Беріде Дінмұхаммед өлерінен бір жыл бұрын (68 жаста) 1952 жылы Махамбеттің басына дұға қылып, қабірдің басы мен аяғына белгі болсын деп

сырық шаншыған. Құрақ Бектұрғанұлы 1958 жылы бейітгі жаңылыспай тауып беріп, кейінгі ұрпақ үшін мәні жойылмас еңбек қылды.

Сөйтiп, елiм деп енiреген есiл ер жауыздардың қолынан жазым тауып, Қараойда бiр үйiм топырақ боп, 120 жыл ескерусiз жатты. Халық үшiн еткен еңбек зая кетпейдi екен, Махамбет тағдыры соның куәсi.

VII. ТАҒДЫРЛАР МЕН ТАҒЫЛЫМДАР

Исатай, Махамбет бiр жақ, Жәңгiр, Баймағамбет бiр жақ боп топ жиып, жасақ ерiтiп, әскер жиып, ауыз еппен шешпеген егестi бiлектiң күшiмен, найзаның ұшымен шешпек боп, қан майданда талай кездестi, шекiсу үздiк-создығымен табандаған 10 жылға созылды. Халыққа сүйенген Исатай, Махамбеттер жеңiлдi, екi арыстың да шекесiне қылыш шабылды, ал патшаға сүйенген Жәңгiр мен Баймағамбет жеңдi. Алысып-жұлысып, бiр-бiрiн жер бетiнен жоғалтуға анттасып жүрiп олар тағдырлары бiр-бiрiмен байланысты екенiн, Исатай ауызға алынғанда Жәңгiрдiң, Махамбет ауызға алынғанда Баймағамбет аты аталатынын, қырық жыл қырғын болса да мәңгi жеңiс жоқ, тағдыр бiр күнде тегiстейтiндi тегiстеп, теңестiретiндi теңестiрiп, бас-аяғына келтiретiнiн ойламады. Майдандасқан екi топтың басында тұрған адамдардың өмiрi мен кейiнгi ұрпағының тағдыры соған куә.

ИСАТАЙ БАТЫР ОТБАСЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ

Батыр Мылқым, Несiбелi атты екi әйелден 6 ұл, бiр қыз сүйдi. Олар – Жақия, Ақай, Досмағамбет, Оспан, Дүйiмбаян, Дүлзада. Ақай мен Оспаннан ұрпақ жоқ. Тастөбе соғысында (15 қараша, 1936) 20 жасар Ақай шешесi Мылқым және жас келiншегiмен оққа ұшты. Оспан Ақбұлақ (12 шiлде, 1938 ж) соғысынан кейiн көп ұзамай ауыр жарақаттан өлiп, әкесiнiң жанынан топырақ бұйырды. Исатайдың тұңғышы Жақия желтоқсан 1836 жылғы Ново-Порховинск

тәптішінде берген жауабында 25 жастамын дегеніне қараған-да, ол 1811 жылы туған. Мұсылманша өте сауатты болған. Исатайдың барлық хаттары мен қатынас қағаздарын жазған, көтерілістің архивін сақтаған сол. Жақия баландығына қарамай, көтеріліс тұсында батыр атанған, көтерілісшілер арасында ықпалы күшті болған. Ішкі Ордадағы жорық-тардың көбіне бастан-аяқ қатысқан Жақия — 1837 жылы 24 желтоқсанда Жем өзенінің төңірегінде қуғыншылардың қолына түскен. Исатай күресі жалғасып жатқан соң, оны бірден соттамай, Орал түрмесінде біраз сақтаған. Оған сот кесігі 26 тамыз 1838 жылы шығарылды. Төтенше ауыр жазаға кесілді: 250 адамдық өскер сапынан үш рет өткізіп дүрелеу, сосын Финляндиядағы Динабург қамалы құрылысына 3 жылға қара жұмысқа салу, одан аман қалса, солдатқа беріп не Үркітке мәңгіге жер аудару. Яки Жақияның елге қайтып оралмауына барлық қам жасалды. Жақия Финляндия айдауынан қайтып оралмады.

Жақияның соңында 2 жасар Шахмет пен келіншегі Нәсіпхан Себек Беріш Батырбек дегеннің қызы еді. Қайсыбір әңгімелердегі Нәсіпқан Жақиямен бірге Жайықтың сол жақ бетінде қолға түсті деген қисын шындыққа келмейді. Жайықтың Бұхар бетіне өткен үш әйел, олардың кім екендері анық белгілі. Асылы, Нәсіпхан 1837 жылдың 22 қарашасы күнгі Елекен бейігінен Қарақұдыққа дейінгі 20 шақырымдық сүргінде қуғыншылардың қолына түскен. Қуғыншылардың арасында кезінде бұлардың үйлену тойында Жақияның жанына күйеу жолдас боп ерген бір таныс жігіт бар екен. «Не талабың бар?» — дейді өлгі. Нәсіпхан кебеженің ішіндегі екі жасар баласы мен атасы Исатайдың 500 қойға айырбастап алған күміс кемер белбеуін сұрайды. Белбеу табылмайды. Нәсіпхан сәбиін түлкінің ініне апарып жасырады. Кейін адасып қалып «шешелеп» жылаған дауысымен тауып алады. Сол Шахметтен-Шамақ, Таңқаш, Ақон, Ахмет, Сары. Шамақтан-Қадіреш, Онғарсын, Мағия, Айбөпе, Жұмаш, Оразбек, Құрмет. Таңқаштан-Құрман. Құрмет пен Құрман Жақиядан тараған ұрпақтың қазіргі көзі тірі үлкендері. Исатай атындағы теміржол станциясында тұрады. Олардан ұрпақ баршылық.

Досмағамбет Ішкі Орда мен Жайықтың Бұхар бетіндегі жорықтар мен соғыстардың бел ортасында болды. Ақбұлақ

қырғынынан да аман шықты. Кейін Махамбеттің жанына ілесіп, Мұртазағали Өзбекқалиұлы сұлтанның ауылын да шапты. Махамбет Хиуаға кеткенде Сағыз бойындағы Қаратоқай Беріштер арасында қалған. Ол Жақияны 7 жыл күткен жеңгесі Нәсіпханға әменгерлік жолмен үйленген. Басқа да әйелдері болған. Досмағамбеттен – Қодар, Садық, Қали, Жүніс. Қодардан-Тәкен, Қожас, Бабас, Ақас. Тәкеннен-Сәмиғолла, Шәйдолла, Әмина. Әмина апай тірі, Атырау қаласында тұрады. Ал Шәйдолланың ұлы Қазиз Қодарұлы жұмыскер ауылындағы орталау мектептің химия пәнінің мұғалімі. Қожастан-Зидеш, Анош. Қожас қазіргі Балықшы ауданындағы балық комбинатының орнындағы Новолицевая батағасының директоры болады. 1937 жылы репрессияға ұшырап, келмес сапарға айдалып кетеді.

Досмағамбеттің екінші ұлы Садықтан-Момын, Ізмұқан. Момыннан-Бекмұқан, Мәрия, Баймұқан, Рәзия, Мәжіт, Зұлфат. Ізмұқаннан-Бәтес, Кұлжәміш.

Ал Қали, Жүніс ұрпақтары туралы әзірше дерек жоқ.

Дүйімбаян ағасы Жақиямен бірге 1837 жылы 24-желтоқсанда қуғыншылардың қолына түсті. 12 жасқа толмағандықтан сотталмады. Бірақ біраз уақыт Баймағамбеттің ордасында, одан Орал атамандығының қарамағында болып, шешесі Несібелі екеуі Жәңгір ордасына жіберілді. Жәңгір Несібелінің көркіне қызығып, жеке үй тіккізген. Дүйімбаян сол үйде шешесімен бірге тұрған. Бірде әкемен қалған дүние ешкімге бұйырмасын деп, киіз, кілемдердің бәрін пәршалап турап-турап тастайды. Ол 1838 жылы маусым айында Жәңгірдің тұтқынынан босанып, ел ішіне келді.

Дүйімбаян 1825 жылы туған. Одан-Өтепқали, Сыралы, Өтепқали – жасында старшын болған, атасы Исатайдың ерлігін қайталаған, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Ол туралы тиіп-қашты жазылғаны рас. Ал Өтепқали шын мәнінде арнайы тарихи зерттеудің нысанасы болуға татырлық ірі тұлға. Әзірше 1916 жылы Нарындағы ұлт-азаттық қозғалысын тоқтатуға келген патша исправнигінің Астрахан генерал-губернаторына жолдаған рапортын келтірсек те жетеді: «№1 округтің 15 болысының қазағы Өтепқали Исатай-ұлы 70 жаста, князь Юсуповтың жерінде, Красноярда тұрады, орысша жақсы сауатты. Қазақтар

арасында беделді, оның сөзі бүкіл қауым үшін заң іспетті. Оның беделінің тағы бір ерекше белгісі атасы Исатай Тайманұлы осыдан 100 жыл бұрын бүкіл қазақ ордасын көтеріліске бастаған».

Көтеріліс жеңілген соң, Өтепқали бес жолдасымен Астрахань түрмесінде отырды. 1917 жылы Ақпан төңкерісі кезінде ғана босанып шықты. Ол 1930 жылы дүниеден озды. Бабасынан қалған ата қонысы Мыңтөбеге жерленді. Күмбезді қарағай бейіті әлі бар.

Өтепқалидан бес бала — Сәлен, Құбайдолла, Ибраһим, Хамза, Кишекен және үш қыз — Райхан, Бану, Қайни. Сәленнен-Адаһам, Қабдол. Адаһамнан-Салауат. Салауат қайтыс болды, балалары бар. Қабдол Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысып, оннан астам орден-медальдармен наградталған. Бұдан біраз жыл бұрын Атырау қаласында дүние салды. Баласының есімі-Абзал, Атырауда тұрады. Ибраһимнен-Махмет, оның ұрпақтары Құрманғазы ауданында. Құбайдолладан-Зұллықар, ұрпақтары Махамбет ауданында, Хамзадан-Уахит, Сайдал, Қинекен, өздері дүниеден озған, ұрпақтары Исатай ауданының Забурын, Исатай ауыл кеңесі жерінде, Атырау қаласында. Кишекеннен-Қабас атты жалғыз ұл, Мариям, Сәуле есімді екі қыз. Қабестен — жалғыз қыз, Атырауда тұрады. Мәриям дүние салды, Сәуле Атырау қаласында.

Исатайдың кенже ұлы Әлфияр әкесінен екі-үш жаста қалып, нағашыларында тәрбиеленген деседі. Одан бір бала, екі қыз. Бала жасында отқа күйіп өлген де, қыздарының есімі Дина мен Жұмазия. Дина 1890 жылдың о жақ, бұ жағында дүниеге келген, белгілі мұғалім Алпан Құдайбергенұлының Забурыннан ашқан «Тоқсанарал» мектебін 1904 жылы бітіреді. Қазан төңкерісінен кейін жаңа заман ағымына ілесіп, Забурын ауыл кеңесінің төрағасының орынбасары, «Қосшы серіктестігінің» алғашқы мүшелерінің бірі болады, ауыл шаруашылығын колхоздастыру науқанына қатысады. Ол Балықшы ауданы Амангелді колхозында ұлы Ораздың қолында 90 асып дүние салды.

Ал Дұлзададан өрбігендер Орал облысында.

Исатайдаң бәйбішесі, Жақия, Ақай, Оспан, Досмағамбеттің шешелері-Мылқым 15 қараша, 1837 жылы Тастөбеде

оққа ұшты. Ал батырдың екінші әйелі Несібелі өмірі де өз алдына бір хикая. 1824 жылы бір төбеге казак-орыстар мен Исатай ауылының таласы тұсында батырдың інісі Нысанбай мен Несібелінің архивтік құжатта есімдері көрсетілген, соған қарап Исатай Несібеліге 1823–1822 жылдары үйленді деп есептейміз. Несібелінің әкесі Әліш Елемісұлы Исатай ауылымен бірге көшіп-қонып жүрген, Әліш 1837 жылы 13 желтоқсанда Жайықтың сыртына бір ұлы және кенже қызы Бағыланмен бірге өткен. Несібелінің руын анықтау мүмкін болмады, Жайық Беріш болған күнде де Исатайға жақындығы 7 атадан бері емес.

Несібелі сұңғақ бойлы, ерекше сымбатты әйел болған. Ол қолға түскен соң 31-желтоқсанда 1 орсқ камалына әкелінген де, кейін Жәңгірдің қарамағына жіберілген. Ауызекі әңгімелер Жәңгір мен оның нөкерлерінің жас сұлу әйелге көңілі кетіп, оған жеке үй тіктіргенін баян етеді. Тіпті, Жәңгірдің жеңіл көк арбамен сейіл-серуен құруға ұсыныс білдіргені де бар көрінеді. Сонда Несібелі өлеңмен жауап қатқан:

*Ханга да болсын обалым,
Қожаға да болсын обалым,
Кім жияды менің бұл малым.
Бізді осындай шулатқан,
Қарауыл төбет, хан Жәңгір,
Шуласын біздей ұланың.
Қызыл мақпал, бойда сым,
Қиянат күнде жолдасым,
Жолдасымен айырған —
Хан Бөкейдің баласы
Егізде екі болмасын.*

Бұл сөзден кейін Жәңгірдің меселі қайтқан. Ел іші аңыздары осыдан кейін Жәңгір «Несібеліні кім алады?» деп саудаға салған, сонда өуселесін салып таласқандардың бірі Исатай тобығын шауып жіберетін Қарабөкен Өтепұлы деседі. Асылы бұл сәл асығыстау әңгіме шығар: Исатайдың көзі тірісінде әйелін саудаға салмаған шығар, ол мұсылманшылық рәсіміне де, қазақ дәстүріне қиғаш жәйт еді. Исатайдың Жем өзені бойында қол жиюы, Ішкі Ордадағы

Жәңгірді шабамын деп хат жолдауы ханның есін кіргізген сыңайлы. Ақбұлақ соғысының қарсаңында іші қылпылдаған Жәңгір Несібелі мен Дүйімбаянды Мыңтөбедегі Жайық Беріштер арасына қайтарады. Оны Исатайға жеткізген Жәңгірдің тыңшысы Жаппас Түрікменбай деген адам.

Исатай өлгеннен кейін, Несібеліге әменгерлікке талас болғаны рас. Қаракөбеннің күлшынатыны осы кез. Несібелі Қаракөбеннің інісі Құдайбергенге ықылас білдірген. Бұлар Ағатайдың Қауат атты баласынан тарайтын ұрпақ. Несібелі Құдайбергеннен Зәурекей, Шәкей деген екі қыз, Қаражан деген бір ұл табады. Қаражаннан Атырау өңіріне аты мәшһүр белгілі ұстаз Алпан Құдайбергенұлы, одан Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген мұғалім, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер Улит Құдайбергенұлы және Хамит.

Исатай ұрпақтарының кейінгі тағдырын шола келгенде байқайтынымыз: күдіреттің кәрі болмаса, екі аяқты пенденің кәрінен адам ұрпағы құрымайтыны. Исатайдай бәйтеректі құлатқанмен, тамырын қопарып тастай алмады, ілезде жас шыбық қайта көктеп, жапырақ жайып, жайқала өсіпті. Махамбет «Бағаналы терек» толғауында:

*Ханнан қырық туганша,
Қарадан бір-ақ тусайшы.
Артымыздан біздердің,
Ақырып теңдік сұраға—*

деп арман еткеніндей, бұл өулеттен «Ақырып теңдік сұраған» Өтепқали Исатайұлы сияқты халық қамын жеген батыр да туып, ол да тарих бетіне ошпестей ғып атын жазып кетті.

ӨТЕМІСҰЛДАРЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ

Үстіміздегі ғасырдың алғашқы ширегінен бастап Махамбет аруағы қайта тірілді. Ол туралы айтылудан кемшіндік болып жатқан жоқ. Бірақ көп айту бар да, тереңдетіп айту бар, екеуі әсте бір нәрсе емес. Байқағанымыз-Махамбет туралы қанша көп айттық десек те, белгілі жайлардың төңірегінен шиырлап шыға алмаппыз. Махамбет өмірінің

белгісіз, күмөнді тұстары қанша болса, оның аға-інілері, кейінгі ұрпақтары туралы жабылып жүріп жиғанымыз мардымсыз боп шықты. Демек, бұл тарапта іздестіреміз әлі де аз емес.

Ең түсініксіз мәселе – Махамбеттің балалары турасында. Біздің жобалауымызша 1837 жылдың желтоқсан айының соңғы аптасында жырланған акынның «Нарында» атты толғауында:

*Жалғыз ұлым Махмұт
Бекетай құмның ішінде
Жалғыз бір қалған со да бар», –*

деген ғой. Бұл Махамбеттің қай ұлы? Ақын 1835 жылдың аяғында Жәңгірмен ат құйрығын кесісіп Исағайға кеткенде Нұрсұлтан жаңа туған нәресте еді. Ол үй ішін алып кете алмады. Ұлтуған Жәңгірдің бұйрығымен төркініне қай-тарылған, Нұрсұлтан нағашыларында тәрбиеленген. Махамбет олармен 8 жылдан кейін ғана ұшырасты. Махамбет жол тауып келе алмаған әйеліне, Жәңгірден жасқанып қызын «бүлікшіл» күйеуіне жібермеген қайын атасына да ренжіген болса керек. Ел ішінде Махамбет 1836 жылы Дауымшар Байбақты Бір-әлінің қызына үйленді деген әңгімеден шығарып, Махмұт осы қиын-қыстау үргін-сүргін кезінде екінші әйелінен туған сәби деп шамалаймыз. Берхайыр Аманшин ағамыз Махмұттың ерте өліп, соңында екі қыз қалғанын айтады. Сол екі қыздың бірі Нұрбике Адайдың Медет-Мұңал тармағының азаматы Еңсептің Есболайына тұрмысқа шығады. Есболай Нұрбикеден-Байғали (1904 жылы туған, Маңғыстау облысының бір совхозында жылқышы), одан Орақ Байғалиұлы.

Ал тарихи деректерден белгілі Нұрсұлтан 1835 жылы туып, 1902-1903 шамасында өледі. Махамбетті өлтірер алдын-да ол немере ағасы Жәміл Тілемісұлымен Байнақ ауылына кеткен еді. Кейін шешесі Ұлтуған, Типандармен сол Байнақ ауылын сағалап өседі. Нұрсұлтаннан-Сауғабаймомын, шаруа адамы болған. Сауғабай Мырзағали, Шәкір деген балала-рымен 1930 жылдары Орал облысының Тайпак ауданына көшіп, одан Орынбор асады. Содан ел ішіне қайтып орал-майды. Сол тараптағы қазақтар арасында Махамбеттің тікелей ұрпағы болуы әбден мүмкін.

Өтемістің үлкен ұлы Тоқтамыс ерте өліп, одан Салық деген

бала қалады. 12-13 жасынан бастап көтерілісшілерге ілескен Салық аман-есен Жайықтан өтіп, қуғыншылардың қолына түспей кетеді. 40-ші жылдар шамасында өледі. Салықтан — Сұлтануәлі, одан тұқым жоқ.

Өтемісұлдарының Токтамыстан кейінгі үлкені Бекмағамбет. Ол өз ауылының старшыны, мұсылманша өте сауатты болған, көтеріліс кезінде батылдығымен де көзге түсіп, талай қанды жорықтарды басынан өткерген. Тарихшы И. Кенжеәліұлы оны көтерілістің белсенді батырларының қатарында суреттейді. Алайда, ауызша истографияда, Ығыл-ман дастанында және анық-канық архивтік құжатта Исатайд-ың оны бұғаулап тастағанын естен шығаруға болмайды. Демек, оның тарапынан Орданы қамап тұрған көтерілістің шырқау шыңында бір шалағайлық болған. Жәңгір оны жазаға тартпаған, тұтқындалғандардың, сотталғандардың қатарында жоқ. Баймағамбет Ішкі Орданан Жайық сыртына, Қызылқоға жанындағы (7-9 шақырым) байырғы Құлмәлі мекеніне көшіп, Өтеміс ұрпақтарының үйсіз-күйсіз қалғандарын жанына жинайды. Бірақ айналасынан түрткі көріп, жалған жаламен 1841 жылы Орынбор түрмесіне жабылады. Осы кезде Махамбет те теңіз жағалауында қолға түсіп, Орынборға айдалып келген еді. Олардың бір-бірін түрмеде көре алған-алмағаны белгісіз. Баймағамбет Орынбор түрмесінен 1842 жылы босанып шықты.

Бекмағамбет моласы сол Қызылқоға маңындағы құмның жиегінде.

Бекмағамбеттен-Маншо, Шалпар (ерте өлген), Маншодан Сақып. Сақып — тұтығып сөйлейтін пақырлау адам болған. Өмірінің соңына дейін Қарабауда тұрған. Сақыптан — Зейнолла, Файнолла.

Өтемісұлдарының малдысы да, жаңдысы да — Қожахмет. Көтерілістің басты тіректерінің бірі, қайратты, батыр адам. Еңбекте ол туралы біраз таратыла жазылғандықтан қайталап жатудың қажеті шамалы. Ақбұлақ ұрысында 12 шілдеде қолға түсіп, 1838 жылдың 10 қараша күні сот болған. Әскери соттың шешімі бойынша 500 солдат сапынан 2 рет дүреден откіздіріп (100 дүре), 8 жылға Ригаға жер аударған, одан тірі қалса, солдатқа беруге кесілген. Қожахмет ол сапардан оралған жоқ.

Қожахметтен — Мұса, Мерім, Лұқпан, Әкім деген төрт ұл. Мұса, Мерім әменгерлік жолмен алған Сырымның

баласы Жүсіптің Рәзия атты қызынан. Мұса ағаларымен ілесіп, Хорезмге барып, аласапыран кезінде сол жақта болыпты. Кейін елге оралып, дәулетті адам болды деген ауызекі әңгіме бар. Мұсадан — Қоқаш, Қарабала, Жұмағазы, Есенғазы. Қоқаштан — Шынғазы. Жұмағазыдан — Артық-бай, Жарынбай, Есенғазыдан — Илияс, Әмірбай, Әлімбаи. Ал Мерім онша бұтақ жая алмады. бізге оның Мырзағали Мерғали атты екі баласының ғана аты жетті. Мерім, Әкім туралы да нақты дерек жоқ. Қожахмет ұлдарынан желісі үзілмегені Лұқпаннан тарағандары. Лұқпаннан — Жұмат, Жұматтан — Қари, Қарес, Сыдық, Махмұт, Жамиған, Нұрбай. Қаридан — Сипат, Мұхаметжан, Сейіл, Манғыстау облыс Ерәтиев қаласында тұрады, Қаридің Сәліма, Халиша атты қыздары Атырау қаласында. Ал Қарсеттен — Мырза-герей Қызылқоға ауданында. Жамиғаннан — Мұрат, Нұр-байдан — Бағып, Сағып, Мереке, Қоныс. Әкімненде әжептәуір тараған ұрпақ бар. Әкімнен — Жанмырза, Арық, Бейналы, Балтас. Жанмырзадан — Нағи. Арықтан — Аблай, Бейсенбай. Бейналыдан — Сағи.

ЫБРАЙЫМ — ауызға. архив қағаздарына аты жиі іліге бермегенмен, көтеріліске қатысқан. Қарауыл қожа өзінің Жәңгірге берген 1837 жылғы 20-қыркүйектегі рапортын да Исатай мен Махамбет 16 қыркүйекте ауылын шапқанда, жасақ қатарында Досмайыл, Ыбырайым Өтемісұлдарының болғанын атап көрсеткен. Ыбырайымның қашан тұтқынға түскені, сотталған туралы нақты деректі кезіктіре алмадық. Керісінше, 1838 жылы шілде айында оның Калмыково бекінісінің жанындағы Өтемістің ағасы Шыбынтай ауылында жүргенін байқаймыз. Соған карағанда, ол Ішкі Ордадағы көтерілістің аяқ кезінде қолға түспей солай қарай жылыстап кетіп, жан сақтаған. Одан Сұлтануәиіс, Жансұлтан атты екі бала болған. Жансұлтаннан ұрпақ жоқ. Сұлтануәиістен — Құлқайыр. Құлқайырдан — Әмин, Қазым.

ЫСМАЙЫЛ — көтеріліске бастан-аяқ қатысқан, жас жойқын батырлардың бірі. Алғашқылардың бірі боп сотталғанына карағанда, 1837 жылдың қараша айында қолға түскен. Ол 1 дәрежелі қылмыскерлердің қатарына жатқызылған да, 1000 дүре соғылып, 6 жыл Ригада кара жұмысқа одан кейін Сібірге жер аууға кесілген. Эшаппен Симбирскге айдалып бара жатқанда Сорочинская станциясының

түбінде 1838 жылдың шілде айында конвойды ұрып жығып, Ысмайыл Өтемісұлы, Смағұл Қалдыбайұлы және Есәлі Шонайұлы үшеуі қашып кетеді. 1840 жылы қайтадан қолға түскен Есәлі Исмайыл Смағұлмен бірге қашқанын, бірақ ел шетіне жақындағанда бөлек-бөлек кеткендерін айтқан. Ысмайыл ел ішіне татар молдасы болып киініп келген. Арқасынан етіне кірген шыбық жаңқасын суыртып отырады екен.

1838 жылы Ысмайылды Шыбынтай ауылы жасырып отыр екен, деген әңгіме шығып, оларды Орта Жайық дистанциясының басшылары қамауға алады. Ыбырайым Өтемісұлының аты осы дау үстінде белгілі болады. Бірақ Ысмайыл таптырмайды. Бұдан кейін ол туралы хабар-ошар мүлде үзіледі. Ұрпақ қалмаған. Ысмайылдай өжет батырдың ел ішіне келген соң, бұта бұғып жүруі мүмкін емес, көтерілісшілерге қосылып, Ақбұлақта шейіт болуы әбден мүмкін.

СҮЛЕЙМЕН — көтерілістің бел ортасында болып, Жайықтан өткеннен кейінгі қуғында 24 желтоқсанда қолға түсті. Оның да ауыр жазаға кесіліп, Ригаға айдалғаны белгілі. Олар этаппен 12 адам болып Самар қаласына айдалады. 1838 жылы 13 шілдеде Ақкөл деревнясы жанында күзетшілерді ұрып жығып, Сүлеймен Өтемісұлы, Жармұхамбет Тоғайұлы, Жапалақ, Қали Қалдыбайұлдары 8 адам боп қашып кетеді. Сүлеймен Өтемісұлы туралы басқа дерек ұшыраспайды. Ұрпақ жоқ.

ХАСЕН — Махамбеттің жанында болған інісі. Кесек мінез, ірі әрекеттерімен көзге түспегенмен, епті, тындырымды болған. Көлеңкедей жанынан қалмай, күнделікті тірлікте ағасына көп септігін тигізген сол. Хиуаға бірде Махамбетпен бірге, екіншіде жеке өзі барып қайтқан. Махамбеттің өлімінен кейін, 4 қарашада куәгер ретінде берген жауабында: бойдақ-пын, ауылым Дендер тауына жақын Малайсары құдығында деген. Малайсары Қараойдан ат шаптырым жерде. Өзі тақуа, діндарлау болғанға ұқсайды. Шеніне жан жуы-мастай ағасын өлтіргенін көзімен көрген ол мына зұлымдардан аяушылық болмасын сезіп, Махамбетке ара түсе алмаған.

Хасеннен ұрпақ бар: одан-Әбіл, Әбілден-Қабдолла, Қабдырахман, Қайролла, Тауман. Қабдолладан-Әжен, Амангелді, Ислам, Бағыт, Бақыт. Әженнен — Шалқар, Болат. Атырау облысында тұрады.

Қуғын-сүргінді қиын жылдарда ағасының атқосшысы іспетті майлық-сулығына бірдей жараған Хасен ұрпақтары Махамбеттің тікелей мұрагерінің орнын баса алады.

ДОСМАЙЫЛ – Өтеміс ұлдарының ең кенжесі. 1837 жылы 16 қыркүйекте Исатай, Махамбет 200 кісімен қарауыл қожаны күйрете шапқанда, жасақ қатарында Досмайыл да болған. Ол туралы басқа дерек ұшыраспайды. Жайықтың сыртына өткен-өтпегені де белгісіз. Дейтұрғанмен, одан тараған ұрпақ үздік-создық боп, бүгінге дейін жетті. Досмайылдан – Арыстан, Есет, Ершекей, Дабыс. Арыстаннан – Ғаббас, Оразбай, Жарас, Бидәулет, Құлымжан. Ғаббастан – Досболай, Қосбай, Ербақы. Жарастан – Жанай, Есболай, Бөйсеу. Құлымжаннан – Бекбаулы, Есқайыр. Есеттен – Сағынғали. Сағынғалидан – Байсұлтан, Нысан, Тыныс. Олардың бірқатары Атырау облысының Құлсары, Буровиков поселкелерінде тұрады.

Ал Сырымның немересіне үйленген Әйіп балуан жастай өлген, одан ұрпақ қалмаған.

Өтеміспен бірге туған Шыбынтай ауылдары көтеріліске қатыспаған. Дүрбелең кезінде Шыбынтай жасы келген көрі адам еді. Махамбет оларға халықтық іске ат қосуға кеңес беріп сәлем айтты не өзі аяқтай барды деп жобалаудың ақылға шетіндігі жоқ. Бірақ Шыбынтай ұрпақтары арасынан баскөтерер азамат шықпады. Махамбеттің «Арқаның қызыл изені» өлеңі осы жағдайға байланысты шықты деп шамалаймыз.

*Арқаның қызыл изені –
Басы күрдек, түбі арал.
Қыдырып шалар аруана.
Кәрісі кімнің жоқ болса,
Жасы болар дуана.
Бір сынаған жаманды
Екіншілей сынама.
Тіріде сыйласпаған ағайын,
Күм құйылсын көзіңе
Өлгенде маған жылама.*

Шыбынтай әулетінен Жәміл Тілемісұлы (Шыбынтай-Тілеміс-Жәміл) ғана 1845-1846 жылдары Махамбетті

сағалады. Шыбынтай әулетінен тарағандардан аты белгілі Кенжебай Мәденов. Ратушаны алуға қатысқан өл туралы маршал Г. К. Жуков естелік кітабында баян еткен. Осы жолдардың авторы да көзінде лейтенант К. Мәденовтың ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі жөнінде «Маршал мақтаған қазақ» атты көлемді очерк жазғаны бар. Мәденов соғыстан кейін Атырау облысының Ішкі істер бөлімінде жауапты қызмет атқарды. Ағасы Өтеген Мәденов партия-совет қызметкері, Орал облысының Приурал ауданында тұрады, зейнеткер.

КӨТЕРІЛІС САРБАЗДАРЫ

Исатай-Махамбет көтерілісіне 7000-дей сарбаз қатысты. Ол кездегі оlichem бойынша бұл әжептәуір салмақты күш. Исатай-Махамбет тарихына байланысты еңбекте олардың аты аталып, тізімі беріліп жатса, қандай ғанибет. Махамбет «Еске алсаңдар біздерді миң рахмет сіздерге» дегенде осыны айтпап па еді?! Әрине, біздікі аяғы жерге тимейтін арманды қиял екені түсінікті. Дегенмен, жеткізбесе де ұлы мақсатқа ұмтылғанымыз жөн. Бү жолы, Исатайдың жауынгер сарбазларының көтеріліске ұйытқы болған атақты батырлардың қайсыбірінің өмірінен қысқаша болса да мәлімет бере кетпекпіз.

Бұл орайда Ығылман дастанының құлақ күйінде тұста қайта-қайта қайталанып отыратын төменгідей жолдарға назар аудармай болмайды.

*Есенғұл Үбі Таңатар,
Есенгелді, Құсқара,
Есенаман, Шекшекпей,
Балуан Тәни қасында
Алман, Тоғай, ер Сары,
Қожмахмет, Қалдыбай,
Әскердің түсті алдын-ай!*

Осы шағын үзіндіде көтеріліске тірек болған батырлар мен қолбасшылар, жасақ жетекшілері, бірен-сараны болмаса, негізінен түгелге жуық қамтылған. Енді «аламанға

жел беріп, астана жұртты меңгерген» жайсаңдар мен жампоздардың біразына тоқталалық.

I. Үсе Төлегенұлы. Руы — Есенғұл Беріш. Исатаймен 1835 жылдың күзінде тізе қосқан алғашқы 5 старшынның бірі. Ұзын бойлы, қара буырыл сақал-мұртты, ат жақты, орақ мұрын өдемі адам. Мінезі шапшаң, шытырлау. Атасы Отарбай Сырым қозғалысына ат қосқан. «Өт жирен атты Отарбай делінетін әйгілі батыр — осы Үсеннің атасы. Ал өз әкесі Төлеген момын адамы болған. Үсе де, ұлы Үбі де Жәңгір ханға қарсы оппозицияда болып, 1827, 1829-жылғы Қайыпқали бастаған қозғалысқа қатысты. Әлде 1827, әлде 1829 жылы Жайықтың Бұхар бетіне қайта өткен. Сарыкөлдегі қайын жұртына кетіп бара жатып Қамшақтың сорына төрт үйір жылқысын батырып, кедейленіп қалады. 1832-33 жылдары Ішкі Ордаға қайталан көшіп, теңіз жағалауы Манаштан Исатайдың көмегімен қоныс алған. Көтеріліске бастан-аяқ белсене қатысты. Исатайдың хаттары мен жоғарыға жолдаған шағымдарының бәрінде Үсе Төлегенұлының қолы мен мөрі бар. Жәңгір, Қарауыл қожа арыздарында оның есімі Исатай, Махамбеттерден кейін үнемі аталып отырған.

Ішкі Ордадағы көтерілістің қайыспас қара нары болған Үсе батыр 1837 жылғы желтоқсандағы сүргін сұрапылында қуғыншыларды Исатай ізінен аландату үшін теңіз жағалауына кетеді. Сол жақта желтоқсан айының басында /7-желтоқсаннан бұрын/ Қарауыл қожаның қолына түсті. Ол Орал қаласында әскери соттың үкімімен жасының ұлғайғанына қарамастан I — дәрежелі қылмыскер деп есептеліп, 1000 дүреден кейін Сібірге жер аударылды. Үсе ол қайтпас сапардан оралған жоқ. Үсенің Әуес Төлегенұлы атты старшын інісі де көтерілісті жақтады. 1836 жылғы 14 шілдедегі 8 старшынның шағымында оның да қолы бар.

Үбі Үсеұлы — көтерілістің аты шулы, атақты батыры, Үсенің көздің қарашығындай жалғыз ұлы. Төрт-бес жасынан бастап, қасынан қалдырмай, бірге ілестіріп жүрген. Жас шамасы — Исатайдан бір ит-көйлек бұрын тоздырған ағалығы бар. 1829 жылғы толқуда Ордаға тым жақындаймын деп, Жәңгірдің күзетші казак-орыстарының қолына түседі. Шектен шыққан жүтенсіз жас батырдың өжеттігіне қырсығып, казак-орыстар оның маңдайына қыздырып крест таңба басқан. Толқуға қатысқан 10 адаммен Финляндияға жер ауған. Бірақ жазасын өтемей, ел ішіне қашып келген.

Үбі Жайықтың сыртына өтіп, Ақбұлақ жорығын дайындауда үлкен белсенділік көрсетті. Сол тұстағы тыңшылардың ақпары, патша үкіметінің қатынас қағаздарында Исатай, Махамбеттен кейін Үбінің есімі түскен. Ол Ақбұлақ соғысының қырғын топалаңында болып, аман шықты. Кейінгі кездің жазбаларында Үбі Ақбұлақта қолға түсіп, Сібірге жер ауды, делінеді. Бірақ Үбінің қолға түскені, Сібірге жер ауғаны туралы ресми ақпар жоқ. Асылы, бұл қате тұжырым. Қолға түспей, патша үкіметінің жазасынан құтылғандардың бірі осы – Үбі. Оның бейтпі Қараойдан терістікке қарай Дендер тауының сілемдерінде жатыр. Үбінің үрім-бұтағы Орал облысының «Тайпақ ауданында деп естиміз. Ал Атырау облысының Махамбет ауданында Үбінің жиені Қабиболла Жұбанұлы тұрады.

Таңатар Етекбайұлы – Үбінің жасағында болған жас батыр. Руы-Есенғұл Беріштің Көккүміс тармағы. 22 қараша 1837 жылы Елекен моласы жанында Исатай, Махамбеттерге қауіп төнгенде Истомин отрядының шолғыншысы Бейіс Құрманкүлұлын найзамен жарып өлтіретін-осы Таңатар. Исатай мен Махамбетке қалқан болғанмен, сол күнгі қуғында аты мертiгiп, өзі де қолға түсті. Оның сотталғаны туралы дерек жоқ. Асылы, ашынған қуғыншылар оны сол бойда өлтіріп жіберсе керек.

2. Қалдыбай Қосаяқұлы және ұлдары Иманбай, Смағұл, Қабыланбай, Жапалақ, Қали Қалдыбай ұлдары. Рулары – Ысық, Қараораз атасы. Ата қоныстары Нарындағы Толыбай Исатайдың қайын жұрты. Қалдыбайды замандастары «қызыл көз» деп атаған, сөзге келгенмен жағаласпай тынбайтын көзсіз батыр болған. Ысықтар Исатайларға 1836 жылдың көктемiмен қосылған. Олардан көтерілісшілер қосына жасағымен алғаш келген Қалдыбайдың старшын ұлы. Ысықтың Айдар бөлімінің старшыны Иманбай Қалдыбайұлы. Кешікпей старшынның өзі мал-жан, қарулы жасағымен көтерілісшілерге қосылды.

Қалдыбай мен оның ұлдары 1836 жылдың ортасынан бастап, Ішкі Ордадағы көтеріліс жеңілгенге дейінгі барлық елеулі оқиғалар мен жорықтардың бел ортасында болды. Балқы, Төлеген Тыныштықұлы сияқты хан жақтаушыларды ойсырата шапты. Олар 1837 жылы 26 қыркүйекте ағайындары Ораз руының хан жақтаушы байы Бекей Андақожан-

ұлы ауылын шауып, 125 жылқы, 8 түйе, үй-іші жиһаздарын тартып алды. Қабыланбай Исатайдың арнайы тапсырмасын Қамыс-самар төңірегіндегі сұлтандар ауылының шаңын аспанға қақты, қуаты жөнінен Ішкі Ордада Қабыланбайға қарсы келетін жан баласы болмаған.

1837 жылғы 15 қарашадағы Тастөбе соғысынан кейінгі қуғында Сұмағұл Қалдыбайұлы қолға түсті. Ал 22 қарашадағы Елекен моласынан Қарақұддыққа дейінгі 20 шақырымдық сүргінде Қалдыбай оққа ұшты. Сол күнгі Истомин ақпарында Қалдыбайдың ұлы Жапалақ та өлді делінген еді, бірақ ол өлмеген, ауыр жараланған боп шықты. Осы шамада Қалдыбайдың тағы бір ұлы Қали тұтқындалды. Қарашаның ең соңғы күндерінде Тастөбе маңында Трофимов отряды Қабыланды қолға түсірді. Оның жойқын күші мен көзсіз батырлығын жау болса да Геке ерекше сүйсініп жазған. «Бұл жерде темір жоқ, ал арқан Қабыланбай үшін түк те еместігін ескеріп, өздеріңнен қатынас қағаз жеткізген 10 адамға хорунжий Ереміннің 28 адамын қосып беріп, 8 желтоқсанда оны Орал каласына жөнелтеміз» деген Геке. Қалдыбайдың төрт ұлы Сымағұл, Қабыланбай, Жапалақ, Қали әскери сотқа тартылып, 1000 дүре соғылған айуандық ауыр жазадан кейін, жер аударды. Сымағұл 1838 жылы шілде айында Симбирскке айдалып бара жатып, Бузулук уезінің Сорочинская станциясы жанында, ал Жапалақ пен Қали Самар каласына беттегенде Ақкөл деревнясының жанында күзетті ұрып жығып, қашып құтылды. Олардың қайта қолға түскен-түспегені, қайда барып паналағандары туралы дерек жоқ.

Қалдыбайұлдарынан Жайықтың Бұхар бетіне өткені Иманбай. Ол осы беттегі Қараораз Ысық ауылдарын паналап, олардың көтеріліске қосылуына мұрындық болды. Ал Қабыланбайға 1500 шыбық соғылып, жазасын Сібір каторгаларының бірінде өтеуге үкім етілді. Содан оралған жоқ.

3. Тінғали Тайсойғанұлы. Барлық құжаттарда 4 ағайынды Тайсойғанұлдары деп көрсетілгенмен, Тінғали мен Қамбардан басқасының аты белгісіз. Исатаймен 1835 жылдың күзінен-ақ тізе қосқан. Олардың рулары туралы өркілы пікір бар. Берхайыр Аманшин Кеңшалбар Адай деп көрсеткен. Тінғали Айбас Беріш старшыны Төлеген Тыныштықұлының

дәргейінде болған. Ал оның қарамағында Айбас, Шұбар, Басқасқа Беріштер мен Адайлар да бар еді. Бірақ ешқандай құжатта руы Адай деп анық-қанық көрсетілмегендіктен, көтерілісшілердің әп дегендегі ұясы Беріштер болғандықтан, оларды Беріш нәсілінен деп білеміз.

Тінғали саусағынан балтамған зергер, көтерілісті ұйымдастырушы, оның саяси жетекшілірінің бірі. Кейін жасақтарды қару-жарақпен қамтамасыз ету үшін, көшпелі ұстахана жасап, қылыш, найза, мылтық соққан. Көктатырдың күкіртінен дәрі өндірген. Олар ағайынды төртеу боп, түгелдей Жайықтан өтті. Қарақұмда Кетенің Жапалдақ ұстасымен бірігіп, әскер жабдығымен шұғылданады. Тінғали Ақбұлақта жазым болған шығар деп ойлаймыз. Олардың ұрпақтары туралы ұшты-күйлі хабар жоқ.

4. Тоғай Бегәліұлы. Тайманның туған інісі. Аңқылдақ, қарапайым жан болған. Оның ұлдары — Әлмен, Бәймен, Аймұхамбет, Жұмағали. 1837 жылы 24 желтоқсанда зерттеушілер қолға түскендердің қатарында Жармұхамбет десе, Баймағамбет Айшуақұлының рапортында Аймұхамбет деп көрсетілген. Сол себепті Аймұхамбет — Жармұхамбет бір адам, дұрысы — Аймұхамбет.

Тоғай Қарауыл қожамен соғыста 14 қыркүйекте қаза тапқан Исатай хаттатыран Әлменнің саяси істерге араласып, жауапты шаруалар тындырғанын байқаймыз. Әлмен, Бәймен, Жұмағали, Аймұхамбет есімдері көтеріліс тұсындағы құжаттарда әредік ауызға ілігіп отырады. Жұмағалидың жазалаушылардың қолына түскен-түспегені белгісіз, ал Бәйменмен Аймұхамбет сот үкімімен дүреленіп жер ауған. 1838-жылы 13 шілдеде Самарға этаппен айдалып бара жатып, Асқұм жанында күзетті ұрып жығып, қашып кететіндер арасында Аймұхамбет те бар. Бірақ одан кейінгі тағдыры белгісіз.

Тоғай ұлдарының арасында жасы үлкені де, айырықша батыры да Әлмен. Ол Ақбұлақ соғысынан аман шығып, қуғыншылардың қолына түспей, ұстатпай кеткен. Біраз жыл Бесқала жағында жасырынып жүрген. Оның шешесі Ойыл бойындағы Кетенің Орай деген ықпалды адамының қызы еді. Өзі де осы ауылдан қалың алды. Ішкі Ордадан

қашып төркінің паналаған әйелі мен екі баласын Бескала жаққа көшіріп, әкетеді. Бірақ ол тарапта онша жағдайы болмаған соң, базаршылармен әйелін екі баласын елге жөнелтіп жіберіп, өзі кейін жасырын келеді. Қайын атасы алдына мал салып, қоныс бөліп береді. Ол қонысы Алтықыстау аталған. Әлменнен-Қапаш, Қапаштан Сұлтан деген балалар болған. Осы Сұлтанның кемпірі Аққұба әже 100-ден асып, беріде дүние салады. Сұлтаннан-Әсмкер, Отан соғысының ардагері, дербес зейнеткер осыдан 7-8 жыл бұрын қайтыс болды. Аққұба әжейдің екінші ұлының есімі Жаңбыршы. Одан тараған ұл-қыздар Ақтөбе қаласында тұрады.

5. Есенгелді Жанғабыұлы. Ағатай, Шағатай, Есіркеп ағайынды болғанда, Есіркептен – Жанғабыл, Жанғабылдан – Қаржау. Есенгелді осы Қаржаудың баласы. Руы – Жайық Беріш. Исатайдың оққағары. Көтеріліс тарихында ол туралы біраз әңгіме болғандықтан, қайталап жатпаймыз. Ақбұлақ соғысында қазаға ұшарады. Батырдың жалғыз ұлы Байбосын Есенгелдіұлы 1837 жылы 24 желтоқсанда Баймағабетке тұтқын болды да сотталып, жер ауған соң, із-түзсіз кетті. Байбосыннан Болдық деген жалғыз қыз қалған. Үлкендер кейін әкелері айрылмас дос еді деп, Исатайдың ұлы Әлфиар мен Есенгелдіден қалған жалғыз көз-Болдықты қосып, үй қылды. Ол екеуінің некесінен Дина әжей туды.

6. Тәни Түменұлы, болмаса Тәни балуан. Руы – Жайық Беріш, Жарылғас. Тәни көтерілісшіл старшындардың қастасы Төлеген Тыныштықұлына Жайық Беріш, Айбас қарсы бас көтеріп, Балқы Құдайберген Жаңбыршы Беріш соңына ерген «Құмдағы бес Беріштің» қатарын сетінетуге үлкен септігін тигізді. Ырсалы жасағында болып, қарсыластарына күйрете соққы берген бас батыр. Манызды жорықтардың бәріне қатысып, көтерілісшілердің мерейін үстем қылды. 1837 жылы қараша айының соңында шолғында жүріп қолға түсіп, әскери сот оны І-дәрежелі қылмыстылар қатарына жатқызып, 1000 дүре соқтырып, Ригаға 5 жылға қара жұмысқа, одан кейін Сібірге жер аударуға кесті. Ол 20 жолдасымен Саратов губерниясына этаппен айдалып бара жатып, күзетшілерді ұрып-жығып, қашып кетті. Бірақ 1843

жылы Жайықтың Бұхар бетінде қайтадан ұсталып, содан із-түзсіз елге орал-мады. 1841 жылы 7 наурызда Дуанбасы деген жерде Махамбет ұсталғанда, оның жанында Тәни деген адам болғаны, бірақ түн жамылып қолға түспей кеткені белгілі оның басқа емес, Тәни Түменұлы болуы ғажап емес.

7. Есенаман Боранбайұлы. Руы — Жайық Беріш, батырдың әрі аталас, әрі ауылдас ағайыны. 1782 жылы туған. 1824 жылы Исатаймен бірге әуелі Орал, Кейін Орынбордың Ордонас-гауз түрмесінде отырады. Яки батырға бала күннен бас-көз тумаласы. Исатайдың жеке жасағанын жау түсіргіш батырларының бірі. Тастөбе соғысынан кейін аты аталмағанына қарағанда, сол шайқаста қаза тапқан.

8. Құсқара Сартұлы. Есіркептен Жаңғабұл, Сарт болғанда, Сарттан-Үрлік. Құсқара осы Сарттың немересі, Үрліктің баласы. Руы Жайық Беріш. Шешесінің аты — Қызғалдақ, қалмақ қызы. Қызғалдақ ұлының жанында болып, көтеріліс тауқыметін бастан өткерген тілді, бетті әйел болған. Құсқара Исатай жасағының жас батырларының бірі. Жайықтың Бұхар бетіне өтіп, Ақбұлақтың соғысында оққа ұшты.

9. Ырсалы Кәсіпұлы. Руы — Жайық Беріш, Жарылғас атасы. Махамбет толғауында, Ығылман дастанында Ер Сары деп көрсетілген, қайсы-бір зерттеушілер оның нақты ізіне түсе алмаған соң, Исатайдың жас күнінен жанына ерген жолдасы деп түсіндірген. Ал шындығында Ырсалы, Есәлі, Сатыбалды, Байдәулет деген 4 ағайынды жігіт. Көтерілісшілерді жақтадың деп, Балқы би, старшындар Төлеген, Айғанилар жиналып келіп, 1837 жылы 21-тамызда ауылдарын ондырмай шауып, адамдарын жарақат еткен. Исатай мен Жәңгір арасында бітім бола ма деп үміттеніп жүрген Орал казак-орыс әскерінің атаманы Покатилов бұл оқиғаны естігенді, «енді бітім болмайды» деген.

Ырсалы 1837 жылы 15 қараша күнгі Тастөбе соғысында оққа ұшты.

10. Сарт Еділұлы. Руы — Қарағұл Жаппас. Көтерілісшілерге 1836 жылдың ортасында қосылды. 1836 жылы 14 шілдедегі Исатай шағымында Жаппастың Қарағұл атасының старшыны Әлжан Тұрманбетұлының қолы мен мөрі бар. Сарт пен Әлжан ағайынды адамдар. Сарттың Исатай қосынан табылуы — көтерілісшілерге үлкен демеу болды. Міне, осы кезден бастап старшын Сарт Еділұлы халық қозғалысының жетекшілерінің біріне айналды.

4-қазан 1837 жылы Орал казак-орыс атаманы Покатилов экспедициясына Тауасарға жасағымен қарсы келетін де осы Сарт Еділұлы.

24-қараша 1837 жылы подполковник Меркульев отряды Қосықты деген жерде Жайыққа беттеп бара жатқан оның ауылын тұтқындады.

Сарт, Ысық Қалдыбай, Байбақты Өтеміс Қошқарұлы ауылдары бірге көшіп, барады екен. 60 киіз үй, 70 әйел, 320 түйе, 800 сиыр, 2000 қой қолға түсті. Көштен 12 еркек – Сарт, Өтеміс, Қалдыбай және олардың ересек балалары қашып құтылып, Исатай көшіне барып қосылады.

Сарттың ұлдары: Шөкім, Көшім, Ерше, Нұрша, Ырғи, Нұрғи, Бегім, Бекет. 22 қарашалағы Елекен моласы түбіндегі қуғында Ерше Сартұлы өлді деп көрсетілген. Бірақ Ерше 14 желтоқсанда Жайықтың бергі Бұхар бетінде қолға түскені мәлім. Өлген Шөкім Сартұлы болса керек. Жайықтың Бұхар бетіне Сарттың өзімен бірге Ерше, Нұрша, Бегім, Бекет деген ұлдары да өтті. Нұрша Баймағамбеттің қолына түсті. Олар әскери сотқа берілген жоқ. Сарт Жем бойында көтерілісті дайындау ісіне белсене араласты. Осы тұстарға қатысты ресми құжаттарда оның есімі аталады. Сарт Еділұлы Ақбұлақ шайқасында қаза тапты.

1840 жылдар шамасында оның екі ұлының Ішкі Ордада жоқшылықта күн кешіп жүргені айтылған.

11. Көтерілістің батырларын санамалаған өлең шумағында Шекшекей аты аталады. Бірақ көтеріліс құжаттарындағы жүздеген есімдер арасында мұндай адам кездеспейді. Бірақ ел іші Шекшекейді білген, қадірлеген. Мұрат Моңкеұлы.

*Шекшекей Құтым қашып, Әбенді ұстап,
Ерлерге ерегескен не қылмады?
Бір қазақ еркек болса Махамбеттей,
Мұны да аңсыз күні жазымдады,*

деп жырлаған. Бұдан аңғарғанымыз – Ішкі Ордада оранға атқосқан ерлердің көпшілігі Жайықтың Бұхар бетіне қашса, Шекшекей Құтымға, – Астраханға қашқан. Демек, оның Жайықтың бергі бетге ат басын тіреп түсер ағайыны болмағаны. Ығылман дастанындағы ел аузындағы Шекшекей батыр – басқа ағайындары хан жақтап жатқанда Исатайға кеп қосылатын Төлеңгіт Шеменбай Досайұлы ма деп шамалаймыз.

12. Досақан Жәнібекұлы. Руы Тәуке Адай Исатайға қол берген старшындардың бірі, ағайындары көтерілісшілерге жібермеу үшін, қамап ұстаған. Бірақ жайлауға көшісімен 1836 жылы көктемде көтерілісшілер қосынан бір-ақ шықты. Хан жақтаған Адайлардың бірлігін шайқалтуға көп септігін тигізді. Інісі Кебен Жәнібекұлы Тәзіке Адай руының старшыны болған. Екеуі де көтерілістің қырғын шайқастарының бел ортасынан табылды. Кебен Тастөбе соғысында оққа ұшты да, Досақан тұтқынға түсті.

Досақан Жәнібекұлы I дәрежелі қылмыскер статьясымен алғашқылардың бірі боп сотталды. Оны 1000 дүре соғып, жер аударды. Құрал Тоқмырзиннің мақаласына қарағанда ол айдаудан аман-есен оралған. Ойыл бойындағы атақты Кете Орай асқақалдың қызына үйленген. Мақала авторы Досақаннан тараған ұрпақ деп Отан соғысының ардагері, партия-совет қызметкері Бақытжан Ерғалиев, Темір ауданында жауапты қызметтерде болған Шүрең Жақсығалиев, Рысқабі Ерғалиевтерді атайды.

13. Сәрсенбі Есенбайұлы. Руы — Қызылғұрт, Ерші атасы. Көтерілісшілердің шоғырланған орталықтарының бірі Тастөбе десек, Жиделі содан 15-18 шақырым шамасы. Жиделі — Қызылғұрттардың ата қонысы. Қызылғұрттың билеушісі сұлтан Көшекқали Сығайұлы би әйгілі Бекпембет бидің /Мақаш-правительдің атасы/ құдасы, Шолтырдың қайын атасы Жұбаньши Айтуғанұлы. Олар Қызылғұрттарды көтерілісшілерге жібермеуге қанша күш салғанмен, қызыл-ғұрттар Исатай соңында кетті. Оларды ереуілшелерге бастап, барып қосқан Сәрсенбі Есенбайұлы. Оның көтеріліс қиқуына үн қосқан Еділбай, Бердікүл, Нұргүл, Бура, Дауыл деген балаларының да айтары белгілі.

Қызылғұрттың Құттымбет атасынан Алдияр, Еселі Шоңайұлдары, Шолақ Ерші атасынан Одар, Күзембай, Тортайұлдары, Ерғұлы атасынан Ескенбай Таңатарұлы, Ескене Байтенұлы, Мұстафа Темірбекұлдары сабылыстың бел ортасында болған. Қызылғұрт жасағы 28-қарша 1837 жылы 23 адам боп қолға түсті. I желтоқсанда Геке олардың II-ін Орал қаласына жөнелтті.

Қызылғұрт тайпасынан ұсталып, жаза тартқандар: Сәрсенбі Есенбайұлы, Еділбай және Еселі Шоңайұлы. Әкелі-балалы Сәрсенбі мен Еділбай 1000 дүреден кейін, солдатқа берілді. Олардың кейінгі тағдырынан мәлімет жоқ. Ал Еселі Шоқайұлы

Симбирскге айдалып, бара жатып, Бузлук уезі Сорочинская станциясының жанында күзетті ұрып жығып, қашып кетті. Бірақ 1840 жылы қайта ұсталды.

Көтерілшілерге септігі мол сарбаздардың бірі Қызылғұрттың белді адамдары Сәба Қызылғұрт, Шошақ Құлтуғанұлы. Ол — Исатайдың барлаушысы. Оны Жәңгір ізіне түсіп жүріп, патша әкімшілігіне ұстап беріп, Прибалтикаға жер аудартты. Ол жазасын өтеп, елге аман оралды.

14. Көшетер Құдайбекұлы. Руы — Алаша. Көшетер бастаған Алашалар Исатайдың дүмпуімен атқа коньп, қараша айының басында Қамыс-самар төңірегін бөрі тигендей шулатты. Олар өзгелерден көп бұрын 5 қарашада Ішкі Шептің войсковой старшинасы Логинов жасағының қапыда қармағына ілікті. 9 адам тұтқын болды: Көшетер Құдайбекұлы, Бұрбай Қүресұлы, Төлебай Биғалиұлы, Есмәмбет Алдабергенұлы, Досай Избасарұлы, Шаната Түгісұлы, Избасар Жантекұлы, Байтұрсын, Байтөра Қалдырұлдары. Бұлардың арасында сотталған Көшетер — 1000 дүре соғылып, солдатқа берілді.

15. Құдайберген Елемісұлы — «Көнсадақты» Құдайберген батыр Руы — Ақ Кете, Айдар бөлімі. Жайықтың Бұхар бетіндегі көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі. 1838 жылдық қысында қуғыншылар ізіне шам алып түскенде, Исатайға пана болып, Тайсойғандағы ауылында қыстатқан. Әмірен, Әумин, Алдамбай, Періште, Шора атты батыр ұлдары болған. Исатай Ақбұлаққа жасанып барғанда әскерінің бір бөлігі осы кете Құдайберген батырдың жасағы еді. Олар қырылғаны қырылғанмен, аянбай соғысты. Құдайбергеннің өзі қолға түсіп, тұтқын болды. Әскери сот жасы 70-тен асып, 80-ге таянған батырға дүре салмағанмен, Сібірге жер аууға кесті. Бірақ жер аууға жарамай, түрмеде жантәсілім етті.

Батырдың басқа ұлдарынан дерек болмағанмен, Алдамбайдан із бар. Алдамбайдан — Шағырай, Шағырайдан — Ұлықпан, Ұлықпаннан — Отан соғысы және еңбек ардагері Шағырбаев Тұрғали Ұлықпанұлы. Жасы 80-ге таянған ақсақал Ақтөбе облысы, Алға ауданының «Қарабұлақ» совхозында тұрады. Тұрғали қариядан ұрпақ бар. Құспандияр, Мақпал, Шадияр, Мұқатай, Нарзангүл, Жұмагүл бәрі де бір-бір шаңырақ иелері.

16. **Жүсіп Құланұлы.** Әлімнің Назар тайпасының ықпалды биі. Баймағамбет қуғыны кезінде Исатай мен Махамбет бөлініп қалып, Тінғали Тайсойғанұлы, Сарт Еділұлы бастаған 15 көтерілісші Жемнен асып, Назар ауылдарының жерін басқанда, Жүсіп Құланұлы тарығып келген ерлерге қамқор болған. Күтушілер қойып, сойыс бөліп, бастарына үй тіккен. Өзінің қарамағындағы билер Ерсары Тәңірбергенұлы мен Бибатша Қидайұлына оларды бағып, күтуді тапсырған. Көтерілісшілердің кемдік көрмей қыстап шыққаны белгілі. Жүсіп Құланұлы Исатайға Үшбөкенбайда 500 қол жиып берген.

Түпнұсқа құжаттардан білетініміз оның ағасы би Медет Құланұлы мен баласы Шымбай Жүсіпұлы. Олардан ұрпақ болуы әбден мүмкін.

17. **Исатай Махамбет** қозғалысына атсалысқан есімдері мен істері еңбегіміздің әр түсында аталған көтеріліс қаһармандары өз емес. Олар: старшын **Өтеміс Қошқарұлы** /Олжаорыс Байбақты/, старшын **Әлжан Тұрманбетұлы** /Қарағұл Жаппас/, старшын **Есмұхамбет Жантумаұлы** /Есен Беріш/, старшын **Сәмәмбет Жантумаұлы** /Есен Беріш/, старшын **Тілеулі Айжарықұлы** /Бесқасқа Беріш/, старшын **Күзембай Байғөзыұлы** /Бесқасқа Беріш/, старшын **Дәуіт Ермекұлы** /Жайық Беріш/, старшын **Есболай Өтетайұлы** /Жайық Беріш, Жарылғас/, старшын **Ибақты Дықмамбетұлы** / старшын **Достан Сарыұлы** /Ысық/ **Кенжеәлі Балықұлы** /Қаракемпір Шеркеш/, старшын **Қаратоғай Мәмбетұлы** /, старшын **Наурыз /Таз/**

Сондай-ақ аттары хатқа түскен көтеріліс сарбаздарын да атай кеткен жөн деп білдік. Олар: **Рахмет Әбдікәрімұлы** /Жайық Беріш/, **Атантай Тоқанұлы** /Есен Беріш/, **Ұмбай Жанқожаұлы** /Жайық Беріш/ – батырдың хан ордаға сес көрсету жорығына қатысқан сарбаздар, **Аманқұт, Жаманқұт Бәтиұлдары** /Адай/ – старшын **Бисенбай Алтынбайұлы** ауылын шапқан, **Сырым Байсалұлы** /Есен Беріш/, **Ақжол Байғұлұлы** /Жайық Беріш/ **Есмұхамбет Токшаұлы** /Жайық Беріш/, **Өтеғали Бикөсұлы** /Жайық Беріш/, **Асанбек Қойсарыұлы** /Жайық Беріш, Тұрымтай / /Дәуіт Қожаназарұлы/ /, **Жолдыбай Айсарыұлы** /Жайық Беріш, **Жарылғас**, **Тас Есенбайұлы** /Ж-Б, **Жарылғас, Таңғыт Айсарыұлы** /Ж-Б **Жарылғас**/, **Нарынбай Шорманұлы** /Ж-Б., **Жарылғас/**

Матай Құсанұлы /Ж-Б, Жарылғас, Жайық Маймақұлы /
Ж-Б, Жарлығас/, Ауыт Егізбайұлы /Ж-Б, Жарылғас/
Құлтай Тотабайұлы /Ж-Б, Жарылғас/, Токтарбай Есенгүл-
ұлы /Ж-Б, Жарылғас/, Жантемір Мырзаұлы /Ж-Б, Жарыл-
ғас/, Жапар Айпанұлы /Ж-б, Жарылғас/, Есәлі, Сатыбалды,
Байдәулет Кәсіпұлдары /Ж-Б, Жарылғас/, Үдербай Бейсеу-
ұлы /Жаппас/, Қозыбай Есқараұлы, /Жайық Беріш/,
Мұсабай Қарақұлұлы / Қаратоқай Беріш/, Тасқынбай
Жұбанұлы /Есен Беріш/, Байназар Аяпұлы //, Сапак
Бодайұлы, /Есенгүл Беріш, Көккүміс/, Байбосын Есе-
нгелдіұлы /Жайық Беріш/, Қарагүл Бабақұлы /Қаратоқай
Беріш/, Төлеміс Бақсы /Ысық, Қыдырғұл/, Құсан
Құлақұлы /Байбақты, Құлшық/, Елеміс Барбыұлы /Бай-
бақты, Бұғанай/, Көбек, Алғаұлы /Байбақты, Олжаорыс/,
Айтқұл Жанболатұлы /Байбақты, Дәуімшар/, Жәлім Тү-
менұлы /Қызылғұрт, Соба/, Жанназар Қасымұлы /Ноғай-
казак, Қостамғалы/, Мәстек Ахметұлы / Ноғай -казак,
Қазан-құлақ/, Құлсейіт Асанұлы /Ноғай-казак, Қояс/
, Айтас Күселұлы /Тана, Қалмақан/, Қанай Қосымбайұлы/
, Зиян-бай Байболұлы //, Акмырза Жүсіпұлы // Текеш,
Дат Тілек-ғұлы /Қаратоқай Беріш/, Ажыбай Қадырұлы/
Алаша, Бара-мық/, Ботбай Құшақұлы /Қаратоқай Беріш/
, Бапай Сарыұлы /Есен Беріш/, Бангүрік Қаржауұлы /
Алаша, Барамық/, Төлеген Сәрекенұлы /Ж-Б Тұрымтай/,
Аппаз Қошайұлы /Ноғай-казак/, Баймұрат Әбдікөрімұлы
/Ж-Б, Ағатай/, Кішібай, Нұрбай, Қадірбай, Өрісбайұлдары
/Ж-Б, Ағатай/, Нарынбай, Сығыр Кішібайұлдары /Ж-Б,
Ағатай/, Жаңабай, Алтынбай Рахметұлдары /Ж-Б, Ағатай/
, Құдайберген, Шоқа Қыстаубайұлдары /Ж-Б, Ағатай/,
Амантай, Атантай Көбекұлдары /Сарыкүшік Масқар/,
Айтмағамбет Өтегенұлы /Табын/, Рахмет Бекұлы /Кердері/
, Еркінәлі Сағындықұлы /Алаша/, Наурызалы Қаржауұлы
/Тама/, Оразғали Сар-манұлы /Бесқасқа Беріш/, Сарт
Ерәліұлы / Қаратоқай Беріш/ Жанұзақ Адырбекұлы /
Шеркеш/, Нәдер Қашқынұлы/, Үргенішбайұлы /Ысық/,
Айдабекұлы /Ысық/, Бұлабекұлы /Ысық/, Шернияз
Жарылғасұлы /Ақ Кете, Айдар /, Дүйсекеш ақын /Ақ Кете,
Айдар бөлімі/, Жұмырбай, Мәмбетұлы /Алаша, Қарабура/
, Әрен Шотұлы//, Токпан батыр /Алаша, Қарабура/, //

Байтілеуұлы Шынай батыр// Бұртақ Торғайұлы /Қараораз Ысық/ Самырат Қабдыкерімұлы/ Тізбай Қабдікерімұлы/ Күмісбай Рахметұлы /Жайық Беріш/.

Бұл әр кезде, әт түрлі жағдайларда құжаттарға аты іліккен көтеріліс сарбаздары. Оларды тізіп отырғанда білетін ағайын тумалары табылып, көтерілістің көмескі тұстарына жарық түсіретін соны деректер табыла ма деген үміт.

ЖӘҢГІРДІҢ КҮЙРЕУІ

Соңғы жылдары Жәңгір хан қысымы көтерілетін дертке шалдықты. Білмеген біреулер 20 жыл хан болып қаздай қалқып, қудай жайқады дейді, әй қайдам, ел тізгінін ұстау оңайға түспеді. Қазақ бұрынғы қазақ емес, мүлде өзгеріп кетті: ханнан именуі, үлкеннен қаймығу, сөзге тоқтау жайына қалды, айғайшыл, ашушаң, күдікшіл мінез тапты. «Бұл шұнақ орысқа қай күні сатып жібереді» – деп іргеңнен сығалап отырғаны. Сыртынан «шоқыншық дейтін де көрінеді. Бас пайдасын білмейтін, түйедей теріс шаптырған мұндай халықты көрсе көзі шықсын. Болмашы жаңа бастаманың өзін бір жайлы қылғанша киіз қазықты жерге қаққандай болдырады. Бұған «баяғы ата-бабаның жолымен жүр, ежелгі «Жеті жарғының» үлгісімен басқар» дейді, оның келмеске кеткенімен – заманның шырқ айналып басы аяғына келгенімен шаруасы жоқ. Осыны ұқтырам деп біреуге тілі тиді, біреуге таяғы батты. Әйтеуір дұшпандарына дес бермей, абырой болғанда жеңіп шықты. 1840 жылы патша ағзамның мейірімі түсіп, бұған генерал-майор шенін, дворян атағын беріп, I дәрежелі қасиетті Анна орденін кеудесіне тақты, оқалы шапан жауып, беліне «Ерлігі үшін» деген арнайы қылыш байлауы – Ішкі Орданы қанға батырды, шаруасын күйзелтті деген байбаламшылардың ауызына күм кұйды.

Еділ-Жайық арасына Орда тігіп, хандық күрдык деп, бөркі қазандай болғанмен, «саптыаяққа ас кұйып, сабынан қарауыл қараған» ақ патша адымын аштырар емес. Орынбор басында, патша сарайы төңірегінде хандыққа қарсы күштер итжығыс түсіп жүр. Неше жыл атысып-шабысып хан деген

піленің қазақ даласында көзін құртқанда, қайтадан хандыққа жол беру — таза ақымақтық деп ашықтан-ашық айтып, өштесіп жүргендер жетерлік. Сондайлардың сөзіне ерген Сенат 1837 жылы 15-қаңтарда шектен шыққан шешім қабылдады. «Хан құны 30 сомнан аспайтын даулы істерді ғана қарасын, басқасын түгел орыс әкімшілігінің сотына берсін деп. Бұл хандықты «куыршаққа» айналдыру еді. Бір жағынан Исатаймен жағаласып жүріп, ұзақ жаз бойы аяғынан таусылып, осы өрескелдіктің бетін азар қайтарды емес пе? Оны кім біліп, кім бағалап жатыр.

Одан бері де хандықты жойып, уақытша кеңес дегенді құруға жанталасқандар қаншама! Оның бәрімен аяқтай жүріп арпалысу онай боп па — Оның үстіне Исатай, Махамбет сілкілесі де сілікпесін шығарды. Мәселенің шеңбірік ойнап, ширыққаны соншалық — Жайық Беріштің көлденең көк аттасын кезіктірсе, осы атып кеткелі тұрған жоқ па деп қауіптенетін болды. Тентектерді тыйып, бас білдіргендей болғанмен, тұщы ұйқысы бұзылды: есікті кілттеп, күзетті мықтап жатады. жол жүрсе де, қаптаған күзетпен келе жатып, алаңы сейілмейді.

Осының ақыры дертке ұрындырды. Орыстың ине шаншитын емі қонбайды және орыс дәрігерінен де қайып алатын болды. Олардың бәрі патша охранкасымен байланысты тыңшылар екенін білетін. Егдеріп ес кіргенде тұғырына қайырылып, мұсылман болатындар бар. Жәңгір де соңғы кезде қазақ еміне ден қойған: ұшықтататын, қақтыратын, қан алдыратын.

Сол тұста Орал — Орынбор тарапында Зигмуддинов деген бақсы жүрді. Барлық тілде бірдей сөйлейді, өз айтуынша арғы тегі дағыстандық. Орынборда біраз емшілік істеп, атақ жиды. Жәңгір соған қаралуды ниет еткен-ді. Балдызы 21845 жылдың көктемінде әлгі халық емшісін Торғындағы саяжайында отырған хан ауылына ілестіріп келді. Әуелі науқастанып жүрген Фатимадан, сосын Жәңгірден қан алады. Екеуө де жақсарып қалады. Риза болған Жәңгір емшіге саятшылық құрғызады.

Емші Жәңгірден екінші рет қан алады да, асығыс еліне кетеді. Аарада бір жұма өтпей жатып аяқ астынан іші-бауыры бүріп, ондалап қалады. Дәрігерге хабар салғанмен, оның

келуін күтпей, ашудас ішіп, құсады. Келген дәрігердің ем-домынан көмек бомайды. Ұстамалы «қояншық» дертінің нышандары пайда болады. Ақыры, шол қысып бара жатыр деп, бір шыны шай алдырып ішеді де, қол-аяғы мұздап мәңгілікке сапар шегеді.

Жәңгірдің өлімінде күмәнді жайттар көп. Жабық есіктердің ішінде Қазақстанды отар ретінде басқару, орыс шаруаларын қоныстандыру, қазақ арасына христиан дінін енгізу, сәултандардың құқың шектеп, басқару аппаратын орыс әкімшілік жүйесіне түсіру сынды реформалар дайындалып жатқан. Ал Ішкі Ордадағы хандық орыс отарлау саясатының бұл бағытына мүлде қарама-қайшы еді. Жоғары лауазымды, патша ағзамның өзімен жеке таныстығы бар Жәңгір тірі тұрғанда, хандықты жою оңай емес-ті. Зигмуддинов Сыртқы істер министрлігі мен Орынбор генерал-губернаторлығының астыртын істер жөніндегі кеңсесінің ойлап тапқан амалы болуы ғажап емес.

Әдетте, күмәнді оқиғалардың неше сақ күмәнді әңгімелер туғызатын әдеті. Осы ретте Орда қаласының тұрғыны Қуантасев Оразғали ақсақалдан естігенімізді айта кетелік. Әлгі дағыстан емшісі /Зигмуддинов жасанды фамилия/ Кіші Жүзді аралап жүргенде, Жәңгірдің оны шақыртқанын біліп, Үбі батыр арнайы іздәеп барып жолыққан: қалай да Жәңгірді өлтір деп, қара орман байлығын соған берген. Емші хан алған кезде, ханға у араластырып жіберген. Сүйгіп, Үбі Жәңгірден Исатайдың кегін қайырған. Оразғали ақсақал 90 жастағы Шорадан /Хамит Чурииннің әкесі/ естігенін, ал ол бұл әңгімені Жәңгірдің түйешісі болған Ержептен естіген.

Ел аузындағы мұндай қауесеттер – бекер болмайды, Жәңгір қазасы төңірегінде бір жолсыздық орын алғанын айғақтайды.

Сонымен хан Жәңгір II шілде 1845 жылы, 44 жасында жалған дүниемен қоштасы. Ханның өліміне Орынбор генерал-губернаторы В.А. Обручев, Орынбор Шекара комиссиясының төрағасы М.В. Ладыженский онша қинала қоймаған сынайлы. Ресми түрде қазаға көңіл айтқандығы туарлы да ақпар кезіге қоймады. Ал В.А. Обручевке Жәңгірдің қазасы туралы екі жұмадан кейін хабар берген ше-неуінік хан жас тоқалдан зорығып өлді дегенге сайған.

Оның есесіне ханның өлгенін естіген Николай I патша: «Өкінішті, өкінішті-ақ, зиялы әрі империя үшін аса пайдалы адам еді деген».

Жөңгірден кейін көп ұзамай 2-ші қазанда Фатима ханша, одан бір ай өткенде – 9 қарашада жас тоқал Зылиха ханша дүниесін салды. Патша үкімет орындары Ішкі Орданың 27 би, төрелері бірігіп жазып, Жөңгірдің Фатимадан туған үлкен ұлы Сақыпгерейді хан көтеру туралы өтінішін құлаққа ілмеді. Хандық жойылып, билік уақытша Басқарманың қолына берілді.

БАЙМАҒАМБЕТТІҢ ӨЛІМІ

Орынбор Шекара комиссиясының архивінде Баймағамбет Айшуақұлының қызмет жолын көуәландыратын құжат сақталған. Ол 1815 жылы Кіші Жүздің Батыс бөлімінің Жетіру бөлімшесін билеушісі боп өмір жолын бастапты. Сол қызметте ұзақтау болып, 1831 жылы ғана Батыс Бөлімінің билеушісі сұлтаны дәрежесіне жетті. 1837 жылы мамыр айында империяға адал еңбегі үшін 3-дәрежелі Станислав орденін кеудесіне тақты. 1846 жылдың шілде айына дейін ол тағы бір орденнің иегері боп, полковник дәрежесіне жетті. Ал 1846 жылдың I-шілдесі күні оны император ағзам қалтқысыз еңбегі және құлшынысы үшін 2 дәрежелі алмазбен безендірілген Қассиеті Анна орденімен марапаттады.

Ал Махамбеттің өлімі сұлтанға жаңа атақ, жаңа лауазым косты. 1847 жылы 27 ақпанда оның өмірбаяндық ақпарында тағы бір маңызды жазу пайда болды. «Петербургте Патша ағзамның қабылдауында болып, қызметтегі құлшынысы үшін генерал-майор шені берілді». Демек, ол Махамбет өлмінен екі-үш айдан кейін-ақ Николай I патшаның ілтипатына бөленген. Бірақ Баймағамбеттің қуаныш ұзақ болған жоқ. 1847 жылы 30 наурыз күні кеудесіне таққан орденімен, ақ патшадан алған генерал шенімен су түбіне жөнөп берді.

Түпнұсқа деректерді ел ішінде үзбей айтылып келе жатқан шындыққа барабар әңгімелер нақтылай түседі. Баймағамбет патшаның қолын алып, иығына шен тағып, ауылға жетуге асығып келе жатса, көктемнің қарғынында Елек

мұзы қозғалы кетіпті. Мұндайда паром-салмен өту емес Сұлтан ешкімді тындамай өзенге қайық салдырады. 6 төремен қайққа отырғанда сең ағызып әкетеді де, тентек Елек мықтыларды екі талмап, бір жұтады.

Осы таңғажайып тосын өлімнің басы-қасында болған, сұлтаннан батырдың басын даулайтын Махамбеттің ба-жасы Асаубай Құдайкеұлы. Айтушылар Баймағамбеттің өлімін осы Асаубайдың ісі деседі. Сол тұста Електің қалың жағалауында төрт-бес серігімен Үбі де болған. Бұл оқиға туралы жазушы Қажығали Мұқамбетқалиев: «Бас жұтқан бас» атты хикая жазды.

Шынында, бас басты жұтты, есепсіз, етеусіз ешнәрсе жоғына өмірдің өзі куә болды. 10 жыл арпалысқан арыстар бір-бірін жеңдік, мұқадық деп дардай болғанмен, жеңген дәнencesі жоқ — бәрі де жер томпайтып қалды.

ТҮЙІН



Беташар алғысозде бұл еңбекті кітап қып шығару үшін емес, Исатай-Махамбет оқиғасын түсіну үшін жазғанымда айтқанмын. Жазбаның артықшылығы да, кемшілігі де, іздеген адамға осы төңіректен табылуы мүмкін. Өйткені, мен өзімнен бұрынғы зерттеулердегі ой-пікір, тұжырым концепцияларға кіріптар болмадым, әдеттегідей көтерілістің таптық, әлеуметтік маңызын, іздеп, жоқтан бар жасап бас қатырған жоқпын, жіпке моншақ тізгендей Исатай-Махамбет әс-әрекеттерін күн, ай, жылдары бойынша қатаң тәртіппен тіздім. Жүгінгенім деректер мен фактлар болды. Исатай, Махамбет және олардың қарсылартарының барша істеріне ұлттық мүдде тұрғысынан халық тағдырына не зиянды өлшеммен ғана баға бердім, яки жаңа өлшем қолдандым.

Ал еңбектің тоқ етер түйінінде жазбағым — көз үйреніп, құлақ бастыққан дағдылы түйін де емес, Исатай, Махамбеттің нақты өмір тарихын жазып отырып айтпай кеткен ойларым мен тұжырымдарым.

I. Исатай-Махамбет тарихы — шын мәнінде Кіші Жүздің жарты ғасырлық тарихы. Исатай- Махамбет оқиғаларын алып тастасақ. Бөкей Ордасында көңіл қоярлық тарих та қалмайды.

2. Отарға айналған елде қоғамдық дамудың бір кезеңінде ұлт мүддесін мансұқ ететін топтар пайда болады екен де, олар халықтың сорына айналады екен. Исатай, Махамбет тұсында сол нышан анық көрініс тапты. Сол себепті де Исатай, Махамбет көтерілісі әрі ұлт-азаттық көтеріліс, әрі азаматтық ішкі майданға айналды.

3. Қазақ қауымында елге тірек әйгілі әулеттер болған. Бұқара солардың сөзіне ғана ұйыған. Осы ретте XVII ғасырдың орта кезінен Қазақстанның батыс бөлігінде іргелі Беріш тайпасы саяси күш болып қалыптасады. Олардан ел қорғаған, халыққа қамқор болған батырлар көп шыққан да, «жеті атадан шынжыры үзілмеген» әулетке айналған. Махамбеттің «Ерте көшіп, кеш қонған-санаулы сәнді орданың бірі едік деуі тегін емес. Халықтың Исатай, Махамбет десе құлақ қайшылауы сондықтан.

4. Исатай да, Махамбет те — бар-жоқты таразылап, аңыс аңдып, есеп құрғыш саясатшыл күрескерлер емес, ұрма романтик көтерілісшілер. Олардың іс-әрекетінде тәуекелшіл, көзжұмба ерлік басым. Алдырмас жерде аңғалдықпен алданып қалатындары сондықтан. Жалпы, Исатай да, Махамбетте жаудың аз, көптігін есепке алуды, шегініп, қаша ұрыс салуды, тиімсіз жерде жалтарып кетуді білмеген — «азды көпке теңгеріп», «тәңірім білер, жігіттер ажалымыз қайданды», деп кетіп отырған. Олар — көтеріліс қажеті үшін малжан-дарын, қара орман қазынасын ойланбастан, ортаға салып, бастарын өлімге байлаған жандар. Сарбаздарды қан майданға итеріп, бір шеттен қарауыл қарау дегенді білмеген, ұрысқа бастап кіріп, қиян-кескінің ауыр тұстарын өздері көтерген. Бас бағып, серіктерін жауда қалдырмаған. Майданда «азды көпке теңгерсе», өмірде «қара қазақ баласын хан ұлына теңгеріп», «жетімдерге жем, жесірлерге жер» беруді мақсат еткен. Исатай, Махамбет өз істері мен көздеген мақсаттары жөнінен қазақ даласының Робин Гудтары.

5. Көтеріліске ой-пікірі бір жерден шыққан шағын топ түрткі болғанмен, ол дами келе мүдделері, саяси көзқарастары, алға қойған мақсаттары әр түрлі қауымдарды қамтитыны белгілі. Осындай күрделі қарым-қатынастарда шатыспай жол тауып шыққандар некен-саяқ. Ұлттық қозғалыстың басында болғандардың кейін патшамен тіл

табысып, шен-шекпен дәреже жиып, күресті тоқтатқандары немесе отаршылар алдында тізе бүгіп, кінәсін мойындап, шыбындай жанына сауға тілгендер қаншама! Исатай мен Махамбеттің ондай пиғыл ойы түгіл түсіне де енбеген. Олар ымыра дегенді білмеді. Сол себепті қарсыластары олардан құтылудың жалғыз жолы өлтіру деп білді.

Исатай, Махамбет – адам ретінде тазалықтың, халық ісіне адалдықтың символы. Олар өліп-тірілген небір қиын-қыстау қысталанды бастан кешірсе де, араларына дақ түсірмей, армандай кіршіксіз таза қалпында қалды. Халықтың ол екеуін бөтенше қастерлейтінің сондықтан.

6. Исатай-Махамбет көтерілісінде Жеңіс туын желбіреткен сәттер аз болмағанмен, шешуші ақтық айқастарда үнемі жеңіліс тапты. Отаршылардың жаттыққан машықты әскеріне қарсы тұра алмады. Көтеріліс басшылары орыс әскеріне төтеп бере алмайтындарын алдын-ала білді. Бірақ, халықтың ыза-кегі қайнап келіп, құл болғаннан өлімді артық санайтын кезі болады. Исатай мен Махамбет халықтың осы ыза-кегінің жай-оғы еді. Олардың ойланбастан өлімге бас тігуінің сыры осында. Ал оны пәрменді идея ретінде халық көкейіне құйып, сарбаздардың санасына еккен – Махамбет». Ақынның өлеңдерінде өмірді де, өлімді де тәрік еткен, ештеңеден тайынбайтын нартәуекелшілдік сарынының айрықша шарықтайтыны осыдан.

*Ат-жігіттің майданы,
Қылыш-жанның дәрмені,
Өлім-хақтың пәрмені.
Атақты ермен бірге өлсе,
Жігіттің болмас арманы.*

*Бір Аллаға сиынып,
Ұрандап жауға тигенде,
Кім жеңері талай-ды.*

* * *

*Бір Аллаға сиынын,
Кезенген жауға кез келдік.
Жалаң қылыш бір атпен.*

* * *

*Арғымақ жалсыз,
Ер малсыз.
Алланың не берері болжаусыз.*

* * *

*Айғайласып жауға ти,
Тәңірім білер, жігіттер,
Ажалымыз қайдан-ды.*

Исатай-Махамбет пен көтеріліс сарбаздарының көзсіз батырлығы олардың тұтынған өмірлік философияларында жатты. Келер ұрпақ тура Исатай-Махамбет рухы — сол өңір жұртшылығының ер мінезі мен өршіл болмысын, біреудің астамдығына төзбейтін, ерегессе шалқадан құлап, шарт кететін ер мінезі мен өршіл болмысын қалыптады.

ТАЙМАН

Тайманнан — Исатай.

Исатайдан — Жақия, Ақай, Оспан, Досмағанбет,
Дінбаян, Дүлзада, Әлпийр.

ЖАҚИЯ

Жақиядан — Шахмет.

Шахметтен — Шамақ, Таңқаш, Ақон, Әмет, Сары.

Шамақтан — Қадіреш, Мағия, Оңғарсын, Әйбөпе,
Жұмаш, Оразбек, Құрмет.

Қадірештен — Махмут, Минаш, Ниғмет, Камал,
Бисенбі, Мүзе, Тарих.

Минаштан — Света, Қайрош, Болат, Күләш, Самат.

Камалдан — Гүлбаршын, Гүлнәр, Ғалия, Мәдина.

Бисенбіден — Шайзада, Нәсидолла, Гүлзада, Марат.

Шайзададан — Әлпия, Зухра, Айнұр, Мейрамгүл,
Азамат.

Нәсидолладан — Батыр, Сырым, Жақсылық.

Мүзеден — Нариман, Жоламан, Ханбике, Сара,
Жумабике, Маржан, Еламан, Нұрлыбек.

Тарихтан — Ғалия, Қанат.

Мағиядан — Рәзия.

Оңғарсыннан — Динаш, Смағила, Мәнза, Зәпен.

Динаштан — Бауыржан, Алма, Амантай, Әлібек.

Смағиладан — Мәдина, Ләйла, Мұрат, Болат, Әділбек,
Әлия, Ренат.

Мәдинадан — Ғалымжан, Руслан, Нұрлан.

Ләйладан — Мерхат, Мира.

Мәнзадан — Талғат.

Зәпеннен — Құрманғали, Бибігүл, Айгүл.

Әйбөпеден — Мәрзия, Ғапур, Ғайни, Аманкелді.

Жұмаштан — Ғазиз, Рақым, Қасиет, Рамазан, Жәннат,
Октябрь, Екпінді.

Фазизден – Төлеген, Ира, Талғат.
Төлегеннен – Гүлден.
Талғаттан – Айнұр.
Рақымнан – Бекежан, Өтежан, Рая, Біржан.
Бекежаннан – Тимур, Лаура.
Рамазаннан – Карим, Асқар, Райхан, Лора, Еркін.
Каримнен – Ерден.
Жәннаттан – Нәзира.
Екпіндіден – Каким, Мүнира.
Оразбектен – Аманкелді.
Аманкелдіден – Қайрат, Талғат, Қуат, Салауат,
Нұртас.
Қайраттан – Оразбек, Нұрбек.
Құрметтен – Роза, Уалихан, Меделхан, Нұржан,
Ләззат, Гүлшат.
Розадан – Гүлжан, Еламан, Ерлан, Гүлнәр, Бақтыгүл.
Меделханнан – Гүлнәр, Анар, Айнұр, Райымбек.
Нұрланнан – Әскер, Данияр, Салтанат.
Ләззаттан – Нәзікен, Айбек, Инкәр, Ақылбек.
Гүлшаттан – Жанболат, Нұрболат, Нұрғиса, Шынар,
Назерке.
Таңқаштан – Қатыш, Құрман, Бимаш.
Қатыштан – Әриполла, Ләтиполла, Зүлпәт, Гапар.
Құрманнан – Файза, Аманғали, Боранғали, Рысқали,
Ырыздық, Кенжебек, Қайырбек.
Файзадан – Сәбит, Салтанат, Гүлайым, Гүлзада,
Света, Аманкелді.
Аманғалидан – Лида, Гүлназ, Лайқат, Асылзат,
Руфина.
Боранғалидан – Жәнібек, Айнагүл, Мейрамбек.
Рысқалидан – Динара, Қанатбек, Элеонора.
Ырыздықтан – Руслан, Фарида.
Кенжебектен – Дария.
Қайырбектен – Мерей.
Ақоннан – Арон, Ұғлама, Қисма, Мәжит.

ДОСМАҒАНБЕТ

Досмағанбеттен – Қодар, Садық, Қали, Жүніс.

Қодардан – Текен, Бабас, Қожас, Ақас.

Текеннен – Самығолла, Шайдолла, Әмина.

Шайдолладан – Ғазиз, Балым, Орынбасар,

Алтай, Алтынай, Елтай, Болат.

Ғазизден – Гүлбаршын, Руслан, Динара.

Гүлбаршыннан – Манас.

Русланнан – Рулан

Балымнан – Ақмарал, Сандуғаш, Қарлығаш.

Орынбасардан – Аслан, Айнұр, Алмат, Азамат.

Алтайдан – Мейрамгүл, Болатбек.

Алтынайдан – Жанболат, Талғат, Қанат.

Елтайдан – Жасұлан, Аманқос, Аманжол.

Болаттан – Құралай, Әлпия.

Әминадан – Люда, Марат.

Бабастан – Қамидолла, Қаймолда, Ләпи

(Ләтиполда).

Қаймолдадан – Жұлдыз, Серік.

Ләпиден – Марат, Клара.

Қожастан – Зидеш, Әнуарбек, Әнош.

Зидештен – Ағиіс, Гүлнәсіп, Мұрат, Гүлшара,

Бекболат, Ерболат, Нұрболат, Анар.

Ағиістен – Гүлжан, Шынар, Әсел, Дастан,

Ильяс.

Мұраттан – Илан, Ақмарал.

Бекболаттан – Райхан, Алпан.

Ерболаттан – Жұлдыз, Айдос.

Садықтан – Мүмөн, Ізмұқан.

Мүмәннан – Бекмұқан, Балмұқан, Рамиза,

Зулпат, Мәрия, Мәжит.

Бекмұқаннан – Ғаділбек.

Ізмұқаннан – Қазима, Бәтес, Қалжамыш.

Қалидан – Мақсот.
Мақсоттан – Құлымбет.
Құлымбеттен – Гүлнәр, Жанар, Әнуар,
Қуаныш, Қуандық.

ДИНБАЯН

Дінбаяннан – Өтепқали, Түсіпәлі, Сыралы,
Қарес, Қарелі, Нәшін.

Өтепқалидан – Райхан, Үмәй, Сәлсн,
Құбайдолла, Ибрагим, Хамза, Қишекен, Бану.

Райханнан – Қабдырахман, Махмұт, Машут,
Ғилыман, Самат.

Сәленнен – Карим, Гүлза, Гүлсағида, Факиза,
Әдам, Қабдол, Тоты.

Гүлзадан – Шайзада, Мінауара, Асылбек,
Аманолла.

Гүлсағидадан – Мүзлі, Әминолла.

Факизадан – Мирас.

Әдамнан – Уалитхан, Мөжит, Салауат.

Салауаттан – Зәуреш, Сәлімгерей.

Қабдолдан – Әнес, Минаш, Мұқтар.

Мұқтардан – Ғаламат, Саламат.

Тотыдан – Хикаят, Өсиет, Жедел.

Құбайдолладан – Әмина, Мүслима, Зинет,
Зұлпықар.

Әминадан – Жақсылық, Қуандық.

Мүслимадан – Айдын, Сара, Мұқажан,
Махамбет, Фархад.

Зинеттен – Мұбарак, Қалқаш, Қалима,
Нұржамал.

Зұлпықардан – Ақлима, Гүлбахрам, Ғалия,
Әділбек, Нұрлыбек.

Ақлимадан – Серік, Тұрсынгүл.

Гүлбахрамнан – Баубек, Фариза, Раушан, Абат,
Замзам.

Ғалиядан – Сағынтай, Алтай, Қуаныш,
Айнаеркем.

Нұрлыбектен – Арман.

Ибрагимнен – Мұтақас, Махметжан, Маймуна,
Бақытжан, Ғалымжан, Зура.

Махметжаннан – Ерназар, Света, Сәуле, Елтай.

Маймунадан – Құрманғазы, Тұрақ.

Бақытжаннан – Қаншайым.

Зурадан – Тойдық, Күләш, Лайық, Бибігүл,
Уалихан, Елемес.

Хамзадан – Қанымзия, Уақит, Зүмрет, Нәй,
Тайра, Сайдол, Зинор.

Қанымзиядан – Карим, Ислам, Ғалия.

Уақиттан – Шапқат, Нұрыш, Тұқпат, Шоқан,
Охиза, Маруся, Ақкенже, Қуантай.

Шапқаттан – Ардақ, Асхат, Гүлдана, Аслан,
Динара, Эльмира, Айдана.

Нұрыштан – Қайрат, Баян, Гүлнәр, Самат,
Есет, Әсет, Рашид, Фарида.

Тұқпаттан – Амантай, Айнұр, Римма,
Нұрлыбек, Ағжан, Рита, Зита.

Шоқаннан – Асылбек, Алтынай, Нұрлыбек,
Әйгерім, Мұқаметжан.

Охизадан – Зәмира, Еркебұлан, Роллан, Дастан,
Гүлден.

Марусядан – Әзидолла, Салтанат, Марта.

Ақкенжеден – Тұрарбек.

Қуантайдан – Ақкүн, Арманбек, Айбек.

Зүміреттен – Ғайнеш, (Ғайнижамал), Мұқарам,
Жамсап, Төлеген, Шолпан, Жанар.

Нәйден – Жолдас.

Тайрадан – Ибатолла.

Сайдолдан – Какима, Валя, Ұлбосын,
Жаңылсын, Аймангүл, Берік, Серік, Жұмагүл.


Валядан – Әйгерім, Арайлым, Жұлдыз.
Жаңылсыннан – Ақбөбек, Жадыра.
Аймангүлден – Әнуарбек.
Зинордан – Раиса, Талғат, Қайрат, Ильяс,
Кенжебек, Бауыржан.
Талғаттан – Фатима, Әмина, Мұхаммат.
Қишекеннен – Қабес, Мәриям, Сәуле.
Қабестен – Жанат.
Сәуледен – Айгүл, Гүлжан, Бауыржан.
Бануден – Хүсни, Бәдел, Мақуа, Асылбек,
Жеңіс.
Түсіпәліден – Қаражан, Әсімхан.
Сыралыдан – Мәжит, Жамиға, Қамеш.
Қамештен – Жұмағыз, Мендібай, Нәбидолла.
Қарестен – Жағиша.
Нөшіннен – Мұхит, Батима.


ӘЛПИЯР

Әлпиярдан – Жұмазия, Дина.
Жұмазиядан – Қайрекен.
Динадан – Қабдол.

*Шежірені жиып-теріп, түзген Халел Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің доценті – Аманкелді Шамғонов*

ЖАУБАСАРҰЛЫ ҚҮЛМӘЛІ ҰРПАҒЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ





Шежірені жүйл-теріп, кестеге түзген Жәрдем Кейкіп.

МӨНДІ ДАТАЛАР

- 1791 жыл — Исатай туды.
1801 жыл 11 наурыз — Ішкі Орданы мекендеу туралы патша жарлығы.
1801 жыл — Жөңгір туды.
1803 жыл — Махамбет туды.
1812 жыл 12 наурыз — Исатай старшын боп тағайыншалды.
1812 жыл 8 шілде — Бокей хан көтерілді.
1815 жыл 12 мамыр — Бокей қаза болды.
1817 жыл 2 қараша — Өтеміс Құлмәліұлы түрмеде қаза болды.
1818 жылдың күзі — 1819 жылдың күзі — Исатай Сарайшық түрмесінде қамауда отырды.
1824 жыл — Исатай оуелі орал, кейін Орынбор Ордонос — газінде қамауда отырды.
1824 жыл 26 мамыр — Жөңгір хан көтерілді.
1828 жыл — Ұялы сыязы
1829-1831 жылдар — Махамбет Калмыков бекінісінде түрмеде отырды.
1833 жыл — Қарауыл қожа Бабажанұлы Теңізжағалауы қисымына билеуші болып тағайындалды.
1836 жыл 24 наурыз — 5 сәуір — Киелі мола түбінде Қарауылмен қақтығыс.
1836 жыл 1 қараша — 25 желтоқсан — Ново-порховинск тәптіші.
1836 жыл 6 қараша, 7 желтоқсан — Исатай тергеушілерге жауап берді.
1836 жыл 8 қараша, 10 желтоқсан — Махамбет тергеушілерге жауап берді.
1837 жыл 17 ақпан — Исатай Бәйгетөбеде отырған Қарауыл қожа ауылын шапты.
1837 жыл сәуір — Байбақты старшыны Жүніс Жантілеуұлының ереуілі.
1837 жыл 9 маусым — Исатай Балқы Құдайберген ауылын шапты.
1837 жыл II шілде — Орынбор әскери губернаторы В.А.Перовскийге 15 старшын, 615 адам қол қойып, тамға басқан халықтық петиция, жазылып, жөнелтілді.
1837 жыл 14 қыркүйек — Қарауыл қожа көтерілісшіл Байназар ауылын шапты.
1837 жыл 17 қыркүйек — Исатай Қарауыл қожаны екінші рет күйретті.
1837 жыл 18 қыркүйек — 12 қазан Орал казак-орыс атаманы Покатиловтың Нарынға сәтсіз жорығы.
1837 жыл 15 қазан — Исатай Балқыны екінші рет шапты.
1837 жыл 9 қазан — Исатай Корарьевск кордоны жанындағы Қарауыл қожа ауылын үшінші рет шапты.
1837 жыл 17-24 қазан — Жасқұста хан жасағымен көтерілісшілер арасындағы соғыс.
1837 жыл 24 қазан — 17 старшынның кеңесі.
1837 жыл 27 қазан — 6 қараша — Хан Орданы қоршау.
1837 жыл 8 қараша — Исатай Меркульев полктарымен соғысты.

- 1837 жыл 15 қараша — Тастөбе соғысы.
- 1837 жыл 21 қараша — Қосықтыда Сарт Еділұлының ауылы тұтқындалды.
- 1837 жыл 22 қараша — Елекен моласы түбіндегі шайқас.
- 1837 жыл 26 қараша — Қаныш моладағы көтерілісшілер кеңесі.
- 1837 жыл 27 қараша — Қабыланбай Қалдыбайұлы тұтқындалды. Осы күні көтерілісші Қызылгүрт руы жасағы да қолға түсті.
- 1837 жыл 13 желтоқсанда көтерілісшілер Жайықтан өтті.
- 1837 жыл 14 желтоқсан — Исатайдың әйелі Несібелі, балдызы Бағылан, Сарт Еділұлының ұлдары Ерше, Нұрша Баймағамбет сұлтанның қолына түсті.
- 1837 жыл 24 желтоқсан — Жақия Исатайұлы бастаған көтерілісшілердің бір тобы тұтқындалды.
- 1838 жыл 5 наурыз — Тайсойған — Бүйректе қыстаған Исатай 25 серігімен Жемге аттанды.
- 1838 жыл 18-25 наурыз аралығында Назар Шекті ауылдарын аралады.
- 1838 жыл 26 наурыз — Оймауыт, Қалдыда отырған Жүсіп Құлтанұлы бидің ауылына келді.
- 1838 жыл 8-9 мамыр — Исатай Қайыпқалимен жолығысты.
- 1838 жыл 13-14 мамыр — Исатай Борсық құмында Есет Көгібарұлымен кездесті.
- 1838 жыл — мамырдың аяғы — Үшбөкенбай бгімі.
- 1838 жыл 2-13 маусым — Исатай мен Қайыпқали Темірдегі жасақшыларда болды.
- 1838 жыл 17 маусым — Көкпектідегі халық жиыны.
- 1838 жыл 28 маусым — Перовский қырға әскер шығаруға жарлық берді.
- 1838 жыл 25 маусым — Көтерілісшілер Ойыл өзеніне келді.
- 1838 жыл 12 шілде — Ақбұлақ соғысы, Исатайдың қаза болған күні.
- 1838 жыл 23 шілде — Махамбет сұлтан Мұртазағали Өзбекқалиұлы ауылын шапты.
- 1839 жыл I қараша — Ақбұлақ маңында Махамбеттің 10 жолдасы тұтқындалды. Осы шамада ақын С.П.Ковалевскиймен жолығысты.
- 1840 жыл шілде — Махамбет генерал Жемчужников отрядының байланысшыларын тұтқындады.
- 1841 жыл 7 наурыз — Махамбет Дуанбасы деген жерде тұтқындалды.
- 1841 жыл 24 маусым — Махамбетті жер аудару туралы әскери соттың шешімі шықты.
- 1841 жыл 7 шілде — Махамбетті конвоймен кіші Жүздің Орта бөлміне жер аударды.
- 1844 жыл 25 желтоқсан — Махамбет ұлы Нұрсұлтанды оқытам деп Орынборға келді.
- 1845 жыл 7 шілде — Алаш рубасыларының пәлелі үкімі шықты.
- 1846 жыл 19 қазан — Махамбет Баймағамбет сұлтан жұмсаған зұлымдардың қолынан қаза тапты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алектров А.Е. Из письма хана Джангира к графу Перовскому Астраханский листок, 1892.
2. Алектров А.Е. История Оренбургской губернии. Оренбург, 1883.
3. Алектров А.Е. Внутренняя Букеевская орда. — Оренбургский листок, 1887, №22, 24,25,27,29,30.
4. Аманшин Б. Махамбет тағдыры. Алматы, 1991.
5. Аравин П. Степные созвездия. Очерки и этюды о казахской музыке. Алматы, 1979.
6. Асфандияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен. Алматы — Москва, 1935.
7. Баламберг И. Воспоминания. М., 1978.
8. Балмағамбетов И. Исатай батырдың ұрпақтары. «Лениншіл жас», 25 шілде, 1991 жыл.
9. Бекбаев Қ. «Нарын таны» гезеті.
10. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жалдарында. Алматы, 1994.
11. Бекмаханов Е.Б. Восстание казахских шаруа Бөкеевский орды 1836-1837 годов. Ученые записки, Каз. гос. университета им. С.М.Кирова. Т.31. Серия историческая. Вып. 3. Алма-Ата, 1957.
12. Досмұхамбетов Х. Алтын арна. «Ана тілі», 1992.
13. Еврейнов А. Внутренняя и Букеевская киргиз-казачья орда. «Современник» журналы, 1851, №10.
14. Жумалиев Қ. Егеулі найза. Алматы, 1979.
15. Жұмалиев Қ. ХVІІІ-ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1967.
16. Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство. Алматы, 1982.
17. Қабдолов З. Арна. Алматы, 1988.
18. Қазақстан Республикасы ОМА. 4 қор, тіз. — I, іс-4197, 1965, 2039,1974, 1964, 1966, 32.
19. Ковалевский Е.П. Странствователь по суши и морям. СПб, 1843.
20. Кенжалиев И. Тайманұлы Исатай. Алматы, 1977.
20. Кенжалиев И. Махамбет Өтемісұлы. Алматы, 1974.
21. Көшекбаев Н. Лекциялары, әр жылғы мақалалары, радиокомпазициялары.
22. Құлкенов М., Отарбаев Р. Жәңгірхан. «Өлке» баспасы. Алматы, 1992.
23. Құдайбергенов У. Арыстан еді-ау, Исатай. «Халық кеңесі» 2 шілде 1991 ж.
24. Маданов Х. Кіші Жүз шежіресі. Алматы, 1994
25. Магауин М. Қобыз сарыны. Алматы, 1968.

26. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб., 1865.
27. Намазғалиев М. Таудан мұнартып ұшқан тарланым. «Атырау» газеті. 8 ақпан 1991 ж.
28. Неталиев М. Арыстан еді-ау Исатай. «Парасат», №5 1991.
29. Неталиев М. Тайманның ұлы Исатай. «Ана тілі». 15 тамыз 1991.
30. Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова. Ташкент, 1927.
31. Савичев Н. Исатай Тайманов. /ауд. М.Неталиев/ // Жинақ. «Мұра», Алматы, 1991.
32. Сб. «Народно-освободительное движение казахов в 1836-1838 годах. Алматы, 1992. /документы, материалы, статьи/
33. Сербаринов Г. Исатай Тайманов // Труды общества изучения киргизского края. Оренбург, 1925, т.5. Вып. 9
34. Сыдықов Қ. Ақын, жыраулар. Алматы, 1974.
35. Сыздықова Р.Г. Язык «Жами ат-тауарих». Жалаири. Алматы, 1989.
36. Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. «Білім», Алматы, 1995.
37. Тілеужанов М. Дала даналығы. Қолжазба.
38. Шахматов В.Ф. Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова. Алматы, 1946.
39. Шаяхметов Н. Из тьмы веков /портрет по черепу/. Алматы, 1969.
40. Шореков Ы. Исатай-Махамбет. Дастан. «Жазушы», Алматы, 1976.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|---|
| Б.Қуандықов. Ең қымбат қазына - халық тарихы | 3 |
| Сөз басы | 7 |
| I. Бокей сұлтан | 9 |

II. Исатай Тайманұлы

| | |
|--|----|
| ✓ Ата-бабалар шежіресі | 15 |
| ✓ Батырдың жастық шағы | 25 |
| ✓ Тайманның төрт ұлы | 29 |
| Исатайдың кескіні | 30 |
| Алғашқы шабынды | 36 |
| Сығаймен бетпе-бет | 38 |
| ✓ Жәңгір хан | 41 |
| Жаңа басшылық | 46 |
| Реформа және оған қарсылық | 48 |
| Ұялы сыязы | 54 |
| Қайыс нөкта | 57 |
| Казак-орыстармен ара қатынас | 59 |
| Көңіл күрсіністері | 67 |
| Хан тойы. Би сайлауы. Шатақ басы | 71 |
| ✓ Ата жұрттан айырылу | 72 |
| Қарауыл қожа ылаңы | 78 |
| Алғашқы шағым | 81 |

III. Махамбет Өтемісұлы.

| | |
|--|-----|
| 1 ✓ Ата-бабалары туралы | 83 |
| ✓ Өтеміс тарихы | 86 |
| 2 ✓ Махамбет мектебі | 90 |
| ✓ Өтемістің өлімі | 94 |
| ✓ Өтемістің он бөрісі | 96 |
| 3 ✓ Махамбеттің хан Ордаға шақырылуы | 103 |
| ✓ Хан сарайдан ажырау | 106 |
| ✓ Махамбеттің көтеріліске қосылуы | 110 |

IV. Ереуіл

| | |
|------------------------------------|-----|
| Аспанды бұлт торлады | 111 |
| Киелі қақтығысы | 117 |
| Тасшағыл, Айдарылдағы көктем | 124 |
| Күдікті өлім | 130 |
| Күнтөбедегі кеңес | 138 |
| Қағаз жарысы | 142 |
| Алаяқ үкім | 147 |

| | |
|---|-----|
| Теңіз жағалауындағы тас-талқан | 152 |
| Нәтижесіз төптіш | 153 |
| Теңіз жағалауында қыстау | 163 |
| Ереуліге – қарулы | 167 |
| Исатай республикасы | 171 |
| Тың дүмпу | 179 |
| Тергеу барысындағы жаңа нышан | 182 |
| Ротмистр Акутиннің Нарынға сапары | 192 |
| Қарауыл қожамен соғыс | 195 |
| Атаман Покатиловтың Нарынға аттанысы | 198 |
| Ұран оты | 200 |
| Патша әкімшілігінің астыртын шаралары | 202 |
| Көтерілістің шырқауы | 204 |
| Хан Ордадағы хал | 209 |
| Хан Орданы қоршау | 212 |
| Гекенің дипломатиясы | 219 |
| Патша әскерінің жорығы | 224 |
| Тастөбе соғысы | 226 |
| Көтерілісшілерді жазалау | 228 |
| Қаныш моладағы кеңес | 231 |
| Исатайдың Жайықтан өтуі | 234 |

V. Көтерілісшілер Жайық сыртында

| | |
|--|-----|
| Қуғын | 239 |
| Ата жұртқа қайырылу | 243 |
| Батырлар Бабат ауылында | 248 |
| Көнсадақты Құдайберген | 249 |
| Исатай қайда қыстады? | 254 |
| Жайық шебіндегі қарбалас | 261 |
| Кіші Жүздің саяси ахуалы | 262 |
| Жемге аттаныс | 266 |
| Көтерілісшілер Назар Шекті ауылдарында | 272 |
| Адай-Кете қантөгісінің тарихы | 276 |
| Адай арасында | 281 |
| Қайыпқалимен шекісу | 284 |
| Самдағы сұхбат | 289 |
| Есет Көтібарұлы | 290 |
| Тыншы керуендер | 295 |
| Үшбөкенбайдағы бітім | 302 |
| Қол жию | 304 |
| Аттаныс | 311 |
| Қарсыластар әрекеті | 314 |
| Көтеріліс қосындағы алауыздық | 318 |

| | |
|--|-----|
| Ақбұлақ соғысы | 326 |
| Шейітсай шындығы мен аңызы | 331 |
| VI Сергелдең жылдар | |
| Мұнар да мұнар, мұнар күн | 337 |
| Махамбеттің хаты | 340 |
| Хиуа керуен жолында | 342 |
| Жолсызбен жорытқан жолбарыс | 348 |
| Махамбеттің тұтқындалуы | 349 |
| Соңғы шиеленіс | 355 |
| ✓ Ақынның қазасы | 366 |
| VII. Тағдырлар мен тағылымдар | |
| ✓ Исатай батыр отбасының тағдыры | 370 |
| ✓ Өтемісұлдарының тағдыры | 375 |
| Котеріліс сарбаздары | 381 |
| Жөңгірдің күйреуі | 393 |
| Баймағамбеттің өлімі | 396 |
| ✓ Түйін | 397 |
| Мәнді даталар | 401 |
| Пайдаланылған әдебиеттер | 403 |

Әнес Сарай. Исатай-Махамбет тарихы, зерттеу.

| | |
|----------------|-----------------------|
| Редакторы | <i>Г. Мұқышева</i> |
| Тех. редакторы | <i>Л. Айтжанова</i> |
| Беттеген | <i>Н. Рахымжанова</i> |

Теруге берілген күні 3.07.97. Басуға қол қойылған күні
23.08.97. Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Шартты баспа табағы 21. Есепке
алынатын баспа табағы 12,75. Таралымы 3000. Тапсырыс №93.
Бағасы келісімді.

«Өлке» баспасының өз баспаханасында басылды: 480002, Алматы
қаласы, Достық даңғылы, 7. т.: 33-22-21, 26-09-13.